Стартап-индустрия Сингапура отличается доступностью финансирования. Средний размер первоначальных инвестиций в Сингапуре – 500-550 тысяч сингапурских долларов, что гораздо меньше, чем, например, в Кремниевой долине (\$900-950). Среди крупных инвесторов – 500 Startups, August Capital, East Ventures, NSI Ventures и Pix Vine Capital. В Сингапуре есть также несколько посреднических фирм, которые помогают стартаперам

познакомиться с бизнес-ангелами и представителями венчурных фондов. Среди таких организаций – Angel Investment Network (обеспечивает доступ к одной из самых крупных сингапурских баз данных бизнес-ангелов) и BANSEA (Business Angel Network Southeast Asia). BANSEA работает с компаниями, имеющими четкие бизнес-планы и нуждающимися в капитале размером 72-720 тысяч долларов.

В Сингапуре много акселераторов и инкубаторов, помогающих бизнесу на ранних стадиях развития. Вот некоторые из них: Clearbridge Accelerator – венчурный фонд и инкубатор, который инвестирует в стартапы, специализирующиеся на биотехнологиях и информационной безопасности. Размер инвестиций — до 720 тысяч сингапурских долларов.

InspirAsia – акселератор сфокусирован на проектах, которые работают в таких сферах как мобильные платежи, кредитование, мобильный банкинг, денежные переводы и прочее. Проекты получают от 50 тысяч до 300 тысяч долларов США в обмен на 5–15 % доли капитала. JFDI (Joyful Frog Digital Incubator) – предлагает интенсивную менторскую программу и 36 тысяч сингапурских долларов в обмен на долю в капитале стартапа (8,9%). Startupbootcamp FinTech – акселератор помогает стартапам, специализирующимся на финансовых технологиях. Предлагает финансирование в размере 17,6 тысяч сингапурских долларов, бесплатное рабочее место в течение 4 месяцев, а также связи с бизнес-ангелами и менторами в обмен на долю капитала 6%.

Стремясь создать азиатский аналог Кремниевой долины, сингапурское правительство не жалеет денег на гранты и поддержку бизнес инициатив. Среди государственных программ можно выделить следующие:

Accreditation@IDA – инициатива Агентства по развитию информационного общества (Infocomm Development Authority, IDA) помогает стартапам заключать контракты с крупными компаниями.

Гранты для стартапов ACE (Action Community for Entrepreneurship) – гранты в размере до 36 тысяч сингапурских долларов. Условия: вложение собственных средств и отсутствие предпринимательского опыта (претендент должен быть начинающим предпринимателем и не иметь ранее зарегистрированных в Сингапуре фирм).

I.JAM (IDM Jump-start and Mentor) – бюджетные средства распределяются между стартапами через сеть аккредитованных правительством частных бизнес-инкубаторов. Средства выделяются в два транша: первый – до 36 тысяч сингапурских долларов, второй – еще 144 тысяч.

Программа инкубации технологий TIS (Technology Incubation Scheme) – программа, запущенная по инициативе Национального исследовательского фонда Сингапура (National Research Foundation). Предоставляет софинансирование проектов с привлечением венчурного капитала – до 85% от капиталовложений венчурного инвестора, или до 360 тысяч сингапурских долларов[5].

Кроме того, сингапурские бизнес-ангелы и предприниматели очень

активно интересуются стартап-проектами в других странах, в т.ч. и в Казахстане, примером может служить участие сингапурских бизнесменов в качестве жюри при проведении Байтерек-Хакатона в Алматы в ноябре-декабре 2019 года. Следует отметить, что активное участие в нем принимали и студенты Инновационного Евразийского университета (г.Павлодар).

Германия. Крупнейшим объединением молодых предпринимателей Германии федерального уровня является Wirtschaftsjuvenen Deutschland (WJD), которая объединяет молодых предпринимателей и руководящих работников возрасте до 40 лет. В WJD входят более 10 тысяч активных членов. Перед WJD поставлена задача поддержания высокого статуса предпринимателя в обществе, содействия развитию социально ответственной рыночной экономики, повышению конкурентоспособности германского предпринимательства в мире. Международная деятельность осуществляется в рамках Junior Chamber International (JCI). Объединение было создано в 1954 г., состоит из 11 земельных (Bayern, Baden-Württemberg, Berlin-Brandenburg, Hanseraum, Hessen, Nordrhein-Westfalen, Rheinland-Pfalz, Saarland, Sachsen, Sachsen-Anhalt, Thüringen) и 210 районных объединений. Общее руководство деятельностью районных отделений осуществляет, как правило, местная торгово-промышленная палата (ТПП). На федеральном уровне – Объединение торгово-промышленных палат Германии (ДИХК) в Берлине.

Другим молодежным объединением предпринимателей является Союз молодых собственников семейных предприятий - Die Jungen Unternehmer (BJU Verband für junge Familien- und Eigentümerunternehmer). Союз был создан в 1950 г., насчитывает сегодня порядка 1500 членов в возрасте до 40 лет, представляющих все отрасли экономики Германии. Членами Союза могут стать собственники предприятий, имеющие не менее 10 работников или более одного млн. евро годового оборота. Членом Союза может также стать начинающий предприниматель, доказавший, что имеет шанс достичь необходимого уровня развития предприятия в течение пяти лет.

Третьим по значимости молодежным предпринимательским объединением можно назвать объединение «Ремесленная молодежь» – Junigen des Handwerks e.V. . Это самая большая в Германии организация, содействующая подготовке молодого поколения специалистов ремесленных профессий. Она насчитывает 8000 членов в возрасте от 25 до 40 лет. Организация состоит из 120 региональных объединений. Штаб-квартира федерального объединения находится в Берлине. Организация была создана в 1956 г. в Нюрнберге. Основную свою задачу объединение видит в содействии росту профессиональной квалификации молодых мастеров[5].

Австрия. При Федеральной палате экономики Австрии действует специальная организация Молодая экономика Австрии (МЭА). Организация состоит из 9 региональных (земельных) филиалов (по числу федеральных земель в Австрии), а также около 100 муниципальных (районных) и проектных групп, в которых активно работают 36000 человек Членство в МЭА осуществляется на добровольной основе. МЭА информирует членов об

интересных событиях и встречах в области бизнеса, проводит опросы на важные экономико-политические темы с целью мониторинга пожеланий молодежного предпринимательства, рассылает членам специальный инновационный вестник с информацией об актуальных инновациях во всем мире. В рамках МЭА функционирует консалтинговый центр для начинающих предпринимателей, который дает правовые и практические рекомендации относительно действий, необходимых для заведения собственного бизнеса. Организация ведет также бизнес-портал (Businessportal) в сети интернет. Финансирование МЭА осуществляется в основном из бюджета Федеральной палаты экономики Австрии.

Италия. Ассоциации молодых предпринимателей (АМП) – негосударственные организации, работающие автономно, но организационно входящие во всеитальянскую Конфедерацию промышленников и предпринимателей (КПП) и руководствующиеся ее Уставом. Существует центральная АМП при КПП, в которую входят 20 региональных Комитетов АМП и 104 провинциальных/территориальных группы АМП. Участие в деятельности АМП осуществляется на добровольной основе, с уплатой ежегодных членских взносов. Определенные расходы покрываются КПП. Общая численность в АМП – 12 500 членов. АМП содействует продвижению предпринимательских ценностей и культуры в современном гражданском обществе Италии, совершенствованию знаний экономического, социального, политического и управленческо-прикладного характера.

Торговые палаты области Ломбардия (Мантуя, Лоди, Кремона) проводят форумы молодых предпринимателей, направленные на развитие предпринимательского духа молодежи и создание благоприятных условий для поддержки компаний молодых предпринимателей. Во время форумов проходят «конкурсы идей» и выставки проектов, опытные предприниматели проводят консультации для будущих выпускников профессиональных институтов. Координацию территориальных Групп АМП проводит выборный Национальный совет АМП и Центральный совет (аналог руководящего комитета).

Япония. Федерация молодых предпринимателей (ФМП) является структурным подразделением большинства местных ТПП. Организационными формами функционирования ФМП являются общие собрания, конференции директоров, президентов и вице-президентов, заседания комиссий и комитетов, а также встречи региональных представителей. Количество активистов ФМП, включая их руководителей, насчитывает 5500 человек. Деятельность ФМП (в основном их секретариатов, в которых работает до 5 человек в каждом) финансируется за счет членских взносов от входящих в них компаний. Величина отчислений варьируется в зависимости от региона расположения предприятия и размера компании. Как правило, взносы составляют 2 тысяч иен (около 25 долларов США) в месяц и 24 тысяч иен (около 300 долларов США) в год. Дополнительная часть средств для ФМП (около 10 процентов их бюджета) поступает непосредственно от ТПП, в составе которых они работают. Возраст

членов ФМП – до 45 лет, однако этот лимит не имеет жесткого характера.

ФМП оказывают содействие работе ТПП Японии в развитии регионов, совершенствовании предпринимательской культуры, защите окружающей среды. Для выявления наиболее перспективных идей ФМП при ТПП Японии также организует общенациональный конкурс бизнес-планов, победителям которого предоставляются необходимые консультации по коммерциализации разработок и совершенствованию методов управления. Свыше 400 ФМП, объединяющих 27 тыс. человек, являются членами организованной в 1983 году Японской ФМП при Торгово-промышленной палате[5].

Таким образом, рассмотрев мировые примеры поддержки и развития молодежного предпринимательства, можно сделать вывод о том, что не всегда речь идет о больших проектах и больших суммах.

Приведем пример из практической деятельности по организации и поддержке молодежного предпринимательства Инновационного Евразийского университета, позиционирующего себя на образовательном рынке Казахстана как предпринимательский вуз.

Для всех специальностей ИнЕУ с 1 по 3 курсы ведется предпринимательский блок, включающий в себя такие направления подготовки, как:

- генерация бизнес-идей;
- психология лидерства и техника самопрезентации;
- ведение бизнеса.

Все это позволяет научиться основам креативного и дизайн-мышления, попробовать реализовать свою идею на деле с помощью бизнес-тренеров, бизнес-ангелов и бизнес-инкубатора, функционирующего в вузе. Следует отметить, что количество студентов, попробовавших себя в предпринимательстве и имеющих к окончанию вуза собственный бизнес, ежегодно увеличивается.

Следовательно, молодежное предпринимательство может органично влиться в среду МСБ, способствовать развитию экономического и инновационного потенциала нашего государства.

#### **Список использованной литературы:**

1. Савеленко Д. Особенности молодежного предпринимательства. – [www.atameken.kz](http://www.atameken.kz)
2. Орсариев А. О развитии предпринимательства среди молодежи – [www.forbes.kz](http://www.forbes.kz) (11.10.2019)
3. Молодежное предпринимательство. – [www.business.gov.kz](http://www.business.gov.kz)
4. Формирование молодежного предпринимательства. – [www/science-education.ru](http://www/science-education.ru).
5. Global Entrepreneurship Monitor Consortium. – [www.gemconsortium.org](http://www.gemconsortium.org)



**Серикбаева Б. М.**

"Ақжар жалпы орта білім беру мектебі" КММ тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Павлодар облысы, Май ауданы.

### **ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰСТАЗЫ**

«Тәуелсіз Қазақстан», «Қазақстан Республикасы», неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан, Отанымыздың тәуелсіз еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз қанатын жайған, қыранымыз бейбітшілікте самғаған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әнұранымыз асқақтай шырқалуда. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 30 жыл толды.

«Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі». Әбу-Насыр Әл-Фараби. Ұстаздық-ұлы мамандық. Ұстаз – адамдықтың диқаншысы. Адам тәрбиелеудің, жеке тұлғаны қалыптастырудың бағбаны. Кіршіксіз, пәк сезімді арман жолыға жетелейтін де, білімнің шыңына көтеретін де ұстаз. «Ұстазы жақсының- ұстамы жақсы» деп ғажайып дүниенің сырын ашқан, өмірдің қыр-сырын меңгеретін де ұлық тұлғалар. Ендеше ұстаз білімнің отын жағып, бал-шырын, нәрін шәкірт бойына сіңіру әдіс –тәсілдерін жетік меңгерген мұғалім болу- адам бойындағы ұлы қасиет. Ол жүректің батырлығын да, сезімнің ақылдылығын да, мінездің жайлылығын да, білімнің байлығын да бір арнаға тоғыстыратын ұстаз. «Еліміздің ертеңгі тағдыры осы жас өскелең ұрпақтың қолында» деп атап өткендей ұрпақ тағдыры үшін ұстаздарға салмақ түсіп отыр. Білім кілті ұлағат иелерінің кең пейілді жарқын бейнесі мен білімдарлығы арқылы шәкірт санасына қалары сөзсіз. Тәуелсіз мемлекеттің ертеңі- ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен білігіне, іскерлігіне байланысты. Өскелең ұрпақты биік мақсаттарға жетелеу, өз бойында бүкіл адамзаттық құндылықтарды жинақтаған, өз өміріне өзі басшылық жасап, өзін-өзі дамытатын тұлғаны тәрбиелеу-бүгінде білім беру орындарының міндеті. Осы міндеттерді іске асыру ұстаздарға байланысты. Іскер, үздіксіз ізденіс үстінде жүретін мұғалім оқушыға сапалы білім бере алады деп ойлаймын. Ұстаздарымыз болмысындағы бар қасиет, өмірден санасына түйген байлығының барлығын оқушысына сіңіртіп, жүрегіне су сепсе де сөнбейтін алау жағады, шабытын шыңдайды. Шәкірттерінің келешегі жайлы ойланып, олардың қабілетті шәкірт болып, үлкен биіктерден көрінуін қалайды. Ата-ана, ұстаздар армандайтын шыңдарды бағындыру үшін аса зор қабілеттілік қажет екендігін өмір көрсетеді. Шәкірттің бойында адам сүйсінетін қасиет болады. Оны бақылау үшін жіті бақылау мен сезімталдық қажет.

Өзіме аотылған үлкен жауапкершілікті сезіненім. Осыдан 12 жыл бұрын Павлодар облысы, Май ауданы Ақжар орта мектебіне тарих пәні мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Бүгінгі күні өзім жас мамандардың тәлімгерімін. Педагогикалық жолымда сан түрлі Халықаралық, Республикалық, Облыстық

олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының жеңімпаздарын дайындадым. «Шәкірсіз ұстаз-тұл» демекші, ізбасарларым да бар.

Бүгінгі күні- Тәуелсіз ҚР қоғамында ұстаз мәртебесі артып келеді, оған айғақ- «Ұстаз мәртебесі туралы заң» енгізіліп, Ұстаздар қауымына көптеген қосымша еңбегі үшін, сыйақы, көтермеақы тағайындалуы. Павлодар облысында ұстаздардың кәсіптік өрлеуі үшін бар жағдай жасалған, мәселен, облыс әкімі тағайындаған «Облыс алдындағы сіңірген еңбегі үшін» әр түрлі деңгейде жетістіктері бар ұстаздар қатарынан 1 жылда 50 мұғалім 1000АЕК көлемінде сыйақы алады. «Жыл мұғалімі» атағы беріледі. Министрлік тарапынан да «Үздік педагог» атағы беріледі.

Қазіргі таңда педагогикалық мамандықтарға түсіп жатқан талапкерлерге шекті ұпайды көтергені мені қатты қуантады. Мұғалімдік мамандық қай кезеңде болса да абыройлы мамандық болып қалмақ. Мен-Тәуелсіз елдің ұстазымын, ұстаз болғанымды мақтан тұтамын

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
4. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 216 б.

#### **Сисенова Д. М.**

Маңғыстау облысы, №18 Жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекеме, тарих пәні мұғалімі

#### **ТӘУІЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМ**

XXI ғасырдың 2021 жылында қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толмақ. Тарих қойнауына салатын болсақ бұл уақыт тым аз болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл кезең көптеген халықтар үшін қасіреті мен қуанышы, құлдырауы мен шарықтауы қатар жүрген кезең. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет. Бүгінгі тәуелсіздігіміз баянды болу үшін жастарымыз аянбай еңбек етуге тиіс деп ойлаймын.

Мемлекет басшысының 5 – ші қаңтар күні «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласында:

« - Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы

аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек.

Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс деп » - айтқан болатын Қасым- Жомарт Тоқаев.

Сондықтан осы Алаш қайраткерлерінің тарихына байланысты құжаттық материалдарға қол жеткізу үшін Қауіпсіздік Комитетінің Департаментінің архивтеріне қол жеткізу керек. Бірақ оған мүмкіндіктер жоқ. Күні бүгінде Алаш қайраткерлерінің құжаттары толық нақтыланған жоқ. Мысалға: Алашорданың Батыс бөліміне қатысқан Алаш қайраткерлері туралы мәліметтерді әлі күнге дейін Қауіпсіздік Комитетінің Департаментінен ала алмай отырмыз. Осы жөнінде бірнеше жерде менің ғылыми жетекшім, Алаштанушы, тарих ғылымдарының кандидаты Сүлейменова Дәметкен Досмұханқызы айтып жүр. Архив қорында ақталмаған Алаш қайраткерлерінің құжаттары шаң басып жатыр.

« Егемен Қазақстан » газетінде жарияланған мақалада Қасым - Жомарт Тоқаев: яғни 2021 жылы «1921 жылғы Қазақстандағы аштыққа 100 жыл болатындығы» жөнінде мәліметтер келтірген болатынды. 1921 – 1922 жылдардағы ашаршылық туралы материалдарда әлі күнге дейін толық зерттеліп, ғылыми айналымға еңбей жатқандығы жөнінде айтып өтті. Осы тарихты зерттеу үшін де архивте отырып, көптеген жұмыстар жасалу керек екендігін ескертті. Сондықтан алдағы уақытта осы ғылыми ортада, Отан тарихында ашаршылық тақырыбын көтеріп, жаңа зерттелмеген материалдарды толықтыру қажет деп есептеймін. Ол үшін үлкен ғылыми – зерттеу орталығы Батыс Қазақстан облысында құрылу керек деп ойлаймын. Себебі: Батыс Қазақстан облысында Жымпиты елді мекенінде осыдан 1918 жылы алғашқы тәуелсіз мемлекеттің қарлығашы болып саналатын автономиялық «Батыс Алашорда үкіметі» құрылған болатынды немесе тарихта ол «Күнбатыс Алашорда» деген атпен енген еді. Сондықтан осындай Алаш зиялыларының табаны тиген жерге, тарихи оқиғалары сақталған ғимараттардың бар екенін ескеріп, осы ғылыми – зерттеу орталығы Орал қаласында құрылса дұрыс болар еді. Бұл жастарға ғылыммен айналысу жолында үлкен көмек болар еді.

Мысалы, алғашқы мемлекеттік құрылымды құрған бұл Алашорданың Батыс бөлімі болатын. Бұл жөнінде Сүлейменова Дәметкен Досмұханқызы 2008 жылдан бері Алаштың ізі қалған жерде «Алаш ғылыми – зерттеу орталығын» ашу туралы айтып келе жатыр. Бірақ соған қол жеткізе алмай отырмыз. Бұның өзі Президентіміз Қасым - Жомарт Тоқаев айтқандай ел тарихын зерттеуге кедергі келтіріп отыр. Және оны құрып, ол мемлекеттік деңгейде жұмыс істеу керек деп ойлаймын. Өйткені мен жыл сайын осы Алаш тақырыбындағы жүргізіліп жатқан іс – шараларға қатысып отырмын. Оған дәлел « XXI ғасырдағы алаштың ақ жолы » атты үлкен байқау өткізіледі. Осының өзі Алаш

зиялыларының тарихын, еңбектерін өскелең жас ұрпаққа танытуға жол салып беріп отыр.

Осы мақалада « Тарихты саясаткерлер емес, тарихшылар зерттеу керек » деген Президентіміздің ұсынысы бар. Қазақ халқының өткен тарихы өте ауыр тарих. Алаш тарихын және ашаршылық жылдардың тарихын зерттеушілерге құрмет көрсетілсе деймін.

Құжаттық негізде зерттелген тарихи деректерді жастарымыз көбірек оқыса, өткен тарихынан сабақ алары сөзсіз. Келешек ұрпақ ата – бабасының бастан өткен тарихынан тағылым алып, оны насихаттауға атсалысуы керек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Майлықұтова М. (2004). Латын графикасына көшуге байланысты XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының пікірталасы// Әлемдік мәдениет және білім кеңістігіндегі тілдер: халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті. 134 б.
2. Назарбаев Н. (2017). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана: Егемен Қазақстан. – URL: <https://egemen.kz/article/>
3. Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд 26 февраля – 5 марта 1926 г. (Стенографический отчет). Баку 2011 «Нагыл Еви». 552 стр., (С.427-429).

**Түйебаев М.М., филос.ғ.к.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ**

Бүгінгі күні кез келген ұлттың, мемлекеттің тағдыры жалпы адамзаттың даму үрдістерімен тікелей байланысты. XX ғасырдың соңында қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы зор тарихи міндет жүктеп отыр. Еліміз жүріп өткен соңғы отыз жылдың қазақ мемлекетінің тарихында алатын орны өте зор. Егеменді ел ретінде мемлекетімізді нығайту жолында әрбір күні, айы, ғасырға жүк боларлық талай асулардан өттік.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қастерлі тәуелсіздігіміздің 30 жылын қайта жаңғырған қазақ мемлекеттілігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес, көптеген елдерге тән қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас бір кезеңге балайды.

Мемлекетімізді нығайту жолында не істедік деген мәселеге тоқталып өтсек - атқарған істеріміз ұлан-қайыр. Қазақ мемлекетінің тарихы тереңде

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

жатқанымен мемлекетімізді нығайту жолындағы түрлі кезеңдерден кейін тәуелсіз ел ретінде тарих сахнасына қайта шығу- қоғам алдына үлкен міндеттер қойды.

Алғашқы онжылдық жаңа Қазақстанның іргесін қалау, екінші онжылдық - қазақ елін әлемге таныту, үшінші онжылдық мемлекеттілігімізді нығайтып, бәсекелестікке қабілетті әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына қосылу сияқты шаралардың жүзеге асырылуы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткен ұлы істер болды. Еліміздің дамуының әлемдік даму үрдісіне сай нақтылы жолы айқындалды.

Мемлекеттілікті нығайтудың әлемдік тәжірибесін саралай отырып, мемлекетті құраушы қазақ халқының ұлттық болмысына сай, жалпы Қазақстан қоғамына ортақ менталитет тұрғысында, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген міндеттерді жүзеге асырудың ұзақ жылдарға арналған кешенді жоспары белгіленіп, нақтылап айтсақ «Қазақстан 2050» стратегиясы, дамыған озық елдің қатарына қосылу, «100 нақты қадам» - біртіндеп жүзеге асып жатыр.

Тәуелсіздікті қазақ халқы ғасырлар бойы аңсады. Сол үшін күресті. Ата-бабаларымыздың аңсаған зор арманына қол жеткізгенімізге биыл отыз жыл толып отыр. Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық мойындады. Мемлекеттік шекарамызды заңдастырдық. Қытай, Ресей сияқты көршілес алып державалармен тату қарым-қатынас орнаттық. Атом қару-жарағынан құтылдық. Мемлекеттің барлық белгілерін қалыптастырдық. Өзіміздің қарулы күшіміз, төл теңгеміз бар.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық рухты асқақтату, қазақстандық патриотизм, республика халқының татулығы мен бірлігін нығайту жолында ауқымды істер атқарылды. Бұл тәуелсіздігімізді сақтап, нығайтудың басты шарттарының бірі.

Тәуелсіз ел болу зор бақыт, ал оны баянды ету барлығымызға үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекетімізді нығайтудың саяси, экономикалық реформаларының жүзеге асуы Қазақстан мемлекетінің рухани жаңғыру бағдарламасымен астасып жатыр. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, ділімізден айырылып қала жаздадық. Бүгінгі күні ұлттық болмысымыздың қайта оралуы тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болып отыр. Сондықтан тәуелсіздігіміздің қадірін білуіміз керек.

Рухани құндылықтар – ұлттың ұлы байлығы. Үнді халқының ұлы қайраткерінің бірі Рабиндранат Тагор «Әрбір халық өзінің ұлттық қасиетімен әлемге таныла білуі керек» - деген екен. Сондықтан қазақ халқын ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, рухани мәдениет арқылы әлем тануы керек.

Тәуелсіз қазақ елін әлемге танытуда барлық қазақстандық, әсіресе тәуелсіздік құрдасы жастар аянбай еңбек етуі керек. Олардың бойында нағыз ұлтжанды қасиет болу керек, сол рухта тәрбиелеу керек. Ұлттық рухта тәрбиелеуде мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында кең қолданылуының рөлі өте зор.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері «Болашақ» бағдарламасымен әлемнің белгілі оқу орындарында білім алған жас мамандар мемлекеттік тілдің қолдану аясын дамытуға үлес қосуға міндетті. Ана тіліне зор құрметпен қарау керек. Ұлы неміс философы Гегель «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен сыйлаудан басталады» - деген екен.

Ал, елімізде әлі де болса мемлекеттік тілде сөйлемейтін, ағылшын тілін, орыс тілін, батыс мәдениетін білгенін мақтан ететін шенеуніктер кездеседі. Кеңсе тілі толық қазақшаға көшуі керек, сонда ғана тіліміз сақталады, тәуелсіздігіміз баянды болады. XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов «Тілі жоғалған халықтың, өзі де жоғалады» - деп ескерткен еді. Содан қорытынды шығаруымыз керек.

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік, әлемдік деңгейде қолдану үлгісін Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үнемі көрсетіп келеді.

Биылғы жылы (2021 ж. қараша айы) Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінде қазақ тілінде сөйледі. (Түркі мемлекеттері ұйымы). Тағы бір дәлел, еліміздің сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген мәжілісінде мемлекет басшысы мемлекеттік тілде сөйлеп, сыртқы істер ведомствосына қызметке қабылдауда шет тілін білумен қатар қазақ тілін - мемлекеттік тілді білуге міндетті – деп атап көрсетті.

Бізге бүгінгі күні өз ұлтын жан-тәнімен сүйетін, мемлекеттік мүддені өз мүддесінен жоғары қоятын тұлғалар қажет, осы мақсатта бүкіл ел болып тәуелсіздігімізді баянды ету жолында қызмет жасауға міндеттіміз. Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысының бүкіл мазмұнын осы бағытқа жұмылдыруымыз керек.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіз ел болғанымызға отыз жыл толып отыр. Осы аз ғана уақытта мемлекетімізді нығайтып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу жолындағы әрбір қадамның болашақ ұрпақ үшін тәрбиелік, тағылымдық мәні зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б.

3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.  
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б

## **1 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

---

### **СЕКЦИЯ 1. 30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ**

**Адилбаева А.С., т.ғ.д.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

**Қанатұлы Мирас**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, PhD докторант, Семей қ.

### **ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ**

*Қазақстанның бүгінгі жетістіктері – барша отандастарымыздың ортақ еңбегінің жемісі. «Азаттық – елдің мұраты, абырой – ердің мұраты» дейді халқымыз.*

*ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев*

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Тәуелсіздік – еліміздің ең басты мерекесі.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. [1, 25-38]

Тәуелсіздік – ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін мәртебелі мейрам.

Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын дінгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз.

Сондықтан бабалар аңсаған Тәуелсіздіктің қадірін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт.

Тәуелсіздік шежіресі Тұңғыш Президентіміз – Елбасының тарихи тұлғасымен тығыз байланысты. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – жаңа дәуірдегі Қазақстанның негізін қалаған ұлы қайраткер. [2, 32-44]

Оның есімі жасампаздық жылынамасына Қазақ мемлекетінің авторы ретінде жазылды. Біз қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам бастық.

Бұл тәуелсіз елдің жылнамаларының биігінен қарағанда ештеңе емес. Дегенмен, бұл 30 жыл – егемен елдің іргетасындай, телегей-теңіз дарияның

бастауындай, замана көшінің атан қомдаған алғашқы адымындай ұмытылмас, қайталанбас 30 жыл.

Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін қалыптастыру кезеңі болды.

Екінші он жылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін кеңейтіп, іргесін бекітті.

Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде, кемеліне келіп, әлемдік саясаттың төріне озды.

Алдағы төртінші он жылдықта бізді жаңа міндеттер күтіп тұр.

Елімізді ілгері дамытып, әрбір азаматтың лайықты тұрмысын қамтамасыз етуіміз керек. Халқымыз заман ағымына ілесе білуге тиіс.

Өзгерістерге бейімделе алатын жұрт қана уақыт тынысын дөп басады.

Біз білімді әрі білікті, ұқыпты және жауапты, іскер де еңбекқор жұрт болуымыз қажет.

Бұл – Ұлы Абай айтқандай, «толық адамның» айқын көрінісі.

Оған қоса, әркімнің жеке қасиеті мен мақсаты елдік мүддемен тығыз астасып, патриотизмге ұласуы керек. [3, 51]

Сонда ғана мемлекетшілдік идеясы басты құндылыққа айналады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай қазіргі заманғы білім жүйесі қажет» дегені мәлім.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген. [4, 63-78]

Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды.

Болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мұраттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясының ұғымын, оның мазмұнын, мәңгілік мұраттарға қол жеткізудің құндылықтарын насихаттау, жас ұрпақтың санасына сіңіру – қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасқан шағын көзбен көріп, сол қалыптасқан елде егемен тірлік кешіп отырған біздің буын — нағыз бақытты ұрпақ. Біздің толқынның маңдайына Тәуелсіз елдің азаматы болу жазылыпты. Әлбетте, бұл — үлкен бақыт қана емес, зор жауапкершілік. [5, 12-65]



Елбасы халықтың басты игілігі — Мәңгілік Ел екенін, он төрт мың шақырымнан астам талас тудырмайтын шекарамыз біздің Отанымызды біртұтас монолитке шегендегенін айтады. Иә, түптеп келгенде, Тәуелсіздік арқасында талай асуды асқан, төрткүл әлем елдерімен терезесін тең еткен Қазақстанның діттегені — Мәңгілік Ел болу.

Осындай ұлы мұраттарға ұмтылған жұрттың бірлігі бекем болса, тәуелсіздігі де тұғырлы болатыны анық.

Түйіндей айтсақ, біз ғасырлар бойы қаншама ұрпақтың арманы болып өткен тәуелсіздіктің, ұлттық мемлекет құру мұратының жүзеге асқанзаманында өмір сүріп отырмыз. Ендігі күні іргетасы сапалы қаланған мемлекетіміздің шаңырағы шайқалмай, Тәуелсіздіктің тұғырлы туы мәңгіге желбірей беретініне күмән жоқ.

Тәуелсіз елдің болашағы оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу — біздің міндетіміз болмақ. Сондықтан да бастауыш мектептен бастап оқушының жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек.

XXI ғасырдағы білім беруді дамыту стратегиясы ашық ақпараттық білімдік кеңістіктегі ұшқыр ақпараттың өзара әрекеттестігінің негізінде, «ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасы болуы тиіс мектеп бітірушілерді дайындауға бағытталған. Заңды объективтік процесс ретінде бүгінгі таңда мектеп қабырғаларында оларды дайындаудың тұғыры оқытудың жаңа ақпараттық парадигмасы болып саналады.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі. [6, 8-34]

Оқушылардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-кұлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру маңыздылығы айрықша.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық сатысында зерттеу нысаны болып отырғаны баршаға белгілі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам

өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. [7, 2-67]

Осы мақсатта мектептегі балаларды адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда «Мен Отанымды сүйемін», «Сабырлық пен ұстамдылық», «Ойнайық та, ойлайық!» ойын-сабақтары өткізіледі. Мұның бәрі адамгершілікке бағытталған іс-шаралар.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарға қол жеткізді.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Әрқашан күн сөнбесін! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!

### **Пайдаланаған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. Быть ближе к людям , решать их проблемы: 11 задач президента к десятилетию независимости. //Казахстанская правда.-2001.-31 января.

2. Казакова И.М. Государственный праздник РК- День Независимости. //История Казахстана преподавание в школах и Вузах.-2007.-10.-с.73-78.

3. Аблуалы А. По Конституции сверяя шаг: Реформы образования в год 20-летия Независимости. //Казахстанская правда.-2011.-12 августа.

4. Аунасова А. Национальная валюта Казахстана тенге-подлинный символ финансовой независимости. //Мирас .-2011.-№2.-С.53-55.

5. Бикмухаметова Р. Летопись независимости. //Северный Казахстан.-2011.-22 февраля, 10 марта.

6. Бишимбаев В. Рожденная под звездой Независимости: Нац.инженерной академии РК 20 лет. //Казахстанская правда.-2011.-21 сентября.

7. Даирова О. В мире и согласии: 17 Сессия Ассамблеи народа Казахстана: "Независимый Казахстан: 20 лет мира, согласия и созидания". //Юридическая газета.-2011.- 20 апреля.

### **Абжанова Ә. Ж., тарих магистрі.**

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі ММ №11 Жалпы орта білім беретін мектеп КММ, тарих пәнінің мұғалімі  
ҚР, Семей қаласы

## **АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДА**

Алаш тарихына ұлттық тарих ретінде объективтік баға беріп, тарихи зерттеулер жазу үрдісі басталды. «Алаш» қозғалысының ұлттық тарихтағы орнын зерттеудің әдіснамалық негіздемесі ретінде Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегін айтуға болады. Еңбектің «Алаш мұрасы және осы заман» деп аталған тарауында: «... Жиырмамыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. Н.Назарбаев ойын әрі қарай былай деп жалғастырады: «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тұжырымдалған өтпелі кезең қағидалары жаңғырту қаракетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады...» [1]

«Алаш» қозғалысының проблемаларын, оның ішінде Алашорда басшысы Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ интеллигенциясының қазақ автономиясын құру жолындағы саяси күресін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдардың бірі жапон ғалымы, Хоккайдо университетінің славян зерттеулер орталығының докторы Уяма Томохико.

XX ғ. басындағы саяси жүйедегі жағдайларды, қоғамдық ахуалды, осы кездегі Ресейде шеткері ұлт аймақтарында жүрісн саяси оқиғалар туралы ресей ғалымдары Д.А. Аманжолованың, Д.Н. Усманованың, С.М. Исхаковтың, В.И. Шишковтың еңбектерінен кездестіруге болады.

Мысалы, Д.А. Аманжолова өзінің «Казахский автономизм и Россия. История движения «Алаш» деген еңбегінде Алаш қозғалысының қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеген.

Алаш қайраткерлерінің тағдырын, әсіресе шетелдерге қоныс аударуға мәжбүр болған алаштықтардың өмірі мен қызметінанып білуде Х.Оралтай еңбегінің орны ерекше. Сондай ақ бұл еңбектің даулы жерлері де бар. Мәселен, автордың Алаш партиясы тарихын 1905 жылдан бастауымен, «Қазақ» газетімен бірге, «Айқап», «Қазақстан» басылымдарын осы ұйымның органына жатқызғаны дау тудырады.

Отапдық тарихқа арналған «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» деп аталатын академиялық зерттеудің IV томының тарихнамалық бөлімінде Алаш зиялылары туралы шыққан еңбектер туралы айтылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, тарихымыздың осы мәселесін зерттей бастаған тарихшы - ғалымдардың бірі Кеңес Нұрпейісов болды.

К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алаш орда» деген еңбегінде Алаш қозғалысымен байланысты мәселелерді жан-жақты зерттеді. Бұл еңбек үлкен төрт тараудан тұрады. Мәселенің тарихнамасы мен деректері жеке бір тарауды құрайды «Алаш» қозғалысының басталуы, 1917 жылғы революциядан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай, «Алаш» партиясының құрылуы «Алаш» орда және Кеңес өкіметі арасындағы қарым-қатынас баяндалды. «Алаш» қозғалысы бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым екендігін, бұл ұғымға біріншіден, саяси партия ретіндегі «Алаш», екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны («Алаш» атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған алаштың ордасы (Алаш орда үкіметі) кіретіндігін жазады. Соның ішінде Әлихан Бөкейханның өз заманындағы беделі, Алаш зиялыларының оның пікірімен санасатындығы, «Алаш» саяси партиясының және Алашорда үкіметін құрудағы оның қызметі туралы айтылды [2].

Автордың бұл еңбегінде отандық тарихта бірінші рет десе де болады, Алаш және Алашорда тарихының тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалды. XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін талдап, «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылу тарихын көрсетеді. Автор өз еңбегінде алаштанудың басты бағыттарының бірі - Алаш пен Алашорданың әлеуметтік табиғатын, олардың қазақ қоғамының қандай бөлігіне сүйенгенін анықтау деп көрсетеді. Еңбектің төртінші тарауы Алаш орда мен Совет өкіметі туралы проблемаға арналған. Бұнда автор Совет өкіметі мен Алаштың орнауы туралы нақты фактілерге сүйенген тарихты жазады. Әсіресе осы тарауда қызықты, бұрын жарияланбаған, ғылыми айналысқа алғаш енген деректер негізінде Алаш пен Алашорданың азамат соғысы жылдарындағы қызметі жан-жақты баяндалады. Онда Әлихан Бөкейханның 1919 ж. ақпанның 11-де Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерін бере отырып, сол кездегі Алаш қарулы күштерінің саны үш мың жауынгер болғанын көрсетеді. Сондықтан да әскері әлсіз Алаш автономиясы азамат соғысы барысында шешуші рөл атқара алмаған деп ой қорытады. Советтермен жаңа келсімге келу

жолдарын іздестіру және Алаш орданы тарату туралы деректерді жинап, талдап жазуы автордың ғылыми лабораториясының ұтымдылығын, көрнекілігін, зерттеу тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Еңбектің соңында қосымша ретінде «Алаш» қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі мен «Алаш»партиясы бағдарламасының жобасы және «Алаш» қозғалысы мүшелірінің көзқарас эволюциясы мен Совет өкіметі жылдырындағы тағдырына байланысты құжаттар берілген. Автордың осы еңбегі Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген алғашқы туынды және Алаштану тарихнамасының дамуына қосылған үлес болып табылады.

Белгілі тарих ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы - ғалым Мәмбет Қойгелдиев алғашқылардың бірі болып 1994 ж. «Әлихан Бөкейхан. Публицистика және ғылыми мақалалар» деген еңбегін құрастырды. Бұл кітапқа Ә.Бөкейханның өмірі, қызметі жайлы деректер, оның біраз публицистикалық шығармалары жинақтап енгізілді.

Ғалымның кешенді еңбектерінің бірі «Алаш» қозғалысы» деп аталады.

Сәкен Өзбекұлының «Арыстары Алаштың: тарихи очерктер» деп аталатын еңбегі 1998 ж. жарық көрді. Онда ақпан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған ұлт болашағы үшін күрескен Алаш зиялыларының азаматтық тұлғалары жайлы жан-жақты пайдаланған.

Алаш тарихында әлі де зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі - Алаш зиялыларының тарихи қозғарастары. Осы мәселеге арналған Т.Омарбековтың «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» деген еңбегі жарық көрген. Осы басылымда Алаш зиялыларының еңбектеріндегі тарихнамалық мәселелерді және олардың патша үкіметінің отарлау саясатына қозғарастары туралы жан-жақты айтылады [3].

Ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің «Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы» атты мақаласында 1917 ж. «Алаш» партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған біртұтас Алаш идеясының пайда болғанын жазады.

Алаш тақырыбына арнайы мұрағат материалдар негізінде кешенді еңбек жазған автордың бірі Талас Омарбеков. Оның «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» атты оқу құралының маңызы өте жоғары.

Бұл еңбекте Алаш азаматтарын айыптау, қудалау тарихын нақты құжаттар негізінде жан-жақты ашып көрсеткен. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарихының тарихнамасына байланысты еңбектер шыға бастады.

Соның бірі Н.А. Бейсенбекованың Р.Жұмашевпен бірлесіп жазған «Қазақстан тарихының тарихнамасы» атты зерттеуінде Алаш зиялылары туралы арнайы тараулар бар.

Сонымен қатар Н.А. Бейсенбекованың, З.Ғ. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова, Қ.С. Өскембаев, Ю.В. Баермен бірлесіп жазған Алаш зиялылары туралы «Сарыарқаның ұлы азаматтары. (XX ғасырдың басы)» деген еңбек басылып шықты. Авторлар мұнда Алаш зиялылары – Әлихан Бөкейхан, Нығмет Нұрмақов және Әлімхан Ермековтердің өмірі мен қызметі жайлы жазды. Қ.С.Өскембаевтің «Ә.Ермеков: Тұлға тағылымы» басылымы да осы қатарда.

Сонымен бірге Р.М. Жумашев пен М.С. Амринаның бірлесіп әзірлеген «XIX ғ. соңы мен XX ғ. Басындағы Орталық Қазақстанның этноәлеуметтік дамуы (Ф.А. Щербина экспедициясы мәліметтері бойынша)» деген монографияда Әлихан Бөкейханның Ф.А. Щербина экспедициясына қатысқандығы және жер мәселесіне байланысты оның көзқарастары берілген.

Әлихан Бөкейханның 150-жылдығы және «Алаш» қозғалысының 100 жылдығына орай өте мол мұрағат деректерге негізделген зерттеулер басылып шықты және осыған орай өткізілген республикалық, халықаралық конференциялардың және «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» жалпыұлттық байқаудың материалдары жарық көрді. Тұрсын Жұртбайдың «Боль моя, гордость моя - Алаш» атты III томдық монографиясы екі тілде 2016 жылы жарық көрді. ІХК (Ішкі істер халық комиссариаты), МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) мұрағаттарда сақталған құжаттар негізінде жазылған.

Мәмбет Қойгелдиевтің толықтырылған «Алаш қозғалысы» атты еңбегі 2017 ж. жарық көрді. Бұл кітапта қозғалысының, кеңестік биліктің қалыптасуы мен реформалық шаралары жайлы баяндалған.

2017 ж. Н.А. Бейсенбекова, Л.Қ. Шотбақова, Г.М. Смагулова бірлескен «Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы» деген ғылыми еңбек жарыққа шықты. Монографияда ұлт мақтанышына айналған Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қызметіне байланысты деректерге тарихнамалық шолу жасалып, өмірнамасы баяндалған.

Сонымен бірге Ә. Бөкейханның мемлекет, саяси және қоғам қайраткері екені деректер арқылы нақтыланып, оның рухани мұрасының жекеленген тұстары талданған.

Алаштанумәселесінің тарихнамасы әлі де жазылу устінде. «Алаш» қозғалысының тарихына байланысты конспект деректер бар. Деректердің алғашқы тобын Алаш зиялыларының өз еңбектері құрайды. Сонымен қатар XX ғ. басындағы мерзімді басылым беттеріндегі жарияланған Алаш «зиялыларының» мақалалары да құнды деректері қатарына кірді. Алғашқы ресми деректердің бірі - 1929 ж. Қызылордада шыққан О. Исаевтың алғы сөзімен басталған «Алаш-Орда. Сборник документов» деп аталатын кітабы. Бұл, шын мәнінде, «Алаш» қозғалысы жөнінде біршама түсінік бере алатын құжаттардан құралған жинақ болды. Мәселен, жинаққа облыстық және жалпықазақ съездерінің хаттамалары мен шешімдері, «Алаш» партиясының бағдарламасы сияқты қазақ ұлт-азаттық күресінің мақсат-мұраттарынан біршама мәлімет беретін құжаттық материалдар енгізілген.

Алаш зиялыларының ұлт мақтанышы екенін танып – білу үшін көптеген деректер мен ғылыми-танымдық еңбектер зерттеу қажет. Алаш зиялыларына байланысты деректерді бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа олардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты заңнамалық құжаттар жатады. Бұған Кеңес өкіметінің репрессиялық саясатын жүргізуге негіз болған құжаттарды жатқызуға болады.

Екінші топтағы деректерге іс-қағаз құжаттары кіреді. Оған Ресей империясының Ішкі саясат департаментінің III -бөлімінің құжаттары, сонымен

бірге Алаш зиялылары білім алған оқу орындарының түрлі іс-қағаздары, ресейлік шенеуніктердің бір біріне жазған қызметтік хаттар тәрізді құжаттардың түрі жатады. Сонымен бірге Алаш зиялылардың қоғамдық-саяси қызметіне қатысты «Қарқаралы петициясы», I және II Бүкілқазақ-қырғыз съездерінің құжаттары, оның ішінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы, Алаш орда үкіметінің құжаттары ерекше орын алады [4].

Деректердің маңызды бөлігін Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі барысында түрлі жиындарда, кездесулерде сөйлеген сөздері құрайды.

Деректердің келесі тобына мерзімді басылымдар жатады. Оның ішінде Ресейден шыққан «Сибирские вопросы», «Степная газета», «Дала уалаятының газеті», «Омичь», «Степной край», «Степной пионер», «Иртышъ», «Голос степи», «Сибирская жизнь» (Томск), «Сын Отечества», «Мусульманская газета» (СПб.), «Наша жизнь» (СПб.), «Речь» (СПб.), «Айкап» журналы, Ташкенттен шыққан «Туркестанские ведомости», «Ақ жол», «Жас алаш» газеттері мен «Сәуле» журналы, сонымен бірге Қазақстанның әр жерлерінде шыққан «Қазақ», «Қосшы», «Сарыарқа», «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ», «Тургайская газета» газеттерімен бірге, «Қызыл Қазақстан», «Темірқазық» журналдары және басқа да мерзімді баспасөз

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Алаш-Орда: Сборник документов./сост.Н. Мартыненко – Алматы, «Айкап». 1992.
2. Атишев А.А. – Политическая мысль Казахстана II половине XIX- начала XX века. – Алматы, Наука. 1979.
3. Аяган Б. – Гибель «Алаша». // Экспресс К. – 2006г. 9 марта.
4. Байтук Г. – Это нашей истории строки. // Трибуна 1998 6 ноября
5. Назарбаев Н. А. – В потоке истории. – Алматы, Атамура. 1999.
6. Аяган Б. – Дети Алаша или Долгая дорога к свободе. // Экспресс К. – 2006г. 17 февраля.

**Ахметжанова А. А. 2 курс магистранты**  
«Alikhan Bokeikhan University» БМ. Семей қ.

### **ЕЛБАСЫ – ЕРЕН ЕҢБЕГІ**

Тәуелсіз Қазақстан мен Нұрсұлтан Назарбаев есімінің қатар аталуы – заңды әрі әділетті. Жаңадан азаттық алған, егемендігін енді еншілеген елдің тізгінін ұстағаннан ауыр жүк жоқ шығар. Бұған тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдар Қазақстан үшін қай тұрғыдан алса да оңай кезең болмағанын қосыңыз. Осындай сындарлы сәтте тарихтың таңдауы, халықтың қалауы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа түсті.

Еліміздің бүгінгі қол артқан табысы, бағындырған биігі, жеткен жетістігі, дербес ел ретінде іргесін бекітіп, керегесін кеңейтіп қана қоймай, алты

кұрлыққа танылуы – мұның бәрінде Елбасының ұшан-теңіз еңбегі, ерлігі мен өрлігі, қалтқысыз қызметі мен қажыр-қайраты жатыр.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының еліміздің баянды болуына қосқан үлесі баға бергісіз зор! Нұрсұлтан Әбішұлы тарихтың сындарлы сағатында биліктің басында болып, терең саясаткерлігінің арқасында елдің тәуелсіз дара жолын қалыптастыра білді. Бүгінде бүкіл әлем Қазақстанды дамыған ел деп мойындайды, дүниенің төрт құбыласымен тең араласамыз. Сарыарқаның төрінде азаматтығымыздың Шолпан жұлдызындай болып ел жүрегі жаңа астана бой түзеді. Оның да бас архитекторы Елбасының өзі. Жаңа елорданың сәні мен мәні де, сәулеті мен дәулеті де тәуелсіз Қазақстанды төрткүл әлемге паш етті.

Елорданы Нұр-Сұлтан деп атау әділдік идеалдарына толық жауап беретініне, қазақстандықтардың басым көпшілігінің үміттеріне сәйкес келетініне кәміл сенемін. Тарихымызда бірінші рет шекараны халықаралық шарттармен құжаттап бекіттік. Солтүстік өңір қазақ рухына қанықты. Санымыз өсіп, сапамыз жаңарып, ел рухы, еңсесі көтерілді. Көшіміз түзеліп, әніміз көкте еркін шырқала бастады, қазақпен қазақ қазақша сөйлесіп, тілі жойылып кету қаупінен арылды. Ең бастысы, дербес елдің өзіндік заңнамасы қалыптасып, халық конституциялық еркіндік алды. Мемлекет және қоғам мүддесіне керекті шектеулерден басқаға Ата заң негізінде рұқсат етіліп, азаматтар еркін өмір сүру бостандығына жетті. Жоқшылық қорқынышынан, сөз сөйлеуге тыйым үрейінен халық құтылды. Оның ішкі өміріне ешкім араласпайтын болды. Елбасының батыл да уақтылы шешімдерінің арқасында барлық сынақтардан сүрінбей өтіп, экономикасы берік, халықаралық аренаға танымал, демократиялық және зайырлы елге айналдық. Соның бәрінде Н.Назарбаевтың қолтаңбасы мен тарихи қызметі тұр.

Осыған дейін Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін қалап, жас мемлекетті әлем мойындаған абыройлы елге айналдырған жаһандық деңгейдегі қайраткерлігі туралы көп айтылды. Томдалған кітаптар да жазылды, әлі де жазылмақ...

Бұл мақалада мен Елбасының мемлекет тізгінін ұстаған бірінші күннен, барлық сын-қатерлерден тек заңдылықты нығайтып, демократиялық құндылықтарды берік ұстап, Конституцияға қатал бағынған кезде ғана жетуге болатынын терең көре білгеніне оқырмандардың назарын аударғым келеді.

Қорыта айтқанда, өз мақаламды Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың конституционализмге негізделген және заң үстемдігін қатаң сақтап, сол арқылы елімізді әлемге танымал қылған зор еңбегіне арнамақпын.

Қазақстанның бір сипаты Конституциямызбен айқындалған құқықтық мемлекет екендігінде. Құқықтық мемлекет ретінде басқару институттарының орнығуы мен олардың модернизациялану кезеңдері Елбасының конституциялық идеяларынан, құқықтық көзқарастарынан бастау алғанын ашық айту керек.



Дербестікті алуға ұмтылу кезеңі басталғанда Нұрсұлтан Әбішұлы көреген басшы ретінде болашақ тәуелсіздігімізге негіз болатын алғашқы қадамдарға ба- тыл бара білді. Сол қиын жылдары қоғамдық қатынас субъектілерінің институционалды жадына лайықтап, уақыт сұранысын ескере отырып, КСРО- дан қалған Конституция тұсында көптеген заңға өзгерістер кіргізіп, құқықтық реанимация жасап, ерекше көрегендікпен уақытты ұта алды.

Елбасы Кеңес Одағының алдағы ыдырауы жағдайында Қазақстанды жүйелі дағдарыстан шығару үшін нені, қалай және қашан жасауы қажет екендігі туралы нақты түсінді. Әлемдік тарих пен саясатты жоғары деңгейде біле отырып, жақында мемлекеттік тәуелсіздікке ие болған елдердің басшылары мен үкіметтерінің әрекеттерін үнемі зерделей отырып, жоғары дамыған мемлекеттер эволюциясының, сондай-ақ демократиялық трансформация аясын- дағы орын алған саяси және экономикалық транзит мысалдарын мұқият зерттей білді. Сол арқылы терең және көпвекторлы жаңғыртудың шынайы қазақстандық жолы туралы нақты түсінік қалыптастырды.

Тәуелсіздіктің әр сәті, күні қымбат. Қазір азаттықтың үшінші онжылдығын түйіндейтін тұсқа келіп қалғанымызды ескерсек, онда өткенімізге және осы күнге қалай жеткенімізге бүгінгі күн тұрғысынан баға беруіміз керек-ақ. Ал бұл ретте қазіргі заманғы қазақстандық мемлекеттілікті қалыптастырудағы және дамытудағы Елбасының рөлі мен өлшеусіз еңбегін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл мақалада мен Елбасының сол еңбегіне алғаш рет жеке көзқарасымды білдіріп отырмын. Тоқсаныншы жылдардан осы күнге дейін жалғасып келе жатқан осынау тарихи процеске қатысуға сенім берілген Тұңғыш Президенттің серігі ретінде басты сәттерді қамтығым келеді.

Қазақстан Республикасының тұрақты және үдемелі дамуы бірінші кезекте президенттік басқару нысанын енгізумен тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде нақты қалыптасуы 1990 жылдың 24 сәуірінен басталады. Нақ осы күні Қазақстанда алғаш рет президенттік лауа- зым енгізіліп, Қазақ КСР Президенті лауазымына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Өз халқының шынайы патриоты, тәжірибелі саясаткер ретінде Тұңғыш Президент сол уақыттың өзінде бүкілодаққа жоғары деңгейдегі басшы-практик ретінде танылып үлгерген болатын. Ол одақ деңгейінде жүйелі алдын ала болжай алатын, заман тынысының тамырын тап баса білетін қабілетке ие, жоғары басқарушылық тәжірибесі бар және сол кездегі өте талантты жас басшы болды.

Ол уақыт Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуындағы өте бір қиын жылдар еді. Мемлекеттің қазынасы бос, қызметкерлерге жалақыны уақтылы тө- леу мүмкін емес, зейнеткерлер үкіметке қолын жайып, әйелдер ала дорба көтеріп, базар аралап кеткен заман басталды. Еліміздің әр түкпірінде тап- шылық, қобалжу. Оған жұртты көшеге шақырып, қолтықтарына су сепкендерді қосыңыз.

Сол қиын кезде Нұрсұлтан Әбішұлы сабырлылық пен салқынқандылық сая- сат ұстанып, өрт шығатын жерге су себелеп, дау туатын тұста бұқараны ымы-раға келтіре алды. Шешуші кезде ешқандай қиындықтардан қорықпастан

батылды танытып, жол таба білді (Қарағандыдағы шахтерлер наразылығы, Оралдағы казактардың дүмпуі және т.б.). Елбасының жоғары басшылыққа бірден келе салмай, халықтың ортасынан шыққаны сонда байқалды. Сонау қарапайым металлург болған жылдардан бері қаншама жолдан өтіп, ысылып, сынақтардан сүрінбей, тәжірибе жинап, болаттай шыңдалғаны сонда анық көрінді. Әрбір ұлы заңнаманың мәтіні алғашында харизматикалық тұлғаның ойында нормативтік модель есебінде қалыптасып, жоба болып, әртүрлі сатыдағы сыннан өтуден бастау алады.

Ел тәуелсіздігінің негізі болған барлық тарихи заңдардың қабылдануында Тұңғыш Президенттің құқықтық ұстанымы шешуші рөл атқарды. 1990 жылғы 25 қазандағы Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы мемлекеттік билік органдарының құрылымы мен құзыретінің дербестігін айқындап, Кеңестік Одақ аясында даралана бастаған мемлекеттіліктің жаңа көрінісін анықтады.

Сол кезде қабылданған жаңа заңдар, ескі заңнамаларға жасалған түзетулер мен қосымшалар жаңа уақыттың талабына сай ел экономикасын, әлеуметтік, мәдени саланы дербестік саясатына икемдеді. 1991 жылы 1 желтоқсанда алғашқы тікелей президенттік сайлау өтті. Халықтың еркімен Н.Ә.Назарбаев саясатты айқындау және оны барлық қазақстандықтардың атынан жүргізу құқығына ие болды.

Ал 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы Отанымызды тәуелсіз, ешкімге бодан, одақтас емес, дербес ел екенін, оның ғасырлар бойы аңсаған бостандық күні туғанын әлемге паш еткен тарихи ұлық құжат болды. Конституциялық заң Қазақстан Республикасын халықаралық тану процесіне бастау болды.

Бұл заң конституциялық басқару құрылымдарын, мемлекеттік аппаратты, адам еркіндігі мен бостандықтарын қалыптастыру алаңында тұғырлы негіз болды. Ол тарихи құжатта Елбасының қолтаңбасы мен құқықтық идеясы жарқын көрініс тапты.

Республикамыздың алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Онда еліміздің дербестігі, билік формасы бұрынғы өктем жүйеден жаңа демократтық либералды құндылыққа бағыт алған концепцияға негізделгені алғаш рет айшықталды. Дей тұрғанмен, бұл Конституция өтпелі кезеңде сана мен менталитеттің ауысуын нормалық мәмілеге келтіруге бағытталған, тәуелсіз елдің заңдарымен қоса КСРО-ның кейбір нормативтік заңнамалары тең қолданылады деген дуализм мен конформизмге тәуелді құжат болды. Норма бәсекелестігі, әсіресе нарықтық қатынастарда, құқық қолдану және сот тәжірибесінде қоғамдық қатынастарды күрделі механизмнің реттелу санаттарында ерекше білінді.

Елбасы республиканың құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесуде реформа жасау үшін елдегі қылмыстың деңгейіне алаңдаушылығын білдіріп, қоғамдық тәртіпті қалыптастыру маңыздылығын, сот жүйесін реформалау, оның мәртебесін жаңаша реттеу туралы ойларын баса айтып,

барлығын озық әлем тәжірибесі аясында оңтайландыру керек екенін жиі қозғап жүрді. Уақыт адам өмірінен оза қимылдаған сол тоқсаныншы жылдар қоғамнан нарықтық қатынасқа бейімделу, демократиялық, зайырлылық құндылықтарды қалыптастыру сияқты тың бағыттарды талап етті. Мемлекеттің дамуын жаңаша модернизациялау, өзгемен терезесін теңестіру стратегиясы жаңа Конституция, өзгеше құрылым моделі керектігін қажетсінді.

Тұңғыш Президенттің бастамашылдығымен, 1995 жылы 30 тамызда бүкіл-халықтық референдумда қолданыстағы Конституция қабылданды. Оны мақұлдаған халық, ұсынған Елбасы болатын. Конституция мемлекетіміздің басты институционалдық негіздерін орнықтыратын халық пен биліктің негізгі шарты, келісім құжаты, ұлттық идеология маңызына ие болды. Конституцияның жобасы бойынша жұмыс барысында Тұңғыш Президент іс жүзінде жиырмадан астам шетелдік конституцияны өзі зерделеп, пысықтағаны туралы бұған дейін де көп айтылды. Ол мысалды одан әрі тереңдетпей-ақ, осымен қанағаттанайық.

Жаңа Конституцияда мемлекет формасы қандай болмақ? Басқару тетіктері қалай реттеледі? Адамның және азаматтың табиғи және позитивтік құқықтары қандай деңгейде бекиді, еркіндік пен бостандық қалай баян етіледі, оның кепілі кім? Меншік формасы, оның құндылық есебінде бекуі, сот жүйесі, конституциялық бақылау институты, жергілікті аумақтық басқару тәсілі, биліктің тұтастығы мен оны тежеу салмақтылығы қалай болуы керек деген концептуалды мәселелер түбегейлі анықталып, нормативтік сипатын алды.

Бүгінгі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы – Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың мемлекетшілдік идеясының құқықтық позициясының жүзеге асқан көрінісі. Конституция әлемдік озық тәжірибеге сүйенген, халқымыздың дәстүр әдетіне иек артқан, интеллектуалдық қуатына бейімделген жаңа үдемелі өркениеттік құндылықтарға жетелейтін бағдарлы құжат болды. Елбасы оның нормаларын жетік білумен қатар, жатқа айтып отыратыны оның әр бабы өз жүрегінен, толғанысынан туғанынан деп ойлаймын.

Жаңа Конституция қабылданған алғашқы жылы құқықтық база жоққа тән, Жоғарғы Кеңес өз жұмысын тоқтатқан, ал жаңа Парламент әлі сайланбаған бір вакуумды уақыт болды. Сол кезде Елбасы әлемде сирек кездесетін ерекше құқықбастамашылық прецедентке барды. Заң қабылдау функциясын өз қолына алып, Президент үш айда жүзден аса заңдық күші бар жарлық қабылдады. Ағын судың тежеуін ашқандай экономиканы реформалауға құқықтық мүмкіндік берген осы жарлықтар КСРО-дан қалған көтерілуі қиын жоспарлы экономиканы, социалистік шаруашылық құрылымдарын өзгертуге, Конституция бекіткен басқару институттарын қалыптастыруға теңдессіз үлес қосты.

Жаңа Конституцияға сәйкес тың мемлекеттік құрылым институттары жасақталды. Мемлекет әлеуметтегі келіспеушілікті, дау-дамай, шиеленісті шешу функциясын сотсыз атқара алмайтыны белгілі. Конституция жаңа сот билігі жүйесінің моделін ұсынды. Арбитраждық соттардың функцияларын жалпы юрисдикциядағы соттарға бере отырып, оларды тарату арқылы сот жүйесінің

бірлігі бекітілді. Жергілікті соттардың судьяларын ел Президентінің тағайындауы және Жоғарғы Сот судьяларын Парламент Сенатының сайлауы тәртібі енгізілді. Судьяларды іріктеу және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі орган ретінде Жоғары Сот Кеңесі мен Біліктілік әділет алқасын құру көзделді, судьялардың мәртебесі мен адамның құқығын және бостандығын қорғау жүйесіндегі рөлін нығайта отырып, оларға тиіспеушілік кепілдігі күшейтілді.

Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңа Конституция негізінде жаңа сот жүйесінің іргесі қаланып, оның қызметінің қағидатты мәселелері реттелді.

Білімі бойынша заң саласының маманы емес адамның конституциялық, құқық қорғау тақырыбы бойынша түсініктерінің соншалықты молдығына, конституциялық материяны терең меңгергеніне әрқашан таңданатынмын. Ол адамның құқықтары мен бостандықтары, қатынастардың экономикалық негіздері, азаматтық қоғам, саяси көзқарастар түрінде толық суретте кешенді көреді. Өзінің осы ұстанымын мамандардың назарына жеткізе алады және оппоненттермен өткір пікірталастарда қорғай алады.

Тұңғыш Президент конституциялық құқықтық саясатты жіті меңгере отырып, оны жүзеге асыру процесінде әрқашан Конституцияда көрсетілген Заң үстемдігіне ерекше көңіл бөледі. Өзінің сол сенімін жеке үлгісімен дәлелдеп отырады.

Елбасы Республиканы басқаруды күрделі өтпелі кезеңде өз қолына алды. Экономикалық дағдарыс, қоғамның белгілі бір бөлігінің құндылықты бағдарларды жоғалтуы, қылмыстың өсуі, сыбайлас жемқорлық жаңа қоғамдық-экономикалық формацияның базалық негіздерін, оған барабар нарықтық институттарды құруға байланысты түбегейлі шараларды жүргізуге кедергі жасады. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға ерекше көңіл бөлінді. Шетелдердің оң тәжірибесін ескере отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алуға баса назар аудара отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа саясат жасалды. Елбасы өзі басқарған Штаб жұмысының нәтижесінде елдегі қылмыстандыру процесі тежелді, қоғамды қылмыстық сипаттан арылтуға мүмкіндік ашты. Сол жылдардан бастап елдегі қылмыс саны жылдан-жылға азая түсті. Пенитенциарлық жүйе реформаланды.

Халықаралық масштабта конституцияны дамып отыратын құқықтық материя ретіндегі қабылдау туралы тезис жалпы танылған. Ол «тірі конституция» деп аталатын тұжырымдаманың негізінде қаланған. Ата заңды одан әрі жетілдіру оған түзетулер енгізу жолымен, сондай-ақ конституциялық бақылау органдарының шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Дамудың жоғары қарқыны, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, жаһандану, экономикада, әлеуметтік салада трансформациялауға әкеп соғатын қазіргі заманғы сын-қатерлер және басқа да факторлар бірқатар мемлекеттерде конституциялық реформалар жүргізуге түрткі болды.

Конституция мен қоғамдық және мемлекеттік даму қажеттіліктерінің арасында алшақтыққа жол беруге болмайтыны біздің ел үшін де анық болды.

Осы мақсатта Мемлекет басшысы өз кезегінде демократиялық реформаларға негіз болып, жылдам өсу үшін жағдай жасайтын өзгерістер енгізуге бастамашылық жасады.

Өткен жиырма бес жыл ішінде конституциялық реформалар жүргізу жөніндегі процестің президенттік форматы пысықталды және бекітілді. Бұл процестер кезінде де Елбасы қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігімен ерекшеленді. Оның негізін Ата заңды барынша сақтау, оның тұрақтылығы мен серпінділігін қамтамасыз ету құрайды. Конституцияны өзгертуге тек ерекше қажет болған жағдайда, елеулі дәлелдеме болған кезде, күтілетін салдарлар мен ықтимал тәуекелдер түсіндірілгенде ғана жол берілді.

Қазақстанда өткен Конституциялық реформалардың әрқайсысы қоғамның эволюциясымен тікелей байланысты. Ата заң уақыттың болмысын ескере отырып, 1998, 2007 және 2017 жылдары жүргізілген конституциялық реформалар барысында түзетулерге, сондай-ақ 2011 және 2019 жылдары ішінара түзетулерге ұшырады. Әрбір Конституциялық реформа қоғамды одан әрі дамытуға ықпал жасап, адам құқықтары саласын жоғары стандарттарға жақындата түсті.

Конституциялық материяны толығымен біле отырып, Елбасы Конституцияның басты құндылықтарын, идеялары мен ережелерін айқындайтын тұжырымдамалық құрылымдарды қалыптастыруға шешуші әсеретті.

Конституцияға өзгерістер енгізуде қалыптасқан Президенттік формат осы процесте саясатты құқыққа араластырмаудың және болашақта сапалы конституциялық құқыққолдануды қамтамасыз етудің кепілі болды. Тұңғыш Президент конституциялық процестің соңғы кезеңінде саясатты екінші кезекке ысырып, заң жобасын заңгер-мамандар дайындағанын қатаң қадағалап отырды.

Конституциялық реформалар міндетті түрде терең және ауқымды халық сараптамасын жүргізуді, қазақстандықтардың көпшілігінің конституциялық процеске қатысуын қамтиды. Бұл процесс сондай-ақ әрдайым шетелдік ғалымдардың және халықаралық ұйымдардың пікірлерімен санасуды қажет етеді.

Мысалы, 2017 жылы өткізілген Конституциялық реформаның жобасы туралы конституция саласындағы танымал мамандарды біріктіретін аса беделді орган – Венециялық комиссия Қазақстанның конституциялық эволюциясы жөнінде өте жоғары баға берді.

Қазақстандық конституционализм құрылысының барлық бөліктерін бір-бірімен үйлестіру, мазмұны, кезектілігі, құралдары мен орындаушыларын анықтау Тұңғыш Президент жасаған мемлекеттік жоспарлаудың бірегей жүйесі арқылы мүмкін болды. Оның негізін Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулар, стратегиялар, тұжырымдамалар және басқалар құрайды.

Конституцияға негізделген Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді дамуының екі стратегиясы: «Қазақстан-2050» стратегиясы және іске асырылған «Қазақстан-2030» стратегиясы өздерінің ең жоғары әдіснамалық, саяси, дүниетанымдық, идеялық және патриоттық мазмұндылығымен ерекшеленеді.

Олардың арқасында әртүрлі тарихи кезеңдерде мемлекет пен қоғамның эволюциясындағы сабақтастық сақталды.

2015 жылы наурызда республика Президенті ұсынған бес институционалдық реформа бойынша да қоғамдық және құқықтық топтар арасында тығыз өзара іс-қимыл орнатылды. Конституцияның кепілі ретінде Президент Конституциялық Кеңестің ресурстарын пайдалану жөніндегі өкілеттіктерге ие. Ол өзінің осындай Конституциялық құқығын үнемі іске асырып отырды.

Н.Ә.Назарбаев елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпаратты тыңдап, кеңес төрағасымен және мүшелерімен кездесіп отырды, Негізгі заңның ережелері мен нормаларын насихаттау және түсіндіру мәселелерін әрқашан өз назарында ұстады.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев өзінің әрқашан бұлжытпай басшылыққа алып келе жатқан Негізгі заңға адалдығын, конституциялық заңдылықты бәрінен жоғары қоятынын өткен жылдың 19 наурызында тағы бір растап берді. Мемлекетіміздің осы аса маңызды тарихи сәтінде жасаған үндеуінде Елбасы өз еркімен жоғарғы биліктен кететінін жариялап, Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы ретіндегі алдағы міндетім – басшылардың жаңа буынының билікке келуін қамтамасыз ету, деген еді.

Бұл – ұлы саясаткердің парасатты қадамы, елін, жерін сүйген біртуар тұлғаның нағыз ерлігі, мемлекеттің қамын ойлаған үлкен тереңдіктің айқын көрінісі. Президенттік билікті өз еркімен және бейбіт жағдайда беру әлемдік тәжірибеде өте сирек, тіпті жоқ деуге болады. Салиқалы халқымыздың сабырымен, биліктің сайлану салтымен өткен жоғарғы биліктің байсалды ауысуы халықтың қолдауын тауып, халықаралық қоғамдастықта жоғары бағаланды.

Тұңғыш Президенттің таңбалы шешімін жүзеге асыру толығымен Ата заңның талаптарына негізделді. Оны жария етпес бұрын Елбасы Конституциялық Кеңеске жүгініп, президенттік өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату негіздерін нақтылап беруді сұрады. Кейіннен Кеңестің қаулысын басшылыққа алып, өзінің құқығын іске асырды. Осылайша, іс басындағы Мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатар алдында, ол өзінің Конституциялық принциптерге тәуелді екенін тағы да көрсетті. Заңгер ретінде біз бәріміз бұл ұстанымның мәнін басқалардан терең түсінеміз.

Өткен бір жарым жылға жуық уақыт Елбасының мемлекет пен халық мүддесі үшін жасаған теңдессіз қадамының дұрыстығын көрсетті. Конституциялық заңнамада қарастырылған Тұңғыш Президент пен республика Президентінің қызметтері бір-бірін толықтырып, еліміздің алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге қызмет етуде.

Тұңғыш Президенттің тарихи миссиясын талдау кезінде атақты ғалым Джон Шаардың: «Болашақ қайда бара жатқанымызбен емес, біз не жасайтынымызбен танылады. Жолды іздеу емес, салу керек. Құрылыс процесінің өзі жаратушыны да, сол сияқты оның тағдырын да өзгертеді», деген сөздері тура біздің Тұңғыш Президентке айтылған сияқты көрінеді. Бұл пікірдің мәні егеменді Қазақстанның болашағын нөлден қалыптастырған Елбасының жасампаз қызметінен анық көрініс тауып отыр.

Өткен жылы Еуразия елдерінің парламенттері спикерлерінің IV кеңесінде Нұрсұлтан Әбішұлы: «Еліміздің Тұңғыш Президенті ретінде мен отыз жылға жуық мемлекет құрып, Қазақстан Республикасы деп аталатын елді басқару құрметіне ие болдым. Халық сонша жылдар бойы маған басқаруға, елді белгісіз жолмен жүргізуге сенім білдірді. Көп уақыт басқара отырып, мен өкілеттіктерді тоқтату туралы шешім қабылдадым, арнайы қабылданған заң күшімен Елбасы мен Тұңғыш Президент өкілеттігіне ие болдым және оларды әлі де орындаймын», деп айтқан болатын.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде халқымыздың бірлігін сақтау, тәуелсіздігіміздің туын жықпау жолында үлкен жұмыс күтіп тұр. Бұл бағытта Елбасы әлі де шешуші рөл атқаратын болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайрат МӘМИ «Елбасы – ерен тұлға» мақаласы рсетілді
2. Дерек көзі: <http://personal.akorda.kz>
3. Материалды ҚР БҒМ мемлекет тарихи Институты ұсынған.
4. Материалды көшіріп жариялау үшін редакцияның немесе автордың жазбаша, ауызша рұқсаты қажет және «Әдебиет порталына» гиперсілтеме берілуі тиіс. Авторлық құқық сақталмаған жағдайда ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңымен қорғалады. Эл. пошта: [Adebiportal@gmail.com](mailto:Adebiportal@gmail.com) 8 (7172) 79 82 06 (ішкі – 112) © [adebiportal.kz](http://adebiportal.kz)
5. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20996>

**Айдарханов Т.М.**

Шүлбі мектеп кешенінің тарих пәні мұғалімі.

**Жанғалиев У.К., аға оқытушы**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

1918 жылдың маусым айында Орталық Алашорда комитеті атынан бірнеше қаулылар қабылданды. Қаулылар Алаш автономиясының негізінде Кеңестік билік күші жойылғандығы туралы, Алаш автономиясы жерінде земстваны қайта енгізу, Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі әскери жасақтарды құру туралы, Алашорданың Облыстық және уездік комиттетерін құру және осы комиттердің қызмет аясы туралы, демократиялық бостандықтар туралы, жерге иелік ету туралы, мемлекеттік салық туралы, қазақ соты мен тергеу комиссиялары туралы болып келді. Бір сөзбен айтқанда кең ауқымда мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі түзілді және оған қатысты, тиісті нұсқаулар берілді. Осы құжаттарға Алашорда төрағасы ретінде, мүшелер ретінде Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев және Х.Ғаббасовтар қол қойған. Сөйтіп, Алашорда Алаш автономиясының іс-жүзіндегі саяси өмірінің бастапқы көріністерін құжаттар негіздеп берді.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ресейлік саяси күштердің билік жолындағы саяси күресінің біртіндеп соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта іске асырылды және ұзағырақ мерзімге созылды. Оны Семейдегі Алашорда әскерінің құрылу тарихынан анық байқаймыз. Семей облысындағы Алашорда әскері алғашқы отрядтары 1918 жылдың қаңтар мен мамыр айлары аралығында жасақтала бастайды [1].

Көрнекті Алаш қайраткері Б.Сәрсенев поручик Давыдов-Зубаревтің басшылығымен Семей қаласында құрылған эсерлердің әскери ұйымына мүше болып енген. Поручик Давыдов-Зубарев Семей қаласына Барнаулдағы облыстық штабтан келгендегі мақсаты, ол жергілікті Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру болды. Алашорда басшылары ортақ жауға қарсы күрес үшін деп поручик Давыдов-Зубаревке Б.Сәрсенев арқылы 29000 сом ақша бергізген. Тікелей көтеріліске Алашорда атынан 100 адамдық атты әскер қатысқан [2],

Семейдегі Алашорданың әскери санаттағы халықтық милиция жасағын құрудағы Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханов, үкімет мүшелері М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, А.Тұрлыбаев, Б.Сәрсенев, Семей уездік земстволық басқарма төрағасы А.Қозбағаровтың қызметтері ерекше болды.

Тарихи деректерге қарағанда, Семей облысында Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының Заречная слободка деген бөлігіне 1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. Заречная слободка Семей жұртшылығы арасында Алаш қаласы атауымен 1917 жылдың желтоқсан айынан бастап белгілі бола бастаған.

Саяси оқиғалар шиленіскен 1918 жылдың басында Семейде ұлттық әскер құру ісі қарқынды жүре бастады.

Міне сол Алаш қаласы маңындағы қырда I Алаш атты әскер полкының жасақталу тарихы басталады [3]. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа ұшуы болды. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-инструкторлары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [4], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-инструкторларымен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды [5]. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Уақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.



Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіреуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Ұақтша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады.

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [6] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Ұлттық әскер құру жолында Алаш қайраткерлерінің Ұақытша Сібір үкіметімен арадағы жазысқан іс-қағаздары мен кеңсе құжаттарынан екі тараптың да талап-мүдделерін аңғару қиын емес. Томск мұрағат қорларындағы құжаттарда Алаш әскерін құрудағы талпыныстар төмендегідей сипат алады.

Алашорда өкіметінің Әскери бөлімі 1918 жылдың 26 шілдесінде Әскери Министрлік басқармасына жолдаған № 235 жазбасында былай деп жазылған: «Алашорда өкіметі Ұақытша Сібір өкіметімен большевиктермен күресеміз және елді Құрылтай Жиналысына дейін жеткізеді деп шешті. «Алашорда» өкіметі өз армиясын құру туралы қаулы қабылдады; қару-жарағы, Армияны ұстайтын айтарлықтай қаражаты жоқ. «Алашорда» өкіметі Ұақытша Сібір өкіметінен қазақ армиясын инструкторлармен, қару-жарақпен, және азық-түліктің барлық түрімен қамтамасыз етуді сұрайды.

«Алашорда» өкіметі қазақ армиясын құру туралы мәселе көтергенде 4-Атты Корпусты және бір жекелей дивизияны құрамыз деген шешімге келді.

Қырғыз армиясы төмендегі шарт бойынша құрылады:

- 1) Командалық құраманы тағайындағанда сайлау бастамасына жол берілмейді.
- 2) Басқару лауазымына тағайындалғанда шені, жасы, ұлты есепке алынбайды, тек білімі мен тәжірибесі есептеледі.
- 3) Басқару лауазымына тағайындауды Қырғыз Әскери Штабы жүзеге асырады.
- 4) Әскерде қандай да бір құрамалық не шаруашылық Комитеттің болуына жол берілмейді.
- 5) Армияның негізі басшының еркіне сөзсіз бағыну түрінде бейнеленетін қатаң тәртіп болып табылады.
- 6) Қазақ Армиясы қандай жағдай болмасын өз Штабына тікелей бағынады, алайда Ұақытша Сібір өкіметі әскерімен бірлескен іс-қимыл барысында ұлтына қарамай Жоғары Штабқа бағынады», - деп жазылып, Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышевтың қолы қойылған [7].

Жоғарыда аталған Алашорданың ұсыныстарын 29 шілде және 3 тамыз аралығында 4 күн бойы талқылаған Ұақытша Сібір үкіметі ұлттық әскер құру мәселесіне қатысты Алашорда қазақ халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалуы, оған түтін салығы және қазына қажеттілігіне салық жинауға,

сондай-ақ ұлттық сот құруға құқы мақұлданып, ұлттық әскер жасақтау турасында келесі талаптары сақталды:

1. Қазақ әскери құрылымдары Сібір армиясымен бірге Алаш территориясын қорғайды, сондай-ақ Сібір армиясы қоятын шарттарды орындайды.

2. Алашорда тарапынан әскерге алу Ұақытша Сібір үкіметі Әскери Министрлігінің келісімі арқылы жүзеге асырылады, әскер қатарына шақырылатындар саны Ұақытша Сібір Үкіметі тарапынан бөлінетін қаржылай және материалдық көмекке байланысты.

3. Ұлттық әскер құру территориялық негізде құрылады.

4. Біртұтас федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының ережелері бойынша басқарылады, алайда жергілікті территориялық ерекшеліктер де есепке алынады.

5. Федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының бөлінбес бөлігі саналады.

6. Әскери іс-қимылдар уақытында Қазақ әскері Сібір армиясының басшылығына бағынады.

7. Қазақ әскері Алашорда үкіметінің қолдауымен және Сібір үкіметінің көмегі арқылы қару-жарақ, киім, азық-түлікпен және әскери инструктормен қамтамасыз етіледі.

8. Сондай-ақ Қазақ әскерінің басшысы мен бөлімше командирлері Сібір армиясы тарапынан Алашорда үкіметінің келісімімен тағайындалады [8].

Атты артиллерия дивизиясын құру қажеттігі мына мақсатқа байланысты:

1) артиллерияның жеке құрамын оқытудың күрделілігі, қарудың басқа түріне қарағанда оқытуға уақыт көп кетеді; 2) қарсыластар жаулап алған жағдайда қазақ полктерінде қаруды игеретін мамандардың болуы; 3) одан әрі құрылу үшін оқытылған адамдардан қажетті кадрлардың болуы.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін осы дивизияны құру туралы армия бойынша бұйрыққа енгізуіңізді өтінемін. Сол кезде Семей қаласында құрамында 28 офицер және жаттығуды бастаған 750 атты жігіттері бар бірінші Алаш Атты Полкі құрылды.

Алашорда әскері құрамына шақырылуға тиіс 30 адамды кейбір болыстар жібермеген. Мәселен, Айғыржал болысынан даярланған 30 жігіт қосымша шақыруды 1919 жылдың ақпан айына дейін күткен. Олар кейін саяси жағдайға байланысты әскер қатарына шақырудан мүлдем босатылады. Бесқарағай, Кеңтүбек, Сейтен, Свободный, Малыбай, Қайыңды болыстарынан да әскер қатарына ешқандай жігіт алынбаған. Бұлардың түрлі себептері болды. Бесқарағай, Кеңтүбек және Малыбай болыстары тиф ауруының таралуына байланысты әскерге алынатын жігіттерді кейінірек шақыру ұйғарылған. Сейтен және Свободный болысының халқы әскерге жігіттер беруге қарсы болған. Қайыңды болысына қатысты нақтылы дерек жоқ.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2008. – 480 с.
3. Аманжолова Д.А. Казахстанский автономизм и Россия. М., 1994. – 224 б.
4. Е. Сайлаубай. Алашорда әскері. // Абай журналы. 2000. №1, 11-18 б.
5. К. Илиясова. Алаш әскері. // Қазақ тарихы. 1997. №6, 58-62 б.
6. Б. Әбдіғалиұлы. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. 2017. №1, 14-54 б.
7. Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – с. 610.
8. Шулдяков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., 1-том. – М., 2004.

**Anissimova I.Y.**

Phd student, senior teacher,  
Educational institution "Alikhan Bokeikhan University",  
Semey, Kazakhstan

## **HISTORICAL SCIENCE OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT**

30 years ago, Kazakhstan gained Independence and became a Sovereign state. By the standards of history, thirty years is a short time. However, in this short period of time, the Republic of Kazakhstan has come a long way and managed to become a prosperous, dynamically developing country, known on the world stage.

After Kazakhstan gained independence, the young state faced difficult tasks of formalizing the foundations of statehood in the field of politics, economics, and culture. Transformations in society have led to the desire of Kazakh historians to rethink their history. Academician Kozybayev M.K., assessing the tasks facing the historical science of the 90s, writes: "The task of academic humanitarian knowledge is to educate a more voluminous, going beyond the narrow-national vision of history, to break the bipolar interpretation of the world, to join the global treasury of historical knowledge" [1, p.13].

Historical science in this period goes beyond the academic framework and works on the formation of new worldview positions in difficult conditions of a spiritual vacuum filled with religious fanaticism or unrealized and poorly controlled energy of national consciousness. Addressing professional historians, M.K. Kozybayev urges them to "build such a system of views about their past, which could determine the landmarks of Kazakhstan's location in the current world order as closely as possible." [1, p.26]

The collapse of the USSR and the formation of the Republic of Kazakhstan gave impetus to the development of the historical science of Kazakhstan in a new independent historiographical space. In these conditions, the demand for historical

science by society is increasing. Over the next three decades, this interest only intensified. According to the Doctor of Historical Sciences Abil, it was "an objective process caused by the search for national identity in the conditions of the formation of a sovereign state, the rise of ethnic consciousness" [2, p.26].

Changes in society have led to changes in historical science. At that time, Kazakh historians had to solve many difficult tasks. The historical science of independent Kazakhstan inherited a lot of unresolved methodological problems from the Soviet past: schematization of the original history of the Kazakh people, silencing the tragic pages of the Kazakh people, underestimation of the richest cultural heritage. The people of Kazakhstan were deprived of the opportunity to know what place they occupy in the history and culture of Europe and Asia, the opportunity to learn their historical roots.

The need to form a new historical consciousness has led to the demand for national history. According to academician Kozybayev M.K., this was explained: firstly, by the need to comprehend the history of the people; secondly, by the interests of the formation of national consciousness; thirdly, by the need to create a theoretical concept of an independent state; fourthly, by the needs of spiritual revival, strengthening interethnic harmony and consolidation of the peoples of Kazakhstan for the approval of new thinking and ideology [1, p.4].

A huge layer of Kazakhstan's history, previously not in demand, was raised and mastered by Kazakh historians. The restoration of an objective picture of the past became at that time the main factor in the formation of national unity, strengthening sovereignty, education of citizenship and patriotism.

Kazakhstan's historical science has passed a long way of formation and development during the years of independence of Kazakhstan. The famous Kazakh historian, Doctor of Historical Sciences, Professor, academician S. F. Mazhitov in the monograph "Historical science of Kazakhstan: current state and development trends" highlights the main priority areas of Kazakh historical science: problems of ethnogenesis of the Kazakh people; modern history in the context of the national idea; theoretical, methodological and conceptual foundations of the modern history of Kazakhstan. [3, p.24].

Assessing the results of the work of Kazakh historiography, he notes that it is on the way to serious analytical research and is currently accumulating "field material". In his opinion, "In history, as in any other fundamental research orientation, there is a period when the accumulation of factual material inevitably gives way to a stage of its scientific understanding and generalization. This is a time of active self-knowledge, redefinition of the subject, change of goals and methods, categorical and conceptual apparatus" [3, p.18].

So, what changes have taken place in Kazakhstan's historical science over the past decades?

Doctor of Historical Sciences Orazbayeva A. in the article "The current state of the historical science of Kazakhstan" identifies four areas of such changes: firstly, Kazakh historical science has become an integral part of world historical science, has moved from the academic framework to the rank of science of strategic importance;

secondly, the emergence of whole generations of historians-researchers, free to choose methods and research topics, freed from the pressure of ideology and dogmas; thirdly, the opening of previously inaccessible foreign archival funds thanks to the "Cultural Heritage" program, that is, the systematization of a huge layer of the heritage of world scientific thought was carried out and the transition to the stage of analysis and synthesis, consideration of the events of national history from the point of view of modern achievements and scientific methods of cognition was carried out; fourth, the appeal to the problems of methodology, the search for tools of scientific cognition competent in revealing the diversity of patterns of history and culture of the Kazakh people; and fifth, it is necessary to reconsider the attitude to writing history textbooks, which should be accessible and attractive to perception, aimed at forming a sense of pride and patriotism among the younger generation of Kazakhstanis for the history and culture of their people [4, p.184].

One of the most important aspects of the successful development of Kazakh historical science at the present stage is the urgent need to update and further develop the theoretical and methodological foundations of history, the readiness of historical science to analyze its theoretical and cognitive problems taking into account the requirements of modern development.

Doctor of Historical Sciences Abil E.A. in the article "Theoretical problems of modern historical science of Kazakhstan" draws attention to the fact that post-Soviet historical science has long ignored the problems of considering the methodological foundations of the historical process. Despite the increase in the number of publications, the increase in the number of professional historians in a certain period, there was a decrease in the interest of historians in theoretical and methodological problems. Justifying the need to study the methodology of history, he identifies three sets of problems in this direction: the first complex concerns the fragmentation of scientific knowledge, the intellectual isolation of scientists within a narrow specialization, which, with the obvious advantages of in-depth study of the subject, contributes to the loss of connection between subjects; the second complex concerns the weak theoretical justification of source analysis in the research of Kazakh historians; the third complex is associated with the existing contradiction between the text and thought, the same terms are interpreted differently. [5, p.3]

The starting point of the development of the modern history of Kazakhstan was the country's acquisition of sovereignty and independence. During the same period, Kazakhstan's historical science began to form its new image as a science. 30-year way of historical science of Kazakhstan, understanding it as part of the social and human Sciences, its integration in the global cultural and historical context, according to the academician S. F. Mazhitov "give grounds to assert that the domestic historical science, namely the story of the people of Kazakhstan were able to retain their individual identities" [3, p. 18].

#### **References:**

1 Kozybayev M.K. Problems of methodology, historiography and source studies of the history of Kazakhstan (Selected works). Almaty: Gylym, 2006 – 272p.

2 Abil E.A. Problems and trends of modern historical knowledge in Kazakhstan. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/problemny-i-tendentsii-pdf>.

3 Historical science of Kazakhstan: current state and development trends: Monograph / S. F. Mazhitov. - Almaty: Association of Publishers and Book Distributors of Kazakhstan, 2013. - 328 p.

4 Orazbayeva A. The current state of the historical science of Kazakhstan. Retrieved from <https://dropdoc.ru/doc/601037/sovremennoe-sostoyanie-istoricheskoy-nauki-pdf>.

5 Abil E.A. Theoretical problems of modern historical science of Kazakhstan. Retrieved from <http://eduboss.ru/teoreticheskie-problemy-sovremennoj-pdf>.

**Байгапанова А.Б., тарих магистрі.**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ. (1950-1960жж)**

Қоғамның дамуында білім беру ісінің маңызы өте зор, білімнің деңгейі мен сапасы мемлекеттің даму деңгейі мен экономикасының жалпы жағдайын сипаттайды. Зерттеліп отырған кезеңде білім саласында біршама өзгерістер болады. Жоғарғы және орта білімді оқу орындарының саны көбейді, Қазақстан халқының білім деңгейі үнемі жоғарылатылып отырды. 1949 жылы жалпыға бірдей 7 жылдық міндетті білім енгізіледі. Жетіжылдық және орта мектептердің көптеп ашылуы әсіресе тың игеру жылдарында қатты жүрді. 1960 жылы Қазақстанда 1633509 бала оқитын 10292 жалпы білім беру мектептері жұмыс істеді. Сонымен қоса, 1950 жылдары Қазақстанда жұмысшы жастар үшін кешкі жалпы білім мектептері және сырттай орта мектептер ашылады.

1960 жылы техникумдар мен арнайы оқу орындарында 76 мың адам оқыды. 174 училищелер мен еңбек резервтері мектептерінде 75 мыңдай жас жұмысшылар дайындалды. 1958 жылдың өзіндегі түлектер саны 29 мың адам болып, оның 17 мыңы ауыл шаруашылық механизаторлары болды.

Шығыс Қазақстан да оқу орындарын дамытуда біршама жетістіктерге жетті. Шығыс Қазақстан облысында 1950-1951 оқу жылында 779 мектеп болатын болса, 1959-1960 оқу жылында 687 мектеп қалады. Сонымен бір мезгілде бастауыш және жетіжылдық мектептер қысқарып, есесіне орта мектептер 52-ден 97-ге көбейеді. Оқушылар мен оқытушылар саны әсіресе орта мектептерде жылдан-жылға көбейіп отырды. 1950-1960 жылдар арасында оқушылар саны 33131-ден 591115-ке көбейді [1, 3].

Семей облысындағы жағдай да Шығыс Қазақстан облысының жағдайына ұқсас болды. Бірақ Семей облысында мектептер саны аз болды. 1946 жылы Семей қаласының өзінде 25 мектеп, оның 7-еуі бастауыш, 8-і жетіжылдық, 8 – орта мектеп, 1 кемтар балалар және 1 юнг мектебі болды. Осы мектептердегі барлық оқушылардың саны 12290 болды. Соның өзінде ресми деректерге сүйенсек мектеп жасындағы 313 бала түрлі себептермен мектепке бармаған.

Қала мектептерінде оқулықтар мен дәптерлер жетіспеді. Оқу үрдісіндегі жағдай нашар болды, отынның жетіспеуі себепті балалар сырт киімдерімен отыруға мәжбүр болды. Нәтижесінде суық тиіп ауырғандар мен оқу үлгерімі төмен балалар қатары көп болды.

Мұғалімдердің жартысынан көбінің тек орта және аяқталмаған орта білімі ғана болды. 387 педагогтың ішіндегі жоғарғы білімділері - 85 адам, педагогикалық институттарды бітіргендер – 49 адам, аяқталмаған жоғарғы білімді – 31 адам, орта білімді – 157 адам және аяқталмаған орта білімді – 65 адам болды. Осылардың ішіндегі 57-і ғана, яғни 1/7 қазақ мұғалімдер болды. 1946 жылмен салыстырғанда 1950 жылдары біраз өзгерістер жүрсе де олар мардымсыз болды. Семей қаласында сол баяғысынша 25 мектеп болды. Болған өзгеріс жетіжылдық бір мектепті орта мектепке ауыстыруда ғана болды [2, 89].

1946 жылы Семей қаласында барлық деңгейдегі мектептер саны 466, оның 336-ы бастауыш, 205-і қазақ мектебі болды. Жетіжылдық мектептен 87, оның 27-і қазақ мектебі, орта мектептен 46, оның 15-і қазақ мектебі болды [3, 88].

Жалпы республикалық көрсеткіштерге қарағанда Семей қаласының мектеппен қамтамасыз етілу көрсеткіштері төмен болды.

Облыс қалаларының өзінде мектептердің жартысынан азы ғана балаларды оқытуды дұрыс ұйымдастыра алды. 1955 жылы Семей қаласында 26 мектеп болатын болса соның 12-сінің ғана ғимараты талапқа сай, бірақ сыйымдылығы жағынан талапқа сай болмады. Орындардың жетіспеуі себепті оқушылар бір орында үш баладан отыратын кездер де кездеседі. 1946-1955 жылдар аралығында қалада тек бір ғана мектеп салынады. Сондықтан 1956 жылы 4 бастауыш және 2 жетіжылдық мектеп салу жоспарланды.

Міне, көріп отырғанымыздай білімнің инфрақұрылымында біршама жетістіктер болатын болса, білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасы біршама артта қалды. Кадрларды дайындау жүйесі, әсіресе ауылдық мектептер үшін кадрлар дайындау нашар дамыды. Жалпы айтсақ республика халқының білім деңгейінің біршама жоғарылағандығын айтуымызға болады. 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы жоғарғы білімді халық саны 4,5 есе өсті, ал орта білімді халық саны 6 есеге өсті. 1939 жылы жоғарғы білімді ер адамдар саны 20850, ал әйел адамдар 6604 болса, 1959 жылы ерлер – 64689, әйел адамдар – 49269 адам болды. Орта білімді ерлер саны 5 есе, әйел адамдар 9 есе артты. Зерттеліп отырған кезең аяғында білімді ерлер мен әйелдер саны теңеседі, сонымен қоса жоғарғы білімде де көрсеткіштер теңесе түсті. Білім деңгейі ауыл халқынан гөрі қала халқының арасында жоғарырақ болды.

Мысалға, 1958-1959 оқу жылында Семей педагогикалық институтында 1172 студент оқитын физико-математикалық, тарих-филология, бастауыш сыныптар бөлімі және жаратылыстану факультеттері жұмыс істеді. Институттың 11 кафедрасында 110 мұғалім жұмыс істеді, оның 21-і ғылым кандидаттары және біреуі ғылым докторы болды. Ал қазақ мұғалімдерінің саны 27 ғана болды, соның 3-еуі ғылым кандидаттары. Институттың материалдық-техникалық базасы сол кезде нашар болмағанмен студенттердің қажеттіліктерін

толық қамтамасыз ете алмады. Институтта қоғамдық, техникалық ғылымдар кабинеттері, физика, химия, ботаника, зоология зертханалары, кітапхана, оқу залы, оқу шеберханасы, теплицасы бар тәжірибелі жер учаскесі және ауыл шаруашылық машиналарының алаңы болды. Институтта 500 студент қатысатын 17 студенттердің ғылыми ұйымдары белсенді жұмыс атқарды. Институт Семей қаласындағы мектептерге теориялық және әдістемелік көмектер көрсетіп отырды. Институт мұғалімдері мектеп мұғалімдері үшін жиналыстар ұйымдастырып, мектеп мұғалімдеріне лекция, семинар, практикумдар өткізіп, педагогикалық оқуларды өткізуді ұйымдастыруға көмектесті.

Семей облысындағы орта оқу орындарының бағыты өзгеше болды. Солардың ішінде ерекше атап өтуге болатындары Семей геологиялық барлау, автокөлік және зоотехникалық-ветеринарлық колледждері. Семей геологиялық барлау техникумынан шыққан түлектер бұрынғы КСРО-ның түпкір-түпкірдерінде жұмыс істеді. Мысалға, 1958-1959 оқу жылының түлектері Қазақстаннан сыртқары жерлерге Тәжікстанға, Магаданға, Камчаткаға, Красноярскіге жіберілді. Семей зоотехникалық-ветеринарлық техникумы студенттерді оқытумен қоса, ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізді.

Мысалы, 1959 жылы техникумның 83 мұғалімі облыс шаруашылығына қатысты 55 ғылыми тақырыптарға қатысады. Осы ғылыми тақырыптардың кейбіреулерінің нәтижесі экономикалық тиімділік әкелді. Мысалы, паразитология кафедрасының ұжымы облыстың Абай, Ақсуат аудандарындағы қозыларды емдеуде біршама жетістіктерге жетті, ол малдың азаюын біршама қысқартты. Әсіресе маңызды жетістікесі жеткен ауыл шаруашылық малдарын өсіру кафедрасы болды. Нәтижесінде олар жүнді ешкінің жаңа тұқымын алуға қол жеткізеді. Семей облысының Көкпекті ауданының колхоз, совхоздарында осы тәжірибенің арқасында жаңа тұқымды ешкі саны 12000 басқа жетті [4,129].

Міне, көріп отырғанымыздай білімнің инфрақұрылымында біршама жетістіктер болатын болса, білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасы біршама артта қалды. Кадрларды дайындау жүйесі, әсіресе ауылдық мектептер үшін кадрлар дайындау нашар дамыды. Жалпы айтсақ республика халқының білім деңгейінің біршама жоғарылағандығын айтуымызға болады. 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы жоғарғы білімді халық саны 4,5 есе өсті, ал орта білімді халық саны 6 есеге өсті. 1939 жылы жоғарғы білімді ер адамдар саны 20850, ал әйел адамдар 6604 болса, 1959 жылы ерлер – 64689, әйел адамдар – 49269 адам болды. Орта білімді ерлер саны 5 есе, әйел адамдар 9 есе артты. Зерттеліп отырған кезең аяғында білімді ерлер мен әйелдер саны теңеседі, сонымен қоса жоғарғы білімде де көрсеткіштер теңесе түседі. Білім деңгейі ауыл халқынан гөрі қала халқының арасында жоғарырақ болды.

Ауыл тұрғындарының арасында әйелдерден гөрі жоғарғы білімді ерлер басымырақ болды. Ал орта білімде айырмашылық байқалмады.

Семей облысындағы халықтың білім деңгейінің өсуі Шығыс Қазақстан облысына қарағанда жоғарырақ болды. 1939 жылы Семейде 1000 адамға шаққандағы халықтың 107-сінің білімі болса, Шығыс Қазақстанда 87-сінің



білімі болды. Яғни, Семей облысында ерлер - 113, әйелдер - 94, Шығыс Қазақстанда ерлер – 100, әйелдер - 62 болды. Оның себебі тарихи факторлармен және мәдени-білім инфрақұрылымының сапалық даму ерекшеліктеріне байланысты болды. Бұл айырмашылық әсіресе қалалық жерлерде айқын көрінді.

1939 жылы Шығыс Қазақстанда 1000 адамға шаққандағы білімді адамдар саны 154, Семей облысында 177, ал жалпы Қазақстан бойынша 194 болды. Яғни жалпы Қазақстандық орташа көрсеткіштен екі облыстың да көрсеткіштері төмен болды.

1959 жылы көрсеткіштер облыстар арасында және республика бойынша теңесе түседі. Шығыс Қазақстан облысында 491, Семей облысында 515, республика бойынша 539 болды. Шығыс Қазақстанда ерлер – 443, әйелдер арасында – 562, Семей облысында ерлер – 470, әйелдер – 574 болды. Көріп отырғанымыздай облыстар арасындағы айырмашылық көп емес, 1959 жылы тек әйелдер саны жағынан басымырақ келеді [5, 2].

Мәдениеттің мазмұны мен сапасы қоғам өмірінде маңызы зор. Бірақ, сандық өзгерістер халық мәдениетінің шынайы гуманистік мазмұнын алмастыра алмайды. Өкінішке орай соғыстан кейінгі жылдары мәдени орындардың сандық өсуі мәдениеттің шынайы мазмұнын толығымен ығыстырды.

Әлеуметтік-мәдени саланы жақсарту шаралары 1946-1959 жылдары Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында да жүргізілді. Нәтижесінде 1959 жылы кітапханалар жүйесі екі облыс бойынша 707-ге жетті, ал ондағы кітаптар саны 3192,8 мың данаға жетті. 1959 жылы жалпы Қазақстан бойынша 1951 жылмен салыстырғанда 32 бірлікке артты. 1956 жылы сонымен қоса кітапханалардың қысқаруы жүрді, бұл қысқару ұсақ кітапханаларды ірілендірі және біріктіру нәтижесінде жүрді (1955-1956 ж.ж.). Жалпы 6005 кітапхананың 707-сі Шығыс Қазақстанның үлесіне тиді. Бұған қарасақ Шығыс Қазақстанның кітапхана қоры орташа республикалық көрсеткіштен біршама жоғары болды.

Семей облысында да кітапхана жүйесі нашар дамып, тұрғындар қажеттілігін өтей алмады. Бірақ, кітапхана жұмысындағы бірқатар алға жылжуларды атап өтуге болады. Мысал, 1955 жылдың бірінші жартысының өзінде ғана Семей кітапханаларының кітап қоры 23 мыңға, ал оқырмандар саны 3000 адамға өсті. Осы кезеңде қалалық кітапханалары 125 кітап көрмесін, 58 фотомонтаж, 72 оқырмандар конференциясын ұйымдастырды [6, 2].

Кітапхана ісі ауылдардан гөрі қалаларда біршама жақсырақ ұйымдастырылды.

1960 жылы мәдениет министрлігі кітапхана жүйесінің санын 204 бірлікке жеткізуді көздеді. 1959 жылдың өзінде ғана 24 жаңа кітапхана ашылып, оның екеуі Семей қаласында орналасып қалғаны ауылдық жерлерде орналасты.

Жалпы айтқанда кітапхана ісі облыста қанағаттандырылғысыз болды деуге болмайды, сол кездегі объективті және субъективті жағдайларды ескерсек, кітапханамен қамтамасыз ету ісі көпшілік тұрғындарды қамтығандығын айта аламыз. Сол себептердің ішінде халықтың білімі мен

мәдени деңгейінің төмендігі және кітапхана қорлары мен шараларының тым идеологияланғандығы, кітап қорының сапасы.

Зерттеліп отырған кезеңде басқа мәдени орындарда да жетістіктер болды деп айтуға болады. 1946-1959 жылдардағы мәдени мекемелер жүйесі әркелкі болып, құрылымы салалана түсті. 1951 жылдан бастап клуб мекемелерінің саны жалпы Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Семей облысы бойынша да қысқара түсті. Оның себебі Қазақстанның әкімшілік құрылымындағы өзгерістерге және ауылдық жерлердегі тұрғылықты жерлердің қысқаруына байланысты болды. Шығыс Қазақстандағы клуб мекемелерінің саны 1951 жылы 802-ден 1959 жылы 734-ке қысқарды. Оны мына келесідегідей кестеге қарап байқауымызға болады. Семей облысы ауылдарындағы клуб мекемелерінің саны 6 бірлікке, ал Шығыс Қазақстан ауылдарында 90 бірлікке қысқарды.

1955 жылы Семей облысында мәдениет министрлігі жүйесіндегі клубтық мекемелер жүйесі 13 аудандық мәдениет үйінен, 55 ауыл клубтары, 27 қызыл отау, 36 оқырман үйшігі және зағип, мылқау адамдарға арналған 2 қызыл бұрыштардан тұрды. Сонымен қоса халыққа мәдени қызмет көрсету түрі де алуан түрлі болды. Олар концерттер, демалыс кештері, тақырыптық кештер, пікір-сайыстар, лекциялар болды. Мәдениет үйлерінде көркем өнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарының арасында үгіттеуші мәдени бригадалар автоклубтар мен Қызыл отаулар жұмыс істеді т.б.

Семей облысының Үржар Мәдениет үйінде бірнеше көркем өнерпаздар үйірмелері, солардың ішінде әсіресе белгілілері хор, драма, хореография және спорт үйірмелері болды. Осы үйірмелер жұмысында 89 адам қатысты. 1955 жылдың бірінші жартысында ғана көркем өнерпаздар мүшелерімен 20 концерт, 9 жастар кеші, 21 демалыс кештері, 46 би кеші қойылып, 12 лекция оқылды.

Семей облысында мал шаруашылығымен айналысушы ауылдарды мәдени шаралармен қамтамасыз ету ісі де алға тартылды. Мысалы, 1955 жылдың 6 айы ішінде Семей мәдени басқармасы концерт бригадасынан, қозғалмалы кітапханалардан, лекторлардан, кітап сөрелерінен тұратын 4 мәдени үгіт бригадасын құрады. Олар Абай, Ақсуат, Аягөз және Шұбартау аудандарына барып, 85 концерт, 60 лекция оқылып, 2 мыңға жуық кітап ұсынылды. 1959 жылы облыстың ауыл тұрғындарына ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде 220 мәдени үгіт бригадалары 1500-ден аса концерт көрсетті [7, 8].

Облыстағы автоклубтардың жұмысы жайында айтатын болсақ, Аягөздегі директор Батырақов басшылығы автоклубының жұмысын атауға болады. Бұл автоклубтың жұмыс шеңбері әркелкі болып келді. Бұл автоклуб лекциялар, концерт, киносеанстар жүргізумен айналысты. Автоклуб ішіндегі мәдени үгіт бригадасы 1959 жылы 18 концерт берді. Ақсуат ауданындағы «Қоңыртау» мекеніндегі қызыл отау қызметін де ерекше атауға болады, ол шалғай жатқан мал шаруашылығы мекеніндегі мәдени ошақтың біріне айналды. Қызыл отауға шабандардың оқып-білуі үшін республикалық және облыстық газеттер жиі түсіп тұрды. Осы жерде олар музыка тындап, шашкі, домино ойнай алды, сонымен қоса шағын өнерпаздар үйірмесі де болды.

Зерттеліп отырған кезеңде мәдени өмірдің ошағына айналған клубтық мекемелердің маңызы әсіресе ауылдық жерлерде жоғары болды. Бұл жер бірнеше километрлік жерлердегі тұрғындар үшін ақпарат орталығы болды. Осындай маңызды шараларды атқара отыра клуб мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуы жағынан нашар болды. Клуб жұмысшыларының білімі мен дайындық деңгейі де жоғары бола қоймады.

Әсіресе қиындық туғызған мәселе клуб мекемесі үшін ғимараттардың жетіспеуі болды. 1956 жылы Семей қаласында жеңіл өнеркәсіп жұмысшылары үшін 400 орындық залы бар және жұмысшылар үшін арнайы секциялар мен үйірмелер орындары бар Мәдениет сарайының жаңа ғимаратын салу шешілді.

1960 жылдардың басында Шығыс Қазақстандағы облыстарда 4 мұражай, 1962 жылдың өзінде ғана мұрағатта 80 мың адам болған. Бірақ, айта кететін тағы бір жай ол мұражайлардың барлығы өлкетанушылық сипатта болып, біртекті, стандартты болып келіп, халықтың көп назарын аудара бермеді. Жалпы алғанда Қазақстан бойынша да Шығыс Қазақстан бойынша да мұражайлар саны артпады. 1950 жылы Семейде 2 мұражай болды, ал 1959 жылы ол сан өзгерген жоқ [8, б].

Аталған мұражайлар ішіндегі ерекше атап өтетіні Семейдегі Абайдың мұражайы болды. Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы Семей қаласының мәдени өмірінде маңызды роль атқарды. Оның ерекшелігі ұлы ойшыл-ақынның өзінің құрал-жабдықтарынан тұратын бай экспозициялары. Мұрағат ісінің нәтижелілігін келесідегідей сандарға қарап байқауымызға болады. 1959 жылдың өзінде ғана мұрағатта 9842 адам болған, 106 экскурсия, 2 көрме ұйымдастырылып, 5 лекция оқылады. Мұрағат заттары Абай өмірі туралы материалдармен толыға түсті. Олардың ішінде «Некролог Абай», «Абай ұрпақтары мен туыстары», «Абай тегі» т.б. болды.

Зерттеліп отырған кезеңде Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарында радиоландыру мен телефондау ісі барлық ірі тұрғылықты жерлерде іске асырылды. Мысалға, 1950 жылы Семейде 2 телефон стансасы жұмыс істеп, 1825 абонентке қызмет көрсетті. 1959 жылы Семейдегі орталық телефон стансасы 500 нөмірге көбейді. Қаланың Затон және Сростенск бөлімдерінде қосымша стансалар құрылып 360 нөмір қосылады. Сонымен қоса Восточный поселкесінде радиоландыру мен телефондау, Мирный және Комсомол поселкелерінде радиоландыру ісі жүреді. 1956 жылдан бастап радио жүйесін жыл сайын 500 нүктеге көбейтіп отыру көзделді, бірақ бұл іс мөлшерден артық орындалып отырды [9, 128].

1959 жылы Қазақстанда 5 телеорталық жұмыс істеді. Соның ішінде Өскеменде де болды. Телевизиялық ретрансляциялық стансалар Лениногорскіде Бұқтарма СЭС-сы жанындағы Серебрянка поселкесінде болды.

Аягөз, Шардағы кинотеатрлар қайта салынды. Нәтижесінде облыстағы бір ауыл адамы жылына 10,5 рет, ал қала адамы 17,4 рет кинаға баратын болды. Зерттеліп отырған кезең киноға деген қызығушылықтың артқан уақыты болды.

Сонымен қоса бұл үрдістердің кері әсерін де атап өтуге болады. Ол ең алдымен стандарттылық, унификациялылық, яғни жалпы мәдениет элементтері кеңінен таралып, ұлттық қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшелігіне нұсқан келді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дәулетов Н. Мектептер қалай қалыптасуы тиіс. // Білім. -2002. №3. 3-5 б.
2. История городов Казахстана. Семипалатинск. Алма-Ата, «Наука». 1984. С 89
3. Қарасаев Ғ.М. Қазақстандағы алғашқы мектептер арнайы оқу орындарының ашылу тарихы // ҚазМҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2003. №3. 88-96 бб.
4. Сыдықов Ғ. Семей оқу орындары. //Егемен Қазақстан. -2003. 30-шілде. С 129
5. Нұғманбеков Р. Ұлт болашағы – кемел білімде//Дидар. 2008. 4-қараша.2 б.
6. «Семей правдасы» газеті. 1955 ж. 5-ақпан.2 бет
7. К.Кунантанева .Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990ж) Алматы 1998жыл 8 б.
8. Бутин А.М. Екпінді// 1960 1 мамыр № 85 ббет
9. История городов Казахстана. Семипалатинск (отв. ред. Елагин А.С.) Алма-Ата: Ғылым, 1984. -128 с.

**Бастамиев С.С. магистрант 1 курса, специальности 7М01602 «История»  
к.и.н Рамазанова Ф.С., ст. преподаватель Байпеисова Г.М.  
УО «Alikhan Bokeikhan University», г.Семей.**

## **СОВЕТСКАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА В СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1941-1960 ГГ. (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ)**

Современный этап развития казахстанской государственности требует осмысления отечественной, региональной истории, создания целостной национальной исторической картины, формирования нового исторического мировоззрения и мышления.

Одной из актуальных проблем современной исторической науки является исследование истории культуры, образования в региональном контексте, что позволит воссоздать объективную историческую картину и обозначить ряд научных проблем.

В данном контексте исторический анализ тенденций в истории развития образования предстает актуальной проблемой историко-культурного значения.

Современная история Казахстана XX века - это и история советского общества, история советских людей. «Жизнь поколений казахстанцев в XX столетии была наполнена своим высоким личностным смыслом, своими

радостями, победами и свершениями. И нужно с высоты сегодняшнего знания правильно оценить прошедшую эпоху»[1].

Осмысление и обобщение советского опыта в развитии системы образования в 40-50-е годы XX века, необходимость их системного анализа актуализирует и региональный контекст исследования. Следует отметить, что соотношение общесоюзной образовательной политики и ее регионального варианта дает возможность определить и показать историко-образовательное своеобразие.

Одним из регионов советского Казахстана второй половины XX столетия, где были осуществлены значительные образовательные трансформации, без осмысления и анализа которых невозможно создать целостную историческую картину, была Семипалатинская область.

Научный интерес к исследованию истории развития образовательной сферы на примере Семипалатинской области проявляется в связи с переосмыслением многих аспектов советского периода и оценки политики советского государства.

Советская политика и практика советской системы поставили идеологию, мировоззрение, культуру, сферу воспитания и образования общества под жесточайший партийный контроль. Анализ истории советского опыта образовательной политики несет в себе научно-познавательные и практические проекции. Актуальность исследования и в том, что обращение к проблеме имеет прикладное значение, применительно к задачам реформирования современной системы образовательных отношений в республике.

Сегодня, когда проблема изучения культурного наследия стала предметом государственной политики Казахстана, появилась необходимость тщательного исследования и разностороннего анализа региональной истории и культуры с целью формирования эффективной образовательной политики в стране. В связи с этим изучение истории образования и культурной жизни Казахстана, его различных регионов приобретает особую важность.

Научные исследования данной проблематики имеют различные концептуально-методологические подходы - это исследования советского периода истории, и исследования ученых историков периода независимости республики.

Исследования советских историков отличает коммунистическая система мировоззренческих и идеологических установок. Исследователи советского времени были лишены возможности объективно освещать многие исторические процессы. Но ими было введено в научный оборот значительное количество источников, богатый архивный материал. Исследования этого времени, были во многом написаны с учетом идеологической направленности советского общества, исторической науки.

Советские ученые внесли значительный вклад в исследование проблем истории развития образования республики в военные и послевоенные годы. В годы войны ЦК ВКП(б) и Советское правительство поставили перед

учеными-историками задачу начать сбор и обработку материалов по истории Великой Отечественной войны. В городах страны и республики организуются комиссии, из представителей партийных, советских органов, интеллигенции. В 1942 г. Президиум Академии наук СССР утвердил Комиссию по истории Великой Отечественной войны, в составе которой были И.И.Минц, Е.М.Ярославский, М.Е.Митин, Р.С.Землячка и другие [2]. Эта работа началась в 1943г., в основном публиковались статьи, брошюры агитационно-пропагандистского характера.

В период Великой Отечественной войны на страницах периодической печати были публикации партийных и советских работников, которые воссоздавали картину и культурной жизни Казахстана в годы войны [3]. Комиссия по сбору материалов по истории Великой Отечественной войны при ЦК КП (б) Казахстана уже в годы войны начала публиковать собранные материалы, в которых получили отражение и отдельные стороны развития культуры в годы войны. В 1943г. в учебнике по Истории Казахской ССР, состояние и развитие культуры впервые рассматривалось как объект исторического исследования.

С 50-х годов, в связи с происходящими в обществе преобразованиями, обращается внимание на более объективное изучение проблем историко-культурного наследия. В этот период вышел сборник статей «Культура Советского Казахстана» (1957), где освещались вопросы развития науки, литературы и школьного образования за 40 лет.

В 60-е годы были изданы документальные сборники "Казахстан в Великой Отечественной войне Советского Союза" (Алма-Ата,1964,1966) в двух томах. Культурная жизнь Казахстана получила освещение и в «Очерках истории Компартии Казахстана» (1963), «Истории Казахской ССР, эпоха социализма» (1963, 1967гг) , IV и V томах «Истории Казахской ССР».

Значительное место в историографии страны занимает историко-партийная тематика военного периода. Наиболее комплексно исследована деятельность Коммунистической партии Казахстана военных лет в монографиях М.К. Козыбаева. Вопросы военно-организаторской работы коммунистов республики исследованы З.Ш.Кашкенбаеым. Деятельность государственных органов республики рассмотрена и в «Истории государства и права Советского Казахстана 1941-1960 гг.», роль Советов республики в годы войны исследована С.Каймолдиным [4].

Со второй половины XX в. темой научных исследований становится деятельность Коммунистической партии Казахстана по руководству народным образованием в различные исторические периоды советского развития республики. Так, вопросы партийного руководства народным образованием в годы Великой Отечественной войны и в послевоенный период исследованы в работах М.М.Итбаева, М.А.Акимжанова. Роль государственного руководства развитием школьного образования республики отражена в работе Г.Сапаргалиева [5].

В целом, научные исследования этих лет, положили начало специальному изучению истории развития системы образования, науки и культуры Казахстана. Вопросы истории становления и развития советской культуры, системы образования в Казахстане исследованы в работах Джандильдина Н.Д., Р.Сулейменова, А.К.Канапина. Так, Джандильдин Н.Д. раскрывает достижения культурной революции в Казахстане за годы Советской власти. В работах Р.Сулейменова, А.К.Канапина обобщены процессы развития культурной революции и ее особенности в Казахстане. В работе А.К.Канапина «Культурное строительство в Казахстане» освещены вопросы развития школьного образования в 50-е годы XXв.

В работе Р.Б. Сулейменова и Х.И. Бисенова «Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. (История строительства советской культуры Казахстана.1917-1965гг)» отражены и вопросы развития школ Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Р.Б. Сулейменовым в монографии «Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане (Исторический опыт развития социалистической культуры народов, миновавших стадию капитализма)» проанализированы процессы развития школьного образования, критерии периодизации истории культурной революции в республике определены успехами культурной революции. Вопросы развития высшего образования, советской интеллигенции, опыт партийного руководства республики развитием системы высшей школы обобщены в трудах казахстанских историков К.Жаманбаева, К.Жуламанова, Ж.Карагусова, Ш.Тастанова [6].

В 50-60-е годы выходит ряд работ по проблемам подготовки учительских кадров, развития высшего педагогического образования в Казахстане. История народного образования, советских школ, подготовки учительских кадров республики была рассмотрена в трудах ученых исследователей А.И.Сембаева, Г.К. Задорожного. Так, в работе «История развития советской школы в Казахстане» А.И. Сембаев исследует ее сложный и противоречивый путь развития в 40-е годы XX в., раскрывает процессы подготовки учительских кадров, проблемы всеобуча, организацию учебной и воспитательной работы школ. Г.К.Задорожный воссоздает историю развития школы Казахстана в период с 1946 по 1970гг., исследуя этапы в развитии школьного образования, содержание образования, процессы подготовки педагогических кадров, формы обучения. Проблеме политехнизации обучения в республике в 50-е годы XX в. была посвящена работа Б.З. Акназарова «Периодизация политехнического обучения в школах Казахстана (историографический очерк)». Все эти работы раскрывают историческую картину развития советской школы в республике. Вопросы развития женского образования в республике, проблемы вовлечения в учебу девушек-казашек, особенности организации учебно-воспитательного процесса среди девушек, родителей, подготовки кадров специалистов из их числа, исследованы в работах К.Садвокасовой, К.К.Кунантаевой [7].

В переосмысление истории культуры Казахстана, значительный вклад вносят современные исторические исследования проблем образования,

культуры с позиций новых методологических подходов. Так, диссертационное исследование Л.Я. Гуревича раскрывает опыт деятельности партийно-государственного руководства республики высшей школой и наукой Казахстана в период с 1946 по 1985гг. Научное исследование А. Капаевой раскрывает политику советского государства в Казахстане в области культуры в период со второй половины 40-х по конец 80-х годов XX в. В диссертационном исследовании Р.М. Жумашева представлен историографический анализ формирования и развития народного образования, высшей школы и культуры Казахстана в 1936-1991гг. По мнению автора необходимы новые исследования истории общеобразовательной и высшей школы в годы войны, обобщающие труды по истории школ, вузов республики. Исторический анализ регионального опыта реформирования системы школьного образования Центрального Казахстана в 1930-1960 гг. представлен работой Л.И.Зуевой, З.Н.Нурлигеновой, где освещен исторический опыт школьных реформ и в годы Великой Отечественной войны, и в послевоенный период, с реализацией, которых связаны наибольшие преобразования в системе школьного обучения [8].

В отечественной историографии нет специальных научных исследований, посвященных истории развития системы образования Семипалатинской области в военные и послевоенные годы. Так, в книге Б.Я. Басина, А.С.Елагина «Семипалатинск» отмечены первые успехи в развитии Семипалатинска в первые послевоенные годы. Речь идет и о сталинской конституции, о первых выборах после войны в советские органы. Отмечается «расцвет» советской демократии, широкое участие народных масс в выборах. Состояние образования в Семипалатинской области нашли отражение в статьях К.Даукеева «Народное образование в области за годы советской власти», К.Жуманова «Первые шаги университета культуры в Семипалатинской области». Вопросы развития культуры, народного образования Семипалатинской области освещены в работах Досаева Т.Д. «Культурное строительство в Семипалатинской области в период строительства и упрочнения развитого социализма (1927-1970 гг.)» Б.К. Искакова, П.П.Топшиноева, Т.Я.Хряпова «Культурное строительство (Развитие культуры в Семипалатинской области)».

Развитие системы образования, факторы, влиявшие на ее развитие в Семипалатинской области в годы войны, рассмотрены в статьях К.Байгужина «Культурное развитие Семипалатинской области», П.Топшиноева «О состоянии перестройки школьного образования в Семипалатинской области» [9].

На страницах областной газеты «Прииртышская правда» публиковались статьи по правовым аспектам образования, проблемам всеобщего, вовлечения девушек в учебу, создании условий для учебы, об учителе - мугаллиме, о политико-воспитательной, агитационной работе учителей области [10].



Заметный вклад в изучение истории города Семипалатинска внес краевед – историк В.Н.Кашляк [11], в трудах которого представлен обширный материал по истории и культуре города Семипалатинска.

Значительные документальные сведения содержат юбилейные, информационные, энциклопедические материалы истории высших учебных заведений г. Семипалатинска. В этих материалах в основном получила отражение история образования вузов, деятельность педагогических коллективов высших учебных заведений по организации учебно-методической, научно-исследовательской деятельности, воспитания студентов, иллюстрации достижений вузов в профессиональной образовательной деятельности.

Таким образом, историографический анализ общей и специальной литературы подтверждает актуальность исследования истории развития системы образования Семипалатинской области в исследуемый период, необходимость переосмысления вопросов истории развития школ, средне-специальных и высших учебных заведений области, проблем подготовки кадров. Представленный в исследованиях документальный материал, выводы и обобщения способствуют восстановлению исторической картины сложных и внутренне противоречивых процессов развития системы образования в условиях советской политики, уяснению специфики их проявления на различных этапах развития общества.

#### Список литературы

1. Народ в потоке истории. Задачи, которые надо решать. //Mangi el, 2013.- № 09. - С.5.
2. Комиссия по истории Великой Отечественной войны. [velikaya\\_otchestvennaya\\_voyna.academic.ru](http://velikaya_otchestvennaya_voyna.academic.ru) Великая Отечественная война.
3. Бузурбаев Г. Интеллигенция Казахстана в дни Отечественной войны // Большевик Казахстана, 1941, № 10; Скворцов Н. В дни отечественной войны. А.-А. 1942. - 5 с.; Бровер И., Абдыкалыков М. Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков. Алма-Ата, 1943. <https://www.prlib.ru/item/335752>.
4. Козыбаев М.К. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны- Алма-Ата, Казгосиздат, 1964. - 363с.; «Казахстан — арсенал фронта». - Алма-Ата: Казахстан, 1970. - 473 с.; Кашкенбаев З.Ш. Военно-организаторская работа партийных организаций республик Средней Азии и Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Автореферат дис. на соиск. учен. степ. докт. ист. наук. М., 1978. - 39с.; История государства и права Советского Казахстана. Том III(1938-1958) ред. С.З. Зиманова, М.А. Биндера. – А.-А., Наука, 1965. – 432с.; Каймолдин С. Советы Казахстана в годы Великой отечественной войны. – А.-А. Казахстан, 1969.-173с.
5. Итбаев М.М. Деятельность Коммунистической партии Казахстана по руководству народным образованием в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата, 1968.-24с; Акимжанов М.А. Деятельность Коммунистической партии Казахстана по дальнейшему развитию народного образования в послевоенный период.–Алма-Ата,1969.–Автореферат дис. на соиск. учен. степ.

канд. ст. наук. - Алма-Ата, 1969. - 19 с.; Сапаргалиев Г. Советское государство в борьбе за развитие социалистической культуры в Казахстане. А.-А, 1957. – 250 с.

6. Джандильдин Н.Д. Расцвет культуры и науки в Советском Казахстане. Алма-Ата, 1956. - 76с.; Сулейменов Р.Б. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов (История строительства советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг.). – Алма-Ата, 1967-424с.; Канапин А.К. Культурное строительство в Казахстане. - Алма-Ата : Казахстан, 1964. - 367 с.; Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса ранее отсталых народов. Алма-Ата, 1967.-424с.; Сулейменов Р.Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане: Исторический опыт развития социалистической культуры народов, миновавших стадию капитализма. Алма-Ата, 1972.- 494 с.; Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане: Исторический опыт Компартии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 гг.). - Алма-Ата, 1972. - 182с.; Жуламанов К.Д. Высшая школа республик Средней Азии и Казахстана (1961-1975 гг.). - Алма-Ата, 1981.- 120с.; Тастанов Ш.Ю. Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов (на примере Казахстана). - Алма-Ата, 1975. -200с.; Его же. Казахская советская интеллигенция (проблемы становления и развития). - Алма-Ата, 1982. – 255с.; Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрем. - Алма-Ата. 1960.-142с.

7. Колмаков А.Т. Высшее педагогическое образование в Казахстане (1925-1957 гг.). – Автореферат дис. на соиск. учен. степ. канд. пед. наук. – М., 1958.-19с.; Мадин И.Б. Высшее заочное педагогическое образование в Казахстане. - Алма-Ата: Знание, 1961 - 24 с.; Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. – Алма-Ата, 1962. -367с.; Задорожный Г.К. Школы Казахстана (1946-1970 гг.) - Алма-Ата : Наука, 1975. - 246с.; Акназаров Б.З. Периодизация политехнического обучения в школах Казахстана (историографический очерк). – Алма-Ата: Мектеп, 1957. – 223 с.; Кунантаева К.К. Образование в Казахстане в годы Великой Отечественной войны//Средняя школа Казахстана.-2005.-№9.-С.4-6.; Садвокасова К. Развитие женского образования в Казахстане. -Алма-Ата: Казахстан, 1969. -135 с.; Кунантаева К.К. К вершинам знаний: (Развитие женского образования в Казахстане 1920-1977 гг.). - Алма-Ата, 1978.-136с.

8. Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана и политика тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования (1946-1985 гг.): Автореферат дис. на соиск. учен. степ. докт. ист. наук. - Алматы, 1993. - 50 с.; Капаева А.Т. Государственная политика в области культуры в Казахстане (вторая половина 40-х - конец 80-х гг. XX в.): Автореферат дис. на соиск. учен. степ. докт. ист. наук. - Алматы: 2004. –54с.; Жумашев Р.М. Историография становления и развития культуры Казахстана. 1936-1991 гг. Автореферат дисс... докт. ист. наук. – Москва, 2004. –С.37.; Зуева Л.И., Нурлигенова З.Н. Реформирование системы школьного образования Центрального Казахстана в 1930-1960 гг.: исторический анализ регионального опыта». — Караганды: Арко, 2016.-246 с.

- 9.Басин Б.Я., Елагин А.С. История городов Казахстана/ Семипалатинск. А.-А.1984. -223 с.; Даукеев К. Народное образование в области за годы советской власти // Прииртышская правда, -1957.-16 октября; Жуманов К. Первые шаги университета культуры в Семипалатинской области// Прииртышская правда, -1959.-5 августа; Досаев Т.Т. Культурное строительство в Семипалатинской области в период строительства упрочнения развитого социализма (1927-1970 гг): Автореферат дисс.. к.и.н. Алма-Ата, 1973, -35 с.; Искаков Б.К., Топшиноев П.П., Хряпов Т.Я. Культурное строительство (Развитие культуры в Семипалатинской области)//Под знаменем Октября., Семипалатинск, -1967, -С. 45-64; Байгужин К. Культурное развитие Семипалатинской области за 40 лет Советской власти //Прииртышская правда, - 1960, -20 сентября.; Топшиноев П. О состоянии перестройки школьного образования в Семипалатинской области//Прииртышская правда, -1960, -24 февраля.
- 10.Юдицкий Д.Право на образование//Прииртышская правда, -1946, -8 февраля; Оразбиби Кудияровна Махмутова//Прииртышская правда, -1947, -19января; Сексембаев Б. Слет учениц// Прииртышская правда, -1950, -14 января; Мугаллим//Прииртышская правда, -1951, -13января; Савенков Я.Агитаторы одной школы//Прииртышская правда, -1951, -17февраля; Тушкенова М. Больше внимания воспитанию девушек-казашек//Прииртышская правда, -1952, -23апреля.
- 11.Кашляк В. Н. Семипалатинские арабески. Т.1-2 - Семей, 2010. -524 с.Кашляк Н. Семипалатинск. Три века истории. - Новосибирск: 2002. - 371с.

### **Байтусов Н. М.**

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы

2 курс, 7М01602 «Тарих» мамандығы

Ғылыми жетекші: т.ғ.к, Болатова К.Б.

## **ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908 - 955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұниға "хас хажиб" - "бас уәзір" немесе "ұлы кеңесші" деген лауазым берген.

Қарахандар мемлекетінің тарихын талдап, зерттей түсу дастанның ақынның қоғамдық-әлеуметтік тарихи негізін, алғышарттарын білуге көп

көмегін тигізері анық. Ғылымда бұл жөнінде көптеген зерттеулер, болжамдар, қарама-қайшы пікірлер баршылық.

X ғасырдың орта кезінде Жетісу мен Шығыс Түркістан территориясында қалыптасқан Қарахан мемлекеті бірте-бірте ұлғайып, XI ғасырдың екінші жартысында қуатты мемлекетке айналған. Кейінірек ол Сырдария мен Амудария аралығындағы Мәуеренаһрды жаулап алған соң, бұл ел дербес екі мемлекетке Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлініп кетті. Жетісу өңірі мен шығыс Түркістан шығыс қағанат құрамына еніп, оның саяси орталығы Қара-Орда, Күз-Орда қалалары болды.

Баласағұн қаласы тарихта әлденеше күйреп, әлденеше қалпына келтірілген көне шәһар. Қарахандар елінің ең жоғарғы, мәртебелі қаған орталығы Баласағұнда орналасқан. Осы кезеңде, жаугершілік уақыттарда Баласағұн тарихи оқиғалардың нақ ортасында тұрды. XIII ғасырда Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырада «Ақыл көркі - тіл, Тілдің көркі сөз», «Кісі көркі-жүз, жүздің көркі-көз» деген. «Құтты біліктің» бір бәйіті жазылғаны тегін емес. «Құтты білік» көшірмелерінің өзі бір шеті Мысырдан, бір шеті Венадан шығуы тағы да кездейсоқтық емес. Бұл мәдени даму тынысының қарымдылығының, қызу қарым-қатынас пен өркениетті үрдістің белгісі. Баласағұн қаласының орны жөніндегі болжамдар да біршама. Мысалы, В.В.Бартольд күйреген Ақ Бешім мен Боран бекеті ме деп шамалайды. Қазақ ғалымдарының ішінен Ғ.Шәлекенов қазіргі Ақтөбедегі экспедициялық іздестіру, зерттеу жұмыстарына сүйеніп, оны Баласағұн деп дәлелдейді. Қалайда Жетісу жеріндегі қазақ даласындағы іргелі астана. Баласағұнның адамның дамуы, жеке адам басының жетілуі, өсуі тікелей тәрбиенің жетістігі, ол адам табиғатына байланысты бола отырып, оның тарихи дамуының үстінде үнемі өзгеріске ұшырайтынын анықтады [1,36]. Алдымен қаламгердің өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтер мен сол кездегі тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайларға, әдебиеттің жалпы даму сипатына тоқтала кетейік. Ежелгі Түркістанның батысы мен шығысында бірдей IX ғасырдан бастап-ақ ықпалды іргелі елдік құрған Қарахандар әулетінің билігі дәуірлеп тұрған заманнан бізге жеткен Жүсіп Хас-Хажыбтың «Құтты білік», Махмуд Қашғаридың «Түркі тілінің сөздігі», Ахмед Йүгнәкидің «Ақиқат сыйы» туындылары мен Құранның түсіндірмесі адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұралары боп отыр. Бұл классикалық шығармалар сол кездің өзінде белгілі дәрежеде әдеби-мәдени дәстүрдің көркемдік-эстетикалық танымның қалыптасқан мектебінің болғандығын меңзейді. Мұндай үрдісті, өркенді шығармалардың дүниеге келуі, жазылуы - тұтас бір шығармашылық кезеңнің, өрісті дәстүрдің мәуесі. Сол кезеңнің өзінде-ақ түрлі ірілі-ұсақты, мәнді-мәнсіз сан алуан шығарма, жазбалардың болғандығын бүгінге дейін сақталып келгендігін түрлі тізбелерден жақсы аңғаруға болады. Бір қызығы, Орта Азия мен Қазақстан жерінде жазылған шығармалар, кітаптар жөніндегі көне сипаттамаларда, библиографиялық тізбелерде «Құтты білік» дастаны мен «Түркі тілінің сөздігі» атты екі ірі еңбектің аты да аталмайды. Әлдебір елеусіз, ортақолдау авторлар жөнінде нақты деректер жиі кездеседі. Мәселен, Әбу Сейіт Сәмәдидің белгілі

«Китаб әл-энсаб» атты еңбегінде сол дәуірде белгісіз, ұсақ авторлар жөнінде жүздеген бет мағлұматтар жазылғанда, Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқаридың әлемге аян еңбектері хақында еш дерек түспеген. Аталып, түстеліп, хатталып, ен тағылған шығармаларға қарағанда «Құтты білік» пен «Түркі тілі сөздігінің» бізге тұтастай сақталып жеткені де ерекше жағдай [2,59]. Жүсіп Баласағұнның толық есімі – Жүсіп Хас Қажыб. XI ғасырдың алғашқы ширегінен бастап сол ғасырдың 70-жылдарында қазіргі Қырғызстан Республикасының Баласағұн қаласында туылған. Осыдан Жүсіп Баласағұн аталып кеткен. Бұл қала сол кездердегі Қарахан мемлекетінің бір астанасы, әкімшілік және сауда орталығы болған. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908 - 955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға "хас хажиб" - "бас уәзір" немесе "ұлы кеңесші" деген лауазым берген [3,8].

Жас ақын алғашқы білімді туған қаласында алып, одан кейін Қашғарда оқыған. Музыкант отбасында туылғандықтан күй тартып, өлең айтып, нақышты музыка сазын тұла бойына толық дарытқан. Ол – ғылымның әр түрлі салаларын – тарих, математика, астрономия, т.б. ғылымның түрлерін, араб, парсы тілдерін, игерген ғұлама ғалым. Ғұлама ойшылдың туған жылы, өмір сүрген дәуірінің хронологиясы туралы пікір, болжамдар әртүрлі. Зерттеушілер оны негізінен шығарма деректеріне, текстегі мағына, меңзеулерге сүйене отырып, есептеп шығарған. Түркияның атақты ғалымы Рәшит Рахмати Арат «Ақын атақты дастанын аяқтағанда шамамен 54 жаста болған, демек, 1015-1016 жылдары туылған» деген болжам айтады. Ал сол елдің бір әйгілі зерттеушісі А.Ділшар «Жүсіп Хас Қажыб дастанды жазуды елу жасында бастаған, сонда 1018 жылы туылған болып шығады» деп жазады. Ал дастанның кіріспесінде «Қашқарда жазып бітірдім » деген дерек бар. Соған сүйенсе керек. Дегенмен Р.Р. Арат пікіріне ден қойған жөн болар.

Жүсіптің әкесі де өнер иесі күйші сазгер екен. Ол да Қарахан мемлекетінің қожасы Боғраханға (толық аты Табғаш Боғра Қарахан Әбу-Әлі Хасан) қызмет еткен. Ел аңызының айтуы бойынша, ол Боғраханның аталарының бірі Хұсайын дегенге арнап «Дәрди Хұсайын» («Хұсайынның дерті») деген күй шығарған белгілі қобызшы болып табылады. Жүсіп осы талантты әкесінің тәлімін алып өскен. Жасынан зерделігімен көзге түсіп, сарай қожаларының көңілін аударған. Әкесі баласын қасына ертіп жүріп хан сарайында қызмет еткен. Осында жүріп Жүсіп жаратылыстану ғылымдарынан білім алды.

Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу, өлкелерін билеп тұрған Боғрахан Жүсіптен зор үмітті болып, оны баулыған. Жүсіп кезіндегі атақты деген білім ордаларында болып, көп тілдерді үйреніп, тез жетілген. Әділет

жолын іздеп аласұрған жігерлі жас әдебиет пен ғылым салаларын жете меңгерген. Жүсіп өз кезінің білімді адамы саналған. Ол жасынан оқып түркі тілдеріне қоса парсы, араб, қытай тілдерін жақсы білген. Сол кез әдебиетінен, тарихынан, астрономиясынан, геометриясынан т.б. ғылымдарынан мағлұмат алған. Білім мен өнер жолын құған Жүсіптің дүние дәулетпен ісі болмай, парасатты өмір сүрген.

Ол өзі туралы: «Барды қанағат тұтып күн кешірдім, еңбектің рахатынан түнім жарқырады. Қолым қысқа тұттым, түлік жинамадым; Бозбалалыққа көңіл бөлмедім», - дейді. Бұл- босқа айтылған сөз емес. Жүсіп өзінің саналы өмірін ізденумен өткізіп, тез қартайғанына налиды. Елу жасқа келгесін-ақ шашы ағарып, буыны босайды. «Елу жас маған қаһарын тигізді. Қара шашым аппақ болды. Отыз жыл жиғанды елу не қылар екен?». Жоғарыда келтірілген сөздерге қарағанда, Жүсіп өз дастанын елу жасқа келген шақта жазған. Ал жазу, іздену жұмысымен отыз жыл айналысқан. Бірақ ол дастанын он сегіз айда жазып шықты деп ескерткен. Хижраның 462 жылы немесе 1069 жылы аяқтаған. Сөйтіп осы шығарманы ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалымдардың есебі бойынша, Жүсіп Баласағұн өз дастанын 54 жасында жазып бітірген. 1070 жылы ол «Құтты білікті» жазып болып, сол жылы оны «хандардың ханына» тарту еткен. Бұл тарауға риза болған Бограхан ақынға ұлы Хас-Хажыб «бас кеңесшіміз» немесе «ұлы уәзір» деген жоғары атақ береді [4,120].

Жүсіп 68 жасында қайтыс болған. Ол Қашқардың оңтүстігіндегі Пайпап елді мекенінде жерленген. Жүсіп Баласағұн бүгінгі күні де маңыздылығын жоймаған жалпыадамзаттық, адамгершілік ұстанымдарды зерттеді. Біз жас ұрпақты осы ұстанымдарға сүйене отырып тәрбиелеуіміз керек.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі.**

1. Орынбеков М. Жүсіп Баласағұн және қоғамдық ой-ағым Алматы., Ана тілі. 1995. 36 б.
2. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы, "Ана тілі", 1965, 59 б.
3. Мырзахметов М. Жүсіп Баласағұни. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Қазақстан, 1994. 8 б
4. Самойлович А.Н. Қазақстанның XI–XV ғасырлардағы тарихының жаңа материалдары. -Алматы: «Рауан», 1960. 120 б.

**Байбазарова З. С.**  
Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы  
2 курс, 7M01602 «Тарих» мамандығы  
Ғылыми жетекші: т.ғ.к, Болатова Қ.Б.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ: ҒЫЛЫМИ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ**

Қазіргі заманғы әлемдік экономикада материалдық құндылықтардан гөрі зияткерлік әлеуетке көбірек назар аударылады. Ұлттың қазіргі заманғы және тиімді білім беру жүйесін қолдауға, оқыту арқылы жұмыс күшінің зияткерлік әлеуетін арттыруға қабілеттілігі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды факторға айналуда.

Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық-инновациялық сатысына аяқ басты. Бұл кезең нарықтық шарттар талаптарына ғылым жүйесін қазіргі заманғы экономикалық талаптарға қайта бағдарлануымен сипатталады, сөйтіп, тиісті нормативтік құқықтық базамен реттелетін ғылымды дамытуды құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуде түбегейлі өзгерістерге алып келуге тиіс.

Ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту экономиканың дәстүрлі секторларына тән болып табылмайтын ілеспелі фактор ретінде қарастырылмауға тиіс. Ғылым саласы - бұл да басқа секторлар үшін ортақ барлық ерекшеліктерге, ережелер мен реттеу тетіктеріне ие экономиканың бір секторы.

Қазақстан экономикасының 80%-тен астамы жеке сектордың қолында болып отырған жағдайда нарықтық талаптарға әлсіз бағдарлануды мұраланған ғылым жүйесін реттеу принциптері ескірген әрі барабар болып табылмайды.

Жаңа технологиялар мен ғылымды қажетсінетін өнімді әзірлеу мен өндіріске енгізу ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелестік басымдыққа қол жеткізу мен оны сақтаудың маңызды факторы болып отырған кезде ғылыми-техникалық әлеуетті дамытуға жеке секторды тартудың тиімсіз тетігі, ҒЗТҚЖ саласына қатысушылардың салыстырмалы түрде төмен белсенділігі Қазақстандағы барлық ғылыми-техникалық жүйенің әлсіз буыны болып қалуда [1,15].

Сонымен, мысалға алатын болсақ, экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Финляндия) өнеркәсіп кәсіпорындары ҒЗТҚЖ-ні өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру шартында жүзеге асырады және мемлекеттік шығыстардың үлесіне орта есеппен 30% келсе, өнеркәсіп кәсіпорындары ҒЗТҚЖ-ға арналған барлық ұлттық шығыстың 70%-іне дейін игереді.

Ғылымды қажетсінетін өнімдер үлесі мен ғылымға арналған шығыстар ЖӨ-нің жалпы көлемінде экономиканың білімдерге негізделген негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Өткен онжылдықтың соңында экономикасы дамыған елдердің көбінде зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындар үлесі орта есеппен алғанда ІЖӨ-нің жалпы көлемінде 3,0%-ті құрады (Швецияда - 3,8%; Финляндияда - 3,5%; Жапонияда - 3,04%; Швейцарияда - 2,73%; АҚШ-та - 2,84%; Германияда - 2,44%, бұл ретте бұл шығыстардағы мемлекеттің үлесі орта есеппен 25-34%-ті құрады) [2,43].

Экономикасы дамыған елдерде адам басына шаққанда ҒЗТКЖ-ға арналған шығындар: АҚШ-та - 892, Швецияда - 875, Финляндияда - 726, Швейцарияда - 688, Исландияда - 613, Германияда - 580, Данияда - 541, Норвегияда - 479, Францияда - 478, Ресейде - 420 АҚШ долларын құрайды. ҒЗТКЖ-мен айналысатын бір адамға жұмсалатын шығыс: АҚШ-та - 123 299, Жапонияда - 113 886, Германияда - 154 234, Ұлыбританияда - 146 422 АҚШ долларын құрайды[2,44].

Ғылымды қажетсінетін өнімдердің әлемдік нарығындағы көшбасшы елдерде ІЖӨ-нің жалпы көлеміндегі ғылымға арналған шығыстар үлесі, оның ішінде салық салу жеңілдігі, кедендік төмен баж салығы, бюджеттік қолдау көрсету, инвестицияларды ынталандыру, ғылыми жабдықтар лизингі сияқты экономикалық тетіктер қолдану жолымен қатаң бақыланады.

Әлемдік нарықтағы Ресейдің ғылымды қажетсінетін өнімдер үлесі 0,3-0,5, Еуропалық Одақ елдері - 35, АҚШ - 25, Жапония -11, Сингапур - 7, Оңтүстік Корея - 4, Қытай - 2 %-ті құрайды.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жаңа білімдері немесе шешімдері бар жаңа немесе жетілдірілген технологиялар, өнімдер, жабдықтар үлесіне ІЖӨ өсімінің 70-тен 85%-іне дейін келеді.

Қазақстандағы ғылыми-техникалық дамуға жүргізілген макро-экономикалық талдау ІЖӨ-дегі жаңа ғылыми өнім үлесінің соңғы жылдары 1,1%-тен, кәсіпорындардың ғылыми өнімдер өндіру жөніндегі белсенділігі - 2,3%-тен артпайтынын көрсетті. Бұл ғылыми-техникалық қызметтің елдің экономикалық дамуына әлі де негіз бола қоймағанын көрсетеді. Бұл ретте мемлекеттік кәсіпорындардың төмен белсенділігі кезінде (0,6%), неғұрлым жоғары белсенділік шетел қатысатын (5%) және меншіктің жекеше (3,7%) нысанындағы кәсіпорындарға тән екенін атаған жөн [3,105].

Ғылым экономиканы реформалау процесінен тыс қалды. Ол экономикалық және әлеуметтік прогрестің факторларын жандандыру және Қазақстанның дамыған елдерден артта қалуын еңсеру үшін аса қажетті ғылыми» "негіздің" дәйекті жасалуын қамтамасыз етпеді.

Проблемаларды неғұрлым егжей-тегжейлі талдау Қазақстандағы ғылымның дамуын тежейтін негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік береді.

Ғылым саласының ұйымдастырушылық құрылымында шешімдер қабылдауда, жекеше сектор ресурстары мен әлеуетін пайдалануда жүйе жоқ. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен орындалатын ғылыми зерттеулер бағдарламалары әкімшілері санының көп болуы елде жүргізілетін зерттеулерге бірыңғай әкімшілік ету мен үйлестірудің заңдық тұрғыдан бекітілген нормасын іске асыруды қиындатады.



Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы құрылымдық сәйкессіздік ҒЗТКЖ нәтижелеріне сұраныстың іс жүзінде болмауына әкеп соқтырды. Мысалы, қазақстандық ғылымның өзіндік сипаттарының бірі қаржыландырудың негізінен (71%) қолданбалы зерттеулерге жұмсалатыны, ал тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі - ТКЖ) 8%-і ғана бөліну фактісі болып табылады. Іргелі ғылымға жұмсалатын шығыстар шамамен 21 %, бұл тұтастай алғанда жалпы әлемдік орта деңгейге сәйкес келеді [4,70].

Жобалық-конструкторлық ұйымдар үлесі өте төмен: орташа алғанда 9 ғылыми ұйымға 1 ғана жобалық ұйымнан келеді. Бұл ұйымдардағы мамандар саны ҒЗТКЖ орындайтын қызметкерлердің жалпы санының шамамен 5%-ін немесе өнеркәсіптік-өндірістік кешен қызметкерлері санының 0,1%-ін құрайды.

2005 жылғы деректер бойынша ғылымның мемлекеттік сектордағы ұйымдар үлесі зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын ұйымдардың жалпы санының 38,2%-ін (390-ның 149-ын) құрады. Ғылымдағы мемлекеттік ұйымдар үлесінің өсу үрдісі 2001 жылдан бері байқалуда.

2005 жылы ғылымның мемлекеттік секторында зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын 18,9 мың адамның 10,7 мыңы жұмыс істеді, бұл олардың жалпы санының, 56,6%-ін құрады. Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің жалпы саны 2005 жылы шамамен 54%-ке қысқарды, бұл ретте жекеше секторда жұмыс істейтіндер үлесі 1,6%-ті құрайды. Шетел қатысатын кәсіпорындарда жұмыс істейтін ғалымдар саны соңғы сегіз жыл ішінде шамамен 2 есеге дейін ұлғайды.

Соңғы онжылдықта отандық ғылыми әлеуетте кадрлық құрам неғұрлым күрделі өзгерістерге ұшырады. Жоғары білікті кадрлардың ғылым саласынан кетуіне байланысты кадрлық әлеуетті қалпына келтіру жағдайы қиындады.

Мысалы, Қазақстанда зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлер саны 1991 жылмен салыстырғанда 57,6%-ке кеміді (яғни 2 еседен астам) және 2006 жылы 18,9 мың адамды құрады (қысқарудың өзіндік «шыңы» 1991-2000 жылдар аралығына келеді - 26,1 мың адам). Маман-зерттеушілер саны 60,2%-ке қысқарды және 2006 жылы 11,0 мың адамды құрады. Егер 1991-2000 жылдары Қазақстанда зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлердің барлық саны 2,8 есеге қысқарса, ғылымның мемлекеттік секторындағы қысқартулар қарқыны едәуір төмен болды.

Ел экономикасындағы өтпелі кезеңнің қорытындысы ғылыммен қамтылу құрылымының біршама өзгеруі болды. Ең көп қысқартуларға ғылыми процестерге тікелей қатысушылар - зерттеушілер (1991-2006 жылдары 56,9%-ке) мен техниктер (1997-2006 жылдары 14,1%-ке) ұшырады. Қосалқы персонал саны 68,4%-ке, шаруашылық персонал саны - 22%-ке қысқарды.

Ғылым докторларының орта жасы орташа алғанда 55-59 жасты құрайды. Оның үстіне ғалым мамандығы беделінің тұрақты түрде төмендеуі байқалуда. Қазақстанда, BISAM Central Asia 2005 жылы өткізген сауалнаманың мәліметтері бойынша, ғалым мамандығын ел тұрғындарының 4,3%-і ғана беделді деп санайды. Ал осы мезгілде АҚШ-та мамандықтарды бір ғана беделділік дәрежесі бойынша жіктеуге бағытталған зерттеудің (2004 жыл)

нәтижелері бойынша ел тұрғындарының көзқарасы тұрғысынан ең тартымдысы ғылым мамандығы болды - сауал алынғандардың 51%-і бұл мамандықты жоғары дәрежеде беделді, 25%-і - мейлінше тартымды және 20%-і - беделді деп атады.

Жалпы алғанда, 2005 жылы 50 жастан және одан жоғары жастағы ғылыми қызметкерлердің үлесі 32,9%-ке жетті, ал 1997 жылы олардың үлесі, бағалау бойынша, 29,1%-тен аспаған (60 жастан және одан жоғары жастағылар тиісінше 10,9 және 8,8 процент) еді.

Отандық жоғары оқу орындарындағы ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның саны 2005 жылы 15642 адамды, оның ішінде 2869-ы ғылым докторы және 12773-і ғылым кандидатын құрады.

Бұл ретте жоғары білім секторының ғылыми зерттеулерге қатысуының төмен болуының негізгі себебі оның негізінен білім беру функциясына қайта бағдарлануы болып табылады. Бұл жоғары білім саласын мемлекеттік қаржыландырудың қысқаруына, ақылы білім берудің басым дамуына, жеке оқу орындарының пайда болуына, осы сектордағы тұрақты өсіп отырған бәсекелестік аясында мемлекеттік жоғары оқу орындарының акционерленуіне байланысты болды.

Қазақстандағы ғылыми дәрежесі бар зерттеушілердің жалпы саны (профессорлық-оқытушылық құрамды есептемегенде) 2006 жылы 4124 адамды, ҒЗТҚЖ орындайтын ғылыми қызметкерлердің саны - 18,9 мың адамды, оның ішінде 1106 ғылым докторы мен 3018 ғылым кандидатын құрады [5,50].

Сонымен қатар, ғылыми кадрларды даярлауда келеңсіз үрдістер: ғылыми салада жұмыс істемейтін ізденушілердің диссертация қорғау үлесінің көбеюі; кадрлар даярлау жүйесінің икемділігінің жеткіліксіздігі; ғылыми-білім беру саласы қызметкерлерінің ғылым дәрежесін алғаннан кейін соған лайық материалдық қамтамасыз етілмеуінен одан әрі кәсіптік өсуге ықыласының болмауы орын алып отырғанын атаған жөн.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі.**

1. "Приоритетные направления развития образования и науки на ближайший период". К.Е.Кушербаев, министр Образования и науки РК. Из выступления на расширенном заседании Коллегии Министерства. // "Актуальные проблемы высшей школы" 2000 год. №1,4. с.15-23.
2. "Закон об образовании РК". Глава 6 (Экономика образования) Статья 43,44,45.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих тағылымдары және қазіргі заман. Алматы: Қазақстан, 1997. Тарих толқынында. Алматы; Атамұра, 1998.-105 б.
4. Өскенбаева Г. Президент және Қазақстан ғылымы. 4-Шілде, 2011 жыл. - 70 б.
5. Назарбаев Н.А. Стратегия развития Казахстана до 2030 года: Послание Президента народу Казахстана. – Алматы, 1997.-50 с.

## **ҚАЗАҚ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ МӘСЕЛЕСІ**

Б.з.б. V-IV ғасырдағы деректер бойынша, Қаңлы құлшылық мемлекетіне Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы орта ағысындағы жерлер қараған: Бұқара, Шахрисябз, Кушаниз (Қатта-Қорған төңірегі), Ташкент ауданы, Хорезм өлкесі. Қаңлы мемлекеті Үйсін мемлекетімен бірқатарда тарихи сахнаға шыққан. Үйсіндер Ферғана, Ыстықкөл, Шу, Жетісудан Шығыс Түркістан жерлеріне дейін созылып жатқан аймақта орналасқан.

М. Қашқари айтуы бойынша, Қаңлы (Қаңқа) - патшаның аты. Оның мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы патшаның атымен «қаңлы» аталған. Соған қарағанда, жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар Әмудария мен Сырдария өңірлерін мекендеп, осы құлшылық қоғамын құрған. Олардың жайылған мекендері де көп жерлерді алып жатса, тұрғындарының сандары да көп болған. Олар ертедегі орта ғасырда бөлшектеніп, өздерінің ертеден келе жатқан аттарымен аталып кетсе де, басым көпшілігі қаңлы есімін сақтап қалған. Кейін түркі халықтары бөлшектеніп шыққанда, қаңлылар олардың көпшілігінің құрамына кірген: өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, қарақалпақтар және т.б. Бірақ қаңлылардың басым көпшілігі бұрынғы Қаңлы мемлекетіне кірген жерлерде көбірек сақталған. Б.з.б. 329 жылы әйгілі Ескендір Зұлқарынай Сырдария бойына жеткен. Қаңлы мемлекетінің негізгі этникалық құрамы сақ нәсілді түрік тілдес тайпалардан тұрған. Қазіргі түрік халықтарының құрамына кірген қаңлыларда антропологиялық ерекшеліктері арасынан сары түсті, көздері көк, жақ сүйектері ойыңқылы көбірек кездеседі. Өздерін басқарған патшаның атымен аталуы түріктерде ертеден қалыптасқан дәстүр, мысалы: Оспан түріктері және т.б [1,34].

Қаңлылар ұлы күш болып, шет елдерге бас июге ешбір көнбеген. Олардың чиновниктері үйсіндердің елшілерінен кейін, Қытай елшілерін отырғызған. Тамақты әуелі өздеріне, одан кейін Шығыс көршілері Қытайға беретін болған. Қаңлы билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде б.з.б. I ғасырдың аяғында Қытай деректерінде: «Қангюй, керісінше (Үйсінмен салыстырғанда - У.Ш.) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында князьдары мен ақсақалдарына, содан соң барып наместниктің елшілеріне қонақасын тартады». Б.з.б. 47-46 жылдары (Қытай - У.Ш.) Ферғана, Қытай соғысының барысында, қаңлылардың араласуымен ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасауға жәрдемдесті. Сондықтан да өздерінің тәуелсіздігін бекем ұстап, күшті құлшылық мемлекет болған және түріктердің мәдени өркениетінің негізін салған. Аттары аталған жер атамалары Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында және Орталық Азияның көпшілік жеріне орналасқанын байқаймыз. Қазір де олардың көпшілігі ежелгі аттарымен аталады. Осы

жерлерден археологтар қаңлылардың дәуіріне жататын Жанбас-қала, Қорғанша-қала, Базар-қала, Кюнерлі-қала, Қойқырылған-қала және т.б. ескерткіштерін ашты. Бұл қалалар құлдардың күшімен салынған үлкен бекіністер. Мысалы: Қойқырылған-қала дөңгеленіп салынған, оның жалпы диаметрі - 87,5 м, тоғыз мұнарасы бар. Оның қазіргі сақталған биіктігі - 8 м. Осы дәуірдің басқа да аттары аталған антикалық қалалары көлемдері жағынан Қойқырылған-қаладан кем емес. Олар жан-жақты зерттеліп, Хорезм археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарық көрген. Осы археологиялық қазба деректерге қарағанда, қаңлылардың мәдениеті құлшылық қоғамда дамыған. Оның дамыған кезеңдері б.з.б. V-IV ғғ. тура келеді. Осы кезде, қаңлылар Ахеменидтердің қарауынан шығып, өз алдына мемлекет болып, жеке үстемдігін жалғастырды.

Б.з.б. II-I ғасырларда Қаңлы құлшылық мемлекетінің экономикасы өрлеп, жақын және қашықтағы елдермен саяси байланыстары кеңейген. Оған қараған жерлерде көптеген көне және жаңадан тұрғызылған тұрақты мекендер мен қалалар болған. Оларда қолөнер кәсібі дамып, сауда орталықтарына айналған. Тұрғындардың негізгі кәсібі қолдан суару арқылы жүргізілген диқаншылық ен жайып, үлкенді-кішілі су жүйелері салынған және олар жылма-жыл тазартылып, кеңейтіліп тұрған. Қаңлы мемлекетінің арнайы шығарылған ақшасы осы зерттелген қалалардан табылған [2, 93].

Қытай деректерінің бірі «Алғашқы хан династиясының тарихында»: «Самарқан (Қанжуй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді - ауд.), жазғы бас қаласы Ю Битян қаласы делінген. Қытай астанасынан (Чананнан) 12 300 шақырым шалғай. Тұтық қарауыл мекемесіне қарамайды. Люенидиден атпен 7 күн жол жүргенде ханның жаздық астанасы Фаннға жетеді. Бұл жер Қытай астанасынан 9104 шақырым келеді. Түтін саны - 120 000, жан саны - 600 000, әскері - 120 000 (Бан Гудың «Батыс өңір және Үйсін мемлекеті» атты еңбегінде «әскері 20 000» деп жазылған - ауд.). Бұған қарағанда, Самарқан хандығының халқы ұлы йүзілерден әлдеқайда көп. Шығысындағы «Тұтық қарауыл мекемесі» қарауына дейінгі аралығы - 5550 шақырым. Халқының әдет-ғұрпы ұлы яушылармен ұқсас. Шығыс жағы хұндардың басқаруында».

Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Қаңлы мемлекетіне көп жерлер қараған. Оның қысқы және жаздағы астаналарындағы халықтарының санына қарағанда, сол кездегі Қаңлы мемлекетінің замандасы йүзілерден анағұрлым көп болғанға ұқсайды. Олардың этникалық жақындықтары әдет-ғұрыптарының жақын екендігін байқалтады. Қаңлы мемлекеті Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болғанын аңғаруға болады.

Профессор Әбдуәли Қайдардың «Қаңлы» атты монографиясына дейін қаңлы тайпасының шығу тарихына тоқталмаған бірде-бір шығыстанушы ғалым жоқ шығар. Олар түріктерге қатысты мәселелерге тоқталғанда, қаңлы тайпасы туралы тиіп-қашты пікір жазып қалдырған [3, 58].

Ресей отары болмастан бұрын, қазақтар дербес ел кезінде, халқымыз өзінің шығу тарихын білуге айрықша көңіл бөліп, өздерінің тарихи шежірелерін

жазған және кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырып отырған. Оның айғағы — кітапханаларда том-том болып жиналып жатқан дүниелер. Мысалы, М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалайыридін «Жәмиғ-эт-тауарих» жылнамалары, Ш. Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», М. Шорманұлының, А. Ниязовтың, Ә. Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбордан басылып шықты. Осылай өз халқының тарихи шежіресін жазу - ерте заманнан әдетке айналып кеткен қасиеттердің бірі. Ол шежірелер қазақ, халқының рухани байлығы.

«Қаңлы этнонимінің төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолдану аясын, нұсқаларын жеке-жеке айқындап, оларды былайша талдаған. «Сүйген құлдың аты көп дегендей, қаңлы тайпасының 47-ден астам туынды варианттары бар екен. Оларға баспа-бас тоқталып, қаңлы атауы және оның көптеген (40-тан астам) түбірлес, туынды варианттары — «өзен-су» мағынасындағы бір буынды «кан» - «қан» тұлғалы гидронимдік апеллятив негізінде пайда болған, «өзен адамдары», «өзен-су бойында жасайтын тайпа», «өзенді, сулы-нулы өлкеде өскен ел» деген мағынада қалыптасқан этноним және этнотопоним [4, 103].

«Қаңлы мемлекетіне» тиісті мәселелер археологиялық, тарихи, лингвистикалық, фольклорлық деректердің негізінде қаралған. Еуропалықтардың «Түрік әлемінің ежелгі Отаны — Орталық Азияда «құлшылық қоғам» үстемдік етпеген» деген шындыққа жатпайтын көзқарас осы күнге дейін өзгерген жоқ. Кейінгі кездегі археологиялық, тарихи және әдеби, тіл, т.б. ғылымдардың қол жеткізген өте бай деректері антикалық заманда орталық Азияда құлдық қоғамның болғанын дәлелдейді. Оның алғашқыларын құрған қаңлылар екенін автор жан-жақты айқындай түседі.

Қаңлы мемлекетінің тарихына тиісті деректердің ішінде алғашқы қытай жылнамалары мен деректерінде кең айтылған, қаңлы мемлекетінің құрылымына, басқару жүйесіне, қоғамдық-саяси жағдайына, мәдениетіне, қаңлылардың тараған аймақтары зерттелуде. «ҚАНГЮИ (Қаңлы) мемлекеті — түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Ғұн (хұн) мемлекеті, Үйсін және ҚАНГЮИ (Қаңлы) мемлекеттері — бір заманда қатар жасап, дәуірлеген мемлекеттер» екенін тарихи деректермен дәлелдеген. Солардың бірі көп жылдар бойы Әмудария мен Сырдария өңірлерін кешенді зерттеген академик С.П. Толстовтың ұйымдастырған және басқарған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының өте бай деректерінен де көп мәліметтер келтірген. Тіл маманы болғандықтан, қаңлы тілі мен жазуына, рухани мәдениетіне ерекше мән берген.

Орталық Азиядағы антикалық заманда құрылған алғашқы құлиеленуші Қаңлы мемлекеті болғанын, оның өркениетті мәдениетінің заттық және рухани мәдениетінің іргетасын қалағанын, сондай-ақ түрік өркениетінің негізін құрушылардың бірі болғанын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген. Қаңлы мемлекетінің өркениеті, мәдениеті С.П. Толстовтың «Древний Хорезм» (1948), «По следам древне хорезмской цивилизации» (1948), «По древним делтам Окса

и Яксарта» (1962) монографияларында да жазылған болатын. Осы екі ұлы өзеннің алқабы Қаңлы тайпасының (халқының) отаны болғаны «Қаңлы» кітабында ашық айтылады, тарихи деректерге тура келеді. «Самархан (Қаңжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді). Битян қаласы болды...». Осы мәліметтің шындығы — қазір де қаңлы руының шоғырланған аймағы Әмударияның және Сырдарияның орта ағыстары екендігінде [5, 279].

III-VII тарауларда қаңлы тайпасының әлем түріктеріне таралуы жан-жақты талданған. Олардың басым көпшілігі Ұлы екі өзеннің алқап-тарындағы қазақ, өзбек, түрікпен, қарақалпақ, қырғыз және басқа түрік халықтарының арасында көбірек кездесетіні айтылған. Қаңлылардың барша түріктердің арасына кең тарағаны туралы халық аузында осы күнге дейін сақталып келе жатқан «Қарға тамырлы қазақ» атты мақалды келтіріп, автор оны былайша түсіндіреді: «Ол сөздің мәні де барша қазаққа түсінікті, ол о баста: топ-топ болып ұшып жүретін қарғалар тәрізді біріне-бірі өте ұқсас, түр-түсі, бет-пішінімен оларды бірден айыра қою қиын болғандығына байланысты туындап, бара-бара қазақтың алыстан, жеті атаның аржағынан қыз беріп, қыз алысуын, құдандалықтың мың жылға созылып, сүйек жаңартып тұруынан қалыптасқан туыстық ілік-шатыстығына байланысты болса керек. Ол қалың қарғадай қаулап өсуді де аңғартатын сияқты, «сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты» дейтіні содан.

«Қарға тамырлы қазақ» деген мақал қазақ халқының арасына кең таралған. Біздіңше бұл сөздің мәнін Ә. Қайдар дұрыс бере алмаған. Қазақтар: «біздер қарға тамырлы қазақпыз ғой, сұраса келе қарын бөле болып шығамыз» деп сөйлеседі. Олар өзара сұраса келе туысқан болып шығады. Олардың туыстығының алыстығы бөле болып келеді, яғни екі туысқан әйелдің балалары бір-біріне «бөле» деп аталады. Осындай туыстықты білу үшін осы мақалды қолданады. Мұндай бауырлық айқыш-ұйқыш бір-бірімен байланысып жатқан қарғаның тамырлары сияқты. Қазақтар жан-жануарлардың анатомиясын өте жетік білген. Қарғаның тамырлары бір-бірімен шиеленісіп жатады. Міне, осыны мысалға алып, қазақтың шиеленіскен туыстығын білдірген. Бұл мақалды Қаңлы тайпасының барлық түріктердің арасына таралуына және көрші түрік емес халықтардың іштеріне енуіне қолданылудың реті келіңкіремейтін сияқты.

Біздіңше, қаңлылардың осынша кең тарауының себебін тарихи-әлеуметтік және саяси жақтан қараған Ә. Қайдаров ҚСЭ-ға «Қаңлы» атты жазған мақаласында: «Халық арасында сақталған», «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген қанатты сөздер, сайып келгенде, қаңлы тайпасының осылайша кеңінен тарап, мұрагерлік, аталық дәстүрге ие болғандығын көрсетеді», - деген пікірін де айтқан болатын. Бұл жерде автор Қаңлы тайпасының осынша көп таралуының себептерін айқындауда бірқанша шындыққа жақын келгенін байқауға болады. Түріктердің тарихында, антикалық дәуірде Әмудария мен Сырдарияның алқаптарын түгелімен иеленіп, отырықшы мәдениеттің іргесін қалап, құлиеленуші мемлекет құрған, өркениетке ерте жеткен көптеген тайпаларды

қол астына біріктірген де — қаңлы тайпасы. Олардың арасында осы қос өзенді мекендеген оғұз тайпалары да болған. Қос өзен бойындағы аттары аталған құлиеленуші мемлекеттерін билеген. Нәтижеде Қаңлы бірлестігінің арасында ел билейтін, дарынды, ержүрек, батыл азаматтар шыққан.

М. Қашқари: «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді», - дегенді тегін айтпаған. Қытай деректерінде қаңлыларға жоғары баға берген. Солардың тағы бірі: «Тек қаңлы елі ғана бізге оң қабат танытпай отырғаны анық. Ал, біз болсақ, хун қағанының (қаңлы патшасының) қол астында тұрғандай мәміле жасап отырғандай болып көрінудеміз», - деген де дерек бар [6, 93].

Осы деректерге қарағанда, Қаңлы бірлестігіне кірген тайпалардан елдерді басқара алатын, оны қорғаудың тәсілдерін жетік білетін жайсаң ұлдары шыққанын байқаймыз. Сондықтан да түріктердің арасында ел басқарушыларды, хандарды қаңлы бірлестігінен сайлау түріктердің арасында дәстүрге айналғаны байқалады. Әмудария мен Сырдария, олардың атыраптары қаңлылардың ежелгі мекені болғанымен, олардың ішінен шыққан жайсаң азаматтары барлық түріктердің арасына барып, ел билеген. Сол жерде өзінің ұрпақтарын қаңлы руы бойынша санаған. Сондықтан да қаңлылар барлық түркі әлеміне, басқа көрші елдерге де барған. Ә. Қайдар өзінің монографиясында түріктердің бәрінде де қаңлылардың болғанын дәйекті түрде көрсеткен. Бірақ автор «қаңлылар әрбір түріктердің арасына бөлшектеніп көшіп барған» деген пікірге келеді. Біздіңше, олай болмаған. Олар өздерінің ежелгі Отанында отырған. Олардың ішінен белгілі ел билеушілер басқа руларға, тайпаларға барған. Қаңлылар өздерін барған жерінде этнонимі бойынша атап отырған. Қаңлылардан хан және тағы басқа басшыларды сайлау дәстүрі Шыңғыс хан империясын құрғанға дейін сақталып келген. Енді қаңлылардың орнына хандарды Шыңғыс ханның әулетінен сайлайтын дәстүр түріктердің арасында кейінге дейін сақталған.

Қаңлы туралы мәліметтер б.з.д. II ғасырда қытай деректерінде жазылған. Б.з.д. II ғасырда «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын оқиға нәтижесінде Орталық Азияда Бірнеше жаңа мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Соның бірі – Қаңлы мемлекеті.

Қорыта келгенде, қаңлы-сақтар атанған түркі тайпалары б.з.д. 2-1 мыңжылдықтарынан бастап Туран тұрғындарына қайта айналды. Олар өз қанаттарын б.з.д. IV-III ғасырлары мен – б.з. I-XIII ғасырлары арасында Туран-Түркістан, Хорезм, Бұқар, Қоқан, Хиуа өңірлерін қоса, тіпті, оларды да әрі ығыстыра күнгей-шығыстағы Қытай империяларына дейін жайды. Б.з.д. IV-III мыңжылдықта Қаңлы-шумерлер Евфрат-Тигр өзендерінің бойында адамзат тарихындағы тұңғыш Месепотомия мемлекетін құрған болса, б.з. IV-III ғасырларында ежелгі өздерінің тума қаңлы атауымен қазіргі Қазақстан аумағында 12 арыстан құралған-Қаңлы мемлекетінің негізін қалады. Таңбасы Тәңірге сиыну заманында Күн болды. Қаңлы-соғды заманында тізгін(шылбыр) болды. Одан кейінгі замандарда әліп(көсеу) болды.

### **Пайдаланған әдебиеттер тарихы:**

1. Әбдіжапар Әбдәкімұлы Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін) Алматы – 1997, Республикалық баспа кабинеті. 34-б.
2. К.М.Байпақов Ежелгі Қазақстан тарихы Алматы, «Рауан» 1998 жыл 93-94 бб.
3. Әбдуали Қайдар «Қаңлылар». Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2004 жыл, -58-60 бб
4. Т. Тұрлығұл, Ә. Төлеубаева, Қ.Құнапина Ежелгі Қазақстан тарихы. Алматы «Атамұра» 2002 жыл 103-б.
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін төрт томдық. 1-том «Атамұра» баспасы Алматы, 1996 жыл 279-280 бб.
6. К.М.Байпақов Ежелгі Қазақстан тарихы Алматы, «Рауан» 1998 жыл 93-94 бб.

**Бекболатқызы Ж., тарих магистрі.**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ САЯСАТЫ, БАРЫСЫ**

1922 жылы 31 тамызда БОАК төрағасы М.И. Калинин "Жетісу облысының барлық халқына" арналған үндеуінде жергілікті халықты жер реформасының аяқталуымен қызу құттықтап, реформаға БОАК құптау және қолдау жасағанын атап көрсетіп, жергілікті халықты енді күйзелген шаруашылықты жолға қоюға шақырды. Осыған байланысты Қазақ АКСР-нің "Жер кодексі" қабылданды және соның қағидалары негізінде 1924 жылдың 17 сәуірінде Қазақстан құрамына кірген Ресей Федерациясының Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесі қаулы қабылдап, "Қазақ АССР-нің халқының көшпелі және жартылай көшпелі, сондай-ақ отырықшылануға көшіп жатқан шаруашылықтары туралы Ережені" бекітті [1]. Осы Ереженің 1-бабы жерге орналастыру мәселесінің "жерге орналастырушы мекемелердің ғана бастамасымен" жүргізілетінің, яғни жоғарғы өкімет орындарының бұл мәселеге араласпаулары керектігін ескерсек, оның 6 - бабы аны атап көрсетті: Қазақстан халқын, әсіресе жоғарыда көрсетілген көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарда "жерге орналастыруға қажетті жерді жерге орналастыру тәртібімен толық анықтап біткенше Автономиялық Казак ССР-дегі бос жатқан жерлерде (артық және пайдалынбаған жерлерде) барлық территорияларда жерді отарлау (яғни сырттан келімсектер қоныстандыру) ісіне жол бермейді..." [2].

БОАК Төралқасы 27 ақпанда Қазақстанда жерге орналастыруда кезекке тұру атаулыны жоятын және көшпелі, жартылай көшпелі қазақ халқын жерге орналастыру туралы шешім қабылдады [3].



Қазақ коммунистерінің Ф.Голощекиннің саясатына қарсы күресте қол жеткізгендері, әрине, сол кезде Ресей халық Комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұловтың қолдауымен 1927 жылы екінші наурызда РСФСР Халкомы Кеңесінің (Қазақстан соның құрамында) қаулысында Қазақстанға байланысты төмендегідей жолдауларды енгізуі еді; "... Қазақстанның табиғи-тарихи тұрмыстық жағдайлары бәрінен бұрын оның халық шаруашылығының негізгі саласы және халықтың еңбегін пайдаланудың неғұрлым ұтымды түрі ретінде, онда мал шаруашылығын дамытуға қолайлы. Қазақстанның Советтер Одағының халық шаруашылығында мал шаруашылығы ауданы ретінде принципті маңыз алатыны танылсын" [4].

Мұндай тұжырымнан кейін, Қазақстанда жерге орналастыру мәселесін басты мәселе етіп ұсынып, онда тағы да келімсектерді жерге орналастыру еш қиынсыз еді. Оның үстіне бұрын жерге орналасып алған еуропалықтар өз қолдарында қазақтарға қарағанда едәуір көп жер үлесін ұстап отырды.

Бірақ нақты жағдай осылай бола тұрса да, Мәскеудегілер 1921-1922-ші жылғы реформада жерден қуылған еуропалықтарды Қазақстанға орналастыру пиғылынан бас тарта қойған жоқ. Кеңес өкіметі бір кезде өзі барынша қолдаған шаралардан енді бас тарта бастады. Осы мақсатпен 1927 жылы қыркүйек айында Киселев бастағантағы бір БОАК-нің комиссиясы келді. 1927 жылы 12 қыркүйекте шақырылған қазақстан Қазақстан ОАК Төралқасының мәжілісінде бұл комиссия өзінің алдына қойған мақсатын мәлімдеді. Олар мынандай мәселелерге келіп тіреледі:

- 1) Әкімшілік бөлулерге байланысты мәселе;
- 2) Жерге орналастыру мәселесі;
- 3) Кейбір қаулыларды ҚОАК-нің (Қазақстан Атқару Комитеті) орындамағандығы туралы және
- 4) 1921-1922 жылдардағы жер реформасынан кейінгі Жетісудан түскен арыздар туралы [5].

Осы жағдайға байланысты Қазақстанның Егіншілік халық комиссары Т.Тоқтыбаев және Орталық жерге орналастыру жөніндегі маман Попов ҚОАК-не мәселенің байыбын түсіндіретін арнайы хат дайындады. Онда 1921-1922-ші жылдан кейінгі жерге орналастырылмай қалғандар туралы мынандай мәліметтер бар: мұндайлар Жетісу губерниясында 738 шаруашылық, бірақ авторлар бұл мәліметтердің әлі де толық анықтала қоймағанын ескертеді. Өйткені алғашқысындағылардың есептерін алу аса қиын болса, ал соңғы губерниялардағылардың біраз бөлігі басқа жерлерде жерге орналастырылған. Хат авторларының ойынша, орталықтан келген комиссия талап етіп отырғандай, 1928 жылдың 1-қазанына дейін іржолата жерге орналастырып біту мүмкін емес, өйткені олардың басым бөлігі осы жұмыстың алғашқы дайындық кезеңімен қамтылады, яғни оларды жерге орналастыру тек 1929 жылы аяқталуы тиіс [6].

Айта кеткен жөн, 1928 жылғы 4 наурызға дейін жерге орналастыру екі кезеңмен жүргізіледі: алғашқысы дайындық және жүзеге асыру кезеңі. Қаз АК-нің шешімі бойынша, мысалы, 1927-1928 жылдары ұлтқа бөлінгенде жерге

орналастырудың осы екі кезеңінде төмендегідей шаруашылықта жерге орналастыру көзделді:

Ұлттар	Бірінші кезеңде		Екінші кезеңде	
	Бірлестіктер сандары	қожалықтар сандары	бірлестіктер сандары	қожалықтар сандары
қазақтар	1,153	49,910	202	23,643
орыстар	525	49,680	150	20,438
өзбектер	25	4,643	39	9,585
қара	98	3,102	-	-
қалпақтар				
дүнгендер	-	-	1	869
тараншылар	-	-	1	617
басқалар	3	1,426	67	5,270
барлығы	1,724	108,821	460	60,421

Кестеден көріп отырмыз, Қазақстан өкіметі жерге орналастыруда қазақтарды орыстардан қалып қоймауын қамтамасыз етпек болды. Корсетілген орыстар келімсектер еді, сонда да олардың мүддесі Мәскеуде қорғалды, ал дәстүрлі шаруашылыққа бейім тұрған қазақтарды жерге орналастыру тіптен де оңай емес еді. [7].

1927 жылы 3 қазанда осы мәселені тағы да қазақ коммунистерінің талқылауына салды. Онда Ф.Голощекин Қазақстанда бос жатқан үлкен-үлкен егіншілікке жарамды алқаптар бар екендігін айта келіп, сол жерлерге ондаған мың орыс шаруашылықтарын қоныстандыруды ұсынды. Н.Нұрмақов, Сұлтанбеков, Кенжин, Қаратілеуов, О.Жандосов тәрізді қайраткерлер Ф.Голощекинді тағы да қолдамады. Бірақ өлкелік комитеті көпшілік дауыспен Ф.Голощекинді мақұлдамады. Н.Нұрмановтың наразы болғандығы сондай, ол тіптен осы қарарға түзету енгізу және оны нақтылай түсу үшін құрылған комиссияға кіруден үзілді-кесілді бас тартты. Ал Сұлтанбеков болса, бұл қарарды "отыршылдық шешім ретінде сипаттап, бұл переселен чиновниктерінің пікірі", - деп Ф.Голощекинге ашық қарсылық білдірді.

Өзіне қарсы бас көтерген қазақ коммунистеріне ызаланған Ф.Голощекин, арада бір айдан кейін болған VI бүкілқазақтық партия конференциясында "қаратлеуовщина" және "сұлтанбековщинаны" аянбай сынады. [8].

Дегенімен де, жоғарыдағы 3 қазандағы айтыстан кейін Н.Нұрмақов өзінің пікірлестерімен бірге Мәскеудегі Орталық партия комитетінің ұйымдастыру бюросына барып, өз көзқарастарын қорғады. Бірақ құрамында Молотов, Андреев тәрізді "интернационалистер" бар бұл партиялық орган қазақ коммунистеріне жылы қабақ таныта қоймады.

1927 жылы қарашада болып өткен VI бүкілқазақтық партия конференциясы өзінен бұрынғы 1925 жылы болған V Бүкілқазақтық партия конференциясының жерге кезекпен орналастыру туралы шешімін жойып, "алдағы уақытта Қазақстанда мекендейтін барлық ұлттардың арасында бір мезгілде жаппай қоныстанарлық жерге орналастыруды жүргізу қажет", - деген жаңа қаулы қабылдады [9]. Бұл шешімді жоғарыда айтылған Киселев

комиссиясының ұсыныстарына үйеніп және тікелей Ф.Голощекиннің қолдауы мен Мәскеудегі БОАК өзінің 1927 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысында толық мақұлдады. Жағдайдың өзгеруіне байланысты ҚазОАК-нің VI шақырылған екінші сессиясы және Қазақстан өкіметі мен үкіметі осы шешімді қолдап шықты. Соңғы екеуі 1928 жылы 4 наурызда ҚАССР- де жерге оналастыру тәртібі жерді пайдалануды тәртіпке келтіру туралы" арнайы қаулы қабылдап, оны осы мәселелерге байланысты 1924 жылдан бері қарай қабылданған өздерінің қаулы-қарарларының күшін жойды. Мұнда "қазақ және орыс, сондай-ақ басқа ұлттар халықтарын, оның ішінде 1925 жылдың 14 күркүйегіне дейін ҚАССР жеріне келгендердің бәрін бір мезгілде орналастыру", "олардың арасындағы жер бөлуге байланысты кезекті жою" талап етілді.

Сондай-ақ қаулы жер жетпеген жағдайда "жерден бірінші кезекте, ұлт айырмашылықтарына қарамай, ауқатты топтарды көшіріп жіберуді" ұсынды. Енді "еуропалық келімсектер поселкаларын жер жетпеген жағдайда жер жетпеген халық... алғашқы кезекте жерді алыстан емес, таяу жатқан отырықшы-егіншілік аудандарындағы арттық жерлерден" алатын болды. Бұл қаулы, 1928 бітпей калған жерге орналастыру жұмыстарын 1929 жылы аяқтауды, ал 1921-1922 жылы жер реформасы тәртібімен көшіріліп жіберілген, бірақ әлі күнге дейін орналаспаған барлық еңбекшілер талап етті [10].

Қазақ жеріне рұқсатсыз келген келімсектерге барынша қолдау көрсеткен осы қаулы астына амалсыздан, қызмет бабымен Е.Ерназаровпен бірге Қазақстан Халкомы төрағасы Н.Нұрмақов та қол қойды.

Ал алғашқы бес жылдықтың переселен (қоныстандыру) қорына бөлінген жер көлемі 8776,6 мың гектар жерді қамтып, оған басқа жақтан 489,5 мың адам (негізінен еуропалықтар) немесе 97,9 мың жанұя және Қазақстанның өз ішінде 100,0мың адам, яғни 20,0 мың қазақтар қоныстануы тиіс болды. [11].

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Құжаттар жинағынан: ҚР ОМА, 5-қ., 8-т., 55-іс, 320-п.
2. ҚР ОМА, -қ, 8-т.,55 -с, 320 -п. (Коллективизация сельского хозяйства Казахстана. Ч.1. Алматы, 1967. 354-б.)
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Құжаттар жинағы. Алматы,2004.(ҚР ОМА, 55-қ., 55-іс, 320-п).
4. Құжаттар жинағынан, 134-б. (ҚР ОМА, 5-қ., 8 -т., 55-іс., 321-б).
5. Құжаттар жинағынан, 132-б. (ҚР ОМА, 5-қ., 7 -т., 1 -іс, 34у -п.).
6. Құжаттар жинағынан, 135-б. (ҚР ОМА, 5., 7-т., 1-іс., 270-п.).
7. (ҚР ОМА, 5-қ., 7-т., 4-іс, 303-п.).
8. Голощекин. Отчет краевого комитета VI Всеказахской партийной конференции. 175-180, 186-бб.
9. Материалы к отчету Казрайкома ВКП (б) на VI Всеказахской Партконференции. Алма-Ата, 1930, 26-б.
10. Систематическое собрание законов Каз.АССР действующих на 1 января 1930 г. Алма-Ата, 1930, 46-47бб.

11. Материалы к отчету Карайкома ВКП (б) на VI Всеказахской партконференции"... 24-б.).

**Болатова Қ.Б., т.ғ.к.**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ ОРДАЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ**

Қазақстан Республикасының егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қоғамдастыққа таныла бастауы Қазақстан тарихы ғылымында күрделі де жауапты бетбұрыс жасауға мүмкіндік береді. Жаңа азаматтық қоғамның дүниеге келуі Қазақстан тарихының тың мазмұнға ие болып, оның жаңаша сипат алуына кең жол ашып, мол мүмкіндіктер туғызып отыр. Оның бір көрінісі ұзақ уақыт бойы бұрмаланып, ақиқаты айтылмай келген тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, шынайы бағасын беруге деген талпыныс. Қазіргі ұлттық сананың қайта жаңғырған тұсында отанымыздың тарихын, оның мәдени-рухани өмірі беттерін, әсіресе оның оқу-ағарту саласы мен білім беру саласының тарихын объективті тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі арта түсуде.

Қазіргі кезеңдегі білім беру мен халық ағарту ісінің міндеттерін анықтап, мақсатқа жету барысында тек қана жаңа әдістер мен технологияларды пайдалану жеткіліксіз. Осы орайда, біздің ойымызша, өткеннің бай тәжірибесіне арқа сүйеп, бүгінгі күн тұрғысынан бағалап, пайдалы да құнды жақтарынан сабақ ала отырып, игілікке жарата білген тиімді болса керек. Онсыз қоғамдық прогрестің сабақтастығы үзіледі. Ал, білім беру саласында сабақтастық байланысын сақтамау ұлттық ерекшеліктерді әлсіретіп қана қоймай, сонымен бірге еліміздің рухани өміріне кері әсерін тигізіп, осы бағыттағы жүргізілетін іс шараларының тиімділігін төмендетуі әбден мүмкін. Әдетте, өткеннің салдарларын оңды қорытып, тарихи тәжірибелерді зерделеу бұрындары қоғам дамуында игілікті рөл атқарған және жаңа заманда да өзінің жасампаздық күш-қуатын жоймаған құндылықтарды сақтап қалу үшін ғана емес, шындығында, тозығы жетіп, күні өткеніне қарасастан бүгінгі күнде де тарих сахнасынан кете қоймаған кейбір ескілікті көқарастар мен пікірлердің шынайы бет-пердесін ашу үшін де аса қажет. Ал, мұндай жағдайлар патшалық Ресей құрамында болған еліміздегі білім беру үрдісінде, дәлірек айтсақ, Қазақ жеріндегі қазақ мектептердің ашылуы мәселесінде де аз болған жоқ. Сондықтан, Қазақ мектептерінің ашылуы мен білім беру жүйесінің қалыптасуы, оқу-ағарту мекемелерінің қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен көлеңкелі тұстарын сипаттайтын еңбектерге қоғамдық сұраныстың туып отырғандығын аңғартады.

Демократиялық бет бұрыс кезеңінде Республикада болып жатқан саяси экономикалық және рухани өзгерістер тарих ғылымы алдына көптеген

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

маңызды мәселелер қойып отыр. Әсіресе қазақ жеріндегі тұңғыш мектептер тарихы, Жәңгір ханның Бөкей ордасындағы мектептің ашылуына қосқан үлесі, XIX ғасырдың II жартысындағы оқу-ағарту ісінде түйінді, әрі күрделі мәселелерді шешу жолдарын табуға талпыныстар жасалынып, оның түпкі себептері тарих қойнауында екендігіне назар аударуда. Ал мұндай жағдай тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүгін артатыны белгілі.

Жалпы Қазақстанда білім беру саласын зерттеушілер патшалық Ресей тұсындағы білім беру мен ағарту ісінің дамуын кеңестік кезеңде бір жақты қарастырып келді. Ал жеке аймақтық деңгейдегі оқу-ағарту мәселесін, қалыптасу және даму тарихын осы кезең аралығында зерттеу арнайы қолға алынбады. Әсіресе Шығыс Қазақстан аймағындағы оқу-ағарту ісінің жағдайы және оның XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы сипаты, білім беру мекемелерінің тарихы арнайы зерттеу объектісіне айналған емес.

Көшпелі жұрттың әлемдік өркениетте алар орнын әрқашан жоққа шығарған және солай қарауға мәжбүр еткен кеңестік тарихнама, бүгіндері ғалымдар жартылай көшпелі тұрмыс кешкен деп дәлелдеп отырған қазақ халқының сауаттылығы, білім берудегі ұлттық үрдісі жайлы шынайы тарихты жазуға құлықсыз болды. Осындай себептер нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өлкедегі оқу-ағарту саласы тарихының «ақтаңдақ» беттері қалындай түсті. Кеңестік тарихнамада орысша білім беру жүйесі ғана прогрессивті деп саналды және империяның шеткері аймақтарындағы жергілікті халықтардың «көзін ашқан» бірден-бір саясат ағарту саласы бойынша жүргізген патшалық Ресей саясаты деп қарастырылды. Ал орыс оқу жүйесінің өз кезегінде патша өкіметінің орыстандыру шоқындыру ісінің негізгі буыны болғаны да ұмыт болып, назардан тыс қалдырылды. Қазақтардың өзіндік ұлттық ерекшелігі мүлдем ескерілмеді. Өз кезегінде мұсылман оқу-орындарынан білім алғандарды сауатты да зиялы азаматтар қатарына санамай, оларды орысша білім алғандардан төмен қойып, ескі өмірді аңсаушылар қатарына еріксіз қосып көрсетті, халыққа қажеті шамалы болса, онда «Неге мұсылман оқу-орындары патша үкіметі қыспағынан төтеп беріп, өміршеңдік танытты?» деген сауалға жауап берілмеді. Міне, осындай келелі мәселелерді шешудің орайы келген сияқты.

Бүгінгі күні тарихи өткенімізді, халқымыздың әлеуметтік экономикалық саяси, мәдени дамуының жекелеген жақтарын тереңірек зерттеуге деген ықылас ерекше өскендігін байқауға болады. Осы жағдайға байланысты патша үкіметі мектептер желісін кеңейтуге, оқушылар санын көбейтуге, жалпы білімдік даярлықты кеңейтуге мәжбүр болды.

Ы.Алтынсарин қазақ еліміздегі халық ағарту саласының даму ерекшеліктерін жекелеген аймақтық материалдар негізінде ашып көрсету сол тарихи кезеңдегі Қазақстан халқының мәдени-әлеуметтік өмірі мен рухани даму үрдісін терең ұғынуға кең жол ашады.

Сонымен қатар, ауылдарда бастауыш мектептер ашылғаннан кейін, оларды мұғалімдермен қамтамасыз ету мақсатында болыс орталықтарымен кейбір уездерде екі айлық жедел және екі жылдық ұлттық педагогикалық

курстар ұйымдастырылған болатын. Алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері ұлттық мектептер аша отырып, мәдени-ағартушылық мақсаттарын идеологиялық бағытпен сабақтастыра білді. Олай дейтін себебіміз, қазақ ағартушысы Б.Алтынсариннің ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті: халықтың сауатын ашу, халықты ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, екінші бір маңызды міндеті-ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрби беру, ұлттық намыстың дәнін себу болды. Сондықтан да біз алға қойған мәселені Қазақстан өңіріндегі материалдар негізінде зерттеуде басты нысанаға алдық. Өйткені, қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі Б.Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметі халық – ағарту мәселелеріне арналған ғылыми әдебиеттерде, зерттеу жұмыстарында осы уақытқа дейін Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі материалдар жеткілікті деңгейде тартылмай келуде. Мұның өзі зерттеліп отырған тақырыптың қаншалықты өзекті екендігін аңғарса керек.

Қазақ жеріндегі алғашқы мектептер тарихының ерекшеліктерін жекелеген аймақтық материалдар негізінде ашып көрсету сол тарихи кезеңдегі қазақ халқының рухани дамуы мен білім беру үрдісін терең ұғынуға кең жол ашты.

Қазақстанда білім беру саласын зерттеушілер патшалық Ресей тұсындағы білім беру мен ағарту ісінің дамуын кеңестік кезеңде бір жақты қарастырып келді. Ал жеке аймақтық деңгейдегі оқу-ағарту мәселесін, қалыптасу және даму тарихын осы кезең аралығында зерттеу арнайы қолға алынбады. Әсіресе Шығыс Қазақстан аймағындағы оқу-ағарту ісінің жағдайы және оның ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы сипаты, білім беру мекемелерінің тарихы арнайы зерттеу объектісіне айналған емес.

Алғашқы кезеңде Шығыс өңірінде балаларды сауаттандыратын білімі жетік мамандар тапшы еді. Ол жөнінде Ертіс казагы Ф.Усов жазғандай, мектептегі шала сауатты мұғалімдер оқушыларды оқып-жазуға 2-3 жылда да үйрете алмас еді. Мектепте қажетті құралдар: әліппе, алғашқы оқу кітаптары, қауырсын, қарындаштар болмады. Кейбір мектепте қолға түскен кез келген кітапты оқып, жазуды құмда үйренетін. Көп қазақтар мектептен сауат алмай шығып, кейбіреуі шала сауатты болып шығатын. Ф.Усов ресми құжаттар мектептердегі шынайы жағдайды жақсартып көрсететін деген пікір айтады.

Семей уездінің шенеуніктерінің мектептер ашу мәселесі жөнінде болыстықтарда өткізілген съездер туралы Көкпектінің бөлімшелік приставына жолдаған рапортындағы баяндамада мектептердің дәл сол кезеңде қазақ өміріне аса қажеттілігі жоқ екенін хабарлайды. Ол қазақ: «Мектеп салу, тақсыр, жақсы ой, бірақ дәл қазір ол бізге қатты қажет емес-ау. Біз әлі өзіміздің отырықшы немесе көшпелі болатынымызды білмейміз, алдағы 3-4 жылда қайда тұратынымыз да белгісіз. Отырықшылыққа көшу керектігін де көре алмай отырмыз: барлығымызға жерде жетпейтін шығар. Көшпелі болып қала беруіміз де қолымызда емес, шабындық та аз, бүгінгі барымызды ертең тартып алуы да мүмкін. Бір ғана малмен қайда барамыз. Қыс бойы біз малымызды жалға Қытай жерінде бақсақ, жазда да өз жерімізге ақы төлейміз. Бізден мемлекеттік

бөлімшелер де, орыс шаруалары да, кімнің қолынан келсе, солардан салық алады. Барлығы заң негізінде талап етеді. Жайлауға көшкенше дейін, мемлекеттік жерге деп қаншама ақша төлейміз. Бұның барлығы біздің бір нәрсеге сенуімізге қорқыныш әкелді және өзіміздің келешегіміз не болатынын білмейміз»-деп жазған [1].

«Семипалатинская жизнь» газетінің XX ғасырдың басындағы деректер сандарында аймақтағы білім беру жағдайы жиі жарияланып отырды. Өскемен, Семей, Зайсан, Павлодар уездерінің ауылдар жанындағы мешіттерде мұсылман мектептері болды. Бұл мектептерде хат тану, оқу мен қатар бес рет намаз оқу меңгертілді. Бірақ аса маңызды көңіл бөлінген мәселе - ол құран оқу, діни дастандар оқу және арифметикаға көңіл бөлу. Қалалық аймақ жанындағы мектептердегі оқушыларда арнайы дәптерлер болғандығы жөнінде деректер сақталған. Олар негізінен ерекше жазуға арналған дәптерлер болды. Теологиялық пәндермен қатар Фараиз жүйелі түрде оқытылды. Фараиз деп отырғанымыз жеке мүлікті бөлу жөніндегі заңдар жинағы. Сонымен қатар ,Усул фиках-фруспруденция, Хикмет-тарихи энциклопедия, философия, жаратылыстану, Наху -араб грамматикасы, Монтых -логика пәндері оқытылды. Шығыс аймақтағы медреселерде тұрмыс жағдайларына байланысты оқушылар саны мен оқыту пәндері де түрлі деңгейде болды.

1863 жылы құрылған Өскемен үш класты училищесі 1881 жылы қалалық үш класты училище болып қайта құрылды. Ол қоғамдық үйде орналасты. Бұл училищенің инспектор болып мұғалімдер институтының курсы бітірген А.И. Михайлов тағайындалып, алғашқы оқытушысы Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген Г. Псариев болғандығы көрсетілген [2,164].

Ал мұндай уездік училищені Семейде ашу жөніндегі шешім 1831 жылы қабылданды. Уездік училищені ашу жөніндегі рұқсат 1833 жылы 18-ші шілдеде рұқсат беріліп, 1833 жылы 18-ші қыркүйекте ашылды.

Алғашқы уездік училищенің ашылуы Семей өңіріндегі білім ордасының ашылуындағы маңызды қадам болды. Бұл білім ордаларының ашылуы тек орыс тұрғындарының балалары ғана емес, қазақ балаларының білім алуына да тиімді қызмет атқарды. Жаңа білім беру мекемесінің ашылуы барысында қала мен округ халқы өз балаларын біліммен сусындатуға, ғылым үйренуге мүмкіндік алды. Ал мұсылман қауымы училищенің ашылуы кезінде 90-нан аса татар, 8 ташкенттік, 90 қырғыз мешітерінде білім алып жатқан балаларын біртіндеп орыс бөліміне бере бастады. Училищені ашу барысында қиындық туғызған мәселелер қатарына оның қаржыландырылу мәселесі болды.

Кейіннен жаңа казак приходтық училищелері бой көтере бастады. Мұсылман балаларына арналған арнайы мектептер мешіттер жанынан ашыла бастады. Мұндай мектептердің көпшілігі негізінен XIX ғасырдың 50-ші жылдарында бой көтерді. Аталған мектептерде қазақ балалары жылына 3- 4 ай мерзімінде ғана білім алды. Қазақ-орыс қатынастарын сипаттайтын «Казахско-русские отношение в XVIII – XIX веках» атты жинақта орыс-азияттық мектептерде негізінен оқуға деген талпынысы барлық адамдар құқылы болды.

1857 жылдың 3-ші шілдесінде осы мектептерге байланысты арнайы қаулы шығарылды.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Шығыс аймақтағы мектептерде 372 оқушы білім алды. Бұл өлкедегі әр 977 тұрғынға бір оқушыдан айналды. Ал 1861 жылғы Сібір қырғыздары облысының есебі бойынша өлкеде барлығы 14 орыс -қазақ мектептері болды. Олардың оқушылары саны да өте аз болды. Аталған кезеңде Сібір қырғыздары облысындағы 271715 қазаққа (облыстағы барлық тұрғын саны 298533) және Семей облысындағы 177414 жергілікті тұрғынға бір ғана Омбы қазақ мектебі қызмет етті (мектептегі оқушылар саны 20-дан аспады). Бірақ бұған қарамастан аймақта сауаттылыққа деген халық сұранысы артып, соның негізінде аймақта мектептер саны жыл санап өсе бастады. 1863 жылы Бір Семей қаласындағы училищелер мен мектептер және ондағы оқушылар құрамын төмендегі кестеден көре аламыз: [3]

**Кесте 1**

Училищелер атауы	Училищелер саны	Оқушылар саны
Уездік училище	1	73
Уездік училище жанындағы әйелдер мектебі	1	78
Приходттық училище	2	106
Казак училищесі	14	231
Жеке татар мектептері	9	479
Барлығы	25	917 адам

Семей қаласындағы әйелдер мектебі 1864 жылы уездік училище жанынан қайта ұйымдастырылып, 2 разрядтты әйелдер училищесі болып аталды. Бұл 1871 жылдан бері гимназия деңгейіне көтерілді. XIX ғ. аяғында қазақ ұлдарына арналған барлық интернатқа 1894 ж. 30-шы мамырындағы Жоғары мәртебелінің бұйрығымен «бастапқы ауыл шаруашылығы негіздері» дәрежесі берілді. Оқушылар қатарына қазақтармен бірге православие дініндегілер де қабылданды. Билік басындағылардың ұйғаруынша, «интернаттар көшпенділер үшін тиімсіз, тіпті пайдасыз» деген. Сол себепті, генерал-губернаторлықта ауыл шаруашылық мектептері қазақтарды отырықшылыққа ауыстыруда, отырықшыл жер шаруашылығын игеруде өте тиімді деп саналды.

1894 ж. Семей ерлер гимназиясында 30 бала оқыды. Оқушылар тізімімен танысу барысында көптеген жергілікті халақ балалары миссионерлік саясат нәтижесінде орыс фамилиясын алғандығы байқалады. Мәселен, Булатов Семен, Дожкил Владимир деген оқушы есімдері де кездеседі. Осы гимназияның 1894-1895 жылдардағы инспекторы М.Рябинин болды. Патшалық Ресей өз саясатын жүргізу мақсатында 9-шы тамызда орыс тілінен, 10-шы тамызда арифметикадан, 12-ші тамызда құдай заңдарынан талапкерлерге емтихан тапсырып, бірінші класқа гимназияға қабылдады [4,9].



XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Қазақстан мен оның басқа аудандарындағы сауаттылық өте төмен деңгейде болды. Осы аймақтағы халық-ағарту саласы жөнінде төмендегі деректер беруге болады: 1898 жылы Семейде ерлер және әйелдер прогимназиясы, 2 ауылшаруашылық мектебі, бес класты және үш класты қалалық училище жұмыс атқарды [5].

**Кесте 2. 1897 жылғы Семей облысындағы халықтың сауаттылық деңгейі**

Жасы	Ер адам	әйел адам
10 жасқа дейін	7,6	5
10-19 жасқа дейін	78,6	32
20-39 жасқа дейін	41	23
40-49 жасқа дейін	37,3	13
50-59 жасқа дейін	33,5	11,2
60-69 жасқа дейін	28,4	10,8
70-79 жасқа дейін	27,9	8,8
80-89 жасқа дейін	22,7	5,8

Қалалардағы ерлер мен әйелдердің сауаттылығы жөніндегі жоғарыдағы деректер 10- 19 жас аралығында аймақтағы ерлер арасындағы сауаттылық деңгейі біршама көтерілгенін айқындайды [6,168].

Аймақтың барлық жерлерінде одан әрі орыс-түзем мектептерін ашу ісі көзделді. XIX ғасырдың аяққы кезеңінде Өскемен уезінде жеті орыс-мектебін ашу жоспарланды. Алайда, 1898 жылы мектеп үйлеріне қаражат жетіспегендіктен тек қана үш мектепті ашу мүмкін болды. Бұл тарихи кезеңде отарлық саясаттың езгісінде болған қазақ халқының басынағы жағдай еді. Дегенмен де, жоғарыда келтірілген деректерде Қазақстанның шығысындағы қалаларда білім беру мекемелердің жұмыс қызметі, уездер мен уездік қалалар халқының білім деңгейінің көтерілгендігін көрсетеді. Бірақ, осы жетістіктердің өзі орталықтың тікелей араласуымен, олардың ұстанған бағыттары негізінде жүзеге асырылды [7,147].

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 ҚРОММ қ. 86, т. 1 іс. 251, 19 п.
- 2 Тажибаев Т. Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. – Алма –Ата, 1965. – 164 с.
- 3 ШҚОММ қ. 50, т. 1, іс. 550.
- 4 Жанталин А. Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісі. // Қазақ 1913, №19.-9 б

- 5 ҚРОММ қ. 64. т.1, іс. 5938, 9-10 п.
- 6 Алекторов А.Е. Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей // Журнал Министерства народного просвещения. 1905. XII.ч.362; Материалы для истории изучения быта и истории киргизов.- Оренбург, 1892. – 162-168 с
- 7 Н. Абрамов Областной город Семипалатинск. – Семипалатинск, 1900. – 147 с.

**Болатова С. Б.**

КМҚК Аякөз қаласының политехникалық колледжінің  
тарих пәнінің оқытушысы., Аякөз қ.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Бүгіндері еліміздің егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қоғамдастыққа таныла бастауы Қазақстан Республикасы тарихы ғылымында күрделі де жауапты бетбұрыс жасауға мүмкіндік береді. Жана азаматтық қоғамның дүниеге келуі Қазақстан тарихының жаңа мазмұн, соны сипат алуына кең жол ашып, мол мүмкіндіктер беріп отыр. Оның бір көрінісі ұзақ уақыт бойы бұрмаланып бір жақты қаралып, ақиқаты айтылмаған тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, шынайы бағасын беруге деген талпыныс. Қазіргі таңда, ұлттық сананың қайта жаңғырған тұсында Отанымыздың тарихын, әсіресе оның мәдени-рухани өмірі беттерін объективті тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі артып отыр.

Демократиялық бетбұрыс кезеңінде республикада болып жатқан саяси, экономикалық және рухани өзгерістер тарих ғылымы алдына көптеген мәселелер қойып отыр. Әсіресе рухани салада, оқу ағарту ісінде түйінді әрі күрделі проблемалардың шешу жолдарын табуға талпыныстар жасалынып, оның түпкі себептері тарих қойнаында екендігіне назар аударылуда. Ал мұндай жағдай тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүгін артатыны белгілі.

Ы.Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметі және халыққа білім беру саласының даму жолдары республикамызда осы уақытқа дейін біршама зерттелген тақырыптардың бірі деуге болады. Алайда зерттеу үрдісінде әрдайым шыншылдық, ғылымилық объективтілік принциптері қатаң сақталды деп айту қиын. Себебі, республика тарихы ондаған жылдар бойы жалпы одақтық тарих ғылымдарының құрамдас бөлігі деп табылып, соның даму арнасында кете барған болатын. Бұл жағдай өзгеде орыс емес ұлттар тарихы секілді қазақ халқы тарихын да екінші дәрежелі сипатта деп ұғуға, барлық прогрессивті оқиғалар мен құбылыстар тек орыс халқы арасында болды деп түсінуге алып келгені белгілі. Бұқара санасына күштеп сіңірілген мұндай тар таптық, партиялық принциптерге құрылған, шамадан тыс идеологияландырылған тарих Ы.Алтынсариннің өмірі мен оқу ағарту ісіндегі қызметін зерттеуге де кері әсерін тигізбей қойған жоқ [1,368].

Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі-Ыбырай Алтынсарин-аса көрнекті ағартушы, этнограф, ғалым, қазақ әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ақын әрі жазушы.

Халқына –қалайда пайдалы адам|| болуды мақсат тұтқан ардагер азамат, озат ой пікір иесі, көркем сөз шебері, білім жолын саралап қуған Ыбырай Алтынсарин қазақтан шыққан тұңғыш мұғалім болуымен бірге, іс тетігін жете білетін қабілетті ұйымдастырушы және кемелді педагог деп айтуға әбден болады.

Ол тарихтың қиын да күрделі кезеңінде, қазақ қоғамының құрылымында да, әлеуметтік-экономикалық өмірінде де аса бір қиын шақта дүниеге келген. Ы.Алтынсарин қазақтардың Орта және Кіші жүздің Ресейге қосылуы аяқталып, олардың патша империясының отанына айналған тұстқа сәйкес келді.

Ыбырай Алтынсарин-1841 жылы 20 қазанында (ескіше) Орта жүздің қыпшақ руында, қазіргі Қостанай облысында туған. Әкесі 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қайтыс болып, атасы Орынбор шекаралық комиссиясының әскери старшинасы Балғожа (Жаңбыршин) бидің қолында тәрбиеленеді.

1846 жылы наурыздың 5-ші жұлдызында Балғожа Жаңбыршаұлы ашылмақ мектепке немересі Ыбырайды кандидат етіп қабылдау жөнінде Орынбор Шекаралық комиссиясының төрайымы – майор М.В.Ладыженскийге өтініш жасайды. Орынбор Шекаралық комиссияның сол жылғы наурыздың 5-ші жұлдызы күні журналдағы қарары бойынша Ы.Алтынсаринды жаңадан ашылмақ мектепке кандидат ретінде қабылдайды.

Бұл мектепке 8-12 жас аралығындағы балалар қабылданды. Ыбырайалғаш мектепке қабылданған кезде 9 жаста еді.

1850 жылы Орынборда Шекаралық комиссия жанында оқу мерзімі жеті жылдық қазақ мектебі ашыла бастады. Аталған балалар оны 1857 жылы бітіріп шыққан. «Өте жақсы» деген бағамен бітірген үш-төрт шәкіртке «зауряд хорунжий» деген атағы берілген. Осындай атқа ие болып, аталған мектептен 1857 жылы қазақтың көрнекті әрі ағартушысы Ы.Алтынсарин бітірген болатын. Мектеп оқу бағдарламасына орыс тілі, арифметика, татар тілі, мұсылман діні ілімі және орыс тілінде іс қағаздарын жазу енгізілді. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин дүние жүзі әдебиеті классиктері-Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдоуси, Низами, Навой және басқалардың туындыларын өз бетімен оқыды. Білімқұмар жас жігіт белгілі шығыс зерттеушісі, Шекаралық комиссияда қызмет еткен В.Григорьевпен араласып, оның бай кітапханасын пайдалана білді [2,79].

Ы.Алтынсарин қазақ жерінде халық ағарту жұмысын ұйымдастыруды, оны дұрыс жолға қою арқылы қазақ халқының елдігін сақтауды арман етті. Өзінің ақыл-ой, күш жігерін осы мақсат жолына жұмсады. –Суға батып бара жатқан кісіні көре тұрып қол ұшын бермеу арамдық болар еді||- деп есептейтін Ы.Алтынсарин: –Мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы ... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі тек осы, тек осы мектептерде||-деп көрсете білген.

Ол қазақ сахарасында бастауыш мектептер ашуға рұқсат сұрап, үкімет орындарын мазалаумен болды. Ақыры рұқсат та алынады, бірақ мектеп ашу үшін өкімет тарапынан қаражат берілмеді. Дәл осы бір хәлге байланысты Ыбырай былайша баяндайды: –Бізге ең ауыр және жауапты кезең кез келіп отыр, бұл кезеңде біз бәрінде жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаналықтың бәрін қараңғы халықтың арасында енгізіп, күшіміздің келгенінше, олардың көзін ашуымыз керек. Іс басында жақсы қойылса ақырыда жақсы болады. Ешбір дайын материалдық күшсіз мектеп ашу бәрінен де қиын екен|| – деп көрсетеді [3,90].

Мектеп ашу қандай қиын болса, білім және тәрбие беретін мұғалімдер де сондай қажет екендігін ұлы ағартушы ескерте айтты. Бұл жөнінде мынандай тұжырым жасауға болды: –Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келегендігін, сондай-ақ жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуының, іргесінің берік және мықты қалануына байланысты екендігін және де халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы|| болғандығын анықтайды [4,23].

Ендігі кезекте Ы.Алтынсарин өмірінде білім беру саласындағы өзінің ұйымдастырушылық жоспарын мектептер ашу және шәкірттерді оқытып тәрбиелейтін ұстаздар даярлау мәселелері төңірегіне шоғырландырылды.

Ы.Алтынсарин қазақ арасында тұңғыш рет мектеп ашты, оны сол кездегі орыстың озық педагогикасы тұрғысынан құрды, жаңа типті қазақ мектебінің кең таралуы жолында қажымастан еңбек етті, бұл бағытта ол елеулі табысқа жетті. Ол мектепте оқылатын сабақтарды мынадай жүйеде құрды:

1. Орыс тілінде оқылатын пәндерді ана тілінде түсіндіре отырып, орыс кітаптарын оқыту
2. Әртүрлі нәрселер мен заттардың орысша аттарын үйрету
3. Орысша сөйлеуге үйрету
4. Методикалық талдау
5. Көркем сөз
6. Арифметикалық қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын үйрету
7. Жер шары және Европа мемлекеттерінің басты қалалары жөнінен мәліметтер т.б [5,35].

Негізінен Ыбырай мектепте оқуды ана тілінде жүргізді. Бірақ орыс тілі де оқу мазмұнының ең маңызды бөлімі болып саналды.

Ы.Алтынсарин оқыту әдістерін жаңа бағытта оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздей отыра құрды. Мектеп оқуында, әсіресе ана тіліне үйретуде ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің терең ойларын басшылыққа алды.

1864 жылы мамыр айының аяғында Ы.Алтынсарин салтанатты жағдайда, жұртшылық алдында өз мектебінде бірінші оқу жылы бойынша сын (емтихан) жұмысын өткізді. Оқуды дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде оқушылар төрт жарым ай ішінде орысша дұрыс жазып, оқи білетін болған. Шәкірттер 1000-ға тарта орыс сөздерін үйреніп, оларды байланыстырып қолдану ережелерін мәлімедей алатын болған.

1869 жылы Ы.Алтынсарин жұмыс бабына байланысты бұл мектептен кетуге мәжбүр болды. Бірақ демократ-педагог Ы.Алтынсарин ашқан тұңғыш қазақ мектебі прогресшіл орыс педагогикасының негізінде туған қазақ арасындағы шын мәніндегі азаматтық мектептердің үлгісі, азаматтық білімнің ірге тасын қалауда алғашқы бастама болды.

Мұнан кейінгі өмірінде де Ыбырай өзінің педагогикалық ой пікірлерін байыта, тереңдете берді. Әсіресе ол орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің мол мұрасына тереңірек үңілді. Оның педагогикалық принциптерін жаңада ашыла бастаған орыс-қазақ мектептерінің оқу тәрбие жұмыстарына ендіру жолдарын іздестіреді. Ушинскийдің педагогикасын демократ-педагог Ыбырай зор көрегендікпен меңгере отырып, оның оқулықтары үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап жаңа оқулықтар жасауды жоспарлайды. Бұл жөнінде ол Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Балалар дүниесі» («Детский мир»-К.Д.Ушинскийдің оқулығы) маған өте ұнап кетті, өйткені онда менің аудармақ болып жүрген нәрселеріме жарамды мақалалар көп екен»-деп хабарлайды [6,4].

Осылай қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин арқылы К.Д.Ушинский ілімі қазақ мәдениетімен оқу-ағартуына және мектебіне тереңдеп ене бастады.

Ы.Алтынсарин орыс мектептерінің мол тәжірибесін терең меңгеру бағытында қажымастан еңбектенді. Әсіресе ол орыс бастауыш мектептерінің қайраткерлері Л.Н.Тостойдың, Н.Ф.Бунаковтың және Н.А.Корфтың шығармаларын, олар ұйымдастырған мектептер тәжірибесін ыждағатпен зерттеді.

Ыбырай он жыл (1887-1889) бойы Торғай облысының халық училищелер инспекторы қызметін атқарды. Осы жұмысында сан салалы ағартушылық инициативалар көрсетуіне оның қазақ халқының әлеуметтік – экономикалық құрылысын және мәдени өмірін терең білуі зор мүмкіндік туғызды. Ол Қазақстанда оқу-ағартумен мектептерді дамытудың түбірлі мәселелерін қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірімен байланыстыра білді. Орыс педагогтарының озық идеяларын қазақ халқының шаруашылық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес шеберлікпен қолданды. Ол жаңадан ашылып жатқан мектептердің қазақ халқының саяси-қоғамдық прогресіне әсер тигізетіндей болуын, олардың сахара даласында тығыз мәдени ошақтарға айналуын табанды түрде талап етті [7,72].

Алтынсарин мектептің мынандай болуын арман етті:

- жаңа мектеп жаңа өмір үшін күресшілер дайындауы керек, оған діннің ешқандай ықпалы болмауы тиіс;
- мектеп халық үшін орыс мәдениетін, білімі мен ғылымын оқып үйренудің ошағы болуға тиіс;
- мектеп халыққа өзінің және орыс халқының мәдениетін, ғылымын таратып, жалпы отандық орыс тілін үйренуге тиіс;
- ол қазақ халқы арасына жаңа мәдениетті, жаңа әдеттер мен тәртіпті, гигиена мен санитарияны қолөнер мен көркемөнерді тарататын бірден-бір мәдени ошақ болуға тиіс;

- мектеп өмір мен табығат туралы ұғымдарды кітап арқылы ғана емес, көрнекі құралдарды қолдана отырып түсіндіруге тиіс;
- мектептің арнайы учаскесі, тәжірибе жүргізетін бау-бақша, гүл алаңы болуға тиіс. Мектеп жанында сол маңдағы халықтың сауатты бөлігіне қызмет ете алатын ыңғайлы жабдықталған кітапханасы болуы керек;
- алдыңғы қатарлы орыс мектебінің теориясы мен практикасының қол жеткен табыстарын пайдалана отырып, оқу процесін үлгілі ұйымдастыруға тиіс;
- қазақ мектебіндегі ғылым негіздері жүйелі түрде тиянақты оқытылып, ол сапалы оқу құралдарымен жабдыкталуы керек;
- мұғалім ұстаз әрі тәрбиеші ретінде мектепте барлық істің тетігін шешеді. Жұмыстың табысты болуы оның өз ісін сүйе білуіне, соған деген ынтасы мен ықыласына байланысты [8,88].

Өзінің инспекторлық қызметі кезінде, жергілікті халықтың қолдауымен және орыс ағарту қайраткерлерінің көмегімен жоғарыдағы талаптар тұрғысынан Торғай облысының барлық бес уездік қалаларында бес екі кластық училище ашты. Олардың әрқайсысының жанында 50-орындық интернаты болды. Бұл училищелер бастауыш үйлеріне оларды жабдықтауға Ы.Алтынсарин орыс бастауын мектептерінің үлгісін қолданды.

Сөйтіп, Ыбырай шын мағынасында, оның орыс орыс достары дәл көрсеткендей «қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер» болды, өз еліне «Еуропа мәдениетінің жарық сәулесін тартты».

1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызыметіне тағайындалғаннан кейін Ыбырай Алтынсарин ол кездегі облыстық әкімшілік орталығына (Орынбор қаласы) көшпей Торғай қаласында қалады. Ыбырай Алтынсарин өзінің қызықты да, қиын өмірінде мектеп ісін жақсартуға байланысты сан қырлы жұмыстармен айналысқан.

Байтақ жатқан Торғай қаласындағы мектептер жүйесін кеңейтумен шұғылданды. 1883 жылы Қостанай уезі (Николаевский) тұрғылықты орынға айналдырылды. Өзінің туған жері Арқарағай болысында, Қостанай қаласынан үш шақырым жерде орналасқан. Осы жерден ағаш үй салдырып, мұнда ол қызмет істеп, қайтыс болғанға дейін тұрған.

Ыбырай Алтынсариннің науқастануы, өмірінің соңы мен қайтыс болуы мен жерлеу салтанаты турасында Қостанай қаласындағы орыс-қазақ мектебінің мұғалімдерінің бірі Ф.Д.Соколов 1889 жылғы тамыздың 9-шы жұлдызындағы хатында: Ы.Алтынсарин туралы жылы лебіз білдіре отырып «Мейірімді әрі қымбат», «Жаны жайсаң» адам дей келе Ф.Д.Соколов, ол 1889 жылы сәуірдің 24-ші жұлдызында «Жүрегі мен бауырының ауруы» салдарынан аса қатты науқастанып қалды. Қостанай қаласындағы мектеп мұғалімдері және шәкірттермен суретке түскенде өзінің сырқаттанып жүргенін айтады. Ал, сәуірдің 24-ші жұлдызында Қостанай қаласынан өзінің қыстауынан келісіммен жергілікті дәрігер М.Қарабаевтың қадағалауымен төсек тартып жатып қалады»- деп жазған [9,31].

1889 жылы мамыр айының 24-ші жұлдызында Қостанай қаласына жол жүреді, мұнда үш күдей болып, губернатормен кездесіп, мұндағы мектеп ісінің

хал-ахуалы жайында баяндайды. Ы.Алтынсариннің мәліметтері мен өтініштерін губернатор ықылыспен тыңдап, олардың орындалуына көмектесуге уәде береді.

Осы соңғы өтінішінен кейін қазақтың қамқоршысы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің халі нашарлай береді. Тройцкіден тәжірибелі дәрігер шақырылады, ол сырқатты қарап, кеңес береді. Алайда науқастың халі бұрынғыдан да бетер нашарлай түседі.

Ы.Алтынсариннің науқасының деңдеп кетуі жайындағы хабар бүкіл Торғай облысына тарайды да, көңілін сұраймын деген жұрт маңайындағы ауылдардан ғана емес, тіпті алыс уездерден де ағыла бастайды. Соңғы үш күнде Ыбырай тілге келе алмай жатады. Ы.Алтынсарин 1889 жылы шілденің 17-ші жұлдызында күндізгі сағат 11-де 48-жасқа толуына үш ай, үш күн жетпей дүниеден өтеді. Сансыз халық жиналып, қазақ дәстүрі бойынша Тобыл өзенінің қасындағы әкесінің қасына жерленеді.

Қорыта айтатын болсақ, Ы.Алтынсариннің өз ана тілінде оқыту үшін күресі қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтау және дамыту мәселесінің айғағы болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Алтынсарин И.А Собрание сочинаний в 3-х томах Т.3. «Н» 1978 г 250-368 стр
2. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы, Қазақтан, 1991.-79 бет
3. Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки. Спб., 1913.-90с
4. Байбосынов Ә. Оқу ағартудың отаршылдық жүйесі // Қазақ тарихы.-2002 , -№ 4 , 23-26 бб.
5. Бержанов Қ. Оқу ағартудағы халықтар достығы., Алматы, 1976. 35-65 бб .
6. Еламанов Қ Негізін Ыбырай қалаған мектеп // Ақтөбе, 1999., 15 – шілде, 4-6 беттер
7. Елікбаев К. Ғұламалар тағлымдары // Қазақстан мектебі,- 2002 ж. №6, 70-72 беттер.
8. Қарасаева Ғ.М Қазақстандағы алғашқы мектептер, арнайы оқу орындарының ашылуы тарихы, мақсаты мен міндеттері // Каз. МҰУ хабаршысы.-Тар. сер. –2003 жыл.- №3- 88-96 бетте
9. Қарасаев Ғ. Қазақ жеріндегі тұңғыш мектептер . 19-20 ғғ. // Қазақ тарихы-1999.-№4-5,- 31-34 беттер.

**Дайрабаева А.Б.**  
магистр истории, старший преподаватель,  
«Alikhan Bokeikhan University» г. Семей

## **АЛЕЙХАН БОКЕЙХАНОВ И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ»**

Одной из актуальных проблем за годы независимости Республики Казахстан является история Алаш и Алаш-Орды. В последние годы научные исследования по данной проблеме способствовали наработке целого ряда объективных теоретико-концептуальных версий.

Обширный материал об изменениях социально-экономического положения в крае, выразившихся в массовом изъятии земель и переселенческом движении, произволе чиновников царской администрации, все большем вовлечении местного населения в события, происходящих в России, представлен в работе Нурмагамбетовой Р.К. «Движение Алаш и Алаш-Орда»[1]. Эти перемены в корне изменили тактику борьбы в национально-освободительном движении. Колониальный гнет, отсталость традиционного хозяйства и патриархально-родовых отношений, социально-экономические трудности дали резкий толчок пробуждению национального самосознания и чувства патриотизма передовой части общества и как подтолкнули ее к поискам выхода из создавшегося положения.

Поэтому в начале XX века национально-освободительное движение казахского народа вступило в новую стадию своего развития, характерной чертой которого был переход от традиционных форм вооруженной борьбы к политическим методам сопротивления колониальной системе царизма. Как свидетельствуют материалы казахской периодической печати начала века. и творческое наследие выдающихся представителей интеллигенции, вступивших тогда на арену политической борьбы и общественного движения, это было решающим временем для всего казахского народа.

Усиление колонизации и массовое изъятие земель в начале XX века привели к обострению отношений не только с царской администрацией, но и внутренних противоречий в казахском ауле и неминуемо вызвали брожение среди интеллигенции и простого народа. В рассматриваемый период национально-освободительное движение, как и само казахское общество были неоднородным. Наряду с сохранением родоплеменных отношений и остатков кочевой демократии начинали складываться новые социально-экономические условия, связанные с проникновением капиталистических отношений в степь [1]. Формировавшаяся национальная буржуазия не могла играть ведущую роль в политической жизни того времени. Малочисленный и распыленный по мелким предприятиям казахский пролетариат, не имевший политической организации и ориентации, также не мог возглавить национально-освободительную борьбу. В этих условиях руководство освободительным



движением взяла на себя духовно-интеллектуальная элита, наиболее последовательно выражавшая идею национальной независимости.

Революция 1905-1907 гг. в России, младотурецкая и иранская революции способствовали оживлению политической жизни в казахском обществе. В формировании мировоззрения представителей алашского движения важной вехой явилась организация петиционных акций, в ходе которых отработывались основные политические и социально-экономические требования казахского народа, а также борьба за представительство в Государственной Думе. Наиболее известной была петиция 1905 г., подписанная на Кояндинской ярмарке 14,5 тыс. жителей Каркаралинского уезда Семипалатинской области. Ее составили А. Букейханов, А. Байтурсынов, Ж. Акбаев, М. Дулатов, М. Бекметов. Основные требования сводились к разрешению проблем культурно-национального характера: признание за казахами права собственности на землю, где они проживали, обязательного введения в школах, наряду с русским, обучения на казахском языке, исполнение религиозных обрядов согласно мусульманской вере, введение судопроизводства на казахском языке и др. [2].

Наиболее полная картина возникновения движения «Алаш» представлена в архивных материалах ЦДНИ ВКО и музейных фондах историко-краеведческого музея г. Семей, в таких как: протокола, информационные сообщения, письма, телеграммы и личные дела сотрудников, отражающие деятельность Восточного отделения правительства Алаш Орда, которые опубликованы в сборнике научных статей «Алаш таным» [3].

В 1905 г. А. Букейханов выступил на съезде земских и городских деятелей в Москве, категорически требуя равных прав для 5 млн. казахов. А. Букейханов на съезде поднимал социальные проблемы своего народа, в том числе проблемы языка: «...ближайшей нуждой казахов является свобода в употреблении родного языка, особенно необходимая ввиду предстоящей выборной агитации, и я присоединяюсь к предложению тех товарищей, которые просили съезд высказаться за немедленную отмену всех ограничений в правах местных языков». Не случайно 15 июня 1906 г. его единогласно избрали депутатом от семипалатинских казахов в первую российскую Государственную думу. К сожалению, он не смог участвовать в ее работе, так как был задержан на три месяца в Павлодаре Омским генерал-губернатором [4].

В Петербург А. Букейханов прибыл накануне роспуска Государственной думы, вслед за чем и уехал в Финляндию, в Выборг, где вместе со 180 депутатами подписал известное "выборгское обращение" против насильственного роспуска Государственной Думы. За это он подвергся наказанию и решением Петербургского окружного суда был заключен в тюрьму и позже выслан в Самару.

Ведущая роль в разрешении межнациональных конфликтов принадлежала лидерам Алаш, которые, как и прежде, руководствовались принципами миротворческой политики, выраженными ими в 1916 г. Так, А. Букейханов, исходя из реальных условий, выступил против самовольных

захватов земли казахами, призвал их не "ссориться с русскими, жить с ними в ладу".

Газета "Казах" стала печатным органом партии. Как отмечалось выше, на съезде А. Букейханов объявил о своем решении выйти из партии кадетов, оказавшейся неспособной выразить и защитить интересы "инородцев". В открытом письме "Почему я вышел из партии кадетов?" он писал: "Партия кадетов считает правильным передачу земли в частную собственность. Наш казах, если получит землю в собственность, поступит как башкир, продаст ее соседнему мужику и через несколько лет обнищает, останется совершенно гол. Партия кадетов против национальной автономии. Мы же, собравшись под знаменем Алаш, решили создать национальную автономию»[4].

Таким образом, в конце 1917 г. Политическое руководство национально-освободительным движением в крае большей частью принадлежало единственно организованной партии Алаш, социально-политический статус которой можно определить как национально-демократический. Естественно, что процесс формирования и становления партии со всеми присущими ему признаками был сжат во времени, а затем вообще прерван стремительным развитием революционных событий, приведших к октябрьскому перевороту. Поэтому в отношении партии Алаш применительно такое определение, как «движение» поскольку алашское движение и до появления партии «Уш жуз» и других групп являлось главной руководящей силой всей национально-освободительной борьбы казахского народа начала XX века.

Деятельность Временного правительства и течение общественно-политической жизни России и ее национальных окраин в русле демократических перемен была прервана октябрьским переворотом, сломавшим все традиционные социальные связи, появившиеся политические институты, движения. Не успев до конца оформиться в партию, движение Алаш было вынуждено сконструироваться как общенациональный орган государственной власти.

Это произошло на II-ом Всеказахском съезде, проходившем с 5 по 12 декабря 1917 г. в Оренбурге. Съезд объединил представителей различных слоев казахского общества. На съезд прибыли делегаты из всех областей Казахстана. В его работе участвовали так же представители казахов Алтайской губернии, Самарканда, Киргизии. На повестке дня стояли следующие вопросы: « 1. О Сибирской, Туркестанской автономиях и о юго-восточном союзе. 2. Казах-киргизская автономия. 3. Милиция. 4. Народный Совет. 5. Образование. 6. Народная казна. 7. Проблемы муфтиатства. 8. Народный суд. 9. Аульное управления. 10. Продовольственный вопрос.

Центральной проблемой, обсуждаемой на съезде был вопрос о национальной автономии. С докладом по этому вопросу выступил А.Букейханов. Выслушав и обсудив его, делегаты избрали комиссию из 5 человек для окончательной разработки вопросов об автономии, милиции и Народном Совете. От лица комиссии выступил Х.Габбасов, исходя из этого доклада съезд вынес следующую резолюцию: «В связи с падением Временного

правительства, съезд в целях предотвращения распространения анархии и гражданской войны, единственным выходом из создавшегося положения считает: 1. Образовать территориально-национальную автономию областей Букеевской Орды, Уральской, Тургайской, Семипалатинской, Акмолинской, Семиреченской, Сырдарьинской областей, киргизских уездов Ферганы, Самарканда, Амударьинского отдела, Закаспийской области, смежных киргизских волостей Алтайской губернии, представляющих сплошную территорию с господствующим населением единого казах-киргизского происхождения, единой культуры, истории, единого языка. 2. Назвать казах-киргизскую автономию – Алаш.

При обсуждении вопроса о времени объявления автономии мнения разделились: одни участники предлагали немедленно ее провозгласить (33 депутата), другие считали необходимым повременить и официально объявить более удобное время. Большинство голосов (42 против 33) прошло второе предложение. Придерживаясь демократических принципов в государственном строительстве съезд провозгласил равенство всех национальных меньшинств, проживающих в пределах «Алашской автономии», «во всех учреждениях автономии представители всех наций должны быть представлены пропорционально. Представляется также экстерриториальная и культурная автономия тем, кто оказался без территории в пределах автономии «Алаш».

Создание Казахской автономии и, таким образом, возникновение казахского демократического государства в рамках России было действительно крупным историческим событием в жизни казахского народа, попыткой восстановления государственности, утраченной вследствие колониальной зависимости. Однако недолгой была жизнь этой автономии, не признавшей легитимности власти большевиков. Интеллигенция России, в том числе и казахская, в большинстве своем враждебно встретила революционный переворот в октябре 1917г. Для основной массы народа вторая революция была непонятной, так как «у киргиз нет капитализма, ни классовой дифференциации». Тем более, что большевистское движение, отмечал А.Байтурсинов, «сопровождалось повсюду насилием, грабежами, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью...», движение на окраинах часто представляло собой не революцию (как она обычно понимается), а полнейшую анархию».

В своей работе «Киргизы. Формы национального движения в современных государствах». А.Букейханов выделяет два направления в зарождавшемся освободительном движении в Степном крае в начале XX века: « с одной стороны, интеллигенция, воспитанная на русской литературе, верующая в европейскую культуру.. считавшая религиозные вопросы второстепенными». Эту группу он называет «западниками». Вторую»воспитывавшуюся в духе восточной ортодоксии и национально-религиозной исключительности», называет «тюркофилами и поборниками панисламизма». В результате такого расклада политических интересов и ориентиров, автор подчеркивает, что в первом случае организации политической партии она будет соответствовать

оппозиционным русским, в частности, «народной свободы», а во втором-мусульманским, татарским партиям.

А.Букейханов, исходя из анализа особенностей развития казахского общества в начале XX века, выявил истоки возникновения будущего алашского движения. Следует отметить, что в период его зарождения характерной чертой движения была его малочисленность. Тем не менее, в тех социально-экономических условиях и их проекции на политическую жизнь в казахском обществе, часть национальной интеллигенции, придерживающаяся западной ориентации, пользовалось большой популярностью среди населения. Основная причина роста популярности и авторитета заключалась, во-первых, в «..беспощадной критике и строгом анализе царской политики и протесте против нее». И, во-вторых в проведении широкой просветительской работе среди казахского народа. «Оян,казах!» как манифест будущего алашского движения заключая в себе главную идею- пробуждение от средневекового невежества и темноты для борьбы за свою свободу в независимость. Этим проблемам были посвящены многочисленные публикации в газете «Казах»(1913-1919), первые прозаические и поэтические произведения М.Дулатова, К.Кеменгерова, А.Байтурсынова, М.Жумабаева, Ж.Аймаутова и многих др.

В своей работе «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана» Д.Аманжолова отмечает острую актуальность изучения этнополитического прошлого постсоветских стран по отношению к истории национальных движений конца XIX- начала XXвв. Это в полной мере относится и к истории казахского движения Алаш, зародившегося в годы первой русской революции и прекратившего организованное существование в 1920 г. К основным характеристикам Алаш как этнополитического феномена следует отнести, по крайней мере, следующие: возникновение движения Алаш было закономерным результатом социально-политического и культурного развития казахского народа в условиях системного кризиса империи и связанного с ним процесса политизации этнокультурных проблем в полиэтничном и конфессиональном сообществе народов России; история Алаш подтверждает общность типичных черт и обстоятельство возникновения, функционирования и эволюции этнополитических движений [5].

В научных трудах Койгельдиева М., Сыдыкова Е.Б., Д.Аманжоловой, Нурмагамбетовой Р.К. на основе анализа широкого круга исторических и историографических источников представлен процесс накопления и трансформации исторических знаний по проблеме движения «Алаш» и автономии Алаш-Орды.

Таким образом, изучая и исследуя музейные и архивные материалы можно проанализировать:

В начале XX века движение Алаш разбудив национальное самосознание, открыло пути совершенствования новых политических идей, мыслей и взглядов, подняло национально-освободительную борьбу казахского народа на новую ступень.

А.Букейханов, А.Байтурсынов, М.Дулатов, Ж.Досмухамбетов, Х. Досмухамбетов, М.Шокаев, Ж.Акбаев, М. Тынышбаев, Р.Марсеков, и др. видные деятели движения Алаш на пути свободы и равенства вышли на борьбу через периодическую печать.

Деятели движения Алаш участвуя на собраниях Государственных дум, мусульманских съездов и выступая на всеказахских, областных, уездных, волостных съездах поднимали социальные проблемы казахского народа: это земельный вопрос, языковая проблема, и религия.

### **Список использованной литературы:**

1. Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. - Алматы, 2003.–С.9-17
2. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Алма-Ата-Москва: Казгосиздат.1935. С.94-96
3. Алаш таным. Сборник документов, ( Под ред.Сыдыкова Е.Б.) - Семей, 2012г.- I том.- 420 стр, II том.- 425 стр
4. Букейханов А. Указ. Соч. Казахстанская правда.1993. 19 июля. – С.15-16
- 5.Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана., Алматы,2009. – С. 10-12
6. Аманжолова Д. Россия и казахский автономизм. История движения Алаш /1905-1920г.г./ Москва, 1995. [dvs.rsl.ru](http://dvs.rsl.ru).

### **Джакипова Т.У., тарих магистрі**

Ке АҚ «Семей Мемлекеттік медицина университеті», Семей қ.

## **1945 ЖЫЛДАРДАН КЕЙІНГІ ШЫҒЫС ӨҢІРІНДЕГІ ЭТНО-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ**

КСРО үшін соғыстан кейінгі жылдар бүлінген экономиканы, халық шаруашылығын қалпына келтіру, демографиялық жағдайды түзеу, халықтың әл-ауқатын қалпына келтіру, бір сөзбен айтқанда мемлекеттің ішкі жағдайын бұрынғы арнаға қайта түсіру болатын. Соғыс жылдарында барлық салалар әскери талаптарға сай бейімделіп, ірі өнеркәсіп орындары соғысқа аса қажетті өнімдерді шығара бастаған болатын.

1945 жылы мамырында Кеңестер Одағының фашистік Германияны жеңіп және 2 қыркүйекте Қиыр Шығыста қауіп төндіріп тұрған Жапонияның Квантун армиясын тізе бүктіргеннен кейін әскери тұтқындар мен интерн-тұтқындарды (Жапония сарбаздарын әскери тұтқын емес, бас еркінен заңсыз айырылғандар деп санаған) КСРО территориясына этаппен жөнелту үдерістері жүргізілді.1945 жылы 26 шілдеде қол қойылған Потсдам декларациясының 9-тармағында

«Қарусыздандырылғаннан кейін жапон қарулы күштерінің бейбіт өмір сүріп, еңбек етуі үшін өз ошағына оралуына рұқсат етілді» бұл тармақты орындамады.

Қазақстанға әкелінген әскери тұтқындардың саны 59 мыңдай болған. Ең алғашқы әскери тұтқындар 1945 жылдың 5 қазанында жапон солдаттары тиелген Семей облысына келген. Бұлардың кейін бірнеше облыстарға бөлініп,

өнеркәсіп саласына, құрылысқа, шахта-кеніштерде, ауылшаруашылығына қара жұмысқа жіберілген. [1]

Соғыс аяқталғаннан кейін де КСРО-ның жағдайы ауыр болды. 1946 жылы соғыс болып өткен, ауылшаруашылығы қалпына келтірілмеген жерлерде ашаршылық нышаны біліне бастады.

Оның үстіне соғыс болып жатқан жерлерге ауылшаруашылығының барлық өнімін беріп отырған одақтас республикалардың жағдайы да орташа еді. Қазақстан соғыс жылдарынан кейін де Ресейдің ірі қалаларын астықпен қамтамасыз етіп отырды. 1946 жылы 27 маусымда КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК «Астықты сақтауды қамтамасыз ету, оны талан-таражға салуға, ұрлыққа және ысырап жасауға жол бермеу шаралары туралы», бұдан кейін 25 қазандағы Мемлекет астығының сақталуын қамтамасыз ету туралы» қаулыларының қабылдануы астықты дайындауда мемлекет тапсырмасын орындамаған жауапты адамдарды жазаға тартуды қолға алды. Нәтижесінде 1946 жылдың екінші жартысында Қазақстанда астық науқаны кезінде 317 ауылшаруашылығы артелі бастықтары, ауылдық кеңес пен колхоз белсендісінен 308 адам тұтқындалды. [2, 526 б.]

Экономика саласын көтеруге тартылғандардың басымы неміс әскери тұтқындары болды. Шығыс Қазақстан территориясында бір уақытта екі бірдей неміс лагерлері пайда болған. Ең бірінші 1945 жылы майда Лениногорда №347-ші лагерь құрылған екен. Оның тоғыз бөлімшесі болған екен. 1948 жылдың тамызында жойылыпты. Ал екінші №45 лагерь 1945 жылы қаңтарда құрылып, 1947 жылы қазанда жойылды. Лениногор қаласына жіберудің өз себебі бар еді. Әскери ірі өнеркәсіп орындары, түсті металл шығару, орман ағаштарын өңдеу осы өңірде шоғырланған еді. [3, 244 б.]

Қазақстанда жер аударылғандардың едәуір тобы неміс халқы болды: Еділ бойынан қоныс аударғандардың, жұмылдырылған және жергілікті немістердің жиынтық саны 445 мыңнан асты. КСРО-да арнайы қоныстар жүйесі таратыла бастағанда, 1950-ші жылдардың ортасында, жер аударылғандардың үлесі республика халқының жалпы санының 15%-ын құрады. Жаппай қоныс аударудың республикадағы экономикалық және әлеуметтік салаға әсері екі жақты болды: бір жағынан, Польша азаматтарын босатқаннан кейін аймақтық арнайы қоныс аударулар «жанданды», екінші жағынан - экономикалық жағдайды шиеленістірді, өйткені соғыс уақыты жағдайында, 1,5 млн.эвакуацияланған адамдар болған жағдайда, 0,5 млн. - нан астам жер аударылғандарды орналастыру талап етілді. [4, 37-38 б.]

Билік аз уақыт ішінде байырғы халықтан этникалық және мәдени жағынан алыс көптеген адамдарды біріктіруге тиіс болатын. Әрбір депортациялық науқан арнайы қоныс аударушыларды міндетті түрде қоныстанған жерлерде шаруашылық жағынан бекіту жөніндегі іс-шаралар сериясымен ілесіп жүрсе де, бірінші жыл оларға ең ауыр болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңестер Одағына жер аударылғандар үкіметтің арнайы бұйырығымен жүзеге асырылды.

Соғыстан кейін де Қазақстан әлі де жер аударылғандардың мекені болды. 50 мыңдай Қазақстанға жер аударылғандар келді. Сөйтіп, жер аударылғандар республика халқының 15%-ін құрады.

1949 жылы республикада 820 165 арнайы қоныстанушылар тіркеуде болған. Ал олардың саны 1952 жылы 1 шілдеде 974 469-ға жетті. Облысқа бөлінгенде Шығыс Қазақстан облысында – 45 055, Семей облысында – 52 517 өзге этностар болды. [5, 24 с.]

XX ғасырдың 50-жылдары республикада ең үлкен көші-қон сол уақытта салынған ірі өнеркәсіп құрылыстары салынып және тың және тыңайған жерлерді игеру басталған болатын. Сонымен қатар ауылшаруашылығын дамыту барысы да қарқынды жүргізіле бастады. Жаңа колхоз бен совхоздар құрылды.

Тың және тыңайған жерді игеруге Қазақстанға 1954-1962 жылдарда Европадан 2 млн-ға жуық адам келді. 1954-1958 жылдары 730 жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары салынып, пайдалануға берілді. Республикадағы осы кәсіпорындарды салуға 0,5 млн-ға жуық өзге ұлт өкілдері келген.

1939-1959 жылдар аралығында Қазақстан халықтарының саны Ұлы Отан соғысындағы адам шығына қарамастан бір жарым еседей өсіп, 9 294 741 адамға жетті. Бұл кездерде республикада 182 қалалық елді мекеннің 43-і қала да, ал 139-і қала үлгісіндегі кент болған. [6, 652 б.]

Соғыстан кейінгі жылдардағы республикаға келіп қоныстанған этностарға тоқталсақ, 1948 жылдың тамызына дейін 760,8 мың адам болған екен. Бұлардың 358,7-ы немесе 47% еңбекке жарамды болды. [7, 53 б.]

1951 жылы Қазақстанда жер аударылғандардың жалпы саны 893 276 адам болды. Олардың 108,6 мыңы Ақмола облысына, 122,7 мыңы Қарағанды облысына, 92,3 мыңы Көкшетау облысына, 86,4 мыңы Оңтүстік Қазақстан облысына 78,2 мыңы Қостанай облысына, ал қалғандары басқа облыстарға жіберілген. Этностық жағдайына бөліп қарастырсақ, бұлардың 414 956-ы немістер, 353 313-і Солтүстік Кавказ тұрғындары, 30 438-і Грузиядан келгендер, 6039-ы қырымдықтар, 36 492-і Қара теңіз жағалауының байырғы тұрғындары, 2334-і қалмықтар, 7128-і оуновтықтар, 4454-і ирандықтар, 34 002-і поляктар, 2785-і басмаштар, 1277-і власовтықтар. [8, 119 б.]

Бұл қоныстанушылардың 107 855 адамы қалалар мен аудан орталықтарына орналасқан. Нақтырақ келтірсек, 54 122 немістер, 40 091-і Солтүстік Кавказдықтар, 2687-і Қырымнан келгендер, 5624-і оуновтықтар, 2479-і поляктар болды. Облыстарға бөлгенде Семейде арнайы қоныстанушылардан 1763 адам, ал Шығыс Қазақстан облысында 1729 адам өмір сүрген. [9, 119-120 б.]

1952 жылдың басында республикадағы арнайы қоныстанушылардың саны 930 776 адамға жетті. Бұлардың 12%-і қалалы жерлерде тұрған. [10, 119,129 бб.]

Облыс қалаларына, аудан орталықтарына, темір жол бойына топтасып орналасқандарды еңбек күшін қажет ететін орындарға бөлу мәселесі қолға алынып, 1952 жылдың сәуірінде Шығыс Қазақстанға - 1500 адамды, Семей

облысына – 2991 адамды әкеліп орналастыру жөнінде шешім қабылданды. Жалпы республика бойынша, 95 мыңдай адам өндіріс орындарына жіберілетін болды. [11, 172 б.]

1953 жылдың қазанына қарай республикада келген өзге ұлттардан 138 334 адамдық 40 296 отбасын басқа өңірге

1953 жылы КСРО-да 316 717 шешендер мен 83 518 ингуштар болған. Бұлардың Шығыс Қазақстан облысында 23 060 шешен ұлт өкілдері, 3 ингуш ұлт өкілдері, ал Семей облысында шешендердің 19 495 адамы, ингуштардың 58 адамы қоныстанған. 1957 жылы 9 қаңтарда КСРО және РКФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының вайнахтар жер аударуды жою және Шешен-ингуш автономиялық республикасын қалпына келтіру туралы біріккен қаулысы жарық көрді.

Кезінде Шешен-ингуш АКСР-і таратылғанда оның көп территориясы 1944 жылдың наурызында Солтүстік Осетин АКСР-не қосылған болатын. 1957 жылы Шешен-ингуш АКСР-і қайтадан қалпына келтірілсе де, КСРО-ның өзге республикаларына жіберілген шенедер мен ингуштар өз еліне кері қайтара қоймады. Көпшілігі жергілікті халықпен етене араласып, тұрақтанып қалды. [12, 429 б.]

КСРО-дағы 1956 жылдың соңына дейін депортацияланған неміс ұлт өкілдері ай сайын комендатураға белгіленіп отырды. 1955 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Арнайы қоныстанушы-немістердің шектеуліктерін алып тастау» туралы Жарғысы шыққан.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_japanese\\_prisoners\\_of\\_ww2/27222435.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_japanese_prisoners_of_ww2/27222435.html)
2. Қазақстан тарихы. Алматы, 2010. 4-том. 526-б.
3. «Знать, чтобы не забыть: тоталитарная власть и народ в 20-начале 50-х годов XX века», конференция 2014 г. 30 мая, 244-стр.
4. Аблажай Н.Н. Кампания внутренней 37-38-бб.
5. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. -126 с. 24-б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б. 652-б.
7. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 53-п.
8. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 119-п.
9. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 119-120-пп.
10. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 119, 129-пп.
11. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 15-іс. 172-п.



12. «Знать, чтобы не забыть: тоталитарная власть и народ в 20-начале 50-х годов XX века», конференция 2014 г. 30 мая, 429-стр.

**Жаркимбаева Д. Б., ф.ғ.к.**  
«Alihan Bokeihan University» ББМ, Семей қ.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ (Тілек, бата, боғауыз сӨз жӨнінде)**

Еліміздің тәуелсіздігіне отыз жыл болды. Жетістіктеріміз көп, бірақ, қалай десек те кемшіліктерден толық арылып болдық дей алмаймыз. Ұлттық мүдде үшін және ұлттық мәдениетінің дамуы үшін ерекше рөлі бар қазақ тілі мәселесі әліде толық шешілді деп айту қиын. Ұлттық болмысына теріс әсерін тигізетін өзге елдің тілінен енген дәстүрлердің бір-екісіне тоқталуды жөн көрдік. Бұл бата-тілек пен боғауыз сөздердің қолданысы туралы ой-пайымдаулар.

Кеңестік кезеңде белес алып осы кезге дейін қазақ қауымының жиын тойларында тілек айту мәдениеті ерекше орын алып келеді. Бұл көне қазақ дәстүрі ма? Қазақтар туыс, достарын шақырып арнайы тілек айтқызды ма? Бұрынғы тойлар қалай өткізілді? Екі сұраққа бір жауап. Қуанышқа қазақ арнайы қайырлы болсын айтып кіріп, себебіне қарай айтар тілектері әр түрлі болған. Балаға - «бауы берік болсын», келінге - «оң аяқты болсын!», қызға - «барған жерде бағың ашылсын!», затқа - «құтты болсын!» - деген сияқты тілектерді әркім ниетін білдіріп айта береді. Қуанышына той жасаған. Онда алтыбақан құрып ойын-сауық, ақындарға айтыс, палуандарға күрес, ат жарысы, жаяу жарыс және тағы басқа сайыстармен қызықты іс-шаралар ұйымдастырып, жүлде тігіп, сыйлы қонақтарға шапан жауып риза қылған. Ал, негізгі тілек бата ретінде арнайы адамға ғана ұсынылған.

Қазіргі тойларда айтылатын тілектер орыстардың «пожелание» айту, кавказдықтардың «тост» айту дәстүрімен байланысты. Ал бұл екі дәстүр де ішімдік ішер алдында айтылатын тілек түрі. «За здравие» - деп орыстар арақ ішсе, достарына есте қаларлықтай көңіл білдіріп кавказдықтар тост көтеріп вино, шарап ішеді. Ал көшпелі қазақтар шарап, арақ ішпеген, көңілді көтеретін сусын да, ас та болатын қымыз бен шұбат ішкен. Және ыдысын көтерген сайын тілек айтып ішпеген. Басында сойылатын малға бата берсе, ас бітіп әңгіме - дүкендері аяқталғанда үлкендері ризашылығын батамен жеткізген, не дәстүрлі той болса себепкерге арнап бата берген. Сусын мен ішімдік ішу рәсімін тілекпен жалғастырмаған. Бұл үдеріс өзге елдің дәстүрінен енгенді түсіну қиын емес.

Бата мен тілектің айырмашылығын А. Тойшанұлы олардың сыртқы құрылымы жағы мен мазмұны туралы өте жақсы айта кетіп, бата мен тілектің ішкі жағы мен бастауларына үніле, сөздің бір магиялық құдіреті жөнінде айтады. Осы соңғысына тоқтап батаның тілектен айырмашылығы жөнінде сөз қосқанды жөн көрдік.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Тілек тілеу кез келген адамның ниетін білдіруде көне қазақтың дүниетанымдық бастауларға байланысты болып табылып (құт береке берсін, сұқ көзден сақтасын, аруақ қолдасын) уақыт өте көзқарастық деңгейдегі өзгерістер еніп тілектің заманауи үлгілері пайда бола бастады. Ендігі кезеңде «жаратқан», «аруаққа» көп сүйенбей адами қажеттіліктерді (денсаулық, мол бақыт, бала-шағаң көп болсын, тсс.) тілей бастады. Тәңірлік дүниеге байланысты болған «құт», «ырыс», «бақ» және «жол иесі», «мал иесі», «дерт иесі» тылсым дүние иелері еске алынбайды. Бұл жерде «тылсым» о‘дүние мен бұ‘дүниенің айқасқан кеңістігі деп түсінген дұрыс. Адамның көзі көрмейтін мөлшер, құлағы қабылдамайтын дыбыс толқыны, сезім мүшелері сезіне бермейтін құбылыс әлемі. Тілек тілегендер сол «ие» мен «киелердің» қолдауын тілеген. Бұл тәңірлік дүниетанымға байланысты сана материализм және атеизм ықпалымен жойылып кеткенін байқатады. Осы жерде бата мен тілектің айырмашылығының негізі жатыр. Кейбір авторлар «бата сөздер – адамдардың бір-біріне жақсы тілегін, ықылас ниетін білдірудің құралы» - деп түсіндіреді. Бұл қазіргі таңда жалпыға ортақ түсінікке айналып кетті. Батаны кім береді деген сұраққа «бата беру ауылдың үлкендерінің, қадірлі қариялардың, атақты батырлардың, ақындардың, би-шешендердің, ақсақалдардың, жолы үлкен адамдардың, құдайы қонақтың үлесіне тиген», не болмаса «оны көпті көрген, ортасына сыйлы, аузы дуалы, батагөй қариялар береді» деген жауап табамыз. Осы жерде «ауызы дуалы» деген қандай адам? «Аузы дуалы» деп берген батасы қонып, барлық айтқан тілектері орындалатын көріпкел, әулие. Бата – бұл жәй тілектен өзгеше, бата - бұл тәңірлік дінімен біте қайнасқан құбылыс (феномен) болған. Және жай көпті көрген ақсақалдармен байланысты емес, бұл тылсым күш иелеріне қатысты құбылыс. Олардың көрегендігі, көріпкелдігі тылсымдық байланыс арқылы ақпарат алу мүмкіндігі болған. Қазақта «иесі бар», «аян алу» деген сөз тіркестер осы мүмкіндіктерінің ерекшелігі жөнінде айтылған. Олар бата сұраған адамның барлық тағдыры туралы ақпаратты оңай айтып беріп, келешекте не күтіп тұрғанын ашып айта алған. Қазақ халқының аузы дуалылар Майқы би, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар. Бұл ақылгөй абыздардың өмірде шын болғандары туралы, көріпкелдік пен айтқан бата-сөздері қазақ халқының жадысында сақталып осы кезге дейін жетті. Ұзақ жасап (Сыпыра жырау 180 жас жасаған саналады) көпті көргендері мен қатар олар тылсым күш иелері ретінде болжам айтқан, хандарға баталарын берген. Сондықтан, бата сөздері бұрын жаттанды болмаған. Әр бата тілеушісіне не халқына арнайы берілген. Бұл мирастық дәстүр үзілмей ғасырлардан ғасырларға өтіп жалғасын тауып тарихи деректерде құжатталып, әдебиетке еніп, қазақ халқының рухани құндылығына айналғанын көреміз. Өйткені әр батаның өзегі – бұл адамдықтың дәнін келер ұрпаққа себу, әділеттілікті, арлылықты, намыс пен қайсарлықты ұстаным ету арқылы елі мен халқына еңбек етуді тәрбиелеу. Бата арқылы ханын да түзей алған, халқын да ауызына қаратқан. Және абыздардың бата сөздері халықтың жадында сақталып тілектерге, мақал мен мәтел, ақыл-нақыл сөздерге айналып бізге жетті.

Сөздің сиқыр (магиялық) құдіреті барына қазақтар сенген, бос сөзге үйір болмауды үйреткен. «Бос сөз – боқ сөз», «бір елі ауызға екі елі қақпақ» деуі қазақ қоғамында беталды сөз сөйлегенге жол бермеген. «Аз сөйлеп, көп тыңда» - тәрбиенің негізгі ұстанымы. Бала кезінен бастап ұрпақты сабырлыққа, тәртіпке тәрбиелеу артық сөйлемей, үлкен тұрғанда кішінің сөйлеуіне жол бермеу арқылы үлкенді сыйлату, «көп сөйлесең мылжың боласың» деп тиым салған. Үлкендердің сөзін тыныш отырып тыңдау, естігенді «тоқу», ақыл айтқанның ақылын тыңдау – тіл мәдениетіне баулу жолы. Бала болып жиналып қалған жерде орыстардың анекдоттарын айтып отырған кезде әкеміз қазақшалап «олардың пайдасы жоқ мылжың сөздерін тыңдағанша берекелі іс жасаңдар» - деп бос сөз сөйлеп уақыт оздырғандарымызды қаламайтынын білдірді. Үлкендердің санаға сіндірген - бос сөз айтып отыру (мағынасыз әңгіме, біреуді сөгу, өсек), асыра мақтау (жағымпаздану), көпірме сөзді (қазіргі замандағы «казах без понтов – беспонтовый казах» деп бұл ұстаным терістеліп кетті), біреудің ұсынған тамағын сынау (әркім барын береді) - әдепсіздік болып танылады. Осындай түсініктер арқылы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы қарым – қатынасқа енген адамдардың сөз сөйлеу ережесін жасап тіл мәдениетін қалыптастырып келген. Үлкендердің тілін алу, біреудің сөзін бөлмеу, ешкімнің назына тимеу, әңгімені ұзаққа созбай уақытында доғару – дегендей ережелерді ұрпақ санасына сіндіре білген.

Тәңірлік дүниетанымдағы қоғамда тылсымдық күш ретінде аруақты тану қоғамдық қатынаста ескерілгенін көреміз. Үй иесін ренжітпеу (сынамау, барына разы болу) - шаңырақтың киесін силау, адамның намысына, назына тимеу – аруағын силау болып табылады. «Аруақ назаланса жын болады» деу де соған байланысты. Өз ата-баба аруағын сыйлау – бұл жамандыққа бармау, әділетсіздік жасамау. Жалпы айтқанда «атаңа нәлет келтірмеу» - ғасырлардың елегінен өткен ар-ұждандық ұстанымдарды жадында сақтап ешкімге қиянат жасамай өмір сүруге бой ұсыну, әр адамға жанашыр бола білу. Осы қазақы болмысты келешек ұрпақта жаңғырту жолы қазақтың ұлттық қарым-қатынастағы тіл мәдениетін орнына келтіру арқылы ғана мүмкін. Сондықтан қазақ тілін тек ресми мемлекеттік тіл деп қабылдап құжат толтыру мен өзге тілден қазақшаға аудару арқылы енгізу емес, барлық қазақстандықтар болып қазақ тілде сөйлеуді талап етілу керек. Тұнығымызды лайлаған өзгелерден тіліміз бен дәстүрімізге еніп кеткен жат мәдени элементтерден бас тартуымыз керек. Соның бірі «боғауыз сөздер».

«Боғауыз сөздер» қолдану «мәдениеті».

Қазіргі бұл жөніндегі еліміздегі «мәдениетінің» солтүстік пен оңтүстік ерекшелігі бар. Оңтүстікте «шешесіне» байланысты айтса, солтүстікте «әкеге тиісетін» «жөндерін» айтады. Осы сөздерді қолдану «мәдениетін» кім қалай және не үшін қалыптастырды?

Көне заманда қазақта бұндай «мәдениет» болды ма? Өз өмірімде қазіргі қолданылып жүрген обшестік (ер мен әйелдік мүшелігімен байланысты) боғауыз сөздер орыс мәдениетімен байланыстылығын алғаш рет әкемнің аузынан естігенім бар. Бұл жөнінде бала кезімдегі бір уақиғаны айтып кетейін.

Мен туған жерде (Орынбор обылысы) кеңестік қоғамда орыс, қазақ, татар, украиндықтар барлығы болды. Әкем өзгелермен тең жүріп тең сөйлесетін. Орыстармен жиі-жиі айтысқа түсіп өз үстемдігін де көрсететін. Бізді де солай тәрбиеледі. Ауламыз кең және көшеден кіретін жерде еш бөгет жасалынбаған болатын, көшеден бұрылып аулаға кіре бересің. Өткен-кеткен адам әкеме сәлем беріп шығып кете беретін. Сондай бір күнде терезеден әкем аулаға кіріп келе жатқан орысқа орыстың боқтық сөздерін жаудыртып, қарқылдап күліп құшағын жайып амандасып жатыр. Сонда орыс досы: «Жаркимбаич, ну зачем же так, ну некультурно же» - деп қалған. Сол жерде әкем «айтсын» бастап кетті. «Как же не культурно? Это ж ваша русская культура: пить, курить, матом крыть! У казахов такой культуры не было! Это я по-русски, вашу культуру использую. Казахи водку не пили, табак не курили, матом свою мать-отца не упоминали! Для казахов мать – это святое! Это для русских она с..чка.» - дегенін естіп тереземді жаба қойдым. Басқа тақырыптағы айтыстардан бұл сөздері әжемнің анама айтым жүрген сөздерін есіме түсірді. Көрші жеңгейдің балларына ұрысып жатқанын аулада шай ішіп отырғанда біз естіп қалдық. «Жетпегір», «тұқымың құрғыр», - деген сөздерді қолданып жатқанын естіп әжем анама: «Өз ұрпағын өзі қарғап жатқанын қарашы... Ақылын айтатын үлкендерінің жоқтығы-ай» - деп күрсініп отырып ойға кетті. Анам болса көршісін, «балалары тентек, тағы бірдеңені бүлдірген шығар» - деп ақтаған болды. Әжем анама «келін, қарғам» деп түсіндіре бастады. Қандай ісжасамасын балаң – ол өз ұрпағыңның жалғасы, бала балалық жасамай тұрмайды, не істесе де қарғауға болмайды. Марқұм ата-енесінің аруағы кешірсін. Өз баласы ғана емес, олар ата-бабаларының жалғасы. Аруақты назаландыруға болмайды. «Тұқымың құрғыр» - дегені сол ата-бабаларының арты суалсын дегені ғой. Ол бала сол ата-бабаларының шырақшысы ғой. Олар оны көздері көріп «шырағым бар» - деп дүниеден өтті. Ал келіні болса ауызына келгенін айтып, қарғап жатыр. Қазақтар қарғыс сөздерді қолданбаған, қалай ашу-ыза қысса да балаға қарғыс айтуға болмайды. «Енді қалай ұрсысуға болады?» - деп анам ақыл сұрады. Сонда әжеміз: «жетпегір» емес «жетіп өскір» де, «тұқымың құрғыр» деме «тұқымың жайылғыр де». Осы әңгімені анам көршісіне жеткізді ме, кейін ол кісінің балларына айтқан қарғыс сөздерін естімедім. Жаман сөз бен жақсы сөздердің судың молекуласының құрлымын өзгертетіні жапондық ғалымның зерттеуімен дәлелденген, және медицина ғылымда балағат сөздердің генетикалық деңгейдегі теріс өзгерістерде әкелетінін мойындайды. Бұл ашылуларды бабаларымыз білмей-ақ ұрпақты қарғаудан, ата-анасына нәлет келтіретін теріс істерге барудан қорғануды талап еткен. Қазір әлеуметтік желілерге боғауыз сөздерді жаудыртып тұрған адамдарды түсіріп таратқандарға жаза қолданбай немқұрайлы қарауымызға болмайды.

Аруақ түсінігі қазақ қоғамындағы қарым – қатынаста басты этикалық реттеуіш күшінен айырыла бастағаны ұлттық мүдденің бір қорғанының қабырғасы сөгілгенін байқатады. Қазіргі қоғамда ата-ана тірі болса өздеріне, қайтыс болса аруағына «әкең», «шешең» деп балағаттау арқылы тіл тигізуге

қатаң тиым салу - мыңдаған жылғы санадағы жанұялық құндылықтарды жоюдан сақтайды, қазақтың болмысына теріс әсер ететін бір жолды жабады. Өйткені бұндай сөздерді қолдану ұятсыздық істерге бағыттайтын ойды қозғайды. Бұл сөздерді бір-біріне қолданған адамдардың бірін-бірі ғана сыйламағаны ғана емес, ата-аналарына тілдерін тигізгені. Ал осы сөздерді естіп жетілген ұрпақ ұятты сөзге еті үйреніп қана қоймай ұятты іске де баруы мүмкін. Әл-Фарабидің пікірінше, бала ата-анасының айтқанын істемейді, істегенін істейді десек, боқтық сөз естіген бала оны қолданады да. Аристотель өз заманында: «Заң шығарушы мемлекеттен балағат сөз айтатындарды алыстату керек, өткені балағаттау әдеті сондай жағымсыз істерге баруға икем пайда болғызады» деген. Қоғамымызда ниеті бұзылып жаман пиғылдың пайда болуы, келешек ана болатын қыздарға зорлық жасауды да осындай бір қарағанда тек жай ашу үстінде, не еркектігін көрсету үшін қолданылған боғауыз сөздерден бастау алатыны сөзсіз.

Бата жөнінде ойға оралсақ, дуалы ауызды адамдарымыз әр заманда болған, бар және болады. Бірақ сөз иелері тыңдайтын құлақ болса ғана сөйлейді, ал тыңдайтын есті құлақ, саналы қазақ қасында болмаса, сөздің құдіретін кетірмейді. Егерде елімізде қазақы салтымыз бен дәстүрімізді сақтайын десек ақсақалдарымыз тілек емес бата айтумен ұрпағын жөнге салатынына күмән келтірмейміз.

Қорытындылай келсек.

1. Тойлар мен астарда өзге ұлттардан енген тілек айтып ішімдік, арақ-шарап ішуден бас тарту – ұлтымыздың той дастарханын дәстүрлі түрде өткізіп батамен аяқталу салтын жалғастыру керек. Тойларды тілек-сөз тыңдаумен өткізбей ұлттық ойын-сауықтар ұйымдастырып, дәстүрлі әнмен өткізу жөн болар.

2. Бата жөнінде ойға оралсақ, дуалы ауызды адамдарымыз әр заманда болған, бар және болады. Бірақ сөз иелері тыңдайтын құлақ болса ғана сөйлейді, ал тыңдайтын есті құлақ, саналы қазақ қасында болмаса, сөздің құдіретін кетірмейді. Егерде елімізде қазақы салтымыз бен дәстүрімізді сақтайын десек ақсақалдарымыз тілек емес бата айтумен ұрпағын жөнге салатынына күмән келтірмейміз. Бата беру дәстүріне арнайы қоғамдағы дуалы ауыз болмаса да еліне қадірлі сөзі түзу шешен адамдарға беру арқылы келер ұрпақ ішінен есті, батагөйлерді тәрбиелеп шығару күні алыстамайды.

3. Сөздің адам психикасына әсері бары дәлелденген. Сондықтан қазақ болып қалғымыз келсе ата-анаға тіл тигізу қылмыс деп бағалану керек. Балағат айтуды, әсіресе орыс тілінен енген обшестік (ер мен әйелдік мүшелігімен байланысты) боғауыз сөздерді қолданған адамдарға ресми мемлекеттік заңды шара қолдану арқылы қолданыстан шығару қажет.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Т. В. Русский мат. Толквый словарь.: Колокол-пресс. 1997
2. <https://qamshy.kz/article/98-aqedil-toyshanuly-tilek-ne-bata-ne>
3. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/23091> Бата-тілектер - ұлт жанының айнасы

4. Калыш А.Б., Мейрманова Г.А. Қазақтың бата беру дәстүрі – ізгі тілек тілеудің әдеби ретінде. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(05), 2016

5. <https://baribar.kz/42462/qazaqtynh-bata-beru-dasturi-turaly-ne-bilemiz/> Қазақтың бата беру дәстүрі туралы не білеміз?

**Жанғалиев У.К., Алдунгарова Ж.С.**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Нарықтық қатынастардың одан әрі серпінді дамуы жағдайында білім әлеуметтік инфрақұрылымның одан әрі жетілуінде өзінің нақты орнын табуы керек. Білім рухани маңызды өндіріс, сонымен қатар тек қана моральдық емес, қоғам гүлденуінің экономикалық базасы екендігі баршаға мәлім. Ол болашақ ұрпақтарға мәдени құндылықтарды сақтау мен жеткізудің маңызды құрадлы болып табылады. Осыған байланысты Елбасы өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Оқу орындарын халықаралық стандарттар деңгейінде аттестациялауды енгізу, жоғары білім беру саласында нақтылы және инженерлік ғылымдарды басым дамыту» атты 18 – бағытында жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған келелі мәселелерді атап көрсетті.

Бұл жүйенің синтездік сипаты білім беру және білікті мамандарды дайындау салаларында қол жеткен жетістіктерге терең талдау жасау негізінде инновациялық экономиканың құрылуына бағыт- бағдар ұстау болып табылады. Осыған сәйкес еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев тағы да елдің жоғары маманданған мектептері алдына маңызды мәселелер қойды [1].

Ақпараттық қоғамда өмір сүру жағдайының жылдам қарқынмен өзгеруі білім беру жүйесін сапалы түрде жетілдірудің жаңа жолдарын іздестірудің қажеттігін талап етеді. Бұл жерде ең алдымен, жаңа білім ағымының айтарлықтай жылдам ұлғаюы туралы, яғни бұл білім алу мен оны пайдаланудың арасындағы өтпелі кезеңнің мүлдем жойылып бара жатқандығы туралы болып отыр. Сонымен бірге біз өмір сүріп отырған қазіргі дүниеге деген, оны зерттеу мен танып – білуге деген көзқарас та өзгеріп отыр. Егер бұрынырақ жекелеген пәндерді игерумен ғана шектеліп келегн болсақ, қазіргі кезең бірқатар пәндік білімдердің синтезін игеруді талап етеді. Қазіргі заманғы таным методологиясы бүтіндей біртұтастықты қамтамасыз етуге, типтік тұрғы мен абстрактілі жалпылаудан нақты қылыптастып отырған жағдай элементтерінің синтезіне көшуге бағытталған.

Қазақстандық білім жүйесінде белгілі бір деңгейдеші үйлесімділік негізінде ықпалды басқарушылықсыз біздің күнделікті өмірімізге бірден бейімделе қоюы мүмкін емес. Белсенді орталық пен біліми қызметкер жүйесінің өзара әрекеті дамуышы жеке тұлғаның құрылымындағы басқарудың

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

қазіргі жүйесінің негізінде іс-жүзіне асырылады. Бұқаралық білім берудің үздіксіз сипатына көшу жағдайында жеке – тұлғалық басқарудың жаңа тұрғысы да үздіксіз болуы керек.

Біліми ортада белсенді түрде дамушы адам өзінің білім алуға деген талабына қол жеткізу барысында басқа адамдардың да бұл тұрғыдағы іс-әрекеттеріне саналы түрде баға бере отырып, жеке – тұлғалық басқарудың өзіндік жаңа тетіктерін, құралдарын пайдалануға ұмтылады. Білім алуды жеке басқару қандай қызметтер атқарады деген мәселеге тоқталатын болсақ:

Бірінші – білім беру қызметі нарығына мониторинг жасау, қазіргі білім жүйесінің жағдайы, өзінің білімдік арнасының әртүрлі нұсқаларын салыстыру және таңдау. Екіншісі – мамандықты, оқу орнын, білім алудың барысына және өз өмірінің идеалын таңдауға байланысты мақсаттар. Үшінші – білімдік жағынан даму деңгейіне өзіндік бақылау, мамандандырылу дәрежесін, таңдап алған білім аясы бойынша қол жеткен жетістіктерді бағалау [2]

Соңғы жылдары Қазақстанда білім жүйесін реформалауды қолдауға байланысты бірқатар үлкен қадамдар жасалды. Еліміздің білім әлеуеті сақталынды және кеңейтілді. Білім саласының – құрылымы мен жүйесі реформаланды. Білімнің барлық сатылары үшін жалпыға бірдей міндетті стандарттар жасалып, оқу процесіне енгізілді. Білімнің мақсаттары мен міндеттері, мекемелердің құрылымдары, оның экономикалық іргетасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Елбасымыздың пікірі бойынша білім беру проблемасының екі жағы бар: утилитарлық-практикалық және өнегелі рухани.

Біріншіден, жаңа технологияны пайдаланудың керектігін есепке ала отырып, нарықтық экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету. Қазақстанда әдемдік өте қатаң, жоғары стандартқа сай келетін дәрежеде білім жүйесін түбегейлі реформалауды жүзеге асырудың қажеттілігіне байланысты негізгі үш мәселені атап көрсеткен жөн: оперативтік, орта мерзімді және ұзақ мерзімді.

Жалпы бүгінгі білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалаудың түпкі мақсаты- ұлттық болмысқа бейімделген, уақыт талабына жауап бере алатын, жалпы халықтық сипатқа ие жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру. Осы орайда білім беру саласына компьютер арқылы оқыту жүйесі қалыптасып та үлгерді.

Қазіргі таңда Қазақстандық ЖОО- дарын алаңдатып отырған мәселелер қатарында: білім беру мен ғылым саласында жоғары стандарттараға жауап беру; оқытудың тиісті деңгейін дамытып отыру; оқу бағдарламаларының икемділігі мен бір ізділігі; оқушылар мен оқытушыларға саяси және интеллектуальдық бостандық беру; әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққандардың жоғары білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету; материалдық – техникалық қамсыздандырудың жеткіліксіздігі және т.б.

Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ұлттық деңгейде қалуды көтермеуі, ғылыми – білімнің түрлі салаларында әлемдік іс – тәжірбиені оқып үйренудің қажетті шарт екенін дәлелдеуде.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп - өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Үшінші мыңжылдық білім беруді адам қызметінің ең бір көлемді салаларының бірі ретінде әлемге танытты, өйткені оған миллиардтан астам оқушылар ман елу миллиондай мұғалімдер тартылған. ХХІ ғасырда білім берудің әлеуметтік рөлін көтеру болашақ қоғамның жаңа парадигмаларын айқындаумен өзара тығыз байланысты [3]

Білім берудің негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

- өскелең ұрпақты өмірге және еңбекке толық мәнді даярлау; оның бойында жақсы қасиеттерді, еңбек сүйгіштікті қалыптастыру, заңды, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, отанды, отбасын сүйуді, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу;

- экономиканың, әлеуметтік саланың, мәдениеттің, қоғамның, ғылым мен технологияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жас ұрпаққа білім беру, оны жинақтау, сақтау, көбейту;

- Республикада тұратын халықтардың арасындағы қарым – қатынастардың әділдігіне, сондай – ақ адам мен қоғам, адам мен мемлекет, адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынастардың үйлесімділігіне кепіл болатын өзара үйлесімді білім беру саясатын жүргізуге кедергі келтіретін наным – сенімдерді, адасушылықты, теңсіздікті түбірімен жою;

- адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі жоғары, ұлттық және діни сезімдерді құрметтейтін өз елінің патриоттарын, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекеттің азаматтарын тәрбиелеу, басқа халықтардың тіліне, дәстүрлері мен мәдениетіне құрмет сезімін тәрбиелеу;

- балалар мен жастардың бойында тұтас дүниетанымды және қазіргі ғылыми дүниетанымды, этносарлық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыру;

- азаматтардың бүкіл өмір бойына өз білімдерін жетілдіруге ұмтылысын және соған сәйкес қажеттіліктерін ынталандырып отыру.

Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты оның жан – жақты әрі тұтас тұлғаны тәрбиелеудің құралы ретінде оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілетін дамыту, сөйтіп, өмірдің қай саласында болмасын, еркін және дәлме дәл, жауаптылықпен ойлау қабілетін сіңіру, әр түрлі жағдайларда жинақы болуға баулу [4]

Жалпы алғанда Қазақстанның жоғары мектептерінде білім беру сапасын арттырудың жолдары әртүрлі болғанмен негізгі формацияның дамуы еліміздің барлық даму бағыттарымен тығыз байланысты болып табылады. Негізінен



болашақта әсіресе жаңа білімді іс-тәжірибеде пайдалануға бағытталған инновациялық орталықтар маңызды роль атқаратаын болады. Сондықтан да қазіргі дүниеде адамзат қоғамы өмірінің әртүрлі саласында орын алып отырған түбегейлі өзгерістер жаңа заман талаптарына сай келетін жаңа сапалы білімді де талап етеді. Яғни, жылдам қарқынмен түбешейлі өзгерістерге ұшырап отырған қазіргі өмір шындығының өзіне де инновациялық сипат алып отыр деп баға беруге болады. Инновациялық процестердің ықпалымен пайда болып отырған ғылыми-техникалық білімнің үлкен ағымы шын мәнінде постиндустриалдық өркениеттің жаңа негізіне айналып отыр, яғни бұдан шығатын қорытынды – қазіргі заманғы білім тек ғылымның дәстүрлі құндылықтарына ғана бағытталып қоймай, сонымен бірге ол құндылықтардың интегралдық синтезіне, инновациялық құндылықтарға бағытталуы керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.- Астана 2007. 17-бет.
2. З. Атыгаева «Пути прогнозирования спроса на выпускников в РК» // АльПари. №3. 2006. с.84-85.
3. Озганбаев О., Рахимбек К. «Образовании и наукв в XXI веке. //Высшая школа Кзахстана. 2001. №4-5, с124-127.
4. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Астана, Акорда, 27 июля 2007 г.

**Жумажанова Н. Т.**

УО «Alikhan Bokeikhan University» магистрант 2 курса специальности  
7M02304 «Филология:русская филология»

### **ФУНКЦИИ ПЕЙЗАЖА В РАССКАЗАХ И.А. БУНИНА**

Пейзаж ( франц. Paysage, от pays - страна, местность.) - картина природы, имеющая различное художественное значение в зависимости от стиля автора, литературного направления, с которым он связан. В лирике пейзаж может иметь самостоятельное значение: восприятие природы лирическим героем. В прозе пейзаж связан с характером повествования и соотносится с настроением действующих лиц. Впервые пейзаж играет важную роль у сентименталистов, которые изображают человека на фоне природы, противопоставленной цивилизационному миру, причем картина природы представлена, подчеркнута эмоционально. В противоположность пейзажу сентименталистов, выдержанному в спокойных, светлых тонах, пейзаж в романтизме представляет картины могучей, бушующей природы или величественно-богатой. Романтический пейзаж является частью местного колорита и служит одним из средств создания необычайного, иногда фантастического мира, противопоставляемого реальной действительности; кроме того, пейзаж обычно соответствует натуре романтического героя, меланхолично-мечтательного или

неспокойного, бунтующего. В реалистическом произведении значение пейзажа более разнообразно: он интересен сам по себе, как часть реальной обстановки, в которой разворачивается действие; им подчеркивается или оттеняется душевное состояние персонажей, характер происходящих событий. Иногда пейзаж имеет символическое содержание.

Пейзаж может быть сельским, городским, морским, горным и т.д.

Рассмотрим пейзаж в произведениях И.А.Бунина. так, в рассказе «Митина любовь» описание состояния, настроения человека совпадает с настроением природы. У Ивана Алексеевича многие произведения наполнены любовью, следовательно, на природе хорошо отражается это состояние. Произведение начинается с наступления весны. Весна - это пора любви и прекрасного. Всё оживает, просыпается. « Зима внезапно уступила весне, на солнце было почти жарко. Как будто жаворонки прилетели и принесли с собой тепло, радость. Всё было мокро, всё таяло, с домов капали капли... Всюду было многолюдно и оживлено» [1,330].

Митя - главный герой произведения. Он был влюблён в свою девушку Катю, которая увлекалась театром. Но постепенно в их отношениях «похолодало» и они решили отдохнуть друг от друга. Катя уехала с мамой в Крым, а Митя уехал в деревню к своей семье. В деревне Митя всё думал о Кате и этим он жил. «Погода стояла прекрасная, цвели сады и в воздухе стояла весенняя свежесть». Митя вспоминал, как проходило его детство. Он вспомнил, что он испытал, когда умер его отец, также это произошло весной. Тогда Митя почувствовал в мире смерть! «Как -то не так светило солнце, не так зеленела трава - всё было не так, как сутки назад». Мите мнилось в вымытом и много раз проветренном доме странный, мерзкий, сладковатый запах... Митя ненавидел весну до встречи с Катей. «Мир опять был преображён, опять полон, будто ничего страшного не произошло, а напротив, - дивно сливающимся с радостью и молодостью весны». Митя посылал Кате письма, но когда Катя перестала отвечать, в душу героя закрался страх и запах смерти («он решил, что если Катя не ответит ему, то он застрелится»).

Природа резко меняется с состоянием героя: « Перепадали дожди, пробегали грозы и ливни, и опять сияло солнце ( солнце в этих строках символизирует надежду, надежду на то, что Катя ответит на его письмо и у них будет всё хорошо). Сад отцветал и осыпался, густел и темнел». Вскоре письмо от Кати пришло. В нём говорилось о том, что они должны расстаться. « Дождь обрушился (Бунин применил такой глагол, который сообщает о внезапности, неготовности и беспомощности) на сад с силой и неожиданными ударами грома». Это связано с неожиданным, тяжёлым для него письмом. Митя не мог спасти свою прекрасную любовь в том прекраснейшем весеннем мире, который ещё так недавно казался раем. В этой повести Иван Алексеевич Бунин пишет о любви как о высшем даре судьбы. Это произведение основывается на реальных чувствах молодого Бунина к В.В. Пащенко. Это подтверждает и В.Н. Муромцева-Бунина: в «Митиной любви», писала она, «правда нет ни одной автобиографической черты внешней, но зато переживания Мити - это

переживания юноши Бунина... И, мне кажется, нигде Иван Алексеевич не приоткрыл своих любовных переживаний, как в «Митиной любви», тщательно закамуфлировав их». Кате автор придал некоторые черты В.В. Пащенко: непостоянство, стремление на сцену. Как и Пащенко, Катя бросает Митю ради другого человека. Образ же Мити Иван Алексеевич взял от приезжего в гости барчука. Произведение Ивана Алексеевича «Митина любовь» наполнено страданиями и переживаниями главного героя. Поэтому Бунин, чтобы передать чувства Мити, показывает состояние природы. Природа бушует, когда в душе у героя закрадывается страх, переживание, грусть «...поднялся ветер, небо затянули темные тучи, и полил дождь...».

У И.А. Бунина есть также рассказ «Холодная осень», который переплетает в себе любовь и войну. Многие писатели, затрагивавшие военную тему, описывали тот ужас, который испытали наши соотечественники. Не исключением стал и Бунин, но он не описывал саму войну, а описывал те чувства, которые сроднили их с войной. Бунин показывал через природу наступление войны и прощание с родными людьми. Повествование рассказа «Холодная осень» ведётся от имени женщины, которая провожает своего любимого на войну. Обстановку помогает понять ранняя холодная осень, которая наступила внезапно. «Удивительно ранняя и холодная осень. ... На черном небе, ярко и остро сверкали чистые ледяные звезды». Бунин использует яркие выражения, например, «на черном небе». Черный цвет - цвет траура, грусти, скорби. Бунин применяет, например, не темное небо, а именно черное, что символизирует смерть. Использует Иван Алексеевич выразительное наречие «ярко», что символизирует одновременно жизнь. В наречиях «ярко» и «остро» присутствует звук «р», что придает этим словам яркость, выразительность, звучание. В своем произведении Бунин использует выражение «ледяные звезды» - это определение прямо леденит душу, холод ассоциируется со смертью, что наводит ужас и страх. На душе у героини «делалось все тяжелее и безразличнее» Еще будоражило душу красный восход луны. Красный - цвет крови. И от луны казалось - будто пожар. Все предсказывало беду. Действительно, природа оказалась права. Возлюбленного героини убили, спустя месяц после войны. Героиня не боялась умирать, так как она знала, что там ее будут ждать. «Я пожила, порадовалась, теперь уже скоро приду». В произведении «Холодная осень» роль пейзажа заключается в том, чтобы показать, как с войной вдруг внезапно меняется природа: неожиданно для всех приходит холодная осень. Бунин с помощью этого приема подтверждает, что наступило тяжелое время для народа. Природа созвучна чувствам человека. Холод в природе, холод в душах. Критики оценили это произведение с лучшей стороны. Они были в восторге от того, как Иван Алексеевич передал ужас войны с помощью внезапной, холодной, дождливой осени.

Иван Алексеевич Бунин в произведении «Натали» совместил три свои темы, на которых основывалось его творчество: тема любви (как всегда страстной и несчастной), тема природы (как во всех произведениях Бунин

использует описание природы для понятия обстановки в произведении), тема смерти (почти во всех произведениях, связанные с любовью, в конце присутствует смерть. Любовь толкает на необдуманные поступки, ценой которых становится жизнь). Главный герой приезжает на каникулы к своему дяде, где жила его двоюродная сестра Соня, в которую он был влюблен. В то время в их доме жила подруга Сони - Наташа. И герой не подозревает, в какую любовную авантюру он попал: Соня предчувствовала, что герою сразу понравится Наташа, но одновременно, чтобы не узнал отец о их любви, Соня заставила героя инсценировать любовь к Натали. Но Соня не позволяла переступать порог подлинной любви к действительной. «В открытые окна были видны яркое солнце, голубое небо, зелень, длинная березовая аллея. Доносился теплый запах речной воды и крик грача на древесных верхушках». Постепенно, после уединенных встреч с Натали, наш герой понял, что не может жить без Наташи. Он разрывался между Соней и Наташей. «За что мне бог дал сразу две любви, такие разные и такие страстные, такую мучительную красоту обожаний Натали и такое телесное упоение Соней.» Герой переступил тот порог запрета в отношениях с Наташей. Он страдает, и природа меняется вместе с ним.

«Заходила из-за сада туча, тускнел воздух, все шире и ближе шел по саду мягкий летний шум, сладко дуло полевым дождевым ветром... Ночью шел тихий дождь, но утром погода разгулялась, после обеда стало сухо и жарко». Натали заметила, что между героем и Соней чувства больше, чем между братом и сестрой. На тот момент наш герой был тоже небезразличен ей, а он подал ей надежду, признавшись в любви. « Комната и сад уже потонули в темноте от туч, в саду, за открытыми окнами, все шумело, трепетало, и меня все чаще и чаще озаряло быстрым и в ту же секунду исчезающим зелено-голубым пламенем. На меня понесло свежим ветром и таким шумом сада, точно его охватил ужас: вот оно, загорается земля и небо! Я вскочил, с трудом затворил одно окно за другим, ловя их рамы, преодолевая трепавший меня ветер... мне казалось, что буря перебьет все окна в гостиной. Я увидел при зелено-голубом озарении, в цвете, яркости что-то поистине неземное, на секунду оставлявшее в ослепшем зрении след чего-то жестяного, красного. Через год Натали вышла замуж за другого, но муж ее умер. («после трех лет нашей разлуки Натали стала уже вдовой и матерью. Она, казалась еще прекрасней, я смотрел на нее и не мог оторвать глаз, как от иконы»). Наш герой женился, но не на Соне. Он считал, что это не любовь, а страшная жалость, нежность. Он осознал, что настоящей любовью была любовь к Натали. А настоящей любовью Натали была любовь к герою. Их судьбы сложились неудачно, а ведь они могли быть счастливы. «В декабре она умерла в преждевременных родах». Пейзаж, так же, как и в произведении «Митина любовь», передает состояние героя через природу, как она меняется, когда происходит что-то страшное в судьбе героя.

Произведения, «Митина любовь», «Холодная осень», «Натали» связаны между собой общей темой, на которую писал Бунин. У Ивана Алексеевича большинство произведений основаны на реальных событиях. Например, в основе рассказа «Митина любовь», лежат чувства молодого Бунина к В.В.

Пашенко. Пейзаж помогает лучше понять проблему, стоящую перед героем, и передать все чувства героя и автора. При описании природы произведение оживает и становится более интересным.

Таким образом, Бунин воплощает в рассказах собственное трагическое понимание любви, реализуя его не только в драматических финалах, но и в изображении мгновенных, неожиданно прерывающихся встреч героев. Любовь как счастливая кратковременная встреча - характерное содержание повторяющихся ситуаций в рассказах цикла. А пейзаж помогает понять глубину переживаемых героями чувств.

### **Список использованной литературы**

1. Бунин И.А. Избранное. Проза., М., 1998

### **Лахан Тілек**

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы «Горный жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, тарих пәні мұғалімі

### **«АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫН ІЛГЕРІЛЕТКЕН ҚАЙРАТКЕР**

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – көрнекті қоғам қайраткері, қазақ халқы үшін орны айрықша тұлға. Қазақтың жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі дарынды публицист. Биыл Мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына орай елімізде түрлі ағартушылық бастамалар қолға алынып жатыр. «Әлихан Бөкейхан: Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты өңіраралық ғылыми-практикалық конференциясының аясындағы зерттеу жұмыстары да өз кезегінде педагогтар арасында пікір алмасуға, мәдени-тарихи тұжырым жасауға белгілі бір деңгейде ықпал етері аян. Конференция тақырыбы аясында мен мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш көсемі, халқымыздың біртуар перзенті – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның еліміздің өткен тарихындағы атқарған ерлік істері мен қалдырған тарихи мұраларына шолу жасауды ұйғарып отырмын. Әрине, бізге белгілі деректерде Әлихан Бөкейханның Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург масоны болғаны турасында мәліметтер бар [1].

Негізгі бөлімге кіріспестен бұрын ұлт көсемінің ғұмыр жолына тоқталар болсам, Ә.Н.Бөкейханов 1866 жылы 25 наурызда Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7- ауылында дүниеге келген. Бұл - қазіргі Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Қаратал ауылы. Ол қазақтың ақырғы ханының бірі Бөкейден тараған ұрпақтың төртінші буыны, Бөкей

ханның шөпшегі. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін, Қарқаралы қаласының қазақ балаларына арналған мектепте 1879 жылдың 16 қыркүйегінен 1886 жылдың 16 маусымына дейін тәрбиеленіп, оқу барысында үлгілі тәртіп танытқан. 1886 жылы ол Омбыға келіп, жергілікті 4 жылдық техникалық училищеге «пансионер» болып қабылданды. Ол 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқыды. Осы жылдары ол барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе солшылдардың көзқарасына бейім болды. Ә.Бөкейханов Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне алынды. Әлихан бұл тізімнен патша өкіметі күйреп, Кеңес өкіметі орнаған жылдары да – 1937 жылдың қыркүйегінде «халық жауы» болып атылып кеткенге дейін де шыққан жоқ.

Аталған оқу орнын ойдағыдай бітіріп, Әлихан Бөкейханов 1894 жылы Омбы қаласына қайта оралады. Келісімен Омбы қаласындағы орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен оқытушы болып қызмет істейді. Осы жылдары социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасының құрамына кірген.

Әлиханның Омбыдағы жылдары оның көрнекті қоғам, саяси қайраткер ретінде де, педагогтік, ғалымдық, әдебиеттанушылық талантын жан-жақты ашып берді. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. Әлихан Омбы қаласында Орыстың императорлық жағрафия қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің қызметіне қызу араласады. Алғашқы күндерінен-ақ белсенділігімен танылған Әлихан 1896 жылы қоғамның Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшелігіне қабылданады да, ал 1901 жылы бөлімнің басқару комитетіне мүше болып сайланады. Сонымен қатар, ол жағрафия қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семейлік бөлімшесін ашуға және қызметіне тығыз араласып, «Запискилерде» ғылыми мақалаларын жиі жариялап отырды. Ол Абай Құнанбаевпен қатар Семейдің статистика комитетіне де мүше болған. Әлихан Бөкейханның тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары – «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. Бірінші ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық альманахтың «Киргизский край» деген XVII томына еніп, Санкт-Петербургдан жарық көрді. Шығармада Қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси-әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Сондай-ақ, Дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттайды, патша өкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген.

«Киргизы» атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақпен 1910 жылы Санкт-Петербурдан басылып шығады. Сонымен қатар, әр жылдары жағрафия қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семейлік бөлімшесінің басылымдарында «Из переписки киргизских ханов, султанов и прочее, прочее», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков» және «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғылыми мақалалары жарияланған. Әлихан Бөкейхановтың көп мақалалары лақап атпен берілген. Көптеген жұмыстарына «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Киргиз-Степняк», «К.Степняк», «Туземец», «Арысұлы», «А.Б.», «Қ.Б.», «Ғ.Б.» деп қол қойып отырған. Райымжан Әзіханұлы Бөкейхан мен экономист Мұханбетқали Жақсалиевтің айтуына қарағанда, Әлихан Кеңес дәуіріндегі баспа беттерінде «Қалмақбай» және «Н.Ш» деген атпен де еңбектерін жариялаған. Әлиханның қай жылдан бастап «Бөкейханов» фамилиясын алғандығын дәл айту қиын. Омбының техникалық училищесін «техник» мамандығымен бітірді деген 1890 жылы 14 маусым күні табыс етілген аттестат: «Сұлтан Әлихан Нұрмұхамедұлы» атына толтырылған.

Кезінде Әлихан Бөкейханов Орыстың жағрафия қоғамының Батыс-Сібір бөлімі мүшесі ретінде, қоғамның ғылыми мәжіліс-жиналыстарында қазақтың мәдениеті, тұрмыс-салты, өнері жайында баяндамалар жасап, дәрістер оқып тұрған. Сонымен қатар ол орыстың Г.Н.Потанин сынды ғалымдарына халқының ән-күйін, ою-өрнегін, тұрмыстық құрал-саймандарын жинасып, Том қаласында қазақтың өлкетану музейін ашуға қол ұшын берген.

«Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан Бөкейханов халықты өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін қастерлеуге, Отанды сүйуге, қорғауға және қамқор болуға насихаттады. Қайраткер өзінің зиялы серіктестерімен бірлесіп, 1917 жылдың желтоқсанында Алаш ұлттық-территориялық автономиясын жариялап, оның төрағасы болып сайланды. Әлихан Бөкейханов биік өре иесі ретінде өзге ұлыстардың құқығына қол сұқпай, бұдан былай қазақтың қайта құрылған елі көпұлтты, көпдінді және сан мәдениетті, бірақ көп мәдениетімен тұтас мемлекет болатынын болжады. Автономия жариялаудың қарсаңында «Қазақ» газетіне Алаш автономиясының 25 мүшеден жасақталатын Халық кеңесі - Алашорда үкіметінен 10 орынға өзге ұлт өкілдерін шақырылатыны жарияланды. Тіпті, сол орынның бірін орыстың көрнекті ғалымы, публицисі Григорий Потаниннің алғаны тарихтан белгілі. Белгілі ғалым Г.Н.Потаниннің өмір жолы, ұстанған бағдарымен таныстыруды көздеген мақаласында қазаққа өнер-білім басқа жұртпен бірге тендікке жету үшін керек екендігін айтып, былай деп жазды: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Корпеш — Баян сұлуды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа білер еді-ау» [3].

«Алаш» қозғалысын ілгерлете жүріп, тарихи тұлға қазақ халқының жазбаша тарихын тасқа басуға, оны жұртшылыққа танытуға байланысты іргелі істермен айналысты. Ұлы Даланың қанатын кеңге жайған мемлекеттік

құрылымы –Алтын Орданың заңды мұрагері болып табылатын Қазақ хандығының бірліктен айырылуының тарихи себептерін зерделеді. Әлихан Бөкейханов 1903 жылы Санкт-Петербургте екі автормен бірлесіп жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» атты тұңғыш ғылыми монографиясын жариялады. Аталған еңбекте ол Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуын, хандықтың кейінірек үш жүзге бөлінуін, сондай-ақ, 1910 жылы «Қазақтар» атты тарихи-анықтамалық очеркін жариялады.

Қазақ медиасында жарық көрген кейбір зерттеу мақалаларына сүйенер болсақ, Әлихан Бөкейхан қарапайым өмір сүрді. Ол тұтқынға алынып, 1937 жылы атылып кеткенде, қызы Елизавета мен немересі Ескендірге Мәскеудің коммуналдық пәтерінен бір бөлме мен кітаптар, фотоальбом, бірқатар қолжазбалары, сондай-ақ қазір Алматыда өмір сүретін немере туысының қолында сақтаулы тұрған насыбай шақша ғана қалды [4].

Терең білім, ұлт тарихына құрмет, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрес жолында өлшеусіз қызмет еткен жылдары «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның кісілік келбетінің бір қыры ғана деуге болады. Сондықтан педагог қауым болашақ ел азаматтарына мектеп жасынан бастап қайраткер тұлғалардың ғибратты өмір жолы жайлы тұщымды зерттеу еңбектері мен тұжырымдарды барынша насихаттағаны, сондай-ақ, мемлекеттік арналардан тұлғалардың ғұмырын ашып көрсететін танымдық бағдарламаларды құрғаны абзал.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.<http://www.iref.kz/lihan-n-rm-hamed-lyi-b-keyhan-mirbayanyi/>
2. Сеитов Э.Т. А.Н.Букейхан как историк и общественно-политический деятель: Дис. ... канд. ист. наук. — Алматы.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995.
4. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_alah\\_leader\\_alikhan\\_bokeikhan\\_145\\_year/2327020.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_alah_leader_alikhan_bokeikhan_145_year/2327020.html)

**Канапьянова Г.М., тарих магистрі, аға оқытушы**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ. Семей қ.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ІСІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Ғасырлар бойғы халқымыздың жеке шаңырақ көтеріп, өз алдына еркіндік туын тігу, тәуелсіз мемлекет болып, әлемнің өркениетті елдері қатарынан көріну арманы қазіргі күні толығымен жүзеге асқан тарихи оқиға болып отыр. Бүгінгі таңдағы бұл қол жеткізген зор табыс болғанымен, оны кез - келген мемлекеттің тәуелсіздігіне, елдігіне қажетті саяси, әлеуметтік - экономикалық, алдыңғы қатарлы озық білім және мәдени жетістіктерімен қамтамасыз етіп, одан әрі өрбіту керектігі сөзсіз.

Халық пен тарих - егіз төл ұғым, ұлттық тарихы жоқ халық болмайды. Бүгінде егеменді ел болған Қазақстан Республикасы халық тарихын қайта

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



қарауда. Осындай қайта қарауды қажет ететін мәселелердің бірі - республикамыздағы мұражай ісінің даму тарихы. Мұражай - табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі, материалдық және рухани мәдениет, табиғат коллекциялары мен тарихи мұраларды жинақтау, сақтау олардың жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекеме, яғни өткен тарихты көзбен көріп, қолмен ұстап саралайтын бірден бір орын болып табылады. Ендеше, оның кімді де бол сын терең білімге, мәдениеттілікке, болашаққа сеніммен қарауға жетелейтіні айқын.

Сонымен қатар, ұлттық, елдік тарихымызға қайта қарауға, оның сабақтары мен үлгілерін, ұлтымыз бен тәуеліз республикамызды бүкіл әлемге танытуға және жас келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беру үшін пайдалануға мемлекеттік көлемде назар аударылып отыр.

Кеңестер өкіметі орнағаннан кейінгі жылдары мұражайлар жүйесінің қалыптасу тарихы және олардың өз міндеттері шеңберінде жүргізген ғылыми - зерттеу, мәдени - ағарту қызметтері жайында жазылған еңбектердің көпшілігі ресейлік мұражайтанушы мамандар үлесінде. Жекелеген орталық мұражайлар тарихын жазуда және мұражайтану ғылымының дамуында осы саладағы белгілі мамандар В.К.Гарданов, А.Б.Закс, В.Н.Игнатьева, Д.А.Равикович, А.Ш.Разгон, Н.С.Зузыкина, А.В.Ушаков, О.В.Ионова өз үлестерін қосты. Аталған авторлар өз зерттеулерінде кеңес қоғамының түрлі кезеңдеріндегі мұражайлардың қалыптасуы мен даму тарихына тоқталып, оларға талдау жасау арқылы мәдени құрылыстың осы саласындағы жетістіктер мен жіберілген қателіктерге тоқталды. Бұл зерттеу нәтижелері кезінде жарыққа шығып тұрған «Очерки музейного дела в СССР» жинақтары мен «Советский музей» журналында және басқа да басылымдарда жарық көрді. [1].

Бірақ, бұл көрсетіліп отырған басылымдарда ұлттық республикалардағы мұражайлар тарихы мен олардың атқарған қызметтері мәселесі толық қарастырылмады.

Сонымен қатар, кеңес мұражайлары қызметінің түрлі салаларына арналып бірнеше диссертациялар қорғалды. Жекелеген кандидаттық диссертациялар кеңес мұражайларының жүргізген тарихи-өлкетанушылық қызметін ғана қамтыды.

Кеңестер Одағы кезіндегі мұражайлар тарихы жайында екі докторлық (оның біреуі кеңестік кезеңге дейінгі) А.М. Разгон Исторические музеи в России (1861-1917 г.г.): Автореферат диссертации доктора исторических наук. Саратов, 1973. және Н.С. Садыкова История становления и развития музейного дела в Советском Узбекистане (1917-1973 г.г.): Автореферат диссертации доктора исторических наук Ташкент.. 1975г. диссертациялар қорғалды.

Диссертация шеңберінде қарастырылып отырған жылдары Қазақстан мұражайлар тарихы, олардың ғылыми зерттеу және мәдени-ағартушылық қызметтері жалпы республикамыздың мәдени құрылысы тарихы жайында көлемді еңбектерде арнайы зерттеу объектісі болған жоқ.

1930 жылы Қазақстанда мұражай жүйесі құрылысының бастамасы болған Орталық мұражайдың «Вестник центрального музея» басылымының жалғыз

саны жарық көрді. Онда халық ағарту комиссариатының Қазақстан мұражайларына, Орталық мұражай кеңесінің Қазақ АССР мұражай өлкетану мекемелеріне арналған үндеулері, Қазақстан мұражайларының жақын уақыттағы міндеттері басылып шықты. Сонымен қатар, осы басылымда Орталық, Семей, Жетісу, Сырдария, Петропавл, Ақмола, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Көкшетау мұражайлары атқарып жатқан ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту қызметтері жайында қысқаша мағлұматтар берілді.

Семей мұражайының жергілікті қоғамдық ұйымдар көмегімен шығарған Семей мұражайы еңбектері», «Семей мұражайы тарихының қысқаша очерктері», «Мұражай жинақтары анықтамасы» басылымдарының қарастырылып отырған кезеңдегі мұражай қызметі жайындағы берер дерегі мол. Бұл басылымдарда мұражай меңгерушісі А.А.Адриановтың «Семей мұражайының қысқаша тарихы», «Өскемен ауданы археологиясы», Географиялық қоғам мүшелері В.А.Крюгердің «Семей губерниясы Павлодар уезінің оңтүстігіндегі геоботаникалық зерттеулер» В.А.Селевиннің «Түркістан-Сібір темір жолының солтүстігіндегі ориентологиялық байқаулар» тақырыбында шыққан еңбектері жалпы мұражайдың губернияда жүргізіп жатқан ғылыми-зерттеулерге қатынасып отырғанын көрсетеді.

Қазақстандағы мәдени құрылыс мәселелерін зерттеген белгілі ғалымдардың еңбектерінде мұражай жүйесі құрылысы жан-жақты қарастырылмады. Атап айтсақ, Р.Б.Сулейменов пен Х.И.Бисеновтың «Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов» деп аталатын еңбегінде: «республикада мұражайлар ұйымдастыру ісі мамандар тапшылығы, қаражаттың жетіспеушілігі, тиісті ғимараттардың болмауы сияқты көптеген қиыншылықтарға кездесті.

Кеңес өкіметінің алғашқы жиырма жылында Қазақстанда мұражайлар жүйесінің құрылуы мен олардың қызметін зерттеуде тарихшы ғалым С.Ш. Ахметова өзінің «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің жеке бір тарауын «Мұражайлық өлкетану мен ескерткіштерді қорғау ісінің дамуы» тақырыбына арнады. Бұл еңбекте алғаш рет Қазақстандағы 20-30 жылдары мұражайлар жүйесінің құрылуы мәселесі және ондағы жекелеген мекемелер мен түрлі қоғамдық ұйымдардың атқарған жұмыстары қарастырылды. Мұражайлардың алдына қойып отырған міндеттеріне орай жүргізген ғылыми-зерттеу, өлкетанушылық, мәдени-ағартушылық қызметіне шағын шолу жасалып, олардың республика территориясындағы ескерткіштерді сақтауға қосқан үлестері көрсетілді. Сонымен қатар, автор сол кездегі республика мұражайларының барлығының дерлік өлкетану сипатында болғандығын айқындап, олардың қызметінің жемісті болуына еңбек сіңірген жекелеген мұражай қызметкерлері жұмыстарына да тоқталған. [2]

Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы мен оның атқарған қызметтері жайындағы көлемді зерттеулердің бірі А.Е. Қайназарованың «Музейное дело в Казахстане» тақырыбындағы 1995 жылы тарих ғылымы кандидаты атағын алу үшін қорғаған диссертациясы. Бұл ғылыми еңбекте автор Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Ресейден келген түрлі

экспедициялар мен ғылыми ұйымдардың өлкені зерттеуге қосқан үлестеріне тоқтала келіп, олардың еліміздегі алғаш мұражайлардың қалыптасуындағы атқарған рөлін, қазақ этнографиясы бұйымдарын Ресейлік көрмеге катынастырудағы еңбектерін ашып көрсетті. Зерттеуде Қазақстан жерінде алғаш ашылған орындар, Семей, Жетісу мұражайларының қазан қарулы көтерілісіне дейінгі және оның алғашқы жылдарындағы қызметтері қарастырылған. [3]

«Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы /1920-1940 ж.ж./» атты тақырыпта жүйелі зерттеу жұмысы 1999 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін А.Ф.Ибраеваның жазған диссертациясы болды. [4].

Еңбекте автор алғаш рет 20-40 жылдардағы мұражай жүйесінің кеңеюі, кеңес үкіметінің мұражай жүйесі құрылысына тиісті жасаған шаралары, олардың материалдық-техникалық базасы мен ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту жұмыстары мен мамандары мәселесі кең көлемде тереңірек зерттелініп, тиісті баға берілген. Бұл зерттеуде жалпылама Қазақстан мұражай істеріне тоқталған.

Сондай-ақ дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты мен Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан Облысы қазіргі заман тарихы құжаттарының орталығынан көптеген құнды мәліметтер алдық. Бұл мұрағат қорында: 30-қор (ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінің мәжілістері хаттамалары), 81-қор (халық ағарту комиссариаты бұйрықтары, жұмыс жоспарлары, Қазақстанды зерттеу қоғамы және Орталық мұражай жарғылары, есептері мен жоспарлары, мәжілістері, хаттамалары), 1308-қор (Қазақстан мемлекеттік Орталық мұражайы жоспарлары, есептері, бұйрықтары, мәжіліс хаттамалары, республика мұражайлары есептері), 693-қор (Қазақстанды зерттеу қоғамы қызметі, есептері, мәжіліс хаттамалары) қорларындағы республикадағы мұражай жүйесінің қалыптасуы мен олардың ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту қызметтері жайындағы құнды деректер алғаш рет пайдаланып, айналымға қосылды. [5].

Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттар орталығының 374-қор (Қазақ ССР-нің Мәдениет министрлігінің Семей облыстық өлкетану мұражайы /1924-1968/); 1406-қор (Қазақ ССР-нің Мәдениет министрлігінің Абай атындағы Семей әдеби-мемориалдық мұражайы /1940-1966/), 409-қор (Шығыс Қазақстандағы мұражай жұмысын қайта құру. Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитеті президиумының жарғысы), 710-қор «Облыстық мұражайдың құрамындағы кітапхананың жағдайы) қорларынан жекелеген құжаттар бар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Баталова А. Музеи Казахстана. //Советский музей, 1938. № 8. Музамбетова А. Центральный историко-краеведческий музей Казахстана. //Советский музей, 1940. №4.
2. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1982. 168 с.

3. Кайназарова А.Е. Музейное дело в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX в.в.). Диссертация кандидата исторических наук. Алматы, 1995.
4. Ибраева А.Ғ. Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы. (1920 1940 ж.ж.) Алматы. 1999. Тарих ғылымдарының кандидатты дәрежесін алу диссертациясы.158б. (14б.).
5. ҚРОМА. 693, 1308-қорлар.

**Канапьянова Г.М. тарих магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРАЛУ ПРОЦЕСІ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ҚАТЫНАСЫ**

Қазақ елінің тәуелсіздігімен бірге келген өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтығаны белгілі. Басты ерекшелігі – оның ауқымы мен тереңдігіне байланысты болды. Нәтижесінде, тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде елдің экономикалық дамуының негізі- нарықтық қатынастар орнықты. Еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең өзгерістердің нәтижесінде Қазақстан әлемдегі еркін дамып отырған елдердің біріне айналды. Соның бір көрінісі - әр түрлі кезеңдерде, түрлі себептермен шетелдерге кетіп бас сауғалауға мәжбүр болған қандастарымызбен қайта қауышуға мүмкіндік алуымыз.

Алғаш тәуелсіздік алған күннен-ақ Қазақстан Республикасының басшылығы шетелдердегі қандастарымызбен жан-жақты байланыстар орнатуға қадамдар жасады. Соның бір көрінісі, дүниежүзі қазақтарының көкейкесті мәселелерін күн тәртібіне қойған 1992 жылы ашылған Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайының ұйымдастырылуы және өткізілуі болып табылады.

Ең әуелі ата-мекенге ат басын бұрған Моңғолиялық қазақтар екі мемлекет арасындағы еңбек шартына байланысты көшіп келе бастады. Моңғол жеріндегі 100 мыңға жуық қазақтың ата-мекенге оралуы Қазақстан өкіметінің мүмкіндігіне орай жүзеге асатын процесс.

Алыс және шет елдерден көшіп келген ағайындарды құшақ жая қарсы алып, ерулік беріп оларды жергілікті елмен етен танысып, сіңісіп кету үшін қазақстандық ағайындардың да қосар үлесі зор. «Елге ел қосылса құт» - деген халқымыз ежелден намысшыл, бірікшіл, бірін-бірі ыстық ықыласымен, ізгі ниетімен жарылқайтын халық. 1991 жылы ақпан айында 97 мың қазақ Моңғолиядан Қазақстанға көшіп келгені-жаппай репатриацияның басы болып саналады. Көшіп келгендер Алматы облысына қоныстандырылып, оларға жұмыс орындары бөлінді.

Ертіс, Павлодар өңірінде де алғашқы оралмандар 1991 жылы көшіп келе бастады. Олардың басым көпшілігі Моңғолиядан болатын. Арнайы деректерге жүгінсек, 1992 жылдың тамызына дейінгі уақыт аралығында

Павлодар облысында Моңғолиядан барлығы 923 жанұя немесе 5011 адам келген екен. Оның ішіндегі Баянауыл ауданына 338 жанұя-2061 адам, Екібастұз ауданына 191 жанұя-961 адам, Ертіс ауданына 98 жанұя-484 адам, Май ауданында 93 жанұя-457 адам, Ақтоғай ауданына 81 жанұя-413 адам, Шарбақты ауданына 48 жанұя-249 адам, Ақсу ауданында 45 жанұя- 237 адам, Аққу ауданында 20 жанұя – 111 адам, Железинка ауданына 11 жанұя-39 адам, келіп қоныстанды. Бүгінгі күні Павлодар аймағында тұратын оралмандардың 85-90% Моңғолиядан келген ағайындылар құрайды, қалғандары жақын шетелден қоныс аударып келгендер. Қазіргі таңда облыс көлемінде тек қана Моңғолиядан келген 3000 жуық отбасы, 12-13 мыңдай адам байырғы елмен етене араласып көппен бірдей тіршілік етіп жатыр. Олардың ішінде дәрігерлер, мұғалімдер, ғалымдар, әртүрлі инженерлер мен журналистер және өнер адамдары барынша маманды жұмыстарын атқарып, егемен еліміздің болашағының гүлденуіне өз үлестерін қосып жатса, басқалары да нарық жағдайына бейімделіп келеді. Қазіргі кезде Моңғолияда этникалық қазақтардың саны 102983 адам, олардың 90 –ға жуығы Баян Өлгий аймағында тұрады.

1991-1993 жылдары Моңғолиядан келген оралмандар саны 60 мың адамға жетіп, кейінгі жылдары олардың легі біртіндеп бәсендеді. 1996 - 1999 жылдар аралығында Моңғолиядан келген оралмандар 2259 адамды құрап, бұрынғымен салыстырғанда 25,1 есе аз болды. Осы жылдары олардың 623 адамы кері көшіп кетті. Жалпы, 1989 жылдан бастап 1999 жылдары аралығында республикаға Моңғолиядан 43057 оралман келіп қоныстанды. Олардың басым көпшілігі Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облысындағы ауылды жерлерде орнықты.

Тек 2005 жылы Қазақстанға 612 үй, 2848 адам, 2006 жылы 1660 адам қоныс аударғанына қарағанда, олардың өсімін қоса есептесек 100 мыңдай халық Қазақстанда өмір сүруде.

Моңғолияға тәуелсіздік кезеңінде Қазақстаннан қайта көшіп барғандардың жалпы саны 10000 адамға жетіп отыр. (2000 обасы) Біздің ойымызша бұл құбылыстың әлеуметтік шындықта бірнеше себебі бар: Біріншісі, қазақ оралмандарының республикада бытыраңқы орналасуы, бұл процестегі жүйеліліктің болмауы; екіншісі, еңбекке араласып кетудегі қиыншылықтар; үшіншісі, азаматтық алудағы кешеуілдер, құқықтық дағдарыстар болып табылады; Төртіншісі, оралмандарға қажетті әлеуметтік-психологиялық бейімделудің төмен деңгейі, олардың елге сіңісіп кетудің болмауы.

Дегенмен, соңғы уақытта келіп жатқан жаңа мәліметтер бойынша Моңғолиядағы қазақтар Қазақстанға қоныс аударуға тілек білдіруде. Бұл жағдайға қарап еліміздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, құқықтық мәселелердің оңға бетбұрыс жасап, тиімді шешімін таба бастағанын байқаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуында қадам көрсеткен сегіз басымдықтың ішінде

республика халқының санын 20 миллионға жеткізу мәселесін атап өтіп, Үкімет алдына халықтың өсімін қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру мақсатында бірқатар талаптар қойды. Бұл еліміздің қауіпсіздігіне тікелей байланысты мемлекет маңызы бар зор мәселе.

Осы орайда республика халқының өсімін көтеру бағыттарының бірі- атамекенге көшіп келуге ниет білдірген қандастарымызды қабылдау. Мемлекетімізде тағдырдың жазуымен кезінде шетелдерді паналап кетуге мәжбүр болған қандастарымызды атамекенге оралту саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Халықтың көш-қоны туралы», «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңдарды қабылдаған, оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер төлемдерін беру ережесі, көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығымдарын өтеу, орналасқан жерінде тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және бір жолғы жәрдемақылар төлеу ережесі мен Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары, шетелдегі отандастарды қолдаудың 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

1991 жылдан 2007 жылғы 1 қаңтарға дейінгі уақыт аралығында Қазақстан Республикасына алыс және жақын шетелдерден 565767 адам-143343 отбасы көшіп келді. Олардың 14,3 пайызы Моңғолиядан келген бауырларымыз. Бұлардың ішінде 2007 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағандар саны 438563 адамды құрады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі №748 қаулысына сәйкес оралмандарға өздері тұрып жатқан елді мекеннен жеке тұрғын үй салу үшін жер төлемі беріледі. Ол да Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін олардың жекеменшігіне өтеді.

Қазіргі уақытта көші-қон саласының, соның ішінде оралмандар мәселесі бойынша заңнамаларды жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына жіберілді. Осы заң жобасы республикадағы көші-қон үрдістерін реттеуге, көшіп келушілердің құқықтары мен мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғау жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған.

Қазіргі нарықтық экономикасы қалыптасқан тәуелсіз Қазақстан жағдайында қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі бойынша бұқаралық ақпарат құралдары белсенді қызметтер атқаруда. Жалпы қазіргі кезеңде жаһандану процестері әлеуметтік-этникалық кеңістіктің барлық салаларын қамтуда. Сондықтан қазақ диаспорасы мәселесін зерттеу барысында халықаралық деңгейде маңыздылық танытатын саяси, әлеуметтік, этносаралық күрделі

үрдістерді де ескеру қажеттілігі туындайды. Ал бұл тұрғыдан алғанда тәуелсіз Қазақстандағы көптеген саяси, мәдени процестер соңғы кезеңде он бағытта өрбиде. Осы үрдісті әрі қарай дамыту үшін этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуының қажеттілігі бар. Оны қазақ диаспорасын жан-жақты зерттеусіз жеткілікті түрде жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар бұл мәселе қазақ халқы шын мәнінде қоғамда тарихи шындықты, әлеуметтік әділеттілікті орнатудың бір тетігі болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ә. Қошанов, Ә. Нысанбаев, С. Нұрмұратов Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі. А., Елорда 2005ж. 352б.
2. Қазақ диаспорасы: кешегісі, бүгінгі, ертеңі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. С., 16 қараша 2007ж.
3. Қыдырханұлы У. Алыста жүрген ағайын. Қазақ эмиграциясы туралы ой. //Егемен Қазақстан 1992, 25 сәуір.
4. Мүсіреп Ғ. Қалың қазақ қарашаңыраққа қашан оралады. //Егемен Қазақстан 25 қазан 2000ж.
5. 3. Қиянатұлы Монғолиядағы қазақтар А., 2001.

**Адильбаева А.С., т.ғ.д.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қаласы.

**Түлебаева А.М.**

2 курс, 7М01602 «Тарих» мамандығы

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қаласы.

### **ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ СЕМЕЙ БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ**

Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің ашылуы Семей облыстық Статистикалық комитетінің басшыларының қызметімен тығыз байланысты болды. Бөлімше осы комитет ісінің жалғасы мен кеңеюі болып табылды.

1902 жыл 31 наурыз Семей бөлімшесінің тарихында үлкен өзгерістер әкелді. Бұл күні Семейде, Семей бөлімшесінің тарихында маңызды роль атқаратын мәдени мекеме, Патшалық Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің ашылу рәсімі жасалды.

Ғылыми қоғамды құру туралы мәселе 1898 жылы туды. Статистикалық комитетінің хатшысы Н.Я.Коншиннің «Семей облыстық ведомствосында» Семейде географиялық бөлімше ашу керектігі туралы мақаласы шықты. Мақала Семей әскери губернаторы А.Ф.Карповтың көзіне ілініп, ол Патшалық Орыс Географиялық қоғамының Вице Президенті, сенатор Петр Петрович Семеновқа бөлімшенің ашылу керектігі туралы ұсыныс жасап, ол бұл ұсынысқа қолдау көрсетеді.

Бөлімшенің ашылу күніне қарай 97 адам бөлімше мүшесі болуына ниет білдірді. Оның ішінде 69 адам семейліктер, қалғаны Семейден тыс жерлерден болды. Қоғамдық жиналыста Статистикалық комитеттің хатшысы Н.Я.Коншин бөлімше мекемесінің тарихы туралы баяндады, ал қоғам мүшесі Ф.К.Зобниннің «Қырғыз даласындағы құлдық» атты баяндамасы тыңдалды. Семей бөлімінің іс-әрекетіне Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімі жетекшілік етті. Бөлімшенің ашылуына басшы болып Н.Ф.Ницкевич, ал іс жүргізуші болып Н.Я.Коншин сайланды.

Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің негізгі мақсаты Шығыс Қазақстанды тарихи - географиялық, геологиялық, археологиялық, этнографиялық, статистикалық, жаратылыстану жағынан жан-жақты зерттеу. Бөлімше мүшелері өлкенің тарихын, қазба байлығын зерттеп, дәрістер оқып, ағартушылық сипаттағы кештер мен көрмелер ұйымдастырып отырды. Олар мұрағаттарда жиналған құжаттар мен мәліметтерді іздеп, зерттеулер жүргізіп, экспедицияларды жабдықтап, өлкетанушылықпен айналысуға ниет білдірген тұлғаларды ғылыми жұмыстарға тартумен қатар, кітап, қолжазбалар, карталар, ғылыми оқулықтарды жинап сақтаумен де айналысты. Бөлімшенің ғылыми-зерттеу қызметі Семей облысын, оған қатысты Жетісу өңірін және оңтүстік – батыс Сібір жерлерін әсіресе, Алтайды толық қамтыды.

Семей бөлімшесінің қызметін алты бағытта бөліп қарастыруға болады: 1. Зерттеу жұмысы. 2. Баяндамалық. 3. Шығармашылық. 4. Ғылыми кітапхана ұйымдастыру. 5. Мұражай ісі. 6. Метеорологиялық станция.

Өлке тарихында ерекше орны бар ғылыми зерттеу мекемесіне айналған Семей бөлімшесі қазіргі Семей, Шығыс Қазақстан, Павлодар облысына тарихи, этнографиялық, археологиялық және географиялық экспедициялар ұйымдастырып, қазақ халқы өмірінен көптеген құнды да қызықты мәліметтер жинады. Семей өлкесінің табиғатын, географиясын, гидрогеологиясын зерттеу барысында әсіресе, А.Н.Седельников белсенділік танытты. Ол бөлімнің көмегімен Семей губерниясы бойынша қайталанбас ғылыми сапарлар арқылы Зайсан көлі, Қара Ертіс, Оңтүстік-батыс Алтай және Сауыр және т.б. жерлерде зерттеулер жүргізді. Қалба тауларының аймақтарында гидро-геологиялық зерттеулерді В.Резниченко, И.В.Сарычев, И.М.Пахомов Балхаш көлін, ал құмды жерлерді зерттеуде Е.П.Михаэлис, В.А.Обручев өз еңбектерін сіңірді. И.А.Чеханинский сейсмология облыстарында көп жұмыс жасады. Ол 1761-1926 жылдары аралығында болған Семей облысындағы жер сілкіну туралы мәліметтерді жинады. Этнографиялық зерттеулердің ішінен Б.Г. Герасимовтың, А.Н.Белослюдовтың еңбектері өте бағалы болып келеді.

Өлке тарихын зерттеумен Н.Я.Коншин табысты жұмыс атқарды. Ол «Далалық өлкенің тарихы үшін материалдар» атты толық жинақталған очерктердің авторы болды. Мұрағат мәліметтері негізінде далалық өлкедегі саяси және әкімшілік жер аударылғандар туралы зерттеулер жүргізді. Онда осы жер аударуда 1881-1905 жылдары болған барлық тұлғалар мәліметі жинақталды. Одан басқа бөлімше жазбаларында «Семипалатинские авантюристы» деген Ф.К.Зубинның мақалалары және Е.Шмурланның



«Русские и киргизы в долине Верхней Бухтармы» мен Б.Г Герасимовтың «Ссылные поляки в Семипалатинской области» атты мақалалары болды.

Семейдегі бөлімшенің мүшелері жүргізген ғылыми зерттеулері орталық ғылыми мекемелерден жоғары баға алған болатын. Бөлімше мүшелері географиялық қоғамның медальдарымен марапатталды. Мұнда Ф.К.Зобин этнография бойынша еңбектері үшін күміс медальмен, ал Н.Я. Коншин өлке тарихы бойынша еңбектері үшін және Семей бөлімшесін ашуға белсенді түрде қатысқаны үшін медальдармен марапатталды. Б.Г Герасимов болса, өлкетану бойынша еңбектері үшін медалға ие болды.

Семей бөлімшесінің ашылуы оның ішіндегі ғылыми кітапхананың құрылуы да тығыз байланысты. Бөлімшенің қарауында 3715 томнан тұратын ғылыми кітапхана және облыстық мұражай берілді. Осы бөлімнің жұмысына орыстың ғалымдары Г.Н. Потанин, Е.П. Михаэлипен бірге Абай Құнанбаев та белсене атсалысты. Мұражайдың Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің құрамында болған жылдардағы есептерге қарағанда мұражайға келушілер саны да өзгеріп отырды. Сонымен қатар, бұл жылдары мұражайға түскен заттар саны да әртүрлі болды. (Кесте 1-2)

Кесте 1

Мұражайдың 1902-1919 жылдар аралығында келушілер санының жылдық есебі.

Жылдары	Келушілер саны	Жылдары	Келушілер саны	Жылдары	Келушілер саны
1902	240 адам	1908	2110 адам	1914	2810 адам
1903	720 адам	1909	2418 адам	1915	2538 адам
1904	960 адам	1910	2296 адам	1916	1762 адам
1905	1000 адам	1911	2730 адам	1917	1423 адам
1906	893 адам	1912	2476 адам	1918	2719 адам
1907	1469 адам	1913	2873 адам	1919	2000 адам

Кесте2

Мұражайдың 1902-1919 жылдар аралығында келіп түскен заттардың саны

Жылдары	Жәдігерлер	Жылдары	Жәдігерлер	Жылдары	Жәдігерлер
1902	81	1909	20	1915	36
1903	61	1910	177	1916	34
1904	11	1911	55	1917	65
1905	42	1912	41	1918	65
1906	23	1913	93	1919	63
1907-1908	62	1914	60	Барлығы 18 жылда	994

1924 жылдың 8 мамырында қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен 22 жыл бойы Батыс-Сібір Орыс Географиялық қоғамының бөлімшесі болып келген Семей бөлімшесі Орыс Географиялық қоғамының

дербес бөлімі ретінде бөлініп шықты. 1925 жылы оның құрамында 143 адам болса, олардың 4 құрметті, 89 нақты мүшелері болды.

1916-1925 жылдар аралығында бөлімнің төрағасы қызметін атқарған өлкетанушы Б.Г.Герасимовтың еңбегі зор. Сонымен қатар, Семейдегі қазақ өлкесін зерттеу орталығы өзінің құрылғаны үшін саяси жер аударылғандар — Г.П. Михаэлиске, Е.Гроссқа, А.Леонтьевке және басқаларға борыштар еді.

Жер аударылған революционерлер қазақ халқының өткені мен бүгінгісін халықшылдық көзқарас тұрғысынан зерттеді. Айталық, олар этнографиялық суреттеуге әрдайым әлеуметтік және саяси мәселелерді енгізіп отырды. Олардың зерттеулері мен мақалаларынан міндетті түрде әлеуметтік сарын сезіліп тұрды.

Семей Географиялық қоғамы өзінің ғылыми еңбектерін «Жазбалар» атты жинақпен баспадан шығарып отырды. 1921-1927 жылдары Жазбалардың XIII-XVI томдары шығарылды. Бірақ, әрбір Жазбаларды басып шығару бөлім үшін қаражат жағынан қиындық көрген бөлім өз еңбектерін баспадан шығару мүмкіндігінен де уақытша айырылып қалады. Географиялық қоғам қиыншылықтан шығу жолын іздестіріп, баспа ісі тоқтап қалмас үшін екі айда бір рет «Бюллетень» шығарып отырды. Оның мақсаты Семей бөлімінің өмірі туралы ақпарат беріп, өлке туралы шағын шолулар шығарып тұру еді. Бірінші нөмірі 1924 жылы шілде айында 250 данамен жарық көрді.

Бөлім өмірінің жарқын оқиғаларының бірі – Семей губерниялық өлкетанушылар конференциясы еді. 1924 жылы 24-31 тамыз аралығында конференцияда өлкетану ісінің аумағын айқындау, өлкетану бойынша атқарылған шаралардың қорытындысын шығару, өлкетану ісін жергілікті жерде одан әрі жандандыра түсу, тек губерния орталығында ғана емес, уездерде де жүргізу, губерниядағы негізгі география бағыттарымен таныстыру еді.

Конференция жұмысына Москвадан, Ленинградтан, КСРО геологиялық комитетінен, КАССР халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың және Қазақстанды зерттеу қоғамының өкілдері қатысты. Бұл Қазақстан территориясындағы алғашқы форрум еді. Осы жұмыс барысында өлкетанудың маңызды мәселелеріне арналған 36 баяндама тыңдалды. Әсіресе, пайдалы қазбалар, флора мен фауна, орман, климат, губернияның ауыл шаруашылығы, геология комитетінің жұмысы, өлкетану мен мектептердің байланысы туралы мәселелер қаралды. Конференциядан кейін Өскеменде, Павлодарда, Үлкен Нарында және тағы басқа жерлерде бөлімнің қолдауымен әуесқой өлкетанушылар үйірмесі және «Өлкетану» мен «Дүниетану» атты ғылыми көпшілік қоғамдар ашылып, өлкетану жұмыстарына жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция және оқушы жастар тартылды.

Бөлім өмірінде қиын – қыстау кездері де болды. Бірақ, қиыншылықтарға қарамастан бөлім өлкені зерттеудегі ғылыми әдебиеттерді шоғырландырумен айналысты. Бөлім – өлкетану энциклопедиясы деген атағына лайық еді. 1929 жылы 5 мамырда Қазақстанды зерттеу қоғамының Семей бөлімі болып қайта құрылды. Өзінің ғылыми – зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізе отырып, бөлім 1924-1929 жылдары 17 томдық еңбектерін жарыққа шығарды.

Семей қаласында ХХ ғасырдың басында құрылған Орыс географиялық қоғамның Семей бөлімшесі мен оның мүшелері қазақ халқының тарихын, тұрмысы мен мәдениетін, экономикасын дамытуға, оның ішінде Қазақстан туралы тарихи мағлұматтарды байыта түсті. Тарихымыздың қай белесінде болмасын халқымыздың тарихи – мәдени мұрасын жинақтау және зерттеумен айналысқан Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі өлкенің мәдени дамуына баға жетпес үлес қосқанын, бөлімше мүшелерінің Семей жеріне сіңірген еңбектері зор деп сөзсіз айта аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Адрианов А.А. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея. С., 1929г.
2. Отчет Семипалатинского отдела Русского Географического общества с 1 октября 1924г. по 1 октября 1925г. (Үзінді) // Абай 1992ж., 2(14)., 11б.
3. Кашляк В. 100 лет Семипалатинскому Географическому подотделу. // Экспресс К. 2002г., 18 мая.
4. Омарбеков Н. К 100 летию со дня основания Семипалатинского подотдела Западно – Сибирского отдела Русского Географического общества // Рудный Алтай. 2002. 19 марта.
5. Семипалатинск. Отв.ред. Елагин А.С. А., «Наука». 1984г. 224с.

**Кадырова Г.К., тарих магистрі, Жолдыбалина Г.А., тарих магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Мұстафа Шоқайдың терең білім алып саяси көзқарасының және қоғамдық қозғалысқа қалыптасуы халқының азаттығы үшін күреске қатысып шыңдалуы Петербор университетінің заң факультетінде оқып жүрген кезінде басталды.

Мұстафа Шоқайдың 1914 жылы IV Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының хатшысы болып қызметке араласуы, қазақ халқының отарлық езгіге қарсы қозғалысының басталуымен сәйкес келеді. Олай дейтін себебіміз, ХХ ғасырдың басында Ресей отаршылдары өзінің билеген Орта Азия мен Қазақстанға терең сіңіре бастаған кезеңі болатын. Мұстафа Шоқай тұңғыш рет түркі-татар халықтарының саяси өміріне араласуы басталды. Мұстафа Шоқай ұлт жанды саясаткер болды, басқа ұлттың өкілдерімен де тез тіл табыса алатын қабілеті болды. Бұл жөнінде жұбайы Мария айтқандай: «Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дұшпаны еді». Мұстафа патшалық Ресейдің Орта Азиядағы отаршыл саясатын әшкерілеп, Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін оларды рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілігін өз мойнына алды.[1]

Мұстафаның саяси көзқарастарының кеңейтуіне оның Петербордағы қызмет жасап жүрген отандастарының да үлкен көмегі болды. Мемлекеттік Думаның мүшелері Сералы Лапин, Махмуд Ходжа Бехуди, Минуар Қари т.б.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

тығыз байланыс жасап, өздерінің отандары- Түркістанның болашағы жайлы талқылап жүрді. Солайша Мұстафа Петербор университетін үздік бітіріп шыққанға дейінгі жылдары бірнеше шет тілдерін еркін меңгереді, патшаның отарлау саясатына қарсы күресу қажет екенін түсінеді. Мұстафаның алғашқы саяси жұмысы да осы Петерборда жүргізіп басталды. Қазақ халқының мұраты, Түркістанның биік мүддесі үшін күресті. Мұстафаға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты көптеген түркістандық намыскерлер қолғабыс тигізді.

Мұстафа Шоқайдың саяси әрі тарихи көзқарастарының қалыптасуы жайлы саясаткер ғалым шетелдегі қазақ зиялыларының көш бастаушыларының бірі Хасен Оралтайдың айтуынша: «Ұлтшыл азамат туған елін жат-жұрттық ізгі қамаудан құтқарып, талан-таражға түскен жер суын, игілігін өзіне қайтарып беруді, сондай-ақ, халқын оқу-ағарту мен жалпы шаруашылық саласында алға бастырып, оның ауыр жағдайын жеңілдетіп жақсартатуды сонау өзінің студенттік кезеңінде ақ басты арманына айналдырған. Сол арманына жету жөніндегі ізденістерін ел Петербордағы өзі сияқты басқа Түрік тұқымды мұсылман халықтары жастарымен жиі кездесіп әңгімелесу арқылы бастаған». Мұстафа Шоқай қоғамдық-саяси қайраткер ретінде І-ші және ІІ-ші Ресей Думаға мүше болып жүріп қазақстандық және Орта Азиялық депутаттары ақыл-кеңес береді, олардың саяси қызмет атқаруына көмектеседі. [2]

Осы арада Мария Шоқайдың еңбегіне және Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы кезеңіне қатысты жарық көрген деректерге тоқталу қажет. Естелік авторы Мұстафа Шоқаймен өз тағдырын саналы, ақыл тоқтатқан кезде қосқан. Сондықтан оған өзі көз жұмғанша адалдығын, сыйластығын сақтай білген. Ол Мұстафа Шоқай өмірінің қауіпті жағдайда әкеліп, эмиграцияда тіпті ауыр болатын кезде де оған қайлы болды. Ол 1918 жылы Мұстафаны Ташкенттен жасырып алып шығып, ажалдан құтқарды. Мұстафаны ренжітпеу үшін бұл орыс қызы Ташкентте екі өзбекті куәгер қылып мұсылманша некеге отырады. Қазақ арасында жүргенде ұзын көйлек киіп, ақ жаулық тартып, мұсылман әйелінше әдеп сақтайды. Мұстафа өлгенде оның басына тақия кигізіп, шалма орап, төсіне құран әкеп қойған Мария Мұстафаның барын асырап, жоғын жасырған жары болған жан. Мұстафа Шоқай мінез- құлқын көрсеткен деректер өзінің сүйікті жары Мәриям Шоқай «Естеліктерінде» жарқын көрініс алған: «Мұстафа студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да, партияға мүше емес еді. Социализмнің қоспасы жоқ демократ болатын. Өз Отаны мен халқын жанындай жақсы көретін және халықтың келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын. [3]

1916 жылдың өзінде Петербург университетінің студенті Мұстафа Шоқай Петербургтен Түркістан халқының, жұмысшыларының жағдайын тексере келген Ресей Мемлекеттік Думасының мүшесі Ф. Керенскиймен сенатор Тевкелев бастаған комиссияның құрамында болған қайыршылық пен қараңғылықтың қойнауында өмір сүріп жатқан халқының жағдайын аралапкөру сол сапарда-ақ болашақ күрескердің жүрегіндегі халқына деген аяныш пен сүйіспеншілігін оятты демеске амалымыз жоқ. 1917 жылы университет

бітіріп, кейбір тарихшылар жазғандай, «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды», - деп жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді.

1917 жылы окоп қазуға Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарына жіберілген қазақ жігіттерінің аман-есен елге қайтуы үлкен қиыншылықтарға кездесті. Тіл білмейтін қазақтардың темір жолдарындағы орыс шенеуліктері нен пойызға орын ала алмай үлкен станцияларда сандалып жүруі олардың өмірі үшін қауіпті еді. Осы кезде Петербургтан елге оралған Мұстафа Пенза, Сызрань, Самара қалаларына қазақ жігіттерін алып келе жатқан составтардың өз уақытында елге жетуіне ат салысты.

Мұстафа Шоқайдың саяси бағытының ұштала түсуіне 1905 жылдан қазақ халқының ұлттық төңкерісінің басында болған, қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалаған, оның бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның әсерінің ерекше болғанын айта кету керек. «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс үкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», - деген ұстаз сөзін 1939 жылдары еске алу жайдан-жай емес. Мұстафа Шоқайдың айтуынша, осы кеңестен кейін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген жастар бар ынтасымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіпті.[3]

Мұстафа Шоқайдың ауыр өмір жолы өнеге толы болды. Ол өз ұлтын жанындай сүйді, бірақ түркі туыстас қазақ, өзбек, түрік, татар, тағы басқа ұлт өкілдерін бірінен бірін бөліп қарамады.

Мұстафа Шоқайдың тарихи дүниетанымының дамуына тағы бір ықпал еткен идея Ташкентте оқып жүрген кезде кең тараған жәдиттер идеясы. Мұстафа жәдиттер қозғалысының пайда болуы, дамуы және қоғамдың ой-пікірдегі орны жөнінде арнайы зерттеу жүргізеді. Франциядағы жеке мұрағаттың қорында сақталған «Жәдитшілдік» деген қолжазбасында М. Шоқай оның алғашқы кезде мектеп ісімен ғана шектелгендігін, "тек оқиғалардың даму барысында және императорлық Ресейдің шет аймақтардағы саясатының өзіндік ерекшеліктері арқасында ғана жәдитшілдік белгілі бір саяси ағымның синониміне айналғандығын айтады. Үкіметтің мектеп ісіне саяси мән беруі нәтижесінде көп ұзамай жәдитшілдіктің өзі саяси ұранға айналады. Мұстафа Ташкентте оқып жүрген уақытында жәдитшілдіктің кең өріс ала қоймағандығын, мысалы, Ташкентте — үш мектеп қана болғандығын ескертеді. Демек, ол жәдиттердің идеялық платформасында тұрды деуге негіз жоқ. Ол, әсіресе, дін мәселе-сінде және оның қоғамдың дамуына орны жөнінде жәдит жетекшілерінің біразынан өзгеше пікірді ұстанады.

Жәдит басшылары теорияда, философия мәселелерінде фидеизм жағына ойысып, дінді ғылыммен ынтымақтастыруды көздейді. Сонымен бірге олар, басқа елдердің мұсылман қайраткерлері секілді, дін мен ғылым арасында ешбір қайшылықтың "жоқтығына" сенеді. М. Шоқай адамдардың діни сеніміне құрметпен қарайды. "Біздің еліміздің өмірінде дін мен

шарифаттың аса зор рөл атқаратындығын мен жақсы білемін. Біздің Ұлттың орталықтың мүшелері арасында Құранды терең білетін адамдар, мысалы, атақты Махмуд Кожа Бехбуди де болды" деп жазады М. Шоқай. Осыған қарамастан саяси күресте, қоғамда діннің өз орны барығына, бірақ бұл мәселеде асыра сілтеушілікке жол берілмеуіне жәдитшілдердің көздерін жеткізуге тырысады. Мұстафаның дінді Қоғам дамуында басым фактор ретінде ұсынудан бас тартуы, бір жағынан, орыс қоғамының демократиялық бөлігінен қолдау табуға ұмтылуынан да туындаса керек.[4]

М. Шоқайдың жас кезіндегі жәдитшілдік ықпалындағы көзқарастары еуропалық және Алаш қозғалысы жетекшілерінің ой-пікірлеріне ұласып, жаңа арнада дамиды, өзгеше сипат алады. Ол бодандық зардаптарын оқу-білімнің күшімен емес, патшалық режимді конституциялық-демократиялық жүйемен ауыстыру арқылы жобаға болады деген тұжырымға келеді. Мұның өзі М. Шоқайдың, жалпы алғанда, Алаш қозғалысының түлегі екендігін, оның дүниетанымы Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов секілді қайраткерлердің тікелей ықпал етуімен жетіліп, шыңдалғанын көрсетеді. Мұстафаның Алаш қозғалысының жиындарына қатысып, оның басшы органдарына сайлануы да осы сөздерімізге дәлел. Жәдитшілер идеясы қысқа ғана уақыт іздігінде халқымыздың қолдап-қуаттауына ие болды. Қара ғылым бұқара арасындағы беделінен айрыла бастаған еді. Т.Рысқұловтың 1924 жылғы сәуір айында Кеңес одағының басшысы И.Сталинге жолдаған баяндамасында Мұстафа Шоқай жәдитшілер қозғалысының басшысы емес, оның басшысы алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамбетов, М.Дулатов болды деп жазды.[4]

Алаш алыптарының тобында Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. Бір қоғамда туғанымен, тұлғалардың тарихи қалыптасу жолдарының әр түрлі және әр деңгейде болатыны белгілі. Әркімнің өз тағдыры, басқаға ұқсай бермейтін өзіндік сұрлеуі бар. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көз жұмғанша жас кезінде таңдап алған туған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ахметова Ж.К. Мұстафа Шоқайдың өскен ортасы, қоғамдық саяси көзқара сының қалыптасуы. // Қаз ҰУ хабаршысы, тарих сер. - 2004. №1/32.
- 2.Нұрпейіс К.Тарихи тұлғалар. Алматы:қазақ энциклопедиясы,2007
- 3.Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы) Алматы: Дайк-Пресс. 2008
- 4.Әбілсейіт Мұхтар. Шоқайтануға қосылған сүбелі еңбек //Қазақ тарихы. №3.- 2009

**Кенжебаева И.Ж.**

Шульбинская СОШ тарих пәнінің мұғалімі, Семей қ.

## **1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ СИПАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ**

Желтоқсандықтар уақыт талабына лайықты үн қата білді. Қазақстанның тәуелсіздігі мен мүддесі үшін күреске шыққан жүздеген, мыңдаған, тіпті ондаған мың аға-әпкелеріміздің ерлігіне осы 30 жылдық тәуелсіздік шежіресінде тиісті бағасын берді.

Тарихтың бұл кішкентай кезеңінің ақиқаты туралы деректердің әлі күнге дейін шым шымдап шығарылып, толық ашылмай келе жатқандығы баршамызды ойлатады. Сол олқылықтың орнын толтырып, замана келбетінің бар болмысын, бар бояуын қалпына келтіру – қасиетті парызымыз. Осы мақсатта Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды ақтау үшін ақтау үшін құрылған Комиссияның жұмыстары мен қорытындысы жөніндегі мәліметтерге тоқталайық.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын тексеру жөніндегі комиссияның жұмысына 200-ден астам білікті мамандар қатыстырылды. Комиссияның жұмысшы тобына сарапшы ретінде бірқатар қоғамдық ұйымдардың – Латвияның адам құқы лигасының, Қазақстанның адам құқы жөніндегі комитетінің өкілдері, сондай-ақ, ССРО прокуратурасының бригадасы қатыстырылды. Комиссия қылмыстық және әкімшілік істердің 500 томын, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен прокуратурасының альбомдарын, аудандық ІІБ мен ІІМ мекемелерінің журналдарын, медицина мекемелерінің, мәйітханалардың тіркеу журналдарын қарады. 800-ден астам адамның, олардың ішінде жауапты совет, партия басқа органдар басшыларының, әскери адамдардың, куәлардың, оқиғаға қатысқандар мен сотталғандардың, өзге де жапа шеккендердің әңгімелері, жауаптары тыңдалды. Республика алаңы төңірегіндегі үйлердің 9000-нан аса тұрғынына және сол маңда орналасқан мекеме қызметкерлеріне түрлі сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалды.

Ұсталғандардың саны ІІМ мәліметі бойынша – 2336, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде – 2212, прокуратурада – 2401. Комиссия мынаны анықтады: уақытша ұстайтын изаляторға, арнайы қабылдау орындарына, тергеу изаляторына апарылған, сондай-ақ «автозак» машиналары мен автобустармен қала сыртына апарып тасталған 6000-ға жуық адам есепке енгізілмей жасырылып қалған. Сонымен, комиссияның бағалауы бойынша ұсталғандар саны 8500 адам. Денесіне жарақат түскен адамдардың саны – 763-тен 1137-ге дейін деп әртүрлі көрсетілді, ал комиссияның бағалауынша 1,7 мыңнан астамы дене жарақатын алған [1].

Желтоқсан оқиғасын ұлтшыл элементтердің, маскүнемдер мен нашақорлардың жаппай тәртіпсіздігі деп пайымдау – саяси өрескел қате ғана

емес, тұтас бір халыққа жабылған жала. Бұлайша бағалау ұлтаралық қатынастарды қолдан ушықтыруға себепкер болды [2]. Комиссияға 25 томнан тұратын 2000 құжат түсіп, тексерілді. 500 том қылмыстық және әкімшілік істер қаралды. Жауапты партия, совет қызметкерлері, құқық қорғау, заң органдары басшыларынан бастап 800-ге жуық ресми адамдар сұралды. Желтоқсан оқиғасы жөнінде жазған жергілікті, республикалық, одақтас және халықаралық баспасөз материалдары, шетелдік радиостанциялардың хабарлары зерттеліп, талданды. Көптеген кино, фото, бейнекөріністер қаралды. [3].

Комиссия Желтоқсан оқиғасының жан-жақты, әділ бағалануы үшін көп еңбек етті. Ол өз жұмысында оқиғаның объективті: әлеуметтік, экономикалық, саяси және тарихи тамырлары болды деген шешімге келді. СОКП ОК, дәлірек айтқанда оның саяси бюросы ескі әміршілдік-әкімшілік әдіспен республика басшылығына экономикасы, мәдениеті, ұлттық ерекшеліктерін жақсы білмейтін бөтен адамды тықпалап, Желтоқсан оқиғасының тұтануына саяси себепкер болып, түрткі жасады. Орталықтың басты саяси қателігі – Қазақстанды егеменді республика емес, қарапайым әкімшілік-территориялық аймақ деп, республиканың дербес коммунистік партиясын бастауыш ұйым ретінде қарауы. Осы айтылғандарға қарап, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ұлтшылдық емес, Орталықтан басқаруға қарсы қазақ жастарының стихиялық әлеуметтік саяси наразылығы деген ой түюге болады.

Орталық басылымдар, басқа да БАҚ, оны Алматыдағы экстремистердің, ұлтшылдардың, бұзақылар мен нашақорлар тобының басбұзарлығы деп хабарлады. Партиялық ресми құжаттарда да осылай баға берілді. Оқиғаның байыбына барып жатпай, теріс, атүсті саяси баға беру республика басшылығы мен СОКП ОК-нің өрескел қатесі болды. Сөйтіп олар ұлтаралық қатынасты аяқ астынан шиеленістіріп алды. [4].

Бәрібір комиссия оперативті жоспардың 1986 жылғы көшірмесі бойынша демонстранттарды қуып тарқату барысын қылпына келтіріп зерттеді. Осы жоспар бойынша құқық қорғау органдары, милиция, әскери күштерінің демонстранттарды басып, жаншып, қуып, тарқату әдіс-тәсілдері, іс-қимылдары тегіс комиссияға мәлім болды. «Метель» - тек демонстранттарды қуып, тарқату жөніндегі операция ғана емес, ол саяси құқық қорғау, жазалау, идеологиялық және басқа әкімшілік-бюрократиялық жүйе тізбектерімен тікелей байланысты терең ойластырылған кең көлемді тұзақ.

Алматыда 1986 жылы оның мынадай ерекшеліктері байқалды: оқиға болған жерге күштер дереу әкелініп, шұғыл шешімнің қабылдануы, оның барлық бөлімшелерінің басшылық орталығына қатаң бағынуы және басып-жаншудың қауіпті дәрежеде болуы. Бұдан кейін оқиғаны қалаған бағытта қылмыстық, ұлтшылдық немесе қайта құруға қарсы іс-әрекет деп бұрмалау, жұртшылыққа жалған хабарлар беру, оқиғаның себеп-салдарын жасыру, түрлі айла шараларды қолдану оңай еді. [5].

Медициналық сараптау актілері негізінде жасалған Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша ұсталғандардың арасында бірде-бір нашақор, бірде-бір маскүнем болмай шықты. Оқиғаға қатысушылардың



қылмыстық істері тергеліп, сотта қаралғанда да заңдылық өрескел бұзылған. Мысалы, тергеу қысқа мерзімде, үстірт және тек айыптау сипатында жүргізілген. Комиссияның пікірінше, жеткілікті дәлелдер болмаса да, өлім жазасына кесілген Қ.Рысқұлбековтың өліміне ерекше тоқталған жөн. Жүзінен намыс алауы лапылдаған осы жігіт тұрғанда, сөз жоқ, өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді. Қ.Рысқұлбековке жасақшы С.А.Савицкийді өлтірді деген айып тағылды. Бірақ, кейбір куәлар Савицкий өлтірілген уақытта Рысқұлбековтың қаланың басқа шетінде жүргендігін айтады. Заң орындары ол куәлардың түсініктерін назарға алғысы келмеген. Рысқұлбековке кісі өлтірді деген айыптың тағылуына бірден-бір себепкер болған жігіт кейін өз сөзінен айнып, өзін бір заң қызметкерінің аяусыз ұрып-соғып, мәжбүр еткенін жазды. Кезінде жоғарыдан Савицкийді өлтірген адамды тез арада табу керек деген жарлық түскен [6].

Қазақстанның жоғары саяси басшысын тағайындау кезінде республика коммунистері мен халқының пікірін ескермегені үшін, ПМ-нің арнайы әскери бөлімшелерін Алматыға енгізу арқылы ауыр салдарға, оның ішінде адам өліміне алып келген, шолақ шешімді мақұлдағаны үшін, бүкіл қазақ халқының намысын қорлайтын ұлтшылдық айдар таққаны үшін СОКП ОК Саяси Бюросының 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы жөнінде ұстанған саясаты айыпталсын. Комиссия республика сайлаушыларын Қазақстаннан сайланған ССРО халық депутаттары Г.В.Колбиннің, В.М.Мирошхиннің, М.С.Меңдібаевтің, А.Мещеряковтың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезіндегі рөлі мен әрекеттерінен хабардар етті. Ресми деректерде келтірілгендей, Желтоқсан оқиғасы әкелген материалдық шығын көлемі – 302 644 сом 68 тиын [7].

Әскери бөлімдермен қатар 27 мекеме заттай шығын шекті. Ең көп зиян шеккен комуналдық-шаруашылық министрлігі (49166 сом). Ресми органдар дерегі бойынша оқудан 264 студент шығарылды. Ал, Халыққа білім беру министрінің соңғы 1990 жылғы (тамыз айындағы) анықтамасында – 309. Бұл арада Денсаулық сақтау және Жол қатынасы министрліктеріне қарайтын оқу орындарының студенттері есепке алынбаған. БПКЖО-дан 768 қыз бен жігіт шығарылып, 1164 жас комсомолдық жаза алды. 53 СОКП мүшесі партиядан шығарылды. Әртүрлі мекемелердің бастауыш ұйымдары 210 коммунистің жеке мәселесін талқылады. Оқиғаға қатысушы адам жұмыстан қуылды. Сонымен қоса Алматыда осы күндері қылмысқа, алкоголизмге және еңбексіз табысқа қарсы күрес шаралары жүргізіле бастады. Жалпы алғанда қылмыстық жауапкершілікке 99 адам, соның ішінде 80 адам ҚР ҚК-нің екі түрлі бабымен айыпқа тартылды. Әкімшілік қамауға 700 адам алынды.

1990 жылғы 24 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысы қабылданып, онда Алматыда 1986 жылғы желтоқсанда болған оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның қорытындылары мен ұсыныстарын мақұлдады. Қазақ Республикасының біз білген тарихында, тіпті бүкіл Совет одағының тарихында кезінде бүкіл қазақ халқына «ұлтшыл» деп айдар таққан Орталықтың өктемдігіне тұңғыш рет қарсылық білдіріліп, СОКП Орталық

Комитеті Саяси бюросының шешімі айыпталды. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде жарлық шығып, онда 17 желтоқсан демократиялық Жанару күні болып белгіленді. Бұл Жарлықты республика жұршылығы ізгілік пен әділеттілік актісі ретінде қабыл алды. Желтоқсан оқиғасына уақыттың өзі әділ бағасын берді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Комиссия материалдарынан // Социалистік Қазақстан. – 4 қазан 1990.
2. Исабаев Б. Тарих қиянатты кешірмейді // Лениншіл жас. – 29 қыркүйек 1990.
3. Алматы. 1986. Желтоқсан. – Алматы: Алтын Орда, 1991. – 40 б.
4. Савицкая Н. Күнге мен көлеңке // Бірлесу. – 27 қыркүйек 1990.
5. Ергебеков К. Асыра сілтеуге неге жол берілді // Социалистік Қазақстан, 5 желтоқсан 1990.
6. Рысқұлбеков Қ. Бір құдай өзі куә, адам баласын өлтіргем жоқ // Өркен. – 20 қазан 1990.
7. Муфтах Н. Құпиялы қаза // Егеменді Қазақстан. – 24 тамыз 1991.

**Мангуткина Г.Х.**

учитель КГУ СОШ-лицей №7. Семей.

## **ОБРАЗ СТЕПИ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ 20 ВЕКА**

**Степная земля бесконечна как время...**

**Казтуған жырау**

В наше время по-новому осмысливаются произведения известных казахстанских писателей 20 века: О. Сарсенбаева, Г. Мусрепова, А. Алимжанова. Мы понимаем, насколько они актуальны, интересны современному читателю. Если в произведениях писателей 18-19 веков главное место занимает социальная сторона жизни человека, его место в обществе, то в 20 веке тематика произведений казахстанских писателей коренным образом изменилась. Центром литературы стал сам человек. Человек с большой буквы, его предназначение и предопределение, любовь к Родине, к своей земле. В своей статье "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" [1] Н. Назарбаев писал: «Первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук..... патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, региону, с любви к малой родине.....Почему малая родина? Человек – существо не только рациональное, но и эмоциональное. Малая родина – это место, где ты родился и вырос, а порой и прожил всю жизнь. Там горы, реки, рассказы и мифы об их возникновении, имена людей, оставшихся в памяти народа. ...»

Главный образ, пронизывающий произведения казахских писателей – казахская степь, ее история, обитатели, ее сегодняшний день.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Степь изображается не только как пейзаж, ландшафт, а скорее как колыбель казахского народа. Вся жизнь, история, культура казахов сосредоточена именно в степи. Степь наложила неизгладимый отпечаток на устои народной жизни, на ее просторах испокон веков рождались, мужали великие сыны казахского народа. Степь – это некий мост между прошлым и настоящим. Казахские писатели не зря обращались к этой теме. Нынешняя повесть не только дает представление о нравах и обычаях народа, но и стремится заглянуть в истоки национальной культуры. Связать настоящее и отодвинутое в глубь веков прошлое. Горожанин, навсегда расставшийся с родной природой, ощущает свою кровную связь со степью и в равной мере осознает свою принадлежность к городу. Однако он видит, что связь со степью не должна прерываться, необходимо знать прошлое, свои корни, ведь недаром говорят, что без прошлого нет настоящего, а тем более будущего.

Человек всегда разный. Он может любить природу и жить в гармонии с ней, но может и навсегда уйти от своих корней и стать неким разрушителем. В повести Оразака Серсенбаева «У колодца Кос-кудук» [2] главный герой, Бакир Жарылкасынов, живет в городе и работает редактором областной газеты. Но он всегда с радостью возвращается в родной аул, где прошли его детство и юность. Его притягивает степь, с нею у него связано много воспоминаний, радостных и печальных. Он останавливается у своего старого друга и ночует не дома, а на улице, у колодца. Степь дает ему некий заряд энергии, он словно питается ей: «Он был рад, что наконец –то удалось вырваться из города и встряхнуться. Степь его всегда бодрила, будила воображение, просветляла душу...» Он приехал в родные края, чтобы набраться новых впечатлений, новых фактов для своих книг. Степь для него словно семья, это то место, куда он возвращается, чтобы отдохнуть и привести в мысли в порядок. Без этих поездок он бы непременно зачах, ведь родной аул дает ему то ценное и необходимое, без чего не может жить ни один человек: покой, умиротворение, надежду и радость.

В произведении Габита Мусрепова [3] главный герой-Еркебулан-наоборот, вынужден бежать из степи. Его по несправедливому обвинению сажают тюрьму, откуда он решает сбежать и навсегда покинуть родные края. Спустя какое –то время он возвращается назад, но уже не застаёт тех, кого он любил. Любовь к девушке у него переплетается с любовью к степи, и эти два понятия становятся неразделимы. После смерти девушки умирает и его любовь к степи, и Еркебулан уезжает в город, где он становится известным поэтом.

Прошлое родного края неотделимо в его представлении от несправедливого общественного устройства, и ничем, кроме горечи и печали, оглядка назад не пробуждает в нем. Но в его душе все равно живет эта необъяснимая грусть и тоска по родным местам, по ушедшей счастливой жизни. «Он понимал и то, что кончилась, ушла в прошлое поэтическая эпоха, во главе которой стоял Абай. Новые времена наступали в степи...» Еркен хочет воспеть эту новизну, утвердить ее. В этом он видит свое назначение. Степь его манит, притягивает и одновременно отталкивает, в ней становится

тесно, несмотря на всю ее распаханную ширь. В этом произведении человек свободен от степи, от власти ее преданий, но все же окончательно обособиться он не может.

...Что же такое степь? Степь- это бескрайнее пестрое море травы, цветов. Степь - это вольная земля, по которой гуляет ветер, унося запахи свежих трав, летнего зноя и теплой живой земли. Степь-это маленький мир, в котором есть свои радости и горести, счастье и бедствия, встречи и разлуки. Степь- это жизнь. Нет ничего ближе казахскому народу, чем бескрайние степные просторы. Как же хочется иногда выбраться из города, удушающего, давящего на тебя огромными, каменными гигантами - домами, однообразного, серого и скучного, к живой, яркой, дышащей свободой природе, почувствовать запах полевых цветов и насладиться сладковатой, ледяной, самой вкусной на свете родниковой водой. Зачастую люди забывают о своих истоках, с головой погружаются в городскую суету, все время куда-то спешат. Редко выбираясь за город, они, как будто, заново рождаются, люди оглушены такой редкой сегодня настоящей тишиной, не той звенящей и глухой, а той, в которой слышен тихий шепот ветра, перебирающего дикие травы, журчание ручья, и трель далекой птицы

Широка и просторна земля казахстанская. Она простирается от Алтайских гор до Каспийского моря, от Западно- Сибирской равнины до северных отрогов Тянь-Шаня и привлекает внимание не только своими размерами, но и тем, что в пределах этой огромной области с незапамятных времен сложилась своеобразная культура казахского народа. Столетиями казахский народ жил на необъятных просторах этой степи...

«Вот здесь, в этой великой степи, у истоков которой мы стоим, всегда жил наш народ. Здесь тысячелетиями жили казахи. Это их цивилизация. Нас называли то команамы, то половцами. Но мы оставались казахами и жили в этой стране, лежавшей между Западом и Востоком. Мы были молчаливы и в жизни, и в бою. Наши предки мало писали, больше хранили в памяти. У нас нет писаных историй. Есть земля и память...» - так говорит о степи Жомарт, герой повести Ануара Алимжанова «Мост Карасункара» [4]. У степи свое особое очарование, некая таинственная прелесть, оценить которую городской житель подчас не в силу. «Куда ни посмотри – простирались привычные глазу барханы и пологие песчаные перевалы. Склоны холмов и взгорки были покрыты цепким кустарником и травами – тамариском, саксаулом, верблюжьей колючкой, белоголовкой. В низинах густо росли полынь, типчак, изень. Словом, не голая убогая пустыня, а южная песчаная степь – привольные пастбища».

Степь объединила всех: и людей, и животных. Она стала своеобразным домом для всех, убежищем, оплотом, приютом. Даже сейчас, когда большая часть населения живет в городах, степь все так же притягательна, она не потеряла своего своеобразного очарования. В каждом из нас живет эта любовь к степным просторам, доставшаяся к нам от предков.

Мы хотим построить светлое будущее, и это значит, что мы непременно должны знать истоки. Постигнув прошлое, мы сможем идти дальше в будущее.

Самое главное – помнить, откуда мы, и нести в себе любовь к родной земле через всю жизнь. Счастье возможно только при полной гармонии с окружающим нас миром. Капелька доброты не помешает никому. Человеку судьбой предопределено быть творцом. И творить надо с добротой и умом. Если человек считается венцом природы, то и жить он должен соответственно. Задача человека - сохранить этот мир, ведь он так хрупок. Доброта, а не красота изменит мир. Если человек будет добр к своим близким, ко всем окружающим, к животным, то жить станет намного легче. «Особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям – это важнейшая черта патриотизма.» (Н. Назарбаев)

### **Список использованной литературы:**

1. Н. Назарбаев" Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания".
2. О. Серсенбаев «У колодца Кос-кудук»
3. Г. Мусрепов. Повести.
4. А. Алимжанов «Мост Карасункара»

**Молдахметова Ғ. М.**

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы

2 курс магистранты, 7M01602 «Тарих»

Ғылыми жетекші: т.ғ.д, Адильбаева А.С.

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ МЕН БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫ БАЙЛАНЫСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

«Жібек жолы» дегеніміз не, ол қашан пайда болып, қандай кәдеге жарады, қай жерлерді басып өтті - әркімді – ақ толғандыратын алғашқы сұрақтар осындай.

Бұтқа табынушы (будда дініндегі - ауд) қажы Сюань-Цзан 629 жылы «Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімін шыңдап зерттеу үшін» Қытайдан Үндіге сапар шекті. Ол Қытайды Батыспен байланыстырып жатқан және техникалық жаңалықтарға дінге мұраттар мен мәдени жетістіктерге мұрындық болып тұрған осы халықаралық жолмен жүрді.

Чань-Анань шыққан саудагерлердің қоспақ-түйелі керуенімен атақты Гоби шөлін жағалап Дунхан арқылы «Ұлы айдаһар құмы» аталатын сортаң шөлейтті Хами мен Тұрфан алқаптарын, Тянь-Шаньның солтүстік бөктерімен мұздақ тауларын шамасы, Музур-Ола жоталарын басып өткен Сюань-Цзянтүрік қағаны тұрған Суяб қаласына келді. Сюань – Цзян түрік қағаны мен оның жанпеліндегілер жөнінде былай сипаттайды: «Бұл қателіктердің аттары керемен екен. Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген, жолақ басына ұзындығы чжан (3,2м) ұштары желкесіне түскен Жібек шолпа орап алған. Оған оқалы – зерлі жібек шапан киіп, шаштарын айдар – тұлындап өрген екі жүзден астам

тархан (нөкер) еріп жүрді. Өзге жауынгерлер тері астарлы киімдер киіп, айбалта, садақ асынып ту көтеріп жүреді. Түйеге, атқа мінгендердің көптігі сонша, көзбен шамалаудың өзі мүмкін емес» [1,70]

Бұл әңгіме барысында ежелгі дәуір мен орта ғасырда халықаралық қатынастың күретамырына айналған ұлы жолға өз атауын берген және Шығыс пен Батыстың негізгі сауда затына айналған жібек бірнеше рет аталады. Ал бұл жол қай кезден «жұмыс істей бастады» деген сұраққа күні бүгінге дейін әрқилы жауап беріліп келеді.

Егер «Жібек Жолының» жекелеген бөліктерінің сыңарлары жөнінде айтар болсақ, ондағы қатынастар мен зат алмасу байланыстары біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықтарда басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотан аймағындағы Яркент (Жаркент) – Дарияның жоғарғы ағысынан нефрит (көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды.

Бадахшаннан шығарылған лазурит Иранға, Месопотамияға, Анатолийге, Египет пен Сирияға тасылып жатты. Бадахшан лазуриті, I мыңжылдықтың жартысында Қытайға да жеткізіле бастады.

Орта Азия мен Орта шығысты Жерорта теңізімен және Үнді мен жалғастырып жатқан «Лазурит жолымен» қатар дүниеге келген «Нефрит жолы» Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды.

Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың орта кезінен «Дала жолы» деген жол болғаны белгілі. Егер тарихтың атасы Геродоттың жазбаларына жүгінсек, бұл жолдың сорабы мынадай бағытта болғанын байқаймыз: Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғары Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты.

Жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді.

Қымбат бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысты. Солардың қатынасаралық көмегімен сол кезде қасқалдақтың қанындай қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарады.

Жібек жолы тек біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына айналды. Ал осының бәрі император У – Дидің көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған князі Чжон – Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылы басталды. Чжон-Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғаньстанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға, Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты.

Жібек жолындағы ең үлкен қала Талас алқабындағы Джувикат болатын, Таразға сол арқылы жететін. Бұл сонау YI ғасырдан белгілі Қазақстандағы ең ежелгі қала еді. Түрік қағаны 568 жылы дәл осы жерде Иранға қарсы әскери одақ шартын жасасу және жібек саудасы мәселелерін шешу мақсатымен Византиядан әскери сарапшы /стратег/ Замархтың бастауымен келген Юстиниан II-нің елшілігін қабылдаған болатын. Тарихи деректерде Тараз «көпестер қаласы» деп аталады. Сонымен бірге ол кейін қарлұқтар мен қараханидтердің де сауда-саттығының орталық астанасы болды.

Талас алқабындағы Таразға керуендер, сондай-ақ, Ферғана алқабынан Шатқал жотасындағы Чанач, Алатаудағы Қарабура асулары арқылы өтетін жолмен де жүретін. Жолдың бұл бөлігі Жібек жолының «Ферғанаға» және «Жетісу» бағыттарын жалғастыратын.

Бұл қалалардың жұрты жатқан жерлерді археологтар таба білді: олар осы күнгі Тоқмақ қаласына таяу маңда жатқан болып шықты және олардың бір-бірінен 5 км жерде жатқан ескі Ақбешім, Боран қалаларына келетіні анықталды.

Жібек Жолы Суябтан Ыстықкөлдің не солтүстік, не оңтүстік жағалауымен өтеді. Жолдың оңтүстік тармағында керуен ірі Жоғарғы, Барысқан қаласын басып өтетін, ал солтүстік тармағында атаулары бізге жетпеген шағын керуен – сарайлардың қалдықтары кездеседі. Одан әрі бұл жолдар Бедел асуында немесе сол арқылы Ташрабатта түйісіп, Жібек жолы Қашғар мен Ақсуға апаратын.

X-XII ғасырларда Жібек жолының бір тармағы Іле алқабын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай көктей кесіп өтті.

Керуен жолы Испиджабтан Арыс жағалауындағы Арсубаникетке, Отырар-Фарабқа және одан әрі Сырдария өзені ағысын қуалай отырып Арал теңізі алқабына кетеді.

Сырдарияны жағалай созылған керуен жолындағы аса ірі қалалар Отырар-Фараб пен Шавгар қалалары болды. Бірінші қаланың атауы Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы қираған қаланың аты арқылы осы күнге дейін сақталып келеді. «Фараб» сөзін тәжімалағанда «арғы беттегі қала» деген ұғым береді, ал мұның өзі Сырдария өзенінің арғы бетінде тұрған қала атауына сәйкес келеді.

Отырар маңында X ғасырда Отырардың көгал алқабында болған басты қаланың бірі – Кедер. Ол «әр елден ағылған көпестер мекені» ретінде белгілі.

Отырар көптеген керуен жолдары тоғысқан түйін еді. Бір жол осы жерден Шавгарға кетсе, екінші жол Сырдария өткелі арқылы Басиджа қаласына барады. Соңғысы Шығыстың көрнекті ғұламасы Әбу Насыр әл – Фарабидің алтын бесігі болды. Бұл қала XIII-XIV ғасырларда Зернук аталады. Жібек жолы одан Сырдарияны жоғары бойлап, оғыз қаласы – Сүткент арқылы Шашқа, ал төмен қарай Жентке барады. Осы жерден жол Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан Еділ жағалауымен Кавказға кетеді. Жібек жолының бұл бөлігі XIII ғасырда, яғни Еділдің төменгі ағысы сағасында Алтынордалық Сарай қаласы салынған кезде қатты жанданды.

Бұл жол XIII-XIV ғасырларда Сарайшық, Сарай-Бату және Каффа қалалары арқылы өтті.

VIII ғасырдағы деректерден белгілі Шавгар қаласы осы күнгі Түркістан маңындағы қираған ескі Чуйтөбе /Шойтөбе/ қаласына сәйкес келеді. Шавгар атауы «Қаратау қаласы» деген мағына береді, ол бұл Қаратау бөктерінде орналасқан қалаға сайма-сай келеді. X-XII ғасырларда қазіргі Түркістанмен қарайлас Шавгарға жақын маңнан Яссы қаласы ірге тепті. Бұл кәдімгі аты шулы Темірдің бұйрығымен моласының басына күмбез мазар /мавзолей/ орнатылған атақты ақын Қожа Ахмет Яссауи туып, өз уағызын жүргізген қала еді.

Жібек жолы Шавгардан оғыздардың астанасы болған Янгикентке /Жаңакент/ баратын. Жол бұл жерден де Қызылқұм арқылы Хорезмге тірелетін. Бұл аралық 10 күндік жол еді.

XII ғасырда Жент, оңтүстік-батысқа таман орналасқан Сығанақ тәрізді, қыпшақ мемлекетінің орталығы болды.

Шавгардан, кейінірек Ясыдан Тұрлан асуы арқылы шыққан жол Қаратаудың солтүстік бөктеріне жететін, ал дәл осы жерден Сырдарияны бойлай созылған екінші жолмен иықтаса жарысып жататын. Ол жол әсіресе XIII-XIV ғасырларда қатты жанданды. Аралдың солтүстік жағалауынан Монғолияға бет алған армян патшасы Гетум мен сопы Рубрук дәл осы жолмен жүрді. Бұл жолдың бойында Созақ, Уростан, Құмкент, Сүгүлкент қалалары жатты. Ол Таластың төменгі ағысына жетіп, өзенді жоғары өрлей көтерілетін немесе Билікөлдін батыс жағалауын бойлап, Бүркіт-Паркет, Хутухнин арқылы Таразға апаратын [2,82].

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолының негізі сорабынан солтүстікке де, шығысқа да жол бұтақтары тармақталып жатты. Олар Орталық және Шығыс Қазақстанды басып өтіп, кейін Сарыарқа ретінде баршаға мәлім болған Дешті – Қыпшақ жеріне Ертіс жағалауына, Алтай мен Монғолияға жетелеп кететін. Бұл жерде атты көпшелілер тайпалары жүретін дала жолы болатын. Алайда, бұған қарап Қазақстанның далалық аймақтарын тек қана көшпенділер мекендеген екен деп ойлауға болмайды. Мұндай егіншілікке қолайлы жерлерде – Сарысу, Кеңгір, Жезді өзендері жағалауларында, Ұлытау етегінде, Ертіс жағасында, орта ғасырда егіншілік және қалалық тіршілік төңірегінде суармалы көгалдар алқаптар көбейе түсті. Оның үстіне мыс, қалайы, қорғасын, күміске бай кен орындары сонау қола дәуірінен игеріле бастады, ал көп кейінірек осы жерлерде кеншілер, метал балқытушылар, мысшылар мен күміс бұйым шеберлерінің қалашықтары бой көтереді. Мал, жүн, былғары, металл тәрізді шикізат қорына бай Орталық Қазақстан аудандары сауда-саттық жүйесіне, оның ішінде халықаралық байланысқа тартылды және көптеген керуен жолдарымен қоса Жібек жолы жүйесіне енгізілді.

Отырардан Арсубаникет, Арыстанды, Шаян арқылы, Қаратаудың аласа жоталарынан асып, Тұрлан асуы арқылы Шавгар мен Ясыдан, Сауран мен Сығанақтан, Янгикенттен шыққан жолдар Орталық Қазақстанның далаларын



шарлап, Сарысу мен Кеңгір, Торғай мен Есіл өзендері жағалауларына жетіп жатты. Бұл жерлерде Болған-Ана, Жаман-қорған, Нөгербер-дарасы, Домбауыл, Милы-құдық, Ормамбет тәрізді қабырғалары шөгіп кеткен, төрт бұрышты елді мекен табылып, аршылды. Олардың айналасынан Жошы-хан, Алаша мавзолейлері тәрізді сәулеткерлік ескерткіштер сақталған ауқымды зираттар кешендері ашылды. Әл-Идриси Бақырлытаға, Махмуд Қашғаридің орта ғасырлық жазбаларындағы деректерінде кездесетін Жұбын, Қоңғылықент қалаларын, Ортау мен Кейтау (Кейтаг) жайлауларын, Гарбин кен орындарын да осы жерлердің шеңберіне енгізу керек. Тағы бір сораб - «Ханжолы». Жаңа дәуірге дейін кәдеге жараған, бұл жол Тараздан шығып, Таластың ағысы бойымен төмен жүріп, Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасу жағасына апарды.

Ибн-Бахра мен әл-Идрисидің мәліметтеріне қарағанда, сауда жолы Тараздан басталып, Адахкес, Дех-Нуджикес қалалары арқылы Ертістегі қимақтарға-қимақ қаханы ордасына, одан әрі Енисейдегі қырғыз еліне жеткізеді екен. Жібек артқан керуен қырғыздарға әрбір үш жыл сайын қатынап тұрған [3,128].

Іле алқабы Шу – Іле тауларын бөктерлей қуалап, Шу өзені сағасына қарай төмендеп барып, Сарысу өзені жағасына жететін жол арқылы Орталық Қазақстанмен ұласып жатты. Тағы бір маңызды жол негізгі солтүстік-Іле жолынан Шеңгелді маңында бөлініп, Балхаш атырабындағы Көктал мен Бояулы керуен – сарайлары арқылы, одан соң Іле өзенінің бойында Ақтам, Ағашаяқ қалаларының қалдықтары жатқан Ортасу тармағын бойлай жүреді де Балхаш жағасына жетеді, одан ені 8 километрден сәл ғана астам түбек қалдырып, Өзеннің оңтүстік және солтүстік жағалауларын қосып жібере жаздап тұрған Ұзынарал түбегімен кетеді. Міне, осы маңдағы мүйістен көп бөлігі су астына қалып, қираған қала қалдығы табылды. Шамамен, керуендер бұғаздың кешу - өткелінен өтіп, Тоқырау өзенінің құйылысынан шыққан, содан соң осы өзеннің арнасын бойлап, Ұлытаудың етегіне қарай жүрген деп болжауға болады.

Жоңғар қақпасына қарай беттейтін солтүстік - Іле жолынан Алакөлді батыс жағынан айналып өтіп, Тарбағатай арқылы қимақтар мемлекетінің жеріндегі Ертіске шығатын бір жол бөлініп кетеді. Тарбағатай мен Ертіс өзені жағалауларында Банджар, Ханаум, Астур, Сисан атты қимақ қалалары және берік қорған қабырғалар мен қоршалған, темір қақпалары бар үлкен қала - «Қаһан астанасын» қоныс тепкен. Қимақ қалалары Енисейдегі қырғыздармен Монғолиядағы ұйғырлармен және Шығыс Түркістанның көкорай алқаптарымен сауда жолдары арқылы байланысып тұрды.

Жібек Жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өтетін бөлігі мен оның бұтақтарының жалпы бағыттары осындай еді.

Жібек Жолы, айтып өткенімдей, алғашында Қытай жібегін Батыс елдеріне шығаруға қызмет етті. Сонымен қатар бұл жолмен Рим, Византия, Индия, Иран, Араб халифатының, ал кейінірек Европа мен Русьтан сол елдерде өндірілген тауарлар да тасымалданды.

Жібек жолымен Ферғананың «қызу қанды» арғымақтары, арап пен нисситліктердің сәйгүліктері, түйелер мен пілдер, мүйіз тұмсықтар мен арыстандар, қабыландар мен еліктер, қаршығалар мен қырандар, тауыстар мен тотықұстар да, түйеқұс та сатылып жатты.

Жүзім, шабдалы, қауын дәмдеуіштер /бұрыш, қалампыр т.б./ мен қант, көкөністер мен жидектер, көк мәуелер тәрізді мәдени өсімдіктер де осы Жібек жолы арқылы кең тарады. Жібек жолымен өтетін жібектер мен тауарлардың белгілі бір бөлігі осы жолдағы Қазақстан қалаларында қалып жатқаны әбден табиғи нәрсе. Бұған археологиялық қазбалар кезінде табылып жүрген сондай тауарлар айғақ бола алады.

Шетелдік бұйымдар олжасы қираған ескі Талғар қаласы жұртынан табылды. Мұның өзі-құрамында көп жасау белгісі ретінде айшық – саңырауқұлақ тәрізді медальондармен жиектелген сәбилер бейнесі түбіне өрнектеліп салынған қытайдың төрт қыш тостаған кейіпіндегі қазына дерлік. Шетелдік бұйымдар Сырдарияның орта ғасырлық қалаларының жұртын, әсіресе жиырма жылға жақын зерттеліп жатқан Отырардың қалдығын қазу кезінде табылуда. Отырардан табылған күміс көмбесі халықаралық сауданы зерттеу үшін аса маңызды, мәні жағынан өте сирек олжалардың қатарына жатады. Өзінің құрамы жағынан олар ақшалай – заттай нәрселер. Көмбе жиынттығының теңгелер құрамы өте құнды [4,110]. Отырарды қазған кезде табылған заттардың ішінде XIII-XIV ғасырдың қола айналары болғанын айта кетуге болады. Олардың бірқатары Жібек жолымен Қытай мен Парсыдан келіп, қалаға тап болған айналардан түсіріп алған үлгілер бойынша құйылған.

Жібек жолы II-IV ғасырларда, егер Шығыстан бастасақ Чаньниден басталып, Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне беттейді, одан әрі Нан-Шаньның солтүстік сілемдерін қуалай Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне және «Яшмо қақпалары заставасына» жетеді. Ол жерде жалғыз жол Такла-Макан шөлін солтүстігі мен оңтүстігінен орап өтіп, үшке айрылады. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді, ортаңғы жол тармағы Чаочаннан Қарашәрге, Ақсуға және Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына жетеді, оңтүстіктегі тармағы Дунхан, Хотон, Яркент арқылы Бактрияға, Үнді мен, Жерорта теңізіне жетіп, «Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, ал одан әрі Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан Сирияға жетеді.

Жібек жолы шеңберіне ену қарсаңында Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу қандай жағдайда еді дегенге келсек: Бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпенділер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық саяси қауымға бірлескен тайпалар еді. Отырықшылар (жатақтар) мен көшпенділердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүниежүзілік өркениеттің қызыл арқау-күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды.

Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі YI-III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандарды қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Үйгәрәк қабірлерінен табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінен аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдарда куә бола алады.

YI ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі ұлан – ғайыр алқапты алып жатқан ірі көшпелілер мемлекеті – Түрік қағанаты құрамына кірді.

Жібек жолы осы кезде жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы феодалдық мәдениеттің өркендеуінде маңызды роль атқарды. Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізгі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзынна-бойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді [5,68].

Өзара талас-тартыстар мен жортауыл-жорықтар, сондай-ақ Қытайда теңіз жолдарының игерілуі бұл жердегі қалалық мәдениетті титықтатып, күйдіруге жеткізгенге дейін, яғни XIY ғасырға дейін Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек Жолынан кереуен арылған жоқ

Батыстан Шығысқа қарай қозғалсақ, Жібек жолының қазақстандық бөлігінің сыр-сипаты, міне, мынадай еді. Жол Шаштан /Ташкенттен/ Турбат асуы арқылы Испиджабқа өтетін. Бұған дейін айтқанымыздай, Қытай сапарнамасында Испиджаб «Ақ өзендегі қала» аталды, ал XI ғасырда Махмуд Қашғаридің түсініктемесі бойынша «Испиджаб деп аталған Ақ қаланың (Ал-медина ал Байда) шын атауы-Сайрам».

Оны Сарьям деп те атайды. Ежелгі қаланың осы атауы күні бүгінге дейін сақталып келеді. Шымкент іргесіндегі орта ғасырлық ірі қаланың қалдықтары қалған қалашық та /поселка/ осылай аталады. Оның орнында бұрын Жібек жолындағы ірі орталықтардың бірі болған. Түрлі елдердің саудагерлері осы жерге тоқтайтын, өйткені бұл қалада Бұхара, Самарқанд көпестерінің сауда құрылыстары /базарлар/ мен керуен – сарайлары болды, ал Испиджаб көпестері Мерв Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харб ибн Абдаллақ ал Балх рабадында өздерінің сауда-саттық орындарын ұстады. Испиджабтан сыртқа құлдар мен ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс пен темір сатылатын.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. А.-Ата, 1981. – 70 с.
2. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV вв. А.-Ата, 1987. – 82 с.

3. Байпаков К. М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті.-Алматы:1986,128 б.
4. Байпаков К.М. Древние города Казахстана. Алматы, 2005. – 110 с.
5. Горячев В.Д. Город золотого верблюда. Фрунзе,1988с.62-68.

**Мухамадиева Г. К.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрант 2 курса  
специальности 7М02304 «Филология:русская филология»

### **ТВОРЧЕСКАЯ БИОГРАФИЯ Ю.О. ДОМБРОВСКОГО**

Родился Юрий Осипович 12.05.1909 года в Москве. Он вырос в хорошей интеллигентной семье. Его отец был еврей, исповедовал иудаизм, работал присяжным поверенным. Мать – лютеранка, ученый-биолог, изучавшая анатомию и цитологию растений, получившая степень кандидата биологических наук и должность доцента Московской сельскохозяйственной академии. У отца, кстати, была интересная родословная: его дед – купец первой гильдии, владел золотыми приисками и несколькими заводами в Забайкалье и Сибири. Рано овдовевшая мать будущего писателя через пять лет вторично вышла замуж.

Получив достойное воспитание в семье, Юрий был зачислен в бывшую Хвостовскую гимназию, что находилась в Кривоарбатском переулке, и успешно ее закончил. Решив связать свою жизнь с литературой, Домбровский поступил на Высшие, так называемые, «брюсовские» литературные курсы, которые окончил в 1932 г.

В 30-ых годах в стране начался страшный период сталинских репрессий. В 1933 г. Юрий Домбровский был арестован в первый раз. Его по приговору выслали в Алма-Ату. Там он занимался археологией, искусствоведением, журналистикой и педагогической деятельностью. Второй раз его арестовали по месту ссылки, в Казахстане, в 1936 г., но спустя семь месяцев отпустили. За три года, проведенные на свободе, Домбровский успел опубликовать свой исторический роман «Державин» (1939). [1] /И в этом же году – третий арест и калымские лагеря. Ему «повезло»: он получил инвалидность и был досрочно (1943) освобожден.

Вернувшись в Алма-Ату, устроился на работу в театр, читал студентам лекции по Шекспиру, работал над своими романами: «Обезьяна приходит за своим черепом», «Смуглая леди». До следующего ареста он успел их закончить. В 1949 г. Домбровского арестовали в четвертый раз. Очередной срок он отбывал на Севере и Озерлаге до 1955 года.

Весь 1955 год Домбровский жил и работал в Алма-Ате, сотрудничал в газете «Казахстанская правда» и в журнале «Литературный Казахстан».

Потом было получено разрешение на прописку в родном городе Москве. Там он продолжил свою литературную деятельность. Несколько лет он напряженно работал над романом «Хранитель древностей», который был опубликован на страницах журнала «Новый мир» в 1964 г. [2]/Это были годы «хрущевской оттепели», поэтому роман необоснованно репрессированного Домбровского и был издан, хотя и в журнальном варианте.

Критика отметила тогда, что главный герой романа – очевидец и участник подлинных страшных событий эпохи, что он удивляет читателя своей образованностью, редкой интеллигентностью и культурой. Но «Хранитель древностей» - это только предыстория, может быть, самой главной книги Домбровского – «Факультет ненужных вещей».[3]

арқылы қоғам тіршілігін, күйшінің шынайы тұлғасын танытатын оқиғалар күй сазында терең орын алып жататынын көреміз. Өткен күндер беттерінен деректер берген күй өнері – халық өмірінің айнасы.

Күйшілік өнер – халықтың төл туындысы. Мұнда халықтың болмыс-бітімі, дүниетанымы бейнеленген саз-сарындар өрнегі жатыр. Күйшілердің шығармашылық өнеріне негіз болған халықтық таным және қоңыр үнқасиетінің ықпалы деп тұжырым жасауға болады.

Қорыта айтқанда, Күй өнері — шексіз өнер. Күйдің өз тыңдаушысы, оны жанымен ұғып бағалайтын өнер сүйер қауымы баршылық және олардың көкжиегі кеңейе түсуде. Қазақ күйлері қазір өз отаны Қазақ елі шеңберінен шығып, Еуропа мен Американың, шырайлы Шығыс елдерінің салтанатты сахналарынан да естілуде.

Қазақ халқы өзінің мыңнан жылдар бойы тарихында жасалған баға жетпес қоршанған мұралық музыкалық мәдениеті мен дәстүрлерін күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Тарихтың ұзақ көшінде қазақ халқы ғана тудыра алатын аса ерекше асқақ есімде дамыған өнердің бірі де, бірегейі бұл — күй өнері.

#### **Пайдаланылған әдебиетер тізімі:**

1. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 256б
2. Делез Ж., Гваттари Д. Эстетика и культура. – М., 2001. – С. 97.
3. Қасқабасов С. Қазақ шежіресі. - Алматы: Ғылым, 1989. - 213 б.

**Табулдинова А.М. аға оқытушы, тарих магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

#### **ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

Қазақ халқы 300 жылдан астам отарлау саясатының қанауында болды. Сол 300 жыл ішінде азаттық үшін көптеген қазақ халқының Кеңесары Қасымұлы бастаған, Исатай Тайманұлы қостаған, «Алаш» партиясының өкілдері жалғастырған «Бес арысымыз», «Үш бәйтерегіміз», батырларымыз Ресей империясына қарсы шығып, 300-ден астам (кейбір деректерде 400-ге жуық) ірілі-ұсақты көтеріліс жасады. Осы күрестің соңғы нүктесі Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен соң қойылып, ата-бабаларымыз армандаған қазіргі Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бүгінде осы 1986 жылы болған «Желтоқсан оқиғасына 35 жыл» өтт.

1985 ж. Қазақстан Компартиясының XVI съезі — Д.А. Қонаевтың басшылығымен өткен соңғы съезд болды, онда ол ҚКП ОК есептік баяндамасымен сөз сөйледі. Ол — ОК мүшесі, ал съезден кейінгі пленумда ҚКП ОК Бірінші хатшысы болып қайта сайланды. 1986 ж. күзде Д.А. Қонаев М.С.Горбачевке зейнеткерлікке шығу туралы мәселені қарастыру өтінішін ұсынды. Бас хатшы оның өтінішін бірден қолдады. 1986 ж. 11 желтоқсанда Д.А.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



Қонаевтың қатысуынсыз Саяси бюроның мәжілісі болды, онда оның зейнеткерлікке кетуі туралы шешім қабылданды. 16 желтоқсанда таңертең Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке шығарып салған және Бірінші хатшы етіп Г.В.Колбинді тағайындаған, ҚКП ОК Пленумы болды.3

Партиялық және шаруашылық басқарудың барлық жолдары тоғысқан, Үкімет төрағасының және Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы постысында 30 жылдан астам уақыт болып, Д.А. Қонаев Қазақстанның гүлденуі, оның өндірістік күштерінің дамуы, халық игілін арттыру үшін өте көп еңбек етті. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний, Соколов-Сарыбай, Лисаковск, Балқаш, Жезқазған кен-металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия, металлургия институттары пайда болды, қазақстандық ВАСХНИЛ, Ақмоладағы Бураевский институты әлеуметтік тапсырыстар пакетін алды, ядролық физика саласында қарқынды жұмыстар басталды; Орта Азия әскери округі, әскери-инженерлік база құрылды.

Д.А. Қонаев республиканың ауыл шаруашылығының көтерілуіне үлкен көңіл бөлді. Ол агроөнеркәсіптік кешеннің техникалық қайта қарулануы қалай жүріп жатқанын, асыл тұқымды мал және тұқым өсіруді, өндіріске жаңа технологияларды ендіруді, ауылды қайта құруды және ауыл еңбеккерлерінің тұрмысын үнемі қадағалады. АӨК үшін жауап беретін министрлерді өзіне жиі шақырған, ғалымдармен, мамандармен және өндіріс озаттарымен кеңескен.4

Шын мәнінде бұл ешқандайда сайлау емес, ендігі уақытта Қазақстанда Орталықтың саясатын жүргізуге тиіс болған номенклатура өкілін пленумға жиналғандарға таныстыру рәсімі ғана еді. Республика жұртшылығының өмірлік мүдделеріне қатысты мәселені шешудегі Орталықтың әділетсіз әрі өктем бұл қадамы қордаланып қалған халық наразылығының жанартаудай атылып сыртқа шығуына түрткі болды.

17 желтоқсан күні таңертең Алматының Брежнев атындағы алаңына халық жинала бастады. Кешке қарай жиналғандардың саны шамамен 25-30 мыңға жетті. Олардың басым бөлігі Мәскеудегі билік жариялаған қоғамды қайта құру (1985 ж.) ұрандарына сеніп, сондай-ақ Конституциялық құқықты пайдаланып өздерінің еркін білдіруге шыққан студент және жұмысшы жастар болатын.

Бейбіт шеруге шыққандардың қолдарына көтерген «Ұлт саясатының лениндік принциптерін сақтауды талап етеміз!», «Ешқандай ұлтқа артықшылық берілмесін!», «Әр республикаға—өзінің басшысы!» және басқа осы мазмұндағы ұрандар тоталитарлық жүйе жағдайында өз пікірін ашық айтудан қалған халықтың саяси еркіндікке, сондай-ақ шынайы мемлекеттік дербестікке ұмтылысын айғақтайтын еді.

Жиналған көпшілік республика басшылығындағы мұндай өзгерісті Д.А.Қонаевтың өзінің келіп түсіндіруін талап етті. Сонымен бірге жұмысшы жастар өздерінің ауыр әлеуметтік жағдайын, әсіресе тұрғын үй мәселесін, жұмыс тапшылығын, қазақ тілінің қолдану аясының барған сайын тарыла түскендігін өзекті өткір мәселе ретінде қойды.

Орталық алаңдағы жағдай бірден Мәскеудегі Бас хатшыға және басқа билік орындарына баяндалды. Осы сәттен бастап республикадағы билік толығымен орталықтың құзырына өтті. Алматыдағы саяси наразылықты өз билігіне төнген қатер ретінде қабылдаған Орталық оны күш қолдану арқылы басып-жаншу жолына түсті. Билік бейбіт шеруге шыққан жастармен тең дәрежедегі диалогқа баруды қажет санамайтындығын анық байқатты. Өз ретінде билік алдына қатаң талаптарын қойған бейбіт шеруге жиналушылар нанымды жауап алмайынша алаңнан тарамайтындықтарын мәлімдеді.

Сол күні кешке Мәскеуден Алматыға ұшып келген топтың құрамында КСРО Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, КСРО Бас прокурорының орынбасары, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, республика Компартиясы Орталық комитетінің бірінші және екінші хатшылары, республика Ішкі істер министрі және мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы бар наразылықты басып, тарату штабы құрылды.

Құрамында қазақ ұлтынан ешкім де болмаған бұл штабтың жұмысын КСРО Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары генерал-полковник Б.К. Елисеев басқарды. Штабтың қарауына шамамен 20-25 мың адамнан тұратын Алматы гарнизонының, КСРО Ішкі істер министрлігінің Алматы облысында, сондай-ақ Фрунзе, Ташкент, Челябині, Новосібір, Уфа, Свердловск, Тбилиси қалаларында орналасқан арнайы ұшақтармен Алматыға алдырылған әскери күштері берілді.

Әскерилерге қарусыз шерушілерді қуып таратуға қажетті қару-жараққа қосымша 15 БТР, 20 өрт сөндіруші машина берілді. Милиция және әскер құрамаларына саны 10-15 мың шамасындағы темір сойылдармен қарулаған «жасақшылар» көмектесті. Сонымен, екі күнге созылған қарусыз халықтың қарсылығын билік орындары нағыз қатыгездікпен басып-жаншыды.

Желтоқсан көтерілісі «КСРО мемлекетінде ұлт мәселесі түбегейлі шешілген» деген аңыздың тас-талқанын шығарды. Дүние жүзіндегі ең үлкен империяның КСРО-ның қабырғасының сөгілуіне бастама болды. Осы көтерілістен кейін көп кешікпей Балтық, Кавказ, Шығыс Еуропа елдері де оянып, нәтижесінде КСРО ыдырап, көптеген отар елдер тәуелсіз мемлекет болды. КСРО күшпен біріктіріп келген «социалистік елдер лагерінің» тарқауы екі жүйе арасындағы ондаған жылдар бойғы жанталаса қарулануды, ядролық соғыс қаупін бәсеңдетті. Бірақ 1986 жылы желтоқсанда тоталитарлық КСРО үкіметіне, М.С.Горбачевтің «қайта құру», «жеделдету» және «жаңаша саяси ойлау» саясатына қарсы бірінші болып көтерілген қазақ халқының жанкешті ерлігінің дүниежүзілік тарихи маңызын зерттеу, насихаттау жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізілмеді. Желтоқсандық жәбірленушілердің халі. ССРО Ішкі істер министрінің 1985 ж. № 0345 бұйрығымен азаматтармен, соның ішінде ұсталғандармен қарым-қатынас тәртібі реттестірілген.

Комиссияда азаматтарды ұстау кезінде оларды ішкі істер мекемелеріне жеткізу және онда ұстау кезеңінде заңды жаппай бұзу, адам правосын аяққа таптау туралы көптеген дәлел - куә бар.

Бұл заңға қайшы әрекеттер ұсталғандарды ұрып-соғып, қатыгездік көрсету, оларды уақытша және тергеу изоляторларында прокурордың рұқсатынсыз ұстау, медициналық жәрдем көрсетпеу, тағамнан қысу, көмелетке жетпегендерді ата-аналарының, не басқа да заңды өкілдердің қатысынсыз ұстап жауап алу, оларға дене жарақатын салудан көрінеді.

Алматыдағы қарусыз бейбіт шеруге шыққан жастарды қарулы әскер күштері қуып тарату барысында 8,5 мың адам ұсталып, олардың 2401-і уақытша қамау орындарына жеткізіліп, қалғандары қала сыртына апарып тасталды, 1,7 мыңнан астам адам дене жарақатын алды, олардың бірнешеуі сол жарақаттан қаза тапты. Сот үкімімен 99 адам түрлі мерзімге, екі адам өлім жазасына кесілді. Осы көтерілісте қаза болғандар екі адам Ербол Сыпатаев пен Савицкий делінген, алайда, кейіннен 26 желтоқсанда Өскемен қаласында тергеушілердің қорқытуы салдарынан жатақхана терезесінен секіріп Сәбира Мұхаметжанованың, көтеріліс кезінде басына тиген соққыдан 1987 жылдың 18 наурызында Қараспан ауылында (Оңтүстік Қазақстан облысы) Кенжегүл Молданазарованың, 1988 жылы 21 мамырда Семей түрмесінде Қайрат Рысқұлбековтың қаза болғаны анықталды. Қаза болғандар қатарында Алматы музыка училищесінің студенті Ләззат Асанова бар. Қайрат Рысқұлбеков пен Мырзақұл Әбдіқұловқа берілген ату жазасы халықаралық қауымдастықтың қарсылығы нәтижесінде кейіннен 20 жылдық абақтыға алмастырылды. Қ Рысқұлбеков белгісіз жағдайда Семей абақтысында өлтірілді.

Алматыдағы көтеріліске ұласқан бейбіт шерудің жалғасы ретінде Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Арқалық, Жамбыл, Шымкент, Талдықорған қалаларында, Шамалған, Сарыөзек елді мекендерінде бой көрсетулер болып өтті. Оларға 2,5 мыңнан астам адам қатысып, 281-і ұсталып, 20-дан астамы түрлі мерзімге сотталды.

Желтоқсанда орын алған биліктің күш қолдану әрекеттері империялық орталықтың осыдан жетпіс жыл бұрынғы, яғни 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жауыздық іс-қимылдарын еске салатын еді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының көрсетуінде көтеріліс күндері Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің, қалалық және облыстық партия ұйымдарының нұсқауы бойынша Алматы зауыттарында басым түрде еуропалық ұлт өкілдерінен құралған жасақтар үшін темір арматураның кесіктерінен, резинадан жасалған кабельдермен, шынжырлардан арнайы қарулар даярланды. Көтеріліс басылған соң ресми билік орындары бұл қаруларды әзірлеген шеруге шыққан жастар деп мәлімдеді.

Қазақ жастарының 1986 ж. желтоқсандағы шеруінің түрі ұлттық болғанмен ұлтшылдық емес еді. Ол басқа халықтарға, оның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмаған болатын. Ол саяси сипаттағы бейбіт демонстрация еді, мемлекеттік құрылысты құлатуға шақырған жоқ-ты. Бірақ республиканың және орталықтың партиялық- бюрократтық құрылымы тарапынан ол экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп

бағаланды. Жүйе оны « қазақ ұлтшылдығы» деп айыптаудан бастап, ақырында ұлттық тең құқықтылықты өзі бұзды.

Желтоқсан көтерілісінің сипаты, оның көлемі мен зардаптары туралы шындық айтылмады. КОКП Орталық Комитетінің «Қазақстан республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысынан оқиғаға терең талдау, жан-жақты әділ баға беріледі деп күтілгеніне қарамастан, ол жұртшылықтың өкінішін туғызып қана қоймай, бүкіл бір халықты орынсыз айыптау болып шықты.

Мұндай баға оқиғаларға қатынасушыларға қарсы күш қолданылуы және әртүрлі жазалау шаралары жүргізілуін ақтауға тиіс болды. Кең көлемді жазалау науқанында негізгі салмақ ұйымдастырушылар мен астыртын ұйымды іздеуге салынды. Қылмысты істер бойынша тергеу қысқа мерзімде, үстірт жүргізілді. Ашық сот процестері жүргізілді, барлық жерде комсомол, партия, кәсіподақ жиналыстары өткізіліп, оларға оқиғаларға қатысқандарды институттардан, жұмыстан шығару табандылықпен ұсынылды. Бұл шаралардың барысында 99 адам сотталды, 264 адам жоғары оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан шығарылды, 1164 БЛКЖО мүшесіне, 210 КОКП мүшесіне әртүрлі жаза берілді, 52 адам КОКП мүшесінен шығарылды. Ішкі істер министрлігінен 1200 адам, Денсаулық сақтау және Көлік министрліктерінен 309 адам жұмыстан шығарылды, жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды. 1988 ж. бірінші жартысында ғана партия қызметкерлерінің 78,2%, кеңес қызметкерлерінің 98%, кәсіподақ қызметкерлерінің 94%, комсомол қызметкерлерінің 66% аттестациядан өткізілді

7-18 желтоқсанда жергілікті халықтың түрлі әлеуметтік топтары қоғамдық өмірде алатын орындарының сан алуандығына қарамастан өздерін тағдыры ортақ біртұтас қауым ретінде анық сезінді. Сонымен бірге ұлттық, әсіресе студент және жұмысшы жастарды осындай аса күрделі де сын сәтте ортақ табиғи мүдде төңірегіне өзара бірігуіне мүмкіндік беретін қалыптасқан тетіктің, механизмнің жоқ екендігі де байқалды. Кеңестік билік ондай тетіктердің қалыптасуына саналы түрде жол бермеді.

1986 жылы желтоқсанда алаңға шыққан жастар, жаппай қуғын-сүргін саясатын көрмеген, тоталитарлық жүйенің идеологиялық илеуінде әлі де болса жаншылмаған, ұлттық мәдениеттің озық үлгілерінен сусындаған жас ұрпақ еді. Сондықтан да шеруге қатысқан мыңдаған жастар Қайрат Рысқұлбеков, Құрманғазы Рахметов сияқты оның өкілдері ерліктің және отаншылдық рухтың биік үлгісін танытты.

Бүгінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағында тоталитарлық жүйенің ыдырауын бастап берген, сондай-ақ Қазақстан халқының мемлекеттік тәуелсіздігін батыл көтерген оқиға ретінде бағаланады. Қазақстан Республикасы Елбасының Жарлығымен қайсар рухты Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Алматыдағы орталық алаңға тарихи Желтоқсан көтерілісінің құрметіне «Тәуелсіздік таңы» деп аталатын ескерткіш орнатылды.

Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков - 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы шаруа әулетінде өмірге келген. Шу ауданының орталығы Төле би ауылындағы Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатта, Бірлік ауылындағы орта мектепте білім алған. 1984—1986 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери борышын өтеген. Әскери-саяси қызметтің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған. Әскери бөлімнің жолдамасымен 1986 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтының 1 курсына қабылданған.

Желтоқсан көтерілісі бүкілқазақстандық сипат алды. Облыстарда осы күндері көтеріліске шақырған 216 үнпарақ, плакат, көше жазулары табылған. Көтерілістен соң жаппай қудалау басталды. Үкімет желтоқсанда көтеріліске шыққан азаматтарды алғашқы сәттен –ақ халыққа « арақ ішіп, есірткі тартқан бұзақылар» етіп көрсетуге тырысып бақты. Желтоқсан көтерілісіне КОКП Орталық Комитетінің қаулысымен «Қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген ресми баға берілді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрпейіс К. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаевтың ғылыми және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі: - Алматы: Ғылым. – 1978. - 59-б.
2. Кунаев Динмухамед Ахмедович (1912-1993) // Вестник МН-АН РК. – 1997 - № 5. – с. 73-74.
3. Әбназарұлы Ү. Желтоқсан рухы – Тәуелсіздік туы... – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2012. – 408 б. 165 б
4. М. Уақтегі. Ер намысы - ел намысы: Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жайындағы жинақ– Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 1998. – 176 б.
5. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. – Алматы, 2013. – 80 б,
6. Отарбаев Р. Желтоқсан шындығы. Алматы 1991 ж.-108, 119 бб

#### **Түрсүнқанов Р. М.**

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы  
2 курс, 7M01602 «Тарих» мамандығы  
Ғылыми жетекші: т.ғ.к, Болатова Қ.Б.

### **ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫСЫ КҮЛТЕГІННІҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҰСТАНҒАН БАҒЫТТАРЫ**

Күлтегін Құтлұғыұлы (684-731 ж.ж). Күлтегін – Білге қаған дәуіріндегі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, «көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры. Құтлық қағанның кенже баласы. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жау жарағын асынып, түркі

еліне тұс-тұстан төнген басқыншы жауға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерлікпен күреседі.

Ағасы Білге қаған және Тоныкөкпен бірге Күлтегін 712–713 ж. ж түріктердің әскерін Соғды мемлекетіне бастап келіп, оның билеушісі Гуректі жақтап араб қолбасшысы Кутейба ибн Муслиммен соғысқан. Бұл ретте түркінің атақты Білге қағаны Күлтегін батырдың басына қойылған ескерткіш тасқа ойып жаздырған ғұмырнамасында: «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды» деп жазды. Тарихи деректерді салыстыра зерделесек, бұл Күлтегіннің он жасында ер атанып, алғаш көзге түскен соғысының табғаш елінің әйел патшасы У-хыудың Қапағанның басына ақша тігіп, кімде-кім оны өлтірсе, соған «Жан-чо» («Чоны өлтіруші», яғни Мочо-Қапағанды өлтіруші) деген атпен бірінші дәрежелі кінәз атағын беремін деген уәдесін арнайы жарлықпен бекітіп, түркі еліне жазалау жорыққа қалың қол аттандырғаннан кейінгі, 694 жылғы Жау-жыу және Дин-жыу аймақтарында болған соғыс екені анық көрінеді.

Қапаған осы соғыста 90 мың тұтқынды қолға түсірген. 712 жылы Алтайды мекендеген қарлұқтар мен түркілердің бір бөлігі бұларға қарсы шығады. Шегіну кезінде Күлтегін үлкен жасақпен кейін қалып, негізгі күшті қорғап қалады. 714 жылы Білге қаған мен Күлтегін бірлесіп қарлұқтармен олардың одақтастарына соққы береді. 715 жылы Күлтегін азаларды Қаракөл өзенінің төңірегінде ойсырата жеңеді.

Қытай жазбаларына сүйенсек, 715–716 жылдары Шығыс Түрік қағандығы ішкі дағдарыс жағдайында болған. 716 жылы бүлікшілер хан ордасын басып алмақ болғанда Күлтегін қорғанысты ұйымдастырып, оларға тойтарыс берген. 716 жылы бүлік шығарушылардың бірі иер-байырқу халқы шабуылынан Қапаған қаза табады. Оның таққа иегер баласын Күлтегін өлтіреді де, билікке ағасы Білге қағанды отырғызады. Күлтегін қағандықтың сол қол шады және бас қолбасшысы болып тағайындалады. Олар дана Тоныкөкті ел басқару ісіне қайта шақырады [1,360].

Күлтегін түркі мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылын тоқтатты. Қағандық шамамен 721–722 жылдары Қытайға, шамамен 722–723 жылдары татабыға жорықтар жасаған. Өздерін толығымен іргелес мемлекеттерге мойындатқаннан кейін көрші елдермен саяси қатынастарын жақсартты. Ішкі-сырқы саясатқа Күлтегін тікелей араласып отырған. 723–733 жылдар аралығында мемлекет ешбір елмен соғыспай, халық бейбіт өмір сүрді. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бір де біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін, дулығасы жарқырап, жауын жапырып, қан майданның ортасында жүргенін тамсана баяндайды. Бұл арада сол деректерді тізіп жатпай-ақ, батырдың өзіне арнап орнатылған ескерткіштегі мына жазулардан да біраз жайды аңғаруға болады.

Тас жазудың авторы Йоллығ-тегін Күлтегін ерлігін былайша баяндайды: «Он алты жасына келгенде... алты чуб, соғдыларға қарсы аттандық. Күлтегін

жауға жалғыз ұмтылды. Он тұтықты қарулы басшылармен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. 21 жасында Чача Сеңүнмен айқастық. Күлтегін әуелі Тадықан шораның Боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбыр Жамтардың Боз атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Үшіншісінде Сілікбек-иегіннің Торы атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді.

Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді, бірақ бірі де денесіне дарыған жоқ. Күлтегін 26 жасқа келгенде қырғыздарға қарсы аттандық, Күлтегін Байырқынның Ақбоз айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын оққа ұшырды. Екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақбоз айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін Азбан ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты... Оғыздармен соғыстық. Күлтегін Жетімек (Өгсіз) ақты мініп шауып, тоғыз ерін шанышты... Түргеш халқы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. Қара түргеш халқы сол жерде өлім тауышты»... Осылай жалғаса береді. Қарап отырсаңыз, Күлтегін батыр 47 жасқа жетіп, қаза тапқанша соғыссыз өткен жылы болмапты. Соның бәрінде ол жау қолына жасындай тиіп, түркі қолын жеңіске жеткізіп отырыпты. Оны жерлеуге татабы елінен Удар Сеңүн, табғаштан Ісүйі Лікең, тибеттен Бөлен, алыстағы Соғдыдан, Бұхарадан Тархан ұлы Нең Сеңүн, түргіс қағаннан Макрач таңбашы, оғыздан Білге таңбашы, қырғыз қағанынан Тардуш Ынаншы Чур, т. б. көптеген белгілі адамдар келген [2,28].

Күз айында өткен Күлтегін асына татабы, тибет, түргеш, қырғыз елдерінің қатысуынан да Күлтегіннің түркі елінің даңқты қолбасшысы екендігін аңғаруға болады. Күлтегін мазары мен өрнектелген жазба тасын тұрғызуға табғаш қағандығы «он мың сый, алтын, есепсіз күміс» әкелді. Қағанның зергершісі Чаң-Сеңүн арнайы келген. Оның құрметіне жазылған Күлтегін жазуы тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл адамзаттың баға жетпес мұрасы болып табылады. Әкесі Құтылығ қаған Екінші Шығыс Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерсе, артында қалған екі баласы: үлкені – Білге қағаны ел бастап, кішісі – Күлтегінді қол бастап, сол қағанаттың айбынын асырып, мерейін тасытыпты. Ағайынды екі ұлан ақыл қосып бірге қимылдап, елінің бірі – алтын тұтқасына, бірі – айбарлы асыл тірегіне айналыпты. Ажал жетіп сол асыл тірек құлағанда Ұлы Дала күңіреніп, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп Күлтегін рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатыпты. Сол ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде тәуелсіз еліміздің астанасында, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті бас ғимаратының төрінде тұр. Батыр бабаның бақытты ұрпағы күн сайын ескерткіш қасына келіп, ұлы Ерлікке тағзым етеді, ата рухына адалдықтарын білдіреді.

Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналған.

Кеңестер Одағы кезінде өткен тарихымызды зерттеу мүмкін болмады. Сондықтан болар ата-бабамыздың бай мұрасы Түркі әлемін зерттеуде ғалымдарымыздың негізгі еңбектері егемендіктен кейін ғана көріне бастады.

Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.

Бізге жеткен Түркі тарихы да осы VII-VIII ғасырларда жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері арқылы белгілі болды. Ескерткіш бір заманда түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі Монғол Халық Республикасының астанасы Улан-Батордың батысындағы 400 километр жердегі Орхон өзені бойындағы Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Оны алғаш тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші-орыс ғалымы Н. М. Ядринцев. 1890 жылы Гейкель басфин – угор қоғамының, 1901 жылы В. Радлов бастаған Орыс ғылым Академиясының Экспедициялары ескерткіш орнатылған жерге барып, жазуды өз көздерімен көріп, тексеріп қайтады. 1902 жылы Ужчжоудағы ағылшын консулы К. Кэмппель Күлтегін ескерткішіне бірсыпыра зерттеу жұмысын жүргізді. 1909 жылы француз саяхатшысы Де Ля Кост келіп тексе, 1912 жылы ғалым В. Л. Котвич зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1958 жылы монғол – чехославак біріккен ғылыми экспедициясы Күлтегін ескерткішінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Бұған басшылық еткен чех археологы Л. Иисль. Бұл В.В. Радловтан кейінгі жасалған қазба жұмысы еді. Қазба жұмыстары үстінде қорған астынан екі кісінің тасқа әдемі ойылып жасалған бас мүсінін кездестірді. Оның бірі Күлтегінің, екінші әйелінің мүсіні екені анықталды [3,41].

Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді. Биіктігі 3,15 метр, ені 1,24 метр, қалыңдығы 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – бірінші тамыз, 732 жыл деп жазылған.

Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ол ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол жазудың жалғасы. Түркологиялық әдебиеттерде ескерткіштегі 40 жол «Үлкен жазу» /КТБ/, ал 13 жол жазу кіші жазу /КТМ/ деп аталады [4,10].

Күлтегін бабамыздың ел-жұртының қамын жеген ісіне айқын дәлел болатын тарихи жәдігердің көшірмесі 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінде орнатылды. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Байырғы түркі мәдениетінің жазба ескерткіштері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның Қазақстанда өтуі үлкен жетістік болса, геосаяси және этномәдени жағынан түркі тілдес халықтарды жақындастыра түседі.

Ескерткіштің көшірмесін жасауға тікелей атсалысқан, түркі мәдениетін зерттеуші Иманғали Тасмағамбетовтың «Елдік пен ерліктің ерекше ескерткіші» деген еңбегінде «Төл тарихымыздың ең көне ескерткіштерінің бірі, түркі жұртының ортақ мақтанышы, ұлы қолбасшы Күлтегіннің құрметіне орнатылған



ескерткіштің туған топыраққа оралуы, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей, зор қуаныш екенін» атап көрсетті.

Белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков сол конференцияда дүние жүзінде дәл осыған ұқсас он бес мыңдай ескерткіштер бар, оларды оқып, бір жүйеге түсіру транскрипциясын жасау қажеттігін, сонымен қатар, алдағы уақытта жыл сайын 25 қараша – Түркі ескерткіштерінің күні болып белгіленді.

Кириллица мен латын жазуы мың жылдың арғы-бергі тұсында ғана пайда болды десек, бабаларымыздың одан 600 жыл бұрын тіл жазуы, әдебиеті, тіл мәдениеті болғанын сол тасқа басылған таңбалы жазулар дәлелдейді.

Ескі дәстір бойынша таққа Күлтегін отыруы керек болса да өзі таққа отырмай туған ағасы Білге қаған таққа отыруынан Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіште, сол бағзы дәуірдегі бабалардың дүниетанымы жоғары деңгейде болғандығын «Көк түріктердің басқа империядан ерекшелігі, үкімет, ел басқару жүйесі заңдастырылғандығын», ел басқару жүйесі қазіргі заманғы үрдістей демократиялық жолмен шешетіндігін аңғаруға болады [5,18].

Күлтегін жыры, париоттық рух беретін батырлық жыры. Мәтінінің негізі Түркі ұлтының тек тарихы ғана емес Күлтегіннің батырлығы мен ерлігін бейнелейді. Кіші жазудың 27-ші бөлімінен арғы қарайғы жазулары тек Күлтегіге арналған. Осы 27-ші бөлімінде Күлтегіннің ағасы Білге қағанның "Інім Күлтегінмен, екі уәзірімен өліп-тіріліп құрадым. Сонды құрап, біріккен халықты от-су қылмадым. Мен өзім қаған болғанда" сөздері жазылған.

Күлтегін жыр жазуы 53 бөлімнен тұрса, соның 27-ден 53-ке дейінгі жазулары, Күлтегіннің батырлығын және оның соғыстарда мол табыстарға жетіп отырғандығынан мағлұмат береді.

Қазіргі уақытта Күлтегінге арнап қойылған ескерткіш мәтіні жазулары 732 жылы, Білге қағанға арнап қойылған құлыптасындағы жазу 735 жылыдары жазылғандығы, басқа да Орхон – Енисей ескерткітеріне жататын көптеген құлыптас жазулардың 716-735 жж. аралығында жазылған деп жорамалдауда.

Күлтегін ескерткіші Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Бұл құнды дүниенің түркі тектес халықтар ғана емес сонымен қоса әлем ғалымдарының назарын аударуда. Қазіргі уақытта тарих және тіл білімі саласынан зерттелуде, әлі талай ғылыми жаңалықтар туары даусыз. Ескерткіштің 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінің бас ғимаратына орналастыруы Қазақ халқының арғы аталары Көне Түріктердің төл жазбаларының қаншалықты құнды мұра екендігін дәлелдей түседі.

Біз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өткен тарихымызға дендеп кіріп, ғалымдарымыз зерттеп, жазушыларымыз жазып, ақындарымыз да жырлай бастады, бұл тұрғыдан алғанда бұрын аты айтылса, заты айтылмайтын, тереңдеп зерттелмеген қаншама тұлғалар жарыққа шығып жатыр. Солардың біразын О.Асқар да өз еңбегіне қосқан: Күлтегін, Тоныкөк – тегіміз, Ежелгі түрік еліміз. Алтайдан Алпыға дейін Созылған байтақ жеріміз, – деп атақты батыр Күлтегінді мадақтаса, бұл батыр кім, өз заманында қандай қызмет атқарған деген ой туады, аты әлемге әйгілі қолбасшы жайлы «Елтұтқа» атты

кітапта: «Құтылығұлы Күлтегін (684-731) – Екінші шығыс түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «Көк түркінің көк семсері» атанған батыры. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен. Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жау жарағын асынып, түркі еліне тұс-тұстан төнген басқыншы жауға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерлікпен күреседі» [5,18].

Күлтегін жайлы көп жазылды, көп айтылды. Әсіресе өз елі, өз жері үшін Күлтегіннің арыстанша алысқаны әдемі жырланған: Қырық жеті рет аттанды. Жиырма айқас жасады. Тәңірі жарылқағандықтан Елдігін елсіретті, Қағандығын қағансыратты. Жауын бейбіт етті, Тізеліні бүктірді, Бастыны еңкейтті. Өз елін бар жанын салып қорғаған батыр өте ерте есейген секілді, мүмкін жастайынан жетім қалғандығынан ба, кім білсін, бұғанасы қатпай жатып тұлпар мініп, ту ұстапты.

Тағы да кешегі тарихи уақиғаға жүгінсек: «Түркі жұртының төрт жағы түгел болуы үшін қырық жеті жылдық қып-қысқа ғұмырында он жастан бастап ат үстінен түспей, аласапыран айқастарда айбалтадай жарқылдап өткен айбарлы қолбасшының әкесі Елтеріс қаған атанған Құтылық еді. Оған дейін тужандар (тибеттер) қол астында бытырап жүрген түркі тайпаларын Бумын, Естеми деген кісілер басқарып, бірлігі мықты ел қылған екен» -делінген [5,22].

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі.**

1. Томсен В. Дешифровка орхонских и енисейских надписей.-Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества, т.УІІІ, 1894 С.360
2. Аманқос Мектеп-тегі. Руника жазуының генезисі немесе «пішін» таблицасы – ежелгі құпия тілі. // Ана тілі.- 2001, №10 28 б.
3. Аманжолов А. Көне жазбаларға көз тіксек. // Қазақ тарихы.- 1993.-№1 41 б.
4. Аманжолов К. Тарихи этнографиялық шолу // Қазақ тарихы.- 1993, №1 10 б.
5. Иоллығ Тегін. «Күлтегін», А., 1986 4, 18-22 б.

### **Турусбекова Н. Н.**

Аягөз ауданы "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ

## **1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ АЛАШ МӘСЕЛЕСІ**

Ресейдегі қосөкіметгілік жүйесінде болып өткен қазақ съездерінің күн тәртібі, олардың өтілу барысы және қабылдаған қаулы-қарарларының орындалу деңгейі туралы алғашқы түпнұсқалық деректерді Алаш қозғалысының өзі

тудырғаны баршамызға аян. Сондай тарихи деректерді болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру да ұлт зиялыларының назарынан тыс қалмаған.

1917 жылғы ақпан төңкерісі жеңіске жетіп, патшаның тақтан түсірілуі Ресей империясы құрамында болып келген халықтардың ұлттық қозғалыстарының жаппай өрбуіне ерекше ықпал етті. Ресейлік басқа ұлттар сияқты қазақ халқы да ендігі сәтте жаңа қоғам құру ісіне белсене араласу қажеттілігін түсінді. Өйткені, ақпан революциясы бүкіл ресей халықтарына жаңа тұрғыда даму мүмкіндігін туғызды. Ақпан төңкерісінің қазақ халқының саяси санасының жандануына ерекше ықпалды болғанын сол кездің өзінде-ақ жазылды. Мәселен, қазақ өлкесінде ерекше беделді басылым болған «Қазақ» газетінің 1917 жылғы көктем айларындағы сандарында «Зор өзгеріс», «Реттелу керек», «Тендік» және «Алаш ұлына» атты мақалалар жарық көрді. Бұл мақалалардың мазмұнын Ресейдегі ақпан төңкерісінің ең басты жемісі азаттық, бостандық пен тендіктің қадыр-қасиетін жете түсініп, елдің жаңару жолындағы жасап жатқан алғашқы қадамдарына жақтас болып, қолдау көрсету. Сонымен қатар қазақ үшін бұл зор өзгеріс азаттық таңы атқанмен бірдей деп бағалаған пікір алдымен айтылған. Азаттық, тендік пен бостандыққа ие болған шаққа жаңа үкіметке (Уақытша Үкімет) қолдау көрсете отырып, ұлттық мақсат-мүддемізді іске асыратын шараларды бастау керектігі, алаш ұлдарының қоғамдық-саяси қызметтерге белсене араласуы қажеттілігі осы мақалаларда баса айтылады [1].

Соңғы уақытта халық өкілдерінің саяси тұлғасын, жалпы азаматтық болмысын сомдауға жол ашылғанымен, жергілікті жерлердегі, айталық уездік, облыстық қазақ комитеттерінің белсенділерін толығымен зерттеу әлі де шешімін таппай отыр. Сондықтан, осындай тұлғалардың артында қалған ұрпақтары мен замандастарының естеліктерінде және жергілікті жерлердегі тарихи мұраларды бір жүйеге келтіріп жинастырып жүрген өлкетанушыларда сақталған деректерге сүйеніп, оларды шама келгенше халқымен қайта қауыштыру арқылы зерттеу жұмысының қатпарлы тұстарын ашуға талпыныс жасалып отыр. Бұл мәселеге байланысты «Бірлік туы» газеті: «... осы күні халық күшін бастап жүрген Алаштың әрбір азаматы әр қадамын аңдап басуға міндетті. Өйткені, тарихтың қатты жазасын қалың халық жалпы көтерсе де, ол жазаның кінәсін әр уақыт бірнеше көсемсінген адамдар-ақ істеп тастайтын ... Болашаққа көз жіберіп, алдында белгілі бір қарақшың болмаса, өмірдің қателері де көп болады ... Алаштың көз тігіп, ұмтылатын мақсаты - бірлік, түгелдік», - деп ұлт өкілдерінің әрбір басқан қадамы, жасаған әрбір іс-әрекеті келешек ұрпақтың тағдырын шешетіндігін, сондықтан ел басында жүрген азаматтарға үлкен жауапкершілік жүктелетіндігін айтады.

Қазақ съездеріне қатысты алғашқы пікірлерді Алаштың танымал жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, А.Кенжин, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтермен қатар бүркеншік есімді авторлардың деректік негіздегі мәліметтері мен сол кезеңнің шынайы келбетін сипаттайтын саяси-әлеуметтік тақырыптарға жазылған мақалалары береді. Мәселен, Уақытша үкіметтің қызметіне орай «Бірлік туы» газеті: «...оның ең бірінші міндеті – мемлекетті аман-есен Учредительное собранию жібертіп, тапсыру

еді. Бірақ ол өзінің бұл міндетін атқара алмады» - дей келіп, - «мұның себептерін тексеріп, Уақытша үкіметті ақтап, иә қаралап шығару тарихтың ісі. Бұған Россияның сол күндердегі әртүрлі ахуалы себеп болды ма, жоқ Уақытша үкіметтің өзінің тұтынған бағыты бастан-аяқ теріс болды ма, мұны айырып, бұл жұмбақты шешетін тарих екендігін, әйтеуір, не қылғанымен, Уақытша үкімет өзінің мойнына алған міндетін атқара алмай, мемлекет тізгінін қолынан шығарып алғандығын» жазады [18]. Осы басылымның 15-ші санында: «...өзгеріс болғаннан бері ... Россиядағы әртүрлі жұрттар әлденеше рет сиездер құрып, бас қосып келешектегі жаңа тіршілікке әзірліктерін жасап, ататілектерін жарыққа шығаруға ұмтылған іс- әрекеттеріне мемлекеттегі «қызғаншақ» таптардың «олардың бұл істері асығыстық. Россияның мынадай қиын сәтін пайдаланып қалу» деген сөздеріне орай түбінде ұлттық халықтарды айыптауға болмайтындығын, өйткені найзадан бұрын туған халық тілегінің бостандық шуағы астында бұлайша тасып шығуы - табиғи іс. Сондықтан, оны асығыстық деп тоқтатуға тырысу – адасқандық», - деп, автономияға халықтардың бас қосып, өз алдына әрекет адамзаттық қасиеттер тұрғысынан баға береді [2]. Уақытша үкіметтің соғыс саясатына «...бұл зор қатесі еді», - деген баға беріп, оны түсіндіреді: «Уақытша үкімет соғысты тоқтатпай, аяғына дейін жеткізуде екі мақсатты, атап айтқанда, елде һәм Россияның сыртқы жауларын жеңуді» Уақытша үкімет «екі кеменің күйрығын ұстаған кейпіне ұшырап, үлкен өзгерістің қисық жолға түсіп кетіп, оның осы күнге дейін қиратқаннан басқа ешнәрсе күнгі «жұмысшылар қожайындығы» большевиктердің жүгенсіз кетуі - бәрі де сол қатесінің кесірінен туған бәлелер» [2]. Бұдан Уақытша үкіметтің саяси бағытындағы осындай қателіктерінің салдарынан мемлекетті тұрақты басқару мүмкін болмағандығы аңғарылады, Осылайша, Уақытша өзіне зор сенім артқан халқының күнделікті түзеудің орнына, сыртқы саясатты бірінші кезекке қойып, соның әуресімен халық арасында өз беделін түсіріп қалжыраған халықтың діңкесі құрып, соғысты тоқтатамыз, «жер береміз» деген большевиктердің соңынан кете баруының бір ұштығы осы соғыс саясатына байланысты болған.

Ақпан төңкерісі Ресей халықтарын серпілткен зор оқиғаның қазақ халқы үшін қандай маңызды болғанын кезінде А.Байтұрсынов былай деп көрсеткен: «Қазақтар үшін бірінші төңкеріс түсінікті болды және оны қуанышпен қарсы алды, өйткені ол біріншіден, патшалық үкіметтің езгісі мен зорлығынан құтқарды және екіншіден, олардың өзіндік зор арманы- өзін-өзі басқаруға жеткізеді деген үмітін бекіте түсті» [3]. Кезінде кеңестік тарихнамада Ақпан төңкерісінің Ресей халықтары үшін, соның ішінде қазақ халқына тигізген әсерін біржақты, яғни теріс мағынада баяндап келді. Ал соны зерттеулер бұл революцияның қазақ қоғамы үшін алға даму (қарқынды) бағытында ықпал еткенін көрсетіп отыр. Зерттеуші К.Нұрпейісов ақпан төңкерісінің қазақ қоғамына тигізген ықпалы жөнінде былай деп көрсетеді: «Іс жүзінде революция Россияда кең көлемді халықтың демократиялық қалыптасуына жол ашты. ...Ақпан революциясының жеңісі саяси жүйенің жоғары сатысы - республикалық құрылысқа көшуге жағдай туғызып қана қойған жоқ; сонымен

қатар ұлттық езгінің күш-қуатын әлсіретуге мүмкіндіктер берді. Осының нәтижесінде ұлттық өзін-өзі билеу проблемасын шешу мәселесін қоюға, қазаққауымының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге мүмкіндіктер туды. ...Ақпан революциясы қоғамда азаматтық келісім орнатуға жағдай туғызды. ...Ақпан революциясы жеңісінің ең маңызды нәтижесі елде кең көлемінде саяси бостандықтар мен бүкіл қоғамдық өмірдің демократияландырылуы болды» [4]. Шынында да Ақпан төңкерісі патшалық Ресей тұсында бұратана халықтар санатындағы қазақ сияқты ұлттардың титулды ұлтпен тең екендігін заңдастырды, олардың ресми үкімет органдарында қызмет қылуына мүмкіндіктер туғызды. Ұлттың езілуінің (саяси және экономикалық тұрғыдан) тоқтатылуына жағдай туғызды. Зерттеуші М.Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: «...А.Байтұрсынов пен оның серіктестері ақпан революциясымен бірге келген саяси өзгерістер ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге және басқа міндеттерді шешуге жол ашады деп түсінді». А.Байтұрсынов Алаштың жетекші қайраткері ретінде қазақ қоғамында танымал тұлға болды.

1917 жылғы ақпанда Ресейде жеңіске жеткен буржуазиялық-демократиялық революция нәтижесінде қоғамдық өмірдің барлық дерлік мәселелері толықтай шешілді деуге болмайды. Жалпы Ресей кеңістігінде бас көтерген ұлт-азаттық қозғалыстар даму жолы (тактикасы мен стратегиясы), ресми билік иесі Уақытша Үкімет тарапынан толықтай қолдау таппады. Бұл мәселе туралы сөз алда болады. Қазақ халқының көшбасшысы ретінде кеңінен танылған, 1917 жылға дейін халыққа жағымды істерімен жұртшылыққа мәлім болып келген Алаш қозғалысы қайраткерлері ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан күрделі жаңа жағдайда саяси күрес жолына шықты. Дәл 1917 жыл Алаш қозғалысы тарихындағы ең бір маңызды да, шешуші жыл болғаны тарихтан белгілі болып отыр. Алаш қозғалысының өлкедегі жетекші саяси күші ретінде танылуының өзіндік тарихы бар. Қазақ қоғамының Алаш қозғалысына қолдау көрсетіп, оған ілесуінің әр түрлі сипаттағы мән-мағынасы бар. Атап айтқанда:

- Алаш қозғалысы қайраткерлері қазақ халқының мұң-мұқтажын жете түсінді;

- Қозғалыс қайраткерлері өздерінің білімділігімен және біліктілігімен көпшіліктің үміт-сенімдерін әрдайым (1905 жылдан бастап) ақтап келді;

- Қозғалыстың ағартушылық саласындағы орынды іс-әрекеттері, олардың қазақ қоғамы арасындағы беделін көтереді;

- Ұлттық бірлік пен халықтың өзін-өзі билеу құқын іске асыруды жолға қою бағытындағы туындатқан идеясының жұртшылыққа кеңінен мәлім болуы және т.с.с. іс-әрекеттері Алаш қозғалысын өлкедегі жетекшілік позициясын айқындап берді.

Алаш қозғалысы төңірегінде топтасқан қазақ зиялылары және олардың түрлі әлеуметтік топтарға жататын жақтастары қазақ өлкесінде жаңа өмір құру ісіне қарқынды түрде араласа бастады.

Олардың бұл бағыттағы бастамасы ресми өкімет Уақытша Үкімет тарапынан қолдау таба бастады. Өйткені Уақытша Үкімет аса күрделі саяси жағдайда Ресейдің шеткері аймақтарында бас көтерген ұлттық қозғалыстармен санасу керектігін жете түсінді.

Қорыта келгенде, билік басына келген Уақытша Үкіметке сенім білдірген арнайы жеделхаттар Алаш қайраткерлерінің халыққа тастаған үндеу хаттарынан кейін Қазақстанның барлық аймақтарынан Петроградқа жаппай жіберіле бастады. Бұл жеделхаттарда Уақытша Үкімет жаңа қоғамды демократиялық тұрғыда құруда ерекше ұйымдастыру қабілетін көрсетеді деген сенім мол болды. Мәселен, жеделхаттар Орынбордан Торғай қазақтары А.Байтұрсынов бастаған топ (6 наурызда), Оралдан Б.Қаратаев бастаған топтың, Ақмола облысынан, Семей облысы Қарқаралы уезі орыс-қазақ мұғалімдерінің кәсіподағы және Омбы қазақтарының атынан Петроградқа Ресей Думасына жіберілді. Сондай-ақ М.Тынышбаевтің атынан Жетісу қазақтарының жеделхаты Петроградқа жіберілді. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 223-санында Минскідегі бұратана бөлімінде қызмет қылып жүрген Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары қазақ өлкесін саяси тұрғыдан жандандыру мақсатында жіберген жеделхаты жарияланды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Нурмагамбетова Р.К. – Движение Алаш и Алаш-Орда. – Алматы, Компьютерно-издательский центр института истории и этнологии им Ч.Валиханова МОН РК. 2003.
2. Нуршин Э. – Государство Алаш. // Экспресс – 1992 9 декабрь
3. Нурышева Г. – Партия «Алаш» предтеча демократии. // Юридическая газета. – 1997 1 октября.
4. Алаш-Орда: Сборник документов./сост.Н. Мартыненко – Алматы, «Айкап». 1992.
5. Атишев А.А. – Политическая мысль Казахстана II половине XIX- начала XX века. – Алматы, Наука. 1979.

**Тлебалдина Н.Қ., п.ғ к, аға оқытушы**  
**Абдрахманова Қ. 2 курс магистранты**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

#### **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ**

Қазақ атырабына Ресей отарлау саясатының қыспағы мен қысымы кеңінен жайылған кезеңмен тұспа-тұс келген XX ғасыр басындағы қазақ публицистикасындағы ұлт азаттық идеяның ерен қарқынмен өріс алуы тарих пен әдебиеттің еншісіне тиді.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің революциялық-демократиялық бағытта үн қатуы алашордашыл ұлтжанды арысымыз Ж.Аймауытов отарлау

саясатының зорлық-зомбылығына қарсы ұран тастап, отаншылдық, елжандылық ойды асқақтатуы ұлт оянушылық идеяның көрінісі еді.

Қаламгерді шыңдаған, ұлт күресіне шынықтырған тарихи кезең ХХ ғасырдың бас кезеңін құрайды.

Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылық бағыты бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

ХІХ ғасырдың аяғында орысшадан қазақ тіліне аудару өнері, ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтың төл әдебиетімен бірге аударма әдебиеті дами бастады. Аударма өнері туралы айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы қазақтың жазушысы, аударма өнерінің дамып, жетілуіне зор үлес қосқан Ж.Аймауытовтың аты аталады.

Ж.Аймауытов қоғам қайраткері ретінде халық ағарту жүйесінде қызмет істей жүріп, жасұрпақты, өнерге, білімге, ғылымға, баулуда да көптеген еңбек етті. Мерзімді баспасөз беттерінде Аймауытовтың аудармалары жарияланып отырылған. В.Шекспирдің, Г.Мопассанның, Р.Тогордың, М.Горькидің шығармалары кездесіп отырылған. Сонымен қатар жазушы орыс тіліндегі саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақ тіліне аудару жұмыстарымен шұғылданып, еңбек етіп, аударма саласының дамуына ат салысқан.

Ж.Аймауытовтың аудармамен айналысуы сол кездегі әлеуметтік-саяси, тарихи маңыздылығы жоғары еңбектер болып, қазақ тәржімә тәжірибесіндегі өзгеше бір ерекше құбылыс болып саналады.

Ж.Аймауытовтың аударуымен Н.И.Бухарин мен Е.А.Покровскидің «Орыс тарихы», Богдановтың «Саяси экономияның қысқаша курсы» атты кітаптар басылып шығарылған. Джек Лондонның «Күштілердің күші», «Теңсіз телегей аттаныс», Пушкиннен «Сараң сері», «Тас мейман», ден «Бақылаушы», С.Чуйковтан «Тау еліндегі оқиға», Гюгодан «Бейшаралар», Конрад Берковичтен «Әкесі мен баласы», «Заң білместің зары», «Өрбике», «Мұрданың өлімі», «Тұқым» Жалаладдин Румиден «Молда Ирамидың кітап жазуға қалай кіріскені», Р.Тогордың «Балжан», аударма өлеңдері: Эжен Потьеден дүниежүзі пролетариатының гимні («Еңбекшілер ұраны») «Интернационал», Александр Безимьянскийден «Жас гвардияны», «Жас көсемдер маршы» («Марш юных пионеров») өлеңдері сияқты жалпы саны 30-ға жуық еңбекті тәржімалаған. Ағылшын тілінен алғаш аударма жасаған адам Жүсіпбек Аймауытов екенін мақтанмен айта аламыз. Ол Джек Лондонның «Күштілердің күші» атты әңгімесін алғашқы аударған Ж.Аймауытов болған.

Бұл аудармалар жазушыны сол замандағы жан-жақты білімді, педагог, ағартушы, ғалым болғанының бірден-бір дәлелі болмақ.

Академик С.Қирабаев: «Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық қызметі дәуірдің талап етуінен туды. Бұл-бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интеллегенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сипат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәуірін күн тәртібіне қойып отырған қажеттікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург та, ғалым да болып еңбектер жазды. Аударма да жасады. Бүгін біз Жүсіпбектің көркем туындыларының әдебиет тарихындағы орнын, жазушы шеберлігін,

ізденістерінің байсалдылығын айта отырып, оның барлық шығармашылығының тарихи маңызын айрықша атаймыз» -деген құнды пікірі жазушының шеберлігінің дәлелі [1, 246].

Жазушы аудармалары арқылы қазақ тілінің сөздік қорын байытты, тілімізге жаңа формалы, жаңа мазмұнды сөздермен қатар қазақтың ұғымына жақын, тұрмысына сай теңеулерді, көптеген жалқы есімдер, кірме сөздер, тіркестер, мақал- мәтелдер, афоризмдерді енгізді.

Мысалы 1924 жылы М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыры» өлеңін аударуда өлең жазудағы ақ өлең үлгісін қолданғанын көреміз.

«Селк ете түсті ақ сұңқар, әлсіз ғана дыбыстан,  
Тырнақтарын сүйретіп, жартасқа таман жылжыды.  
Келіп жетті жартасқа қанаттарын керіп ап,  
Пәрменменен дем тартып, жарқ-жұрқ етіп көздері,  
Құлап келді алдыға [2].

Бұл аудармасынан жазушының сөздік қорының молдығын, ұлттық ұғымдағы сөздерді кеңінен пайдаланатындығын, аудару үрдісінде өзіндік бағыты, әдіс-тәсілдері болғанын байқауға болады.

Джек Лондонның «The unparalleled invasion» -«Беспримерное нашествие» очеркін аударған. Қазақ тілінде шығарманы «Теңсіз, телегей аттаныс» деп аударған. Аудармашы аталған шығарманы орыс тіліндегі мәтінді негізге ала отырып аударған.

Аударма түсінікті болу үшін мысал келтіре кетейік. Джек Лондонның бұл очеркінде Қытайдың батыстық әскери өнерді, өнеркәсіпті үйренгеннен кейін еңбекшілдігінің арқасында жақсы тұрмыс кешіп, халқының санының күрт өскендігін, сөйтіп маңайындағы елдерді майдансыз-ақ басып ала береді. Өздерінің отар елдерінің территориясына қауіп төне бастағанын сезген Америка, Франция бастаған Еуропа елдері Қытайға әскерін төгеді. Әскери өнерді жетік меңгерген, санында шек жоқ Қытай оларды жер жұтқандай тып-типыл етеді. Қытаймен соғысып жеңе алмасын түсінген Батыс елдері кеңес құрып, ақыры Қытай аспанынан ұшақпен ұшып жүріп ішінде ауру тарататын шыбын-шіркейі бар шыны түтіктерді тастап, территориясынан бір адамды шып шығармай, екі айда тып-типыл қылып құрқанын баяндайды. Шығармада берілген ел аттары Ж.Аймауытовтың аудармасымен: Қытай, (Америка) Әмерике, Ресей, Жапан (Жапония), Манчжурия (Манжүрия), Оңтүстік Африка (Түстік Апырике), Франция (Пырансие), Австрия (Абыстрие), Скандинавия (Искандинау) т.б деп орыс тіліндегідей қабылдамай, қазақтың айтуына қарай жазғандығын көреміз.

«Аударма туралы» алғаш арнайы мақала жазған Ж.Аймауытов «Газет тілі қалай түзеледі» деген мақаласында аударма жайлы мынадай пікір келтірген: «Газетте ел хабарлары жақсы түсінікті. Өз басынан шығарып жазған әркімнің сөздері де ұғымды. Ал, орысшадан аударылған, орысшаға жанасқан сөздерге қарасаң томармен жүрген қазақ арбадай миынды, жүйкеңді түйгіштеп, зырқылдата жөнеледі. Қай жерде мүдіріп, қай жерде сүрініп қалам деп, қып-қып еткендей боласың. Газет оқушы орысшадан аударылған екенін қайдан



білсін? Жазуы қазақша болған соң, таңсық көріп, анасын да, мынасын да оқиды. Оқыса, түк ұға алмай қалатын сөздерді де көреді. Содан «Ой газетінді қойшы, сөзін адам ұқпайды» деп, көңілі қайтады. Тіл шоқпытталып, қойыртпақ болып барады. Бұл қалыпта жүргізе беруге болмайды. Бұған шара істеу керек, мен мынадай шараны ұсынамын: Бұл мәселені жайға қарата бермей, әрі болса, 15 күннен қалдырмай газет басқармасы өзі қолданатын сөздерін тізсін (сөз аударушыларына тапсырсын, газеттен жинатсын, мекемелерден алсын, әйтеуір хат сөздер терілсін)» [2,216б].

Автор аударма жасау жұмысының өзіндік қиындықтары кездесетінін, сөз құраудың, ойды бейнелеуде мұхият, жауапты болу керек екенін талап етіп, жазу шеберлігіне назар аударады ұсынады.

Сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытов 1920 жылдары кейбір қазақ оқырманына көзтаным емес ұғымдарды түсіндіріп отырады. Мысалы, «Кеме келетін теңіздердің сертті портына ( порт-теңізде кеме тоқтайтын орын) [2, 249б]»-деп түсінік беріп өтеді. Жалпы кейбір ұғымдар туралы түсінік беру 1920 жылдар аударма еңбектеріне тән құбылыс.

Ж.Аймауытов аудару өнерінде Абай дәстүрін ұстанып, көркем шығармадағы авторлық идеяға нұқсан келтірмеуді мақсат еткен деп қарау орынды.

Жүсіпбек Аймауытовтың аудармасын ұлт аударма саласының аудармашылар мен әдебиетке үлгі болар нұсқалардың қатарына апара аламыз.

Ж. Аймауытовтың өз дәуірін жан-жақты бейнелеп, суреттеген жазушы. Ол өзі өмір сүрген заманның әлеуметтік, қоғамдық мәселелерімен, кейбір мән беріле бермейтін қырларына дейін суреттей отырып бұрын-сонды айтылмай келген жаңалықтарды ашқан талантты дара тұлға деп айта аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. Кітапта // Қайта оралған қаламгер: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады) Құраст. В.Қ.Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана.- Алматы: 2003.24.
- 2.Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Ғылым, 1998.-2т.

**Хусаинов М. Д.**

№ 49 жалпы орта білім беретін КММ  
Семей қаласы, Тарих пәнінің мұғалімі

## **ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ КАСПИЙ ТЕҢІЗІ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ САЯСАТЫ**

Қазақстан Республикасының Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты ұстанымы Каспийге БҰҰ-ның Теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы конвенциясының теңіздің әртүрлі бөліктерінің режимдері мен еніне қатысты жеке ережелерін қолдану болып табылады. Теңіздегі мұнай қорының молдығы

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Обыденное правосознание происходит без использования научной методологии. Этот вид правового сознания присущ основной массе членов общества, поскольку они не имеют специальной юридической подготовки. Это отражение правовой действительности происходит стихийно, самопроизвольно, оно присуще людям, которые сталкиваются с юридической сферой лишь иногда. Обыденное правосознание представляет отражение правовых явлений на основе опыта индивида. Наибольшее значение здесь имеют психические формы отражения, но не стоит отождествлять с правовой психологией. В обыденном сознании присутствуют элементы рационального и логического, т.е. элементы правовой идеологии. Так же необходимо указать, что этот вид правового сознания имеет разрозненный, хаотичный характер, наряду с правильными могут уживаться ошибочные взгляды и представления о праве и его институтах. Анализ положений с точки зрения правовой подготовки показал, что процесс развития правосознания будущих специалистов идет фрагментарно, с акцентом на его когнитивный компонент, при этом часто игнорируются аксиологический, аффективный и поведенческий компоненты. Следует отметить, что современные выпускники - педагоги-психологи уже не могут быть специалистами только в правовых вопросах, для выполнения эффективной профессиональной деятельности им необходим и высокий уровень развития позитивного правосознания.

### **Список литературы:**

1. Русинов Р.К. Правосознание и правовая культура // Теория государства и права Под ред. В.М. Корельского, В.Д. Перевалова. - М., 1997. - С. 150-151.
2. Повещенко Н.П. К вопросу о формировании личностной правовой культуры как основы становления правового общества. - Вестник Нижегородского университета им.Н.И. Лобачевского. Серия: Право. - 2001. - №1. - С.266-270.
3. Максимова И.М. Правосознание как источник правового поведения личности: автореф. канд. юрид.наук. - Тамбов, 2005. - 22 с.

**Әбікенова Гүлнафис Төкенқызы**  
Филология ғылымдарының кандидаты  
*Alikhan Bokeikhan university*

**Ахмет Байтұрсынов және қазақ әдеби тілі**

Әдеби тіл – халықтық не ұлттық мәдениеттің белгілі бір көрінісі, ол әрбір халықтың өзі жасап отырған дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық, саяси-шаруашылық өмірімен тікелей байланысты. Сонымен бірге ол өзінің ішкі даму заңы бойынша да өрістейді. Тіл өзі қызмет етіп отырған ортаның мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерімен, яғни ғылымның, өнердің, әдебиеттің, қоғамдық ойдың т.б. даму дәрежесімен қоян-қолтық араласып, астасып жатады. Сол сияқты әдеби тіл өзін тұтынып жүрген халықтың этно-географиялық ортасына да тәуелді, әсіресе тәлім-тәрбие беріп, білім тарататын орталықтармен тікелей қарым-қатынаста болады.

Қазақтың жаңа жазба әдеби тілі Ыбырай мен Абайдан басталып, ХХ ғасыр басында ұлттық сипат алды. Ол сипат ең алдымен, көркем әдебиеттің идеялық мазмұнының сыршылдық, сыншылдық қасиетке ие болуынан көрінсе, екіншіден, оның жанрлық жағынан түрленуінен де көрінеді. ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген прозалық шығармалар, ауыз әдебиеті шығармалары мен шығыс әдебиетімен тақырыптас қисса-дастандар, оқу-педагогикалық сипаттағы кітаптар, аударма әдебиет үлгілері, жеке ғылым саласы бойынша жарияланған ғылыми-көпшілік әдебиеттер, ресми материалдар мен діни әдебиеттер, газет-журнал беттеріндегі публицистикалық материалдар сол тұстағы әдеби тіліміздің сапалық жағынан есіп, стильдік жағынан саралана түскенін танытады. Алайда аталған жазба әдебиет нұсқалары мазмұн жағынан ғана емес, тілдік ерекшеліктері, әдеби тілге тән сипаты, оның әрі қарай дамуына үлес қосуы жағынан да әрқелкі болды. А.Байтұрсынов әдеби тілімізді дамытып, оны «таза» ұстау қажетігінен көп көңіл бөліп, қазақ әдеби тілін дамытуға бар қызметін аямады. Қазақ әдеби тілін дамытуда ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқу - педагогикалық әдебиеттер мен қазақ тілі жайында жазылған еңбектердің де маңызы ерекше.

Бұл салада алғаш ана тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазған, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша өз тілімізде төл терминологиямызды қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлының ересен еңбегі айрықша ауызға алыну қажет. Ахмет Байтұрсынов жолын қуған мұғалімдер ана тілінде бірнеше оқулықтар шығарды. Қазақ тілі жайындағы, оның ішінде, әсіресе, әліпбиімізді жөндеу туралы мақалалар "Айқап" журналында басталып, "Қазақ" газеті бетінде үзбей жарияланып тұрды, бұл жұмыстың бастаушысы да, ұйымдастырушысы да Ахмет Байтұрсынов болды.

Ұлттық мерзімді баспасөздің әдеби тіліміздің дамуына үлкен әсер ететінін Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т.б. жақсы түсінді. Олар өз ұлтының сана – сезіміне сәуле шашып, қазақ халқын азаттық, бостандық, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін ұлттық баспасөздің, ұлттық басылымдардың қазақша шығуына ат салысты. Бұл жөнінде А. Байтұрсынов газеттің бірінші санына жазған бас мақаласында былай деді: «Әуелі газета халықтың көзі һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. ... басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген

газета һәм кітаптар халыққа тарап оқылмайды. Халыққа тармаған газета һәм кітаптар пайда болады деп айта алмаймыз» (Қазақ, 1913 №1).

1905 жылдан басталған қазақша төл баспасөз ашу идеясы бірте-бірте жеңіске жетті. Қазақ тілінде толыққанды тұңғыш басылымдар дүниеге келе бастады. Бұларға 1911-13 жылдары 17 саны шығып тоқтап қалған "Қазақстан" газеті, 1913-18 жылдары үзбей шығып тұрған "Қазақ" газеті жатады. Бұлар қазақ халқының бостандығы мен қазақ жерлерін біріктіру, қазақ тілінің өркендеуін түпкі мақсаттарына айналдырды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері іс қағаздарын қазақша жүргізу мәселесін де қолға алады. Көпшілікке мәлім, 1905 жылғы қаңтардағы "Қанды жексенбіде" басталған бірінші орыс революциясы және оның нәтижесі ретінде дүниеге келген Манифест Ресейдің отар аймақтарында да азаттық жолындағы күрестің, яғни саяси-әлеуметтік қозғалыстың үдере дамып, құлаш жая бастауына зор ықпалын тигізді. Қазақстанда да саяси қозғалыстар бел алды. Қазақтың Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов т.б. оқыған зиялы қауымның көрнекті өкілдері Қояндыда жиналып, 17 қазан манифесінде жарияланған бостандықтарды іс жүзіне асыруды сұрап патшаның атына петиция дайындады. Айта кететін жайт, кейінгі шыққан зерттеулерге қарағанда, Қоянды жәрменкесінен Петербургке жөнелтілген петицияның саны үшеу екендігі анықталып отыр.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ыбырай, Абай негізін қалаған дәстүрді жалғастырушылардың: Шәкәрім Құдайбердиевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Спандияр Көбеевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Сәбит Дөнентаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің, Ғұмар Қарашевтың, Мұқтар Әуезовтің т.б. ағартушы бағыттағы көптеген ірі ақын-жазушыларымыздың алатын орны айрықша. Олар Абай дәстүрін жалғастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге түр жағынан түрлендіріп, мазмұн жағынан байытып, дамыта түсуге де ықпал етті.

Қазақ әдеби тілінің дамуы – оның жанрларының дамуы. Осы салада А.Байтұрсынов шығармашылығын атауға болады. Мысалдап сөйлеу, ойын астарлап, бірдемеге меңзеп, тұспалдап айту - қазақтағы шешендік, ділмарлық өнердің ежелден келе жатқан кәнігі тәсілі. Мысалдың да мысалы, түр-түрі бар. Ахмет Байтұрсынов кітабына арқау болған мысал жанры - қазақ үшін мүлдем бейтаныс әдеби жанр еместін. Сан ғасыр бойы атадан балаға мирас боп жалғасқан ауыз әдебиеті нұсқаларына назар аударар болсақ, оның өн бойынан мысал атаулының не алуан үлгілерін кездестіремізге ешкімнің күдігі де, күмәні де бола қоймас. Хайуанаттар туралы ертегі-қазақ ертегілерінің аса бір қаужамды мол саласы. Өз халқының тұрмыс-тіршілігінің сырын, не бір кезден таса қалтарысына дейін мейлінше терең, жетік білген, халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан Ахмет Байтұрсынов сияқты өте білімдар адам мысал жанрына бекерден-бекер ойыспаған, оған саналы түрде барған. Дәл осы жанрдың қазақтың ұғым-нанымына, түсінік-түйсігіне тонның ішкі бауындай жақын жатқанын бұл кісі жіті аңғарып, тұшына ұққан.

XX ғасырдың басында қазақ тілінде 200-дей кітап басылды, соның 70 шамалысы - қазақ ақын-жазушыларының дастан, поэма, роман түріндегі күнделікті өмір тақырыбына жазылған шығармалары. К.Кемеңгеров "Қазақ тарихынан" деген еңбегінде "Қазан төңкерісінің алдында шыққан кітаптарды медресе бітірген қазақ мұғалімдері мен шәкірттері жазды, бір Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан басқа орыс

школдарынан шыққан азаматтардың қазақ тілінде жазған әдеби кітаптары болмады, әдебиет сынымен тексерген, төңкеріс алдында сын көтерерлік 20 шақты-ақ кітап болды" деген дерек келтіріледі. Демек, әдеби тілімізді дамыту барысында ХХ ғасыр басында тұрған қомақты еңбектердің алдыңғы қатарында А.Байтұрсынов еңбектері болды.

Зерттеушілердің қай - қасысы да Ахмет Байтұрсыновты қазақша ғылым тілінің негізін қалаушы ретінде көрсетеді. Оның басты себебі, Ахмет Байтұрсынов тіл білімі мен әдебиет терминдерін өзі жасап, жазған оқулықтарында өзі қолдануында ғана емес, оның басқа ғылым салаларынан да қазақта термин жасау мен өзге тілден термин қабылдауда үлгі көрсетіп, термин жасау тағылымын қалдыруында деп есептейді.

Ахмет Байтұрсынов жасаған атаулардың жасандылығы білінбейді, ұғым мен атаулардың соншалықты жақындығы, атаудың дәлдігі, қысқа да нұсқалығы тәнті етеді. Ахмет Байтұрсынов тағылымы ғылымды ұлт тілінде сөйлету арқылы ұлт мәдениетін, ұлттық сананы, ұлттық таным деңгейін жоғары сатыға көтеру болатын. А.Байтұрсынов алға қойған бұл мақсатты оның замандастары мен шәкірттері іске асыра білді. Мысал ретінде 1914 жылы жарық көрген М.Дулатовтың есеп оқулығындағы мына атауларды келтіруге болады: *есеп сатысы* (таблица), *түзу сызық*, *кесе сызық*, *қатар сызық*, *үшкіл*, *сызғыш*, *тік бұрыш*, *деректі сан*, *төрткіл*, *шаршы*, *көбейту*, *шегеру*, *ондық* (жүздік) *бөлімдер* т.б.

Сол сияқты Е.Омаровтың оқулығында **пішіндеме** (геометрия) атаулары тұңғыш рет қазақ тілінде өз баламаларын тапты. Оқулықта келтірілген бір **түйіннің** өзінде канша қазақша атаулар кездеседі.

**"Тік бұрышты үшкілдің** екі қары өзара тең болса, оның **қимасы қарымен** өлшемдес болмайды, **қары мен қимасының** ортақ өлшеуіші болмайды. Яғни олардың **еселік арасы одағай** (иррационал) сан болады деген сөз". Мұндағы **түйін** (теорема), **үшкіл** (үш бұрыш), **қар** (катет), **қима** (гипотенуза), **одағай** (иррационал) қаншалық қазақы ұғымдар екені бірден байқалып тұр.

Медицина саласындағы ғылыми – көпшілік мақалаларда да ауру атаулары қазақтың өз тіліндегі сөздермен берілген. Халел Досмұхамедұлының "Тамыр дәрі" аталатын мақаласында ("Қазақ" газеті, 1913) **тамыр дәрі**, **әулие шөп**, **теңге қотыр**, **көкірек ауру**, **науқас**, **дару**, **дарухана** (аптека), **емдеуші**, **дәрігер** сияқты атау сөздер кездеседі.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр басындағы ғылыми – көпшілік кітапшалар мен газет - журналдардағы мақалалардың ғылымдық жағын былай қойғанда, тілдік жағынан бұлардан қазақша ғылыми терминдердің қалыптасу жолын байқаймыз. Сонымен бірге кітапша, мақала авторларының өз еңбектерінде шет тіл әсерінен қаншама қашқанымен, мүлдем қол үзіп кете алмағандарын көреміз. Ал таза қазақ тілінде жазылған еңбектердің бірегейі «Қырық мысал» болғандығын баса айтамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Әбілқасымов Б. Ахметтану тарихының кейбір тұстары // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. Алматы, 2004, 8-10 б.
2. Әбілқасымов Б. А.Байтұрсынұлы және қазақ әдеби тілі // Тілтаным Алматы, 2000. №2 6-7 б.
- 3.Сарыбаев Ш. А.Байтұрсынұлы және мәтінтану.// Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері. Алматы, 2004, 8-10 б.



**Абишева А. Х.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология  
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫН ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: СТРАТЕГИЯЛАР, ПАРАДИГМАЛАР, ҚҰЗЫРЕТТЕРІ**

XX соңы мен XXI ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. 2006 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен «Сегіздіктен құрылған топ» саммитінің «XXI ғасырдағы инновациялық қоғамға арналған білім» атты қорытынды құжатында «білім беру адамзат дамуының негізі ретінде инновацияны қажетсінеді», - деп көрсеткен. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістер енгізудің қажеттілігі нормативті-құқықтық құжаттарда да көрініс тапқан. Инновациялық іс-әрекеттегі көптеген шектеулерге жол бермей, оны өзгертуге деген қажеттіліктің туындауы білім беру жүйесінде кең ауқымды инновациялық қозғалысты тудырды. Қазақстанның болашағы білім сапасына байланысты анықталады. Осыған орай «Білім туралы заң» (2007 жыл) және «Ғылым туралы заң»да (2011 жыл) «Жоғары оқу орны жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарды жүргізу болып табылады» деп айқындалған. Болон үдерісі аясында ұлттық білім беру жүйелері әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануда. Қазақстандық педагогикалық ғылым мен тәжірибе білім беру мазмұнын өзгерту арқылы интеграциялық үдерісті ескере отырып мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жағдайы мен мүмкіндіктерін іздестіру үстінде. Оқытушы тұлғасы, оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Оқытушының тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық

зерттеулерде үздіксіз қарастырылуда. Барлық деңгейдегі педагогтардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру стратегиясын тұлғаны дамыту және өзін-өзі дамыту тұжырымдамасы анықтайды. Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу қажеттілігі айқын көрініс табады. «Инноватика» қоғамдағы инновациялық үдерістердің өсу қарқынын сезінуге қабілетті заманауи ғылыми ойлардың маңызды бағыты ретінде айқындалады, сәйкесінше 4 инновациялық үдерісті – жаңашылдықты құру, тарату және меңгеру арқылы білім беруді дамыту үдерісі ретінде түсіну қажет. Заманауи оқытушылар үшін кәсіби әрекет педагогикалық үдеріске инновациялық технологияларды ендіру бағыттылығымен анықталады. Инновациялар, инновациялық іс-әрекет инновациялық ойлауды қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз. Инновациялық ойлау төрт диалектикалық өзара байланысқан кезеңдерден тұрады: 1. когнитивті – ойлау жүйесіне жаңа білім мазмұнын тану мен инновацияны генерациялау арқылы өтетін педагогтың субъективті шындығындағы инновацияның пайда болу үдерісі; 2. жобалау – пәнаралық, интеграциялық тұғыр негізінде субъектінің танымы, ең алдымен түрлі философиялық құрылымдар, таным теориясы, психология, педагогика; 3. инструменалды – педагог-инноватордың тәжірибедегі технологиялық инновацияларды тудыру кезеңі; 4. түзетушілік, онда педагог-инноватор педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында оған жаңаны ендіруді түзетіп, ыңғайластырады. Бұл тұрғыда шетелдік тәжірибе жоғары маңыздылыққа ие, әсіресе АҚШ тәжірибесі, ондағы ғылымтехникалық даму, инновациялық экономиканың қалыптасуы, бизнестің, жұмыс орнын берушілердің, ғылым мен білім интеграциясы. Америкалық зерттеу университеттері – бұл, ең алдымен, мемлекет пен ұйымдық қаржыландыру қолдап отыратын озат іргелі зерттеулер жүргізілетін орталықтар, оқытушылар мен студенттері белсенді жұмылдырған университет қабырғасындағы шынайы ғылым мен білім [1]. Сонымен қатар, зерттеу университеттері - аймақтық экономикалық дамуға әсер етуші, технопарктерді қалыптастырушы, кәсіпкерлік инкубаторларды қолдау мен кіші бизнесті қолдауға септігін тигізетін орталықтар. Және де, бұл елдің қоғамдық дамуында маңызды рөл атқаруға міндетті ұлттық элитаны қалыптастырушы орын. Зерттеу университеттеріндегі инновациялық іс-әрекеттің мақсаты аймақтағы кәсіпкерлік белсенділіктің дамуына ықпал ету, өндіріс пен бизнестің байланысын нығайту, жаңа компанияларды құруға қатысу арқылы нарықта озық технологиялық өндемелерді шығару болып табылады. Кей жағдайда компаниялар университет тарапынан патенттелген және лицензияланған озық технологиялар базасында құрылады. Зерттеу университеттері жаңадан

құрылған компаниялардың капиталына қатысады, қызығушылықтан туындаған кикілжіндерді реттейді, себебі университет мәртебесі бойынша – бұл қоғам қамы үшін қызмет ететін және білім өндіретін, пайда алатын корпорация болып табылады [2]. Жоғары оқу орындарындағы өзгерістер басшылық құрылымында, міндеттерде, технологияларда, адам факторында жүріп жатқан өзгерістер. Инновация жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет, оның негізінде жаңа білімді жаңа технологияға, ноу-хауға, жаңа комбинацияларға айналдыру жатыр. Өзгерістен сезілетін қауіп шынайы немесе қиял, тікелей немесе жанама, маңызды немесе маңызды емес болуы мүмкін. Өзгеру табиғатына қарамастан қызметкерлер оның нәтижесінен қорғануға тырысады, арызданады, енжар қарсылық көрсетеді, сол арқылы еңбек қарқындылығы төмендеп, іріткіге алып келеді. Өзгеріске қарсылық ретінде кез-келген қызметкерлердің (ректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері, оқытушылар, оқу-көмекші қызметкерлер) еңбек үдерісіндегі өзгерісті жүзеге асыруға қарсылық немесе тосқауыл қою, сенімсіздендіруге бағытталған әрекеті түсіндіріледі. Қарсылық себептері қызметкерлердің қауіпсіздікке, әлеуметтік өзара қатынасқа, статусқа, біліктілікке немесе өзін-өзі сыйлауға деген қажеттіліктеріне төнген қауіп болуы мүмкін. Өзгерістер әр оқытушыға әсер етеді және оған қатынасына қарай түрлі реакциялар туындайды. Басқарушылар мен қызметкерлердің санасы мен мінез-құлқында жаңашылдықты 5 сәйкес қабылдауға кедергі келтіретін стереотиптердің тегіс бір жинағы пайда болады. Бұл таптаурындар өзгеру үдерісінің қарқынын кемітіп, жоспарланғаннан да көп шығын жұмсауға, ұйым ішіндегі өзгерістерге қасақылық жасауға алып келеді. Осылайша, қабылдау таптаурындары «Иә, бірақ...» тақырыбында бірнеше нұсқаларды қамтиды. Бұл нұсқаларды А.И. Пригожин талдаған. Олар: «бұл бізде бар»: мысалы, ұсынылған өзгеріске ұқсас бейнелердің болуы. Ұсынған тарап өз ұсынысы мен сол ұйымда бар ұқсас бейне арасындағы айырмашылықты дәлелдеуге міндетті. «бұл бізде жүзеге аспайды»: өзге істің салдарынан оң нәтиже алуға мүмкіндік бермейтін көптеген айғақтарды айтады; «бұл біздің басты мәселелерімізді шеше алмайды»: себебі, басты мәселе ретінде әрқайсысының көзқарасы әр түрлі, ал бұл өзгеріс ұйымның маңызды мәселесіне барабар емес; «мұны әлі де жетілдіру керек»: өзгеріс «шикі» деп бағаланып, одан бас тартылады; «мұнда барлығы бірдей емес» - ескі және тексерілген қақпайласу әдісінің бірі, онда ойластырылған өзгерістен кейбір маңызды тұстарын бөліп қарайды, соның нәтижесінде ол өз мәнінен айырылады; «басқа да ұсыныстар бар»: ұсынған тарап басқа да бастамашылармен тиімсіз бәсекелестікке келеді және қатынастарын айқындап алуға мәжбүр [3]. Қарсылық көрсетудің тиімді жақтарын да айтып өту керек: белгілі бір

жағдайларда басқарушы ұсынылған жоспарды асықпай талдап, осы жағдайда шынайы жүзеге асу деңгейін бағалауға алып келеді; нақты проблемалық аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді, басшыға кейбір мәселелер бойынша қызметкерлерінің мақсаттары туралы ақпарат бере алады, ал қызмекерлерге - өз эмоцияларын шығарып, өзгерістің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Ұйымдастырушылық өзгерістер – бұл ЖОО әрекетінің жаңа үлгісін немесе жаңа идеяларды меңгеруі, ішкі және сыртқы талаптарға байланысты жаңаны ендіру қажеттігіне үнемі жауап қату. Өзгеріс үдерісін басқару ректордың, декандардың, кафедра меңгерушілерінің және бүкіл ұжымның бағытталған, ұзақ уақытты назарын талап етеді. Күрделі жүйенің көпдеңгейлі құрылымы болады. Инновациялық жүйенің бірлігі жаңаны ендіру болып табылады - білім беру жүйесін жаңаны ендіру және қандай да бір жаңалықты пайдалану арқылы мақсатқа бағыттала отырып өзгерту. Инновациялық жүйеде бір уақытта бірнеше жаңаны ендіруге болады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдеріс түсінігі және мәні. Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты. Инновация деген не?

«Инновация» ағылшын тілінен аударғанда (Innovation) «новацияға кіріспе» дегенді білдіреді. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, товар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, сонан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру мекемелерінің практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді. 50-ші жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды оқу және қорыту орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады.(мысалы, « information at innovation en education Educatioal innovation in the United States» және басқалар). Біздің елімізде дәл осындай үрдістер жүріп жатты. Алайда олар басқаша аталды. Әңгіме педагогикалық тәжірибенің таратылуы туралы, білім қызметкерлерінің оны пайдалануға б дайындығы туралы және ұсынылған жаңалықтардың жаңалығы, оларды бағалау тәсілдері туралы болды. Әдетте инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жинақтау үрдісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Исследовательские университеты США: механизм интеграции науки и образования / под ред. Проф. В.Б. Супяна. – М.: Магистр, 2009. 399 с.
2. Таубаева Ш.Т., Болатбаева А.А., Жетпісова А.Е. Зерттеу университеттеріндегі оқытушы мен кафедра ұжымының инновациялық іс-әрекетке даярлығы. Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2013. 51 бет
3. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия (социальные проблемы инноватики). – М.: Политиздат, 1989. – 271 с .

### **Азимбаева А. Р.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **«ҚҰНДЫЛЫҚ, «ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР» ҰҒЫМЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

Ғылыми дереккөздерінде «құндылық» сөзі философия, әлеуметтану, педагогика және психология ғылымдарындағы негізгі тұжырымдамалардың бірі. Бірқатар психологиялық еңбектерде құндылықтың пәнаралық сипаты ерекеше атап өтіледі, дегенмен «құндылық» сөзінің нақты анықтамасы жоқ, сондықтан оған бірнеше анықтама беріледі. Осы тұрғыда Д.А. Леонтьев былай деді: «құндылық» сөзінің нақты анықтамасы жоқ... Әртүрлі авторлар түрліше, бір-біріне тән емес және бір-біріне сәйкес келмейтін мағыналарда пайдаланады. Сондықтан әр ғылымда әр ғалым әртүрлі анықтама берген [1].

«Құндылық» феноменіне қызығушылық сонау антикалық дәуірден бастау алған. Диоген Лаэртский алғаш рет «құндылық» сөзіне анықтама берген, оның анықтамасы бойынша: «Құндылық, біріншіден кез-келген игілікке тән жәрдемдесіп, өмірге бейімделу, екіншіден, табиғатпен сәйкестендіріп, өмірмен бірге әрекет ететін пайда, үшіншіден, тәжірибеде сатушы тағайындайтын тауардың айырбас бағасы». Сонымен антикалық дәуірдегі философтардың ойынша, құндылық табиғатпен сәйкестендірілген тіршілік етуге бейімделуімен сипатталған, игілікке қол жеткізудің құралы болып саналған [2].

Философиялық лексикада «құндылық» түсінігі 60-жылдары енгізілген. ХІХ ғасыр неміс философы Р.Г. Лотце («Практикалық философияның негіздері» атты өз еңбегінде) оны субъектінің «маңыздылығы» ретінде қарастырды. Бірақ оған дейін И. Кант өз еңбегінде: «Құндылық – ерік-жігерге бағытталған талап, адамның алдында тұрған мақсаты және тұлғаға әр түрлі факторлардың маңыздылығы», - деп қарастырған [4].

Әлеуметтік психологияда құндылық ұғымына идеал, мақсат, мүдде, нанымдар кіреді, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибені меңгеру арқылы басқа да идеологиялық көріністер қалыптасады. Л.С. Рубинштейннің анықтамасы бойынша, құндылық адам өміріндегі бір нәрсенің маңыздылығы, тек мойындалған құндылық ғана маңызды рөл атқаруы мүмкін [5].

Смелзер «құндылық» ұғымын адам жетістікке жету үшін ұмтылуы тиіс қоғамдағы ортақ мақсат деп түсіндірген [6].

Н.И. Лапин бұл түсінікке мынадай анықтама береді: «Құндылық – фундаменталды нормалардың рөлін атқаратын, жалпыланған мақсаттар мен оларды жетілдіру жолдары. Олар қоғамның интеграциялануын қамтамасыз етеді, адамдарға өмірлік жағдайдағы әлеуметтік мінез-құлықтарын таңдауға көмектеседі» [7].

В.Т. Тугариновтың ойынша, адамдар нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықталады. В.П. Тугаринов құндылықтардың екі тобын бөліп қарастырды:

өмірдің құндылықтары - өмір, денсаулық, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас, т.б.

мәдени құндылықтар – материалдық (техника, баспана, тамақ, киім, т.б.); әлеуметтік саяси (қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, қауіпсіздік, бостандық, еркіндік, адамгершілік);

рухани құндылықтар (білім, ғылым, өнер).

А. Г. Здравомыслов құндылықтардың әлемін адамдардың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, жалпы айтқанда рухани мәдениеті деп біледі [8].

М.Г. Казакинаның анықтамасы бойынша: «құндылық - бұл сыртқы құбылыс (зат, құбылыс, іс- әрекет), сананың дәлелі (идеал, бейне, ғылыми концепция) құндылық - бұл, біз баға беретін объект».

Ш. Шварц құндылықтың екі деңгейін қарастырады:

нормативтік деңгейдегі әлеуметтік идеалдар;

тұлға деңгейіндегі әлеуметтік идеалдар. Бірінші деңгей тұрақты, себебі әрекет ету туралы жалпы қабылданған пікірлерді көрсетеді. Екінші деңгей, адамның сипатына және адамның жеке тәжірибесіне байланысты оның іс-әрекеттері [9].

Әлеуметтік психологияда «құндылық бағдарлары» түсінігі екі мағынада қолданылады:

«идеологиялық, саяси, моральдық, эстетикалық және шындық тақырыбын бағалаудың басқа да себептері, оған бағдар беру;

объектілердің мәніне қарай дифференциациялау әдісі.

Құндылық бағдар әлеуметтік тәжірибені игеру арқылы қалыптасады және жеке тұлғаның мақсат, идеалдар, наным мен мүдделерінде көрініс табады.

Құндылық бағдар тұлғаның бағытының дамуымен байланысты және адамның өмірге деген, өзіне деген және тұлғалық бағытқа деген көзқарастарын сипаттайды. Психологиялық бағытта «құндылық бағдар» феноменіне көптеген анықтамалар берілген.

Философиялық сөздікте (Мәскеу, 1983ж.) құндылық бағдар ұғымына: «Жеке тұлғаның өмірдегі тәжірибесінен жинақтаған ішкі жан дүниесінің маңызды элементі, адамның саяси, философиялық, адамгершілік сенімі мен құштарлығы, мінез-құлықтың адамгершілік қағидалары» - деп анықтама берілген.

Ал ғылыми әдебиеттерде «құндылық бағдар» ұғымына әртүрлі анақтамалар беріледі. Ғалымдардың бір тобы құндылық бағдарды адамның жалпы әлеуметтік бағыттылығы деп қарастырса, екінші бір тобы құндылық бағдарды жеке тұлғаның әлеуметтік құндылықтарға деген субъективті қатынасы деп көрсетеді, ал үшінші тобы «құндылық бағдар» ұғымына психологиялық тұрғыдан түсініктемелер береді. Кейбір зерттеушілер «құндылық» түсінігін белгілі бір сапалы қасиеттердің жеке бөлініп шығуымен түсіндіреді.

В.Н. Мясичевтің пікірі бойынша: «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның рухани дамуының негізі, жеке тұлғаның қоғамға, белгілі бір топқа, еңбекке, өзіне деген саналы қатынасы» болып табылады.

К.К. Платоновтың пікірінше: «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның әлеуметтік тепе-теңдігінің мазмұны мен адам өмірінің эмоционалды дүниесімен байланысты».

В.А. Ядов бойынша «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның қарым-қатынасының неғұрлым күрделі иерархиялық ұйымдасқан құрылым компоненттерін көрсетеді» [10].

Құндылық бағдар - күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылады және жеке тұлғаның қарым-қатынас жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, жеке тұлғаның қызметін бағдарлау және қызметінің мазмұны, адамға жалпыға ортақ көзқарасты айқындайтын, өз алдына, мағынасы мен бағытын көрсете отырып, мінез-құлық сипаты, әрекеттер көрінісі. Сонымен, құндылық бағдар бір жағынан алғанда, жеке тұлғаның нақты іс-әрекетке деген көзқарасы мен іс-әрекетке қатынасын білдірсе, екінші жағынан белгіленген мақсаттар жүйесі. Ол – жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді, қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сүйкімсіздікті, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылықты, тыйымсалудылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға көмектеседі. Құндылық бағдар адам дамуының ең негізгі факторы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Леонтьев Д.А. Ценностные представления в индивидуальном и групповом сознании: виды, детерминанты и изменения во времени [Электронный ресурс]. Режим доступа: [http // www.follow.ru/article/344](http://www.follow.ru/article/344)
2. Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. М., 1979.- 300-301с.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lib.ru/PSIHO/LEONTIEV/dsl.txt>.
4. Виндельбанд В. Прелюдии. СПб., 1964.
5. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. М.: Педагогика. 1973. С. 365.
6. Смелзер Н. Социология. М., 1994

7. Лапин Н.И. Модернизация базовых ценностей россиян // Социологические исследования. No 5. 1996.
8. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. М.: Политиздат. 1986
9. Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности / В.Н. Карандашев. – СПб.: Речь, 2004. – 69 с.
10. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности/ под. ред. Ядова В.А. Л., 1979.

**Алиева А.Н., магистрант.**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ. Семей қ.

### **ЕСІМШЕНІҢ СӨЙЛЕМ ІШІНДЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ**

Есімше — етістіктің ерекше түрі. Есімше сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде жіктеліп келіп, қимылды, іс-әрскетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Кейде есімше тұлғалы етістік бүтіндей басқа мәнде, басқаша қызметте қолданылады: етістікке тән болып келетін белгілі бір заттың қимылын емес, керісінше заттың сындық қасиетін, қатыстық белгісін білдіріп немесе заттанып, заттық мәнде жұмсалады. Ондайда есімше тұлғалы етістік бір зат атауын анықтап тұрады немесе септеліп, кептеліп, я тәуелденіп жұмсалады.

Есімше әрі есім, әрі етістік мәнінде қолданылатындықтан, ыңғайына қарай сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқара алады.

Есімше жіктеліп келіп, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: Қазақтың қай нәсілден тарағанын

Білерсің басқа сөздің жарағанын.

Немесе

Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін.

Берілген сөйлемдердегі білерсің (сен не істерсің?) II жақта, сөйлемейтін (екеуі не істейтін?) III жақта келіп сөйлемнің баяндауышы болып тұр.

Есімше зат есіммен тіркесіп келіп немесе ілік септікте тұрып анықтауыш қызметін атқарады.

Мысалы: Көшкен ауылды іздеп табалық.

Айтқанның аузы жаман, көргеннің көзі жаман (мәтел).

Берілген сөйлемдердегі көшкен (қай ауылды?), айтқанның (кімнің аузы?), көргеннің (кімнің көзі?) деген есімшелер анықтауыш болып тұр.

Есімше атау септікте тұрып заттанып, бастауыш қызметін атқарады.

Мысалы:

Үнсіз күліп тұрған — бағанағы шәкірт бала.

Баланың қытығына тиетіні — осы жері.

Берілген сөйлемдердегі күліп тұрған (кім шәкірт бала?), қытығына тиетіні (не осы жері?) деген есімшелер адам және зат мәнін білдіріп, бастауыш болып тұр.



Есімше атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып толықтауыш қызметін де атқарады.

Мысалы: Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім.

Берілген сөйлемде ұялғанды, жауап айтпағанды (нені кешірмейтін?) деген есімшелер табыс септікте жұмсалып, толықтауыш болып тұр.

Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып немесе шылау сөздермен тіркесіп пысықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап.

Осыны сезген сайын Абай тоқтаусыз жыр тереді.

Берілген сөйлемдердегі білмекке (не үшін я не мақсатпен кетті?) барыс септіктегі және сезген сайын (қашан жыр тереді?) деген септеулікпен тіркескен есімше пысықтауыш болып тұр.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру үшін есімшелер де көсемшелер сияқты құрмалас сөйлемнің бағыныңқы жай сөйлемінің баяндауышы функциясында қолданылады. Бірақ есімшелер мен көсемшелердің жай сөйлемдерді құрмаластыру жолы бірдей емес. Егер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып тұрған көсемшелер басқа бір қосымша тәсілдердің, формалардың көмегінсіз-ақ жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясын да тікелей өзі атқаратын болса, есімшелерде бұл қасиет жоқ. Олар атау тұлғада бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауышы да бола алмайды, жай сөйлемдерді құрмаластыра да алмайды. Есімшелер жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында қолданылғанда әр алуан тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формаларда айтылады. Сөйтіп, жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру міндетін есімше формаларының өздері ғана атқармайды, оларға жалғанған түрлі қосымшалар, тіркесе айтылатын түрлі шылаулық сөздер де атқарады. Өзімізге мәлім құрмалас сөйлем баяндауышының тиянақсыз тұлғада көрінуі етістіктің шартты райлы, көсемшелі, есімшелі түрлерінен шығады. Аралас сыңарының шартты райлы болып тұлғалануында бір ескеретін жай сол, Қ.Есеновтің «Бағыныңқы сөйлемдердің бастауыш пен баяндауыш арасында жақтаса байланыстың болуы тек шартты бағыныңқы сөйлемдерге тән» деген тұжырымдауымен астарлас. Мысалы:

Бәрекелді, аспанда бұлт бар екен, тұман түссе, көзге түрткісіз болар. Бұл үйде өз адамдары тұрса, бұл маңда қауіп те жоқ болу керек деген ой келді білем, мектеп іші адамға толып кетті.

Ғ.Бегалиев аңғартқандай, «Көсемшелердің дара күйінде баяндауыш болып келуі тек бірыңғай баяндауышты сөйлем мен құрмалас сөйлемдерде ғана мүмкін».

Итше шұбатылып он күндей жүрдік, сондағы алған тезегіміз жарты қысқа жетпей, мен қыс бойы жалғыз өгізіммен қамыс тасып шықтым. Күн бір жеті бойы қайта жылынып, күзгі қар еріп кетіп еді, күзетші екі күнге үйіне кетті.

Есімшенің де байланыстырушылық қызметі басым. Дей тұрғанмен, Қ.Есеновтің дәл көрсеткеніндей, «Есімшенің барлық формалары да бір дәрежеде бағыныңқы сөйлемді жасауға қатынаса бермейді. Оның жатыс,

шығыс және көмектес формаларында келген жолдар сөйлем ішінде кеңістік мәнде жұмсалып, баяндауыштық қызмет атқаруға икем тұрады».

Мысалы: Манағы әзірде бір тоқтыны бір өзі жейтіндей ашығып-ақ келген сияқты еді, әйтсе де алдына тамақ тартылғанда, Құланның жүрегіне бір түрлі ас батпады.

Ауыл адамдары тарап кеткен, кешкі мезгіл болғандықтан, ел мал жайлаудың қамында болатын. Сот ағасы қоңыр дауыспен үкім оқуға кіріскенде, Абылай терезе көзінде отырған Сәулеге қарап еді, қыздың жанарына жанары жолықты.

Тегі, жаңа күйінде оралған сандық болуы керек, біраз жерін тот басқанмен, кей жерінің сары қаңылтыры әлі жалтырап тұр.

Егер көсемше, шартты райлы етістіктер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ретінде сол қалпында немесе тек жақтық көрсеткіш арқылы көрінсе, есімшенің байланыстыру қызметінде өзіндік ерекшеліктер бар. Есімше жұрнақтарының баяндауыштық қажетіндегі қатысы да түрліше. Көптеген ізденістер есімшелі сабақтас құрмалас сөйлемдерді қабыса байланысқан, меңгеріле байланысқан деп бөлуге әкелді. Қабыса байланысқан сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауыштары **-ған/-ген** тұлғалы есімшенің атау септігін керек ететін сайын, себепті, кезде т.б. шылаулар арқылы жасалады. Мысалы: Мақсат ортақ болған сайын, оларға да көмектесу парыз («Жұлдыз»).

Үш күннен бері жаттығу жасамаған себепті, денеміз ауырлап қалыпты («Лениншіл жас»).

Үй іші тынышталған кезде, есік қақты біреу.

Есімшеден жасалған баяндауышқа **-ша/-ше** жұрнағы жалғану арқылы да сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы жасалады: Біз тізерлеп отыра қалып, биені қалқанындай бетке ұстап кезеніп үлгергенше, алдыңғы қазақтың аты биеден бір-ақ адымдай жер жанап өте шықты.

Асығып-үсігіп келгенімше, хатшының кеңсесінде мәжіліс басталып кетіпті («Лениншіл жас»).

**-Дай/-дей** жұрнақтары да есімшеге жалғану арқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалады: Жаз шыбыны қысылар, Үстінен зіл басқандай (Абай).

Меңгеріле байланысқан есімшелі сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалуында да септік жалғауларымен түйдектелген шылаулардың қызметі еркін.

Барыс септік арқылы: Баласы жақсы оқығанға дейін, әкесі абыржумен болды («Жұлдыз»).

Жатыс септік арқылы: Деревняның шетіне таянғанда, бұл үйге көзі түсті.

Екеуі қағаздармен болып жатқанда, ол келген жас әйелді елеусіз отырып, анықтап көрді.

Делбегені жиыңқырай ұстап айдай бергенімде, ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді.

Шығыс септік арқылы: Бұл күй Бәкенге, әсіресе Раушан ауылнай болғаннан бері, пайда болды.

Екі күн өткеннен кейін, Лиза мен Щербакті Рахмет клубта сыртынан көріп қалды.

Тиісті документтер жіберілгеннен кейін, Ленинград университетінен қабылдаған хабар да келді.

Сыртынан көрген көрген бола ма, ауызба-ауыз сөйлеспеген соң.

Көмектес септік арқылы: Басқа кісі білмегенмен, Қасымның жанын сен білесің.

Әміренің барғысы келгенмен, Қажымұқан босатпады.

Меңгеріле байланысқан есімшелі бағыныңқы сыңар есімшеге -дықтан/-діктен қосымшаларының жалғануы арқылы да жасалады: Совхоз шабындық жері аз болғандықтан, пішенді алыстағы мал жайылымынан дайындау керек-ті («Социалистік Қазақстан»).

Өзі қысқа және түсінікті жазылғандықтан, бұл кітап маған өте ұнай кетті.

Меңгеріле байланысқан бағыныңқы сыңар –ысымен/-ісімен қосымшаларының етістікке жалғануы арқылы да көрінеді: Олар станцияға келісімен, бір топ вагоншылар іске кірісті («Лениншіл жас»). Олар келісімен, қызу жұмыс та басталып кетті («Социалистік Қазақстан»).

Көп әдебиеттерде қимыл есімдерінің сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарында жұмсалуды айтыла бермейді. Қолдағы бар материалдар негізінде қимыл есімдері де сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы ретінде жұмсалатынын байқадық. Бірақ қимыл есімдері есімше сияқты сол тұлғада бағыныңқы сыңарда жұмсалмайды. Қимыл есімдері бағыныңқы сыңарда үшін, себепті шылаулары арқылы ғана келеді:

Жол қысқару үшін, жолдасымен сөйлесуді мен өзім де тілеп келе жатыр едім.

Тас көмкеруге сән берілу үшін, әкпен боялды.

Дәуіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқап қалды.

Кейбір жолдастардың келмеуі себепті, жиналыс болған жоқ («Жас алаш»).

Сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы қызметінде есімшенің **ар/-ер/-р** жұрнағы қатыспайды. Жалпы бұл жұрнақты жай сөйлемдер баршылық. Кейде көсемшелі бағыныңқы сыңарда мынадай да факті кездесіп қалады. Мысалы: Жұрт өсектеп жүрер деп, хатшының үйінің маңына жолатпады сөйлемінің баяндауышы – жүрер деп. Бұл баяндауыштың негізгі сыңары – **-ер** жұрнақты жүр етістігі. Сонда, жүрер етістігі осы қалпында сабақтас құрмалас сөйлем құрай алмайды. Мұнда жүрер етістігін баяндауыш етуге көсемше тұлғалы көмекші етістік елеулі рөл атқарады.

Мезгіл бағыныңқы сөйлем барыс жалғаулы есімшеге шейін, дейін шылауларының түйдектелуі арқылы да беріледі:

Бұл кісі әбден орналысып болғанға дейін, сен ешқайда кетпе.

Мектеп ашылғанға шейін, оқып жатқан балаларға бір пәтер босата тұрыңыз деп, Барынға ресми түрде өтініш жасадым.

Шығыс жалғаулы есімше де мезгіл мәнін тудырады. Сондай-ақ, шығыс жалғаулы есімше соң, бері, кейін шылауларын ерту арқылы келеді: Бала би атқа

мінгеннен, жұртқа хабар тарады («Қазақ әдебиеті»). Қабылдау салтанаты біткеннен кейін, бізді қала аралауға шақырды («Жас Алаш»).

Келер шақтық есімше мен қимыл есіміне бұрын шылауының түйдектелуі де мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасайды: Құнанбай ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын (М.Әуезов).

**-ша-ше** жұрнақты есімшенің мезгіл мағына тудыруы жиі: Бір тізерлеп отыра қалып, биені қалқанындай бетке ұстап кезеніп үлгергенше, алдыңғы қазақтың аты биеден бір-ақ адымдай жер жанап өте шықты. Әбдрахман қос қуғыншы соңына жазыла түскенше, жүз қадамдай оқшау шығып кетті.

Қорыта келгенде, есімшенің синтаксистік қызметіне жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметін де жатқызамыз. Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру үшін есімшелер де көсемшелер сияқты құрмалас сөйлемнің бағыныңқы жай сөйлемінің баяндауышы функциясында қолданылады. Есімшелер жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында қолданылғанда әр алуан тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формаларда айтылады. Сөйтіп, жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру міндетін есімше формаларының өздері ғана атқармайды, оларға жалғанған түрлі қосымшалар, тіркесе айтылатын түрлі шылаулық сөздер де атқарады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1991. –381 б.
2. Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. – Алматы, 2001.-160 б.
- 3.Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. –Алматы, 2004. – 307 б.

**Аманбекова А. Б.**

Учреждение образования «Alikhan Bokeihan University»,  
магистрант 2 курса образовательной программы  
«педагогика и психология», МПП-222

**Айдарбеков К.А.**

Кандидат психологических наук,  
Учреждение образования «Alikhan Bokeihan University»

### **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ**

В настоящее время социальный заказ общества и введение новых образовательных стандартов требует подготовки конкурентоспособного, конструктивного, социально-адаптированного специалиста, готового к работе в условиях нестабильности и конкуренции, способного адаптироваться к

динамичному производству, легко переходить от одного вида труда другому, обладающего способностями, необходимыми для широкого круга профессий.

Категория качества образования становится особо актуальной в связи с вхождением Казахстана в Болонский процесс. В новых социально-экономических условиях применительно к системе профессионального образования под качеством результата теперь понимается сформированность у выпускника определенных общих и профессиональных компетенций. Именно профессиональная компетентность является той интегративной характеристикой личности, которая обеспечивает ее готовность к успешному осуществлению профессиональной деятельности. Данный факт предполагает реализацию компетентностного подхода, который способствует подготовке квалифицированного специалиста, конкурентноспособного на рынке труда, ориентированного в смежных областях профессиональной деятельности, способного к эффективной работе по специальности на уровне мировых стандартов, готового к непрерывному профессиональному росту [1].

Анализ психолого-педагогической литературы по проблеме исследования свидетельствует о том, что в педагогической и психологической науке и практике данная проблема рассматривается в различных аспектах:

- профессиональная компетентность в системе повышения;
- формирование профессиональной компетентности будущего педагога-психолога;
- применение интерактивных методов обучения в формировании профессиональной компетентности;
- обоснование методологических подходов к проблеме формирования профессиональной компетентности;
- соотношение понятий «компетенция» и «компетентность»;
- разработка модели формирования профессиональной компетентности специалистов;
- изучение структуры профессиональной компетентности [2].

Анализ состояния проблемы формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов-психологов начнем с рассмотрения основных этапов становления компетентностного подхода в образовании. Данный анализ позволит определить основные аспекты в изучении рассматриваемой проблемы исследования.

На основании анализа психолого-педагогической литературы по теме исследования отметим, что учеными выделяется четыре этапа в истории становления компетентностного подхода.

Первый этап (1960–1970 гг.) связан с именами зарубежных исследователей, прежде всего таких, как Н. Хомский и Д. Хаймс, и характеризуется введением в научный аппарат понятий «компетенция», «компетентность», изучением языковой компетенции в области теории языка.

Второй этап (1971–1990 гг.) характеризуется созданием различных классификаций компетенций и видов компетентности, изучением содержания

понятия «компетентность» (Дж. Равен), подготовкой педагогов на основе компетентностного подхода.

Третий этап (1991–2000 гг.) отмечается возрастающим интересом к изучению ключевых компетентностей, созданием компетентностных моделей будущего специалиста, изучением профессиональной компетентности.

Четвертый этап (с 2001 г.) характеризуется изучением условий реализации компетентностного подхода в образовании, созданием технологий формирования профессиональной компетентности и механизмов оценки уровней ее сформированности [3].

С учетом сказанного отметим основополагающие для нашего исследования работы ученых, в которых представлены методологические подходы к рассматриваемой проблеме, выделяются структурные компоненты профессиональной компетентности, описывается модель формирования профессиональной компетентности, определяются условия ее формирования и разрабатываются механизмы оценки уровней сформированности профессиональной компетентности у будущих специалистов.

Проанализировав положения, представленные в научных публикациях и научных трудах, мы пришли к выводу, что в настоящее время проблема формирования профессиональной компетентности будущих специалистов решается с позиций различных методологических подходов:

- личностного подхода;
- деятельностного подхода;
- системного подхода;
- культурологического подхода.

Профессиональная компетентность преимущественно рассматривается с позиций деятельностного, личностно-деятельностного и акмеологического подходов.

Анализ понятия «профессиональная компетентность» с базовых понятий компетентностного подхода – «компетенция» и «компетентность».

Энциклопедический словарь русского языка С.И. Ожегова трактует понятие «компетенция» как «круг вопросов, в которых кто-нибудь хорошо осведомлен» [4]. Вслед за этим под компетенцией разными учеными понимается:

- «общая способность и готовность личности к деятельности, основанные на знаниях и опыте, которые приобретены благодаря обучению, ориентированные на самостоятельное участие личности в учебно-познавательном процессе, а также направленные на ее успешное включение в трудовую деятельность»;
- «совокупность профессиональных знаний и умений, а также способы выполнения профессиональной деятельности».

Анализ содержания понятия «профессиональная компетентность» и ее структуры позволяет констатировать, что, изучая профессиональные компетентности, большинство исследователей выделяют следующие:

Простые (базовые) компетентности (формируемые на основе знаний, умений, способностей, легко фиксируемые, проявляющиеся в определенных

видах деятельности). Они отражают специфику педагогической деятельности в рамках требований к системе образования.

Ключевые компетентности – чрезвычайно сложные для учета и измерения, проявляющиеся во всех видах деятельности, во всех отношениях личности с миром, отражающие духовный мир личности и смыслы ее деятельности. Данные компетентности необходимы для любой профессиональной деятельности. Они связаны со способностью личности успешно функционировать в динамично развивающемся обществе, и проявляются в способности решать поставленные задачи на основе использования соответствующей информации, коммуникации, социально-правовых основ поведения личности.

Специальные компетентности отражают специфику осуществления конкретной деятельности, обеспечивают возможность решения конкретных задач той или иной профессиональной сферы. Их можно рассматривать как реализацию ключевых и базовых компетентностей в определенной области профессиональной деятельности [5, с. 97].

Составляющие профессиональной компетентности или структура – это минимальный и достаточный набор частных конструкторов, соответствующих стандартам квалификации по данной специальности и определяющих профессиональную компетентность специалиста.

Таким образом, проблема формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов отмечается недостаточной разработанностью такого аспекта изучаемой проблемы, как выявление психолого-педагогических условий формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов-психологов.

#### **Список используемых источников:**

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 июля 2018 года № 460.

2. Сапаргалиева А.Ж. Совершенствование профессиональной подготовки педагога-психолога как специалиста помогающих профессий. Дисс. на соиск. ученой степени доктора PhD по специальности 6D010300 – Педагогика и психология. Талдыкорган, 2015. – 165 с.

3. Аралбаева Р.К., Сапаргалиева А.Ж., Рысбеков К.К., Шерьязданова Х.Т. Современные проблемы обновления содержания социального образования в Республике Казахстан // Журнал «Высшее образование сегодня» - М., 2014. – С 48-51.

4. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова. - 4-е изд., доп. - М.: Азбуковник, 1999. - 944 с.

5. Барышникова, Е.В. Профессиональная компетентность будущих педагогов-психологов [Текст]: монография / Е.В. Барышникова. – Челябинск: Изд-во Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2017. – 239 с.

Алакозова А. С.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология  
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ ЖАН КҮЙЗЕЛІСІН ЖЕҢУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Жан қуаттарының күрделі ағымын аңғару үшін алдымен оларды белгілі топтарға жіктеуіміз керек. Мұны жан қуаттарының топтастырылуы деп атайды. Осылайша адамзат жаңа заман өміріне, ғылыми техниканың информациялық жасанды табиғатқа бейімделу үстінде. Ал, адам өмірге бейімді болғысы келсе, ол өзінің дене құрылымын, сана-сезімін, ақыл ойын соған жаттықтыра, шынықтыра түсуі қажет. Бұлардың бәрі адамның сезім дүниесімен, санасымен, ақыл-ойымен атқарылады. Осы аты аталған адам адам психикасының, яғни адам жанының әр түрлі қасиеттері, ауыртпашылықтар мен қиыншылықтар үстінде сан қилы қозғалыстарға түседі. Оны жан дүниесіндегі қозғалыстың сыр-сипаты мен мәнін, олардың әр адамның жеке басына түсетін ауыртпашылықтарды жеңу үстіндегі күрес кезіндегі жағдайларын және осы күрес үстінде ауыртпашылықтарды пәрменді жеңу үшін жан дүниесін қалай шынықтырудың тәсілдерін баяндау осы жұмыстың негізгі мазмұны болмақшы.

Адамның адамгершілігі-оның жоғары қасиеті. «Адамгершілік» адамның санасындағы,оның ішкі дүниесіндегі асыл қасиеттердің жиынтығы немесе биік шыңы. Адам баласында адамгершілік қасиеті қараптан-қарап туындамайтын қасиет. Ол қасиет отбасында, ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен қалыптасады. Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»деген мақал бар. Тәрбие болмаған жерде адамгершілік болуы мүмкін емес. Адамның адамгершілік қасиеттері ең алдымен дұрыс амандаса білу,айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу, өзара сыйласу, қарапайымдылық, кішіпейілділік,салмақты да сабырлы болу,үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу жатады. Сондай-ақ өз қолыңнан келгенше көмегіңді аямау,біреудің жақсылығын бағалау,оны қанағат тұту. Қазақта «Айналада досың көп болуы үшін жақсы бол,арың таза болсын» деген сөз бар. Сондай-ақ «жамандық-жамандықпен аяқталады»,-дейді. Қай жерде болса да біреуге жамандық жасасаң қашан да болса да өмірі алдыңнан шығады. Адамгершілік қасиет қоғамның тарихына байланысты қалыптасып отырады. Заман өзгеріп отырған сайын,адам да өзгереді.Бірақ әркім өскен ортасында адамгершілік қасиетін берік ұстауы тиіс.[1]

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

«Көргендінің қылығы,көңіл марқайтады»,-деп қазақ халқымыз тегін айтпаған. Әр бала өзін мәдениетті ұстаса, өз ортамыздың көңілін марқайтады. Адамның бойындағы жақсы қасиеттер оның істеген қылығынан,сөйлеген сөзінен көрінеді. Ең бастысы-адамгершілікті бойға сіңіре білу. Осы мақсатта біздің С.Меңдешев атындағы жалпы білім беретін мектепте «Өзгені сыйлау үшін,әуелі өзінді сыйлай біл», «Әдеп жолы әріден басталады»деген тақырыпта шығармашылық жұмыстар, «Көргендінің қылығы көңіл марқайтады» атты анкеталық сұрақтар, «Имандылық-инабаттылық мұраты», «Тәрбиелі-тәртіптің құлы» атты баяндамалар, «Сәлемдесе білесің бе?»,«Ар-абыройыңды жасыңнан сақта» т.с.с өнеге сағаттар өткізу арқылы жас жеткіншек бойында адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға баулудамыз.

Мектептің есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірде адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйренеді. Адам бойындағы жақсы қасиеттер рухтан туындайды, ал барлық жаман қасиеттер амалдың көрінісі. Адам денесі біреу болғанымен оның ішінде қарама-қарсы,яғни жақсы мен жаман екі күш болады.Ол екеуі үнемі күресте болады.Адамның жақсы не жаман болуының осыған байланысты екенін Ш. Құдайбердиевтің мына бір өлеңі айқындай түседі.

«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр, Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап тұр. Тағдырдың бір қиын,сырлы сиқырымен . Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр».

Қазір адамдардың компьютер дәуірінде өмір сүріп жатқанын бәріміз білеміз. Бірақ рухани адамгершілік адамның бойынан толық көріне бермейді. Сондықтан да, білім берудің барлық кезеңдерінде рухани адамгершілік тағылымдарын негізге алған жөн. Сонда мінез-құлқы жетілген, саналы адам қалыптасады. Жетілген мінез-құлық үш нәрсенің: жүректің,ақылдың,қолдың келісімі. Бала өзінің жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегiнiң ғана айтқанын орындаса өмірден өз орнын таба алады деп сенемін. Мұндай тәрбие әуелі отбасында, мектепте,оқу пәндерінде,тәрбиелік іс-шараларда,ойындарда қойылымдар арқылы жүзеге асуы тиіс. Осыдан келіп адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі күші Оқытушының үлесіне тиеді. Сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыру нәтижесінде баланың адамгершілігі қалыптасып, өмір тәжірибесі байи түседі.[2]

«Адамға ең керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», -деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категориясының бірі - тәрбие. Тәрбие түрлі болады. Адамгершілік тәрбиесі балаға жападан – жалғыз әсер етпейді. Барлық тәрбие біріге келіп, адамгершілік сапаларын және адамзат құндылығын арттырады. Білім алушының жеке басын қалыптастырудағы міндеттердің бірі оған адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктер байыту болып табылады. Оқытушы білім алушыларға оқудан тыс уақытта түрлі тапсырмалар береді. Қол еңбегі, суретті бейнелеу, сұрақтарға жауап беру, оқыған кітаптары туралы ойларын білуге, адамгершілік көзқарасын білуге болады. студенттерге әр пән бойынша адамгершілікке тәрбиелеу үшін зор

мүмкіндіктер бар. Студенттер сабақ барысында және тәрбие сағаттарында әртүрлі ойындар ойнайды. Ойнау кезінде «жолдастық ережені» білген жөн.

1. Жолдасыңа көмектесу.

2. Бар затыңды жолдастарыңмен бөлісу.

3. Дос жолдасың жамандық істесе оны тоқтату.

4. Жолдастарыңмен тату болу. Олардың ескертпелерін ала білу.

Адал ойын мен жарыс ережесі.

5. Жарыста арамдық жолмен алға шығуға ұмтылмау керек.

6. Басқалар жеңіліп қалса да табаламау

7. Ұтылсаң еңсеңді түсірмеу.

8. Әрқашан сыпайы болу. Кездескенге сәлемдес, кетерің қоштасуды ұмытпау.

9. Үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу.

10. Ешқашан кешікпей жүру. Сертіңе тұру.

11. Қыңырлық жасамау.

12. Адамдарға немқұрайлы қарамау, топшыл болуға үйрету.

Оқытушының адамгершілікке тәрбиелеуінің арқасында студент өз бойындағы жақсы жаман қасиеттерін ажырата біледі. Өзінің қалыптасуына айналадағы ортаның әсері мол екенін, өз ойын еркін жеткізе білуге, ойлап сөйлеуге үйренеді. Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде жас ерекшелігін ескере отырып, мына факторларды есте ұстаған жөн деп есептеймін. Тәрбиелеу. Еңбек жолымен байланыс. Тұрмыс салт -дәстүрді меңгерту. Ана тілін қадірлеу. Сапалы білім. Елбасы Н.Назарбаев «Оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, тәрбиелесек, сонда біз рухы дамыған Отанымыздың гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз»- деген болатын. Білім өзінің шынайы міндетіне жауап беруі үшін балаларды жас кезінен бастап ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті, жанашырлықты және басқа да асыл қасиеттерді дамыту керек. Қазіргі жағдайда бұл талаптарды жүзеге асырудың мынандай мүмкіндіктері бар:

1. Рухани адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу.

2. Сабақтан тыс уақыттарда студенттердің адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру.

3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» Жолдауында: «...студент ларды қазақстандық патриотизм шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез- құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» дегені мәлім [3]. Жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыда азамат болып қалыптасуы, ұзақ мерзімді оқу-тәрбиенің негізінде білім мен тәрбие негіздерін игерту ордасы – мектепте өтеді. Мектеп қабырғасында игерілетін білім мазмұны, студент лардың ғылым негіздерімен қоса тәрбие заңдылықтарын да қамтиды. Тәрбие қоғам мәдениетін жасаушы, әрі сақтаушы, әрі оны келер ұрпаққа жеткізуші басты құралдардың бірі.



Сонымен бірге, тәрбие беру арқылы тұлғаның іштей түлеуіне мүмкіндік бере отырып, оны рухани құндылықтарды жасауға, насихаттауға жетелейді. Міне, сондықтан жоғары оқу орнының түпкі стратегиялық нысанасы мүлде жаңаша, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, танымдық мәдениеті биік адамдардың жаңа легін, дүниеге мәдени тұрғыдан жоғары жауапкершілікпен қарай білетін, біліктілігі жоғары азаматтарды қалыптастыру идеясы болуға тиіс. Жеке тұлғаның рухани және жан-жақты дамуының қайнар көзі білім мен ғылымды, тәрбиені қоғам талабына сай дамыта отырып, жас ұрпақ бойында имандылық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру басты міндет болып есептеледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шакаримова Ш.Ш. Рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудегі құндылық бағдарының маңызы.// Білім, 2007ж., 48-51б.
2. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. –Алматы, Абай атындағы АлМУ, 1991ж., -30Б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. –Алматы, 1997 ж.

**Браун А.Т.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.,

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қарым-қатынас мәдениеті – адамдар арасындағы өзара тығыз байланыстылықты қамтамасыз етуге соның негізінде іс-әрекеттер жүйесін үлестіріп, реттеуге, дұрыс бағыт түзеуге, ой-сананы дамытып, әркімнің өмірден лайықты орынның табуға мүмкіндік туғызу. Адам өмірі тәжірибесінен алып қарағанда және қарым-қатынас туралы анықтамаға сүйенсек, жалпы қарым-қатынас көп салалы адам қызметінің бір түріне жатады екен. Оған талас жоқ. Ал адам баласына ежелден ақ белгілі болған мәселе қызметтің қайсы бір түрін алып қарамайақ, оның мақсат мүддеге сай жүзеге асырылуы әйтеуір бір

құралдың пайдалануына байланысты екендігінде. Ендеше адамдар арасындағы байланыстың қандай бір түрін алып қарасақта оның да жүзеге асып мүмкіндік жасайтын құрал болады. Ол құралға: «жанды сөз», «бет-әлпет», «жүз өзгерісі», «ым-ишара», «костюмдер» жатады. Яғни сөзбен адам бейнесіндегі кинетикалық қозғалыстар синтезі қарым-қатынас құралдары. Ғалымдардың еңбегіне және күнделікті тұрмыстағы тәжірибеге, құбылыстарға сүйенсек қарым-қатынасты қалаушы осы құралдар биологиялық алғы шарттарға да негізделіп, соларға да сүйенеді. Сол себепті де қарым-қатынас құраладры

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

мәдениетті жасаушы да тасымалдаушы да болып табылады. Яғни олар адам баласының қызметі барысында ойлап тапқан, қолдан жасап шығарған нақтылы жемісі. Адам баласының саналы іс-әрекетіндегі әр түрлі қолданылатын амалдары, адамдар арасындағы өзара ықпалдастықтардың, әсер жасаудың өтілуіне алғы шартты, мүмкіндіктерді қалайтын болғандықтан сол «мәдени қарым-қатынас» - деп айту күмән туғызбайды. Жоғарыдағы ойымызды жүйелеп айтатын болсақ «белгілі бір құралдар арқылы (сөз, ым-ишара, т.б.) нақтылыққа – асатын яғни адамдардың ғана арасында болатын саналы байланыс процесін қалайтын яғни қамтамасыз ететін адам баласына ғана тән қолданыстағы ерекше бір тәсілдегі іс-әрекеттерді мәдени қарым-қатынас» - деп айтуымызға болады. Әрбір адамның қарым –қатынас мәдениеті, оның дара тұлға ретінде қалыптасуы өткен белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениетін меңгерген жағдайда ғана орнығады.

Адам әлеуметтену барысында тілді үйренеді, мінез-құлық үлгілерін, қарым-қатынас нормалары мен ережелерін меңгереді, мәдениет сырын таниды. Бұларды меңгеру дегеніміз адамның олардың пайдасы туралы мәліметтерді білумен ғана шектелмей өз игілігіне де айналдыруы екен. Сайып келгенде адам сөйлеуді үйреніп, басқа адамдарды түсіне бастайды, олардың іс-әрекеттерін аңғарады, өзінің жеке басты мінез-құлықтарын қалыптастырады және реттейді, ішкі байлық жүйесін жасайды. Қарым-қатынастың мәдениет формалары жеке адамның игілігіне асу үшін кемінде екі процестің өтуі шарт. Олар: біріншіден, қарым-қатынастың мәдени құралдарымен танысу; екіншіден, осы құралдарды өз деңгейінде игеру мақсатында адамдардың белсенді өзара ықпалдастықта болуы және оларды қолдануды үйрену, қарым-қатынастың жаңа амалдарын іздеу, оны өздерінің жасауы.

Мәдени қарым-қатынасты меңгеру процесі адам өмірінің алғашқы жылдарында, яғни сәбидің дауыс және басқа тілді белсенді меңгеріп, мінез-құлық ережелерін үйрену барысында-ақ жүреді. Оқымыстылардың айтуынша дәл осы процесс кезінде коммуникативті мінез-құлық формалары мен рөлдік ойындардың маңызы өте зор. Қарым-қатынас жолдары мен амалдарын белсенді игеру кейінгі жылдарда да жалғасады.

Қоғам өмірінде қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуде дінде елеулі рөл атқаратын киелі діни кітапты уағыздарында адам баласының күнәдан-айыптан сақтанудың, іс-әрекеттердегі үлгілі тәртіпті орнатудың, жалпы адам баласын құрметтеудің адамгершілікке толы өсиеттері сан мыңдап кездеседі. Діни уағыздарда әр түрлі кездесетін сәт, жағдайлар, орай адамдардың жынысына, жас ерекшелік белгілеріне қарай мінез-құлық формаларын реттілікке келтіру жолдары жазылғанда дінді мойындайтындардың барлығына да оларды орындау міндеті екендігі көрсетілген.

Қарым-қатынас мәдениеттілігіне тәрбиелеудің жоғарыды көрсетілген формаларынан басқа нақтылы өмірдегі ситуацияларға қатысты басқада формалары бар болған, барда.

Қарым-қатынас әлеуметтік құбылыс бола отырып, адамның бүкілөмірінің аумағын, іс-әрекетін қамтиды. Қарым-қатынас мүшелерінің

контингентіне, санына байланысты келесі қарым-қатынас түрлеріне бөлуге болады: тұлғааралық, тұлғалық-топтық, топаралық қарым-қатынас.

Тұлғааралық қарым-қатынас кезінде барлық мүшелер бір-бірімен тікелей байланыс орнатады, әрі қарым-қатынаста болады. Қарым-қатынас ерекшелігі топтар жүзеге асыратын іс-әрекеттің мақсат, мазмұны арқылы анықталады. Тұлғалық-топтық қарым-қатынас - бір жақты жеке адам, ал бір жақты-топ бейнеленгенде ғана пайда болады. Мысалы: оқытушының сыныппен, жетекшінің ұжыммен, оратордың аудиториямен қарым-қатынасы.

Топаралық қарым-қатынас кезінде әрбір топ өз бағдарын ұстанады, мақсаттарына жетуге ұмтылады немесе екі топ та белгілі бір сұрақ бойынша келісімге келуге, яғни консенсусқа жетуге ұмтылады.

Қарым – қатынас

Түрлері: қарым-қатынас қарым-қатынас

контингент функциялары: тәсілдері:

санына орай:

1.Тұлғааралық 1.Комуникативті 1.Вербалды

2.Тұлғалық-топтық 2.Интерактивті 2.Вербалды емес

3.Топаралық 3.перцептивті

Ұзақтығына орай:

1.Қысқа мерзімді

2.Ұзақ уақыттық

Аяқталуына орай:

1.Аяқталған

2.Аяқталмаған

Қарым-қатынас адам өмірінің барлық салаларына терең еніп бара жатқан құбылыс. Оның мән-мазмұнының өте-мөте сан алуан екендігіне күмән жоқ. Қарым-қатынас тіршілік атаулының (оның ішінде адам өмірі ерекше). Қалыптылығын сақтауды қамтудан бастап, адамдардың мән-мазмұнды табиғатындағы толымды өмір сүру жолын жетілдіру, оның амалдарын табу, таңдау, өңдеу, оларды өмір салты құралдарына айналдыру мақсатындағы саналы байланысын, өткені мен бүгінгі және болашақтық сабақтастылығын қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас жеке көңіл күй әсерін жеткізуден бастап, ақпараттар тасымалдай алмау, жекеленген адамдардың, ықшам және әлеуметтік топтардың, халықтардың, ұрпақтардың мақсаты өзара ықпалдастығын орнатып, жүзеге асыратын негізгі құрал. Осы айтылған ой-пікірлердің өзі қарым-қатынасқа берілер сипаттар мен анықтамалар мүмкіндігінің толассыз болатындығын, оның әлі де беймәлім тұстары мен мәндері қарсыларының ашыла беретінін көрсетіп отыр. Біздің негізгі мақсатымыз осы қарым-қатынас туралы берілген сипаттамалар мен анықтамалар ішінен мәні жоғары деп саналатын яғни қалыпты жағдайда сондай көзқарас орныққан, атап айтқанда «қарым-қатынас» қызмет түрі деп санайтын мәселеге ерекше тоқталып, орнын ажырата көрсету болып отыр. Сонымен қарым-қатынас қызмет түрі. Өйткені ол да қызметтің басқа түрлері сияқты белгілі бір мақсатқа жүгініңкі, нормаға тәуелді. Ендеше оның берер нәтижесі бар. Белгілі бір жағдайда өзінің

тиімділігін көрсетеді деген сөз. Қарым-қатынастың мақсаты әрбір жеке адамның немесе тұтас алып қарағанда қоғамның бірлескен қызметіне түзетулер ендіру мен жоспарлау жатады. Яғни қарым-қатынас басқа коммуникативті емес қызметтерді қамтиды. Олай болған жағдайда қарым-қатынас нақтылы өндірімді қызмет түріне жатады. Яғни қызметтің бұл түрі материалдық және рухани игілігі бар өзгешелігі болумен сипатталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

7. Капенова А. Баланың ақыл-ойы дамуындағы отбасылық қарым-қатынастың орны. /Ізденіс. 2017. №5. 117б.
8. Тұрысбаева А. Студенттерді қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. / Қазақстан мектебі. 2020. №1. 21-23б.
9. Төлеубекова Р. Отбасы және тәрбие. //Ұлт тағылымы. 2001, № 2. 53-55б.
10. Шалғынбаева Қ.Қ. Халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесі. //Қазақстан жоғары мектебі. 2012, №5. 21-23б.
11. Сейталиев Қ., Педагогиканың жалпы негіздері.-Ақтөбе, 2004-240 б.
12. Сманова Н. Ұлттық тәрбие және отбасы. //Ұлт тағылымы. 2001. №1. 98-100б

**Гуламова Д. Р.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

### **ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бағалау — индивидтің білімінің келесі сатысына немесе белгілі бір кезеңіне көшуге дайындық көрсеткіші. Бағалардың әрқайсысы өзіндік психологиялық ерекшеліктерге ие. Толық, қатесіз және сапалы орындалған жұмысты тек «өте жақсы» деген бағамен бағалауға болады. Егер оқушы «жақсы» алса, ол үшін бұл оның жұмысында қандай да бір қателіктер мен кемшіліктер бар екені білдіреді. Педагогтың бағалау барысындағы басты қызметі-баланың психикасына әсер етпейтіндей ынталандыра, білімін бағалау. Баға оқушы өміріне елеулі өзгеріс әкелуі мүмкін. Сол себепті бағалар көтермелеу және жазалау жүйесінде жүріп отырады. Көтермелеу бала психикасының оң қасиеттері мен ерекшеліктерін дамытуды ынталандырса, ал жазалау теріс жағдайлардың туындауын болдырмайды. Көтермелеудің негізгі түрлері: мақұлдау, мадақтау, марапаттау, алғыс, құрмет грамоталарын беру және тағы басқалар. Бағалау әсерінен балаларда өзін-өзі бағалау жәнеталаптану деңгейі сияқты маңызды қасиеттер қалыптасады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бағалауды оқушының жеке тұлғалық сапасының және оның оқу қызметінің нәтижелерінің көрсеткіші ретінде түсіну кеңінен көрсетілген. Оқушылардың оқу қызметінің табысты шығуының бағасы келесі түрлерде бола алады: - аз қимыл (мимика, қол

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

қимылы, дауыс ырғағы, үлгерімі бойынша қысқа ескертулер); - оқушылардың жалпы сипаттамасы; - бағалаулар; - сөздермен бағалау (оқушылардың әрқайсысымен жеке сөйлескенде, ата-аналар жиналыстарында); - жекеше түрде алғанда мектептің ішкі тәртібімен қарастырылған басқа формаларда. Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде бағалаулардың әр түрлі жағы мен қасиеттері көрсетілген: мазмұндары, орындары, қызметі, оқытушының бағалау барысындағы қызметінің құрылымы және тағы сол сияқты. Алайда, бағалаудағы келесі мәселелер шеттеп қалған: нақты көрсеткіштер бойынша бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау, бағалаудағы субъективтілік, бағаны қоюда мұғалімнің және оқушының жеке ерекшеліктері мен қарым-қатынасы. Егер бұл мәселелер мен сұрақтарды шешпесе, онда жеке тұлғаны дамыту бағытындағы міндеттерді орындауға қол жеткізу өте қиын болары сөзсіз.

Алдымен бағалау жүйесінің қазіргі кездегі функцияларын анықтап алғанымыз жөн: Нормативтік функция. Бекітілген эталон бойынша нақты оқушының жетістіктерін бір жағынан белгілеу болса, енді бір жағынан жекеленген оқушылардың, сынып оқушыларының, олардың үлгерімдерінің деңгейлерін, мұғалімнің жұмысының сапасын әкімшілік тарапынан қадағалау болып табылады. Ақпараттық-болжам жасау функциясы. Білім беру үрдісінің барлық қатысушылары арасында мазмұнды байланыстың негізгі сәттерін, оқушылардың мазмұндық және эмоционалдық рефлексиясын, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық рефлексиясын көрсетеді. Себебі, ең алдымен бағалау нақты сыныпты алғанда білім беру үрдісінің барлық сұрақтары дұрыс шешілгендігі, сыныптағы әр бір оқушының жағдайының қалыпты екендігі туралы ойлауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің оқушыға қойған бағасының әділ әрі нақты білімінің нәтижесі болуы үшін арнайы критерилер қажет. Сол критерилер арқылы мұғалім дұрыс баға қоя алады. Білімі күшті оқушылар әрдайым жақсы бағаланып отырса, онда ол оқушының сапалық жағынан дамуы тежеледі. Ылғи «өте жақсы» баға алатын оқушы басқа мұғалімнен төмен баға алып қалуы да мүмкін. Ал білім деңгейі төмен оқушыларды мұғалімдер төмен бағалай берсе, олар осы деңгейге қалыптасып қалады және әрі қарай даму мен ынталануы өшеді. Әрбір қойылған бағадан бала бірден түсіне білуі керек. «Өте жақсы» бағасын тек тапсырмаларды толық орындайтын, үнемі белсенділік танытып, ізденіс үстінде жүретін оқушыларға қойылса, «жақсы» бағасын сәл қателіктер жіберген оқушыларға, ал «орташа» бағасын жай қабылдайтын, қателіктері көп оқушыға қойылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлер бойынша бағалау үрдісін ұйымдастыру барысында оқушылардың оқу танымдық қызметінің төмендегідей психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері ескерілуі керек: - өз бетінше білімін, біліктілігін, дағдыларын жетілдіруге және жаңа белестерге ұмтылуға дайын болуы керек; - өз жетістіктерін нақты бағалай алуы керек; - өзінің алдына қойған міндеттерін білуі керек; - оқу және өз бетінше дайындалу сабақтарының барысында оқу-танымдық белсенділікке ұмтылуы; - сыныптағы жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста болуы; - сыныптастарының алған бағаларына назар аудару және оны өзара бағалауға

үйренуі; - теориялық және критериалды тұрғыда ойлауының дағдылануы; - талғампаздығы; - ақпаратты қабылдау барысында ынтасының тұрақты, бір мақсатқа бағытталуы. Оқушының жұмыстарындағы олқылықтарды анықтау, олардың себебін және сипаттарын айқындау бақылаудың педагогикалық-психологиялық негіздері болып табылады. Мұндағы басты мақсат -кездесетін кемшіліктердің алдын-алу.

Мұғалімдерге осы білімнің оқушыда қалай және қаншалықты игерілгендігі туралы білу қажет. Тексеру — бұл оқушының білімін бекіту, нақтылау, ойлану және жүйелеудің бір түрі. Мұғалімнің тарапынан тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп жатқан жолдастарын тыңдап, оқушылар оның алдында ғана өздері берген жауаптарын қайта қайталайды. Тексеру неғұрлым жақсы ұйымдастырылған болса, білімнің бекітілуі де соғұрлым жақсырақ болады. Мұғалімнің осы орайда мақсаты — материалдың толық игерте білуінде. Ал ол үшін білімді арнайы әдіс бойынша тексеру керек. Тек сонда ғана білім толық және терең игерілгеніне көзіміз анық жетеді. Бағалау қызметінің басты функциясы-білім беру сапасын арттыру.

Критериалды бағалаудың практикалық маңыздылығы келесі артықшылықтармен анықталады: Бағалаудың бұл түрі мұғалімдерге: Сапалы нәтиже алуға ықпал ететін критерийлерді даярлауға; Өз қызметін талдап, жоспарлап алу үшін нақты ақпарат алуына; Оқытудың сапасын жақсартуға; Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отыру, оқытудың жеке траекторияларын құрастыруға; Әр алуан тәсілдер және бағалау құралдарын пайдалануға; Оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіріп, түрлі ұсыныстар енгізуге көмектеседі. Бағалаудың бұл түрі оқушыларға: Бақылау-бағалау қызметінің тәсілдерін меңгеруге; Өзін-өзі және құрдастарын бағалай отырып, рефлексияға қатысуға; Білімді нақты есептерді шешу үшін қолдану, әртүрлі көзқарастарды білдіру, сыни ойлауға баулиды. Бағалаудың бұл түрі ата-аналарға: Баланың оқу деңгейінің дәлелдемесін алуға; Баланы оқытудағы прогресті қадағалауға; Оқу барысында балаға қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге; Оқыту барысында мұғалім, оқушы және ата-аналар арасында кері байланыс орнатуға бейімдейді.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімі:**

1. <http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b2469.pdf> Урмашев Б. А. Критериалды бағалау технологиясы. — Алматы, 2016. — 140 б
2. Алтынбекова, У. Ж. Критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері / У. Ж. Алтынбекова. — Текст : непосредственный //
3. Молодой ученый. — 2020. — № 14 (304). — С. 295-297. — URL: <https://moluch.ru/archive/304/68602/> (дата обращения: 08.12.2021).

**Гельцер А.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», студентка 3 курса,  
ОП 6В01302 Педагогика и методика начального обучения, г. Семей

**Рахимжанова Н.А.**

УО «Alikhan Bokeikhan University»,  
магистр, старший преподаватель г. Семей.

## **ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СОВРЕМЕННОГО УРОКА**

Проблема воспитательного потенциала урока затрагивает различные стороны функционирования классно-урочной системы современной школы. Базой развития и воспитания ребенка продолжают оставаться фундаментальные знания, которые он получает в ходе образовательного процесса. Однако образование личности должно быть сориентировано не только на усвоение определенной суммы знаний, но и на развитие самостоятельности, личной ответственности, созидательных способностей и качеств человека, позволяющих ему учиться, действовать и эффективно трудиться в современных экономических условиях.

В связи с вышесказанным, определяется роль урока как элемента воспитательной системы. Более того, отметив назначение урока в передаче практических знаний, в овладении основ научных знаний о жизни, педагог не может иначе смотреть на урок, как на элемент воспитания личности, познающей закономерности жизни и строящей свою жизнь с учетом данных закономерностей. Объективность научных сведений гарантирует реальность планируемого результата. В таком ракурсе освещения урок обретает свою огромную роль в становлении и развитии личности школьника.

Содержание современных учебных программ обладает значительным воспитательным потенциалом. Его реализация зависит от целенаправленного отбора содержания учебного материала, представляющего обучающимся образцы подлинной нравственности, патриотизма, духовности, гражданственности, гуманизма [1].

Профессионализм педагога заключается не столько в методической грамотности, сколько в умении отбирать материал к уроку, определять его образовательные и воспитательные возможности.

Талант педагога - в тонком чувствовании возможностей своего предмета в формировании моральных, интеллектуальных, волевых, эмоциональных качеств личности. А педагогический профессионализм педагога, входящего вместе с детьми на вершину культуры - это:

- знание философских, психологических биологических закономерностей развития ребенка;
- система профессиональных умений взаимодействия с детьми, обеспечивающих организацию жизнедеятельности ребенка как активного взаимодействия с окружающим миром;
- система мировоззренческих отношений к миру и системам отношений ценностям жизни на земле;

- система умений «прикосновения к личности» ребенка.

Содержание учебного предмета на уроке - мощный инструмент воздействия на структуру личности ребенка. Но внести позитивные изменения в эту структуру сможет только тот педагог, который сам прекрасно освоил этот инструмент и понимает его воспитательные возможности [2].

В.А. Сухомлинский называл таких учителей «умеющими воспитывать знаниями». Он писал: «У учителя, умеющего воспитывать знаниями, эти знания ... выступают как инструмент, с помощью которого ученики сознательно осуществляют новые шаги в познании мира».

Реализация воспитательного потенциала содержания учебных программ достигается при условии:

- решение воспитательных задач в ходе каждого урока в единстве с задачами обучения и развития личности школьника;
- целенаправленного отбора содержания учебного материала, представляющего ученикам образцы подлинной нравственности;
- использование современных образовательных технологий;
- организации творческой исследовательской деятельности учащихся на уроке и во внеурочное время [3].

Как правило, большинство современных образовательных технологий предполагают на уроках активной деятельности обучающихся на разных уровнях познавательной самостоятельности. Именно в этом заключается важнейшее условие реализации воспитательного потенциала современного урока. Конечно, на одном уроке у детей невозможно воспитать честность и милосердие, или мужество, или вежливость, или какое-либо другое качество. Однако ставить такие задачи и реализовывать их необходимо.

Нравственная ситуация на уроке заставляет ученика задуматься о своих отношениях к товарищам, себе, родителям, школе. Возникают чувства, которые побуждают его к нравственной оценке своего поведения и взглядов. Чем чаще эта возможность реализуется, тем сильнее воспитывающее влияние учебного материала на детей [4].

Рассмотрим на примере воспитательные возможности урока математики. В отличие от многих других дисциплин математика имеет предметом своего учения не вещи и явления реального мира, а абстрагированные от них количественные отношения и пространственные формы.

С древних времен математика рассматривалась как высшая мудрость. Так, древнегреческий ученый Платон считал математику необходимой для большинства людей. Он указывал на «...огромные развивающие возможности математики; ... она пробуждает ум, придает ему гибкость, живость и памятьливость...».

Основные воспитательные функции предмета математики:

- уроки математики должны воспитывать у обучающихся логическую культуру мышления, строгость и стройность в умозаключениях;
- содержание математических задач дает возможность значительно расширить кругозор учащихся, поднять их общий культурный уровень.



На уроках математики ученику требуется каждый шаг своего решения, аргументировать и доказывать свое мнение. Также у учащихся вырабатывается привычка к тому, что невнимательность при решении задачи приводит к ошибке, а любая неточность в математике не останется без последствий, приведет к неверному решению задачи. Поэтому занятия математикой дисциплинируют.

Благодаря в математических задачах точного ответа, каждый ученик может после выполнения задания достаточно точно и объективно оценить свои знания и меру усилий, вложенных в работу, то есть дать себе самооценку, столь важную для формирования личности [5].

Занимаясь математикой, каждый ученик воспитывает в себе такие личностные черты характера, как справедливость и честность; привыкает быть предельно объективным. Честная и добросовестная работа на уроках математики требует напряженной умственной работы, внимания, терпимости в преодолении различных трудностей. Поэтому уроки математики воспитывают в школьниках трудолюбие, настойчивость, упорство, умение соглашаться с мнением других, доводить дело до конца, ответственность. На этих уроках формируется уважение к достижениям человеческого гения, убежденность в важности математических знаний в практической жизни человека, признание радости творческого труда как одной из основных человеческих ценностей.

Содержание многих текстовых задач, включенных в учебники математики, дает богатый материал для нравственного воспитания учащихся, тем более, что на решение задач отводится большая часть учебного времени. Поэтому при подготовке к уроку учитель особенно обращает внимание на сюжет задачи для того, чтобы в процессе решения он смог найти несколько минут для проведения краткой целенаправленной беседы. Школа не только учит, она готовит обучающихся к самостоятельной жизни, формирует их как личность, поэтому беседы нравственного характера очень важны.

Математика в школе представляет собой учебную дисциплину, при изучении которой учащийся может ощутить радость маленького открытия, неожиданного решения задачи. Возникающие при этом чувство радости и удовлетворения от творческого труда оказывают сильное воспитательное воздействие, так как формируют у человека потребность в творческом труде.

Если рассматривать в качестве примера уроки литературного чтения, то они также являются источником нравственного воспитания. Обладая огромной силой психологического воздействия, художественная литература способствует формированию представлений о добре и зле, о месте и назначении человека в окружающем мире, развивает высокие чувства нравственного сознания, формирует идеалы.

Огромный воспитательный потенциал уроков поэзии мы видим в формировании эмоциональной культуры как одно из составляющих культуры общения, которая в свою очередь, является компонентом культуры личности.

#### **Рекомендации по реализации воспитательного аспекта урока:**

- при планировании урока учитывать диагностику уровня воспитанности

ученика и класса в целом;  
- продумывать виды деятельности учащихся на каждом этапе урока в связи с поставленными целями;  
-осуществлять выбор оптимальных способов и приемов для начала урока;  
-использовать на этапе актуализации инновационные технологии;  
- использовать на уроке разные виды контроля, что позволит воспитывать ответственность, самостоятельность, критичность, коммуникабельность, трудолюбие;  
-применять разные способы оценивания, что оказывает положительное воздействие на ребенка и в плане успеха в случае неудач;  
-проводить этап рефлексии на каждом уроке, что позволит корректировать воспитательные задачи урока.

### **Список использованной литературы:**

1. Дубровина И.В. Практическая психология образования: учебник для студентов высших и средних специальных учебных заведений / И.В. Дубровина. – М.: ТЦ «Сфера», 2008. - 528 с.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии : учебное пособие / С.Л. Рубинштейн. – Санкт-Петербург : Питер, 2007. – 713 с.
3. Эльконин Д. Б. Детская психология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / ред. – сост. Д.Б. Эльконин.— М.: Издательский центр «Академия», 2007. - 384 с.
4. Санникова А.И. Развитие творческого потенциала учащихся в образовательном процессе. - М.: Флинта, 2011.
5. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М., 1998.

**Джакупов К.М.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрант, г. Семей

### **НЕКОТОРЫЕ ПОДХОДЫ К УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ**

Особенность проблемы, состоит в том, что подготовка к управленческой деятельности рассматривается в рамках теории профессионального образования. Система профессионального образования готовит специалистов для работы с подрастающим поколением, воспитания и обучения личности в целостном педагогическом процессе.

В целом, системный подход определяется как направление методологии научного познания, в основе которого лежит рассмотрение объекта как системы: целостного комплекса взаимосвязанных элементов; совокупности взаимодействующих объектов; совокупности сущностей и отношений [1].

Под системным подходом понимается направление методологии научного познания и социальной практики, в основе которого лежит рассмотрение объектов как систем. В качестве рабочего принимается определение системы как целостной совокупности взаимосвязанных объектов. На его основе мы раскрываем содержание модели как системы, строим систему опытно-педагогической работы.

Изучение подготовки к управленческой деятельности будущих педагогов-психологов как системы заключается в выделении в ней структуры, компонентного состава, элементов, связей, интегративного качества, системообразующих факторов.

При использовании системного подхода сначала формируются параметры входа: рассматриваются все качества, присущие личности, затем определяются параметры выхода, играющие важную роль в профессиональной деятельности специалиста. Процесс формирования управленческой компетентности осуществляется под воздействием внешней среды, в роли которой выступают конкретные методы, формы и средства обучения. Внутри системы проходят процессы выбора качеств в соответствии с предъявляемыми профессиональными требованиями, ведется выявление условий по формированию компетентности [2].

Использование системного подхода позволило определить общее направление подготовки будущих педагогов-психологов к управленческой деятельности с учетом системных особенностей этого процесса, а также специфики его содержания. Системный подход, обеспечивая общее направление научного познания в исследовании управленческой деятельности как профессиональной функции, не раскрывает процесса формирования управленческой компетентности, правил взаимодействия преподавателя и обучаемых. Для этого в работе рассматривается следующий в иерархии уровень методологии: теоретико-методологическая стратегия исследования, представленная личностно-деятельностным и компетентностным подходами.

Согласно положениям личностно-деятельностного подхода личность является целью, субъектом, результатом и критерием эффективности деятельности. Данный подход дает возможность выявить способность студента анализировать, оценивать и корректировать свою деятельность. Соответственно, одним из важнейших подходов, которые определяют подготовку будущих педагогов-психологов к управленческой деятельности, является личностно-деятельностный подход. Определяя личностно-деятельностный подход как «единство его личностного и деятельностного компонентов», исследователь И.А. Зимняя отмечает, что первый соотносится с личностным или, как в последнее время он определяется, личностно-ориентированным подходом [3].

В целом личностно-деятельностный подход в обучении означает, что прежде всего в этом процессе ставится и решается основная задача образования: создание условий развития гармоничной, нравственно совершенной, социально активной через активизацию внутренних резервов,

профессионально компетентной и саморазвивающейся личности. «Личностный» компонент этого подхода означает, что все обучение строится с учетом прошлого опыта обучающегося, его личностных особенностей в субъектно-субъектном взаимодействии. Обучение «преломляется» через личность обучающегося, через его мотивы, ценностные ориентации, цели, интересы, перспективы и т.д.

На наш взгляд, в процессе подготовки будущих педагогов-психологов к управленческой деятельности данный подход должен реализоваться через:

- создание условий для определения собственного образовательного маршрута;
- ориентацию на индивидуальные особенности обучаемых;
- использование методов, форм и средств обучения, активизирующих познавательную деятельность студентов.

Личностно-деятельностный подход обеспечивает реализацию идеи активизации деятельности обучаемого. Данный подход дает возможность осуществить организацию образовательного процесса поэтапно, что позволит обеспечить достижение успеха и высоких результатов каждым студентом на основе устойчивой мотивации обучения и выявления факторов, способствующих эффективной подготовке к управленческой деятельности с конкретным результатом [4].

Для того чтобы перевести объект из одного состояния в другое, надо четко представлять свойства объекта. Для управления в системе школьного образования необходимы управленческая компетентность, качества личности, которые формируются в процессе специальной подготовки, возможной в рамках специальности в данной сфере образования. Соответственно, методологический подход, которым руководствуются при подготовке педагогических кадров к управлению, компетентностный.

Компетентностный подход рассматривает образование как стратегический ресурс развития страны и общества и предполагает использование принципиально нового методологического подхода к организации содержательной и процессуальной сторон высшего педагогического образования.

Компетентностный подход отражает практико-ориентированные установки в подготовке будущих педагогов-психологов к управленческой деятельности. Особенность предполагаемого методологического подхода заключается в создании новой модели образования, которая, основываясь на результатах обучения, регулирует саморазвитие обучающихся и всей системы образования. Компетентного специалиста с позиций современных взглядов на организацию управленческой деятельности должно отличать критическое мышление - способность среди множества решений выбрать оптимальное, умение работать с информацией, блоком прогностических и аналитических умений для успешного решения профессиональных задач «здесь и сейчас». Реализация компетентностного подхода в процессе формирования

управленческой компетентности студента вуза позволит, по-новому, подойти к проблеме качества подготовки будущего выпускника.

В.Д. Шадриков выделяет три подхода к исследованию содержания и структуры профессиональной компетентности: профессиографический, уровневый и задачный [5]. Каждый из них имеет свои особенности. Профессиограмма как набор требований к специалисту оптимальна в применении, но целесообразна при описании только операциональных компетентностей. Система ключевых компетентностей как многопараметрическая характеристика специалиста не может определяться простой суммой имеющихся личностных качеств и способностей. Для этого необходимо применение комплекса взаимосвязанных параметров. Задачный подход к пониманию компетентности представляется нам наиболее оптимальным.

Психолого-педагогическое сопровождение образовательного процесса в вузе при подготовке педагога-психолога мы рассматриваем как организацию и создание условий для развития студента, его становления как субъекта образовательной и профессиональной деятельности.

Оно предполагает ряд приоритетных направлений:

1. Психологическую диагностику основных качеств личности студента-мониторинг познавательных процессов, эмоционально-волевой сферы личности студента, определение перспектив его развития;

2. Развивающую деятельность - тренинги по развитию познавательной и эмоционально-волевой сферы личности, становлению межличностных и внутригрупповых отношений будущих педагогов-психологов;

3. Психологическое консультирование - индивидуальные консультации, психотерапевтические сессии;

4. Психологическое просвещение (особенно для обучающихся непсихологических специальностей) - семинары, круглые столы, разработка психолого-педагогических проектов, повышение психологической культуры обучающихся;

5. Проектную деятельность — организацию научно-исследовательской и психологической деятельности заинтересованных обучающихся с целью развития интереса к отдельным психологическим феноменам и психологической науке в целом.

В высшем учебном заведении при разработке основ психолого-педагогической поддержки формирования ключевых компетенций у студента - будущего педагога-психолога необходимо учитывать наличие педагогических условий для становления субъектности студента.

Таким образом, опыт управленческой деятельности студентов и опыт их эмоционально-ценностного отношения к объектам мира и есть основа формирования управленческой компетентности.

## **Список литературы:**

1. Фролов И.Т. Философский словарь.– М.: Политиздат, 1981. – 445 с.
2. Юдин Э. Г. Деятельность и системность. – М.: Издательство «Наука», 1977. – С. 267-268.
3. Зимняя И. А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования. – М.: РГГУ, 2006. – 115 с.
4. Жунусбекова А. Содержание профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов к управленческой деятельности // Вестник КазНПУ им. Абая. - 2015. - №2 (46). - С. 151-155.
5. Шадриков В.Д. Личностные качества педагога как составляющие профессиональной компетентности // Вестник Ярославского государственного университета им.П.Демидова. – 2006. – №1. – С. 15-

**Исмайлова М. Е.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **ЖОО-ДА СТУДЕНТІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ**

Қазақстан Республикасының біртұтас әлемдік білім кеңістігіне енуге бетбұрыс жасауы болашақ маман иелері-студенттердің оқу-тәрбие үрдісінің демократиялық және ізгіліктік ұстанымдар негізінде тұлғаға бағытталып жүргізілуін талап етуде. Өзін-өзі тәрбиелеудің философиялық негізін А.Н.Нысанбаев, Г.Г.Соловьева; педагогикалық, этнопедагогикалық тұрғыдан К.Ж.Қожахметова; психологиялық негізі Кон, Х.Т.Шериязданова еңбектерінде қарастырылады.

Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі студенттердің білікті де білімді, іскер де тәрбиелі, саналы да салауатты болып қалыптасуы жоғары мектептегі білім беру мен тәрбиелеудің сапалы ұйымдастырылуына, өзін-өзі тану, реттеу, тәрбиелеу, бағалау дағдыларының қалыптасу деңгейіне, өзіндік сана-сезімді қалыптастыру негізін білуіне байланысты болғандықтан, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, кәсіби күзиретті тұлғаны қалыптастыру мәселесі алдыңғы орынға шығарылып отыр.

Жоғары мектеп студенттерге кәсіби білім беру, даярлау міндетін нәтижелі шешу үшін алдымен «студент», «студенттік қауымдастық», «студенттік кезең, шақ», «жастық шақ», «студенттік типология», «студент тұлғасы», «жеке тұлға», «студенттік ерекшелік», «өзін-өзі тәрбиелеу», «өзіндік сана» т.б. негізгі ұғымдарға тоқталайық. Студент (studens)- латын сөзі. Қазақ тілінде ұқыпты, іждағатты түрде жұмыс істеуші, оқу-танымдық, ізденушілік әрекетпен шұғылданушы, білім алушы деген мағынаны білдіреді, жоғары оқу орнында білім алушы адам.

Студенттік шақ-екінші жастық, бірінші есею кезеңіне сәйкес келеді. Бұл адам өміріндегі ерекше орын алатын, дамуында мәнді роль атқаратын, жеке

тұлғалық қасиеттері қалыптасатын, дербес ерекшеліктері мен мүмкіндіктері айрықша байқалатын кезең. Өйткені жоғары оқу орнына түскен соң жас өспірімдердің әлеуметтік статусы өзгереді. Мақсатты түрде терең, тиянақты білім алу, бәсекелестік жағдайында өзін көрсету, алға ұмтылу, дербес шешім қабылдау, бастама көтеру, табандылық, жауапкершілік, өзін-өзі ұстау сияқты қасиеттерді өз бойларында бекітеді. Әлеуметтік ортада адамдардың өзара қарым-қатынас жасау, қатынасу ережелерімен танысып, меңгереді. Студент-жоғары оқу орындарында кәсіби білім алу мақсатында білім беру жүйесінің ұйымдастыруымен біріктірілген ерекше әлеуметтік категория. Бұл ұғым XI-XII - ғасырда алғашқы университеттердің пайда болуымен қалыптасты.

Студенттік қауымдастықты «әлеуметтік-психологиялық категория» ретіндегі (Б.Г. Ананьев), «студенттің даму ерекшеліктері мен жеке тұлға типологиясын» (М.В.Буланова-Топоркова, С.И. Самыгин) зерттеулерінде кең көлемде қарастырады. Ғалымдар жинақталған бақылау нәтижелері, аталған проблема бойынша жасалған тәжірибе қорытындылары мен теориялық мәліметтерге сүйене отырып студентті белгілі бір әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық позициясы бар оқу әрекетінің ерекше субъектісі ретінде сипаттайды.

Студентті жас ерекшеліне, жеке тұлғалық болмыс-бітіміне қарай төмендегідей үш негізде сипаттауға болады: біріншіден, психологиялық тұрғыдан; Ол психологиялық процестің, жағдайдың, тұлға қасиетінің (бағыт, темперамент, мінез, қабілет) бірлігін көрсетеді. Мұнда психологиялық қасиет негізгі роль атқарады, себебі психологиялық процестің өтуіне, психологиялық жағдайдың, психикалық пайымдаудың қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, әлеуметтік жағынан; Студент- бір белгілі әлеуметтік топ, ұлт өкілі ретінде түрлі қоғамдық қатынасқа түседі. Үшіншіден, биологиялық жағынан; Студенттің жоғары нерв жүйесінің қызметі, оның типі, анализаторларының құрылысы, шартсыз рефлекстерінің, инстинктерінің, физикалық күшінің, дене құрылысының, бет-бейнесінің, терісінің, көзінің, түрінің, бойының, т.б. ерекшеліктері қарастырады. Бұл негізінен тұқым қуалай берілген, туа біткен нышандары арқылы байқалады. Белгілі жағдайларда өмір сүру шарттарына байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай қырларын зерттеу студенттің білім сапасы мен мүмкіндіктерін, жас ерекшеліктері мен тұлғалық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Егер студентке белгілі бір жас шамасындағы адам ретінде қарасақ, басқа кезеңдегі дамумен салыстырғанда бұл шақта оперативті есте сақтау, вербальды-логикалық мақсаттарды шешу жоғары деңгейде дамитындығы байқалады. Студенттік кезең- биологиялық, психологиялық, әлеуметтік дамуында адамның ең жоғарғы нәтижеге қол жеткізетін шағы. Студенттің жеке тұлғалық дамуын зерттеу барысында оның өзіндік ерекшелігі, психологиялық жағдайы мен қасиеті ескеріледі.

Студентті жеке тұлға ретінде қарастырсақ, 18-20 жас – физикалық, дене күшінің адамгершілік, эстетикалық сезімдерінің даму, адам мінезінің қалыптасу, орнығу кезеңі. Мамандық иесі ретінде кәсіби-еңбегінің негізін меңгеретін, азаматтық болмыс-бейнесінің қалыптасатын, әлеуметтік рольдерді

игеретін, әрі "экономикалық белсенділік" танытатын кезеңі. Демографтар "экономикалық белсенділік" кезеңі деп адамның дербес өндірістік қатынастарға түсуін, еңбек жолының басталуын, отбасы құруын атайды.

Құндылық бағыттар жүйесінің өзгеруі, кәсіби -мүмкіндіктерінің өсуіне орай студент қабілеті, интеллектісі белсенді қалыптасады. Бұл - спортта, көркем өнерде, техникалық, ғылыми жетістіктерге жететін кезеңі.

Студент тұлғасын зерттеуші ғалымдар: В.А.Попков, А.В.Коржуев, С.Д.Смирнов, оның ішкі дүниесі қарама-қайшылықты, өз бойында жоғары мәдениеттілікті, өзіндік сана-сезімді қалыптастыруда өзінің ерекшеліктерін түсінуде көп қиыншылықтарға кездесетіндігін атайды. Студенттік кезең В.Г.Ананьев, К.А.Абульханова-Славская, А.Г.Асмолов, А.А.Бодалев, А.В.Дмитриев, И.С.Кон, В.Т.Лисовский, Ю.Г.Фокин, т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданған. Жастық шақ-өзін-өзі тану, өзіндік талдау жасау, өзін-өзі бағалау, өзгемен салыстыру кезеңі. Идеалдағы "Менді" нақты ақиқатпен салыстыру арқылы өзіндік бағалау жүзеге асырылады. Бірақ идеалды "Мен" әлі тексерілмеген сондықтан кездейсоқ болуы мүмкін, ал ақиқатты "Мен" тұлға тарапынан жан-жақты бағаланбауы мүмкін. Бұл объективті қарама-қайшылықтар жас адамның тұлғалық дамуында өзіне деген «жалған» қатынасты, ішкі сенімсіздігін туғызуы мүмкін, кейде ол ішкі агрессивтілік, бейбастақтық, түсінбеушілік сезімдерімен қатар жүреді. Эриксонның пікірі бойынша, жастық шақ ұқсастық дағдарысы төңірегінде құрылады. Ол әлеуметтік және жеке-тұлғалық таңдау серияларынан, идентификациядан және өзін-өзі анықтаудан тұрады. Егер бозбала бұл міндеттерді шеше алмаса, онда адекватты емес ұқсастық қалыптасуы мүмкін.

Студент-ол материалдық және рухани өндірісте жоғары әлеуметтік және мамандық бойынша атқаратын рольдерін ұйымдастырылған түрде меңгерумен шұғылданатын, белгілі бағдарлама негізде мақсат-бағыттылы дайындалатын, өздеріне тән ерекше өмір салтымен, еңбегімен, тұрмысымен, мінез-құлық, психологиялық сипатымен, бағалық бағдарлау жүйесімен сипатталатын, жастардың құрамдас бөлігі, арнайы оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби бағдарлық әрекет негізінде топтастырылған әлеуметтік топ

Адам санасы тұлғаның бойынан өмірлік мәселелерді шешуде, өзі және қоршаған орта туралы мәліметтерді қолдануда әрдайым көрініп отырады. Адамның жануарлар дүниесінің дамуынан жоғары тұруы оның санасында өзіндік сана-сезім компоненттері арқылы қалыптасады. Бұл қоғамдық өмірдің және екінші сигналдық жүйенің, сөйлеудің арқасында мүмкін болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рогов М. Г. Системно-деятельностный подход исследованию ценностно-мотивационной сферы личности в процессе ее профессионализации.// Системные исследования в общей и прикладной психологии. Сборник научных трудов/институт управления, Москва. – 2000 г. с.32.



2. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009, №2 (67)– Б.265 - 270.

3. Захарова Н. Психологические основы подготовки к профессиональной деятельности: Дис. док. пс. н. 19.00.01. Текст. / Л.Н.За

**Жангозина Л.Т.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрант, г. Семей

## **ФОРМИРОВАНИЕ ОБРАЗА ТЕЛА ЛИЧНОСТИ**

Восприятие своего тела и внешности связано с общественными нормами и культурными понятиями. Сегодня на формирование телесного «Я-образа» человека влияют не только биологически обусловленные физиологические и морфологические факторы, но и социальные. Причем сегодня социальные факторы влияют на формирование телесного «Я-образа» в большей степени, чем физические (реальные параметры тела). Так, телесный «Я-образ» влияет на качество жизни человека. Примером негативного влияния телесного «Я-образа» на качество жизни могут служить нарушения образа тела при анорексии или переедании, и других пищевых расстройствах. Примером позитивного влияния телесного «Я-образа» на качество жизни человека является стремление к здоровому образу жизни и занятиям спортом современной молодежи.

Влияние социальных факторов выражается в существовании определенных представлений, стереотипов и идеалов относительно того, каким должно быть тело. Причем, идеалы и представления о телесности различаются от культуры к культуре, т.к. в каждом обществе, в каждой культуре существует свое определенное отношение к телесной привлекательности, формирующееся и обусловленное самой культурой. Поэтому некоторые исследователи используют понятие «культурное тело», подчеркивая важность культуральных факторов в формировании образа тела человека. Понятие «культурное тело» включает в себя и сам образ тела, и схему тела, и социальные компоненты внешности, такие как одежда, прическа, косметика и т.д. [1].

Общество и культура диктуют свои идеалы телесной привлекательности, превращая феномен телесного «Я-образа» из биологического в социокультурный. Сегодня общество «навязывает» достаточно жесткие требования к внешности человека. Несоответствие навязанному обществом образу приводит не только к нарушению самооценки своего тела, но и влияет на процессы самопринятия и аутосимпатии в целом. Причем, иногда случается так, что человек в стремлении к общественным идеалам красоты не способен остановиться даже тогда, когда это угрожает здоровью и жизни (например, пластические операции, привычки к курению, стремление поддерживать неестественно низкую массу тела и др.). Образ тела сегодня является социокультурным феноменом, а значимость телесной привлекательности, а также содержание идеалов красоты тела зависит от социальных особенностей культуры. В связи с наличием социокультурного аспекта в формировании

телесного «Я-образа» изучением образа тела занимается не только психология, но и социология.

Помимо социальных факторов на формирование телесного «Я-образа» влияет много других факторов (индивидуальный опыт восприятия своего тела (особенно в детском и подростковом возрасте), оценка физической привлекательности окружающими людьми). В результате у человека может складываться неадекватные представления о собственном теле, что может привести к отчуждению своего тела и потере способности понимать сигналы тела, посылаемые самому человеку и окружающим.

По мнению автора С. Джуларда, правильное представление о своем теле является необходимым для становления здоровой личности. Телесный «Я-образ» является базовым компонентом Я-образа, который формируется еще в раннем детстве. В раннем детстве ребенок познает свое тело, а в дальнейшем образ-Я формируется на основе сформировавшегося образа тела. Образ тела является составляющей Я-концепции, наравне с психологическим Я и социальным Я. Образ тела отображает физическое тело (картинку и оценку своего тела) и оказывает влияние на Я-концепцию в целом.

Первоначально изучением образа тела занимались врачи Г. Хэд, Ж. Бабински, П. Боннер. Они изучали феномен образа тела на больных с различными поражениями головного мозга и отождествляли образ тела со схемой тела. На данном этапе исследований образ тела воспринимался как продукт соматических ощущений, который помогает человеку ориентироваться и двигаться в пространстве. Стоит отметить, что даже схема тела не является простым продуктом соматических ощущений. Доказательством тому служат «фантомные ощущения» (когда человек телесно ощущает ампутированные конечности как реально существующие). Получается, что схема тела и образ тела строятся на основе не только реального восприятия физических параметров, но и на основе мышления человека о своем теле, своей внешности [2; 3].

Соловьева И. подчеркивает, что сознательное представление о своем теле у психически здорового человека более приближено к реальности и в значительной степени совпадает с реальностью. В случае же патологии нарушается тестирование реальности и адекватность ее восприятия. Так, при таком пограничном состоянии как анорексия сознательный образ тела далек от тела реального: обладая очевидной нехваткой веса, девушка, страдающая анорексией, воспринимает свое тело как полное. В случае еще более серьезных расстройств, а тем более бредовых состояний, по поводу своего тела могут возникать любые фантазии [4].

Следует отметить, что настоящее время в психологии нет единого понимания понятия телесный «Я-образ» - исследователи по-разному трактуют телесный «Я-образ».

Как мы уже отметили, анализ психолого-педагогической литературы выявил, что для обозначения образа тела используются следующие понятия: «физическое я», «образ тела», «образ телесного я», «физический Я-образ», а

также «отношение к внешности», и даже такое понятие, как: «концепция тела». Общепринятого понятия не существует, которое бы обозначало телесный «Я-образ» как психологический феномен. Исследователи предлагают разные определения понятия «телесный «Я-образ»». Некоторые авторы трактуют его как качество личности [5]. Однако, качества личности – это внутренние индивидуальные особенности, которые не изменяются со временем. На наш взгляд, в связи с тем, что телесный «Я-образ» личности меняется и находится в постоянной динамике, не стоит относить его к качествам личности.

Телесный «Я-образ» формируется на основе нескольких источников: индивидуальный опыт, оценки социального окружения, культурные стереотипы и эталоны физического развития. Индивидуальный опыт приобретается человеком в процессе жизнедеятельности, в результате функционирования собственного тела как физического объекта. Для формирования телесного «Я-образа» особенно важен детский опыт, ведь именно в ранние годы жизни ребенок начинает осознавать свое тело, и подростковый возраст, когда меняется самовосприятие своей внешности, своего тела ввиду изменений, происходящих в организме в период полового созревания). Однако самооценка себя, своего тела складывается не только на основе своих представлений о собственном теле, но и на основе оценок окружающих людей, которые человек воспринимает, интериоризирует и, определенным образом, встраивает в свою самооценку. В связи с этим, оценки социального окружения – еще один важный источник формирования физического-Я. Как уже было отмечено, на телесный «Я-образ» влияют также социальные стереотипы и эталоны, т.е. постоянно взаимодействуя с социумом, человек не только воспринимает оценки своего тела окружающими, но и «впитывает» стереотипы, идеалы и эталоны, существующие в его обществе относительно физической привлекательности. Стоит отметить, что телесный «Я-образ» представляет собой целостный образ, и включает все три перечисленные компоненты: функциональное физическое-Я, социальное физическое-Я, идеальное физическое-Я. Однако, данные компоненты представляют собой относительно самостоятельные структуры, т.к. компоненты могут по-разному изменяться с возрастом, соотношение их различно, и зависит от пола и возраста, каждый компоненты по-разному связан с индивидуальными особенностями личности и общения, которые значительно влияют на формирование образа физического-Я.

Многие исследователи в телесном «Я-образе» выделяют следующие компоненты: когнитивный, аффективный, поведенческий. Данные компоненты выделены на основе того, что телесный «Я-образ» является компонентом самосознания, а значит, в нем можно выделить компоненты, аналогичные компонентам самосознания. Компоненты связаны между собой и находятся под влиянием социокультурных эталонов внешности.

К поведенческому компоненту телесного «Я-образа» также относится определенное поведение по отношению к своему телу (например, избегание смотреть на себя в зеркало, взвешиваться, посещать тренажерные залы).

Когнитивный и эмоциональный компоненты телесного «Я-образа» тесно связаны между собой и приводят к определенному поведению. Мы придерживаемся мнения, что физическое-Я включает не только собственную внешность, но и компетентность тела, «фитнес» и его биологическую целостность, а также параметры «здоровье/болезнь».

На основе анализа различных подходов к определению структуры телесного «Я-образа», которая включает в себя три компонента: когнитивный, эмоциональный и поведенческий.

Осознание своих физических возможностей относится к Я-реальному, которое выделяет Р. Бернс в структуре самосознания, где под Я-реальным подразумевается представление человека о самом себе, то есть своих способностях и возможностях (в т.ч. физических), социальных ролях, статусе.

Оценочный компонент образа тела отражает:

- глобальную оценку тела (удовлетворенность или неудовлетворенность весом, формой тела, его частями);
- эмоции и чувства по поводу внешности;
- когнитивный компонент (убеждения по поводу внешности, схема тела);
- поведение (например, избегание смотреть на себя в зеркало, взвешиваться, посещать тренажерные залы).

Влияние спортивной деятельности на образ физического-Я, на наш взгляд, различно в зависимости от вида спорта. В разных видах спорта акцент делается на развитие различных физических качеств, также и некоторые виды спорта требуют определенного телосложения для достижения высоких спортивных результатов. Получается, что в процессе занятий спортом развиваются определенные физические качества, в то время как развитие других качеств может отставать, т.к. ему не уделяется много внимания. Соответственно, для спортсмена субъективно более значимыми становятся те характеристики тела, которые нужны ему в спорте для достижения спортивных результатов. Именно на развитие этих необходимых характеристик ориентирован спортсмен и соответственно в процессе физического совершенствования эти самооценка развиваемых характеристик тела повышается.

Таким образом, профессиональные занятия спортом определенным образом влияют на образ тела, приводят к его изменениям в положительную или отрицательную сторону. Разные виды спорта могут по-разному влиять на изменения образа тела.

### **Список литературы**

1. Зинченко В.П., Леви Т.С. Психология телесности между телом и душой. – Москва: АСТ: АСТ МОСКВА, 2007. – 731 с.
2. Babinski J. (1896) Sur le reflexe cutane plantaire dans certaines affections organiques du systeme nerveine central. Societe de Biologie, 22(2): 207.

3. Bonner P. Body Image Warrior: An Insider's Fight for Change in the Modelling Industry. - Murdoch Books, 2019. - 272 p.

4. Соловьева И. Кто мы на самом деле? О бессознательном образе тела. – М.: ИКСР, 2017. - 216 с.

5. Агарева М.В. Образ телесного Я ребенка как педагогическая проблема// Теоретические и методологические проблемы современного образования: материалы VI Международной научно-практической конференции – Москва, 2011. - С. 20-22.

**Жакенова А., 2 курс магистранты**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ. Семей қ.

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Адамдар тек сөйлесу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Кейде олар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да – адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары арқылы ұғынысуы сияқты көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің (қолдың, аяқтың, иықтың т.б.) әр түрлі қимыл-әрекеттерінің өзін неше саққа жүгіртуге болады. Баяншы айналасындағылармен алуан түрлі ым-ишара, белгі, бас шайқау, қол сілтеу, иек қағу, бас изеу, әр түрлі эмоция таныту арқылы өз ойынан хабар бере алады. Бейвербалды амалдар арқылы сан қилы ақпарат алуға болады. Мысалы, телефон арқылы сөйлеп тұрған дауысқа мән бере отырып, сөйлеушінің жас мөлшерін, көңіл-күйін, этникалық әрі әлеуметтік шығу тегін байқауға болады. Немесе алдыңызда отырған сөйлеушінің бет-жүзіндегі өзгерістеріне, қимыл-әрекеттеріне қарап отырып, оның мінезі, көзқарасы, көңіл-күйі, жеке тұлғалық қасиеті жайлы хабар ала аласыз.

Кез келген түсіністік қарым-қатынас әр түрлі бейвербалды амалдармен бірге жүруі мүмкін. Яғни коммуниканттар әрі вербалды, демек тіл арқылы, әрі бейвербалды, яғни тілдік емес факторлар арқылы қарым-қатынас жасай алады. Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас. Ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның еңбегінде тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың айырмашылықтары мен ұқсастықтары көрсетілген:

1) адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді;

2) тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір нәрсе хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін;

3) тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады [1,9].

Ғалымдар тілдік қатынасты – вербалды, тілсіз қатынасты – бейвербалды амалдар деп те атайды.

Жинақтап, сұрыпталған материалдар мен бейвербалды амалдарға берілген ғалымдар мен зерттеушілердің пікірлерін, тұжырымдарын қорытындылап жинақтай келе, бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз.

Көркем шығарма құрылымында вербалды амалдар арқылы берілетін сөйлесім әрекеттері немесе кинесикалық, просодикалық, проксемикалық ерекшеліктер –сөз өнерінің көмегі арқылы жүзеге асады. Кейіпкерлердің көзқарасы, бір-біріне қарым-қатынасы оның мимикасынан, дене қимылынан, дене қалыбынан, күлкісінен, ишарасынан байқалады.

Бейвербалды амалдардың көркем шығармада берілуінің бірнеше жолдары бар:

1) бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі. Мысалы, ыржию, тыржию, ажыраю, қыржию т.б.

2) бейвербалды амалдар фразеологизмдермен беріледі. Бұндай тұрақты тіркестер қатарына теріс қарау (жақтырмау), бармағын тістеу (өкіну, қапалану), құшағын жаю (қуанышпен қарсы алу), қабағынан қар жауу (қатты ашулану), екі көзі шарасынан шығу (қатты қорқу), мұрнын көкке көтеру (менсінбеу, өзін жоғары ұстау), мұрнын тыржиту (менсінбеу), санын сабалау (қатты қуану), желкесін қасу (мәселенің шешімін таба алмай дағдарып қалу), білегін сыбану (жұмысқа белсене кірісу), ернін шүйіру (біреуді жақтырмау, менсінбеу), тісін қайрау (ыза болу, кектену), таңдайын қағу (қатты таңдану, қайран қалу) сияқты бейвербалды амалдар негізінде жасалған адамның іс-әрекетін, қимылын бейнелейтін фразеологизмдерді жатқызуға болады. Ғалым С.Сатенова: –Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің ішінде ең мол ұшырасатындары: адамның іс-әрекетін, қимылын бейнелейтін және ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын сипаттайтын түрлері. Себебі, адам баласы шыр етіп жерге түскеннен, мезгілі, ажалы жетіп о дүниеге аттанғанша, өзіне тән мінез-құлқы, психикалық ерекшеліктері қалыптасып, бірте-бірте уақыт озған сайын жетіле береді. Әрбір адамзат жайлы осыны айтуға болады, тірі жанның әрқайсысына да тән табиғи құбылыс. Жас ерекшелігіне қарай мінез-құлқы, жан дүниесіне орай іс-әрекет, қимыл-қозғалысы қалыптасады. Мысалы, балғын жас пен ақыл тоқтатқан, кемеліне келген, өмір тәжірибесі мол кісінің жан дүниесі, сана-сезімі, мінез-құлқында едәуір өзгешелік бар, сол себепті қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті көпшілік жағдайда жасына, психологиялық ерекшеліктеріне, туа бітті қасиетіне, болмысына сай болады, – деп тұжырымдайды [2,164].

Жарқын жанындағы аласа бойлы, ақсары қызды «мынау менің қалыңдығым» деп таныстырғанда Қасымның екі көзі атыздай болды. Бір кезде кезек Құмарбекке келді. Көзі шарасынан шыға бақырайған, тұла бойын белгісіз

бір діріл билеген ол табалдырықтан әзер аттады. Не істерін білмеген Құмарбек қабағы салбыраған күйі шығып кетті (С.Досанов).

Өрік қырындаған кезінде қатындар біріне-бірі қарап, еріндерін шығарып:

- Мынау бір ындыны жарымаған шіркін ғой! – деп күңкілдесті (Ж.Аймауытов. Ақбілек.)

3) бейвербалды амалдар еркін сөз тіркесімен беріледі. Мысалы, қолын ұсынды, орамалын бұлғады, қамшысын сарт еткізді т.б.

Қуантай құлағына дейін қызарып, ыржиып езу тартты (Т.Ахтанов).

Бейвербалды амалдар көркем шығармада образ сомдауға қажет маңызды элемент.

Жоғарыда келтірілген авторлардың пікірлері мен қолдағы жиналған тілдік материалдардың негізінде көркем шығармадағы бейвербалды амалдардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес, төмендегідей топтарға жіктелді:

1. Кинесика
2. Просодика
3. Проксемика

Кинесикалық амалдар қарым-қатынас барысында қолданылатын мимика, ишара, дене қалыбы, адамның аяқ алысы (жүріс) сияқты ұғымдардың жиынтығы ретінде танылады. Және осы сияқты атрибуттар тілдік қарым-қатынасқа көмекші құрал ретінде қызмет атқарады.

Просодика – тембр, интонация, дауыс қаттылығы, екпін, ырғақ т.б. баяншы мен қабылдаушының көңіл-күйін, сезімін сипаттаушы амалдар болып табылады. Дауыс ырғағы, интонация, дауыс қаттылығы яғни, фонациялық амалдар арқылы коммуниканттардың ішкі сезімдері, көңіл-күйі, психологиялық сипаты беріледі. Дж. Трейгер просодикалық амалдар қатарына күлкі, жылау, сыбырлау, дыбыстардың тілдік емес комбинацияларын (ah, үh, eh, ық, хім, тц) жатқызады. Қ.Жұбанов ым тілі белгілерінде дыбыс ымдары да болғандығын айтады [3,41].

Ұялу эмоциясы кинесикалық амалдармен қатар, просодикалық амалдар арқылы да беріледі. Бұл дегеніміз – қарым-қатынасқа түсушінің сөйлеудегі дауыс ырғағы, екпіні. Сөйлеу әрекеті барысында екпін (тон), ырғақ т.б. паратілдік амалдар сөйлеуші мен тыңдаушының көңіл-күйінің ерекшеліктерін сипаттаушы амал-тәсілдер болып табылады. Эмоциялық жағдайлар адамның дем алу, қан айналу органдарына, бет әлпеті мен бүкіл дене қимылдарына, сөздің интонациясы мен әуеніне, кідірісіне өзгерістер енгізеді.

Тілі күрмелу просодикалық амалы ұялу эмоциясына мысал бола алады. Ұялу кезінде дауыс жай және жұмсағырақ шығады. Аталған бейвербалды амалдарға сипаттама бере келе, нақты мысалдар арқылы да дәлелдеп өтелік. Мысалы, Мәрия кідіріп тұра қалды.

– Бірдеме айтайын дедің бе?  
– Айтайын деп едім.  
– Айта ғой. Раушан айта алмай күрмеліп, төмен қарады (Б. Майлин, Таңдамалы шығармалар).

Дауысы дірілдеу де ұялу, қысылып-қымтырылуды білдіреді. Әлгінде қойған сұрағыма ол қысыла жауап қайтарды. Қысылғандығы сонша, тіпті дауысы дірілдеп шықты (І. Есенберлин, Ғашықтар).

Проксемика – коммуникативтік актіде адамдардың кеңістікте орналасуы. Ол коммуникативтік актіге қатысушы адамдардың арасындағы ара қашықтықты зерттеуді нысана етіп алады. Проксемика (proximiti - жақындық) – бұл терминді американдық антрополог Э.Холл енгізген.

Бейвербалды амалдар тілдік амалдар сияқты көркем әдебиетте белгілі-бір қызмет атқарады. Мысалы, мақұлдау, құптау шарасыда бас изеу кинемасы қолданылса, қарсы болу, –жоқ|| сөзінің орнына бас шайқау кинемасын пайдаланады. Ашу, ыза эмоциясы кезінде қолданылатын бейвербалды амалдар өте көп. Мысалы, жұдырық түю, тісін қайрау, ернін жымқыра тістеу, жер сабау, өз шашын өзі жұлу (әйелдерге ғана тән), көзін адырайту, өз маңдайын өзі ұру, отының басын сабау, дұшпанының үйін, туырлығын тілу сияқты кинемаларды атауға болады. Қайғы кезінде әйелдер екі бүйірін таянып, шашын жұлып, бетін тырнауы сияқты бейвербалды амалдарды қолданса, ер адамдар жер тебу, өз басын өзі ұру сияқты кинемаларды пайдаланады. Қуаныш сәтінде қолын шапалақтау, санын шапалақтау, бөркін аспанға ату сияқты кинемаларды қолданса, келемеж, мазақ ететін болса – ернін шығару, бет шымшу, бет сызу, тілін шығару арқылы ұғындырады. Алақанын жаю, иығын көтеру, басын қасу, желкесін қасу, бармағын тістеу – амалсыздықтың, шарасыздықтың белгісі болып табылады. Санын соғу, отыра қалу немесе тұрып кету, жерге түкіру, ернін тістеу – өкініштің белгісі. Жеңілудің белгісін – бас ию, қол қусыру, аяғына жығылу, қос қолын көтеру арқылы білдіреді. Қабылдаушының арқасынан қағу арқылы – құптаудың, қолпаштаудың, қоштаудың, ризалықтың нысанын байқауға болады. Қарсылықтың нышанын орнынан үнсіз тұрып кету, бас шайқау, қол сермеу сияқты кинемалар атқарады. Қорлау, масқаралау кинемалары да кездесіп отырады. Мұндай жағдайды есекке, сиырға теріс мінгізу, бетке түкіру, бетке күйе жағу, әйелдердің шашын кесу сияқты масқаралау жазаларын қолдану арқылы елге жария еткен. Араздасу белгісі ретінде ат құйрығын кесу, әбден көңілі қалған адамға бір уыс топырақ шашу сияқты бейвербалды амалдар бар. Қазақ халқында қолын теріс жайып бата беру, бетке түкіру, топырақ шашу, омырауын көкке сауу сияқты кинемалар жазаның ауыр түрі болып саналады. Айтып кетер бір жайт, топырақ шашу, ат құйрығын кесу, үйін, отынын басын сабалау, туырлығын тілу, есекке, сиырға теріс мінгізу, бетіне күйе жағу, шашын жұлу, бетін тырнау сияқты бейвербалды амалдар қазіргі кезде қолданыстан шығып қалған архаизм-бейвербалды амалдар болып есептеледі. Мұндай амалдар қазақ халқына ғана тән ұлттық-мәдени негіздегі кинемалар. Әр кинеманы өз ыңғайына қарай әр жағдайда қолдана білу – тапқырлықтың, сезімталдықтың, ұғымдылықтың белгісі. Сондықтан бейвербалды амалдарды халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты қарастыру қазіргі таңда шешімін таппаған мәселелердің бірі.



## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. -Алматы: Ы.Алтынсарин ат. Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. -207 б.
- 2 Сатенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол. ғыл. док.... дисс. -Алматы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 1997. -260 б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

### **Жамшыбаева Перизат**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ОККАЗИОНАЛИЗМҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Тілдегі дағдылы қолданыстан тыс құбылысты және көркем шығармалардағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық стиль табиғатын тануға көмектесетін, негіз болатын ерекше мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы. Жазушылардың жеке өзіндік шығармашылығы арқылы пайда болған окказионалды фразеологизмдердің («бір қолданар сөздердің») проза тілі нәрін арттыруға қосар үлесі зор, сыр сипаты ерекше.

Тілдегі окказионалды сөздер экспрессивтік, эстетикалық қызмет құралының бірі ретінде қаралса, ойды барынша көрікті бере білудің негізгі көрінісі окказионалды фразеологизмдерде тіпті айқын аңғарылады. Бұны қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің окказионалды өзгеру жайын қарастырған Ғ. Тұрабаева мақал-мәтелге қатысты окказионализм құбылысын кең көлемде анықтап оның құрамына контекстік қолданыста кездесетін барлық құрылымдық, семантикалық өзгерістер мен варианттарды кіргізеді. Олар: мақал-мәтел құрамындағы лексемалық ауыстыру, мақал-мәтелдердің құрылымын окказионалды кеңейту және тарылту[1,13].

Г.Мұратова окказионал сөздердің ерекшеліктерін былай анықтайды: «Окказионализмдердің мағынасы контекспен тығыз бірлікте, әрі үнемі экспрессивті бояу-реңкте болады. Сыртқы формасына, жасалу тәсіліне қарай тіл нормасына жанаспай жасалады»[2,15 б.].

Окказионализмдер – белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер, немесе Р.Сыздықова «тосын сөздер» десе, ғалым Х. Нұрмұханов «Сөз және шеберлік» атты зерттеу еңбегінде потенциалды сөздер мен окказионалды сөздердің ара жігін ажыратып, окказионализмдер контекст қалауына орай тек «бір ғана қолданымдық» болып қызмет атқаратын сөздер деп сипаттама береді[3,78б.], Г.Мұратова «окказионал сөздер», Л. Еспекова «окказионализм» деп қолданған[4, 5 б.].

Қазақ тіл білімінде окказионал фразеологизмдер туралы жазылған арнайы еңбек аз. Халықтық қолданыстағы фразеологиялық сөз тіркестерінің

көркемдегіш-бейнелеуіш, образды қасиеттері зерттеулерде кеңірек қарастырылып жүрсе, фразеологизмдердің окказионалды стильдік қолданысы ғылыми талдау объектісіне айнала қойған жоқ. Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық окказионализмге қатысты мәселелер ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектерде ішінара тек шолу ретінде ғана беріледі.

Академик М. Серғалиев әдеби тілдің талаптарын есте сақтап жүру, орындау – әр сауатты, мәдениетті адамның рухани міндеті және парызы екендігін айта келіп: «...халықтық тілді оның тармақтарын одан әрі терірек игеру барысында норманың басқа бір түрін де білу қажеттігі туындайды. Ол – стилистикалық норма. Стилистикалық норманы, былайша айтқанда, әдеби тіл нормасына қосымша, оны толықтыратын, аңқытап, дәлелдейтін норма десе де болады» деген тұжырым жасайды.[5,40б.].

Нормаға сәйкессіздік окказионал сөздердің басты ерекшелігі деуге болады. Сөйлеу – дайын тілдік единицалардың қолданыстағы көрінісі. Бұл ретте фразеологизмдердің окказионалды варианттары тек стильдік мақсатты көздейтінін есте ұстаған абзал[3,48 б.].

Мына төмендегі жеке авторлық қолданыстағы окказионалды фразеологизм үлгілеріне назар аударайық.

Мысалы: Ол қара сөзден қаймақ алатын ділмар тұғын[6,58 б.].

Осындағы «қара сөзден қаймақ алатын» - «қу бастан қуырдақ ет алатын» деген бұрыннан қалыптасқан белгілі таныс идиомдар негізінде семантикалық құрылым үлгісімен дүниеге келген жеке авторлық қолданыстағы окказионалды фразеологиялық орамдар.

Фразеологизмдердің мағына тұтастығын жеке сөзбен бірдей деп санауға болмайды. Сөз лексикалық мағынаны, яғни, түбір мағынаны білдіреді. Ал фразеологизмдер ауыс мағынада жұмсалып сөзбен баламалық қатыста емес, жанамалық қатыста тұрады [1,11 б.].

Аңшылық кәсіптен қолға түскен құланның етін аңсаған ерлерді «ащы іркітке арам шеміршектерінен керілген еркектер» деген авторлық бір қолданыс фразеологизмімен атаса, әйелдердің жас сорпа аңсауын «аузынан суы құру» фразеологизмімен бейнелеп жеткізген. Өз буына өзі піскен семіз аңның жас еті таңдайды жұлады[6,223 б.].

«Өз буына өзі пісу» фразеологизмі әдетте адамның мақтаншақтық, менменсу сияқты жаман, жиіркенішті мінез-құлығын сипаттау үшін қолданылады, ал, бұл сөйлемде «өз буына өзі пісу» еттің баппен пісуі, яғни сөздің лексикалық тура мағынасында келіп таңдайдың дәмін үйретінін «таңдайды жұлады» авторлық фразеологизмімен экспрессивтілік мән үстеген.

Жазушы қаламы фразеологизмдерді жалпы тілдік қолданыстағыдай өзгертпестен жұмсауы да, белгілі бір мақсатқа орай құрылым-құрылысын, мағынасын жаңғырта қолдануы да мүмкін. Жаңғыртудың өзі екі түрлі болып келеді. Біріншісі – жалпы тілдік қолданысқа тән түрлендірулер де, екіншісі тек жазушы қаламына тән түрлендірулер.

Тіліміздегі окказионал сөздердің де бір алуан эмоциялық, экспрессивтік қызметі барын ескерсек, фразеологизмдердегі окказионал тіркестер жалпы

халықтық бейнелі сөз орамдарына өзінше сонылық, мәнерлілік үстейді. Әдетте, фразеологизмдер мағына бірлігімен және құрамындағы компоненттердің тұрақтылығымен ерекшеленеді. Ал олардың окказионал сөздермен стильдік өзгеріске түсуін олардың жасырын жатқан ішкі мүмкіндіктерінің тереңдігінен деп түсінеміз. Сондай-ақ, бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдердің осындай дамуы, өзгеруі, жанаруы тұрақты сөз тіркестеріндегі «тұрақтылықтың» шарттылығы, өзгермелілігі, оның варианттылыққа жақын екендігін аңғартады[4,110 б.].

Фразеологизмдердің окказионалды өзгеріске түсуін шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: 1) құрамындағы компоненттерді өзгеріске түсіруі; 2) құрамына жаңа сөздер қосу; 3) бір компонентін түсіріп айту; 4) бір мәтін көлемінде екі не одан да көп фразеологизмдерді қолдану.

Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру окказионалды болу – жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді.

Тіл білімінде «окказионализм» деген терминді ең алғаш енгізген Н.И.Фельдман болатын.

Көркем шығармаларда окказионализмдер жазушының бейнелі ойын жеткізуде бірден-бір таптырмас құрал болып табылады.

Мысалы: Момын жауын ағыл-тегіл бұршақтап,  
Сыртта ақырын әйнегімді қағады [6,35 б.).

Бұл өлең жолындағы «момын жауын» тіркесі – жазушының өзіндік қолданысы. Жалпы тілде ақ жауын, қара жауын, нөсер жауын деген тіркестер кездеседі, бұл жердегі «момын жауын» жазушының өзіндік метафоралық қолданысы екенін аңғарамыз. «Момын жауын» деп ақын ақырын, жылы жауатын жаңбырды ғана емес, іштей жылап, жылжып бара жатқан тірлік, өмірді де айтып отырғанын өлең жолының мағынасынан білуге болады.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында қазақ тілі байлығын молынан игерумен бірге, оны өз шығармаларына орынды және оқиға өрісіне сай үйлесімді пайдалана білген. Жазушы айтайын деген ойын нақты, қысқа түрде ықшамдап жеткізу мақсатында окказионалды қолданыстарды кеңінен пайдаланған.

Мысалы: Тас бақаның дауылының басылғаны таяуда ғана емес пе еді[6,15.б.].

Халықтық қолданыста «тасбақа» сөзі арқылы жасалған мынадай тіркестер берілген: тасбақа жүріс( тым баяу қимыл, әрекет) немесе тасбақаның аузынан шөп алған адам (диалект, өте айралы, тапқыр, епті адам) [7,495.б.]. Ал «тасбақаның дауылы» деген қолданыс жазушының қаламынан туған тіркес екенін білеміз.

Осылайша жазушының тұрақты тіркестерді халық тіліндегі қалпынан өзгертіп, әр түрлі мәнге келтіріп, өңдеп жаңа мазмұн бере ұолдануы тіл байлығы фразеологияны жақсы меңгергендерін байқатады.

«Кәрі жүрек көп қуана бермейді. Бірақ әр күн сайын таңертең төсегінен тағы да тірі өргенін көргенде қалай да көңілденеді.» [6.6 б.]

Негізінде «қатты қуану, көңілдену» деген мағына халықтық қолданыста «жүрек жарылды» тұрақты тіркесі арқылы өрнектелген. Жазушы Ә.Кекілбаев болса «қуануды» «жүрек» компонентіне тура жалғап қолданған, жай ғана

«жүрек» емес «кәрі жүрек» деп алуы суреттеп отыраған адамның жас адам емес екендігін нақтылай білдіріп тұр. Автор өз тұрғысынан жасалған осы тіркесті болымсыз мағынадағы етістікпен бірге қолданғандықтан контексте окказионал тұрақты тіркес болымсыз мағынасында көрініс тапқан.

Сонымен қатар, осы сөйлемдегі «тірі өргенін» тіркесі де басқаларда кездеспейтін, тек осы контексте ғана тән жаңа қолданыс. Таңертең малдың орнынан тұрып өріске қозғалуын «мал өрді» деп қолданамыз. Ал бұл жерде жазушы «адамның орнынан тірі өргенін» белгілі бір стильдік мақсатпен оқушысына күтпеген жерден өзгеше бір реңкпен жеткізеді.

«Бұл әншейін езу жиырса, олар шеттерінен күлімдеп қоя береді, ал енді жазатайым қарқылдап күле қалса, көздері тас төбелеріне шығып кетеді. О жазғандар езулері желімделіп қалғандай тек жымығанды ғана біледі.» [6. 11.б.]

Халық тіліндегі «езу тартты» тұрақты тіркесі «сәл ғана жымыды, күлімсіреді» мағынасында кездеседі. [7.156.б.] тұрақты тіркестің екінші компонентінің орнына «жиырса» сөзін қойып өзгерткенімен тұрақты тіркес өз мағынасынан айырылған жоқ.

Халық тіліндегі «күлім қақты» тұрақты тіркесі «жымың-жымың етті, күлімсіреді» мағынасын береді [7.290.б.]. Бұл тұрақты тіркестің бірінші компоненті етістіктің көсемше тұлғасынан ауысып (күлімдеп) грамматикалық өзгеріске түссе, екінші компоненті (қақты) «қоя берді» болып өзгерген.

«Қатты үрейленді, шошыды, қорқып кетті» мағынасын беретін фразеологиялық тіркестерді халық тілінде «жүрегі тас төбесіне шықты» деп қолданылады. Жазушы Ә.Кекілбаев өз ойын өрнектеуде фразеологиялық тіркестің негізгі мағынасын қалдырғанымен, бірінші компоненті «жүрек» -тің орнына «көздер» компонентін қолданып «көздері тас төбесіне шығып кетеді» деп көпше түрінде қолданған.

Шығарманың көркемдік нақышын келтіретін тұрақты тіркестердің құрамындағы компоненттерін басқа сөздермен ауыстыру кез-келген жазушының қолынан келе бермейтін іс екені белгілі. Бұл жағынан келгенде Ә.Кекілбаевтың өз ісіне шебер екендігіне жоғарыдағы мысалдар дәлел болатындай.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе жазушы Ә.Кекілбаевтың жалпы тілдік қолданыстағы фразеологиялық тіркестерді толық меңгере отырып, бірде оларға әртүрлі окказионалды өзгерістер енгізсе, енді бірде халықтық тұрақты тіркестердің негізінде авторлық қолданысқа тән окказионал фразеологизмдерді шеберлікпен қолдана алған. Жазушы фразеологизмдерді жаңғыртып, өңдеп. Құбылтып қолдану арқылы олардың контекстегі мәнерлегіш, көркемдегіш қасиетін арттыра түскен.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Тұрабаева Г.К. Окказиональные преобразование пословиц и поговорок. Автореф., дисс. к.ф.н. Алматы, 1989, -224 б.
- 2.Мұратова Г. Қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздер. ф.ғ.к. диссертациясы. Алматы, 1991, -145 б.

3. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987, -287 б.
4. Еспекова Л.Ә. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: филол. ғыл. канд. диссертациясы. Алматы, 1998. -164б.
5. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995, 172 б.
6. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 4. – 1999, 464 бет

**Жумабаева А.К.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Рахимжанова Г.Р.**

п.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР**

Адамды тәрбиелеу процесі - өте ұзақ күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы дегеніміз - ұжымның ықпалы мен адамның мінез-құлқын өзі тәрбиелеуінің табиғи жағынан байланысты процесі. Адамның жеке басының қалыптасуы, оның рухани оянуы бала кезінен басталады. Жас шыбық икемді болса, жас адам да тәрбиені қабылдауға сондай бейім.

Бүгінгі бала - ертеңгі қоғам мүшесі. Болашақ қоғам мүшесін дені сау, саналы да қабілетті етіп өсіру үшін баланы балғын кезінен өмірге баулу керек. Ата-ананың айтқан сөзін мүлтіксіз, екі етпей орындай білген бала өскенде құлықты да тәртіпті болып қалыптасатыны сөзсіз. Тәртіп бар жерде – тәрбие бар, табыс көп.

Халықтық педагогикада отбасы ішіндегі қатынастардың өзіндік ерекшелігі ретінде, біріншіден, балаларға деген мейірімділік, екіншіден, белгілі бір дәрежеде өктемдік орын алады. Ата - аналарды, үлкендерді, туыстық байланыстарды терең құрметтейтін ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлкендердің беделін қамтамасыз етеді. Сондықтан тәрбиедегі қаталдық пен талапшылдық халықтық педагогиканың негізі [1].

Сонымен қатар, халықтың әдет-ғұрпы оның мәдениеттік ерекшеліктері болып табылады. Халық әдептілік пен мәдениеттілікті дамыту жолында имандылық пен ілтипаттылықты, инабаттылық пен ізеттілікті ұрпағына әуелі үйретіп, жаттықтырып, дағдыландырып, әдеттендіріп, әдепті қалыптастырған.

Қазақтың халықтық педагогикасында және балалар мен жастардың қарым-қатынасын мәдениетін дамытудың күнделікті практикасында педагогикалық ықпал етудің толып жатқан тәсілдері қолданылады. Оларға әдет-ғұрыптың негіздері: ырымдар, тыйымдар, талап ету мен әдеттер, рәсім, дәстүр, салт жатады. Бұлар балаларға қайырымды, ілтипатты қатынас жасау, адамгершілік сезімдерін ояту, жанама ықпал жасау, моралдық қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту, жауапты да қызықты іс-әрекетке тарту, реніш, наразылық білдіру немесс ашулану, айыптау, бұйыру, еркелету, кінә

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

арту, жалған енжарлық көрсету. Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да өзінің ұлттық тәрбиесінің ерекшеліктері бар [2].

1. Қазақтар тәрбиені жүйелі түрде жүргізген. Тәрбиеге от басынан басқа, атасы мен әжесі, ағасы мен жеңгесі, ағайын-туыс, көршілердің бәрі ат салысқан, яғни бала тәрбиесі халықтың ортақ парызы, бірыңғай жұмысы болған.

2. Біздің халықтық тәрбиемізде үлкендердің орны әрдайым бөлек болған. Әркім өзінен үлкенді сыйлап, құрметтеп өскен.

3. Ұлттық тәрбиенің басты ерекшеліктерінің бірі халқымыздың қайырымды қамқор болуға баулыған.

4. Халықтық педагогикасында әдептіліктің мінез-құлық әдептері, жүріс-тұрыс әдептері, адамдармен қатынас әдептері деп аталатын түрлері бар. Мінез-құлық әдептері: кең пейілділік, кішіпейілділік, салмақтылық, парасаттылық, бауырмалдық, шыдамдылық, сыйластық, ұстамдылық, биязылық, білімпаздық, меймандостық және т.б. Ал жүріс-тұрыс әдептеріне кісіге қарай керілмеу, киімді жадағай жамылмау, есіктен оң аяқпен кіріп, сол аяқпен шығу, жақсыға жақын болу, жаманнан жирену, малды теппеу, тамақты оң қолмен жеу, астан соң бата қайыру, есікті қатты жаппау т.б. Қатынас әдептеріне: үлкеннің алдын кеспеу, екі қолмен амандасу, үлкеннің сөзін бөлмеу, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білу жатады. Тұтастай алғанда, жоғарыда санамалап өтілген әдептердің барлығы адам бойындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады [3].

Қазақтардың жастарға педагогикалық тұрғыдан ықпал жасауының ең көп тараған тәсілі түспалдап айту. Онда алмастай өткір сөздер, нәзік юмор көп. Түспалмен айтылатын сөздер үлкенге де, балаларға да айтылған және бейнелі, дерексіз ойдың дамуына жәрдемдескен, үлкендер ақындар сайысында, той думан, спорттық жарыстар, ойын барысында, еркін қарым - қатынас кезінде неғұрлым астарлы сөзді жиі пайдаланды.

Отбасында балалардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуда қазақтарда ғасырлар бойы қалыптасқан үй іші қатынастарының елеулі маңызы болды.

Туыстық байланыстардың беріктігі: ата - аналарды сыйлау, құрметпен қарау, үлкендерді құрметтеу, олардың балаларымен бірге тұруы, ересек балалардың іні - қарындастарының тәрбиесіне жауапкершілігі, туыс отбасыларының өзара көмегі және т.б. әдет - ғұрыптар мен дәстүрлер қазақ отбасыларының жазылмаған заңдары бола отырып, балалар мен жастардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуға жағымды ықпал етті [4].

Туыстар арасындағы: әке мен ұлдың, шеше мен қыздың, әке мен қыздың, келін мен қайын ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, күйеу мен қайын ененің, бажалардың, жезделердің, бөлелердің және тағы басқа толып жатқан туған - туыстардың арасындағы өте бір нәзік жарасымды өзара қарым-қатынас инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиеледі. Сайып келгенде, мұның бәрі жеке бастың мінез-құлқын және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға жәрдемдесті, оның кейбір проблемаларын шешуді жеңілдетті. Осы орайда, шығыс ойшылы Махмуд Қашқари ата-ананың, әсіресе, ата-әжелердің тәрбиедегі көмегінің маңызды екендігі туралы айтқаны ойға оралады. Оның:

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер, Ұлысыңда ұлы болсаң, біліміңді елге бер! - деген өлеңдер қатары отбасындағы қарияларға өздерінің немерелеріне айтар аңыз-әңгімелері мен ертегілерінің тәрбие көзі, әрі құралы екендігін ұқтырады. Ғұлама сөз қадірі мен оның күші туралы жиі айтады. Әсіресе, өсек-аяңға үйірсектік жаман қасиет екендігін жастарға ұқтырғысы келген ғалым адаммен қарым-қатынаста тек оның бойындағы жақсы қасиеттерін алуға бейім болуын ұсынады [5].

Сондай-ақ, жақсы қасиеттері дарысын деген ниетпен жас балаларға әйгілі ақын, әнші күйшінің, шешеннің атын қою сияқты алуан түрлі ырымдар ел өмірінде орын алды. Сол тәрізді кіндік шешенің әншілік, күйшілік, ақындық, адамгершілік қасиеттері балаға мұра болып қалады деген сенім бар. Ішкі отбасылық қатынастардың өзіне тән ерекшелігі ауылдың айтулы оқиғаларына туыстас отбасылардың бірге қатысуына жағдай туғызады.

Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасып, дамуына қазақтың ауызекі поэтикалық және музыкалық шығармашылығы (мақал-мәтелдер, ертегі, аңыз әңгімелер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпос, жыр, терме, айтыс, ән күйлер) орасан зор рөл атқарды және атқарып отыр. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған оның таңдамалы үлгілері өскелең ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралына айналды.

Инабаттылық - қарым-қатынас мәдениетінің бір көрінісі. Инабаттылық рәсімдері: қарапайымдылық, сыпайылық, тіл алғыштық, әділеттілік, адалдық, ұқыптылық, жауапкершілік.

Қазақта «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің» деген мақал бар. Осы мақал арқылы халық жастарды кішіпейіл, мейірімді, сыпайы болуға тәрбиелейді. Тағы бірде, «Сыпайы сырын жасырмайды» дей отырып, халық сыпайы адамның мәдениеттілікті сақтай білетінің жастарға үлгі тұтады. Сыпайы болу дегеніміз - әдеп сақтау, әдептілік үлгісін, мәдениеттілікті көрсету. Қарым-қатынас мәдениетінің тағы бір тәлімді түрі - тіл алғыштық. «Тілазардың түбі - азар» деп, халық тіл алмайтын қырсықты жек көрсе, ата салтын ардақтап, үлкенді сыйлай білетін, ананың ақ сүтін ақтайтын ұрпақтың елгезек, тіл алғыш болатынын байқайды.

Енді бірде халық жолдастық қатынастарға тоқтала отырып, балаларды мейірімді, кішіпейіл болуға, берілген уәде, айтқан серттен айнымайтын адал дос, жақсы жолдас болуға үйретеді: «Ат жаманы жолда қалдырар, жолдас жаманы қолда қалдырар» деп түйеді. «Жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» деп жас буынға адамгершілік сипатқа жатпайтын жат мінездердің барлығынан аулақ болуды көздейді. Сонымен қатар, ата-апаларға баланы шолжақ етпеу үшін онымен сөйлесуде, үлкен кісілердің өздері парасатты әңгімелер айтуға, балаға баласынып қарамау керектігін де әрқашан еске салады: «Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлеген көп ішінде өлер» деп баланың қалай өсуі алдымен ата-анаға байлаиысты екенін құптайды.

Сыйлау, құрметтеу ниетін білдірген жас ұрпаққа ата-ана, үлкен адамдар жақсы тілекті батасын береді. Бата - тәрбие бастауы. Бата арқылы ұрпаққа

амандық, адалдық, парасатылық, отаншылдық, ізеттілік, өнер-білім, ырыс-несібе, құт-береке, мұрат тілейді. Ол қандай жағдайда берілмесін, кісілікке, имандылыққа, мейірімділікке, адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелейді. «Тәңір жарылқасын», «Үлкен жігіт бол», «Бақытты бол», «Мерейің үстем болсын» деген бата-тілектер бар, үлкеннің осындай батасын алуға әрбір жас бала талпынатындай тәрбис беру қажет.

Сонымен бірге, халқымыз қыз бала мен ер бала тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктеріне аса мән берген. Қыз баланы «болашақ ана», «қонақ», «жатжұрттық» деп өте аялап, мәпелеп өсірген, бетінен қақпаған, зекіп, дауыс көтермеген. Оларды мейірімділікке, ілтипаттылыққа, ақ жаркындылыққа баулыған, үлкенді сыйлауға, жасы үлкен адамның, әсіресе ер адамның алдын кесіп отпеуге, сөйлеп тұрғанда сөзін бөлмеуге, үлкендерге тізе бүгіп сәлем беріп, өтірік айтпауға, біреудің сыртынан ғайбат сөз сөйлемеуге, әлсізге зорлық-зомбылық көрсетпеуге, жетім-жесірге, жапа шеккендерге көмектесуге тәрбиелеген.

Қазақ халқы канатты сөздердің жәрдемімен жастардың рухани дүниесіне, адамгершілік сезіміне, үлкенді аға, кішіні іні деп құрметтеген, елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауға, елді, жерін сүюге ерекше көңіл бөлген.

Осы орайда өмірлік түйгені мол, өз заманының ақылгөй даналары ата-аналарға баламен қарым-қатынас жасауда бірқатар ұсыныстар берген:

1. Бала - бақытың. Яғни оның қасыңда барына қуан. Ол өзі қандай болса, солай қабылда. Оны қорлама, жәбірлеме. Оны өзіне деген сенімінен айырма. Оны нақақтан жазалама. Оны өзіңнің сеніміңнен махрұм етпе. Сені жақсы көруіне жағдай тудыр.

2. Балаңды қорға. Яғни, оның жаны мен тәніне қауіпті нәрселерден сақта, тіпті егер, қажет болса, жеке мүдделерді құрбан етіп, басыңды қатерге байлай отырып, қорға.

3. Балаңа жақсы үлгі бол. Саналы болса балаң - бақытың, санасыз болса - сорың. Оның бойына дәстүрлі құндылықтарға деген құрмет сезімін дарыт. Өзің де сол құндылықтарға сәйкес өмір сүр. Балаға жауапкершілік сезіммен қара. Балаға үй-іші тату, қарттарын құрметтеп, жақсы көретін барлық туган-туысқандарымен етене жақын эрі, шынайы байланыста болатын отбасы керек.

4. Балаңмен балаша ойна. Яғни, балаңа арнайы уақыт бөл. Балаңды бес жасқа дейін патшадай күтіп, ханша ардақта, оған қалай сөйлеп, қалай ойнау ұнаса, солай сөйлеп, солай ойна. Мақсат-мүддесін орында. Қиял-арманына сен.

5. Балаңмен бірге еңбектен. Балаң жұмысқа қатысқысы келгенде, оны демеп жібер. Балаң өсіңкірегенде, шаруашылыққа қажет барлық жұмыстарға қатыстырып үйрет.

6. Балаңа оңай болмаса да, өз бетімен өмірлік тәжірибе алуына жол бер. Бала өз басынан өткен тәжірибені гана мойындайды.

7. Балаға адам бостандығы мүмкіндіктерінің шектерін көрсет. Ата-ана баланың әрқайсысының қабілеті мен ерекшеліктеріне сәйкес, адамның жеке басының дамуы мен тұлғалануының тамаша мүмкіндіктерін ашуға тиіс. Сонымен бірге, оған кез келген адам отбасында не бір ортада және жалпы



қоғамда өзінің іс-әрекетінің белгілі бір шектерін мойындауы және сақтауы қажет екендігін үйретуі тиіс. Сонымен бірге оған кез келген адам отбасында, не бір ортада және жалпы қоғамда өзінің іс-әрекеттерінің белгілі бір шектерін (заңды ұстану және өмір салты ережелерін сақтау, ата-анасы мен ересектердің ақыл-кеңесін тыңдау) мойындауы және сақтауы тиіс екенін үйрету қажет [6].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Капенова А. Баланың ақыл-ойы дамуындағы отбасылық қарым-қатынастың орны. /Ізденіс. 2017. №5. 117б.
2. Тұрысбаева А. Студенттерді қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. / Қазақстан мектебі. 2020. №1. 21-23б.
3. Төлеубекова Р. Отбасы және тәрбие. //Ұлт тағылымы. 2001, № 2. 53-55б.
4. Шалғынбаева Қ.Қ. Халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесі. //Қазақстан жоғары мектебі. 2012, №5. 21-23б.
5. Сейталиев Қ., Педагогиканың жалпы негіздері.-Ақтөбе, 2004-240 б.
6. Сманова Н. Ұлттық тәрбие және отбасы. /Ұлт тағылымы. 2001. №1. 98-100б

**Жумагельдина Д.М.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Рахимжанова Г.Р.**

п.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әлемде болып жатқан жаһандану, экономикалық жүйелер бәсекелестігінің өсуі мен интеграция қоғам дамуының негізгі факторларының бірі болып табылатын білім беру саласындағы жүйелі өзгерістерді айқындайды. Бұл контексте заманауи білім беруді дамытудың парадигмасы ретінде ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балалардың жеке мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, олар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін инклюзивтік білім беруді жүйелі түрде іске асыруымыз қажет [1].

Бүгінгі таңдағы педагогикалық теория мен практиканың даму тенденциялары ерекше білім беруді қажет ететін балаларды социумға неғұрлым кеңірек қосу қажеттілігімен байланысты болғандықтан мұғалімдердің инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастыру проблемасы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазіргі инклюзивті білім беруді тәжірибеде жүзеге асыратын мұғалімдер ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін мемлекеттік мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын және оқу пәндері бойынша бағдарлама мазмұнын бейімдеуде қиналатыны, олардың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, қабілеттерін түсінбеуі, жекеленген

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

оқытудың белгілі бір әдістемелерін қолдана алмауы, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен қалыпты балалар арасында тұлға аралық қарым-қатынасты орната алмауы, білмеуі және т.б. баршамызға мәлім.

Себебі, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтарды даярлау көбінесе оқушыға қажетті кәсіби құзыреттілігінің барлық жүйесін қалыптастырмай, инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындықтың жеке элементтерінің дамуы негізінде жасалады.

Олай болса, инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімді даярлау ерекшелігі білім беру үрдісінің нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, басты құзыреттер жиынтығы болатын құзыреттілік ыңғай жасауға бағытталуы керек. Негізгілері ретінде академиялық құзыреттер (жаңа білімдерді алуға қабілетін анықтайтын); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер (мемлекет пен қоғамның идеологиялық, адамгершілік идеалдарын сақтау қабілеті); кәсіби құзыреттер (проблеманы, міндеттерді қою, оны шешу жолдарын анықтау, жопарларды жасау және оларды педагогикалық әрекеттің әр түрлі салаларында орындау) бөлуге болады.

Инклюзивті оқыту – балалардың мекен-жайы бойынша оқу құқығы мен білім алуға негіз қалаушы құқықтарын қамту принципіне сүйенетін жалпыға білім беретін мекеме жағдайындағы білім беру қызметтерінің жүйесі. Сапалы білім беруге қол жеткізу мақсатымен жалпыға білім беру ұйымдары оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқыту түрлері мен әдістерін бейімдеп, қалыптасқан ресурстарды пайдаланып, қоғаммен байланыста ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруде жеке білім беру қажеттіліктері мен түрлі оқыту тәсілдерін қолдану керек.

Инклюзивті білім беруді іс жүзінде жүзеге асыру үшін тек білім орнының материалдық базасын кеңейту ғана емес, сонымен қатар қоғам мүшелерінің әртүрлі ұстанымдары мен көзқарастарын түзету және ең алдымен мұғалімдердің жаңа жағдайларда өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруға дайындықтары сияқты бірқатар проблемаларды шешу қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар білім беру мекемесін еркін таңдау мүмкіндік алуы тиіс екендігін ескере отырып, әрбір мұғалімге оның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретіндегі инклюзивтік құзыреттіліктің қалыптасуы белгілі бір деңгейіне ие болуы қажет. Ол үшін мұғалімнің бойында кәсіби құзыреттіліктің жиынтығы көрініс табуы қажет.

Мұғалімнің кәсібилігінің жетілуі әр түрлі аспектілері көрініс табуын А.К.Маркова кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін көрсетеді [1]:

1. Арнайы, немесе әрекеттік кәсіби құзыреттілік әрекетті жоғарғы кәсіби деңгейде меңгеруді сипаттайды. Ол тек арнайы білім ғана емес, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдана алуды білдіреді.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдері мен бірігіп кәсіби өзара әрекеттестікті қолдану жолдарын меңгеруді сипаттайды.

3. Тұлғалық кәсіби құзыреттілік өзін өзі дамыту мен өз ойын білдіру әдістерін, кәсіби деформацияға қарсыласу құралдарын меңгеруді сипаттайды.

Бұнда маманның өзі кәсіби әрекетін жоспарлау, өздігінен шешімдер қабылдау, проблеманы көре алу қабілеті де кіреді.

4. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін өзі реттеу, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға қарсы тұру, тұрақты кәсіби уәдемесінің тәсілдерін меңгеруді сипаттайды.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру шеңберінде орындалған бірқатар зерттеулер (О. М. Бобиенко, Г. В. Никитина, А. П. Тряпицын және т.б.) қазіргі заманғы адамға (оқушыға, студентке, маманға) қажетті негізгі құзыреттілік құрамының қандай да бір түсіндірмесін сипаттады. Осының салдарынан «құзыреттілік» ұғымының шамадан тыс саны оның құзыреттерін құрайды [2].

Педагогты инклюзивті білім беруді іске асыруға кәсіби даярлау процесінде ерекше білім беруді қажет ететін баланың денсаулығын ескере отырып жұмыс істеуге кәсіби-жеке дайындығын қалыптастыру қажет.

Педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге кәсіби-тұлғалық дайындығы оның кәсіби-гуманистік бағытынан, кәсіби-құндылық бағдары мен кәсіби-тұлғалық қасиеттері, біліктерінің жиынтығынан тұрады.

Педагогтың кәсіби-гуманистік бағыты оның кәсіби іс-әрекетінің гуманистік құндылықтарын, оған қанағаттануынан, кәсіби шеберлікті меңгерудегі мақсаткерлігінен, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың гуманистік мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі пәрменділігі мен белсенділігін ұғыну арқылы көрінеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін мұғалім кәсіби-құндылықтық бағдарлардың келесі жүйесін меңгеруі тиіс:

1. адамның жеке басының құндылығын оның денсаулығының ауырлық дәрежесіне қарамастан тану;

2. білім беру нәтижесін оны алуға ғана емес, жалпы ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке басын дамытуға бағыттау;

3. дамуында бұзылулары бар балалар үшін мәдениет тасымалдаушы және оның трансляторы ретінде өзінің жауапкершілігін сезіну;

4. үлкен рухани және энергетикалық шығындарды талап ететін ерекше білім беруді қажет ететін балалармен педагогикалық қызметтің шығармашылық мәнін түсіну.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін педагогтің кәсіби-тұлғалық дайындығының маңызды құрамдас бөлігі – бұл көмек көрсетуге дайын болу. Психологтар көпшілік адамдардың көмекке дайындығы бірдей деп санайды. Эмпатия, жауапкершілік, қамқорлық деңгейі жоғары болған сайын, көмекке дайындық деңгейі соғұрлым жоғары. Адамның көмекке дайындығы тиісті жағдайларда дамиды.

Көмек көрсетуге дайын болудың компоненттері:

- мейірімділік,
- эмпатия,
- төзімділік,
- педагогикалық оптимизм,

- өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейі,
- тілектестік,
- бақылау қабілеті,
- бақылауды қосу қабілеті,
- педагогикалық жұмысты оңтайландыру үшін бала (ересектер) туралы ақпараттың ұлғайған көлемін пайдалану қабілеті,
- перцептивтік іскерліктер (баланың ішкі әлеміне ену қабілеті),
- баланың жеке басын және оның уақытша психикалық жай-күйін нәзік түсінумен байланысты психологиялық бақылау),
- педагогикалық жұмыстың мәселелерін, міндеттерін және т.б. шешудегі креативтілік,
- шығармашылық көзқарас [3].

Олай болса, өмірдің өзі күн тәртібіне үздіксіз педагогикалық білім беру проблемасын, мұғалімнің өз бетімен үздіксіз жұмыс істеу арқылы үнемі жетілдіру қажеттілігін қоя отырып, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен өзін-өзі жетілдіруі маңызды педагогикалық талап демекпіз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафона Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2011.
2. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования // Использование научно обоснованных стратегий обучения в инклюзивном образовательном пространстве. Главы из книги / Пер. Аникеев И.С., Борисова Н.В. М., 2009.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.—Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

**Жумагельдина Д.М.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мұғалімнің даярлығының мазмұнына міндетті түрде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда олардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін білуі

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

керек, оқу-тәрбие үрдісінде осы санат топтарындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет, осы санаттағы балаларды оқытудың спецификалық әдістері мен тәсілдерін дұрыс таңдай білулері керек, сонымен қатар жеке және топтық оқыту бағдарламаларын дұрыс үйлестіре білу тәсілдерін меңгерулері тиіс. Осының бәрі педагогты инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына негіз болады. Соның барысында кәсіби құзыреттіліктің мотивациялық компоненттерін (өмірлік ұстанымға берік болу, позитивті көзқарас, кәсіби қызығушылықтарын нақтылау және дамыту, т.б.) және тұлғалық компонентін (таңдаудың саналығы, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және т.б.) дамытуға көп көңіл бөлу қажет. [1]

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты жүзеге асыруда педагогтың кәсіби даярлығын қалыптастырудың үш негізгі бағыты болады [2]:

1. Өзара сыйластық, шыдамдылық және оптимизм негізінде «педагог-бала» өзара индивидуалды жүйеде әрекеттесу қабілетін қалыптастыру.

2. Мектеп мұғалімдерінде өнімді әрекет жағдайына бейімділікті қалыптастыру:

- психологиялық бейімділік – даму мүмкіндігі шектеулі балаға пәнаралық өзара әрекетті ұйымдастыру мақсатында педагогикалық үдерістің барлық субъектілерімен («мектеп мұғалімі – арнайы педагог (дефектолог)», «мектеп мұғалімі – психолог», «мектеп мұғалімі – даму мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасы») және т.б.) өзара әрекеттесу, байланысу, сөйлесе алу қабілеті;

- технологиялық бейімділік – жалпы педагогикалық қабілет (оқушылардың әрекеттерін дұрыс жоспарлау және ұйымдастыра алу), теориялық білімді нақты баланың мүмкіндіктері мен типологиялық ерекшеліктеріне айналдыра алу және т.б.;

- білім беру ұйымының әкімшілік-педагогикалық әрекет жүйесінде педагогтарды өзара нәтижелі әрекеттесуге бейімдеу.

3. Педагогтарда даму мүмкіндігі шектеулі балалармен нәтижелі педагогикалық әрекетке әсер ететін тұлғаның кәсіби-маңызды сапаларын қалыптастыру: түрлі ерекшеліктерге қарамастан әрбір адамға құрмет, жанашырлық таныту және болашаққа оптимизммен қарау, т.б.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мұғалімнің құзыреттіліктеріне негізделген маңызды әдістемелік тұрғыдағы педагогикалық көмек түрлері жүргізілуі қажет.

Педагогтердің әдістемелік тұрғыдан инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары мынандай:

- әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтарда жұмыс;
- дәрістер, семинарлар, пікірталастар өткізу;
- зерттеу, эксперименталды қызмет;
- инновациялық қызмет және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру;
- педагогикалық қолдаудың түрлі формалары;
- педагогикалық конкурстарға, практикалық сабақтарға белсенді қатысу;

- оқытудың белсенді әдістерін, шеберлер сағаты;
- өзін-өзі жетілдіру.

Кәсіптік маңызды қасиеттердің деңгейін анықтау үшін диагностикалық әдістемелер кешенін пайдалану қажет, ол диагностика нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогке қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек және диагностиканың нәтижесі өз белсенділігін түзетуге, дамытуға, құзыретті педагог үшін қажетті құрамдас бөліктерді жетілдіруге бағытталуы керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мектеп мұғаліміне кейбір кездері жалпы білім беру үдерісіне баланы нәтижелі енгізу үшін қосымша кеңес пен қолдау керек болуы мүмкін.

Кеңесті әр түрлі дереккөздерден алуға болады [2].

1) Консультативті-әдістемелік орталықтар, педагогтарды қолдау орталықтары немесе ресурстық орталықтарда балаға бағдарланған нәтижелі, инклюзивті білім беру әдістері, материалдар мен сабақтағы әрекеттер бойынша кеңестер алуға болады.

2) Әлеуметтік педагог немесе бала психологы психологиялық жарақат алған немесе оқудағы қиындықтар туындаған жағдайда, баланың әлеуметтік немесе мінез-құлық проблемалары оның отбасымен немесе/және құрдастарымен байланысты үзуге әкелген жағдайларда көмек көрсете алады.

3) Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының педагогтары мен логопедтер нақты әрбір балада негізгі дағдыларының (күнделікті өмір, ойын, араласу, оқыту) даму ерекшеліктерін практикалық түсінуді қалыптастыруға, бұл балалармен жұмыс жоспарын жасау мен бағалауда көмектесе алады.

4) Медициналық қызметкерлер, әр түрлі маманданған дәрігерлер, диетологтар әр түрлі органикалық немесе қызметтік себептерден болған бой өсуінің тежелуі, көруі немесе естуі нашарлаған, оқуы мен мінез-құлқында проблемалар туындаған жағдайда елеулі көмек көрсете алады.

Инклюзивті білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата –аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету

мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген.

Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру бағыты бойынша мынандай іс-шаралар көрсетілген:

1. денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға (бұдан әрі – ПМПК) «медициналықтан» «педагогикалық» үлгіге көшуге мүмкіндік береді.

2. инклюзивті практикаларды дамыту және педагогтермен тәжірибе алмасу үшін мектептер базасында ресурстық орталықтар құрылады.

3. мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етілетін болады.

4. Кәсіби стандарт негізінде осы бағыттағы педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) үшін біліктілік талаптары жаңартылады[3].

Сонымен, инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту негізінде білім алушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Кеңес педагогы К.Д.Ушинскийдің білім алғанша, қазіргі жағдайда мұғалім ерекше маңызға ие екендігі туралы пікірі біздің зерттеу тақырыбымыздың маңыздылығын ашады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Л.И. Акатов. – М.: ВЛАДОС, 2003.

2. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафона Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2011.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

**Жарылгасинова Ж. Г.**

**Галымова Ж.М.**

тарих пәнінің мұғалімдері, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАМАНАУИ ОҚУЛЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан тарихы бойынша заманауи оқулықтармен жұмыс істеудегі кейбір мәселелер - қоғамдық пікірді тітіркендіретін тақырыптардың бірі болып табылады. Тарих оқулықтар, олардың жағдайы қандай, олар қойылатын талаптарға қаншалықты сәйкес келеді? Аталған сұрақтар көптің көкейінде жүрген негізгі сауал...

Қазақстан тарихын оқытуға байланысты міндеттер де өзгерді. Қазіргі заманауи жаңартылған білім беру тек фактілерді білуді ғана емес, сонымен бірге тарихи оқиғаларды, құбылыстарды сыни талдау және бағалауды қалыптастыру мен дамыту, сондай-ақ тарихта қалған кейіпкерлердің отандық тарихқа әсер етуі қызметін талдап, бағалау. Яғни, мақсат - оқушыларда қазақстан тарихы туралы білім емес, түсінік қалыптасады.

Көбінесе тарих оқулықтарында белгілі бір кезеңге қатысты нақты тарихи фактілердің жетіспейтіні өкінішті. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін қарай, көбірек нақты дәлел келтіру жақсырақ болатын еді.

Әр түрлі дәуірде тарих оқулықтары әртүрлі міндеттерге сай жазылған сияқты. Және де дидактикалық тұрғыдан байқайтын болсақ, онда кеңес дәуіріндегі оқулықтар тартымдырақ болып көрінеді. Олар әдістеме бойынша тереңірек, фактологиялық тұрғыдан және тұтастай алғанда тұжырымдамалық болып көрінеді. Өзіміз де сол оқулықтармен білім алып, жоғары оқу орнына түсіп, бүгінде білім саласында қызмет жасап отырмыз.

Маңыздысы оқулықтар білім алушылар үшін неғұрлым түсінікті қарапайым тілде жазылғаны абзал сияқты. Көбінесе мәтіндерді емес, ал белгілі бір логикаға сәйкес фактілер мен оқиғаларды қысқаша және түсінікті болатын әр түрлі схемаларды, кестелерді көбірек пайдаланған дұрыс болатын сияқты. Қазіргі білім алушы оқушы болсын, мейлі ол студент болсын шұбалаңқы бірнеше беттік мәтіндер шошытады, ал кестелерде сөз аз, бірақ сонымен қатар көптеген ақпарат болады, міне мәселе сонда сияқты...

(Өзіміздің де студент балаларымыз бар. Олардың да айтатын ойы сөз аз, кесте көбі есте сақтауға көп мүмкіндік береді дейді).

Жалпы оқулықтарды жазу мен шығару барысында бәсекелестік болса ғой. Мүмкін сапасы да сол уақытта артар, бәлкім?...

Сондай -ақ, тарихты қандай оқулықтар бойынша оқу керек екенін білім беру мекемесі мен пән оқытушысының таңдауына қалдырған дұрыс сияқты.

Бәлкім осының нәтижесінде шын мәнінде сапалы оқулықтарбағдарламада қалатын болар.



Және де оқулықтарды жазған кезде қалалы, ауылды жердегі білім мекемелерінің тәжірибелі мұғалімдері тартылса.

Оқыту барысында көбінесе біз ұшырасатын мәселе - оқулықтар пән бойынша типтік оқу бағдарламасымен кейде үйлеспейді, қандай да бір параграфтың мазмұны тақырыпқа сай келмейді, ал ең сұмдығы оқулықтар жыл басында емес, жыл аяғында білім беріліп болғанда кітапханаға келетіні. Тағы бір кемшілік – мәтінді баяндаудың академиялық тілі. Ол оқушылардың қабылдауына өте күрделі, сондықтан сабақта оны неғұрлым түсінікті тілге аударуға тура келеді».

«Кейде оқулықтардың авторларында оларды кімдер үшін жазып отырғаны туралы мүлдем түсінік жоқ деген сезім туындайды. Оқушылар психологиясының жас ерекшеліктерін толық түсінбеуі айқын көрінеді. Бұл әсіресе орта буын оқулықтарына қатысты. Баяндау тілі ауыр, оған бейнелеулер жетіспейді, сөйлемдер өз конструкциясы бойынша өте күрделі, сол себепті оқушыларға авторлардың ой-өрісін және негізгі мағынасын түсіну өте қиын».

- Жақында ҚР білім және ғылым министрі «оқулықтарға сараптама жүргізу үшін мұғалімдердің біліктілік деңгейі жеткіліксіз» деп мәлімдеді. Қалай да бір оғаш жағдай қалыптасып отыр. Біреулер мұғалімдерге жұмыс істеуге тура келетін оқулықтарды жазады, бірақ олардың біліктілігі жетіспейтін болса, олар қалайша ол жұмысты іске асырады?

«Мұғалімдерді оқулықтарды сараптауға тартады. Олар сол оқулықтарды адал зерделей отырып ескертулер мен ұсыныстар жазады, кемшіліктерді, тіпті грамматикалық және тіпті нақты қателіктерді көрсетеді. Бірақ менің қалыптасқан пікірім бойынша, педагогтарды ол іске тек қана оқулық сараптамадан өтті деп есеп беру үшін ғана қосады. Шын мәнінде олардың пікірлері ескерілмейді, және барлық кемшіліктер мен қателер сол қалпы өзгертусіз қалады».

«Шындығына келсек, бұл сұрақтың қойылуы бірнеше оғаш болып көрінеді, мен тіпті ол қате сұрақ деп айтар едім. Ал министрдің өзі мектепте ең болмағанда бір сабақ берді ме екен? Сонда оқулықтар менің әріптестерімнің көпшілігі түсіне алмайтын деңгейде жазылатын болғаны ма? Бірақ ондай болса – бұл елдің бүкіл мектеп жүйесіне қатысты нәрсе...».

- Бір дәйексөз келтірейін: «Республикада тарих оқулықтарына қатысты таңқаларлық жағдай қалыптасты: бірнеше жыл бойы ол оқулықтарды мұғалімдер, ата-аналар, балалар және тіпті президенттің өзі де сынға алады, бірақ олар сол қалпы жақсы жаққа қарай өзгермеген көрінеді». Сіздің пікіріңізше, мұндай қайғылы жағдайдың басты себептері қандай?

«Ал мен мұндай пікірмен келіспеймін. Шын мәнінде, олар бұрынғыдан әлдеқайда сапалы болып бара жатыр, материалды бергенде көбірек схемалар, кестелер қолданылады. Бірақ оқулықтарды негізінен жоғары оқу орындарының оқытушылары немесе академиялық қызметкерлер жазады, ал оларға ақпаратты қабылдаудың басқа деңгейіне есептелген өз стилін өзгерту қиын. Мүмкін, мәселенің түбірін осы жерден іздеу керек шығар?».

«Барлық кемшіліктерді есепке ала отырып, жағдай соншалықты үмітсіз деп ойламаймын. Оқулықтардың тұрақты түрде қоғамдық мониторингке ұшырауының өзі олардың сапасына әсер етпей қоймайды. Менің ойымша, мұнда уақыт пен шыдамдылық қажет. Сонымен қатар, министрлік пен біздің, мұғалімдердің арасындағы өзара түсіністік болуы маңызды. Егер оқулықтарды жазу жұмыстарына мектеп педагогтарын белсенді түрде тартып, олардың ескертулері мен тілектерін барынша толық ескеретін болса, онда жағдай түзеле бастайтынына сенімдімін. Ақыр соңында, біздің барлығымызда бір ортақ мақсатымыз бар.

- Қазақстан тарихының оқулығы бірінші кезекте (сіздің таңдауыңыз бойынша) нені көрсету керек: қазақтар тарихын ба, ел тарихын ба немесе тағы бір нәрсені ме?

«Менің ойымша, ол бірінші кезекте нақты фактілер мен оқиғаларды хронологиялық ретпен көрсетуі тиіс, әйтпесе бұл тарих емес. Сондай-ақ, көп ұлтты республикамызда өмір сүріп жатқанымызды, мемлекетіміздің дамуында түрлі халықтардың өкілдері үлкен рөл атқарғанын міндетті түрде ескеру қажет. Яғни бұл қазақтардың да тарихы, жалпы елдің де тарихы болуы тиіс».

«Менің көзқарасым бойынша, оқулық тарихи шындықты көрсетуі керек. Иә, әртүрлі кезеңдерде оларды түсіндіру әртүрлі болуы мүмкін, бірақ кез келген жағдайда тарихи шындық деп аталатын нәрсе өз құндылығын жоғалтпауы керек. Сондықтан оқулық барынша әділ және адал болуы тиіс.

Қазақстан тарихы – бұл көп қырлы, көп сырлы және өте қарама-қайшы процесс. Онда мұқият зерттеуді, талдауды, дұрыс түсіндіруді қажет ететін «ақ дақтар» көп. Оларды мектеп оқулықтарында қалай баяндауға болады? Бүгінгі күннің жағдайын күрделендірмеу үшін қандай да бір қиын оқиғаларды, тарихи кейіпкерлердің іс-әрекеттерін қалай түсіндіруге болады? Мұндай сұрақтар көп, ал біз оларға жауап табуымыз керек».

- Әртүрлі көзқарас, кез келген тарихи фактілерді, трендтерді әртүрлі түсіну, қандай да бір тарихи кейіпкердің рөлін бағалау көбінесе адамдарды бөледі және тіпті қоғамды бөле алады. Бұл тұрғыда сіз Қазақстан тарихы оқулықтары туралы не айта аласыз?

«Бақытымызға орай, негізінен олардың авторлары оқушыларға тарихи үдерістердің субъективті көзқарасын күштеп қондырмауға тырысады».

«Менің ойымша, бұл сұраққа қазақстандық шындықтың өзі жауап беріп отыр. Біздің көпұлтты және көпконфессионалды қоғамымыз егеменді дамудың барлық жылдары бойы тарих мәселелерін (соның ішінде мектеп оқулықтарын) дұрыс және ұстамды түсіндірудің арқасында бүкіл дүниеге төзімділік пен өзара түсіністіктің үлгісін көрсетіп келеді».

Елбасы өз Жолдауында жалпы орта білім беретін мектептерде отандық тарихты оқыту мәселесін қозғап, Қазақстан тарихы пәнінде кездесетін кемшіліктерді түзетуді тапсырған болатын.

Қазақстанда орта және жоғары оқу орындарында Отан тарихын оқыту және жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді жетілдіру – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сонымен қатар, заман талабына сай оқулықтар жазу, ғылым және

білім кадрларын даярлау, олардың білімі мен білігін жетілдіріп отыруды ұйымдастыру шаралары кеңінен қарастырылуда. Елімізде жастарға Отан тарихынан дәрістер беру және оны жете түсіндіруге тырысу үшін заманауи ақпараттық технологиялар мен құралдарды пайдаланудың да қажеттілігі бар. Себебі, ұстаз өзі дәріс беру барысында мектепте немесе жоғары оқу орнында болсын жас ұрпақтың ұлттық санасын оятып, тарихи танымын арттыруы қажет. Елімізде білім жүйесін реформалау жалпы орта және жоғары оқу орындарының қызметін жаңаша ұйымдастыруға, білімнің мазмұнына, сондай-ақ, оқыту технологиясына да өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Оқу үдерісіне жаңа бағыт беріп, оның даму жолдарын ХХІ ғасырдың талабына сәйкес айқындау үшін білімнің әртүрлі салаларына білім және ғылым, білім және адам құқығы, білімнің қоғам дамуындағы әсері, білім беру барысындағы жаңа технологияға талдау жасалып, қорытындылану қажет. Жазылған оқулықтардың көбі орыс тілінен аударылады, оны орталықтың сарапшысы оқиды. Егер де сарапшы аударылған оқулықты түсінбесе, онда мұғалімнің кітапты түсінуі қиынға соғады. Сондықтан барлық оқу құралдарын сапалы, жүйелі аударған жөн. Қазақстанның білім берудегі өзекті проблемаларының бірі – мемлекеттік тілдегі сапалы жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын даярлау болып табылады.

Мемлекеттік тілдегі оқулықтар алдымен қазақ тілінің дамуына орасан зор үлес қосумен қатар мамандардың сұранысқа ие болуларына бірден бір жол болмақ.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт тарихын мектепте оқытудың маңыздылығына, мектеп оқулықтарының сапасына әрқашан көңіл бөлетінін атап көрсетті. Елбасы оқулықтар сапасына бірнеше рет әділ сын айтып, жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде тапсырмалар берілгеніне және оны іске асырудың кейбір жолдарына тоқталды.

Электронды оқулық – сабақтар, суреттер мен бейне-аудио жазбалар, әртүрлі графикалар, анимациялық тапсырмалар электронды түрде берілетін оқу құралы ғой негізінде. Тарих сабағында АКТ –ны пайдаланудың тиімділігі мен практикалық қолданысы туралы .

Білім беруде ақпараттық коммуникациялық-технологияларды қолданғанда оқушыны оқыту үдерісіне, сабақты басқаруда, жоспарлау және өткізуде, бағалау мәселелерінде қамтылды. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану - басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сондықтан тарих сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден- бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық

тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейне көріністер алып талдау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Мысалы мен «Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы Қазақстан» тақырыбын өткенімде қазақ халқының ерлікпен күрескен сәттерін оқытып үйрету кезінде «Жау жүрек мың бала» фильмінен үзінді көрсеттім. Оқушыларға сұрақ қоя отырып, жоңғар шапқыншылығының халқымыздың қалыптасуына тигізген зардаптары жайлы өздерінің ой –пікірлерін айтуды сұрадым. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге, бір-бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды. Бейне роликтер алу барысында тарихи кейіпкерлердің жаңа заманда қалай зерттеліп жатқанын біліп отырады.

АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыны мына қадамдарға бағыттайды

1. Оқушы танымын кеңейтеді
2. Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды .
3. Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді.

Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады.

3. Оқушылардың көз қарасын кеңейтеді.
4. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі.
5. Тарихты оқуға және үлгерімді жоғарылату қызығушылығы туады.
6. Теориялық материалды толық игеру болады.
7. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өңдеу.
8. Өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы.

Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің еңбек өнімінің жоғарлауы болады.

Қорытынды. Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені

нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады :

- 1.оқушының белсенділігін арттыру
- 2.шығармашылық қабілетін дамыту
- 3.оқушы дарыны мен талантын анықтау

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты- өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған рухани бай тұлғаның орны айрықша. Қазіргі білім берудің мақсаты да- жан-жақты жетілген, рухани өр тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту-мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған жауапты міндет екені сөзсіз. Оқушының шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет.

XXI ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу-қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе .Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін

### **Пайдаланылған әдебиеттертізімі:**

1. ҚР жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «НЗМ» ДББҰ, 2012ж
- 2.Ақылдың кені/Ұлағатты сөздер/-Алматы,2008 жыл.
- 3.Қисымова.Ә.К.Оқыту технологиялары.-Алматы,2007 жыл

**Жунускулова М. Б.**

2 курс магистранты, Әлихан Бөкейхан университеті, Семей қаласы

## **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АУЫТҚУЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ**

Жеткіншек шақтағы кезең, баланың психикалық аймағын барлық жағын өзгертетін кезең. Ерекше өзгерістер интеллектуалдық әрекетінің дамуында болып жатады. Жеткіншек кезеңге әсіресе, танымдылыққа ұмытылу, өз пікірінің қалыптасуы, интеллектуалдық мәселелерге шығармашылық көзқараспен қарау тән болып келеді. Сонымен қатар, жеткіншек жаста өзіндік дамуына байланысты дене бітімі өзгеріп, психологиялық үйлесімсіздік пайда болады. Бұл өзгерістер жеткіншектердің бойына әр түрлі әрекеттердің пайда болуына әкеліп соғады, яғни оларда шыдамсыздық, дөрекілік, жиі кездеседі. Қызығуында маңызды өзгерістер байқалады және рухани қажеттіліктері дамып, құндылығы бағыты, өзіндік дүниетанымы, қоғамға, өзге адамдарға, өзіне көзқарасы қалыптаса бастайды. Жеткіншек кезеңнің ерекше зейінді аудартатын, бұл әлеуметтік - психологиялық және биологиялық жағдайы, балалалық шақтан ересектік кезеңге өтуі. Осыған байланысты, психикалық ерекшеліктердің өзгеруі және басқа қасиеттердің пайда болуы олардың психологиялық денсаулықтарына түйінделеді.

Қазіргі кезеңде жеткіншектерді зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен тұжырымдамалар негізге алынады. Психиканың онтогенезде даму мен тұлғаның қалыптасуы жайлы Л.С.Выготский [1] мен А.Н.Леонтьевтің [2], С.Л.Рубинштейннің [3] ғылыми мектебінде қалыптасқан психикалық даму теориялары, жеткіншек жасының ерекшеліктерін зерттеген негізгі жұмыстар және жеткіншектердегі тұлғалық дамудағы өзіндік сана сезімдерді зерттеген тұжырымдамалар қарастырған. Кейбір зерттеушілер кәмілетке толмаған балалардың психикасының алғы шартты дамуын бірбеткей түсініп, оның осы қасиетін өзгерістерге ұшырауының шегі жоқ, өзгерілгенде ешқандай қалдықсыз, түгі қалмай өзгереді дейді. Бұл жерде түгі қалмай өзгереді дегенде жаңа мен көненің арасындағы күрес жөнінде айтылып отыр. Диалектиканың заңдылығы бойынша, жаңа дегеніміз көненің негізінде өріс алып, оны жеңеді, бірақ біржолата құртпайды, көнеден қалған «қалдықты» өзінің өркендеуі үшін пайдаланады. Осы қағиданы кейбір зерттеушілер еске алмай, психика өзгергенде үздіксіз өзгеріп отырады да, ең аяқ кезінде қалдық деген кездеспейді, - дейді. Бұл түгелдей қате пікір. Себебі егер бұрынғыдан ештеңе қалмай, психика үнемі жаңа сипатта кездесетін болса, онда ешқандай психикалық дамудың болуы мүмкін емес. Психика даму үшін жаңамен қатар көне, ескіден қалған қалдықтар болуы шарт. Психиканың дамуында көнеден қалған қалдықты біз инвариант латын тілінен аударғанда "өзгерілмейтін" деп атады.

З.Фрейд [4] және Л.И.Божович [5] еңбектерінде жеткіншек үлкендердің қамқорлығына көнбейтін өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық деп түсіндірді.

Бала жеткіншек жасында дене және физиологиялық даму жағынан үлкен өзгерістерге ұшырайды. Егер бастауыш кластарда баланың денесі белгілі бір мөлшермен біртіндеп өсетін болса, жеткіншек кезінде тез өседі. Бірақ, өсуі бір мөлшермен іске аспайды. Кейде тым шапшаң, кейде баяу дамиды. Мұндай түрліше қарқынмен өсу 11 -ден 16-ға дейін созылады да, кейін өз қалпына келеді. Қыздардың денесінің тез өсуі 13 жаста, ұлдарда 15 жаста кездеседі. Бұл кезде ересектердің сүйегі мен шеміршектері нығайып, бұлшық еттері күшейеді. Осының нәтижесінде 13 жастағы қыз күш жағынан шешесінен кем емес, 15 жастағы ұлдың күші әкесінің күшіне жақындайды. Жеткіншектердің дене құрылысы онша үйлесіп жарымайды [6]. Көптеген психологтардың айтуы бойынша дағдарыс кезеңінде жеткіншектің өзіндік «Мені» қалыптасады.

«Меннің» қалыптасуын кейбір психологтар Б.С.Мерлин [7] адам өзіне-өзі тең екенін білу деп анықтама берді. Жеткіншек өзінің «Мен» деген қасиетін өзінің ісін, қылығын бағалаумен байланыстырады. Кішкентай бала кезінде әркім өзінің бағалауын жақсы білмейді, тек өзгелерді бағалауға икем келеді. Жеткіншек шақтағылар өзінің келешегі жөнінде арман ететін болғандықтан, өзінің әрбір кемістігіне, кемшілігіне, сәтсіздігіне мән беріп, осыған талдау жасайды. Мұны психология ғылымында рефлексия механизмі деп атайды. Жеткіншек мінез-құлықтарының тағы бір белгісі ұмтылыстарының қарама-қайшылығы және олардың тұрақсыз мінез-құлықтары болып табылады. Жеткіншектің эмоционалдық күйлерінің қарама-қайшылығы психологиялық жағдайсыздықтар мен қорқыныш, алаңдаушылық, өзін жалғыз сезінуі т.б. Эмансипация реакциясымен қатар А.Е.Личко [8] жеткіншектің жора-жолдастарымен топтасудың ерекшелік жеткіншектің реакциясын атап көрсетеді. Бұл реакция үлкендер үшін мағынасыз болғанымен, жасөспірімдердің эмоционалдық талап-тілектеріне жауап береді. Дамудың осы кезеңі дағдарысты кезең ретінде сипатталатына қарамастан, дағдарыстың өзі әр түрлі өтуі мүмкін. Дағдарыстың сипаты мен мазмұны жеткіншек дамуының әлеуметтік жағдайын анықтаушы қайшылықтардың қаншалықты өткір екендігіне байланысты. Егер олар мұғалімдердің, ата-аналардың және тағы басқа үлкендердің ескертпелі іс-әрекеттерімен жұмсаратын болса, жасөспірім мен ата-аналардың өздері ешқандай дағдарысты сезінбеуі де мүмкін. Жеткіншектердің тұлғасы мен мінез-құлықтарындағы елеулі өзгерістердің себептері «даму міндеттерімен» байланысты. Олар былайша бөлінеді: а) жеткіншек өзінің дене жағынан жай-күйінің өзгерістеріне бейімделуі, өзінің денесін қабылдауы және тиімді пайдалануы; б) қарама-қарсы жыныс өкілдерімен ересектік қарым-қатынасқа қол жеткізу; в) интеллектуалдық қабілеттерін дамыту;

- 1) мінез-құлық сәйкестендірілетін құндылықтар кешенін жасап шығару;
- 2) әлеуметтік жауапты мінез-құлыққа қол жеткізу;
- 3) кәсіпті таңдау және кәсіптік қызметке даярлық;

Осы тізім жеткіншектік жас ерекшелігінің негізгі саласын бөліп алуға мүмкіндік береді. Бұл - жеткіншектің жыныстық, танымдық және әлеуметтік дамуын көрсетеді.

А. И. Захаровтың [9] айтуынша, жеткіншектердің қорқыныштары елеулі түрде осы жастың негізгі қайшылықтарымен байланысты:

жеткіншектің өзін-өзі болуға ұмтылысы мен өзінің жеке индивидуалдығын сақтау, сонымен бірге, өзінің құндылықтары мен нормаларына сәйкес топпен бірге болу. Бұл мәселені шешу үшін жеткіншектің алдында екі жол бар: жолдастарынан арылып өз-өзімен қалу, не өзінің бостандығынан, дербестігінен бас тартып, топқа толығымен тәуелді болу. Басқаша айтқанда, жеткіншекке өзімшіл мен конформизмнің бірін таңдауға тура келеді. Мұндай қайшылықты жағдай оның айқын әлеуметтік жағдаймен байланысты қорқыныштарының негізгі себептердің бірі болып табылады.

Есею сезімінің түрлерін Т.В. Драгунова [10] анықтап, зерттеген:

1. Есеюдің сыртқы белгілеріне еліктеу – шылым шегу, құмар ойындар ойнау, спирттік ішімдіктер ішу, ерекше лексикада сөйлеу, киім кию мен шаш қоюда ересектер модасына еліктеу, бұлар есеюге жетудің ең жеңіл және қауіпті түрлері. Көңілді, жеңілтек өмір стиліне еліктеуді әлеуметтанушылар мен заңгерлер «бос уақытты өткізу мәдениетінің төмендігі» деп атайды. Танымдық қызығушылықтар жоғалып, уақытты көңілді өткізуге деген бағдар қалыптасады.

2. Кәметке толмаған ер балалардың «нағыз жігіт» қасиеттеріне ұмтылуы. Бұлар күш, ержүректік, батылдық, шыдамдылық, ерік жігер, достыққа адалдық. Өзін тәрбиелеу үшін спортпен шұғылдану жолға қойылды. Бір қызығы, қазіргі заман қыздары да осы қасиеттерді иеленуге ұмтылады.

3. Әлеуметтік ересектік. Көптеген іс – әрекет түрлеріндегі жеткіншек пен баланың серіктесуі шартында туындайды, бала ересектің көмекші рөлін атқарады. Бұл қиыншылықты бастан өткеріп жатқан отбасыларда байқалады. Жақындарына қамқорлық, олардың жағдайын жасау өмірлік құндылыққа айналады.

4. Интеллектуалды ересектік. Жеткіншектің бір нәрсені шынайы біліп, істей алуға ұмтылысы. Бұл мектеп бағдарламасынан тыс танымдық іс – әрекеттің дамуына итермелейді. Жеткіншек білімінің мәнді көлемі өз бетінше жұмыстың нәтижесі. Бұл оқушылар үшін оқу тұлғалық мәнге ие болады.

Р.С. Немовтың [11] пікірінше агрессия екі тенденцияға ие; не агрессияға тенденция немесе оны тежеуге тенденция. Агрессиялық әрекеттерді тежеу мотивтері белгілі бір мінез - құлықты белсендіруде шешуші рөл атқарады. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей жоғары деңгейлі агрессияға бейім субъектіде шынайы өмірде ол бейімділік көрінбейді. Тежелудің қайнар көздері сыртқы және ішкі болады.

Р.С. Немовтың [11] айтуынша жазалау орындарында жүріп жатқан жеткіншектердің бостандыққа жүрген құрбыларына қарағанда агрессиялық әрекетті іштей тежеу деңгейлері төмен болады. Сонымен бихевиористік бағыттағы зерттеушілер агрессияға байланысты көп жағдайларды анықтады,



біріншіден оның түрлерін (физикалық, вербалды, тура, жанама) және агрессия мен өшпенділік ұғымдарын ажыратып көрсетті. Қай теориялық бағытты алсақта агрессияның табиғатын ашуға негіз болды. Зерттеушілердің басым көпшілігі диагностика мен коррекцияның бірлігін жақтайды. Коррекциялық бағдарламалар агрессиялық мінез - құлықтың себептерін, типтерін анықтауға мүмкіндік береді

3. Фрейдтің [21] айтуынша көптеген ер адамдардың жыныстығы өзіне бағынышты ету ыңғайын көруге болады, әйелді ұру, оған зорлық - зомбылық көрсету арқылы кейбір ер адамдар содан ләззат алуы мүмкін.

А.Е.Личконың [8, 19-40 бб.] пікірі бойынша мінез-құлық ауытқуларының топтастырылуы екі бағытта, яғни ауытқуының көріну түрі (делинквентті, үйден қашу, қанғыру, ерте кезден ішімдік ішу, жыныстық қарым-қатынас ауытқулары, өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлық) және олардың негізінде жатқан себептер, ықпалдар, түрткілерге өзара байланысы бойынша (биологиялық және әлеуметтік психологиялық негіздер) жүргізілуі тиіс. Мінез-құлық ауытқуының биологиялық негізіне, ол генетикалық ықпалдарды, бас миының резидуалды-органикалық зақымдануын, акселерация және инфантилизм құбылыстарын жатқызды. Ал әлеуметтік психологиялық негізіне әлеуметтік орта мен жеткіншек жастағылардың психологиялық ерекшеліктерін жатқызды.

К.С.Лебединский [12] жалпыға бірдей мектептегі тәрбиесі қиын жеткіншектердің аффективті қозғыштық белгісін зерттеп, талдау жүргізу негізінде оларды екі топқа бөлді:

1. Жеткіншектердің аффективті қозғыштық деңгейін патологиялық деп бағалауға болмайды. Оларға мінез-құлықтың жеңіл түрде зақымдануы, жабын күй реакциялары мен құбылмалы көңіл-күйдің болмауы, аффективті реакциялардың сомато-вегетативті құрылымының –жеңіл, қолайлы жағдайларда мінез-құлықтың орнын толтыру қабілеттілігі тән. Олардың аффективті ашулары қысқа мерзімді және жеткіншектердің оларға өздерінің белгілі сынауы тән болып келеді. Бұл топтағы жеткіншектердің мінез-құлық ауытқулары шағын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалуымен ескеріледі. Көпшілігінде тұрақсыздық, өзін-өзі бағалауының толық дамымаушылығы, талаптану деңгейінің төмен болуы белгіленген. Сонымен қатар, жыныстық қарым-қатынасқа байланысты қызығушылықтары айқын көрініп, ақыл-ой деңгейі орташа қалыпта болуы көрсетілген.

2. Мінез-құлықтары ауытқыған және аффективті қозғыштығының патологиялық деңгейіндегі жеткіншектер. Олардың қолайсыз жағдайда тәрбиеленген шеңберінде резидуалды ми кемістігінің орны толмауы және талма ауруы, ақылынан айырлан ауру түріндегі органикалық психопатия айқындалып, қозғыштық типі бойынша патологиялық және қалыпта тұрған шеңберідегі тұлғаның қалыптасуы белгіленді. Сонымен қатар, бұл топтың қыздары мен ұлдары арасындағы ерекшеліктерінің айырмашылығы да көрсетілген. Мәселен, ұл балаларда агрессиямен қатар аффективті дәрежеге бейімділіктің болуы белгіленген. Аффективті қозғыштықтың байқалуы олардың дәрежелілік

жыныстық қарым-қатынасқа қызығушылықтың жоғарлауы, ішімдікке ұмтылу түрінде эмоционалды тежелу құштарлығымен үйлеседі.

К.С.Лебединская [12] және В.А.Малинаускене [13] зерттеулерінде психопат тәрізді көріністер мінез-құлықтың әлеуметтік ортаға қарсылық білдіру түрлерінің қалыптасуын қамтамасыз ету жөнінде сипатталған.

Қазіргі қоғамның ғылым тілімен айтсақ, девиантты мінез – қылық деп (өзін – өзі өлтірумен қатар нашақорлық, қылмыстық, басқаларға агрессивті әрекеті) қылық әрекетінің іздерін айтамыз.

Сонымен қорыта келе, девиантты мінез – қылық көп жақты анықтаушы (полидетерментті) жүйелі құбылыс. Девиантты мінез – қылық пайда болғанда, тарихи, әлеуметтік - психологиялық, микроәлеуметтік жеке тұлғалық факторлар әрекеттенеді. Девиантты мінез – қылықтың жиынтығының себептерін зерттеу міндетін пән аралық ғылыми міндет қамтиды. Осы құбылыстар ғылыми пәндердің ешқайсысы да түсіндіруге демек, қоғамдық әрекеттерде алдын алу үшін даярлауға қажеттіліктің ұғымдылығы жоқ.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалынған талдау мен жүргізілген зерттеулер нәтижесі мұндай жағдайлардың біріне оңалтудың ерекше ортасын қалыптастыру қажеттілігін көрсетті. Яғни, оңалтудың кешенді түрін қиын балалар мен жеткіншектерге қолдау көрсететін, оларға қажетті жәрдем бере алатын субъектілер жүзеге асыруы кере

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. — М., 1996, 21-40 б.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. — М., 1975. 25 б.
3. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. — М.: Педагогика, 1989, Т.1. 295 б.
4. Фрейд З. "Я и Оно". - Тб 1991. 120-175 б.
5. Божович Л.И. Личность и ее развитие в детском возрасте. — М., 1968.
6. Коменский Ян Амос: Учитель учителей («Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.). М.: Карапуз, 2009, 288 с.
7. Мерлин В.С. Структура личности: характер, способности самосознание. Нормы. Пермский гос.пед.институт М., 1990, 110 б.
8. Личко А.Е., Иванов Н.Я. Патохарактерологический диагностический опросник для подростков. — СПб., 1992. — 65 б.
9. Захаров А.И. Как преодолеть отклонения в поведении ребенка. М., 1986, 122 б.
10. Драгуновой Т.В., Эльконина Д.Б. Возрастные и индивидуалтные особенности младших подростков. — М., 1967, 104 б.
11. Немов Р.С. Психология. М., 2004, 216 б.
12. Лебединская К.С., Райская М.М. Подростки с нарушениями в аффективной сфере. — М.: Педагогика, 1988. — 85 б.

13. Малинаускене М.А. Клинико-психологическая характеристика нарушений поведения у подростков, страдающих олигофренией. Автореф .... канд. психол. наук: 15.10.77. — М., 1977. — 30 б.

**Исина Ж. Ш.**

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Нұрлыбек Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ, ШҚО Бесқарағай ауданы  
Қарағайлы ауылы

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ БАҒА ЖЕТПЕС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЛІМІ**

Қазақстан Республикасы өз дамуында ғылыми-техникалық, ақпараттық, саяси, экологиялық және рухани қамтамасыз етудің жаңа деңгейіне шықты. Республика өміріндегі бұл өзгерістер білім беру жағдайын, оның сапасын қайта қарауды талап етеді. Соңғы жылдары білім беру сөзбен емес, іс жүзінде мемлекетіміздің дамуының басым саласына айналатыны даусыз. Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында білім беру стратегиялық сала ретінде ерекшеленеді, оған бөлінетін инвестициялар ең тиімді болып табылады, өйткені олар мемлекеттің әлеуметтік капиталын қалыптастырады. Инновация мен сапалы білім кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету процесінде жетекші рөл атқаратыны белгілі. Елдің экономикалық өсуінің 40% - ы сапалы білімге байланысты.

Заман өзгеруде, әлеуметтік және экономикалық өмір жағдайлары да өзгеруде. Өзгерген қоғам мүшелеріне қойылатын өзге де талаптар баршылық. Өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, жеке тұлғаның "өзін-өзі тану" уақыты келді. Қоғамдағы өзгерістер білім беру жүйесіне де өзгерістер әкелді, оның негізгі мақсаты қазіргі кезеңде білім мен дағдыларды беру емес, оқушылардың шығармашылық дамуы, олардың өмір бойы өздігінен білім алу және өзін-өзі дамыту қабілеттері болып табылады.

Президент ұсынған Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіруі туралы идеяны ескере отырып тексерілген елдің сирек мерзімді Даму стратегиясы білім беру реформалары үшін бағдарларды айқындайды - көрсетілетін қызметтердің сапасын әлемдік стандарттар деңгейінде арттыру, білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу, білім беру саясатының негізделеді.

Қазіргі заманғы қазақстандық ұстаздар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың ең тиімді әдістерін қолданады. [1; 146]

Қазақстандағы білім беруді дамытудың Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларымен үндес келетін сабақтастық дәстүрлері бар. Осылайша, білім беру жүйесінің жаңғырту процестері педагог-ағартушы ұсынған бірқатар негіз қалаушы қағидаттарға негізделеді. Атап айтсақ:

білім беруді дамытудағы мемлекеттің шешуші рөлі

✓ барлық адамдар үшін білімнің қолжетімділігі

- ✓ тұлғаның жан-жақты дамуы
- ✓ белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу
- ✓ демократиялылық және жаңа технологияларға бағдарлану
- ✓ білім беру жүйесінің икемділігі мен динамикасы

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы-көптеген педагогикалық мәселелерде көрініс тапқан тұтас педагогикалық жүйе. Ыбырай Алтынсарин ағартушылықтың Ұлы тұлғасы болды, адами білімнің адамгершілік принциптері мен мұраттарын қорғады. Оның ағартушылық идеялары туған халқының экономикалық және мәдени артта қалуын жеңуге бағытталды. Ол өз халқын өркениетті халықтар қатарында көру үшін бәрін жасады. Ол білімберуді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгертудің негізгі құралы ретінде қарастырды.

Ұлы педагог адам елдің басты байлығы екенін түсінді, өйткені білімі мен дағдылары бар адамдар дамудың негізгі стратегиялық ресурсын қалыптастырады, ал білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік игіліктердің көзіне айналады. Білім-бұл жеке адамның да, жалпы елдің де құндылығы мен табысының негізі.

Отандық мектептің білім беру міндеттерін Ы.Алтынсарин халықтың қажеттіліктерін ескере отырып анықтады. Оның пікірінше, мектеп қоғам өмірінде лайықты орынды, мәдениеттің жоғары деңгейін, өз халқының өкілі ретінде адамның адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек. "Мектептер - қазақтардың білім алуының басты серіппелері, - деп жазды Ыбырай Алтынсарин. [2; 34б]

Алтынсарин қазақ мектебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдап, оларды өзінің барлық практикалық қызметінің негізіне салды. Олардың бірі мектеп шынайы мәдениет ошағына, жақсы кітапханаға айналуы керек дегенді білдіреді. "Үлгілі жолға қойылған, ақылға қонымды тәртіпті жаңа үлгідегі мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, еңбекке және ақыл - ой жұмысына дағдыландыруы, олардың білімге және орыс тілін меңгеруге деген қызығушылығын барынша арттыруы тиіс", - деп атап өтті.

Бүгінгі таңда оқытуда оқушыларға сыни ойлау қабілеті дамыған, өзін-өзі ынталандыратын, тәуелсіз, ынталы тұлға болуға мүмкіндік беретін конструктивтік теорияларға негізделген тәсілдер белсенді қолданылады. Қазіргі заманғы мектеп баланы тәрбиелеуге, оның көкжиегін кеңейтуге, өзін-өзі тануға, қабілеттерін ашуға және көрсетуге, жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

Табысты дамытудың шарттарының бірі-өзін-өзі жүзеге асырудың шексіз мүмкіндіктерін ұсынатын қызметке қатысу. Алтынсариннің жазған жазбаларындағы ұлағатты сөздер қазіргі мектепке қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста - "мұғалімнің санасында оқытудың ең жақсы тәсілдерін табу және балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау" деген болатын.

Сол замандағы педагог бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты алаңдатты. Халық даналығы: "мұғалім ұлт пен қоғамды жасайды" дейді. Бүгінгі таңда әділеттілікті сақтаған осы ежелгі және дана сөзде педагогикалық жұмыстың әлеуметтік және гуманистік мәні бар. Шын мәнінде, мұғалім елдің өндірістік күштерін дамытудың, оның әлеуметтік прогресі мен шығармашылық әлеуетінің қайнар көзі болып табылады. Мұғалімсіз кейіпкер де, ақын да, саясаткер де, ғалым да жоқ.

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу процесі мен нәтижелеріне мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесін басқару органдарының қызметі ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің сыныптағы оқушылардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған күнделікті жұмысы әсер ететіні даусыз. Бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушыларды оқытудың табыстылығын қамтамасыз етудегі негізгі тұлға-мұғалім. Кәсіби өсуге және кәсіби білім алуға ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған. Қазіргі мектептерде табысты мұғалім әрқашан зерттеуші. [3; 426]

Табысты мұғалім өз білімін жетілдіріліп, уақытты ұстануы керек, өзінің дамуына назар аударуы керек: өзін-өзі тәрбиелеу, әдістер мен дағдыларды жетілдіруі қажет. Мұғалім мамандығы бастапқы мазмұнын өзгертеді. Мұғалімдер көбінесе кеңесшілерге, тәлімгерлерге және делдалдарға айналады, олардың міндеті оқушыларға білім алуға көмектесу және бұл үшін жеке жауапкершілікті сезіну.

Табысты мұғалім инновациялық тәсілдер мен әдістерден қорықпайды, оқушының игілігі үшін жұмыс істейтін әртүрлі формаларды қолданады, студенттерді оқу процесінің субъектілері етеді. Ақылды мұғалім әр оқушы үшін, оның таланты мен қабілетіне қарамастан, білім беру жағдайын жасайды. Өйткені, бала өзінше бірегей, сондықтан мұғалім оны табысқа бағыттап, өз күшіне сенуі керек.

Мұғалімнің тұлғасы оқушының дамитын ортасын құра алады. Жеке дамудың ең жақсы тәсілі-бұл балаларды процестің белсенді қатысушылары болып табылатын шығармашылық белсенділікке тарту: олар ойлап табады, құрастырады, түрлендіреді, модельдейді. Мұның бәрі өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі растауға ықпал етеді, сайып келгенде, өзіне деген сенімділік артады, оң өмірлік ұстаным қалыптасады.

Адамды тәрбиелеу және оқыту – күрделі, көп қырлы, әрқашан өзекті міндет. Әр баланың әлеуеті зор. Мұғалім, басқалар сияқты, оған өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі растауға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті еркін, шығармашылық және жауапты тұлға болуға көмектеседі. Табысты мұғалім-бұл басқалардың жақсаруына көмектесетін тұлға. Педагог-ағартушы мектептің материалдық-техникалық базасына да шешуші мән берді. Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, мектепте қолдануға жарамды оқулықтарды мұқият тексеру қажет. "Оқу кітабы ұлт рухына толы болуы керек", - деп атап өткен. Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай - ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек деп өз жазбаларында қалдырды... Қазіргі заманғы қазақстандық

мектеп үшін-бұл өзекті мәселелердің бірі-білім беру саласында оқу бағдарламалары бойынша оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету. Алтынсариннің педагогикалық қызметінде балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері үлкен орын алады. Жас ұрпақ, ол таза ойлармен, жақсы моральдармен және ақыл-ойлармен өмірге енуі керек деп санайды. Ұлы ұстаз толеранттылық пен этнотолерантизмге шақырды. Қоғамның болашағы білім беру жүйесіне байланысты, өйткені бүгінгі балалар уақыт өте келе жаңа уақыт елінің тағдырын жасайтын болады. Білім берудің бірінші кезектегі міндеті-қазіргі өмірдің сұраныстарынан артта қалуды жеңу, яғни оқушыларды оқытуда бүгінгі күннің проблемалары мен қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге болашақта көрінетін мәселелерді де ескеру қажет. [4; 186]

Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде орнықты даму және оның бәсекеге қабілеттілігі адами ресурстардың озыңқы дамуына негізделеді. Бәсекеге қабілетті қоғамдағы білім беру саласы әлеуметтік саланың қарапайым элементі бола бермейді, ол арқылы елдің болашағына инвестициялар салынатын құралға айналады. Осылайша, жаңартылған білім беру тұжырымдамасында көрсетілгендей, бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі білімді, шығармашыл, құзыретті және бәсекеге қабілетті, қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өз мүддесі үшін де, қоғам мүддесі үшін де өзін-өзі барынша жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыру және дамыту болып табылады, бұл ұлы педагог-ағартушының сөздерін растайды.

Ыбырай Алтынсарин: "әрқайсымыздың парызымыз - өз Отанымыздың пайдасына қолымыздан келгенше үлес қосу" десе, біз ұстаздар Ұлы ағартушының нақыл сөздерін мақсат етіп, жаңартылған білім мазмұнында көшбасшы болып биіктерден көріне бермекпіз.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110 б
2. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар .- Алматы "Ғылым", 1994.-289 б
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2-кітап. –Павлодар: Арман, 2004
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы, «Ана тілі», 1992ж, 448 бет

**Калиханова Ш. Е.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Назарбаевтың«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес педагог мәртебесін арттыру мақсатында мектеп мұғалімдеріне аттестациясының жаңа жүйесін енгізу туралы атап көрсетілген. Мұғалімдерді аттестаттаудың жаңа жүйесі екі кезең бойынша жүзеге асады. Бірінші кезең – Ұлттық біліктілік тестілеуі. Екінші кезең - педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыретін жүйелі, бірізді және объективті зерделеу: білім алушылардың білім сапасы, іскерлігі мен дағдылары, жетістіктері, сабақ беру сапасы және зерттеу мәдениеті. Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғары білікті мамандарды даярлауда жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы кәсібилігін қалыптастыруды талап етеді, сондықтан жоғары білімнің сапасын арттыру мақсатында әртүрлі жаңа бағытта жаңа әдістерді пайдалана отырып, студенттердің ғылыми - зерттеу мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Педагогика ғылымында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесін В.И.Загвязинский, Р.Атаханов, В.В. Краевский, В.Н.Карандашев, И.Н.Кузнецов, Л.В. Горина, И.В. Кошкина, Е.А.Леванова, В.А.Плешаков, Т.В.Пушкарева, С.Б.Серякова, Ә. Молдаханов, А.Мешітбай, В.Г.Храпченков, Ш Таубаева, Хмель Н.Д. және т.б. зерттеген. Бұл ғалымдардың еңбектерінде психологиялық - педагогикалық зерттеулердің әдіснамалары мен әдістері, реферат, курстық, дипломдық жұмыстардың әдістемесімен оларды дайындау жолдары және ресімдеулері қарастырылған. Болашақ мұғалімдердің ғылыми - зерттеу мәдениетін қалыптастыру жүйесінің маңызды көрсеткіші - оның шығармашылық сапасы, шығармашылық даралығы, тек қана орындаушы болып қалмай, өз ойы бар, пікірі бар, бастама көтере білетін, жаңалыққа құштар іскерлік субъектісі бола алуы. С.Н.Жиенбаеваның ойынша, «Қазіргі білім берудің әлемдік кеңестікке бет бұру қарсаңында баланы мектепке дейінгі кезеңнен тәрбиелеудің инновациялық технологиясын меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы негізе алатын, педагогикалық үдерістегі қалыптасқан ескі дәстүрлі әдістерді ығыстыруға қабілетті, нақты іс-әрекетінде өзіндік із қалдыруға икемді шығармашыл, зерттеуші, интегративті ойлауға бейім педагогты қажет етеді» - дейді. Сондықтан, жоғары оқу орынында студенттердің өзіндік зерттеу жұмыстарын орындауда ғылыми ойлау дәрежесін барынша дамытуды шығармашылықпен іздену әрекетімен байланыстырып жүргізудің маңызы зор екендігін көрсетеді.[1] Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының жаңа «Ғылым заңына» байланысты көптеген талаптар қояды, оның ішінде бірінші орынға ғылымға баса назар аударылған, ал ғылым заңдылықтарына сүйенсек, оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологиялар мен белсенді әдістерді пайдалана отырып, тиімді ұйымдастыру. Сонымен қатар, осы әдістерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдануда

ғылыми мәдениеті болуы қажет. «Мәдениет» деген ұғымды «әр сала бойынша адамзаттың жинақтаған тәжірибесі» деп түсінуге болады. Себебі, педагогиканың саласында да ғылыми мәдениетті тәрбиелеу туралы өте көп тәжірибе жинақталған. Ғылыми жұмыстарды тиімді орындау және осы білімдерді іс-тәжірибеде пайдалану - ғылыми мәдениетті қалыптастыруда болашақ педагогтың алдында бірнеше міндеттерді ұсынады: - психологиялық және практикалық тұрғыда даярлау; - ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру; - еңбек мәдениеті дағдыларын арттыру; - ынтасын және қабілетін дамыту; - шығармашылық ізденіске дағдыландыру. Кәсіби-педагогикалық ғылыми мәдениеттің құрылымы төмендегідей негізгі үш топқа бөлінеді: - Аксиологиялық компонент - адами құндылық қасиеттердің жиынтығы. Олар объективті (тарихи тұрғыда қалыптасқан). Бірақ адамның оларды игеру барысында олар субъектіге айналады. Әлеуметтік кәсіби құндылықтар (нормалардың, ережелердің идеялардың жиынтығы). - Технологиялық компонент кәсіби іс-әрекеттің технологиясы. Кәсіби іс-әрекеттің тұтас жүйеде жүзеге асуы. - Жеке шығармашылық компонент маманның психологиялық саланы меңгеруі, яғни тұлғаның кәсіби түрде ойлау қабілеттілігімен анықталады: жоғары белсенділік, жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілет, өзінің мінез-құлқын бағалау. Болашақ мұғалімнің ғылыми - зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық шеберлік, педагогикалық құзыреттілік т.б. қасиеттері де қалыптасуы керек. [2] В.М. Шепель «құзыреттілік» шеңберіне адамның білім, ептілік, тәжірибе теориялық дайындығын да кіргізеді. Педагогикалық- психологияда «құзыреттілік» - педагогикалық әрекетті жүзеге асырудағы білімі, дағдысы, ептілігі деген пікір қалыптасқан. С.Н.Жиенбаева болашақ мамандар оқыту-тәрбиелеу үрдісін өз деңгейінде жүзеге асыру үшін төмендегі қызметті атқара білуі қажеттілігін көрсетеді: 1. Тәрбиеші қызметі – оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбие жұмыстарын жүргізе алу біліктілігі, өзі де тәрбиелі болуы. 2. Оқытушылық қызметі – терең білімді, өз білімін үнемі толықтырып отыра алатын, педагогикалық шеберлікті меңгерген, білім беру, оқыту нәтижесін алдын ала көре алатын болуы. 3. Зерттеушілік қызметі – алдыңғы қатарлы тәжірибелер мен ғылыми теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік жаңалықпен танысуы, ғылыми - зерттеу әдіснамасы мен әдістерін орнымен қолдана білуі қажет. Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаты – заман талабына сай жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мамандар даярлаудың ғылыми деңгейін көтеру және біліктілікті арттыру, қайта даярлау, ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктеріне, экономикалық ойлау мен мәдени дамуға қол жеткізу негізінде



жоғары оқу орнында педагогикалық және ғылыми кадрлармен толықтыру, материалды-техникалық базаны жаңарту, орта білім беру мекемелерімен үздіксіз өзара тәжірибе алмасуды жүзеге асыру қажет.[3] Сол себептен Д.Қ. Пошаев студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйесін ұйымдастырудың негізгі міндеттерін төмендегідей: - студенттердің шығармашылық ізденісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының интеграциясын қамтамасыз ету; - шығармашылық, ғылыми және кәсіби еңбекке баулу мен даярлаудың органикалық бірлігін жүзеге асыру; - жеке шығармашылық қабілеттерін арттыру және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау; - ғылыми жобаларға тарту және нәтижелілігін арттыру; - ғылыми жобаларға шығармашыл талантты жастарды тарту; - ғылыми қызметкер ретінде кәсібилігін қалыптастыру; - ғылымның басым бағыттарына студенттерді тартуда ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру; - жоғары оқу орнының инновациялық қызметін жүзеге асыруда ғылыми жобаларды қаржыландыруды басқа арналардан іздеу және жүзеге асыру; - елімізде, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде жоғары оқу орындарымен ғылыми байланыстарды дамыту; - жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында жаңашыл, креативті ойлай білетін және өзгермелі сыртқы орта жағдайына негізделген және тұжырымды шешім қабылдай білетін жоғары білікті педагогтарды даярлау; - студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын профессорлар-оқытушылар құрамымен үздіксіз өзара шығармашылық қарым-қатынас негізінде дамыту; - студенттердің ғылыми зерттеулері арқылы білім беру үрдісінің сапасын арттыру, білім беру, ғылым және тәжірибелік процесстердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету; - зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеру жолымен кәсіби шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру; Педагогтың ғылыми - зерттеушілік қызметіне қойылатын талаптар: - қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруда педагогикалық ойлау қабілетінің жоғары болуы; - болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуын терең зерттеу және педагогикалық сенімділік; - педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістерін меңгеру, ақиқат пен белгісізді тануға деген ұмтылыс, ойлаудың талдау-жинақтау формаларын меңгерген, бақылағыштық қабілеті жоғары; - кез-келген жаңашыл идеяға, тұжырымға сыни көзқараспен қарап, өз ойын білдіру. Зерттеуші педагог пен педагогтың іс-әрекеттерін салыстыратын болсақ, педагогикалық әрекет зерттеу әрекетіне қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Педагог – тәрбиелеу және оқытумен айналысса, зерттеуші – оқыту және тәрбиелеудің тиімді әдістерін анықтайды.[4] Педагогтың нысаны – педагогикалық үрдіс және оқушы тұлғасы. Ғылыми педагогикалық зерттеудің нысаны – педагогикалық құбылыстар мен фактілер. Педагог – оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін білсе, зерттеуші – құбылыстар мен үрдістерді зерттеу

әдістерін білуі қажет. Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне негізге ала отырып, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтарды даярлауда олардың ғылымизерттеу мәдениетін қалыптастыру деп мотивациялық, мазмұндық-шығармашылық, процессуальдық компоненттерінен тұратын кәсіби іс-әрекетін меңгеру қажет екендігін анықтадық. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтарды даярлауда олардың ғылыми- зерттеу мәдениетін қалыптастырудағы мотивациялық компоненті деп болашақ мұғалімдік іс-әрекетке жағымды көзқарасын қалыптастыру, ғылыми- зерттеу жұмысының маңыздылығын түсіну мен жоспарлау, ұйымдастыру және орындауға деген мотивациясы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының теориялық негізін, яғни философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдерді тұжырым жасай алуын айтамыз. Мазмұндықшығармашылық компонентіне педагогтың зерттеушілік және шығармашылық қызметінің мәні мен мазмұныны түсіну, ғылыми зерттеудің негізгі компоненттерін, яғни психологиялық- педагогикалық диагностикалау, педагогикалық зерттеу әдістері мен әдістемесін, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін, педагогикалық эксперимент жұмыстарының қажеттілігін, маңыздылығын түсінуін айтамыз. Компонентіне философиялық-әдіснамалық, тарихи-ғылыми және ғылымтану іскерлігі, зерттеу міндеттерін шешу үшін педагогикалық үрдістерге диагностика жасау мен ғылымизерттеу іс-әрекетті жүргізудегі оң тәжірибені жүйелеу, библиографиялық, әдебиетпен жұмыс, мақала, тезис, өзіндік жұмыстарды, курстық, дипломдық жұмыстарды орындау, аннотация жазудағы шығармашылығын жатқызамыз. Біз жүргізілген зерттеу нәтижелерін саралай келе, болашақ педагогтардың кәсібилігін қалыптастырудың негізгі шарты өзгерістер қажеттілігін түсіну және құзыреттілікті арттырудың жаңа мүмкіндіктерін айқындау болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтарды даярлауда олардың ғылымизерттеу мәдениетін қалыптастырудың әдістемесі мектеп – жоғары оқу орны – педагог кадрлардың білімін көтеру және қайта даярлау институты – мектеп бағытындағы нобайын жасау, іс-тәжірибелерді зерттеу, педагогика ғылымындағы жаңа әдіснамалық бағыттарды жүйелеп, топтастыру қажет.[5]

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М., 2001.
2. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. - М., 2001.
3. Пошаев Д.Қ. Ғылыми–педагогикалық зерттеу негіздері. –Шымкент, 2003.
4. Мешітбай, А. Оқушыларды ғылыми-ізденіске баулу /Мешітбай А.// Қазақстан мұғалімі. - 2008. - 1 ақпан. - Б. 9.

5. Жиенбаева С.Н. Педагогикалық ғылыми - зерттеу әдістемесі. –Алматы, 2010. - 125 б.

**Қапашева Г.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ МЕН МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

–Белгілі бір шығармада бірыңғай мүшелердің қолданылу тәсілдері автордың айтайын деген ойына, сол ойды білдіру амалына, тілінің шеберлігіне, шығарманың жалпы стилі мен мазмұнына байланысты болып келеді[1.4]. Бірыңғай мүшелерді орнымен қолдану шығарманың көркемдік табиғатына қонымды әсер етері сөзсіз. Сондықтан ойды түсінікті, жатық жеткізу үшін бірыңғай мүшелерге көп салмақ салынады.

Жаз өтіп, қылышын сүйретіп қыс келді. Орман-тоғай, тау-тас аппақ. Алтай өңірінің әрі жүдеу, әрі көңілді шағы туды. Апам етегін дөңгеленте белін қынап тігіп берген, қарағайдың қабығына бояған қызыл тонымды , тері қолбағымды, елтірі тұмағымды, табандатқан ақ пимамды киіп, қол шанамды (оны да қайыңнан иіп шабақ салып, апам істеп берген) сүйреп ойнауға шығамын. Сонда Шәгіштайдың өзім секілді бар баласы маған қызыға да қызғана қарайтынын сезетінмін. Жағымсып дос болуға, менімен ойнауға құштар екендерін біліп танауымды шүйіремін. Жоқ мен оларды емес, ауылды, ел-жұртты сағынамын. Қыста бір жеті соғып тұратын бораны, үйлерді басып қалатын қалың қары, ал жаз болса айнала көкпеңбек шалғын: ішінде жасырынбақ ойнайтын шабындығы, масақтанып сарғая бастаған астықты, ұшы-қиырына көз жеткісіз - кең дала бәрін...бәрін сағынамын. Білмеймін неліктен екенін!.

Қаламгерлер бірыңғай бастауыштар, бірыңғай анықтауыштар, бірыңғай толықтауыштар мен бірыңғай пысықтауыштарды қолдану арқылы ойды түсінікті, жатық, санамалап жеткізумен қатар жинақтау, тұйықтау мағыналарын, іс-әрекеттің созылықтылығын да берген. Бірыңғай мүшелердің құрылымдық ерекшелігі шығарманың жалпы интонациясына әсер ететіндіктен шығарма ырғағын тудыру үшін көбіне екі және үш мүшелі бірыңғайлар қолданылады. Олардың жалғаулықпен және жалғаулықсыз келуі де белгілі бір қызмет атқарады.

Сіз үнсіздігіңізбен, шыдамдылығыңызбен жеңдіңіз мені.

Сол жағына шалқая шынтағын тіреп, аласа дөңгелек үстелге бүйірлеп жатып алды .

Ол мені орынсыз, себепсіз мазалағандығы үшін қысылатын секілді.

Келтірілген мысалдарда қос мүшелі бірыңғайлар жалғаулықсыз берілген.

Қалипан өзін ауылдағы үлкеннің де, кішінің де өте сыйлайтынын, сондықтан да әрқайсысы орайына қарай өзімсіне сөйлейтінін жақсы түсінетін.

Отырыс тарағанша олар күшті де, ақылды да жомарт та, озат та болады, серілік, байлық, білімдарлық та қашып құтылмайды, ең арысы – «сондағы ақымақтығым-ай» деп абайсызда ақымақ та болады.

Жазмышта озу қайда жақсылық та, жамандық та өз мезгілінде; әлемге жарық берген күн мен ай да өз мезгілі жеткенде тұтылады екен.

Бұл сөйлемдердегі бірыңғай мүшелер жалғаулықты шылаулар арқылы байланысып, әрбір мүшені саралай, нақтылаған. Қаламгерлер сөз етіп отырған жайды шегіне жеткізе суреттеу мен ерекше мән беруде бірыңғай мүшелерді қайталанып келетін жалғаулық шылаулар арқылы байланыстырады. Әңгімелер тіліндегі бірыңғай мүшелердің қызметі біріншіден, кейіпкер портретін беруде көрінеді.

Менің сапарласым бойшандау, қоңқақ мұрын, сары жігіт – облыстық газеттің тілшісі, машина жүрісінен әбден мазасы кеткен еді. Әсила – сұңғақ бойлы, сұлу тұлғалы жап-жас келіншек .

Екіншіден, кейіпкерді мінездеуде қолданылады.

Ұяң мінезді, үлбіреген жас келін әуелгі күндерден бастап-ақ тоң мойын, дойыр күйеуінен қатты жасқанатын.

Ол – адал жар, мейірімді ана, белсенді қоғам қайраткері.

Құрылымдық ерекшелігіне орай сөйлемнің ырғағына, әуезділігіне, ритмикасына ықпал етеді екі, үш мүшелі бірыңғайлар және сөз болып отырған объектіні әр қырынан көрсетуде жұмсалады (төрт, көп мүшелі бірыңғайлар).

Бірыңғай баяндауыштар арқылы оқиғаны динамикалы суреттесе, бірыңғай бастауыштар, анықтауыштар, толықтауыштар арқылы анықтау, нақтылауды береді. Сондай-ақ бірыңғай мүшелер кейіпкер портреті мен мінездеуде, табиғат көріністерін жан-жақты суреттеуде ұтымды қолданылады.

Әртүрлі мағыналық реңктерді білдіруде сөйлемнің сұраулы, лепті, бұйрықты түрлеріне ерекше жүк артылады. «Интонация арқылы бір сөз сөйлем болумен қатар оған неше түрлі реңк береді, ойымызға жан бітіріп, айшықтандыра түседі. Адамдар бір-бірімен қатынас жасағанда байымдау арқылы ғана емес, өзінің көңіл-күйін де, сезімін де, эмоциясын да қоса білдіреді. Сондықтан да сөйлемдер сұраулы, лепті, бұйрықты болып бөлінеді [2.137]. Бұл сөйлем түрлерінің адамның алуан түрлі сезім күйлерін көркем тілмен жеткізудегі маңыздылығы зор.

Мысалы,

- Сен кімді соясың, мына мені ме? Кімге шамаң келеді, оңбаған Шойынқұлақ!- деп анау өзеурейді. Онда Шойынқұлақты бәріміз де Алданыш деп шын атымен атайтынбыз. «Оңбаған Шойынқұлақ» деген сөзді алғаш естіген ол, бригадирге бүркіттей төніп:

- Әй, не дедің? Қайта айтшы!-дейді.

- Несі бар? Оңбаған Шойынқұлақсың!-дейді анау қайталап.

Осы шағын үзіндіде сөйлемнің мағыналық түрлерінің бәрі де қамтылған. Жазушы сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді қолдану арқылы кейіпкердің астаса арпалысқан түрлі сезім-күйлерін дәл жеткізеді. Қаламгерлер сөйлемнің

мағыналық түрлерінің қолданыстағы алуан түрлілігін тиімді қолдану арқылы сөйлемді түрлендіріп отырады.

«Бірнәрсе туралы хабар алу үшін қойылған сұрақты білдіретін сөйлемдерді сұраулы сөйлем дейміз» [3.665].

Мысалы, - Әй, -деді Кемпірбай көзін сығырайтып. –

Бастығың не былжырап тұрған? Қай бастық, мына сен бе? Өзің кетсең өрмекшіден басқа жан кірмейтін, ит байласа тұрғысыз қаңыраған қуысты кеңсе деп, өзіңді бастықпын деп есептейсің бе? Неменемнің бастығысың? Өзіңе өзің бастықсың ба?.

Берілген контекстегі сұраулы сөйлемдердің әрқайсысында стильдік қызмет атқарып тұрған түрлі мағыналық реңктер бар. Әр сөйлемді жеке-жеке көрсетер болсақ, төмендегідей мағыналарда жұмсалып тұрғанын байқаймыз.

1. - Әй, -деді Кемпірбай көзін сығырайтып. – Бастығың не былжырап тұрған?- жақтырмау;

2. Қай бастық, мына сен бе?- менсінбеу;

3. Өзің кетсең өрмекшіден басқа жан кірмейтін, ит байласа тұрғысыз қаңыраған қуысты кеңсе деп, өзіңді бастықпын деп есептейсің бе?- кекету;

4. Неменемнің бастығысың? Өзіңе өзің бастықсың ба?- мұқату, көзге ілмеу.

«Сөйлемдер дүниедегі болмыс туралы пікірді хабарлап қана қоймайды, ол сөйлеушінің болмысқа қатысты эмоциясын да білдіреді. Сөйлеушінің эмоциясын қоса білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем дейміз» [2.670].

Сопытай таңданғаннан бірнеше секундқа тілін жұтып қойды.

- Мәс-сағ-ған! – деді ол есін жиған соң.- Ғажап! Жарайсың,

Ботбай! Құдай аман қойса, қайнағамның қолынан бір күні резеңке ет жейтін шығармын!

Осылайша сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер көркем шығармада түрлене қолданылып отырған.

Сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді топтау арқылы олардың түрлі мағыналық реңктерде жұмсалғанын байқадық. Көркем шығармада автор сөйлемдерін мағыналық жағынан құбылтып жұмсау арқылы кейіпкерлерінің қуану, өкіну, ренжу сияқты сезім күйлерін, менсінбеу, жақтырмау, риза болмау, кекету, мұқату сияқты көңіл күйлерін, әртүрлі мінез-құлық сипаттарын аша түсіп, шығармаларының көркемдік табиғатының айшықтай түрленуіне қол жеткізген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шаяхметова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі біріңғай мүшелердің стильдік қызметі. Алматы, 1982.

2. Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1982.

3. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002.

**Кабирова Н.У.**

педагогика ғылымдарының магистрі  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ШАРТТАРЫ**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлануына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Бұған негізгі дәлел Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың студенттерге арнап оқыған дәрісінде: «...білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Жеке тұлғаны функциональдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшіп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруымен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деп көрсетті. [1]

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты - мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға аян.

«Құзыр», «құзырлық» және «құзырлы» түсініктері бұрынырақта тұрмыста, әдебиеттерде кеңінен пайдаланылды, сөздіктерде түсіндірмелері берілді. Мысалы, «Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде» (М., 1952ж.)

«құзырлы (лат. competens, competentis қабілетті) – анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар» деп анықтама берілген. [2]

Құзырлық құзырлары мәселесі бойынша жұмыстарды талдау Н.Хомский, Р.Уайт, Дж. Равен, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Н.Куницина, Г.Э.Белицкая, Л.И.Берестова, В.И.Байденко, А.В.Хуторский, Н.А.Гришанова, және т.б. еңбектерінде кездеседі. [3]

Білім беру құзырлары түсінігін анықтап, оның иерархиясын айқындайық. Білім беру мазмұнының жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер немесе білім беру аймақтары циклі үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) болып бөлінуіне сәйкес үш деңгейлік иерархиясы белгілі:

1) негізгі құзырлар – білім берудің жалпы (метапәндік) мазмұнына қатысты;  
2) жалпы пәндік құзырлар – оқу пәндері мен білім беру аймақтарының анықталған шеңберіне қатысты;

3) пәндік құзырлар – алдыңғы екі деңгейге қарағанда дербес, нақты сипаты мен оқу пәндері шеңберінде қалыптасу мүмкіндігі бар. [4]

Осылайша, білім берудің негізгі құзырлары білім беру аймақтары мен оқытудың әрбір сатысындағы оқу пәндерінің деңгейінде нақтыланады.


Осыған орай, қазіргі ақпараттық технологияларды бүгінгі ақпараттық қоғам, білімді жаңарту жағдайында жоғарғы оқу орнында оқыту әдістемесіне сәйкес қарастыру бізге оның келесі педагогикалық мақсаттары мен мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік берді (кесте 1):

Кесте 1 – Жоғарғы оқу орны әдістемесіндегі қазіргі ақпараттық технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктері мен мақсаты

Рет саны	Мүмкіндіктері	Мақсаты
1	Қазіргі ақпараттық технология студенттің ынтасын арттырады. Жұмыс істеу жаңалығы ғана емес, сонымен қатар оқу тапсырмаларын қиындық деңгейіне қарай реттеп беру, дұрыс орындалған тапсырмаларды көтермелеу студенттердің ынтасына жағымды әсер етеді, Сонымен қатар оқуға деген жағымсыз қарым-қатынастың басты себебін - сәтсіздікті, яғни оқудағы түсініксіздікпен, мәнді де түйінді мәселелермен сипатталатын келеңсіздіктерді толық жоюға жағдай жасайды. Компьютерде жұмыс жасай отырып, студент есептің шешуін қажетті көмекке сүйену арқылы соңына дейін орындай алады.	Қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқуға, оқу іс-әрекетіне деген ынтасын қалыптастыру арқылы, өзіне деген сенімділігін арттыруы.
2	Қазіргі ақпараттық технология студентті белгілі ойын жағдайына ендіре отырып, оқу материалын көрнекі суреттермен, графикалар негізінде баяндайды. Студентке нақты көмек формасын сұрай білуге мүмкіндік беру арқылы оқу іс-әрекетін басқару тәсілін нақты өзгерте алады.	Қазіргі ақпараттық технологиялар жағымды көңіл-күйге құрылған ақпараттық оқу ортасында жаңа оқу іс-әрекетін басқару құралы
3	Қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен оқу үрдісін икемді басқара отырып, студенттердің іс-әрекетін бақылауды сапалық жағынан өзгертуге болады. Барлық жауаптарды тексеруге, көп жағдайда жіберілген қателіктерді есепке алып қана қоймай, сипатын анықтап, дер кезінде оның пайда болуына себепші болған себептерді жоюға көмектеседі.	Қазіргі ақпараттық технологиялар - тиімді бақылау құралы
4	Қазіргі ақпараттық технология студенттерде өз іс-әрекеттерінің рефлексиясын	Қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы өз

	қалыптастырып, іс-әрекет нәтижесін көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік жасайды.	іс-әрекетінің нәтижесін көре білуге, өз-өзінесыни көзбен қарай білуге дағдыландыруы
5	Жоғарғы оқу орнындағы студенттерге тән сипат – бұл қызығушылық, белсенділік, жаңа жағдайға, жаңа талаптарға тез үйрену жылдамдығы мен икемділігі. Олар студент тұлғасының көпжақты дамуының алғы шарттары болса, қазіргі ақпараттық құралдар осы шарттарды жүзеге асырудың бүгінгі таңдағы негізгі құралы болып табылады.	Қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында ЖОО студентінің жеке тұлғасын дамыту

Ақпараттандыру – бұл оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы және практикасымен қамтамасыз ету. Қай елде болмасын қазіргі ақпараттық технологиялар қолдану мен дамыту деңгейі, материалдық базасының дамуымен қатар, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық деңгейімен, жаңа білімді жинақтау, меңгеру және қолдана білу қабілетімен анықталады. Барлығы сайып келгенде, елдің білім жүйесінің даму деңгейімен және білімді ақпараттандыру проблемасымен байланысты. Осыған орай, білім беруді ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның және мәдениеттің жедел дамуын анықтайтын түйінді шарты болып табылады.





жою мәселерінің зерттеу қажеттілігін көрсетті. Болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекеті – бұл психологиялық, педагогикалық, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттер жиынтығы. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі оның көпқызметтілігімен анықталады: дидактикалық (педагогикалық технология, сабақтар, техникалық құралдар және т.б.), психологиялық (жекелік тәжірибие, психологиялық жаңашылдықтар, қабілеттерінің дамуы және т.б.). [5] Болашақ мамандарының кәсіби іс-әрекеттерінің негізгі нәтижесі тұлғаны кәсіби дамыту болып табылады. Ал, олардың кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаты – студентке кәсіби білім беру және кәсіби өзін-өзі дамыту үшін үйлесімді орта қалыптастыру болып табылады. Кәсіби іс-әрекетінің пәніне тұлғаға бағдарланған білім беру мен ізгілендіру үдерісін атасақ, негізгі нәтижесі – студенттің тұлғасын дамыту болып табылады. Демек, ЖОО болашақ мамандар шығармашыл, өзін-өзі дамыта алатын, бәсекеге қабілетті тұлға, мәдениет адамы, тәрбиеші, әдіскер, зерттеуші болуы қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Андриади И.П., Ильина Е.В. // «Психологиялық ғылым мен практика Қазақстан Республика ұлтының әлеуетін табысты дамытудың негізі» тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық конференция халықаралық қатысумен 55 материалдары. Категория «Самоактуализация» в трактовке отечественных и зарубежных специалистов. – Алматы., Абай ат.Қаз ҰПУ-нің «Ұлағат» баспасы, 2012. – 320 б.
2. Бекмағамбетова Р.К. Р.К. Бекмағамбетова Личностно-ориентированное образование как педагогическая пролема //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы № 4 (23), 2009. – Б.63-66.
3. Бодров, В. А. Психология профессиональной пригодности / В. А. Бодров. - М. : ПЕРСЭ, 2001. - 511 с.
4. 5 С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. [88-б]
5. Нағымжанова Қ.М., Нұрғалиева Н.М. «Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар» Өскемен «Медиа-Альянс» -2005. Б.4-9.

**Касиева А. М.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология  
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна- ол – тіл. Тіл- қарым-қатынас құралы. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды - қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген.

Көптеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді баспасөз ақпараттарын қарастыра келе, бүгінгі күнгі студенттердің сөз саптау мәселесіне көңіл аударарлық. Көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деп айтсақ, артық айтқандық емес. Көбі өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен, диалектілермен сөйлегенді сән көреді.

Бүгінгі таңда, біздің өзекті мәселеміздің бірі – студенттердің тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Студенттердің жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда әр мамандық бойынша сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру- педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Студенттерді осы бағытта тәрбиелеудің теориялық-практикалық мәнін қарастыру арқылы, негізгі міндеттері туындайды:

- тіл мәдениеті ұғымына ғылыми түсінік беру;
- студент жастардың тіл мәдениетінің төмен болуының себептерін саралау;
- тіл мәдениетінің жоғары болуына қойылатын талаптарды айқындау;
- тіл мәдениетін қалыптастыру жұмысының негізгі бағыттарын анықтау;
- студенттерді тіл мәдениетіне тәрбиелеудегі дидактикалық, әдістемелік ұстанымдарды негіздеу;
- студенттерді тіл мәдениетіне оқытуға бағыттау;

Студенттердің тілін ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін қарастырумен қатар, тіл мәдениетіне тән нормалар студенттердің таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын күнделікті сабақтарда қадағалап, сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра алатын, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыру керекпіз.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Студенттердің тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Көркем әдебиет оқуға деген қызығушылықтарының төмендігі бәрімізге мәлім, көркем әдебиетті аз оқитын адамның сөздік қоры аз болады, соған орай олардың сөйлеу мәдениеттілігі мен өз ойын логикалық баяндауы да төмен екендігі байқалады;
2. Мәдени орталықтарға аз баруы;
3. Ата-аналар балаларының тіл мәдениетіне жете мән бермеушілігі;
4. Тілдік ортаның әсері;
5. Отбасы тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тар шеңберде қолданылуы;

Тіл мәдениетін қалыптастыру тілді оқыту негізінде жүреді. Тілді оқыту - тілдің дыбыстық құрамын, лексикасын, грамматикасын оқыту арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, оқытуда сөйлеу тілін дамыту тіл білімінің толық саласынан студентке білім беру арқылы жүргізіледі. Тіл материалдарын игеру дегеніміз, оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну әрі дұрыс қолдана білу дағдысын игере білу деген сөз. Олай болса, тіл мәдениетін қалыптастыру, тіл дамыту тәсілдері мен әдістері, амалдары мен жолдарын ескере отырып жүргізілуі тиіс,- деп ойлаймын.

Қазақ тілі білімнің ғылыми негіздерімен жан-жақты таныс болып келген жеткіншектің игерген білімдерін біліктілік тұрғысында пайдалануға бағыт берілуі тиіс. Осы жағдайларда ғана студенттердің жеке адами қасиеттерін, тілдік бейімділік қабілеттерін арттыруы байқалады.

Студенттердің қабілеттерін арттыру және жетілдіру жолындағы бағыттар:

- бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен жол таба білуге бейім адам немесе маман тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Сондықтан, студенттерге тілдің танымдық сипаты мен коммуникативтік қызметіне сай таңдаған кәсібінің маңыздылығын және өмір тіршілік-жағдайларын ескере отырып, жан-жақты меңгерудің тиімді жолдарын үйретуді көздейміз;
- тіл - адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болғандықтан, ол адамдардың интеллектуалдық ой-өрісін дамыту әрекетін қалыптастыруымыз керек;
- бүгінгі білім мазмұнындағы түбегейлі бетбұрыстар студенттерге теориялық терең мағлұмат берумен қатар, баланың өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыруға қарай бейімделіп құрылуы тиіс деген қағиданы берік ұстау қажет,-деп санаймын;
- жаңа білім мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпы адамзаттық құндылықтардың бір-бірімен түйісіп, өзара сабақтасып берілуі де маңызды талаптардың бірі болып саналады. Соның нәтижесінде студенттердің өз тіліне деген құрмет сезімдерін ояту мақсат негізге алынуы керек;
- ана тілін оқытудың мәні мен әлеуметтік қызметі — тілдің табиғи қызметі қарым-қатынас құралы яғни сөйлеу әрекетін дамыту арқылы жүзеге асырылуы тиіс;

- тіл мәдениетінің деңгейін көтерудің қажетті құрамдас бөлігі сөйлеу мәдениетін дамыту. Айтыстар, мүшәйра, пікірталас турнирлерін және жыраулар мен жыршылар байқауларын ұйымдастыру және өткізу;
- қазақ жазуын одан әрі жетілдіру сауаттылықты арттыруға бағытталған конкурстық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу;
- толерантты тілдік ортаны сақтау қажеттілігі тіл мәдениетін жетілдіру жөніндегі міндеттердің өзегіне айналып отырғанына дау жоқ. Мемлекеттік тіл күнін ұйымдастыру және өткізу, Тіл мәдениетін насихаттауға бағытталған түрлі шаралар кешенін ұйымдастыру.

Міне, осы қағидаларды топтастыра отырып, тіл мәдениетінің мақсаты — ана тілінің тарихы мен шешендік өнердің алуан сипаттары туралы мағлұмат негізінде студенттердің сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру болып айқындалады.

Қорытындылай келе, қазақ тілі сабақтарында тіл (сөйлеу) мәдениетіне тәрбиелеуде ұстанатын жолдары:

- сөйлеу мәдениеті негіздерін меңгерту;
  - сөз қолданудың ұлттық дәстүрлерін жаңғырта отырып, сөз әдебінің нормаларын меңгеру;
  - іс-қағаздары үлгілерін сауатты жазуға дағдыландыру, жазба тіл мәдениетін қалыптастыру;
  - қарым-қатынас түрлерінің сөз мәдениетімен, стильмен ара қатынасын таныту;
  - шешендік өнердің мәні мен тарихы туралы мағлұмат беру;
  - шешен сөйлеуге төсемді әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру;
  - пікірталас түрлері, олардың маңызы туралы білім беру;
  - студентті пікірталас мәдениетіне баулу;
  - ұлттық көркем сөз нормаларын меңгерту .
- студенттің, білім берудің тіліне, сөйлеу мәдениеті деңгейін көтере отырып, жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыру,- деп санаймын.

«Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енгізетін біздің болашағымыз -бүгінгі жастар. Олардың міндеті елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өз елінің тарихын, тіл мәдениетін жетік білуі керек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М.Балақаев. Алматы:Қазақстан,1965.-186 б.
2. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық / Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда,2001.- 230 б.

**Каипов А.И.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Байтақ дала ұландарының кемел болашағы, «Мәңгілік Ел», «Рухани Жаңғыру» ертенгі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ойлау, бәсекелік қабілеті мен білімге іскерлікке байланысты. Сол мақсатта еліміздің білім беру жүйесі әдімдік деңгейге жету мәселесі негізінде түрлі әдістер қолданылып, терең білімді іздеп, шығармашылық қағиданы ұстанатын тұлғаны тәрбиелеу ішінде қазақстандық патриоттық; тәрбие беру мәселесінің маңыздылығымен ерекшеленуде. Әрине, әр адамның, әр халықтың Отанына, еліне деген сана, сезім түсінігі әрқалай болатындықтан, патриотизм ұғымын тұжырымдаудың да сан алуан сипаты болатыны заңды.

Қоғам мен студенттің өркендеуі сарқылмас қасиет іспеттес тарихи зерде көзіне айналған бір ұғым бар. Ол қоғам дамуында айрықша орын алатын рухани фактор - патриотизм болып табылады. «Патриотизм» сөзі (грек тілінде - patriots - отандас, paths — отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттері оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жерге, тұрақтанған мекенге бауырбасушылықты орнату. [1] Ол әлемдегі бейбітшілік үшін күрес, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядорлық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алу, халықаралық қатынастарды құру және әлемде жаңа тәртіпті бекіту, өзара түсіністікті негізге алу, тәуелсіз елдер және басқа да мемлекеттермен татуластық орнату, іскерлік ынтымақтастықтың тығыз байланыста болуымен өлшенеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу» десе, орта білімді дамыту тұжырымдамасында тәрбиелік жұмыстар патриотизм, азаматтық және интернационализм негізін құру керек екендігін көрсетеді.

Патриотизм - тарихи құбылысты құндылық тұрғысынан сипаттайтын категория. ең алдымен ұрпаққа білім бергенде ұлтына, типіне қарамастан қай саласы болмасын Тәуелсіз еліміздің халқын Отансүйгіштікке тәрбиелеу фактоларына келетін болсақ: міндетті түрле мемлекеттікті талаптарға үйрету. Философ-ғалым М. Изотов [2] патриотизмді ұлттық, жалпы ұлттық және қазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады: «Ұлттық патриотизм - өзінің туған жерге, өз ұлтына, мәдениетіне, дәстүрлерге деген сезімнен туындайды. Жалпы қазақстандық патриотизм - мемлекет халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, шынайы

сүйіспешілік халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы», - деген тұжырым жасайды.

Ғалым-жазушы А.З.Кенжегарин [3] өз еңбегінде: «Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда қайсарлық пен жігерлік, қырағылық пен батылдықты, мәрттік пен ұшқырлық, қайсарлылық пен намыстылықты бойына жиған қаһарман Бауыржан бейнесінің алар орны ерекше. Мұнда батыр бабамыздың мына сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетер ұлағатты өсиеті отансүйгіштікпен, ел қорғау ісімен, халықтар достығын құрметтеумен қорытындылайды: «Ел жүз жылдан кейін, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естідіңбе менің мүмкіндігім жете ме саған менің дауысым. Жетсе, бүгін баламыздан бастап, көп ұлтты Отанымыздың барлық болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім бар. Ол Отанды сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіңдер!» - деген сөз.

Сонымен, зерттеу жұмысымыздың бұл тараушасында біз патриоттық тәрбие берудің теориялық негіздерін айқындау мақсатында, зерттеу мәселеміздің негізгі тірек ұғымдары «патриотизм», «патриоттық тәрбие», «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарының мәнін анықтап алуды жөн көрдік. Талданған ғылыми еңбектерден бұл ұғымдардың түсінігін келесідей саралап, жүйеледік.

Қоғамдық тәрбиенің басым бағыты бола отырып, азаматты тәрбиелеу студенттердің бойында азаматтық ұстанымын қалыптастыру арқылы студенттерді қоғамдағы өмірге тікелей тартуға бағытталған. Жалпы, қарым-қатынас, бір жағынан, жас адамға қоршаған ортаның, тәрбиеленудің, әлеуметтік тәжірибенің әсері және екінші жағынан, өзінің даму субъектісі және қоғам мүшесі ретінде белсенді болуды көрсетеді. Бұл ретте адамның азаматтық ұстанымын жасайтын қатынастардың өзі адамгершілік қатынастар болып табылады, себебі адамға деген қарым-қатынас кезекті адамның қоғамдағы өзі ең жоғары құндылық.

Азаматтық қоғамның әлеуметтік жүйеден ыңғайлы оның институттарының қызметіне азаматтардың тартылуына, олардың белгілі бір мақсаттар мен құндылықтарды іске асыруды ұйымдастырылуына және белсенділігіне байланысты. Сондықтан бірқатар маңызды мәселелерге жауап бере отырып, азаматтық проблеманың басым негіздерін айқындау өте маңызды. Студенттерге берілетін білімде азаматтық ұстаным және патриоттық тәрбие ең маңызды болып табылады, еліміздің қоғамдық процестеріне, демократиялық және экономикалық жаңаруына, оның рухани ахуалына, әлеуметтік-психологиялық ахуалына шешуші әсер етеді және ХХІ ғасырдағы мемлекетіміздің келешегін сипаттайтын жаңа қайнар көзі болады.

Зерттеулерді жүргізген талдамаларға сүйенсек, оқулықтар мен ғылыми еңбектерде азаматтық ұстаным, туралы нақты мазмұнда аса көп сөз етілмеген.

Ұстаным (латын тілінде Position - ұстаным) - көзқарас, кез-келген мәселеге пікір, бір нәрсеге деген көзқарас, сондай-ақ осы қатынасқа байланысты әрекет. Ғылымға алғаш болып бұл түсінікті А.Адлер енгізген. Энциклопедиялық сөздіктерде ұстаным «бір нәрсеге деген көзқарас, сол

мәселеге қатысты туындаған мінез-құлық» деп берілген. Қазіргі теорияда философиядағы, психологиядағы, әлеуметтанудағы, педагогикадағы зерттеу пәні болып табылатын "ұстаным" ұғымын түсіндірудің түрлі тәсілдері қалыптасты.

Философиялық еңбектерде "ұстаным" ұғымы адамзаттың өмірге көзқарасы мен қоғамға қарым-қатынасының көрінісі және студенттің рухани-тәжірибелік білімі «құндылық призмасы», өмірлік іс- әрекеттің түрлері мен тәсілдері. Ал, психологтардың жүргізген зерттеулері бойынша, жеке студенттің ұстанымы іс-әрекетте негізгі және қарым-қатынасқа анықталған мақсаты мен құндылығының күрделі жүйесі. Э.Фромм жер бетінде мекен ететін барлық адамзаттың қарама-қайшы ұстанымдарын: «не болу» және «болу» көрсеткен. Біріншісі өмірдегі қолданыстың мәнін былай деп анықтайды: «барыма иелік ететін жанмын». Екіншісі, өмір сүру барысында қоршаған әлеммен қатынасы яғни, «өмір сүріп жатқан мына, мен» деп түсіндірді. Бірінші адамға өмір сүру құралдары маңызды, екіншісіне -өмір мазмұны. Осы тұрғыдан студенттің жеке-тұлғалық және өмірлік ұстанымдарына таңдау барын анықтадық.

Педагогикада «ұстаным» ұғымын ойшыл тұлғалар төмендегідей қарастырады: адам шынайылықтың белгілі бір тараптарына қатынасының берік жүйесі, ол сәйкесінше мінез-құлық пен әрекет кезінде көрінеді. Ұстаным ұғымының түрлі мағыналарын жинақтай келе В.П.Бедерханова ұстаным ұғымы ретінде келесі түсініктерді айтып өтеді: шынайылықтың белгілі бір тараптарына қарым-қатынасының берік жүйесі (өзара байланысты қатынастың константты жүйесі), ол сәйкесінше мінез-құлық пен әрекет кезінде көрінеді; субъектінің субъектіге, мәдениет, өнер, ғылым объектілерге, өзінің кәсіби қызметіне, басқа субъектілердің кәсіби қызметіне қатысты түйінделген жалпы сипатамасы; индивидтің толыққанды құрылымдағы мәртебелік-рөлдік жағдайына интегралды, барынша жалпылама сипаттамасы; әлеуметтік орны және осы орынды анықтайтын мәдениетте бекітілген қызмет нормасы, адамның оны орындау деңгейін сонымен қатар, өзін-өзі бағалауы (адамның нормаға және оның орындалу деңгейіне деген субъективті қатынасы). Осылайша, «ұстаным» ұғымына жалпылама берілген нұсқасынан үш сипатты аңғардық: орын (әртүрлі кеңістіктерді); қарым-қатынас (әлдекімге, әлденеге); сол қатынасқа негізделген әрекет, мінез-құлық айтылады.

Сонымен, ұстаным - студенттің қоршаған айналасы (қоғам, мемлекет) қарым-қатынасында көрсеткен әртүрлі сапасы. Ол өздерінің өмірлік басымдықтары мен құндылықтарын іске асыруда әлеуметтік көрініс ретінде пәннің мінез-құлқын қамтиды. "Азамат", "азаматтық қоғам", "азаматтық тәрбие", "азаматтылық" "азаматтық ұстаным" ұғымының негізі болып табылады.

Азаматты тәрбиелеу және қалыптастыру идеясы мемлекеттің пайда болуымен бірге пайда болды және мемлекеттің мойынсұнуға адал адамдардың бастапқыда биікке жету аппаратына ие болу қажеттілігіне байланысты, елдің мемлекеттің және қоғамдық мүдделерге байланысты болды. «Азамат» ұғымын, ең алдымен, белгілі бір мемлекетке қатыстылығымен, құқықтық жағынан

байланыстыру деп қабылданған. «Азамат» ұғымының жеке анықтамалары, көптеген философтардың, психологтар мен педагогтардың пікірлері үш негізгі ұстанымды мойындауда сәйкес келеді шынайы азамат- адамгершілік адам; азамат-бұл бүкіл қоғамның мүдделеріне дейін көтере алатын адам; азамат - бұл тек биікке жете алатын тұлға ғана емес, сондай-ақ бағына алатын адам.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Пионова Р.С. О целостном характере оценки качества патриотического воспитания в вузе/ Пионова Р.С. // Стандарты и мониторинг в образовании. - 2013 . - № 6. - С. 3-8. –
2. В.И. Кожокар О патриотизме и воспитании патриота: [аспект управления процессом гражданско-патриотического воспитания] // – 2011. - № 1. – С. 23 – 26.
3. Тургунбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. – 316 б.

**Каипов А.И.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ЖОО БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ**

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өз мәнін жоғалтқан емес. Арғы ата-бабаларымыз жас ұрпақты елін, жеріміздісүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізген жаңа ғасырдың белеске шыққан қазақ елін патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге ұлт, көзге медеу болып отырғандығы айқын. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан патриоттықты дамыту бағытында көптеген шаралар атқарылып келуде бағдарламалар жасалып жатқанына қуаныштымыз. Сол мағыналы-мазмұнды заңнамалық құжаттар мен Елбасы үндеулері студенттерді патриоттыққа тәрбиелеу, азаматтық ұстанымдарын дамыту, еліміздің егемендігін сақтап, өркениетті 30 елдің қатарына қосылу қажеттілігінен туындап отыр.

Ұлттық сана-сезім, ұлтқа жанашырлық - патриоттық тәрбие беруді, саналы, парасаты мол азаматты тәрбиелеудің негізі деген, өзін және Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру мәселесі «Мәңгілік Ел», «Қазақстан - 2030» еліміздің ұлттық қауіпсіздік, тәуелсіздік пен егемендік танытатын, мемлекетіміздің сындарлы дамуын анықтайтын құжаттары негізінде білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматын, патриотын тәрбиелеу болса, соның негізінде «патриоттық тәрбие», «қазақстандық патриотизм», «ұлттық

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



патриотизм» және «азаматтық ұстаным» студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалаудың көрсеткіші екендігін білдік[1]. Оған дәлел, республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда студенттің патриоттық тәрбие негізінде азаматтық ұстанымын дамытуда үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Мемлекетіміздің «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда», ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады. Бұл заңнамалық құжаттардағы ортақ ой- келешек ұрпаққа рухани негізінде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеуге нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындау деп айтуға негіз бар.

Президент «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алған түлектермен кездесу барысында «Патриот - ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлетті. Бойында адалдық ар-намыс, қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам» деген болатын. Сондықтан қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылы пен экономикалық жағынан дамуын көрсеткені белгілі.

Жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәлім-тәрбие мәселелері бойынша елеулі үлес қосқан қазақтың ғалымдары К.М.Арынгазин, Е.О.Жуматаева, Н.Д.Хмель, С.Ә.Әбдіманапов, Е.З.Батталханов, А.А.Бейсенбаева, В.В.Егоров, С.Т.Каргин, Б.Т.Кенжебеков, Е.М.Кертаева, М.С.Мәлібекова, Л.А.Шкутина, т.б. еңбектерінен ерекше атап өтуге болады.

Қазақстанда білім мен тәрбие ісін даму мәселелері патриоттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық қырлары Б.А.Алмухамбетов, К.Б.Бержанов, С.А.Ұзақбаева еңбектерінде баяндалған.

Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің негізгі құрамдас бөлігі екені Р.Д.Толеубекова, А.Н.Лиясова, Л.А.Байсерке, К.Д.Жампейсова, т.б. еңбектерінде зерттелген [2].

Біздің зерттеу мәселеміздің психологиялық аспектілері келесі психологтар мен ғалымдар еңбектерінде жан-жақты талданған (Ж.Аймауытов, С.К.Выготский, К. Оразбекова, С.Л.Рубинштейн, А.Темірбеков т.б.).

Осы айтылған және басқа да ғалымдар еңбектерін саралай келе, біз жоғарғы оқу орындарында патриоттық тәрбие беру саласы ғылыми тұрғыда негізделген нұсқауларға мұқтаж екендігіне көз жеткіздік. Жоғары оқу орындарындағы білім берудің маңызды белгілі бір рухани мұрадағы тәлім – тәрбиелік ой-пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас. Ал, соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие мәселесі сөздік, жүйесөздік жүйеде, мемлекеттік сипатта болып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді міндетті түрде қоғамдағы пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық тәрбиелеу бағытын дамытуды қиындатты. Бұл қазіргі кезде тәрбиелік мән беретін көптеген мәселелерді қайта қарауды және студенттерді жалпы Отанның өркендеп ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай

тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық ғана емес, азаматтық ұстаным мен ұлтжандылық өнегесін көрсету аса маңызды. Патриотизм бұл тарихи құбылысты құндылық тұрғысынан сипаттаушы фактор болып есептеледі. Жас ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеу факторларына келетін болсақ: ең алдымен ұрпаққа білім бергенде ұлтына, тіліне қарамастан білімнің қай саласы болмасын міндетті түрде мемлекеттік жолға қою керек [3].

ЖОО-ның студенттерінің азаматтық ұстанымдарын дамыту көпұлтты Қазақстан Республикасы жағдайында, қазақстандық патриотизмге негізделген ұлттық тәрбие кеңістігін құруға бағытталған идея жүзеге асырыла бастады.

Зерттеу барысында тақырып негізінде философтардың, педагогтардың, психологтардың ғылыми еңбектерін ҚР Үкіметінің ресми құжаттары; Білім және ғылым министрілігінің нормативті құжаттары; Педагогтардың озық тәжірибелері мен автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі сияқты зерттеу көздерін ақпараттар алынып, сараланып жұмысқа қосылды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру мәселесі «Қазақстан - 2030» стратегиясы, 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344 Жарлығы
2. К.Д. Жампейсова Патриоттық тәрбие беруді дщгеп - ұлттық сананы қалыптастыру <https://xn-dlaiwkc2d.kz/makalalar/378-patriotty-trbie-berud-dgeg-ltty-sanany-alyptastyru.html>
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жалын, 1989. - 560 б.
4. Выготский, Л. С. Избранные психологические исследования. -М.: Изд-во АПН РСФСР, 1957.-517 с.
5. Оразбекова К. А. Қазақ: ғылыми басылым. - Алматы : Мектеп, 1982. - 96 б.
6. Рубинштейн, С. Л. Основы общей психологии. - Москва: Учпедгиз, 1990. - 595 с.

**Қалықұл Н.Н.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ф.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University»ББМ, Семей қ.

#### **ПЕДАГОГТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ РӨЛІ**

Тәрбие практикасы өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Тәрбие алғашқы адамдармен бірге пайда

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

болды. Ол замандары бала ешқандай педагогикасыз-ақ тәрбиеленген. Тіпті адамдардың ол жөнінде хабары да болмаған. Тәрбие жөніндегі ғылым геометрия, астрономия, басқада ғылым салаларынан көп кейін қалыптасқан.

Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт - өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр-түрлі қоғамда өсіп келе жатқан әулетке берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамитыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдарда сол ғылыми аумақта дүниеге келді.

Барша дәуірлерде педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып, оларға көмектесумен келеді. Мындаған жылдар бойы қажетті білімдер тырнақтап жиналып педагогикалық жүйе негізге келді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданымнан шығарылды, ақырында өміршең, ең пайдалы педагогикалық идеялар сақталып, бүгінгі күнімізге жетті. Бірте-бірте басты міндеті ғылыми білімдерді топтастыру және жүйеге келтіру болған тәрбие жөніндегі ғылым пайда болды. Ұзаққа созылған даму жолын бастан кешірген бүгінгі заман педагогикасы адам тәрбиесі заңдылықтары жөніндегі ғылымға айналды.

Педагогика мұғалімдерді белгілі жас тобындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі кәсіби білімдермен қаруландырып, әрқилы жағдайлардағы оқу-тәрбие процесін болжастыруға, жобалауға және іске асыруға, оның тиімділігін бағалауға үйретеді. Тәрбие процесін ұдайы жетілдіріп отыру қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі ұлғаяды, осыдан мұғалімге қойылатын талаптар жыл сайын күрделеніп барады. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулетті оқыту, тәрбиелеу және оған білім берудің жаңа технологияларын құрастырумен жауап береді.

Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соңғы технологиялары.

Мұғалім қызметі өзінің сипаты жағынан ғалым еңбегіне ұқсас. Педагог шәкіртін тиімді оқыту мен тәрбиелеу үшін оның жеке өзін және рухани қалыптасу процесін үнемі зерттейді. Практикалық педагогикада ең бастысы тәрбие ықпалының нәтижесінде балада нендей өзгеріс болғанын мұғалім жұмысының қандай тәсілдері мен амалдары оқушының белсенділігіне ықпал еткені білім мен практикалық тәжірибені терең де, тиянақты меңгерудің төте жолы қайда екендігін әрқашан көре сезе білуде.

Көптеген мұғалімдер өзі оқытатын ғылымнан байыпты зерттеулер жүргізеді. Журналдар мен жинақтарда ғылыми мақалалар жазатын, оқу құралдары мен монографиялар шығаратын көптеген мұғалімдер есімі белгілі. Мұғалімдер тартымды педагогикалық диссертациялар жазуда. Зерттеуші мұғалімнің творчестволықпен, әрі нәтижелі жұмыс істейтіндігі байқалады.

Ғылыми еңбек белгілі қабілеттілікті қажет етеді, ал оның өзі кез - келген студентте болады. Әрине оны белгілі бір бағытта әрі ұдайы дамытып отыру қажет. Зерттеушілік қабілет - бұл ақыл - ойдың белгілі бір қасиеті, бірінші кезекте проблеманы көрушілік. Резерфорд былай деген екен «Егер оның қарамағында жас ғалым істесе және ол екі жылдан кейін бұдан әрі не істеймін деп сұраса, ұстазы оған ғылыми жұмысыңды таста» деп кеңес береді. Творчестволық ақыл - ой қарапайым нәрседен кереметті, өзгелер байқамаған сұрақты көре білуі тиіс. Венгер ғалымы А. Сент -Дьердьи былай деп жазды; «Жаңалық ашу - демек бәріміз көріп жүргенді көре білу, бірақ осыған дейін ешкімнің ойына келмегенді ойлай білу». Ал Д. Бернал былай деп түсіндіреді: «Проблеманың шешімін тапқаннан гөрі оны көре білу әлдеқайда қиын. Оның алғашқысына іскерлік, ал екіншісіне қиял қажет».

Мәңгі өлмейтін және сарқылмайтын таным көзі -педагогикалық тәжірибе, мектеп пен мұғалімнің ойдағыдай жұмыс істеуі де болып саналады. Педагогикалық қызметті бақылау, ондағы жаңа мен қызғылықты нәрсені аңғарту сөйтіп жетістікке жететін жағдайларды ойластыру қажет.

Алайда нақты мәселе бойынша ғылымда не істелгенін білмей тұрып, зерттеуді бастауға болмайды. Жарияланған материалдар тасқынына батып кетпес үшін түпнұсқаларды мұқият таңдай білу қажет. Мақалалар мен монографияларды жай ғана оқып қоймай оның текстеріне терең үңілу қажет. Ортағасыр ойшылы Абдуль-Фарадж мынадай кеңес береді: Кітаптарда тұжырымдалған ойлар біздің негізгі байлығымыз, ал өзімізде пайда болған ойлар - сол кітаптардың жемісі болуы тиіс.

Қазіргі нарық экономикасы тұсындағы басымдықтар мен құндылықтардың ауысуы қоғамның жаппай ақпараттануы, мәдениеттің постиндустриалдық парадигмаға көшуін, білім философиясының жаңаруы, білімді адамның әрекетшіл, бейімді адам парадигмасына бетбұрыс жасалуы, білім мен мәдениеттің жуықтасуы, білім-мәдениет-менталитет мәселелерін еуразиялық идея тұрғысынан қарастыруды да қажет етеді.

Қазірдің өзінде қоғамдық қатынастардағы парадигмалық өзгерістер үздіксіз білім беру жүйесіне ықпал ете бастады. Ғылыми айналымға түскен

еуразиялық ұғымдарға педагогикалық тұрғыдан түсініктемелер, анықтамалар мен сипаттамалар да қажет дер едік. Еуразиялықтарға ортақ философия, ортақ тәрбие мақсаттары, еуразиялық басымдықтар мен құндылықтардың тағылымы, тұлғаның дамуындағы рационалдық пен иррационалдықтың теңесуі, қазақ және қазақстандық мәдениетімізді еуразия мәдениетіне көтеру, еуразиялық мәдениет үлгілерін игеру студент жастардың еуразиялық мәдениетін қалыптастыру еуразиялық мәдени-ақпараттық дамытушы ортамен тұлғаның өзара ықпалдастығы, болашақ мамандарды еуразиялық кеңістіктегі әлеуметтік серіктестік пен кәсіби бәсекелестікке дайындау т.б мәселелер зиялы қауымды толғандырып, арнайы зерттеуге сұранып тұрғандай.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Республикалық ғылыми –әдістемелік журнал «Мектептегі ғылыми жұмыс» № 4,6. 2019 ж.
2. «Педагогикалық кеңес» журналы № 2,3 2011жыл
3. Білім және ғылым басымдықтары. Қазақстан ғылымы. 2020

**Қалықұл Н.Н.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University»ББМ, Семей қ.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазіргі жоғары білім берудің негізгі міндеті мамандарды даярлау. Дәстүрлі түсінуде мамандарды даярлау үшін – нақты білімдерді игеру жеткіліксіз болып табылады. Қазіргі күнде білім беру мекемелерінде бірінші орынға қажетті білімнен басқа, болашақ мамандардың әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық ойлауын мақсатты түрде дамыту керек, студенттерді өздігінен білім алуға үйрету, жаңа ғылыми, техникалық бастамалы пікірлерін қалыптастыру (генерировать). Дипломды кадрларды дайындаудың басты мақсаты шығармашылық әлеуетін қалыптастыру іргетасы ретінде, тиімді инновациялық қызметтің қажетті шарты болады. Мұндай мамандарды дайындаудың қиындығы терең білімдер жүйесін тереңдей меңгерумен шығармашылық қабілеттерінің дамуын біріктірілуінің қажеттілігімен байланысты.

Қазіргі жағдайларға байланысты, заманауи өндіріс тәжірибеге бағытталған, мамандардың жетіспеуін көруде. Бүгін жоғары технологиялық қалыптасуы мен шығарылуына мүмкіндік туғызатын, қолданбалы ғылыми-

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

техникалық өңдеулердің пайда болулары үшін жағдайлар жасайтын, ғылыми кең технологияларға терең білімдердің айналу үдерісіне назарын күшейтуге қажеттілігі туындайды. Бірақ, бұл оңсыз да заманауи жоғары оқу орнының негізгі міндеті – үздіксіз өзін дамытып және өздігінен білім алуға дайын, бәсекеге қабілетті маманды даярлау ақиқат болып отыр.

Құзыретті тұрғы оқытудың қызметтік және тұлғалық-бағдарлық технологиясын қолдануды болжайды, яғни студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының даму мәселелерін шарасыздан белсендендіреді. Ал студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының өзі болашақ түлектердің кәсіби және тұлғалық құзіретін қалыптастырудың инновациялық жүйесінің жаңа кескіндеріне ие болуда.

Жоғары оқу орнында студенттерді даярлау үздіксіз өздігінен білім алуға, ғылыми зерттеудің қазіргі әдістерімен таныстыруға және қисынды ойлау мен ойлау қызметін дамытуға сүйенеді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаттары болып:

- таным мен зерттеудің ғылыми әдістерін меңгерумен шығармашылық кәсіби ойлау дағдыларын қалыптастыру;

- білім беру, оқу, тәрбиелік, ғылыми және тәжірибе үдерістерінің тұтастығын қамтамасыз ету;

- әрбір студент үшін тұлғасының шығармашылық дамуына, ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық шығармашылыққа қатысуға өз құқығын жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызатын, жағдай жасау және дамыту;

- әрбір қатысу үшін ғылыми зерттеуде оның қажеттіліктері, мақсатты нұсқаулары мен қабілеттеріне сәйкес, құнды, тең және қолайлығы.

Қойылған мақсаттарға жету келесі міндеттерді шешу жолдарымен жүзеге асырылады:

- студентке ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формасын таңдауына құқығын айқындау және ұсыну;

- қызмет тәжірибесі мен дағдыларына, ептіліктеріне, білімдеріне негізделген, кәсіп саласында ой жүгірту мен ой тұжырымдамасының, жүйелік түсінігін игеру;

- талдау, салыстыру, жіктеу, жүйелеу мен жалпылау әдістерін меңгеру;

- бір сарынды емес ойлай білуін дамыту, яғни бірдей жағдайларда зерттеу міндеттерін шешудің көптеген түрлі мақсаттарын, қарама-қайшы жағдайларда қарама-қайшы емес шешімдерін табуға және білімді тәжірибеде қолдану;

- ғылыми зерттеудің технологияларын жүзеге асыру икемділіктерін дағдыландыру, экспериментті ұймыдастыру және қою ептілігі, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өңдеу және бағалау;

- кітаппен және басқа аса заманауи ақпарат көздерімен библиографиялық, өзіндік жұмыстарында дағыдаларын дағдыландыру;

- зерттеудің ғылыми құндылығына, оның шынайылығын, мазмұндылығы мен тәжірибелік тиімділігіне жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

– оқыту үдерісінде оқытушымен оның шығармашылық байланысын нығайту, ғылыми-білім беру бағытымен студенттердің тығыз байланысын орнату. [1]

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының түсінігі келесі элементтері біріктіреді:

– студенттерді зерттеу еңбегінің негізіне оқыту, оларға нақты дағдыларды ендірту;

– оқытушының жетекшілігімен ғылыми зерттеулерді орындау.

Жоғары оқу орнында оқыту үдерісінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын дұрыс ұйымдастырылуын және жоспарлануын келесі қызмет топтары орындайды:

- білім беретін: теориялық (ғылыми факттар) және тәжірибелік (зерттеудің ғылыми әдістері; эксперименттерді жүргізу әдістемелері; ғылыми білімдерді қолдану амалдары) білімдерді меңгеру;

- ұйымдастырушылық-бағдарлық: әдебиеттерді, деректемелерді бағдарлана алу икемділіктерін қалыптастыру; өз қызметін ұйымдастыра және жоспарлай алу ептілігін дамыту; ақпараттарды өңдеу әдістерін таңдау;

- талдап-түзетушілік: студенттің рефлексиясымен, оның өзін-өзі тексерумен, өз қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды өздігінен жетілуімен; оқу-танымдық қызметін түзету мен өзін-өзі түзету байланысты;

- мотивациялық: ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үдерісінде, танымдық қажеттілігі ғылымға қызығушылығын дамыту және нығайту, жетілдіріліп жатқан ғылыми мағлұматтың теориялық және тәжірибелік маңыздылығына сендірту; зерттелініп жатқан ғылыми мағлұмат саласындағы келелі мәселелерімен, әртүрлі көзқарастарымен терең танысуға ықыласын дамыту;

- дамытушы: шығармашылық, сыни ойлаудың дамуы, қалыпты және қалыпсыз жағдайларда әрекет ете алу икемділігі, өз көзқарасын дәлелдей алуы ептілігі; мотивацияны дамыту (тануға талпыну, қызығушылығы), қабілеттерін дамыту (танымдық, коммуникативті, арнайы қабілеттерін және т.б.) түсінігі;

- тәрбиелеуші: адамгершіліктік және құқықтық сана-сезімнің қалыптасуы; өзгеруші әлеуметтік ортаға бейімделу қабілеттерің тәрбиелеу; теңбе-тең өзін-өзі бағалауын, жауапкершілігін, мақсатқа талпынушылығын, өзін-өзі жігерлі реттеушілігін, қиындықтарды және басқа қабілеттер мен мінез-құлық кескіндерін жеңудегі батылдылығын қалыптастыру. Тәрбиелеуші функциясы кәсіби бейімділіктерін, кәсіби этикасын тәрбиелеуді де қосады.[2]

Жоғары кәсіби білім беру жүйесінде студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің түрлері мен формаларын қолдану мен еңгізу бойынша бірнеше бағыттарды көрсетуге болады:

- зерттеу типінің міндеттерін орындаумен оқу үдерісін (дәрістерді, семинарларын, тәжірибелік және лабораториялық сабақтарын) ұйымдастырудың дәстүрлі академиялық формаларын байыту;

- ғылыми қызметке студенттерді тартудың оқудан тыс формаларын дамыту (мәселен, ғылыми баяндамалар, мақалалар жазу, мәлімдемелер дайындау; олимпиадалар және ғылыми конференцияларының өткізілуі; ГРАНТтар алу үшін жобалар дайындау; оқытудың факультативтік формалары; жоо - өндірістің және басқаларының ғылыми ынтымақтастықтарының формалары);

- студенттердің (ғылыми-зерттеу үйірмелері, жас зерттеушілер ұжымдары және т.б.) ғылымитәжірибелік қызметінің коллективті формаларын жоғары оқу орны үшін көп таралмаған ерекшеліктерін енгізу.

Студенттерді ғылыми шығармашылыққа тартудың формалары мен әдістерін оқу үдерісі мен сонымен қатар, білім алу кезінде жүргізілетін оқу жоспары мен жұмыс жоспарларына (ғылыми зерттеу негіздері бойынша арнайы дәріс курстары, ғылыми зерттеудің элементтерін оқу сабақтарының әртүрлі түрлерін, студенттердің оқу-зерттеу жұмысы) ғылыми- сәйкес, ғылыми-зерттеу жұмысына тартуды бөлуге болады, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта студенттермен орындалатын, ғылыми-зерттеу жұмысы.

Оқу барысында орындалатын, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысның маңызды формасы болып, лабораториялық жұмыста ғылыми зерттеу элементтерін ендіру керек. Мұндай жұмыстарды орындағанда студент жұмысты орындау жоспарын өздігінен құрастырады, керекті әдебиеттерді іріктеп алады, математикалық өңдеулері мен нәтижелерін талдауды жүргізеді, есеп дайындайды.

Төмен курс студенттері үшін оқу үдерісінің шеңберінде СҒЗЖ негізгі формалары болып рефераттарды, ғылыми іздену элементтерімен жеке үй жұмыстарын дайындау, пән үйірмелеріне қатысу.

Оқудан тыс уақытта орындалатын; СҒЗЖ негізгі формасы болып, студенттерді кафедрада жүргізілетін, ғылыми зерттеулерді орындау үшін тарту.

Студенттердің зерттеушілік ептіліктері мен шығармашылық әлеуетін белсендендіретін, тиімді әдістер мен формаларын негізінде, келесілерін бөліп көрсетуге болады: эвристикалық әдістерді қолдану, студенттермен пікірталастар жүргізу және ұйымдастыру, пікірталастарға қатысуға мамандарды тарту; зерттеу жобаларын дайындауға студенттерді тарту;

студенттерді жобалық оқыту шеңберінде шағын зерттеуші топтарының жұмысына тарту.

Бұл оқыту әдістер мен формалары студенттердің өнімді ойлауын дамытуға, олардың оқуда дербестігін, жаңа ойларды ұсынуды ынталандыруға мүмкіндік туғызады. [3]

Сол себептен, болашақ мамандарды дайындау үдерісінде, егер студенттер ғылыми-зерттеу қызметінің сан алуан формаларына қатыстырылса, ғылыми жұмыс нәтижелі болады. Сондықтан студенттерді оқытудың барлық кезеңінде ғылыми қызметін орындауда болашақ мамандарды даярлауды жүйелі және мақсатты жүзеге асыру, ғылыми қызығушылықтарын, қабілеттерін, мүмкіндіктерін және студенттердің ғылыми жұмысының тәжірибесінің есебінде шығармашылық топтарын жасау; оларды ғылыми жұмыстың



әдістемесімен қаруландыру; практикаға ғылыми нәтижелерді ендіруде жетістік жағдайларын жасау; ғылыми мәселелерді шешуде шығармашылық қызметін және зерттеушілердің дербестігін ынталандыру керек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Демченко, З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя [Текст] / З.А. Демченко // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155-158.

2. Труувяли Э.Ю.В. Студенческая научная работа и ее исследование. — материалы научно-методич. конференции «Проблемы педагогики высшей школы.» – Тарту: ТГУ, 1972, с. 80-82.

3. Бережнова Е.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов: Учебник для студ. сред.пед. учеб. заведений / Е.В.Бережнова, В.В.Краевский. – М.: Издательский центр Академия, 2005. – 128с.

#### **Курмашева Ш. Н.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА, ЗЕРТТЕУШІЛІККЕ БАУЛУ**

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік әрекеттерін дамытудың маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы, оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік әрекеттері ғылыми-педагогикалық проблема ретінде біраз зерттелген. Оқушылар бойында «шығармашылық әрекет тәжірибесін » қалыптастыру әрекеті туралы И.Я. Лернер зерттеген екен.

В.В. Давыдов «жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жатыр; жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттілігіне байланысты» - деп есептеген. Б.Д. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама берген: «Шығармашылық - бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады.»

Шынында да, біздің қазіргі бастауыш сынып оқушылары бойынан шығармашылыққа, зерттеушілікке қызығушылықтарын оята алып жүрміз бе, деген сұрақ әрбір ұстазды толғандырады анық. Меніңше, бір нәрсені жасауға, тудыруға деген қабілеттілік балаларда мектеп жасына дейін де қалыптаса

бастайды, бұл кезде шығармашылық қабілеттері ойын әрекетінде жүзеге асады да, даму өнімі қиял, елее болып есептеледі. Бастауыш мектептерде шығармашылық қабілеттері оқу әрекетінде көрінеді, даму қасиеттері - «оқуға құштарлық, ынталылық». Оқушының шығармашылық тұлға болып қалыптасуын В.В. Давыдов өзінің «Дамыта оқыту теориясы » еңбегінде көрсеткен [1].

Шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бастауыш сыныптардан бастау алатыны анық. Оны ұзақ уақыт жетілдіріп отыру керек. Егер бұл үрдіс дұрыс ұйымдастырылған болса, онда жоғары сыныпқа барғанда әр оқушы шығармашылыққа, зерттеушілікке бейім болатыны анық. Қазіргі таңда шәкірттеріміз компьютер, мобильдік телефон, интернет жүйесімен көп айналысатын болғандықтан, зерттеушілікке, шығармашылыққа бет бұрмай отыр. Олар көбінесе, даяр ақпараттармен ғана шектелуде. Ақпараттық технологияларды игергендері құштарлық-ау, бірақ В.И. Слободчиковтың айтқанындай «оқушы өміріндегі басты оқиға өзіндік «Менін» ашу, адамдар қарым-қатынасы жүйесінде өз орнын табу, өзін өз өмірбаянының жасаушысы ретінде сезіну» қасиеттері төмендейтіндіктерін мойындамайды да.

Оқушының әрбір өз бетінше шешкен мәселелері олардың шығармашылық, зерттеушілік қасиеттерін ұштай түседі. Психологиялық, дидактикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік, шығармашылық қызмет дегеніміз - жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет екендігі айтылған. Шығармашылық қызметтің субъективті сипатынан зерттеушілік қызметтің субъективтілігі келіп шығады. Сондықтан да оқу қызметінің түрі зерттеушілік пе, жоқ па деген сұрақ туады. Яғни бұл мәселені мұғалім толық түсіне білуі тиіс. Демек, математика сабағында оқушыларды зерттеушілікке үйретуге мұғалімнің өзі дайын болуы, ұстазда зерттеушілік қызмет қалыптасуы қажет. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларды шығармашылық пен зерттеушілікке дағдыландыру үшін өтуге тиісті оқу материалын алдын-ала теориялық-логикалық талдау жасап алуы қажет. Олар алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін шығармашылық, зерттеушілік жұмыстардың міндеттеріне қарай оқушыларға бағыт беріп отырулары маңызды. Зерттеушілік қабілетін шыңдау үшін ,әрине,шығармашылық қабілетін 1-сыныптан бастап дамыту керек, тек содан кейін ғана жан-жақты, шығармашыл, зерттеуші шәкірт тәрбиелейтініміз анық. Мен бірнеше жылдан бері бастауыш сыныпта сабақ беріп келемін. Осы жылдар ішінде біздің шеше алмай келе жатқан басты проблемамыз - алдында ғылыми тұрғыдан дәлелдер келтіріп отырған- бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін әлі де дамыта алмай отырғандығымыз екенін түсіндім. Осы себепті көп ойланып, көп толғандым, да, әріптестеріме кейбір іс-тәжірибем жайында баяндауды жөн көрдім. Шығармашылық қабілет шығармашылық қиялды ғана жетілдіріп қоймай, шығармашылық ойлауды да дамытады. Шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерді дамытудың бірнеше жолдарын ұсынбақпын. Баланың шығармашылық қабілетітерін ашу-мұғалімнің ең басты міндеті. Ұлы ойшыл М. Горький: «Адамдағы дарындылық

қасиет туа бітті қан арқылы берілетіні де ,одан қалды жүре пайда болатыны да бар. Туа бітті болатыны - тұқымқуалаушылық. Бұл қасиет - өсіп те кететін, өшіп те қалатын үрдіс. Сондықтан оны үнемі, үздіксіз шыңдап отырмаса өшіп қалуы да ғажап емес» Ұстаз ретінде мен көбінесе ойын технологиясын пайдаланамын. Әсіресе, мектепалды даярлық сыныбынан келген оқушылар үшін бұл әдіс-тәсілдің тиімді екендігін баршаұстаз түсінетін шығар. Бала ойнағанда шығармашылық қиялы дамиды. Мұғалім балалар ойынын тек бақылап қана қоймай, оның дамуын басқарып, байытып, шығармашылық элементін енгізіп отырады. Сауат ашу сабағында осы тәсілді көп қолданамын. Мәтіндермен таныстырғанда олардың шығармашылығы мен қиялын дамытатын сюжеттік, рөлдік ойындарды құрастырамын. Бала ойнағанда өзінің шығармашылығын жоспарлап, ойынды бағыттап отырады, қандай жолдар арқылы іс-әрекетін жүзеге асыру туралы зерделеуді де ұмытпайды. Сабақтан тыс уақыттарында да ойнауға болатын арнайы ойындар арқылы шығармашылық қабілетті дамытуға болады. Ертегі -баланың қиялын дамыту қайнары. Бала қиялын дамыту үшін ертегіні өрбіту, ертегіні басқаша құрастыру, ертегінің аяқталуын өзгертуге мүмкіндік беремін [2].

Бастауыш сыныптарда бейнелеу өнері - баланың шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға көп мүмкіндік беретін пән, сондықтан олардың суреттерге қарап нені бейнеленуіне байланысты оның қоршаған ортаны қабылдайтыны, жады, қиялы мен ойлау ерекшелігін білуге болады. Олар өз көргендерін суретте бейнелеуге тырысады. Суреттердегі қиялдарын өзгертудің жолдарын іздейді, ойланады, қиялдарына қанат бітіреді. Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда музыка пәнінің де маңызы зор екендігін түсіндім. Музыкалық шығарманы тыңдау балаларға үлкен әсер етеді [3].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Л.С. Выготский. Вопросы детской психологии. М.. 1997.
- 2.Н.И. Запрудский. Современные школьные технологии. Минск. «СЭР-Вит» 2012.
- 3.Ә. Мұханбетжанова А. Қасымова. Білім процесінде жаңа педтехнологияларды қолдану. «Білім» журналы, 2005, №4.

**Курманов Б.А.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ. қ.Семей.

Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ- СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениетсалаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

«Білімді ұрпақ–жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі» жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Қарым-қатынасты –білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас- білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани -адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Адамның іскерлігі оның арнайы іс -әрекет орындау процесіндегі мәдениет деңгейімен байланысты. Жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі әр түрлі еңбектің саласы мен нәтижелілігінің қажетті шарты және әрбір тұлғаның дамуы мен жетілуінің факторы.

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті.

Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді. Қарым -қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады. Мәдениет коммуникациялық жүйе, әртүрлі ақпараттармен алмаса отырып, қатынастың барлық түрлерін қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуымен берілуі, сақталуы адамзат болмысының негізгі шарты, өмірлік әрекетінің мәдени формасы, табиғи, әлеуметтік қоғамдытану құралы, адамның өзін-өзітануы, қалыптасуы. Қарым-қатынас барысында жеке адам

Қайталанбайтын шығармашылық тұлғаретінде көрінеді. Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адамдамуының құралымен басқаруы бола алады.

Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының мынадай өлшемдерін анықтауға болады:

1. Жеке тұлғаның қоғамдық ортамен байланысы;

2. Қарым-қатынас мәдениеттілігі деңгейіндегі теориялық білімді меңгеруі;
3. Әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы;
4. Қарым –қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеттері;
5. Қарым-қатынас барысындағы жауапкершілігі;
6. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы икемділігі, іскерлігі, дағдылары.

Студентер бойында қарым- қатынас мәдениетін қалыптастыру, оны кәсіби даярлау маңызды сипатқа ие.

Педагогикалық процестің элементтері оның: құрамы, мақсаты, формасы мен әдістерінің дайындындығы, сонымен қатар қорытындысымен ерекшеленеді. Бұл бізге коммуникативті мәдениеттің элементтеріне және құрамына сипаттама алуға мүмкіндік береді. Алайда соңғы уақыттағы зерттеу сараптамалары бұл үдерістің (процесстің) шешімі жоқтығын көрсетеді.

Г.И. Аксенова кәсіби дайындықтың белгілеріне нұсқап, оның тұтастығын, өзгерістерін, кезеңдік ұйымдарын сипаттайды. Дайындық басқа да қызмет сияқты толық бағдарламаны мақсат етеді. Дайындықтың мақсаттарының арасында, қызмет сияқты, әр түрлі деңгейде ашылатын: мотивациялық дамудың дайындығы; маңызды дайындықтың толықтығы; ұсталықтың дамуы ерекшеленіп ажыратылады. Осыдан автор мындай қорытындығы келеді «кез-келген қызмет түріне дайындық өзіне сену, көзқарас, қарым-қатынас, мотив (түрткі), сезім, еркіндік, интеллектуалдық сапа, білім, дағды, тұлғалық ерекшеліктер, белгілі тәртіпті қамтиды».

Ақырында даярлық сияқты дайындықтың нәтижесінде құрылымын айқындауда мыналарға акцент жасалады: мотивациялық компонент (сендіру, көзқарастар, қарым-қатынастар, түрткілер, белгілі тәртіптер); жекелік (сезімдер, жігерлі және интеллектуалды сапалар); мазмұнды (білім); процессуалды (ұсталық және дағдылар). В.С. Ильина және Г.С. Садчиковтың теорияларына сүйене келе Л.Ф. Жеребятьева, мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын оятушылық (мотивациялық) және орындаушылық (процессуалды) құралымдары арқылы анықтайды

Л.В. Нечаева өзінің жұмыстарында «кәсіпқой-маманның құралымық мәселелерін қарастыра, оның интегралды үзілісті жүйесін кәсіби педагогикалық тұлғаның бағытылығын қоса, теориялық қаруларын, сонымен қатар кәсіби мәнді ұсталық бірлескен қызметті қажет», -деп санайды.

Сонымен даярлық процесінің негізінде тұлғаның күйі айқындалып және де оның құрылымында тұлғаның бағыттылығы, теоритикалық білімі, кәсіби білігі ажыратылады. Экперименталды жұмыстардың логикасы тәслдердің сипаттамасын, кәсіпқой тұлға күйінің құралымын қамтиды. Мұндай дайындықтың 3 кезеңі ерекшеленеді

I кезең лекциялар, пәнаралық байланыс түріндегі актуализациялауды құруды қамтиды:

II кезең – тренинг түріндегі жаттығуды үйрету;

III кезең - дағдыны бекіту түріндегі педагогикалық тәжірибе, студентті кәсіби ортадағы қарым-қатынасқа бейімдеу;

Басқа жұмыста дайындық процесінің негізі жүйе ұғымы арқылы анықталады. Ол дайындық жүйесін жасауда мазмұн бірлігімен, түрі, тәсілі арқылы сипаттайды. Жүйе қызметі көзқарасы бойынша, түрткінің педагогикалық қызметі, жекелік сапа, білім, педагогикалық білік байланысы айқындалу факторы болып табылады [44] Бұнда даярлау ұйым шартының көзқарасы бойынша 4 кезең ерешеленеді:

А) түрткі құрылымының даярлық табысы арқылы, тұлғалық сапалары, білітілігі;

Б) дайындық байланысының әртүрлілігі (психологиялық және педагогикалық)

В) кәсби өзін-өзі тәрбиелеу

Г) педагогикалық біліктің жүйелі құралымының кезеңдері. Дайындық жүйесінің құрылымы мотивациялық-жекелік (мотив және тұлғалық сапа), мазмұнды (білім) және қызметті (білік) компоненттерімен таныстырылады. Барлық жүйелердің қызметтелуі тығыз қарым-қатынасты қамтитыны белгіленген.

Қызмет бағытында тіл табуды Л.В. Макарская толық процесс яғни педагогикалық қызметте мотивациялық тіркелген сана мен әрекеттің теоритикалық білімі, тәжірибелік білігі мен жекелік қасиет құрылымдарын қамтиды деп қарастырған. Жоспарлы құрылымы мен мазмұны жағынан даярлық жеке студентке педагогикалық әсер ету құрылымды бейне компоненттерімен мінездемесінің белгісі бойынша ұсынылады. Осыған байланысты автор даярлықтың негізгі бағыттары кәсіби сананың және өз санасының жетілуі (сонымен қатар жағымды мотивациялармен, білімінің кеңеюі); педагогикалық біліктің қалыптасуы, адекватты бағалау мен өз бейнесін бағалаудағы басты түрткі, қылықтары.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, маманның даярлығын зерттеуде және бұл процесті қарастыра отырып, бұл мақсат маманның кәсіби дайындығы болып табылатыны анықталды. Мақсаттан басқа даярлық процесінің мыналарды анализдейді: құрылым, қызметті жасауда, ұйымның формасы мен кезеңі, даярлық ұстанымы мен әдісі. Кейбір зерттеулерде кәсіби-педагогикалық болуда амалдар қадағаланады, даярлық процесі мен педагогикалық процеске дайындық көзқарасын өзгерту мәселелері қатысады. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл деректер даярлық құрылымы жайлы болса ғана ақталады себебі даярлық бүкіл педагогикалық процестің компоненттерін алып қарайды. Жалпы педагогикалық процеске даярлық екі жақты болып қарастырылады:

- Бір жағынан, жекелік мінездеменің төзімділігі
- Екінші жағынан, күйге байланысты.

Демек, даярлық процесінің түйіні жекелік мінездеменің қорытындысы болып табылады. Айрықша даярлық қызмет процесінде қалыптасып және жүзеге асып қана қоймай оның құрамына кіреді. Жаңа педагогикалық-психологиялық зерттеудегі бағыттардың ішіндегі мұғалімнің даярлығы оның жекелік психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады. Бұл заңдылық кәсіби даярлаудағы болашақ маманның жеке модельін жасауға бағытталады ал даярлау процесінің өзі болашақ маман қызметінің спецификасын айқындайды.

Даярлық өзіне ғана мұғалім мен оқушының қызметін ғана қамтымай сонымен қатар дербес қызметтердің субъектісі, білімде өзін-өзі жетілдіру, тәжірибенің субъективтілігін меңгерудегі анализ жолы, қызметтің маңыздылығын өзіне қосады. Сонымен даярлықтың әрбір деңгейінде ие болу қасиеті бар және оның белсенділігін арттыру керек.

Даярлықтың мотивациялық аспект процесі мақсатты бағытталған оқудың нәтижесінде қалыпқа келеді, қызметте табысқа жету көбіне жеке тұлғалық жағдайдайлаға, оның мотивтері мен қалауларына тәуелді болады. Құрылымдық аспект оқу нәтижесінде қалыптастырылып, қызметті меңгеруді және білім беру процесін ұсынады. Тәжірибелік аспектсі оқу процесінде сонымен қатар жеке тшығармашылық қызметте жүзеге асады. Бұл ретте дербес творчестволық қызмет субъектісі қалыптасқан мотивтер, керекті білімдер жүйесі, тәжірибелік біліктер және коммуникативті қызметтегі творчестволық өзін-өзі жетілдіру негізінде қалыптастырылады.

Даярлық педагог маманның коммуникативті мәдениетте жетітікке жетуге бағытталған, және оның құрамында мотивациялық құндылықтарды, құрамды және тәжірибелік компоненттерді ерекшелейміз.

Біздің көзқарасымызша, егер де мынандай қатардағы мақсаттарды шешсек даярлық мақсатқа жетуі мүмкін,:

- Біріншісі – мотивациялық құндылықты жанасудың қарым-қатынаста толық және құрылымдық формада құралуы;
- Екіншісі – білім жүйесіндегі қарым-қатынаста жалпы және жеке мәдениетті формасында құралуы;
- Үшіншісі – ұстанымдар мен коммуникативті дағдылардың жетілуі. Бұл мәселені шешудің тек бір жолы ол жекелік (мотивациялық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік) сферадағы мақсатты бағытталған әсер ету. Сонымен, біз процесс ретінде коммуникативті мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін дайындау процессін қарастырамыз, оның нәтижесі келешек ұстаздардың коммуникативті мәдениетін жоғарлату болып табылады. Коммуникативті мәдениет кәсіби ұстазды қалыптастырудың шарты болып табылады. Студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру процесі педагогикалық процесті сипаттайтын бірқатар белгілерге ие. Олардың арасынан келесілерді бөліп көрсетейік:

- Дифференциалдылық;
- Мақсатқа лайықтылық;
- Кезеңдік ұйымдастыру және реттілік.

Студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру тәрбиелеу процессінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Коммуникативті мәдениет коммуникативті қызметтің қасиетін сипаттайтынына негізделіп, біз маманның педагогикалық қалыптасуының жүйесінде бұл процеске ерекше көңіл бөлеміз. Кәсіби қызметке дайындалу әр түрлі аспектінде коммуникативті

мәдениеттің құрылымдық құрамдастарын қалыптастыруды болжайды: уәждемелік-құндылық, мазмұндық және практикалық.

Сонымен бірге коммуникативті қызмет коммуникативті мәдениетті қалыптастырудың шарты мен құралдары ретінде шығады. Студенттерді кәсіби дайындау процессінде қарым-қатынасқа құндылық қатынас дамытылады, ұстаздың өзінің коммуникативті қызметі сәйкес болуы тиіс талаптар қойылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.
2. Маклаков А.Г. Общая психология. -СПБ., 2004.
3. Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.
4. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. -М., 1973.

#### **Қуаныш Ұ. Қ.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

### **ПСИХОЛОГ-СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ**

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі — жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ- ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда психология, педагогика ғылымыдарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

Студенттер деп жоғары және кәсіби, арнайы оқу орындарында оқып жүрген ұл-қыздардың әлеуметтік қоғамдастығын айтамыз. Бұл әлеуметтік кәсіби категорияның тарих бетінде пайда болуы ХІ-ХІІ ғасырларда алғашқы университеттердің ашылуымен байланысты. Студенттердің негізгі әрекеті -оқу, яғни мақсатты түрде жүйелі, тыңғылықты білім алуға, кәсіби еп-дағдыларды үйренуге ұмтылуы.

Студенттік шақты (негізінен 18-25 жас аралығы) адамның басқа жас кезеңдерінен бөліп алып, өзінше әлеуметтік-психологиялық қауымдастық ретінде терең әрі ауқымды зерттеген профессор Б.Г. Ананьев бастаған психологтар мектебі. Оларды зерттеу нәтижелері бұл шақта адам зиятының (интеллекті) ең күшті даму кезеңі болатындығын, оның аса күрделі әрі әр адамға тән ерекшелігі және өзгермелі келетіндігін көрсетеді. Мысалы, 18-20 жастағылардың көру, есту, қимыл-қозғалыс сезгіштіктері ең жоғары дәрежеде (оптимизм) болады. Көру кеңістігінің көлемі 20-29 жас аралығындағы өзінің



максимунда (ең жоғары толысу) жетеді. Зейіннің көлемі, ауысуы (бұрылуы) талғағыштығы 18 жастан 33-ке дейін қарқынды өсіп-дамып, 34 жастан кейін олар төмендей бастайды. Ал зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын болар-болмас ғана өзгереді екен. Қысқа мерзімді сөздік жадының ең жоғары өрлеуі 18-30 жас аралығында деп келсек, өзара мерзімді сөздік жадыға ол 18-ден 35-ке дейінгі кезеңге сәйкес келеді. Ал, бейне жадысының адам жасының өзгеруіне тәуелді болымсыз болып келеді.

Логикалық ойлау қабілетінің ең күшті кезеңі 20 жаста байқалады. Содан кейін ол біртіндеп төмендей береді. Егер осы қабілет деңгейін 20 жаста 100 пайыз деп алсақ, ол 30 жаста 4 пайыз төмендейді, 40-та 13 пайыз, 50-де 20 пайыз, 60-та 25 пайыз, 70-ке келгенде 40 пайызға төмендейді екен. Міне, жоғарыда айтылғандай адамның жас шақтарына байланысты психофизиологиялық функциялардың дамуы өте күрделі қарама-қайшылықта болады. Ол өзгерістер адамның еңбек әрекеті мен практикалық тәжірибесіне тәуелді бола келіп, онтигенетикалық даму заңдылықтарын бейнелейді. Студенттердің негізгі сипаттарының бірі өз ырығымен таңдап алған кәсібіне құштарлық, сол кәсіпке толық ие болам деп бар ой-санасын, әрекетін бағыттау және осы бағытындағы тұрақтылық қасиеті. Егер студент болашақ кәсібін дұрыс таңдай алса, ұнатса, сүйсе оның оқуға деген ынта-ықыласы да құштарлығы да жоғары болады.

Ал бұл жолда қателессе, болашақ мамандығы туралы мағлұматтары аз болса, онда оқуға деген ынта-ықыласы да төмен болады. Көптеген зерттеу нәтижелері негізінен студенттердің оқуға деген ынта-ықыластарының жоғары деңгейде болатындығын көрсетеді.

Әлеуметтік-психологиялық аспекте студенттердің басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда білім деңгейі, танымдық мотивтері жоғары болады әрі олар мәдениет мұраларын игеруде үлкен белсенділік танытады. Жалпы, студенттер тобына тән нәрсе әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейде болуы. Сонымен қатар, олар байқалатын интеллектуалды және әлеуметтік толысудың гормониясы. Студенттердің осындай ерекшеліктері ұстаздардың әрбір шәкіртіне сүйіспеншілікпен қарауға, оларды тұлға ретінде қабылдауға итермелейді.

Студенттер педагогикалық қарым-қатынаста өз әрекеттерін өз беттерімен ұйымдастыра алатын ынталы субъект. Оларды оқытудың негізгі нысаны (формасы) таңбалы-контексті жүйе болып табылады. Студенттік шақ -адам баласының кісі болып, тұлға болып қалыптасуының негізгі кезеңі. Бұл шақта жастардың алуан түрлі нәрселерге ынта-ықыластарының артуы шыңына шығады, олардың әр істе үлкен табыстарға жетуі байқалады (спортта, өнерде, ғылымда, техника салаларында және т.б.). Болашақ қайраткерлер, кәсіп иесі-маман ретінде студент жастардың әлеуметтену процесі өте қарқынды өтеді.

Адам өмірі үшін рухани қажеттердің өтелмеуінен адам көп қиыншылық көреді, өйткені бұл оның сана сезімінің өсуіне кедергі келтіреді. Сонымен

қажеттілік — адамның белгілі бір тіршілікке немесе дамуда бір нәрсені керек етуі. Педагогикалық әдебиеттерде –мотив ұғымы әртүрлі мағынада түрткі, ниет, ынта, ықылас т.б. ұғымдар арқылы берілген. Біз студенттердің психологиялық ерекшеліктерін сараптау барысында студенттің білім алуы үшін ең қажетті процес –түрткі ұғымын толығырақ қарастыруды жөн көрдік.

Ал, түрткі бір әрекетке талаптанған немесе ниеттенген белгілі бір қажеттіліктің қанағаттануымен байланысты. Түрткі орындалу барысында адамда қызығушылық пайда болады. Өйткені, түрткі дегеніміз белгілі бір қажеттілікті өтеуге әсер ететін тұлғаның іштей құлшынысындағы белсенділігі. Мұның өзі іс-әрекетте, қарым-қатынаста, мінез-құлықта көрінеді. Ал, түрткінің сапасы мұратқа ұмтылу, қызығушылық, сенім, әлеуметтік тәртіп саласындағы құндылықтардан көрінеді. Ізденуге себеп болатын бағдар — таңдаған әрекетті мойындап, оны тауып, қажеттілікті өтеудегі ынта-ықылас. Мұның мән-мағынасы қажеттілікпен байланысты деп білсек, қажеттілікті өтеу — тұлғаны белсенділікке ұмтылдыратын қозғаушы күш деп түсінуге болады. Сонда түрткі адамды ынталандырады, ізденуге, оны табуға ықпал етеді. Былайша айтқанда түрткіні тұлғаның мінез-құлқы мен әрекетіндегі белсенділігін реттейтін жетекші фактор деп танымыз.

Түрткі жөнінде және оған анықтама беруге байланысты ұсынылған пікірлер баршылық.

Мысалы:

— түрткі психологиялық құбылыс, іс-әрекетке деген ынта-ықыласты қозғаушы күш, қызығушылық;

— түрткі әрекеттенуші тұлғаның таңдауына лайықты болған себепке байланысты қарым-қатынас;

— түрткі өзінің қажеттілігін өтеудегі бағдары және іс-әрекет пен қарым-қатынастағы адамның санасындағы түрткінің көрінісі т.б. Осындай анықтамаларды қорыта келгенде түрткі — қажеттіліктің өзі емес, оның құралы және тұлғаның бағдарлайтын жол екендігін мойындап, мынандай тұжырым жасауды орынды деп білеміз. Түрткі дегеніміз -қажеттілікті өтеудегі тұлғаның ізденуі, іс-әрекет, қарым-қатынастағы белсенділігі, ұмтылысы, үміт еткен қызығушылықтың нәтижесіне жетуге іс-әрекет жасауы. Қызығу — заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағыттылған адамның біршама тұрақты ерекшелігінің бір көрінісі. Сөйтіп, адамның қызығуы — асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойланудан туындайды

Түрткілер мамандықты таңдап алуға байланысты шәкірттің пәнге қызығушылығы, келешек мамандыққа байланысы жоқ (сурет, ән, әдебиет, спорт т.б.). Бұл әрекетте оқытушы мен студенттің белгілі мақсатқа ынталануы қажет. Аталған мәселе негізінде оқуға деген — түрткі (мотив) туындауы керек. Студенттік шақ -адам баласының кісі болып, тұлға болып қалыптасуының негізгі кезеңі. Бұл шақта жастардың алуан түрлі нәрселерге ынта-ықыластарының артуы шыңына шығады, олардың әр істе үлкен табыстарға жетуі байқалады (спортта, өнерде, ғылымда, техника салаларынды және т.б.).

Болашақ қайраткерлер, кәсіп иесі-маман ретінде студент жастардың әлеуметтену процесі өте қарқынды өтеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

5. Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.
6. Маклаков А.Г. Общая психология. -СПБ., 2004.
7. Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.
8. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. -М., 1973.

**Кокчаева Г.Н.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,  
**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК»  
ҰҒЫМЫНЫҢ ТАЛДАНУЫ**

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде талдау көрсеткендей, ұғымы ХХ ғасырдың соңында педагогика лексикасына тұрақты түрде енді.

Ол педагогикалық ғылымдар төңірегінде теориялық зерттеулердің нәтижесі ретінде емес, керісінше білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырыстың тұжырымдамасы ретінде пайда болды.

Айтылған ұғым талдамасының бастапқы төркіні ретінде авторлар «Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде» берілген анықтаманы пайдаланады, онда: «құзыретті (лат. competens, competes - тиісті, қабілетті) - белгілі бір салада білікті, хабардар, өз білімдері немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы бар», - деп көрсеткен [1].

«Құзыреттілік» ұғымының мазмұны бойынша ұқсас анықтама энциклопедиялық сөздікте заңмен, жарғымен немесе нақты бір органның немесе лауазымды тұлғаның басқа да актілерімен ұсынылған өкілеттер шеңбері; қандай да бір сала бойынша білімдер мен тәжірибе түрінде сипатталады.

«Құзыреттілік» термині «құзыретті» сөзінен шығады және мынадай мағыналарды білдіреді:

- 1) құзыреттілікті иелену;
- 2) белгілі бір беделді пікірін айтуға мүмкіндік беретін білімді иелену.

Әр түрлі сөздіктерде берілген «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының талдауы келесідей жалпы сипаттамалар беруге мүмкіндік берді: белгілі бір саладағы білімдер, хабардарлық, бұл көптеген зерттеушілерге ұғымдарды синоним түрінде қарастыруға жол ашты.

Сонымен бірқатар зерттеушілер көбінесе, құзыретті білім және хабардарлықпен, ал құзыреттілікті - тұлғамен, адамның өз тәжірибесімен байланыстырады. Мұндай түсінік құзыретті білім беру дайындығына қойылатын талап ретінде, ал құзыреттілікті белгілі бір саладағы іс- әрекетке қатысты аздаған тәжірибе және оның жиынтығы немесе қалыптасқан тұлғалық қасиет ретінде қарастыра келе, аталған ұғымдарды ажыратуға мүмкіндік береді.

И.А. Зимняя «құзыреттілік» ұғымының өзін «адамның әлеуметтік- кәсіби тіршілік әрекетінің интеллектуалдық және тұлғалық шартталған тәжірибесіне, білімдеріне негізделген», - деп нақтылайды. Ол төменгі деңгейлерде көрінетін барлық қалған құзыреттерді өзіне қамти келе, ең жоғарғы деңгейде жалпы «тұлғалық» құзыретті белгілей отырып, осындай ұғымдағы құзырет тұтас және жалғыз деген оның ойы Кембридждік емтихандық синдикаты қолданатын тәсілмен расталады [2].

И.А. Зимняяның айтуы бойынша, құзырет - атқарымдық сауаттылық элементіне қарағанда бірқатар міндеттерді шешуге ықпал етеді; дағдыға қарағанда - саналы түрде; икемге қарағанда - автоматтандыру жолымен, дағдыға айналу арқылы емес, керісінше басқа құзыреттермен бірігу арқылы жетіледі; білімге қарағанда ол туралы ақпарат емес, іс-әрекет түрінде жүреді.

Жоғарыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық зерттеулерде талдау көрсеткендей, құзыреттіліктің дамуы бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, келесідей жағдайларда пайда болатын мәселелерді шеше алу қабілетін қояды: болмыс құбылыстарын; қазіргі техника мен технологияларды меңгеру барысындағы; адамдар арасындағы өзара қатынастарында, этникалық нормаларда, жеке басының қылықтарын бағалауда; азамат, отбасы мүшесі, сатып алушы, клиент, көрермен, қала тұрғыны, сайлаушы сияқты күнделікті өмір тәжірибесіндегі әлеуметтік рөлдерді орындау барысында; құқықтық нормаларда, әкімшілік құрылымдарда. Берілген анықтамаларда құзыреттілік тұлғаның кіріктірілген қасиеті, жеке қасиеті, шешім шығару іскерлігі, жеке сапасы, мінездемесі тұрғысынан айқындалған.

Сонымен әртүрлі зерттеушілердің көзқарастарын топтай келе, біздің көзқарасымыз бойынша, құзыреттілік - бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Енді жалпы білім беру саласы бойынша басқарушылық ұғымдарына тоқталайық. Білім беру аясында білім беру менеджментіне асқан қызығушылық қазақстандық ғалымдар еңбектерінде көрінісін тапқан Т.М. Баймолдаев [3], З.М. Садвакасова [4], К.Ж. Аганина [5], С.К. Исмагулова [6], Г.К. Ахметова, К.Ғ. Сағындықов пікірі бойынша: «Жаңа типті кадрларды дайындау және олардың жаңаша ойлау қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, кадрларды кәсіби тұрғыдан, әсіресе, менеджмент саласына лайықты дайындау мемлекеттің ұзақ мерзімді экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады», - деп тұжырымдайды [7].

Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби құзыретін Г.М. Коджаспирова «педагогикалық қызметтің қалыптасуын, педагогикалық қарым-қатынастарды

және белгілі бір құндылықтарды, идеалдар мен педагогикалық сана-сезімді ұстаз ретінде қалыптастыруды оқытушының жеке басын анықтайтын қажетті білім» ретінде түсіндіреді [8]. Мұндағы оқушылардың «жеке басы» деген ұғымның ауқымы өте кең мағынада айтылып тұр. Ондағы қарастырылатын болашақ маман үшін мәселелер оқушының жеке пән бойынша алатын білімдері ғана емес, оның физиологиялық болмысы, психологиясы, қоғаммен байланысы, өзін ұстауы, мұғаліммен қарым-қатынасы және тағы басқада қасиеттерін жетік мегеруін талап етеді.

Егер де қазіргі психология даму тенденцияларын қарасақ, онда оның логикалық орталығы мотивация мәселесі болып жатқанын байқау қиын емес (Б.Ф. Ломов) [15, 38]. Тұлға психологиясының «ядоросы» болып есептелетін (С.Л. Рубинштейн) мотивация адам өмірінің маңызды іс-әрекеті мен мінез-құлқтық ерекшеліктерін анықтайтын маңызды көрсеткіш болып табылады [16]. Н.И. Мешковтың пікірінше, мотивация мәселесі пәнаралық болып табылады, өйткені, тұлғаның мотивациясына байланысты мәселелерді ғылыми танымның әр түрлі облыстары ( психология, педагогика, әлеуметтану, тарих, биология, медицина және т.б.) өз позициясы мен көзқарастары тұрғысынан шеше алады. Бұл жағдай түсінікті, себебі аталған ғылымдардың объектісі ретінде жануарлар әлемінің түрлі өкілдері және ең бастысы адамның өзі өкіл болып қатысады. Мотивация мәселесінің ұзақ уақыттар бойы зерттелгеніне қарамастан, бұл ұғым жан-жақты зерттелмеген және күрделі мәселелердің бірі болып есептеледі. Мотивация мәселесінің күрделілігі мен көп аспектілілігі аталған мәселенің мәнін, табиғатын, құрылымын толық түсіну үшін түрлі амалдар қажеттілігін нақтылайды.

Отандық және шетелдік психологияда мотивация мәселесін зерттеу түрлі әдіснамалық позиция шеңберінде жүргізіледі. Батыс психологиясында, «мотивация» термині әр түрлі мағынада түсіндіреді, сондықтан біз батыс мектептеріндегі мотивацияның негізі тұжырымдамаларды бөліп көрсетеміз. XXf. 20ж. аса кең танымал ұғым «инстинкт» ұғымы болды.



В. МакДугал мен З. Фрейд [1] инстинкті мотивациямен байланысты жалғыз категория деп оны тума жетелеуші ретінде қарастырған. Психоанализде сана құмарлықтың кездеспелі сәті ретінде анықталынады. Ол инстинктік әрекетті растайды бірақ адам іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттеп, басқаратын жеке белсенділікті қоспайды. Биохевиоризм ғылым саласында «драйв» түсінігінің жаңа теориялары пайда болды, оны ғалымдар «мотивация» категориясымен байланыстырады. Драйв термині жетелеуші күшті немесе алғашқы жабайылықты көрсете отырып, жануарларды белсенді болуға шақырады. Драйв сыртқы ортаның әсеріне шектеулі жауап қайтару болса, инстинкт сыртқы ортадан тәуелсіз іс-әрекетте болады. Необиохевиоризмнің қолдаушылары, Д. Уотсонмен, Э. Торндайк ғылымда «стимул-реакция» аралық өзгерістерді қарастырды [2]. Аралық өзгерістер теориясы сана ұғымын мойындап қана қоймай, оның адам іс-әрекеті мен мінез-құлқын жандандыратын және реттейтін құбылыс ретінде қарастырды. Осы уақыттан бастап мотивация категориясы адам жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті саласында маңызды орынға ие болды. «Драйв», «қажеттілік» ұғымдары пайда бола бастайды. Фрейдистер мен биохевиористер теориясына талдау жасау олардың мотивацияны ұғымын өзіне мазмұнды бөлігін қоспайтын, белсенділіктің энергетикалық қайнар көзі ретінде қарастырған.

Батыс психологиясында мотивация жайлы зерттеулерде негізін салушы К. Левиннің «әлеуметтік мотивация» теориясы ерекше орынға ие [2]. Ол белсенді ассоциацияға қарсы шығып, белсенділік тұтастық ерекшелігі сақталған кейбір психика «бірліктерінде» ғана болады деп есептеді. Аталған кейбір «бірліктерге» қажеттілік пен мотивтерді жатқызады К. Левин адам іс-әрекетін жандандыратын қажеттіліктер мен мотивтердің адам іс-әрекеті мен жүріс-тұрысына үнемі байланыста болатынын анықтады. Ол адам жүріс-тұрысын жандандырушы ретінде сипаттамасы жағынан қажеттілік пен мотивке ұқсас мақсат пен мұратты қарастырды.

Гуманистік психология өкілдерінің бірі А. Маслоу өзінің «Мотивация және тұлға» деп аталатын тұжырымдамасында тұлғаның өзін дамытумәселесіне көп көңіл бөледі. А. Маслоу пікірінше, мотив қажеттілік негізінде анықталынады және оның бірнеше деңгейлері бар (физиологиялық қажеттіліктер; бостандық пен қауіпсіздік қажеттіліктері; махаббат қажеттілігі; мойындау, жетістікке қажеттілік; өзін-өзі дамытуға қажеттілік). Адам іс-әрекеті оның ішкі және сыртқы мотивтерінен анықталатын қабілеттіліктері мен қажеттіліктеріне тәуелді. Адамда жаңа қажеттілік тек алдыңғы қажеттіліктің қанағаттанғанынан кейін пайда болады. А. Маслоу, адамның негізгі мотиві ретінде оның өз-өзіне тоқтаусыз дамытуы деп есептейді. Алайда, А. Маслоу тұлғаның «әлеуметтену» мәселесін қарастыра тұра оның қоғамдық-тарихи мазмұнын түсінбей, тума қасиет ретінде сипаттайды. А. Маслоу тұлғаның өзін-өзі дамыту үрдісін тума табиғи құбылыс деп есептейді. Жоғарыда қарастырылған К. Левин, А. Маслоу және т.б. танымал ғалымдардың тұжырымдамалармен қоса адам іс-әрекеті мен жүріс-тұрысының негізгі мотиві ретінде қарастырылатын қажеттілік мәселесіне байланысты тағы бір зерттеу

бағыттын қарастырсақ. Бұл бағыттың өкілдері Дж. Гилфорд пен Р. Кэттелл. Адам қасиеттерімен сипатталатын мотивация ерекшеліктері мәселесін еуропалық психологтар Ж. Нюттен, Ле Ни Ф, Оллпорт, П. Фрес және т.б. зерттеді.

Ф. Оллпорт адам мотивациясын зерттеуде тұлғалық амалды қолдану ұсынды. Оның теориясында тұлғаның өзін-өзі дамытуы, мотивация субъектісі ретінде қарастырылды. Оллпорт теориясы - мотивацияны зерттеуде алға қадам жасауға мүмкіндік берді. Ол мотивацияны зерттеуде тұлғалық тәсілді қолдануын, мотив тұлға теориясында базалық мәселе болғанымен байланыстырады. Алайда ғалым тұлғаның мотив мәселесін тұлғаны антропологияландыра қоғамдық-тарихи жағдайдан байланыссыз қарастырады.

1938 жылы Г.Мюррей адам мотивтерінің индивидуалды ерекшеліктерін анықтау мақсатында сауалнама жасады. Мотивтердің индивидуалды ерекшеліктерін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін сауалнама тұлға мотивін зерттеуде интенсивті мүмкіндіктер ашты. 50-ші жылдары Г. Мюррейдің «Тематикалық апперценионды тест» еңбегінің негізінде танымал психологтар Д. Мак-Клеланд пен Дж. Аткинсон адам мотивтерінің индивидуалды ерекшеліктерін анықтауға байланысты валидті тәжірибе жүргізді. Осы кезде жетістікке жету, билікке жету, аффилиация секілді мотивтер бөлініп, зерттелінді. Эксперименттік зерттеулерден соң «жетістікке жету мотивациясы» тұжырымдамасы кеңінен қарастырылды. Мұндағы жетістікке жету мотивіндегі белсенділік бір-біріне қарама-қарсы келетін екі, яғни «жетістікке жету» мен «сәтсіздіктен қашу» тенденциясының нәтижесі ретінде түсіндірілді. Ғылымға тұлғаның жетістікке жету немесе сәтсіздікке ұшырау «субъективті мүмкіндігі» ұғымы енгізілді. Бұл теория көмегімен адамды іс-әрекетке итермелеуші мотив ұғымы жан-жақты қарастырыла бастады, саналы мақсат, тұлға алдындағы қиындықтар және оның еңбегі арасындағы байланыстар айқындала бастады. Бұл теорияның жаңалығы мұнда реакция емес адам іс-әрекеттері (соның ішінде вербалды емес іс-әрекет) қарастырылды. Адамға әсер ететін стимулдар, олардың бағалылығы мен маңыздық сипатына байланысты мотивтер негізінде көрініс табады. Ол аффективті жағдай мен әрекеттер сипатын анықтайды. Сонымен, жоғарыда аталған американдық және еуропалық психологтар теорияларына сүйене, мотивацияның келесі типтерін бөліп көрсетуге болады: Бірінші типке биоэнергетикалық негіздегі мотивация жатады, яғни «инстинкт мотивациясы», «еліктіру мотивациясы», «драйв мотивациясы». Екінші типке психоэнергетикалық негіздегі мотивация жатады, яғни: «қажеттілік мотивациясы», «психикалық және әлеуметтік мотивация факторлары».

Отандық психологияда мотивация мәселесімен келесі ғалымдар айналысқан, олар: К.А. Абульханова-Славская, В.Г. Асеев, Л.И. Божович, Б.Ф. Ломов, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, П.М. Якобсон (іс-әрекет мотивациясы мен тұлға қалыптасуы); В.К. Вилюнас (адам мотивациясының психологиялық механизмі); И.А. Джидарьян, В.С. Магун (қажеттілік, эмоция, сезімнің тұлға мотивациясындағы орны); Б.И. Додонов, Е.П. Ильин (іс-әрекет

мотивациясының құрылымы мен динамикасы); Л.И. Петражицкий (тұлғаның этикалық мотивтері); М.М. Магомед-Эминов (жетістікке жету мотивінің механизмі мен құрылымы); Л.И. Анциферова, В.А. Иванников, С.Д. Смирнов, Д.Н. Узнадзе (іс- әрекет мотивациясы үрдісінің қалыптасуы тұлғаның психологиялық білім алуы ретінде). Отаныдық әдебиетте мотивацияның әр түрлі анықтамаларын кездестіруге болады, алайда жалпы алғанда олар бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Мәселен, С.Л. Рубинштейн [3] өз еңбектерінде мотивация ұғымын адамның қоршаған әлеммен қатынас орнатуындағы субъективті детерминацияны бейнелеу немесе психика негізінде детерминацияна жүзеге асырудың жанама үрдісі ретінде түсіндірген. Ол мотивацияны адамды іс-әрекетке итермелеуші және іс-әрекетке өзіндік ерекшелік беретін, пән мен құбылыстың «мәнділігімен » байланыстырған. Өз зерттеулерінде «мән» мотивацияның негізі екенін басқа да ғалымдар атап көрсеткен. В.Н. Мясищев пікірінше, тұлғаның қасиеттері ол өзі неге талпыныс жасап жатқанының мәнін толық ұғынғанда ғана жан-жақты ашылады. Тұлғаның жеке мүмкіндіктері мен қасиеттері оның сыни кезеңдері мен өмірінде маңызды шешімдерді қабылдау барысында ерекше көрініс табады.

В.Г. Асеев те мотивацияны «мәнділік» тұрғысынан қарастырды. Оның пікірінше адамның кез - келген жандану үрдістері негізінде, адам үшін объективті мәнділік пен шынайылыққа сәйкес келетін субъективті мәнділік арасындағы қарама-қайшылық диалектикасы қарастырылады [4]. Ол мотивация ұғымыны жалпы мінез-құлық детерминациясы ретінде түсіндіреді. Мотивация өзіне жандандырудың барлық түрін қосады. Бұл, қажеттілік, қызығушылық, мақсат, еліктеу, бағдар немесе диспозиция және т.б. Адам мотивациясындағы келесі маңызды принцип сана мен іс-әрекет байланыстылығы. Кеңестік дәуірдегі Л. И. Божович [5], Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев [6], В.С. Мерлин, П.М. Якобсон және т.б танымал ғалымдардың пікірінше сана адам іс-әрекетін реттеуде ең негізгі қызметті атқарады. Шынайылықтың бейнеленуі негізінде сана адамның қағаммен және қоршаған әлеммен қатынастарын реттеп отырады.

Мотив ұғымын зерттеудің түрлі тәсілдерін ұсынатын зерттеушілер, мотивациялық үрдістер мен олардың қалыптасу механизмдерін түрліше сипаттайы. Д.Н. Узнадзениң психологиялық теориясына сәйкес, адамның мақсатты тұтас іс-әрекетін түсіну үшін индивидтің тұтас психикалық жағдайын, күйін зерттеу қажет. Бұл күйлер адамның кез келген іс-әрекетті жүзеге асырар алдында пайда болады мұны адам бағыттылығы деп атасақ та болады. В.Д. Шадриковтың жүйелік іс-әрекет тұжырымдамасына сәйкес жүргізілген зерттеу барысында субъект іс-әрекетінің мотивациялық құрылым трансформациясы мен динамикалық дамуы екі бағыт бойынша жүретіні айқындалып көрсетілді [7]:

- біріншіден, жалпы мотивтер өзінің пәнін еңбек іс- әрекетінде табады;
- екіншіден, кәсіби іс-әрекет мотивтерінің динамикасы байқалынады және олар төмендегідей көрсеткіштерде көрініс табады;

- бұрын көрініс тапқан мотивтерде инволюция және жаңалықтың көрінуінде;
- белгілі мотивтердің абсолютті және жанама мәндерінің өзгерістерінде;
- мотивтердің құрылымының өзгеруінде;

В.И. Ковалев мотивацияны « қоғамдық қатынастардың тұтастығының пайда болуы» [8] деп, мотивті «саналы қажеттілік» ретінде түсіндірген.

И.А. Васильев пен М. Магомед-Эминов мотивацияны екі өзара байланысты метажүйе ретінде яғни, тұлға жүйесі мен іс-әрекет жүйесі ретінде қарастырды. Ғалымдар метажүйені тұлғалық және детерминантты мотивацияларды бөліп оларды «іс-әрекетті реттеудегі тұлғалық және жағдайлық параметрлерді біріктіруші, байланыстырушы үрдіс» ретінде түсіндіреді. Авторлар мотивті арнайы іс-әрекет тұрғысынан қарастырғанда оны арнайы іс-әрекеттерді психологиялық реттеу үрдісі ретінде түсіндіреді. Мотив түсінігі мотивация жүйесінің бір бөлігі ретінде сипатталады. Мотивация мотивтен ерекшеленеді. И.А. Джидарьян пікірінше, ол мінез-құлықтың сыртқы және ішкі факторлар қатынасынан көрініс тауып, арнайы іс-әрекетті жүзеге асырудың амалы мен бағытының пайда болуын анықтайды. Осының нәтижесінде іс-әрекет мақсаты мен оған жету жолдары сәйкестендіріледі, мақсаттылық пен іс-әрекеттің мағыналылығы анықталады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Закон РК «Об образовании» от 2007. – 12 с.
2. Кулекеева Ж.А., Гамарника Г.Н., Абдрасилова Б.С. Основы кредитной системы обучения в Казахстане - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 198 с.
3. Юрчук В.В. Современный словарь по психологии. – М.: Современное слово, 1998. – 350 с.
4. Маркова А.К. Формирование мотиваций учения в школьном возрасте. – М.: Просвещение, 1983. – 420 с.
5. Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. - М.: Наука, 1988. – 198 с.
6. Айзенк Г.Ю. Структура личности. - СПб.: Ювента, 1999. – 464 с.
7. Закон Республики Казахстан «Об образовании». Алматы: ТОО «Баспа», 1999.–22с.
8. Асанов Н.А., Калдияров Д.А., Минажева Г.С. Организация образовательного процесса на основе кредитной технологии – Алматы: Казак университет, 2004. – 42 с.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЭКСПРЕССИВТІ СИПАТЫ**

Айтуға дәрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзбен ауыстырып айтудың негізінде шыққан эвфемизмдердің тілдік көріністері қазіргі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Эвфемизм құбылысы қазақ тіл білімінде біршама зерттелген мәселе. Бұған дәлел ретінде Ә. Ахметов, Ә. Хасенов, Ә. Болғанбаев, Ғ Қалиев, Б. Сағындықұлы т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Ә.Ахметов «Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер» атты зерттеуінде қазақ тіліндегі эвфемия құбылысын жан-жақты қарастырылған болатын. Алайда эвфемизмдердің көркем шығармадағы стильдік қолданысы мен лингвомәдени сипаты бүгінгі таңда кеңірек қарастыруды қажет етеді.

Эвфемизмдер - әдет-ғұрып пен тұрмыс-салтқа байланысты айтылатын сөздер. Эвфемизмдер негізінде этнографиялық құбылыстар, бірақ олардың тіл мәдениетіне тікелей қатысы бар. Эвфемизмдердің жасалуының тағы бір айғағы – өлікті құрметтеу, ол туралы жарамсыз сөздер айтпау дәстүрінен шыққан. Мысалы: өлді, қайтыс болды дегеннің орнына дүние салды, шетінеді делінеді. Табу мен эвфемистік сипат қазақ тіліндегі кісі есімдерінде де кездеседі.

Қазақ халқының ұлттық дәстүріне сай жас келіндер қайын жұртының, күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамай, жанама ат қойып алатын. Қайынсіңілілерін -шырайлым, еркем, бойжеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, төре жігіт, кеже бала т.б. деп атайды.

Әйелдер күйеуінің атын атамай «әлгі», «біздің үйдегі», «от ағасы» немесе баласының атымен атау (Еркетайдың әкесі деп) дәстүрінің қалдығы әлі де кездеседі. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстанған. Сөйтіп, жаңадан түскен жас келін болсын, оның абысын-ажындары болсын ат тергеуді міндет санаған.

Халықтың әдет-ғұрып, тарихи, дәстүрлері мен кісі аттарының арасында байланысы бар екені ономастикада дәлелденген. Ал оның этномәдени мәні ерекше екенін жоғарыда атап өтілген. Мұны қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, әлеуметтанымдық зерттеулер дәлелдеп отыр.

Демек, қазақ халқында ат қою ұлттық тарихымен, рухани мәдени өмірімен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ал, ұлттық тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр деген ұғымдар мәдениетпен байланысты. Мәдениеттегіміз адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам менадамның белгілі тарихи даму дәрежесі.

Қазақ ономастикасының негізін салушы ғалым Т.Жанұзақов қазақ есімдерін табиғат құбылыстармен байланысты есімдер, мал шаруашылығына байланысты есімдер, асыл металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, жер-

су аттарына қойылған есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер, тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер деп, он лексика-семантикалық топқа жіктейді [1, 40].

Қазақ тіліндегі эвфемизмдерді зерттеген Ә. Ахметов: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады» [2,176] дейді. Ғалым эвфемизмдердің пайда болуын этнолингвистикалық жүйе және этномәдени негіздер арқылы айқындап түсіндіреді, дәстүрлі моральдық-этикалық қатынастарға байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдерді топтастырып көрсетеді. Эвфемизмдердің өлімге, анатомия мен физиологиялық процестерге қатысты және саяси эвфемизмдер болатынын атап көрсетеді. Эвфемизмдердің жасалу жолдарына қарай эвфемистік метафора, эвфемистік метонимия, эвфемистік синекдоха, эвфемистік символ, эвфемистік ирония деген түрлерін ажыратады. Мысалы, адамдарды түр-келбеті, дене пішініне қарай: «бауырсақ», «шоқша сақал», «месқарын» деп атау болған.

Эвфемистік ирония көбінесе көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдерінде ұшырасады. Мәселен кейіпкердің атын оның затына сәйкестендіре қою тәсілін әңгіме шебері Бейімбет Майлиннен көреміз. Қарықбол, Қарынбай деген бұрынғы үстем тап өкілдерін, олардың байлығын сездіретін сықақтық ат болса, кедей бұқара өкілдерін Бұқабай, Түйебай, Бұзаубақ, Ұлтарақ деген есімдермен атады. Халық аузында аңызға айналған Б.Майлиннің әйгілі кейіпкері Мырқымбай да әзілмен аталғаны белгілі.

Сатирадағы эвфемистік сипаттағы кісі есімдеріне көптеп мысал келтіруге болады: Домалақарызов – арызқой адам, Көккөзов- орыс халқының өкілі, Қымқыр Жымқыров – ұрлықшы адам, Көзжұмбаев - көзжұмбай «бүркемелеу», Қаңқусөзұлы - қаңқу сөз «алып қашты сөзге әуес адам», Науқасбай Сырқатұлы Кеселов - науқас, сырқат, ауру адам т.б.

Кейде кісі есімдерінің басқы әріптерін өзгертіп айту дәстүрі де болған. Мысалы: Әли деудің орнына Сәли, Тұрсынды Мұрсын деп атаған. Жас әйелдер мен егде әйелдерге туыстас адамдардың атын атамау былай тұрсын, жалпы кісі аттарын тура атауға тиым салынып отырған. Ат тергеуде әйелдердің мәндес сөздерді шебер қолданғаны байқалады. Бұның өзі әйелдердің ой-өрісінің кеңдігін және тіл байлығының байтақтығын көрсетеді. Ат тергеу дәстүрінде олардың ерекше тапқырлығы, ойының ұшқырлығы, қара сөзге дес бермейтін шешендігі көрініп тұрады.

Сөзге тиым салу дәстүрі тек әйелерге ғана тән ғұрып болмаған. Бұл жағдайды ер адамдар өмірінен де анық аңғаруға болады. Әсіресе жастар жасы үлкен адамдар мен беделді ақсақалдардың немесе лауазымы жоғарылардың аттарын тура атамай «ата», «жәке», «отағасы» және лауазымына сай, «би ата», «төре», «болыс аға», «сұлтан», «батыр» деп атаған.

Ә.Хасенов эвфемизм мен табу құбылысын лексиканың қалыптасып баю барысындағы тарихи тұрғыдан семантикалық тәсіл қатарында қарастырады. «...ауылдағы үлкен кісінің аты Жаман болса -Соқпақ жол, Сүттібай болса – Желінді уыз, Бұқабай – Сүзербай, Өгізбай, Қарабас – Боран шеке, Сарыбас – Шикіл шеке, Сары – Шикіл, Бейсембі – Күн жұма аттас, Көжекбай – Қоян ата, Үзікбай – Дөдеге, Жамантай – Жайсыз тай, Ақбай – Қылаң ата, Түңлікбай – Қайырма, Қозыбақ – Кене, Жусанбай- Сыбақ, Қойлыбай – Жандық ата, Қамшыбек – Ат жүргіш, Бүйенбай – Жуан ішек, Еламан – Халық есен, Асубай – Тарпаң, Асыл – Бекзат ата, Ақылбай – Ой ата, Мергенбай – Атқышыл, Жылқыбай – Туар т.б.»[3, 66].

Тіл ғылымында лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттанудың, соның ішінде антропонимдерге қатысты жағын ортақтастыратын жаңа ғылым. Сонымен, лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этникалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, руханилық, тұрмыстық қағидалармен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімнің бағыты. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтық танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады. Лингвомәдениеттану саласының зерттеу деректері мен дәйектері ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі әдебиет, фольклорда т.б.

А.Салқынбайдың пікірі бойынша, тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами, гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, әрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [4, 309].

А.Алдашева бұл саланың зерттеу көздерін ғылыми тұрғыдан анықтап әрі лингвистика ғылымымен ортақтығын лингвомәдениеттанудың ауқымы өте кең, ол әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен бірге жасасып келе жатқан ұлттық «бет-пішіні» бар деп есептелген сөз ұлттық әлеуметтік, этникалық, адамгершілік, мәдени, тұрмыстық нормаларға сай деп тұжырымдайды [5, 15].

Г.Ж.Снасапова Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер ретінде ономастикалық лингвокультуремаларды қарастырады. Солардың қатарында антропонимдердің лингвомәдени коннотацияларын талдайды. Осы тұрғыдан қазақтардың балаға ат қоюында белгілі бір ырымдардың негіз болуы сөздің құдіретті күшіне сенуді көрсетеді: Жаманбала, Күшікбай, Салбыр, Сүйір, Сағал т.б. есімдер көз тимесін, балам аман болсын деген мәнді аңғартса, Тілеуімбет, Тілеміс, Тұрлыбек, Сағындық, Ұлпан т.б. лингвокультуремалардың прототипі ұл күту, бала тілеу тәрізді тілек мәнді семантиканы білдіретін антропонимдер. Артықбай, Бақберді, Байдалы,

Қайыргелді, Несібелі т.б. жалқы есімдердің прототипі дүниеге келген балаға ат қою арқылы оған белгілі бір қасиеттерді дарыту дегенге меңзейді[6].

Лингвомәдениеттану ғылымы басқа халықтардың өмірінен де мәдени ақпарат береді яғни бір ұлттың көршілес ұлтпен туыстығын немесе дәстүр ұқсастығын салыстыруды да мақсат етеді. Басқаны айтпағанда, мұның мәдениаралық коммуникация, оның тіларалық коммуникацияның көріністері ретіндегі антропонимдердің тілдік табиғатын тануға тікелей қатысы бар.

Тіл мен мәдениетті зерттейтін пәндердің қатарына «лингвоелтану», «лингвоөлкетану», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика», «этномәдениеттану» т.б. жатады. Аталған пәндердің зерттеу нысаны ортақ болып қоймай, кей жағдайда олардың зерттеу әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері ұқсас болып келеді. Жалпы тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми үлгілері: этнолингвистиканың, этномәдениеттанудың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі жалпы және ұқсас мақсаттары мен міндеттері – ұлт тілі арқылы ұлтты тану, ойлау жүйесінің ерекшеліктерін анықтау, қысқаша айтқанда, ұлттық менталитетті айқындау, басқалардың айырмашылығын көрсету.

Қазақ есімдерінің де өзіне тән тарихы, шығу пайда болу жолы бар. Кісі есімдерінің шығу, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарын шыққаны күні бүгінде ғылымда белгілі болып отыр. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер Бекжан Әбдуалиұлының зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған[7, 125-126].

Табу және эвфемистік сипаттағы аттар адам, қоғам өміріндегі әлеуметтік, наным-сенім, салт-дәстүр нормаларыны тілдегі орныққан көріністерінен туған. Магиялық танымның негізінде сөзге байланысты салынатын тыйым немесе табу, эвфемизмдердің қалыптасуына әкеп соғады. Демек, тілдегі синионимдік қатардың өсуіне, сөздік қордың ұлғаюына табу сөздер мен эвфемизмдер үлкен әсер етеді. «Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан» [8, 125-126] деген пікір эвфемизмдердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Тіліміздегі пейоратив сөздердің бірсыпырасы – ұят деп есептелетін сөздер. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік бір ерекшелігі – сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған –ұят||сөз деректерді де, әзіл-қалжындарды да қамтуында.

Эвфемистік құбылыстар – айтуға әбестеу, дөрекілеу көрінетін сөздерді бейтарап атаумен ауыстыру. Осындай дөрекі, әдепсіз, ыңғайсыз, айтуға ұят деп саналатын – Боқбасар, Көтібар, Шошақай, Жырбақай сияқты аттардың кездесуін табиғи құбылыс деп бағалаймыз.



Қазақ халқы ерте кезден-ақ аспан жұлдыздарын бір-бірінен ажырата білген, әрі мифтік танымға сәйкес табынған. Осымен байланысты аспандағы жұлдыздар сияқты жарық болсын деген мағынада кісі есімдері қойылған: Шолпан, Үркер, Сүмбіле деп атаған. Табиғат құбылысына байланысты атаулары табынып сыйыну нәтижесінде шыққан есімдер .Мысалы: Нұрсұлу, Нұржан, Айсәуле, Нұрай, Таңжарық т.б. Осы құбылыстың болуына бастама болсын деген мағынаға байланысты: Таусоғар, Айтуар, Күнтуар т.б.

Әр түрлі ырымға байланысты қойылған аттар. Бала сұлу, көрікті сүйкімді, бойшаң, мінезі ашық, жомарт болсын деп Жамал, Сәуле, Ақылжан, Жомартбек т.б. Бала тұрақтасын, көз тимей өлімнен амал болсын, өмір жасы ұзақ болса екен деген мағынада аттар: Тұрар, Өмірзақ, Жанұзақ, Мыңжасар т.б. Көптен баласы болмай жүрген отбасында немесе көп бала болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Қуандық, Сағындық, Тілепберген, Сұраған, Сүйіндік, Жалғас, Ілес, Ұлас т.б.

Адам өзін қоршаған әлемді тани отырып, заттар мен құбылыстарға атау береді. Осылайша, сөз тіл иесінің мәдени және адамгершілік құндылықтары тоғысатын нысанға айналады. Соның нәтижесінде кез келген тіл белгілі бір ұлттың менталитетін бейнелейді, тілде сол халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақталған тәжірибесі негізінде қалыптасқан аялық білімі болады. Әлемдегі зат пен құбылысқа атау бере отырып, әрбір ұлт өкілі оларды ұлттық ойдың нысанына айналдырады. Осыған байланысты сөздің лексикалық мағынасын зерттеу барысында оған дәстүрлік таным, мәдени норма мен салт-дәстүрді сақтаушы, жеткізуші ретінде қарау орынды.

Адамзат қоғамының дамуында әлеуметтік сананың өрлеуі, ой-сананың жетілуі - тіл, мәдениет, тарихтың тоғысуындағы маңызды фактор. Ал, әр халықтың этномәдени тұрмысын ұлт тілінің жетегінде әлемдік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдардың саясында сөз ету мәселесі тіл ғылымының бүгінде ғылыми өрісін тереңге жайған мәдениаралық коммуникация, әлемнің тілдік бейнесі саласында сәтті бағытта іске асуда.

Мәдениет - қоғамдық фактор, бірақ оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік ортаның ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші халыққа оның тілді деректері арқылы баяндалады. Ал тілдік деректер деп отырғанымыз – мәдениетті сипаттаушы сөз символдары мен тілдік таңбалар.

Мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдіретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысуы жолын көздеген лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәнінің негізі болмақ.

Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әр түрлі болғандықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдай т.с.с. жатса, ішкі факторларға әдет-ғұрып, дүниетанымды, әдеп-шарттарын, жол-жосықты жатқызамыз.

Жалпы тіл тарихы – сол тілді жасаушы және сол тілді қолданушы халықтың тарихының бір саласы. Сондықтан белгілі бір тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі – халықтың тарихына байланыссыз қарауға болмайды. Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы – екі жақты байланыс. Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрпы, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары сөздіктер мен тарихи шығармаларда сақталып, олар жайында мағлұмат береді.

Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі.

Қандай да болмасын жаңа ғылымға қатысты түйіндеулердің болжам айту, бағыт сілтеу тұрғысынан әртүрлі болатындығы сияқты ұлттық тіл мен ұлттық мәдениет арасындағы байланысты, мәдениеттің тілге және тілдің мәдениетке әсерін пайымдайтын анықтамалық тұжырымдар да әрқилы. Алайда осы ғылым саласының объектісі турасындағы тұжырым біреу, ол – ұлттық менталитеттің, ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі, тіл арқылы берілуі. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген эвфемизмдердің лингвомәдени сипатын қарастыру да ұлттық тілдің мәдениетпен байланысын жаңаша бір қырынан тануға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Жанұзақов Т. Основные проблемы ономастики казахского языка: Автореф. дисс. доктора филол. наук. – Алма-Ата, 1976. –С. 15-24.
- 2 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. Филол. ғылым. кандид. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1973. – 164 б.
- 3 Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері.– Алматы: Мектеп, 1985. –66 б.
- 4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 5 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы:Арыс, 1998. –215б.
- 6 Снасапова Г. Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол. ғылым. канд. дисс. – Алматы, 2003. –22 б.
- 7 Досжанов Б.А. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Астана., 2001. – 24б.
- 8 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат, 1997. – 256 б.

**Нысанғалиева Б.Т.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,  
**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары негізінде тәрбиелеуді ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егемен елдің болашақ азаматтары – бүгінгі студенттердің қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. [1]

Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, педагогика ғылымының зерттеу нысаны болып келеді. Ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптысу негіздері ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларын бастау алады. Философтар мен мәдениеттанушылар Т.Ғабитов, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Б.Ерасов, Е.Әлсатов, С.Нұрмұратов, т.б. құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындаған. Құндылық бағдарының қалыптасуының теориялық негізін Т.Парсонс, Р.Б.Перри, А.В.Кирьякова, Н.Г.Казакина, А.И.Титаренко, Л.С.Рубинштейн, В.Н.Мясищев, Д.Н.Узнадзе қарастырса, оқушылардың адамгершілік құндылықтарының жалпы сипаттамасы мен түрлері Л.И.Рувинский, Н.Е.Щуркова еңбектерінде зерттелген.

«Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі. Табандылық, еңбексүйгіштік, туған жерді қастерлеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік құндылықтары берік отбасылық дәстүрлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді». Бұл – айтулы мереке күні ел президентінің қазақстандықтарды мерейлі мереке күнімен құттықтауында айтылған мәні терең сөздер. Бұл мереке қазақстандық отбасылардың берекесін арттыру үшін қазақтың отбасылық дәстүрлерін жаңғырту күні.

Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз, — деп атап көрсетті. Осыған байланысты Қазақстан қазір қоғамдық өмірдің барлық саласында батыл өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Сондықтан да, қоғамымыздың негізгі даму бағытын анықтау; ұлттық ерекшелігімізді

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

жоғалтпай, әлемдік қауымдастықпен бірігуге мүмкіндік беретін тиімді жүйе құру өте маңызды.

Біздің қоғамымыздың маңызды проблемаларының бірі - отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, жастарды отбасы - некелік өмірге даярлауды жетілдіру, яғни отбасы құндылықтарын қалыптастыру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтаңдығы, халықтық дәстүрді естен шығару осал некенің пайда болуына әкеліп соғады.

Отбасылық тәрбиенің жалпы теориялық, педагогикалық, психологиялық негізін жасауда көп үлес қосқандар: А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский.

Ресейлік және шетелдік ғылымда отбасына байланысты қойылған негізгі проблемаларды талдаудың белгілі тәжірибесі бар. Отбасы институты мен неке проблемалары М. С. Мацковский, А. Г. Харчев, В. А. Сысенко және басқа ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қаралған. Шетелдік мамандардың ішінде Т. Парсонс, Ф. Мередит, К. Витек және өзге де ғалымдар бар. Білім және жеке қызмет проблемаларын зерттеу саласында мынадай мамандарды атауға болады: М. Х. Титма, Н. И. Захаров, Ф. Р. Филиппов, Н. А. Хроменко, В. С. Леднев, В. М. Димов және басқалар. Білім саласындағы шетелдік зерттеушілердің арасында бұл мәселеге Э. Дюркгейм, К. Манхейм, Д. Форд, М. Вебер және басқалар баса назар аударған. Жастарды отбасын құруға және болашақ ерлі-зайыптылардың функциясын орындауға дайындау мақсатына бағытталған тәрбие жұмысын жүргізу керек. Бұл тұрғыда педагогикада және отбасы әлеуметтануында көп жұмыстар жасалынды. Болашақ отбасы иесін даярлау проблемасының педагогикалық аспектілері И. В. Гребенников, Л. М. Панкова, А. Я. Студенте, В. Я. Титаренко, И. В. Бестужев Лада және басқалардың еңбектерінде берілді. Бұдан басқа, жыныстық тәрбие проблемалары И. С. Кон, В. Е. Каганның еңбектерінде бейнеленген.

Студенттерді ұлттық құндылықтар арқылы отбасылық өмірге даярлаудың маңыздылығы Ж. Сәкеновтың еңбегінде ерекше көрсетілген. Отбасылық өмірге ұлдар мен қыздарды дайындау жолдарын В. Е. Зарайченко, А. Г. Хрипкова өз зерттеулерінде қарастырды. [2]

Сансыз жылдар бойы төмендетіп, қағажау көріп келген ұлт мәдениетін, өнерін, халқымыздың бай салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай қайта дәуірлетіп, жаңғыртудың, сөйтіп жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеудің қуатты құралына айналдыратын кезең туды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде оқу-тәрбие процесінің нәтижелі болуы салт-дәстүрге тікелей байланысты екені айқындалды. Оның ішінде қазақ салт-дәстүрлерінің имандылық тәрбие берудегі мән-мағынасы жоғары.

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орнында халықтық тәрбие дәстүрлерін педагогикалық үрдісте пайдаланудың шарттары айқындалды:

А) Педагогтардың ұрпақтар байланысын отбасындағы қарым-қатынастағы секілді әлеуметтік орта мен қатынаста балалар мен үлкендердің біріккен әрекеттерін ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етуі;

Ә) Қазақ салт-дәстүрлерін ауызша шығармашылықтар туындыларымен жазба мұралар, архитектуралық ескерткіштер, сәндік-қолданбалы өнер туындылары мен танысу арқылы меңгеру;

Б) Халықтың рухани байлығы мен тілін туғызушы қайнар көзі ана тілін жетік игеру.

Жоғарғы оқу орнында білім беру үрдісіндегі салт-дәстүрді тәрбие іс-әрекетінде пайдаланудың барысы зерделенді, белгілеу эксперименті жүргізілді.

Жоғарғы оқу орны студенттерін отбасы-некелік өмірге дайындаудың ұтымды жолы — мақсат қойып, жоспарлы түрде жүргізілетін педагогикалық іс-әрекет. Қазіргі уақытта мұндай дайындық курсы жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізілген. Бірақ, ол Жоғарғы оқу орны студенттерінің отбасы-некелік өмірге дайындау мәселесін толық шеше алмайды. Жұмыс мазмұнында студенттердің отбасы-некелік өмірге дайындығы туралы көзқарасын қалыптастыру, студентке отбасы туралы жүйелі білім беру, оларды отбасындағы үлгілі іс-әрекетке дайындау мәселелері қазіргі заман талаптарына сай қарастырылмаған. Алынған гипотеза негізінде эмпирикалық нәтижелер мен алынған жаңа мәліметтерді біріктіру қорытындысы бізге жоғарғы оқу орны студенттерін отбасы-некелік өмірге дайындаудың ұтымды факторларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді. Студенттердің отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекеті студенттердің отбасы-некелік өмірге дайындық деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі екендігін көрсетті. Зерттеу пәнін құраушы элемент әрекетін іске асыру үшін біз лайықты зерттеу міндеттерін таңдап алдық. Осы міндеттерге байланысты зерттеу пәнінің құраушы элементінің мәні теориялық негізделді: отбасы-некелік өмірдің табиғаты, ұйымдасуы және компоненттері, қызметтері анықталды; студенттердің отбасы-некелік өмірге дайындығының салыстырмалы көрсеткіштері ретінде олардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекеттері алынды. Жұмыстағы ұлттық дәстүрді үйрену мен салыстыру барысында студенттердің отбасы-некелік өмір туралы көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекетінің негізгі белгілері көрініп, олардың даму тенденциялары айқындалды. Нәтижесінде жоғарғы оқу орны студенттері республикамыздағы көп халықтардың отбасы дәстүрлерін, отбасының түрлері мен міндеттерін, факультативтік сабақ, кездесу, дискуссия, лабораториялық ізденіс, көрме, саяхат, конкурс, рөлдік ойындар, психологиялық тест, тренингер, генетикалық тапсырма, шығарма, музыкалық-поэтикалық диалогтар, модельдеу, мақал-мәтелдерді тақырыптарға бөлу сияқты тәрбие сағатының белсенді формалары мен әдістері кешенді түрде қарастырылды. Ұлттық дәстүрді қолдану барысында болашақ отбасы қатынастарын ұлттық дәстүрге негіздеумен қатар, қазіргі отбасы-некелік өмірмен байланысты қарастырып, жастардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы-некелік өмір туралы білімдерін жүйелендіру, отбасы-некелік өмірдегі үлгілі іс-әрекеттерге баулу мақсатын көздедік. Студенттерді отбасы-некелік өмірге дайындаудың бағдарламасы мен оның педагогикалық жағдайы жастардың отбасының маңызын, мәнін түсініп, отбасының өмір сүру образындағы

ерекшеліктері және тарихи сабақтастығын терең білуге, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарды білуге жәрдемдесті. Осы айтылғандардың негізінде жоғарғы оқу орны студенттері өздерінің жеке сапалары мен мінез-құлқын, көзқарасын болашақ отбасы-некелік өмірге бағыттауға мүмкіндік алды. [3]

1. Философиялық, тарихи-әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді зерттеу отбасы-некелік өмірге даярлаудың бүгінгі қоғам өміріндегі көкейкесті мәселесін шешуде маңызды екендігін көрсетті. –Отбасы- некелік өмірге дайындау ұғымы отбасы мен неке, оның дамуы, отбасы мен неке құру ерекшеліктері, отбасы түрлерінің жіктелуі, қызметі, некенің түрлері, неке және махаббат, неке және құқық, сыйластық қарым-қатынастар, дәстүрлі қарым-қатынастар түсініктерімен айқындалды;

2. Жоғарғы оқу орны студенттерінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне жасаған талдау, оларда отбасы-некелік өмірге даярлаудағы үш бағытты анықтады — отбасы-некелік өмір туралы білімдерін, көзқарастарын, іс-әрекет үлгілерін қалыптастыруға болатындығы айқындалды. Отбасы-некелік өмірге даярлауды жоғарғы оқу орны студенттерінің отбасы-неке туралы білімдерін, көзқарастарын, іс-әрекет үлгілерін әдепкі көрсеткіштерден жоғары сапалық көрсеткіштерге аттыру деп айқындауға мүмкіндік берді;

3. Жеке тұлғаның дамуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары негізінде жастарды отбасы- некелік өмірге даярлауда педагогика, психология ғылымдарының теориялық концепциялары негізінде отбасы-некелік өмірге дайындық модельінің құрылымы ата-ана, ұстаз, әлеуметтік қауым болып табылатын факторлармен мектепте жүргізілетін факультативтік сабақта қолданылатын дәстүрлі әдістермен, халықтық педагогика әдістерімен айқындалды. Теориялық және практикалық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, тәлім-тәрбиелік кештер, әдеби-музыкалық кештер, пікірталас, дөңгелек үстелдер, зиялы қауым өкілдерімен кездесулер негізінде дайындықтың нәтижелі болатындығы көрінді;

4. Жоғарғы оқу орны студенттерін отбасы-некелік өмірге дайындаудың модельі негізінде орта университеттегі студенттерді отбасы-некелік өмірге дайындаудың мазмұны отбасы мен неке дамуының әлеуметтік негіздері, отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі, отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары бойынша теориялық және практикалық мәселелерге жүйелеудің ұтымдылығы анықталды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1993.— 392 б. 28.
2. Б.Көлбаева, Г.Р.Бахтиярова «Қазақ отбасы тәрбиесіндегі дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің көрінісі».Этнопедагогика//. 4 шілде-тамыз 2009

3. Ермұханова Г. Адамгершілік арқауы ұлттық білімде.//Қазақстан мектебі, №5, 2004 ж. - 18-19 бб.

**Нысанғалиева Б.Т.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Рахимжанова Г.Р.**

п.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» ТҮСІНІГІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуды. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан зерттеліп, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген.

Философ Т.Қ.Ғабитов «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз бетімен, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт, дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағаласа, психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың объектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.[1]

Педагогикалық сөздікте: «құндылық-адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасты, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», - делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік құндылықтар болып табылатын ұлттық құндылықтардың мәні ерекше артып отыр. Әрине, ұлттық құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі мәселесі деуге болмайды. Бұл адамзат тарихында сонау ІХ-ХV ғасырлардағы Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі «Кемел адам» тұлғасын жасау идеяларында айқындалған. Ғұламаларымыздың еңбектеріндегі құндылықтарды зерделей келе, былайша топтастыруға болады:

- Заттар мен құбылыстардың маңыздылығын түсінуге көмектесетін құндылықтар: Өмір, Теңдік, Жер, Отан,Отбасы т.б.
- кемел тұлғаға тән дара қасиеттер түрінде көрінетін құндылықтар: өмір сүйгіштік, имандылық, ізгілік, тектілік, парасаттылық, тәубешілік т.б.
- адамдардың өзара қарым-қатынасының ережелерін белгілейтін құндылық-өлшемдер: туысқандық, достық, жолдастық, т.б.[2]

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудағы басты жол ретінде осы еңбектердегі құндылықтарға әркез орала отырып, осынау мол мұраны жас бүлдіршіндеріміздің игілігіне айналдырудың, олардың ұлт азаматтары ретінде қалыптасуына көмектесудің маңызы күннен күнге артып отыр.

Педагогика ғылымында ұлттық құндылықтардың әлеуметтік, адамгершілік маңызы туралы идеялардың дамуы Г.Н.Волков, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Р.К.Төлеубекова, Е.Ш.Қозыбаев, Ш.И.Джанзакова т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулерімен тығыз байланысты. К.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани- адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

-Жалпы адамзаттық: Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.

-Ұлттық: Ар, намыс, ана тілі, рух, тәубешілдік, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі.

Педагог ғалымдар Г.Аңламасова, Н.Мұхамединова, Ж.Ембергенова, С.Қоңырбаева т.б. өз еңбектерінде ұлттық құндылық ұғымын әр қырынан қарастырып, анықтамалар берген. Мәселен ғалым Н.А.Мұхамединова ұлттық құндылыққа мынадай анақтама береді: «Ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым-қатынастығы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген бейнесі».[3]

Отандық педагогика ғылымында құндылық бағдар қалыптастыру мәселесі әр түрлі деңгейде зерттелуде. Мәселен, профессор Нұрғалиева Г.Қ. өзінің еңбегінде құндылық бағдар қалыптастырудың философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін саралай келіп, құндылық бағдардың өзіндік тетіктер арқылы жүзеге асып отыратынына көңіл аударады(іздену-бағалау-таңдау-көшіру).

Құндылық дегеніміз не? Құндылық – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» - деп сипаттайды.

Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуеттік ұғым деген анықтама



берілген. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылықтар объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне баға беру қатынасын тұрады. Құндылық қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді.

Отандық философ Т.Қ.Ғабитов құндылықтар – қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, белсенділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайтындығын айтады.

Әлеуметтанушы Б.Ерасов «құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл блгілі бір мақсатта жүреді», - дейді. Сөйтіп, әлеуметтану ғылымында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың мынадай түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет мәдениеті, мемлекеттік шекара, дәстүлері, тіл, т.б.[4]

Педагогикалық сөздікте: «құндылық» - адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы кезінде, іс-әрекет кезіндегі көрсетілген тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі делінген. Себебі педагогикада «құндылық» тәрбие барысында жүзеге асады.

Педагогика ғылымында құндылық мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан қарастыпылып, оның мәні мен табиғатына, тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген. Мәселен, В.А.Караковский өз зерттеулерінде құндылықтардың тәрбиелік ықпалына ерекше мән беріп, төмендегідей құндылықтар иерархиясын ұсынады: Адам, Денсаулық, Өмір, Отбасы, Отан, Жер, Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму.

Қ.Жарықбаев құндылық мәселесін ұлттық психология тұрғысынан қарастырды. Құндылық тұлға іс-әрекетінің барлық түрінде маңыздылығы, пайлалылығы, қажеттілігі арқылы көрініп отырады да іс -әрекетін, мақсат-мұраттарын, себеп-салдарын анықтап, олардың іске асуына ықпал етеді және жеке тұлғаны қалыптастыруға тигізетін әсері де мол болады.

Ал жеке тұлға – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Нақтырақ айтсақ, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа

жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлға.[5]

Ұлттық құндылық. Ұлттық құндылықтар – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы.

Ұлттық құндылықтар әрбір этникалық қауымдастықтарының өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде түзген құндылықтарының жүйесі. Нақтылай түссек, құндылықтар дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, салт-дәстүрлері, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша ұлағатты тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, ділі мен діні.

Педагог-ғалым К.Оразбекова ұлттық тәрбиенің негізгі тамыры арқылы ұлттық тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық негіздерін жүйелей отырып, ерекше құнды қасиеттер ретінде ақыл мен парасатты атап айтады. Ол қазақ даналығындағы он қасиеттен тұратын адамгершілік құнды сапаларды адамдарға сезіммен қарау, өз ісінің дұрыс-бұрыстығына баға беру, халқына қымет ету, өз сырларын өзгеге шашпау, әр жағдайда сақ болу, артық сөйлемей, әдептілікті сақтау, кішіпейіл болу, кешірімді болу, біреудің ісіне араласпау деп қарастырады. Бұл еңбек бойынша қарым-қатынас құндылықтарын меңгерудің мүмкіндігі мол.

Ұлттық құндылықтарды танып білу және меңгеру мәселелері ұлы ойшылдар еңбектерінен бастау ала отырып, ағартушыларымыз Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, сонымен қатар, XX ғасырдың I-жартысындағы педагогтар мен қоғам қайраткерлері М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтардың рухани мұраларымен үндестік табады. Осынау мол мұраны жас ұрпақтың игілігіне айналдыра отырып, олардың ұлт азаматтары ретінде қалыптасуына көмектесудің маңызы күннен күнге артып отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Джонисова Г.К. Студенттерді ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жолдары // «Жаңа ғасырдағы түркітану: рухани құндылықтарды сақтау және зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал, 2009. -179-177бб.
- 2 Студенттердің бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен ата-ананың рөлі // <http://40.astana-mektep.kz/>
- 3 М.Есекешева. «Ұлттық тәрбие беру–өзекті мәселе». Қазақстан мектебі//. №11.2019. 69-72б.
- 4 Л.Бөлетова. «Халқымыздың әдет-ғұрып салт–дәстүрлері арқылы жастарды тәрбиелеу». Ұлағат//.№ 9.2018

- 5 К.Ж.Қожахметова «Рухани–адамгершілік құндылықтар негізінде жастардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру»  
Этнопедагогика//. №3. мамыр–маусым. 2008

**Мауэнова А. Е.**

аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

**п.ғ.к Танирбергенава А.Ш**

**Бекишева Маржан Ахановна**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 3 курс студенті, Семей қаласы

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МАЗАСЫЗДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(қашықтықтан)

Мазасыздану-бұл біздің заманымыздың кең таралған психологиялық құбылысы. Мазасыздану мәселесін З.Фрейд[4], А. Адлер [1] , Н.Д. Левитов[6], және тағы басқалар зерттеді. Оны эмоционалдық жайсыздық, ретінде қарастырады. Мектепте мазасыздану жағдайын қалыптастыруға ерекше назар аудару керек. Оқушылардың мазасыздану деңгейінің жоғарылауымен, өз-өзіне күмәнданумен, эмоционалды тұрақсыздықпен сипатталады. А.М. Прихожан [3] оқушылардың мұндай сезімдерін "мектеп невроты" немесе "мектеп фобиясы"деп атады. Мазасызданудың жас ерекшелік спецификасы бар. Белгілі бір жас үшін мазасыздану көріністерінің мазмұны мен формалары тән. Мазасыздану деңгейін жоғарылататын өмірдің белгілі бір аймақтары бар.

Бірқатар авторлардың пікірінше (А.Л. Вегнер, Б. И. Кочубей, Е. В. Новикова, О. А. Слепичева, Е. Р. Хабиров, А. К. Дусавицкий) мектептегі мазасызданудың негізгі себептері-бұл шамадан тыс оқудағы жүктеме, ата-аналардың шамадан тыс талаптары, мұғалімдермен қолайсыз қарым-қатынас, үнемі қайталанатын бағалау және емтихан жағдайы, оқу ұжымының өзгеруі немесе құрдастарымен қолайсыз қарым-қатынас[2].

Психологиялық әдебиеттерде «мазасыздану» ұғымының әртүрлі анықтамалары бар.

Р.С. Немов бойынша мазасыздану-адамның үнемі немесе ситуациялық түрде көрінетін қасиеті, белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қорқыныш пен мазасыздануды сезіну[7].

З.Фрейд мазасыздану – ішкі конфликтінің симптоматикалық көрінісі, оның себебі – адамды тітіркендіретін сезімдерді, импульстарды бейсаналық түрде басып тастау.

Э.Фромм бойынша мазасыздану - психологиялық жайсыздық мәселесі, өзін-өзі сақтау инстинктімен байланысты нақты жағдайларға организмнің реакциясы[9].

Н.Д. Левитов, өз кезегінде, мазасыздануды психикалық жағдай ретінде қарастырады. Ол психикалық күйді шындықтың бейнеленген заттары мен құбылыстарына, бұрынғы күй мен тұлғалық қасиеттерге байланысты психикалық процестердің жүруінің өзіндік ерекшелігін көрсететін белгілі бір

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

уақыт кезеңіндегі психикалық әрекеттің ажырамас сипаттамасы ретінде анықтайды. Н.Д. Левитов мазасыздану күйлерінің келесі классификациясын береді[6].

1. Жеке және жағдайлық. Біріншіден, жеке тұлғаның қасиеттерінен көрінеді, екіншіден, оған тән емес реакциялар тудыратын жағдайдың ерекшеліктері.

2. Терең және үстірт, олардың адамның тәжірибесі мен мінез-құлқына әсер ету дәрежесіне байланысты.

3. Адамға оң және теріс әсер етеді.

4. Ұзақ және қысқа. Күйлердің ұзақтығы әртүрлі болуы мүмкін: бірнеше минуттан бірнеше күнге дейін.

5. Саналы және бейсаналық.

Ролло Мэй мазасыздануды «тұлға өз болмысының жойылуы мүмкін, ол ештеңеге жарамсыз екенін түсінетін адамның субъективті жағдайы» деп түсінді. Егер бізді адам ретінде сипаттайтын өмір негіздері мен құндылықтары және тұтастай алғанда жойылу қаупі бар екендігі кенеттен пайда болса, кез-келген адам мазасыздықты сезінеді. Р. Мэй мазасыздануды жеке адамның физикалық, психикалық немесе басқа құндылықтарына бағытталған қауіп сезімі ретінде анықтайды..

Р. Мэй қалыпты және невротикалық мазасыздануды атап өтті.

1. Қалыпты мазасыздану кез-келген адамға тән. Өмір бойы адам өседі, дамиды, құндылықтарын қалыптастырады. Өмір барысында оның құндылықтар жүйесі өзгереді, өйткені ол әлеуметтік баспалдақпен бір сатыдан екінші сатыға көтеріледі және нәтижесінде қалыпты мазасыздықты сезінеді.

2. Невротикалық мазасыздану-бұл репрессия мен басқа да ішкі қақтығыстарды тудыратын және іс-әрекеттер мен түсініктерді бұғаттаудың әртүрлі формаларын басқаратын реакция, пропорционалды емес қауіп.

Қалыпты мазасыздану құндылықтар жүйесі қандай-да бір қауіп-қатерге ұшыраған кезде байқауға болады, ал невротикалық, өз кезегінде, адамның құндылықтарына күмән келтірілмеген шындық болған кезде пайда болады және олардан ауытқу мағынаның болуын жоққа шығарады [8].

А. М. Прихожан мазасыздану жағдайының келесі көріністері туралы айтты: тыныс алудың жоғарылауы, қан қысымының жоғарылауы, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы, қозғыштықтың жалпы деңгейінің жоғарылауы, қан айналымының минуттық көлемінің жоғарылауы, сезімталдық шектерінің төмендеуі[5].

Өз кезегінде З. Фрейд өзінің «Истерия и страх» кітабында мазасызданудың клиникалық көрінісін сипаттады: жалпы қозғыштық, мазасыз күту, жүрек қызметінің бұзылуы, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы, тыныс алудың бұзылуы, адам көп терлейді, дірілдеп қалтырау, ашкөздік шабуылдары, бүкіл дененің әлсіздігі[4].

И. В. Имедадзе, В. В. Зенковский сияқты зерттеушілер мазасыз балалардың мінез-құлқындағы жасқа байланысты жалпы формаларды ажыратады:

1) Мектепке барғысы келмеуі. Мектепте жүргенде бала үнемі ыңғайсыздықты сезінеді, нәтижесінде мектепке баруға деген ынта күрт төмендейді. Оқушы мектепке бармау үшін кез-келген сылтаумен келе бастайды.

2) Оқушының соматикалық жағдайының нашарлауы. Мазасыздық баланың денсаулығына әсер етеді. Мұндай балалар жиі ауырады, кейде оларда "себепсіз" бас ауруы немесе іштің ауыруы болады. Мұндай бұзушылықтар кез-келген жастағы оқушыларға тән және тест немесе емтихан қарсаңында жиі кездеседі.

3) Субъективті орындалмайтын тапсырмаларды орындаудан бас тарту. Мінез-құлықтың бұл белгісі өзін-өзі бағалаудың қайшылықтарымен байланысты. Әр мектепте мұғалімдер "ең әлсіз" деп атайтын сынып бар. Мұндай сынып оқушылары үй тапсырмасын орындауға құлықсыз немесе мүлдем жасамайды, сабақтарда пассивті жұмыс істейді. Егер оқушыға тапсырма берілсе және ол оған қиын және мүмкін емес болып көрінсе, ол оны тастап кетеді, тіпті оны шешуге тырыспайды.

4) Тапсырмаларды орындау кезінде шамадан тыс еңбекқорлық. Бұл мазасыздықтың көрінісіне қарама-қарсы нысаны. Мұндай мазасыз балалар перфекционист.

5) Сабақтарда зейіннің болмауы немесе төмендеуі. Негізгі міндетке шоғырлану мүмкін еместігі және қызметтің барлық элементтерін олардың назарын аударуға деген ұмтылыстың болмауы мазасыз адамдарға тән. Сабаққа тек "физикалық" қатыса отырып, оқушылар алаңдаушылық тудыратын мектеп ортасының факторларынан аулақ болуға тырысады. Оқушылар оларды алаңдататын немесе өз ойлары мен идеялары әлемінде болатын элементтерді назардан тыс қалдыруға тырысады. Мұндай балалардың назарын жақсарту-алаңдаушылық деңгейін төмендетудің нақты белгісі.

б) Тітіркену және агрессивті көріністер. Мазасыз балалар эмоционалды ыңғайсыздықты жиі "жасырады". Олар басқаларға қатысты шамадан тыс ренішті көрсетеді, ескертулерге жауап береді, кейде агрессивті мінез - құлықтың ашық түріне-төбелеске келеді.

7) Стресстік жағдайларда физиологиялық функцияларды бақылауды жоғалту. Мінез-құлықтың бұл түріне барлық байсалдылықпен қарау керек. Бастауыш мектепте физиологиялық функцияларды өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіз формасы бар оқушыларды жиі кездестіруге болады. Вегетативті реакциялар да байқалуы мүмкін. Бала қызарып, бозарып, бүкіл денесінде дірілдей алады. Ауыр мазасыздық кезінде жүрек айнуы немесе айналуы мүмкін[5].

Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздануы-бұл мектепке бейімделу процесінде қиындықтардың айқын белгісі. Жасөспірім кезінен бастап ол оқушының психикалық қасиеті ретінде жеке мазасыздану аясында қалыптасып, шоғырлана алады. Мазасызданудың жоғары деңгейі оқушының сәтті оқу іс-әрекетіне кедергі болып табылады және оқушының өзі оны түсінеді ме, жоқ па ол да маңызды емес. Мектептегі мазасыздану құбылысын осындай түсінуге

сүйене отырып, диагноз қоюдың мүмкін жолдарын табу керек, сонымен қатар осы проблемаға тап болған оқушыларға көмектесу керек.

Әр жас кезеңінде бала өзінің мінез-құлқы мен қызметіне қойылатын талаптарды анықтайтын әлеуметтік қатынастар жүйесінде белгілі бір орын алады. Баланың әлеуметтік жағдайын дамыту, ерекше, әрбірі өзіндік психологиялық сипаттамалары өте маңызды психологиялық баланың амандығын. Сонымен, оқушының психологиялық әл-ауқаты көбінесе оның оқу әрекеті мектеп талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігімен анықталады. Баланың мектепке бейімделуінің бұзылуы, ең алдымен, жоғары мазасыздықта көрінеді.

Мектепшілік мазасыздану бірі болып табылады типтік проблемаларды бетпе-бет келіп отырған мұғалімдер. Осы жаста болып жатқан өзгерістерді зерттеу ерекше маңызды, өйткені бұл жас адамның туылу уақыты деп аталады. Бастауыш мектеп жасында бала әлі де типтік мектеп оқушысы болып табылады, осыған байланысты мектептегі мазасыздық баланың жеке басының дамуына әсер етеді, тұрақты қасиетке, тұлға мен темпераментке айналуы мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары үшін мазасыздықтың негізгі көздері-отбасы, мектеп.

Мектептегі мазасызданудың шекарасын азайту үшін бастауыш мектеп балаларда мазасызданудың болуы мен ерекшеліктерін уақтылы анықтау керек. Бастауыш мектеп балалардың мазасыздануын төмендетуге бағытталған мақсатты түзету және дамыту бағдарламасын жүргізу алдында алаңдаушылық факторларын көрсету жұмысы болуы керек. Осылайша, мазасыздануды қалыптастыру және дамыту бастауыш мектеп оқушылары «мектеп-бала-отбасы» жүйесінде болуы қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімі:**

1. Адлер А. [Adler A.] Практика и теория индивидуальной психологии. М.: изд-во Институт психотерапии, 2007. 224 с.
2. Вегнер А.Л. Выявление и коррекция неблагоприятных вариантов развития личности детей и подростков. М., 2000. 125 с.
3. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. М., 2000. 304 с.
4. Фрейд З. [Freud] Психология бессознательного. М., 1999. 608 с.
5. Имедадзе И.В. Тревожность как фактор учения в дошкольном возрасте // Психологические исследования. М., 1996. С. 49-57.
6. Левитов Н.Д. О психических состояниях человека. М.: изд-во Просвещение, 1969. 343 с.
7. Немов Р.С. Психология: психодиагностика. М., 2009. 640 с.
8. Мэй Ролло [May R.] Смысл тревоги. М., 2001. 416 с.
9. Фромм Э. [Fromm E.] Иметь или быть. М., 1990. 400 с.

**Мамырбекова А. С.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН АҚПАРАТТЫҚ-  
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА  
ДАЯРЛАУ**

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі. Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [1]. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген. Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзекті мәселелеріне: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жанашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді [2]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

қаулысыменбекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:«...ерекше білім беру қажеттіліктері (мұқтаждықтар) – дене бітімінде және ақыл-есінде кемістігі бар балаларды қоса алғанда, білім алуға қандай да бір себептермен тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап 20 болатын балалардың қажеттіліктері», - делінсе, «инклюзивті білім беру – білім беру бағдарламаларына сәйкес басқа да санаттардағы білім алушылардың тең қолжетімділігін көздейтін даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірге оқыту мен тәрбиелеу, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы түзетупедагогикалық және әлеуметтік қолдау», - деп көрсетілген болатын. Дамуында ерекшелігі бар балалардың білім алу бағдарламасының тиімділігі адамның жасы мен денсаулығындағы қиындықтардың бастапқы нүктесін анықтаудан басталады. Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда [3]. Бүгінге дейін орта білім беру ұйымдарындағы балалардың 32%-ы инклюзивті оқытумен қамтылған. Бұл мекемелерде арнайы жағдайлар жасалып, мүмкіндігі шектеулі 25 985 бала (28%) дені сау қатарластарымен тең дәрежедебілім алуға. 2019 жылға дейін мектептердің 70%-ы инклюзивті білім беруге лайықталынуы көзделіп отыр. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге арналған нормативтікқұқықтық құжаттарды талдау барысында олардың инклюзивті білім беруді дамытудың негізін қалаған құқықтық реформалар болып табылатыны анықталды. Дүние жүзіне белгілі арнайы мекемелерде әлемге танымал инклюзивті білім беру формалары қолданылып келеді. Ондай білім беру формалары әрбір жекелеген баланың өзінің тұрғылықты мекен-жайында білім алуына мүмкіндік туғызады. Арнайы білім берудің даму барысын қарастыра келе Н.Н. Малофеев бірнеше кезеңдерді анықтайды. Олар: 1 кезең–VIII ғасыр мен XII ғасыр аралығы–агрессия мен төзімсіздіктен мүгедектерге деген жиіркеніш сезім ұғымы; 2 кезең –XII ғасыр мен XVIII ғасыр аралығы –мүгедектерге деген жиіркеніштік сезімінің тереңдеуінен көзі көрмейтін, құлағы естімейтін балаларды бөлек оқыту мүмкіндігін ұғыну; 3 кезең – XVIII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы аралығында – сенсорлық кемшіліктері бар балаларды оқыту мүмкіндігінен жалпы даму нормасынан ауытқыған балаларды оқыту құқығының мойындалуы; 4 кезең – XX ғасырдың басынан – XX ғасырдың 70-жылдарына дейінгі аралықта – дамуында ауытқуы бар балалардың тек жекелеген категориялары үшін арнайы білім беруді айқын ұғынудан барлық арнайы білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға қарай өсу; арнайы білім берудің жүйесін дамыту мен саралау; 5 кезең – XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап қазірге дейінгі аралық –



тең мүмкіндіктен тең құқыққа, сегрегациялаудан (бөлектенуден) интеграциялауға (кіріктірілуге) өту кезеңдері [4]. Білім беру – барлық уақытта да мәдениеттің даму мен қызмет етуінің күрделі тарихи үдерісінің бөлігі болып қала береді. Н.Н. Малофеев қоғам мен мемлекеттердің ауытқуы бар адамдарға деген қарым-қатынас эволюциясын 21 барлай отырып, оны 5 кезеңге бөліп қарастырады [4]. Олар: 1 пайда болу кезеңі Б.э.д VIII ғасыр– б.э.ХІІ ғасыр Ауытқуы бар балалардың құқықтық нормалары мен заңдылықтарын бекіту қажеттілігін жете түсінуі мен мойындауы. 2 оқыту мүмкіндігін жете түсіне бастауы ХІІ ғасыр - ХVІІІ ғасыр Сенсорлық бұзылыстары бар балаларды оқыту. Алғаш арнайы мекемелердің пайда болуы. 3 үш түрлі категориядағы балаларды оқыту: есту бұзылыстары бар, көру бұзылыстары бар және ақыл - есі кем ХVІІІ ғасыр – ХХ ғасыр Арнайы оқу орындарының ашылуы мен арнайы білім беруді кіріктіру туралы алғашғы заңдылықтар мен актілердің пайда болуы. 4 барлық бұзылыстары бар балаларды оқыту қажеттілігінің бар екенін жете түсіну ХХ ғасырдың басы мен –ХХ ғасырдың 70 - жылдары Ауытқу түріне байланысты көмек қажет ететін балалардың барлығына қолдау көрсету. Интеграциялау – «Нормаға келтіру моделінің» жүзеге асуы. 5 арнайы білім беру үдерісінен балаларды қоғамға кіріктіру ХХ ғасырдың 70 - жылдары мен қазірге дейінгі кезең «Нормаға келтіру моделінің» жүзеге асуы. Арнайы білім беру үдерісінен жалпы білім беру үдерісіне енуі. «Инклюзивті білім беру» ұғымының мәні ағылшын термині «inclusion», яғни «кіріктірілу, ендіру» дегенді білдірсе, француз тілінен аударғанда «inclusif» «өзіне ендіру», латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді. Сөздіктерде инклюзивті білім беру дегеніміз – жалпы білім берудің даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әр түрлі қажеттіліктерге ие балаларға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу екендігі көрсетілген. Қабылданған халықаралық құқықтық актілер адамның жынысы, нәсілі, діни, мәдени-этникалық немесе тілдік белгілері, денсаулық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, қашқын мәртебесі болуы, тағы басқалай белгілері бойынша еш кемсітушілікті болдырмайтын білім алу құқықтарын белгілейді. Осы ретте зерттеу нысанамызға байланысты біріншіден «инклюзивті білім беру» ұғымына берілген анықтама туралы тоқталайық. «Инклюзивті білім беру» ұғымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ашып көрсетілген [5]. Бұл ұғым ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін үдеріс ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайда қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар (ҚР «Білім беру туралы» Заңының 1 бабы). Яғни, мәселе, ең алдымен, оқушылардың шектеулі

отыр («денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындыққа тап болуда»). Бұл жағдайда дарынды балаларды емес, пайдаланылады. Яғни, мұнда да ерекше білім алу қажеттіліктері түсінігі ауқымды емес. ЮНЕСКО-ның әдістемелік материалдарында көрсетілген инклюзивті білім беру туралы ұғымға мынадай анықтама берген: «Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалар дене, психикалық, зерде, мәдени-этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне қосылып, тұрғылықты көздейтін білім беру үдерісін ұйымдастыру. Бұл жағдайда мектептер білім алудағы ерекше қажеттіліктерді ескеріп, өз оқушыларына қажетті арнайы қолдауды жүзеге асырады». Ал, Саламанка Декларациясының құжаттарында: «Бұл жалпы білім беру мекемесі жағдайында білім беру қызметінің жүйесі, тұрғылықты мекен-жайы бойынша балалардың білім алуға және оқуға толық құқығы бар ұстанымы негіздемесінде жүзеге асады», – делінген. (Саламанка, Испания 1994 жыл) «Инклюзив» терминінің анықтамасына отандық ғалымдардың еңбектерінде де, шетелдік ғалымдар еңбектерінде де түрлі қырынан қарайтынын көруге болады. Зерттеу барысында 28 ғылыми анықтама жіктеле отырып қарастырылды. Олардың ішіндегі ең танымал бағыттарды қамтып көрсететін бірнешеуін төмендегі кестелерден көруге болады. Инклюзивті білім беруді түсіндіруде отандық зерттеушілердің де бірыңғай ұстанымы жоқ екендігі келесі кестедегі пікірлерден көрінеді. Инклюзивті білім беру – баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді [6]. Сүлейменова Р.А. Денсаулық жағдайына, әлеуметтік, этникалық және экономикалық жағдайына қарамастан, барлық балаларды ақысыз оқу үдерісіне қосуды көздейтін білім беру үдерісінің құраушысы. Оралканова И. А. Балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін түсіну және білім беру үдерісіне толығырақ қатысу, жұртшылықты тарту және білім берудегі бөлектеу мен кемсітуді жою арқылы осы қажеттіліктеріне сай қызметтер көрсету [7]. Рсалдинова А. К. Білім беру, әлеуметтік, түзету-дамыту қызметтерінің сапасына кепілдік бере отырып, білім беру ұйымдарының барлық түрлерінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін арнайы білім беру жағдайларын жасауға және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет саясаты [8]. Байтурсынова А.А. Инклюзивті білім беру – бұл барлық білім беру ұйымдарында арнайы білім беруге жағдай жасау үшін, ондағы

кедергілерді жою арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне ендіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік саясат [9]. Құлсариева А.Т. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді кәдімгі білім беру ұйымдарының білім беру үдерісіне белсенді түрде қосу, және барлық санаттағы балалардың білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беру жүйесі мен оқу-тәрбиеүдерісін қайта құру [10]. Кестеде берілген анықтамалардың түрлілігіне қарап, инклюзивті білім беруді түрлі тұрғыдан түсіндіру тәжірибесін байқаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дүниежүзілік мүгедектер туралы баяндама. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2011г // [http://www.who.int/disabilities/world\\_report/2011/summary\\_ru.pdf?ua](http://www.who.int/disabilities/world_report/2011/summary_ru.pdf?ua)
2. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
4. Малофеев Н.Н. История становления развития национальных систем специального образования (социокультурный аспект) // Специальная педагогика / под ред. Н.М. Назарова. - М., 2000. – Т. 2. – С. 22
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 ілдедегі № 319-III //<http://online.zakon.kz/>
6. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015 жылғы №348)//<http://online.zakon.kz/>
7. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис ..... докт. философии (PhD). – Алматы, 2014. – 210 с.
8. Рсалдинова А. К., Денисова И. А. Повышение квалификации педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования в Республике Казахстан // Вестник КазНПУ им. Абая. - 2014. - № 2. - С. 7 -11
9. Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03. – Алматы: 2010.

10. Кулсариева А. Т., Исакова А. Т., Таджиева М. К. Материалы участников конференции // Вестник Восточно-Сибирской открытой академии. - Красноярск, 2016. - 158 с

**Махатова А. Б.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ СУБЪЕКТИВТІ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ**

Қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру және әлеуметтік ортаның әсерімен адам тұлға ретінде дамып, қалыптасады. Өз іс-әрекетінің нәтижесінде адам қоршаған шындыққа белсенді әсер ете отырып, оны шығармашылық тұрғысынан қайта жасап, өзін де өзгертеді.

1980 жылы баланың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша шет елде мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңі көптеген зерттеушілердің назарын аударды (Ш.А.Амонашвили, С.П.Баранов, Е.А.Ануфриев, Р.Г.Казакова, В.И.Логинова, В.С.Мухина және тағы басқалар). Мектепке дейінгі кезеңнен бастап әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру бойынша қажырлы еңбектеніп, мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуі керек. Осы кезеңнен бастап болашақ тұлға ретінде өзіне, адамдарға, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптаса бастайды. Әлеуметтік ережелер мен қағидаларды меңгере отырып бала дамиды. Әрине, әлеуметтену процесі баланың қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеті нәтижесінде жүзеге асады. Субъектінің әлеуметтік белсенділігінсіз оның танымы да, шығармашылығы да, іс-әрекеті де дамымайды. Сондықтан балалық шақтан бастап белсенділік әлеуметтік маңызды сипатқа ие болуы керек.

Е.А.Ануфриев тұтастай алғанда белсенділік компонентіне баса назар аудара отырып, адам өмірін жоғары мәнге толтыратын, жағымды қоғамдық құндылықтарға бағытталған, қоғамдық дамуға жетелейтін белсенділікті ғана әлеуметтік деп түсіндіреді.

Кейбір зерттеулерде белсенділіктің әрекеттік және мақсаттылық компоненттерінің бірлігі атап көрсетіледі. Мысалы, А.П.Петров әлеуметтік белсенділікті «қоғамды қайта жасауға бағытталған қарқынды дамитын әрекет» ретінде қарастырады. А.К.Рычковтың пікірі бойынша, «әлеуметтік белсенді тұлға — бұл өзіндік қажеттіліктері мен мемлекеттің сұранысына сай, қабілетті, алдына қойған мақсатына қол жеткізе білетін, жан-жақты дамыған тұлға». Философия, әлеуметтану ғылымдары әлеуметтік белсенділікті қоғамнан адамға қарай принципі негізінде қарастырады, адами факторларды белсендіруге арналған қоғамдық талаптарды зерттейді. Ал педагогика, психология ғылымдары тұлғаның белсенділігін адамнан қоғамға қарай принципі негізінде

қарастырады, адамның әлеуметтік ортамен өзара әрекеті тұрғысынан тұлға ретінде қалыптасу заңдылықтарын зерттейді.

Әлеуметтік белсенділік тұлғаны қалыптастырушы факторлардың бірі ретінде және қоғам үшін адамды басты құндылық ретінде сипаттайды. Әлеуметтік белсенділік арқылы адамның өмірлік ұстанымы пайда болады, қоғам дамуына өзінің үлесін қосуға атсалысады, тұлға ретінде өз әрекетін жүзеге асырады. Әлеуметтік белсенділіктің мәні — тұлғаның жаңа қоғамдық міндеттерді атқаруымен байланысты мінез-құлық тәсілдері мен әрекеттер жиынтығының қалыптасуы, өзіндік «Мен» компонентімен тікелей байланысты мақсатының әлеуметтік маңызын сезінуі. Нәтижесінде тұлға өзіне нақты міндеттер жүктеп, жауапкершілік субъектісі болып табылады.

Әлеуметтік белсенділік өз бетінше пайда болмайды, өзіндік қызығушылық пен әлеуметтік бағдардың негізінде жүзеге асады. Жауапкершілік, саналылық, дербестік әлеуметтік белсенділікті сипаттайтын сапалар болып табылады.

Сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру педагогика және психология ғылымында ең күрделі және өте аз зерттелген мәселенің бірі болып табылатынын атап өткен дұрыс. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде белсенділік принципі талап етілгенмен, тәжірибеде толық жүзеге асырылмай келді. Адамнан белсенділік талап етілді, бірақ бұған қажет жағдай жасалған жоқ. Талаптың өзі орындаушылық аясында шектелді, ал тұлғаның ұсынысына қоғам қызығушылық танытқан жоқ.

Қазіргі таңда мәселе оңтайлы шешімге бетбұрыс жасады. Бұған қоғамды демократияландыру, адамның рухани өмірінің ізгіленуі, ашықтық және жариялылық себеп болды. Жаңашыл- педагогтардың алдыңғы қатарлы тәжірибелері, психологиялық-педагогикалық зерттеулері негізінде жасалған жалпы орта білім беру мен мектепке дейінгі тәрбие концепцияларының нұсқаларында аталған мәселе айқын көрініс тапты. Қоғамдық талаптардың өзгеруі мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердегі білім беру мен тәрбие мақсаттарының да өзгеруіне әкелді. Әлеуметтік индивидтің белсенділігін көрсететін білім мен іскерлікті қалыптастыру мәселесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік белсенділіктің әр түрлі формаларында қалыптасып, дамитын адамның жеке тұлғасы басты орынға шықты.

Нақты тәжірибе және арнайы жүргізілген психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік белсенділіктің негізін қалыптастыруда мектепке дейінгі және кіші мектеп жасы сәтті кезең болып табылады. Мұнда бастамашылдық пен атқарушылықты дамыту үшін әлеуметтік қызбалық пен әлеуметтік енжарлықтың көрінуін жеңуде сәтті бастамалар жасалады. Әрине, балалардың белсенділігі үлкендердің белсенділігінен мазмұндық сипаттамасы және көріну деңгейі бойынша ерекшеленеді. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жас кезеңінде әлеуметтік белсенділік көбінесе мөлшерлік деңгейде көрінеді және тұлғалық деңгейге өту үшін нақты талаптар қойылады. Сонымен қатар мөлшерлік деңгейді өтпеген адамнан болашақта жоғары деңгейлі белсенділікті күту қиын.

Тәжірибе жинақтамай, білім мен іскелікті меңгермей өмірде, әлеуметтік жағдайларда, өзара қарым-қатынаста шешім табу қиын болғандықтан, ең алдымен орындаушылық жоғары қарқынмен дамиды. Соңынан тұлғалық құрылым ретінде қалыптасатын бастамашылдық пайда бола бастайды. Ойында, еңбекте, нәтижелі әрекет түрлерінде, қарым-қатынаста, оқуда балалар мейлінше сапалы бастамалар көтере бастайды. Бала әрекетті ұйымдастырумен және орындаумен байланысты ұсыныстар айтуға қабілеттілігі артады. Бұл ұсыныстар әрекеттің нақты мақсаттарына қол жеткізуге бағдарланған. Сонымен қатар біршама дербес айырмашылықтар бақыланған. Сапалы бастамалар мен атқарушылық қабілеттері көрінген балалар аз емес, бұл олардың қарапайым әлеуметтік ұстанымдарының қалыптасқандықтарына дәлел болады. Бірақ әлеуметтік белсенді емес деңгейде қалған балалар да бар. Көптеген ұлдар мен қыздардың сапалы бастамалар көтеруге және сапалы орындауға қабілетті болып, тұлғалық таңдауды жүзеге асыруда психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жағдай жасау педагогтың міндеті болып табылады.

Әлеуметтік белсенділік психикалық дамудың көптеген көрсеткіштерімен тығыз байланыста дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік белсенді емес балалармен салыстырғанда айқын бастамасы және атқарушылығы бар балалардың функционалдық мүмкіндіктері, көрнекі-бейнелік және логикалық ойлауы, қиялы, қызығушылығы, құрдастарымен қарым-қатынас жасай алу іскерлігі біршама жоғары деңгейде дамыған. Мұндай балаларды құрдастарына әсер ете алу қабілеті бөліп көрсетеді. Әлеуметтік белсенді балалар барлық деңгейдегі құрдастарымен өте жақсы қарым-қатынас жасайды, сапалы бастамалар көтеріп, басқаның бастамасын қолдай біледі, оның орындалуына әсер етеді. Әлеуметтік белсенді емес балалар біріккен әрекетті қиындықпен үйлестіруі мүмкін. Әлеуметтік қызбалық танытатын балаларда бастамалар сапасыз сипатқа ие болып, орындалуында қиындықтар тудырады. Әлеуметтік енжарлық танытатын балаларда белсенділіктің бастамашылдық та, атқарушылық та компоненттері әлсіз көрініс табады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік белсенділіктің негіздерін қалыптастыру бала тұлғасының жалпы дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан, балалардың өздері атқаратын қоғамдық міндеттерге қатысты қарапайым әлеуметтік ұсыныстарды өңдеп, олардың үйлесімді дамуы үшін бастамашылдық пен орындаушылық деңгейін жоғарлатуға мүмкіндік беретін әдістерді ұсынған тиімді болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ануфриев Е.А. Социальный статус и активность личности (Личность как объект и субъект общественных отношений).— М.: Изд-во МГУ, 1990. — С. 221.
2. Петров А.П. Социальная активность: сущность, содержание, критерии // Формирование социально активной личности: сущность, проблемы. — Ч. I. — М.: ВЛАДОС, 1995. — С. 14.

3. Рычков А.К. Некоторые методологические вопросы исследования процесса формирования социально активной личности. — М.: Педагогика, 2001. — С.
4. Битинас Б.П., Бочарова В.Г. и др. Социальное воспитание учащихся (основные теоретические положения). — М.: Просвещение, 1990. — 215 с.

**Марданова Г.**

«Alikhan Bokeihan University» білім беру мекемесінің 2 курс магистранты,  
Семей қ.

## **ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС ДИАЛОГТЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ**

Адам қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінеді. Қарым-қатынас психологиясы адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар сияқты құбылыстарды қарастырады. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болып табылады.

Қарым-қатынас тарихи алғашқы форма болып табылады оның негізінде өркениет дамуының кейінгі кезеңдерінде қарым-қатынастың басқа түрлері пайда болды. Мысалы; жазбаша қарым-қатынас жазбашалықтың құралуынан кейін ғана пайда бола бастады. Біздің әрқайсымыз адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз.

Леонтьев А.А. «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативті іс-әрекетке, яғни қарым-қатынасқа белгілі бір іс-әрекет түріне сияқты қарау керек деп есептейді.

Қарым-қатынасқа ең жалпы анықтаманы Ломов Б.Ф. берді: « қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формасының маңызды жағы болып табылады». Ол қарым-қатынас іс-әрекетінің әр түрлі формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері-сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі – жайлы сөз қозғайды.

Выготский Л.С., Ананьев Б.Н. еңбектерінде қарым-қатынасты өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі деп қарастырды [1].

Петровский А.В. қарым-қатынас біріккен іс-әрекет туғызатын, адамдар арасындағы қатынасты дамытатын көп жоспарлы үрдіс [2].

Немов Р.С. бойынша қарым-қатынас барлық тірі жанға тән, бірақ адамда күрделі формада, саналы түрде болады [3].

Қарым-қатынасты адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі факторы десек қателеспейміз. Интеллект және ерік, эрудиция және эмоционалды мәдениет тәрбиелілік – осылардың барлығы; және басқа адамдарды түсіну, яғни

психикалық дұрыс бағалау. Екіншіден олардың мінез-құлық және жағдайына адекватты эмоционалды жауап бере алу, үшіншіден әр адамның өзінің жеке даралық ерекшеліктеріне байланысты стилін, әдіс-тәсілін, формасын таба білу.

Б.Д. Ломов қарым-қатынас деңгейлерін қарастырады:

- 1) Макродеңгей – индивид басқа адамдардың қалыптасқан қоғамдағы қатынастарға, дәстүрлерге, салтқа сәйкес қарым-қатынас жасауынан көрінеді.
- 2) Мезодеңгей – тақырып мазмұнымен анықталады.
- 3) Микродеңгей – мазмұны мен сыртқы көрсеткіштері арқылы көрінетін контактілік байланыс [4].

Қарым-қатынас әлеуметтік мәдениеттің ерекше түрі болып табылады, себебі адамдар өмірінің әлеуметтік жағдайларын детерминдейтін жүйені қалыптастыратын, өзара қатынастардың барлық жақтарын қамтиды. Ғылыми әдебиетте қарым-қатынас «әр түрлі ғылымдардың пәні ретінде – этнографиядан психолінгвистикаға дейін, салыстырмалы психологиядан мәдениет теориясына дейін шыға алады деген ойлар айтылуда. Басқа жағынан – коммуникативті әрекеттің әрбі аспектісі әр түрлі пәндердің талдау заты бола алады».

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер (А. А. Бодалев, В. А. Конкалик, А. А. Леонтьев, А. В. Мудрик, және басқалар) [5] коммуникацияға адамдардың кіруінің көптүрлілігін анықтады. Бұл ақпараттың артықтығы немесе жетіспеушілігі, қандай да бір ақпаратты жеткізу немесе алу қажеттілігі, қызығушылықтар, көзқарастар, ұстанымдар ортақтығы және басқа адамдарда ұқсас көзқарастар мен ұстанымдар қалыптастыруға ынтаның болуы мүмкін. Оқытушының кәсіби-педагогикалық қызметінде коммуникация уәждемесі Д. И. Балдинюктің көзқарасы бойынша, оқу-тәрбиелеу жұмыстарының мақсаты болып табылады, студенттер мен серіктестермен бірлескен жұмысқа интеллектуалды дайындық және бейімделушілік деңгейімен келтірілген [6].

Қорыта келгенде, адамзат қызметінің өнімі бола тұра, мәдениет оның барлық салаларында өмір сүреді. Оқытушының коммуникативті қызметі оның сапасының критерийін анықтауды талап етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Выготский Л.С. Психология искусства. - М., 1998.
2. Петровский, А. В. История психологии : учеб. пособие для высш. шк. / А. В.
3. Петровский, М. Г. Ярошевский. – Москва : Изд-во Рос. гуманитар. ун-та, 1994. 445, [3] с. – Библиогр. – ISBN 5-7281-0105-4.
4. Немов Р.С. Психология. Общие основы психологии. – М., 2007.
5. Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других. - М: 1996.
6. Исаев И.Ф. Сущность и основные тенденции формирования профессионально-педагогической культуры // Профессионально-



педагогическая культура: история, теория, технология: Материалы  
Всерос. науч. - практ. конф. - Белгород, 1996. - С.8-13.

**Марат Н.М.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ**

Жоғары оқу орны студенттерінің бойындағы мінез-құлықты зерттеулердің маңызы қазіргі кезде өте зор, себебі, бір жағынан алғанда қоғамдық тәртіпке сай жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың бойына толеранттылық қарым-қатынасты игерту, қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Толеранттылық қарым-қатынасқа тәрбиелеудің негізгі себебі: жастардың арасындағы негативті құбылыстардың болуымен байланысты болып келеді. Бүгінгі таңда ең маңызды міндеттердің бірі ұлтаралық келісім, толеранттылық және төзімділікті сақтау.

«Біздің ұлы даламыз мыңдаған жыл бойы толерантты болып келді. Толеранттылық бұл – біздің қоғамның адамгершілік нормалары. Оларды біз нығайтып, қорғап, барлық буындарды тәрбиелейтін боламыз», - деп атап өтті Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты күн тәртібімен өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессия отырысында.[1]

Мемлекет басшысымен 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланып, осы кезеңде Астанада Қазақстан халқының Форумы өтетін болады. Осылайша, тиімді түрде жүзеге асырылған ұлттық саясат әрқашан халықтың келісім мен толеранттылықта өмір сүріп, этносаралық диаспораларды құрметтеуіне алып келеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасындағы ұлттық саясат қалыптасуының теориялық-құқықтық аспектілерін зерттеудің өзектілігі ешбір күмән тудырмайды.

Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясында «Білім және кәсіби біліктіліктер» және де жаңа Қазақстандық патриотизм» тарауында қарастырғандай, жастарымыз тек білім алып қана қоймай, заман талабына сай жоғары әдіс жағдайында жұмыс жасай алатындай етіп тәрбиелеуіміз керек, - деген. Жолдауда айтылғандай, «Мәңгілік ел» болу үшін біз мемлекетіміздің болашақ ұрпақтарын толеранттылыққа тәрбиелеуіміз керек. [2]

Енді «Толеранттылық» ұғымына тоқталсақ. «Толеранттылық» сөзі латын тілінен француз, кейіннен еуропа тілдеріне енген болатын. Оны қазіргі таңда –төзімділік|| мағынасында аударып жүрміз. Қазақ тілінде терең мағынаға ие сөз болып табылады.[3]

Толеранттылық [лат. *tolerancia* - төзімділік] – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау дегенді білдіреді. Толеранттылық - адами, рухани, идеялық, діни көзқарастар мен ұстанымдарға ортақ болса да, қабылдаймын деген мағынаны береді. XVIII ғасырда өмір сүрген француз жазушысы, философ Вольтер: –Сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ оны жақтау үшін өмірімді құрбан етуге дайынмын, - деген екен. Ол – толеранттылықтың басты қағидаты болып саналады. Бұл пікір адамдар арасындағы сыйласымды қарым-қатынасты, мейірімділікті білдіреді. Сондықтан толеранттылық ұғымы адамдар арасында бір-біріне деген шапағат жасай білу дегенді түсіндіреді.[4]

Толеранттылықтың мәнін ең алғаш Л.Фейербах мәнің туғаннан берілмейтінін, оның басқалармен қарым-қатынаста жасалатынын, қалыптасатынын айтты. Оның ойынша «Адам мәні Мен мен Сен арасындағы айырмашылыққа сүйенеді». Сондықтан қарым-қатынас адамның интегративті мәнді белгісі болып табылады. Осы жерде қарым-қатынасқа мән беру арқылы Фейербах философиясында адамдардың бір-біріне деген қатынасы көрінеді, бұл белгілі бір деңгейде толеранттылық арқылы жүреді деген.[5]

Толеранттылық мәселесін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында ерекше атап өтті: «Біз әркімнің аружданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз» деді.Бұл істердің негізінде Елбасымыздың ұлтаралық мәселелер жөніндегі ішкі және сыртқы саяси бағдарламалары негіз болып отыр. Әлеуметтік мәдени ортадағы конфессияаралық әлем, бейбіт ұлтаралық қатынас, дәстүр мен жаңартулар арасындағы тепе-теңдік азаматтық қоғам құрудың және мемлекеттілікті сақтаудың маңызды факторлары болып табылады.

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, олардың өмір салтына, көзқарастарына, құндылықтарына деген төзімділік белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Бұл – халықтың сана сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Толеранттылықтың сипаттамалары: эмпатия - өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі.

Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Олардың пікірлеріне ортақтас болып, қолдау көрсетуі; ақ пейілділік – олардың көңіл-күйлерін сезіну ғана емес, адамдарға өзінің жақсы қарым-қатынасын, құрметін, адал көзқарасын көрсету, тіпті егер оның кейбір әрекеттері ұнамасада, олардың пікірін сыйлау, басқаларды қорғауға дайын болу; ерекшелік – қарым-қатынаста өз болмысын сақтау, бетперде жамылып, түрлі рөлге кірмей байланыс жасау, түрлі проблемалар мен адамдарға қарым-қатынасын немесе көзқарасынш бүкпесіз жасырмай көрсету, айналасындағылармен қатынас кезінде өзіндік ерекшелігін сақтау; сезімдерді қабылдау - өз сезімдерін және өзгелердің сезімдерін жеткізу кезінде,

сезімгеәсер ететін жағдайларда еш қорықпау, адамдармен қатынас кезінде тек белгілі бір нәрсенісезініп қана қоймай, оларды көрсете білу, басқа адамдардың эмоционалдық әрекеттерін қабылдау, бірақ бұл басқа адамдарға өз сезімдерін көрсету арқылы олардың бұл сезімдергедеген жауапкершіліктерін мойындату емес; өзін-өзі тану – әр адамның өзін жеке тұлға ретінде зерттеуі, өзіндік «Менін» жоғалтпайбасқа адамдардың бағалауларына, көзқарастарына қол жеткізуге талпыну; рефлексия – өз әрекеттеріне, басқа адамдардың әрекеттеріне баға бере білу, өзінің ішкідүниесін тани білу.

Адамгершілік адамдарға, олардың ішкі жан-дүниесіне, қызығышушылықтарына көңіл аудару, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде оларға қысым көрсету мен мәжбүрлеуге жол бермеу.

Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен жайып тамырлануына негіз қаланады.

Толерантты тұлғаны тәрбиелеу, егер оны өзге мәдениеттің ерекшелігіне түсіністікпен қарайтын педагог жүзеге асырған жағдайда нәтижелі болуы мүмкін. Мұғалімнің өзгелерге шыдамсыз студенттен басқа адамдарға, басқа мәдениетке төзімділік қатынасын тәрбиелей алуын елестету қиын. Біздің көзқарасымыз бойынша, бүгінгі таңда ең бастысы – педагогті өзінің жеке және кәсіби резервтерін пайдалануға үйрету, біртұтас педагогикалық қызметтің жеке жүйесін құру. Толеранттылыққа тәрбиелеу ісінде педагогтің жоғары кәсіби машығы – шеберлігі, білімі, шығармашылығы және ептілігінің жиынтығы деп есептейміз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті №12 (28236) 19 қаңтар, жексенбі, 2014 жыл.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана
3. Золотухин В.М. Две концепции толерантности. Камерово: Кузбасс.техн.университет. – 1999. – 63 б.
4. Асташова Н.А. Проблема воспитания толерантности в системе образовательных учреждений // Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика): Сб. науч.-метод. Ст. – 2-е изд., стереотип. – М.: 2003. – С. 74-85.
5. Бондырева К.С. Колесова Д.В. Толерантность: введение в проблему, - Москва МПСИ; Воронеж НПО «МОДЭ», 2003. – 2004с.

**Марат Н.М.**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,  
**Султанова Н.К.**

п.ғ.к., доцент «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ**

Тәуелсіз Қазақстанның өркениетті елдер қатарына жету мақсатын жүзеге асыруда қойылатын талаптардың бірі – қазақ жеріндегі татулық пен имандылық. Осы татулық пен имандылықты сақтай отырып, еліміздің кемелденуіне, ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің әлемдік дамудан кенже қалмай қарқынды дамуына түбегейлі үлес қосатын – жастар. Сондықтан мемлекет жастарға ерекше қамқорлық жасауда. Өз елінің жастарына сенім артқан ұлт қана алға қойған мақсат, мүдделеріне қол жеткізіп, дамудың даңғыл жолына түсе алатынын нақты сеніммен айтуға болады.

Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып жасалынып жатқан іс-шаралар терең білімді, ізденімпаз, шығармашыл толерантты тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Болон процесі контекстінде білім беруді жаңғырту құзіреттіліктерін қалыптастыру білім беру үдерісінің негізгі мақсаты етіп қойылған. Еуропалық кеңес Европа жастарының бес негізгі құзыреттілігін белгіледі, солардың ішінде ең маңыздысы болып көп мәдениетті қоғамда өмір сүруге байланысты құзыреттіліктер ерекше орын алады. Расизм мен ксенофобияның белгісін, толеранттылық емес ахуалдың дамуын алдын алу үшін білім беру саласында жастарды өзге ұлт өкілдерінің тілін, мәдениетін, дінін сыйлауға, олардың арасындағы айырмашылықтарды дұрыс көзқараспен қабылдау сияқты мәдениаралық құзыреттіліктермен қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Елбасының этносаралық және конфессияаралық келісімінің теңдессіз үлгісі жас ұрпақтың толеранттылығын қалыптастырудың, олардың этностық және діни ерекшеліктерін түсіністікпен қарауының және құрметпен қабылдауының негізіне айналуы керек.» - деп көрсетілген [1].

Толеранттылық – барлық елдер үшін ең маңызды мәселе, еркін қоғам мен мемлекеттік тұрақтылықтың белгісі. «Толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) басқалардың пікіріне, наным-сеніміне, жүріс-тұрысына, өмір сүру жағдайына түсіністікпен қарау, адамды сол қалпында қабылдау. Толеранттылық – интегралдық қасиет. Егер ол қалыптасқан болса, онда ол барлық өмірлік жағдайларда және барлық адамдарға қатысты көрініс табады. Жалпы толеранттылық дамыған елдерге тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгендігінің айқын көрінісі.

Қазіргі уақытта әлемдегі ұлтаралық қақтығыстар мен діни төзімсіздік таныту жиі орын алған жағдайда өзге ұлт өкілдерімен бейбіт өмір сүрудің үлгісін көрсетіп келе жатқан Қазақстан халқының толеранттылығын көптеген мемлекеттер мен діни конфессиялар да мойындап, еліміздің тәжірибесіне қызығушылықтарын білдіруде. Мемлекетіміз ұлтаралық келісім мен бірлікті дамытуды басты саяси бағыт ретінде ұстанады. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында осы мәселеге ерекше мән беріп, халықты бірлік пен татулыққа шақырады. Бұл мәселеде Елбасымыз жастарға үлкен сенім артатынын баса айтып, жастар тәрбиесіне назар аударуымыз керектігін ескертеді. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», – деген [2]. Барлық халықтар өркениетке бет бұрған бүгінгі әлемде адамаралық, этносаралық және конфессияаралық өзара түсіністік пен төзімділікті қалыптастыру қоғамның бейбіт те, орнықты дамуының кепілі ретінде бағаланды. Елбасының мемлекеттік бағдарламасында көретілгендей, оның басты міндеті – ұлттық, геолінгвистикалық, тарихи, этникалық, этнолінгвистикалық, мәдени-көркемдік, эстетикалық құқытық сананы, діни тағлымдарды, адами қасиеттерді адамдардың бойында қалыптастыру, ұлт диаспорларының татулығы мен бірлігін нығайту, дінсіздікті тоқтату, әдепсіздік пен азғындықты ауыздықтау, адамдардың салиқалы, салауатты өміріне жол сілтеу.

ЖОО білім алу – бұл тек болашақ мамандық қырларын игеруге қажет білім, іскерлік және дағдыларды меңгерудің жолдары ғана емес, сонымен бірге жас маманның азаматтық ұстанымын қалыптастыру да болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жастар саясатын іске асыру қазақстандық патриотизмді, рухани-адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу, ұлттық сәйкестікті қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады» делінген болатын [3].

Толеранттылықты студент жастардың санасына енгізу және қалыптастыру, оны негізгі құндылықтардың біріне айналдыру білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. Жоғары оқу орнында студенттердің бойында толеранттылық қасиеттерін қалыптастыру бойынша атқарылатын тәрбие жұмысының маңызы ерекше.

Жас маманның азаматтық ұстанымының құрамдас бөлігі ретіндегі толеранттылыққа тәрбиелеу шеңберінде формасы мен мазмұны әр түрлі болып келетін іс-шаралар ұйымдастырудың маңызы зор. Азаматтық ұстанымды қалыптастыру пән сабақтарында, сондай-ақ студенттермен жүргізілетін әр түрлі сабақтан тыс танымдық және тәрбиелік іс-шараларда да тиімді шешімін табады. Оның басты мақсаты әр түрлі тәрбиелік шаралар арқылы студенттің қабілеттерін дамыту, оның мәдени және рухани жағынан өсуін қамтамасыз

ету. Осындай іс-шаралардың қатарына экстремистік және ұлтшылдық мәселелері бойынша білім алушылардың пікірлерін білу мақсатында студенттер арасында сауалнама жүргізу, осы салада белгілі бір ақпараттық базаны құру үшін мәдени кештерді өткізу, саясат, экономика саласындағы ең маңызды мәселелер бойынша дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастыруды жатқызуға болады.

Студенттердің бойында толеранттылық қасиеттерді қалыптастырудың тиімділігі ұлттық және ұлтаралық қатынастардағы мінез-құлық дағдысының, сенімінің, білімінің қалыптасуы тұрғысынан қарастырылуы керек. Студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу ісінде топ кураторларының атқаратын жұмысы маңызды. Кураторлар топтағы студенттердің жас ерекшеліктерін, ұлттық жеке даралық қасиеттерін бағалап, әр түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес формадағы, яғни, дөңгелек үстелдер, дебат, диспут, студенттердің шығармашылық жұмыстарын көрсету, конкурстар, тренингтер өткізу әдістері арқылы әрбір студенттің топпен қарым-қатынасын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс» деп көрсетілгендей [1], пән сабақтарында оқытушы студенттерге қазақ халқының ұлттық менталитеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, дүниетанымы жайлы жаңа технологияларды пайдалана отырып мәлімет береді. Сондай-ақ студенттерді басқа ұлт өкілдерінің де ұлттық-мәдени құндылықтарын, тарихын, әдет-ғұрыптарын сыйлауға тәрбиелейді. Жас ұрпаққа тіл үйрету негізінде қазақ халқының ұлттық мәдениеті жайлы баяндайтын тақырыптар өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері, мәдениетімен салыстыра отырып түсіндіріледі.

Тәуелсіз Қазақстанның өміріндегі жаңару үрдісі адам факторы маңызын күшейтумен қоса қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәнінің артуына әкеледі. Тіл атаулы, оның ішінде, мемлекеттік тіл – қазақ тіл байлығы да елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің терең ойлары мен шексіз сезімдерін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Тілдің білімдік, тәрбиелік мақсаттары да басқа пәндермен тығыз бірлікте, байланыста болады. Қазақ тілінде салт-дәстүрлерге байланысты өткізілетін іс-шараларға өзге ұлт өкілдері студенттері де шақырылады. Осындай іс-шаралардан студенттер қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты мәліметтерін толықтырып, сабақтардан алған мәліметтерін өз ұлтының салт-дәстүрлерімен салыстыра отырып әңгімелейді. Сондай-ақ, қазақ халқы мен басқа ұлт өкілдерінің мәдениетінен, ұлттық ерекшеліктерінен мәліметтер беретін өлкетану, этнографиялық мұражайларға барудың да маңызы зор. Бұл мұражайларда студенттер әр халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін бейнелейтін экспонаттарды өз көздерімен көріп қосымша мағлұматтар алады.

Патриот-азаматты толеранттылық рухында тәрбиелеу мәселесі қазіргі жағдайда үлкен маңызға ие. Сондықтан ұлттық-мәдени құндылықтарды негізге

ала отырып, оқыту үрдісінде және сабақтан тыс уақытта іс-шараларды өткізу барысында студенттердің бойында толеранттылық қасиеттердің қалыптасуы жүзеге асырылады. Осындай іс-шаралар жүйелі және кешенді түрде іске асырылса, тәрбие жұмыстары мақсатына жетіп, нәтижелі болады.

### **Пайдаланған әдебиеттеріміз:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

#### **Мендаяхова К.**

Доктор педагогических наук,  
Учреждение образования «Alikhan Bokeihan University»

#### **Молдабекова С.К.**

магистр педагогики и психологии, старший преподаватель  
кафедры педагогики и психологии  
Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова

#### **Алпысбаева Л.М.**

Учреждение образования «Alikhan Bokeihan University»,  
магистрант 2 курса образовательной программы  
«педагогика и психология», МПП-222

## **ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ К ДУХОВНО- НРАВСТВЕННОМУ РАЗВИТИЮ ЛИЧНОСТИ**

Обращение к духовному наследию Казахстана, всего человечества, к опыту классических философов, педагогов, ученых гуманистической психологии, когда идет поиск путей духовного возрождения современного общества, особенно актуально, так как общество остро нуждается в образовательных моделях, реализующих духовно-нравственный компонент в содержании образования. В решении данной проблемы ведущая роль принадлежит проекту С.А.Назарбаевой по реализации Программы нравственно-духовного образования «Самопознание».

Первый президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев совершенно справедливо подчеркнул в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»: «На наших глазах мир начинает новый, во многом неясный, исторический цикл. Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха» [1]. В этой связи, важно отметить, что изменение общественного сознания всегда начинается с

образования, где ключевую роль играет педагог. Именно педагоги могут внести большой вклад в переориентации людей от материальных ценностей на ценности духовно-нравственные. Таким образом, духовное возрождение общественного сознания возможно при активной трансформации сознания учителей, что является важнейшим условием решения глобальных проблем современности.

Духовно-нравственное развитие гражданина Республики Казахстан представлено основными концептами Закона «Об образовании» РК [2], Концепции воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан [3], которые являются стратегическими документами не только развития системы образования, но и документами, обеспечивающими национальную безопасность Республики Казахстан. В то время, когда общество переживает духовно-нравственный кризис, существует реальная опасность для молодого государства со стороны деструктивных сообществ, целенаправленно ведущих работу по дезориентации современной казахстанской молодежи с целью их привлечения к деятельности псевдорелигиозных, сектантских организаций. Падение нравственности, рост преступности, распространение терроризма, алкоголизма и наркомании, коррупции и других пороков способствует разрушению личности молодого человека с еще несформировавшимся мировоззрением.

В Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020гг., в Концепции непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан рассматривается стратегическое направление духовного развития будущих учителей, представлены ценностные ориентиры педагогической профессии [4; 5].

В этих условиях проблема психолого-педагогической подготовки будущих педагогов-психологов к духовно-нравственному развитию старшеклассников является актуальной, как для становления молодого суверенного государства Республики Казахстан, так и в частности его образовательной системы и задач, стоящих перед ней.

Существует несколько концептуальных подходов в осмыслении сущности понятия «психолого-педагогическая подготовка».

Антропологическая составляющая подготовки будущего педагога-психолога является системообразующим фактором, обеспечивающим целостный подход к подготовке, посредством целостного всестороннего развития его качеств, а также является фактором, определяющим стратегию педагогического образования. Данный подход акцентирует внимание на формирование готовности будущего педагога-психолога к развитию целостной природы обучающегося, как био-психо-социо-духовной системы.

Антропологический подход влияет на отбор содержания психолого-педагогической подготовки. Например, антропологизация содержания психолого-педагогических дисциплин, способствует развитию уровня общей культуры будущего педагога-психолога, формированию его антропологической культуры, в основе которой заложены ценностные системы (социально-



педагогические, общечеловеческие, духовно-нравственные), способности к рефлексии в педагогической деятельности, духовно-нравственных качеств педагога-психолога, которые проявляются в любви к детям, умении общаться с ними, в справедливом отношении к ним, уважении личности ребенка, в умении устанавливать позитивный настрой на урок, на сотрудничество [6].

Таким образом, научные знания о психолого-педагогической подготовке будущего педагога-психолога к духовно-нравственному развитию личности в рамках антропологического подхода, обучение и воспитание подрастающего поколения на антропологических принципах не является новшеством, но становится актуальной в связи с запросом современного общества в развитии целостного понимания природы человека как био-психо-социо-культурной системы. Мы подчеркиваем то, что применение антропологического подхода в психолого-педагогической подготовке будущего педагога-психолога способствует целостному пониманию его личности как единства духовного, психического, социального и физического начал.

Анализ практики использования «антропологического» и «гуманистического» подходов свидетельствует об их различии, хотя в переводе с латинского языка на русский язык они обозначают «человек». Несмотря на данное утверждение, гуманистический подход во многих исследованиях акцентирует внимание на человека как на социальное существо, члена общества. Поэтому говоря о гуманистическом подходе в образовании, чаще понимали ее социализирующую роль, о влиянии образования на развитие отношений в коллективе с целью выполнения требований общества.

Исследование готовности будущего педагога-психолога к духовно-нравственному развитию обучающихся как результата психолого-педагогической подготовки осуществляется в контексте традиционной стратегии профессиональной подготовки путем совершенствования сложившейся вузовской системы. Решение проблемы исследования осуществлялось нами на основе анализа опыта изучения и осуществления психолого-педагогической подготовки будущего педагога-психолога.

На наш взгляд, психолого-педагогическая подготовка будущего педагога-психолога к духовно-нравственному развитию обучающегося, рассматривается как процесс развития профессионально-личностной готовности будущего педагога-психолога на основе осознанного выбора деятельности по духовно-нравственному развитию личности.

Анализ философских исследований духовно-нравственного развития личности представляет методологический уровень нашего исследования. Психологические исследования подходов духовно-нравственного развития личности позволяют педагогам-психологам учитывать многоаспектность данного процесса, и в каждом из указанных направлений исследуется внимание на одну из сторон изучаемого феномена. В нашем понимании духовно-нравственное развитие обучающегося рассматривается как процесс развития стремления личности к духовному совершенствованию на основе приобщения

к общечеловеческим ценностям (мотивационно-ценностный), развития нравственного мышления (когнитивный) и поведения (поведенческий).

#### **Список использованных источников:**

1. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 13 апреля 2017 [https://liter.kz/ru/articles/show/31347-\\_vzglyad\\_v\\_budushee\\_modernizaciya\\_obshestvennogo\\_soznaniya\\_](https://liter.kz/ru/articles/show/31347-_vzglyad_v_budushee_modernizaciya_obshestvennogo_soznaniya_)
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (принят 11.07.2017 г.)
3. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан утверждена приказом Министра образования и науки 16 ноября 2009 года, №521.
4. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 // [https://primeminister.kz/page/article\\_item-34](https://primeminister.kz/page/article_item-34).
5. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. Министерство образования и науки РК. Астана, 2005 // Казахстанская правда от 18 августа.
6. Ахметова А.И., Мукажанова Р.А. Проблема самопознания в духовном наследии Казахстана // Научно-методический журнал. Педагогика и психология. – 2017. - №2(32). – 230с.

**Мусурова Ж. Х.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

#### **ЕТІСТІК СӨЗ ТАПТАРЫНАН БОЛҒАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ТАБИҒАТЫ**

Қазақ тілінің сөз тіркесі зерттелу тарихына көз салсақ, оның жеке ілім саласы ретінде теориялық жақтан жан-жақты толығып, дамып, жетіліп келе жатқандығын байқаймыз. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің сөз тіркесі табиғатын танытуда маңызы ерекше.

Қазақ тілі синтаксисі, соның ішінде сөз тіркесі синтаксисі теориялық негізі қаланып, іргелі салаға айналған тілдің үлкен арнасы. Бастауы сонау түркітанушылардың алғашқы пікірлерінен басталатын құндық теориялық мәселелер бүгінгі күнге дейін көптеген тіл мамандары тарапынан зерттеліп келеді.

Ғылыми ізденістер нәтижесінде сөз тіркесі синтаксисі сөйлем синтаксисінен іргесін бөліп, жеке сала ретінде қалыптасты. Қазірде сөз тіркесінің түрлері, олардың жасалу формалары, жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктері жөніндегі мәселелер бірізділікке түсті деуге болады.

Қазақ тіл білімі сөз тіркесі мәселесінде етістік сөз табының алатын орны ерекше. Етістіктің сөз тіркесінің басыңқы әрі бағыныңқы сыңарында жұмсалу қабілеті оның сан қырлы қызметін тағы бір мәрте дәлелдей түсері анық.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Халқымыздың біртуар перзенттері, жыр сәйгүліктері С.Торайғыров, И.Байзақов шығармашылығы әдебиет саласында әр қырынан сөз етілген. Болашақ ұрпаққа сарқылмас қазына қалдыра білген қос ақынның сырлы лирикаға толы мұралары жан-жақты зерттелу үстінде. Бұл мақалада дүлдүл ақындарымыз С.Торайғыров пен И.Байзақов шығармаларындағы етістікті сөз тіркестерінің ішінде етістік пен етістік құрылымды сөз тіркестерінің алатын орны ерекше екендігін зерттеп, айқындап беруге тырыстық. Мұндай құрылымды сөз тіркестері құрылымдық әрі мағыналық жақтан күрделі болып келеді. Зерттеу нәтижесінде етістік+етістік құрылымды сөз тіркестерінің қабысу, жанасу және меңгеру сынды байланысу формалары негізінде жасалатындығы анықталды. Аталған байланысу формасы арқылы жасалған етістік пен етістік құрылымды сөз тіркестерінің әрқайсысының өз алдына жасалу жолдары бар. Сонымен қабыса байланысқан етістік пен етістікті сөз тіркестері көсемше+етістік, есімше+етістік, шартты рай+етістік құрылымына негізделсе, жанаса байланысқан етістік пен етістікті сөз тіркестері көсемше+көмекші сөз+етістік, есімше+көмекші сөз+етістік, қимыл есімі+көмекші сөз+етістік сипатында келеді, ал меңгеріле байланысқан етістік пен етістікті сөз тіркестеріне етістік тұлғаларының ішінде тек есімше, қимыл есімі қатысады.

Қазақ тілінің бай құрылымдық-мағыналық жүйесіне осы зерттеуіміз де куә болатындай. Себебі етістік сөз таптарынан жасалған сөз тіркестері құрылымы жағынан да, мағынасы жағынан да сан түрлі болып келетіндігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Аталмыш ақындар шығармаларындағы етістіктің қимыл есімді етістікті меңгеруіне тереңірек тоқталып кетсек.

Сөз тіркесі құрамындағы басыңқы сыңар қызметіндегі етістік қимыл есімді бағыныңқы сыңарды меңгере алады. Бұл арада барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік тұлғалары дәнекер болады. Аталған септік тұлғаларында келген қимыл есімді бағыныңқы сыңардың заттанатынын ескеруіміз керек.

Етістік+у+ТСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Етістік+түбір+у+ТСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

... ғұсылдың қашан уәжіп болатынын да,  
Сол аяғын тебінуді тоқып алды (С.Торайғыров).

Маңынан қалың нөпір өтсе де,  
Шаба жөнелуді лайық көрмеген (И.Байзақов).

Етістік+у+БСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Осы жаз қыз алуға күйеу келмек,  
Мал алған бастасына әке бермек (С.Торайғыров).

Таудан тастан қайтпаған жүрегі Қамарға бір ауыз сөз айтуға бата алмады (С.Торайғыров). Бір күні қағаз алып, әлдене жазуға ойланса да: не хикмәт, қолы жүрмей жіпсіз байланған секілді бір түрлі мұңайған түспен қаламды бір сияға батырып, бір қағаз үстіне жорғалатып, бір ұшы қиыры жоқ ұзын ойға батты да отырды (С.Торайғыров).

Жазбауға шыдатпады сорлы көңілім,

Болған соң Қамаржанның халі жаман  
(С.Торайғыров).

Әуе жерге түскендей ыстық күшті,  
Салқындап шомылуға көлге бардық (И.Байзақов).

Қош келдің, таразым бар, өлшейін деп,  
Жоғалтуға ойлапты майдың көзін (С.Торайғыров).

Іздейік барлық кекті үшеу болып,  
Ал, батыр, бірлесуге келдім өзім (С.Торайғыров).

Шашты қайырып, шүлдірлеп, төресініп,  
Мақтануға оқыған, бізге мәлім (С.Торайғыров).

Етістік+у+ШСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Дұрыс сөзін айтудан қаймықпаған,  
Бермей қояр ат пенен түйесін деп (С.Торайғыров).

Құдайым мал бағудан айырмасын,  
Айырылсам жұрт болмаймын, қалам өліп  
(С.Торайғыров).

Аранда прогульщик, жалқау болса,  
Талқылап түзелуге жөн сілтендер (И.Байзақов).

Етістік+өзгелік етіс+у+ШСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай,  
Шайтанның азғыруынан құтқаратұғын (С.Торайғыров).

...барлық иждаһатын сарып қылып, қандай ауыр машақтарға шыдап, мүмкін қадар тәртіптен, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, аз да болса ғылым-өнер тарата бастады (С.Торайғыров).

Етістік+у+ШСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Күнде қонақ келуден тыйылмаған,  
Дастарқаны бір мезгіл жиылмаған (С.Торайғыров).

Етістік+у+КСЖ+ етістік құрылымды сөз тіркестері:

Тұлыпқа мөңіреген сиырдай боп,  
Көрумен сүйген жарың мауқын бассын (С.Торайғыров).

Өткізіп ем ертерек өксумен бала шағымды (С.Торайғыров).

Бір қараумен ерітесің  
Жүректің мұз тондарын.  
Бір күлумен серпесің  
Тағдырдың суық қолдарын (С.Торайғыров).

Меңгеріле байланысқан қимыл есімді сөз тіркестерінің мағыналары түрлі болып келеді.

іс-әрекеттің мөлшерін: Қара судың барлығы шиеттей бала-шағаны асырауға жетіп артылады, әрине (С.Торайғыров). Қамар қалтырап тұр, өкпесі аузына тығылып сөйлеуге ерік бермейтін секілді (С.Торайғыров).

-іс-әрекеттің неге бағытталғандығын, арналғандығын білдіреді: Әйтсе де, қайталай сұрауға батылы жетпей, шылбырын сүйретіп шалдың соңынан ере берді (С.Торайғыров). Ахметтің сол түні аулына қонуға қанша дегенмен жүрегі дауалай алмады. Ендеше бұның көзін тезірек құртып тынуға асығады десейші (С.Торайғыров).

-іс-әрекеттің мезгілі: Жалшылары таңның атуынан дамылдамай, түс ауып, көлеңке ұзара бастағанға дейін тыным таппайтын (С.Торайғыров).

-іс-әрекеттің мақсаты:

Келіп пе едің, сәйлем-ай,  
Жолығуға оңаша-ай.

Қыз әкесінен қанша жасқанса да, бүгін тәуекел етіп, жолығуға келе жатыр  
(С.Торайғыров).

Арыстан өлтіруге ойланыпты,  
Басын басқан тышқанды ұстап алып  
(С. Торайғыров).

-іс-әрекеттің себебі: Жуан зорлықшылды не қылса да, елден айырып әлсіретуге тырысу керек. (С. Торайғыров).

-іс-әрекеттің ненің негізінде орындалғандығы: Молданың шешуімен бұл жағдай шешілетін болды (С. Торайғыров).

Жергілікті ақындар тіліндегі меңгеріле байланысқан етістік пен етістік құрылымды сөз тіркестерін жасауда қимыл есімі өзі жалғанған етістік түбірін заттандырып, бағынып тұрған етістікке сай септік жалғауларымен тұлғаланады.

Етістік+етістік құрылымды сөз тіркестері қабыса, жанаса және меңгеріле байланысады. Бұл етістік сөз табының синтаксистік шеңберінің кеңейіп, байланысу мүмкіндігі молайғандығының айғағы.

Халқымыздың талантты ақындары Сұлтанмахмұт пен Исадай дарындардың төл туындылары қазақ халқының тіршілік-тынысымен өрілгендей. Қазақ рухымен жазылған жауһар дүниелер өз кезінде де, бүгін де, ертең де мағынасын еш жоймай, керісінше арта түсетін асыл қазыналар саналады. Демек, біздің алға қойған мақсатымыз, яғни аталмыш ақындар тіліндегі етістіктерден жасалған сөз тіркестерінің табиғатына үңілу қажет-ақ болды. Қазақ халқына тән рухани қазыналар ұлтымыздың төл тілдік ерекшеліктерімен өрнектеледі.

Қорыта айтқанда, С.Торайғыров, И.Байзақов шығармаларында етістік пен етістік құрылымды сөз тіркестері мағыналық әрі грамматикалық ерекшеліктері бар етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір тобы болып саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары: тіркесімі, сөздегі

2. орны. – Алматы, 1980. - 58 б.
3. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесімділіктің кейбір мәселелері.
4. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 95 б.
5. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем
6. синтаксисі. - Алматы: Санат, 2003. -240 б.

### **Мұқаметқалымова Ш.**

Alikhan Bokeikhan University, магистрант, Семей қ.

## **ҚАЗАҚИ ӘЗІЛ ҚАЛЖЫҢДАР ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адам баласының көңіл-күйі, түрлі сезімдері қалжың арқылы беріледі және сөйлеуші айтар ойын қалжың арқылы жеріне жеткізіп, жанын жараламай кемшілігін ашуда таптырмас құрал, сөйлеуші айтар ойын, ащы шындығын әзіл-қалжың арқылы тереңірек жеткізуге мүмкіндік алады. Адамның қуану, күлу, торығу, қынжылу, риза болу, көңілдену, өкіну, түңілу, ыза болу, тіксіну, ренжу - өкпелеу, ұнатпау, жақтырмау, толқу, тебірену, ұнату, көңілінен шығу, т.б. сол сияқты адамның осындай сан алуан эмоциялық күйін ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал мен қатар қағытпалар, қалжыңдар тұрады.

Әр ұлттың өзіне ғана тән қалжыңдары болады. Ол да ұлттық ерекшелікті танытатын белгі болмақ.

Қазақ әзіл-әңгімелері сатираға құрылады. Сатира адалдықтың, адамдықтың қаруы. Онда қоғам болмысындағы және адам бойындағы ең келеңсіз көріністер мен қылықтар сыналады. Сондықтан да оны кейде күштілер қаруы деп те атайды. Сатира қару ретінде негізінен көпшіліктің қамын ойлайды, адалдық жолы үшін күреседі. Сөз өнеріндегі нағыз күрескерліктің көрінісі ретінде барлық жанрда көрініс тапты дейтініміз сондықтан. Сатираның тақырыптық диапазоны аса өрісті: тұрмыс, мінез көріністері, қоғамдық өмір мен саясаттағы келеңсіздік, адамшылықтан ауытқу, т.б. оның қырағы көзінен қашан да тыс қалмайды. Жалпы сөз өнерінің, оның ішінде сатираның негізгі өзекті мәселесі қоғамдағы келеңсіздіктер мен адам бойындағы мінез-қылықтарындағы кемшілікерді уақытында тауып, «емдеп» отыратын құдыреттілігінде дей аламыз.

Қазақ әзіл-қалжыңдарында дыбыстық үйлесімділік бірден көзге түседі. Қазақ әзіл-қалжыңдарында әрбір дыбыс стильдік қызмет атқарады деседе болғандай. Дыбыстардың созылықлығы да стильдік мақсатты көздейді. Тіл білімінде фоникалық құралдардың қолданысы жайлы жазылған еңбектер де бар. Мысалы, Ж. Исаеваның кандидаттық диссертациясында, монографиясында фоникалық құралдардың қызметі жан-жақты сараланады[1, 23]. Дыбыстың стильдік қызметі олардың қайталанып келуінен байқалады.

Орынды жұмсалған аллитерация, ассонанс параллелизм, хиазм т.б қайталау түрлері оқырманға әсер етіп, мәтінге эмоциялық бояу үстейді.

Қазақ әзіл-қалжыңдарында дыбыстық қайталамалар қолданылған.

Жаныңа жайлап, жағына келеді,

Жай-күйін айта, шағына келеді

Жақындай түсіп, жағымпазданып,

Саулығыңды айта, сағына келеді

**Ж**- дыбысы қайталанып, әзіл өрімін құбылтып, оның оқырманға әсерін күшейтіп тұр. Жалпы, дыбыстық қайталамалар әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін осы тәсіл – әзіл-ұалжың тілінде жиі қолданылады. Аллитерациялық, ассонанстық анофораға құрылуы, образ жасаудағы стильдік мақсатта қолданумен қатар, өлеңнің үнділігі, дыбыстық әсері көзделген.

Әзілдердегі сөз басындағы дыбыстардың біркелкі болып (аллитерация, ассонанс) келуі дыбыс сазының, үн гармониясының табиғатын көрсетеді. Мәтіндегі аллитерация мен ассонансқа құрылған анофора тәсілі мәтіннің музыкалы, үнді болып шығуы үшін ғана емес, белгілі бір стильдік мақсатпен де қолданылады, сонымен қатар экспрессивтік жүк арқалап тұруы мүмкін, өйткені осы тәсіл арқылы автордың ой-толғаныстары, олардың жан-дүниесі, эмоциясы байқалады.

Сонымен қатар, кейде дыбыстардың үйлесіп келуімен бірге, сөздің эмоционалды мәнділігі, мәнерлілік, суреттілік белгілері, бейнелілік, әсерлік бояуы жаратылысынан деп түсіндіруге болады. Мұндай аллитерациялық тәсіл құлаққа жағымды, мәнерлі естілу қызметін атқарады. Дыбыс қайталануы сөзге әсерін тигізіп, соның нәтижесінде олардың арасында тығыз байланыс орнайды. Олар сөзден тыс қолданылмайды, бірақ сөздің құрамында белгілі стильдік реңкке ие болады. Мәтіндегі дыбыстардың қайталануы арқылы жасалған сөздер орнымен қолданылып, экспрессивті – эмоционалды реңк туғызып өлең шырайын ашатын тәсіл түріндегі қызметі ерекше. –Өрине, ондай әуенді әуелі ырғақ, **Өлшем, ұйқас** деген өлең шарттарының өзі туғызады, бұлар болмаса өлең де шықпаған болар еді. Сонымен қатар поэзия үнділіктің, саздылықтың, музыкалылықтың өзге де амалдарын іздейді. Ол амалдардың бірі, жоғарыда айтылғандай, дыбыс үндесуін көрсететін аллитерация мен ассонанс болса, енді бірі - сөздердің, тұлғалардың қайталаулары арқылы үндестік туғызатын анофора, эпифора, параллелизм құбылыстары екендігі мәлім, - деген ғалым Рабиға Сыздықова [2, 190 б].

Әзілдер мәтіндегі бір сөздің, кейде бір фраза, не бір сөйлемнің қайталануы стилистикалық айшықтар – параллелизм, хиазм түрлерінің қайталануынан жасалады.

Бетіңе қарай, күлімдей келеді,

Күле қарасаң, күлімдей береді

Майпаздап жүріп, мәпелеп сөйлеп,

Жыландай жылжып, білінбей келеді.

Мәтінде екіжүзділікті сынға алған қайталамалар айтар ойға мән үстеген.

Әзіл-қалжыңдардағы қайталамалардың синтаксистік түрін құрайтын параллелизмді айшық ретінде қарастыру, сол арқылы стилистикалық қайталама

категориясы күрделі тілдік құбылыс екенін тану – біздің зерттеуіміздің тағы бір қыры болып табылады.

Синтаксистік параллелизм – ең алдымен, тілдік құбылыс өлең жолдарындағы параллелизм үдету, ойды дамыту, шарықтату қызметінде қайталанып қолданылған. Әр шумақтағы синтаксистік параллелизмдегі қайталаманың өлеңдегі экспрессивті – эмоционалды реңкі өзгеше болады.

Лексикалық қайталамалар қайталама категориясының басқа да түрлері секілді өзіндік ерекшеліктерге ие болып, өз ішінен бірнеше түрлерге тармақталады. Лексикалық қайталамаларға тән ортақ белгі – қайталану процесі лексикалық қайталамаларға жататын белгілер контактілі және дистантты қайталамалар деген түрлері. Осы тұрғыдан алғанда әзіл-қалжың мәтініндегі лексикалық қайталамалар оқиға мазмұнын аша түсіп, әр түрлі сипаттағы іс-әрекеттерді бір арнаға жинастыратын, ең алдымен бір жайтқа ерекше назар аудартуды көздейтіндігін білдіріп жиі қолданысқа түскен.

Сүттен ақ, судан таза келеді  
Түп-тұғияныңды қаза келеді  
Жел болып желпіп, от болып шалқып,  
Сыртыңнан өсек жаза береді.

Келеді, береді сөздерінің қолданылуы контекске әдемі бір музыкалық үн береді. Мәтінде кездесетін лексикалық қолданыстағы қайталамалардың барлығы да тыңдаушы сезіміне әсер ететін эмоциялық бояуын күшейтіп, дыбыс гармониясы және лексикалық анафоралы жолдары, үнінің әсерлі болуына қызмет етумен қатар, эмоционалдық жағынан әрлендіру үшін де қолданылады.

Поэтикалық көріктеу амалдарының бірі - эпифора. Эпифораның ең қарапайым түрі - мәтіннің соңғы сөзінің қайталанып келуі, бірақ ол ұйқасқа қатыспайды, ұйқасты оның алдындағы сөздер жасайды. Бұл да дыбыс үндестігін жасайтын тәсіл.

Көркем шығармалардың сюжет желісін түзу, дамыту, оқиғаны бір-бірімен байланыстыру, кейінгі тарауларда айтылған оқиғаға шығарманы оралту, сөйтіп көркем прозаның композициясы мен архитектурасының бір бүтін болуына дистантты қайталамаларда белсенді қатысады. Дистантты – эпифоралық қайталамалар да әзіл-қалжыңдар тілінде жиі қолданылады.

Етегін сілкісең «акты» шығады,  
Жеңін сілкісең «факты» шығады.  
Өойнын ақтарсаң, қолаба-қоржын,  
Сүрленген арыз папка шығады.

Әзіл-қалжың мәтіндерінің компоненттерін бір сөзбен аяқтау арқылы бүкіл мәтін салмағын сол сөздердің төңірегінде негіздеу үшін қолданылған. Мәтін соңында сөздер бірнеше рет қайталанып келіп, эпифоралық құрылымдар жасаған. Бұл тәсілді қолдану арқылы әзілдің тілдік-көркемдік құралын арттыра түскен. Бұл мысалда эпифора стильдік мақсат көздеп қолданылып тұр.

Эвфония қарастыратын дыбыстық қайталаулардың қай-қай түрі де: аллитерация, ассонанс, эпифора, ұйқас, ырғақ көркем сөзде, әсіресе өлең сөзде



белгілі стильдік тәсіл болса, олардың бәрі әзіл-қалжыңдардағы жиі қолданыста келетін стильдік әдіс-тәсілдердің бірі болып табылғандығын байқадық.

Әзіл-қалжыңдардағы қайталамалардың бір тобы өлеңнің бір тұтастығын қамтамасыз етсе, енді бір тобы ойды дамыту, оқиғаны сабақтастыру, лирикалық шегініс жасау, оқырман назарын бір нәрсеге аңдату сияқты қызметтер атқарады. Әзіл-қалжыңдардағы қайталауларды қолданылу мақсатын төмендегідей мағыналық топтарға бөлуге болады:

-қайталау арқылы оқырман назарын ерекше, айрықша аударғысы келген құбылыс, зат, нәрсені анықтау мақсатында;

- бірнеше мәрте қайталап, ұқтырар сырды ұғымға қайта-қайта сіңіру үшін;

-айтылар ойдың көркемдігін, әсерлілігін арттыру, эмоцияға әсер ету үшін;

-айтпақшы ойдағы негізгі сөздің мағынасын келесі сөйлемде аша түсу үшін қайталанатын сөз формасының ерекшеліктері келесі сөйлемде түсіндіріліп, дәлелдену үшін;

-бір сөйлемді қайталап, бүкіл мәтін салмағын сол сөйлемнің төңірегінде көтеріп, ой жалғастығы қайталаулар арқылы туатындығын анықтау мақсатында.

Абайдың өлең сөзінің фоникасын зерттеудегі Р.Сыздықова –ырғақ – үндестік тудыратын қуат болса, үндестік дегеніміз өлең жасайтын сөздердің тақта-тақта, бунақ-бунақ, тармақ-тармақ болып ұйымдасуы. Бұл-бір. Екіншіден, дыбыс гармониясы сол сөздерден тұрған дыбыстардың үні, ұқсастығы жағынан топтасуы болып табылады[[3,19].

Қорыта келгенде, әзіл-қалжың мәтініндегі қайталамалар – молынан қолданылатын, стильдік жүк арқалайтын ерекше көркемдік тәсіл.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әмірбек К. Бәрі бар сенде... «Қазақ әдебиеті» газеті. №10-11(3122). 20.03. 2009.
2. Сыздықова Р.С. Сөздер сөйлейді, - А., 2004. -190 б.
- 3.Сыздықова Р.С. Абайдың сөз өрнегі, - А., 2004. – 19 б.

**Рахатов У.А.**

магистрант 2 курса, Alikhan Bokeykhan University, г.Семей

**Рахимжанова Н.А.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистр,  
старший преподаватель г. Семей.

## **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ МОЛОДЕЖИ**

Как подчеркивает Н.И. Сарджвеладзе, личность не является субстанциональным образованием, модус ее существования определяется включенностью в социальные отношения и способностью самому устанавливать отношения к внешнему миру и к себе [1].

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

С этой позиции, молодежь (как социально-демографическая группа) и молодость (как возрастной период по Э. Эриксону) становится особо сензитивной к изменениям, связанным с социально-психологическими характеристиками.

Период молодости является важным этапом, на котором, с одной стороны, структура благополучия продолжает формироваться и усложняться, а с другой, оно уже достигло, благодаря всем предшествующим этапам развития, определенной качественной и структурной организации. Здесь мы уже имеем возможность судить не столько о причинах неблагополучия, сколько о фактическом его проявлении и на основе этого интерпретировать различные взаимосвязи с другими характеристиками личности, а также прогнозировать возможные закономерности его динамики.

Именно в молодости за счет центрального изменения и преобразования отношений личности к самой себе (развитие самосознания), сдвигов и укрепления базовых положений по отношению к миру (мировосприятие и мироощущение), а также установление и максимально возможное раскрытие ключевых отношений с другими людьми (как установление интимно-личностных взаимосвязей, так и отношение в целом к обществу) – все это становится точкой преломления качественных изменений благополучия личности.

Отношения становятся ключевой детерминантой, опосредующей степень самореализации личности, ее развитие и потенциальное позитивное функционирование. Как указывает Л.И. Бершедова: «единство качественных преобразований в целостной системе отношений к миру, себе и людям детерминировано в этот критический период сложным процессом самоопределения как впервые возникающего явления, «аффективного центра» социальной ситуации развития» [2].

По результатам исследования С.К. Летягиной, особенности формирования благополучия личности взаимосвязан с процессом поиска идентичности в период молодости [3].

Этот период (определяющийся возрастными границами 16–17 – 24–25 лет [4]), становится особенным в онтогенезе, поскольку его содержанием является становление человека как субъекта собственного развития [5]. Можно сказать, что субъект в понимании ряда исследователей (К.А. Абульханова-Славская, Д.Н. Исаев, В.И. Слободчиков) – это, с некоторыми оговорками, довольно близкое определение позитивно функционирующей благополучной личности в интерпретации зарубежных подходов (Дж. Бьюдженталь, А. Маслоу, Р. Мэй, К. Роджерс).

О.А. Идобаева отмечает, что специфика психологического благополучия зависит от возрастного этапа. Она определяется психологическими новообразованиями, соответствующими возрасту и характерной для данного возраста ведущей деятельностью, специфичной для каждого возраста социальной ситуацией развития, индивидуально-психологическими

особенностями, эмоциональным состоянием и механизмами психологической защиты.

Психологическое благополучие в юношеском возрасте, по мнению О.А. Идобаевой должно определяться посредством уровня сформированности главных новообразований возраста, ориентировки в особенностях собственной индивидуальности, умении строить жизненные планы [6].

Многие исследователи юношеского периода (Л.С. Выготский, К. Левин, К. Обуховский, К.Н. Поливанова, Х. Ремшмидт, В.И. Слободчиков, Э. Шпрангер, Д.Б. Эльконин, Б.Д. Эльконин, Э. Эриксон и др.), сходятся именно в постулате о ключевой роли развития отношений в этот период.

Особенность перехода от подростничества к молодости (16–17 лет) во многом определяется тем, что в этот период жизни резко проявляются не только отношения человека к окружающему миру, другим людям как к его части, но и его отношение к себе [7]. Вокруг этого выстраивается еще целый спектр различных возрастных задач.

Среди них: личностное и профессиональное самоопределение (Л.С. Выготский, К.Н. Поливанова, В.И. Слободчиков, О.В. Хухлаева, Д.Б. Эльконин), достижение общей социальной, интеллектуальной и эмоциональной зрелости, эмансипация от родительского дома, идентификация «Я», утверждение Я-концепции, концепции жизни, установление значимых взаимосвязей с другими людьми (Дж. Коул, Б. Ливехуд, Л. Холл, Э. Шпрангер, Э. Эриксон).

Б.С. Волков характеризует период юности следующим образом: «становится актуальным поиск своего места в мире. Происходит личностное, социальное и профессиональное самоопределение. Ведущей деятельностью становится учебно-профессиональная – основа выбора будущего».

По мнению В.С. Мухиной, именно в этот период происходит становление человека как личности, когда молодой человек, пройдя сложный путь онтогенетической идентификации уподобления другим людям, присвоил от них социально значимые свойства личности, способность к сопереживанию, к активному нравственному отношению к людям, к самому себе и к природе, способность к усвоению конвенциональных ролей, норм, правил поведения в обществе.

Важным на этом этапе является понимание того, что в отличие от подростка молодой человек не только в своем сознании включает себя во взрослую жизнь, но и начинает принимать в ней реальное участие. Молодой человек постепенно обретает социальную зрелость, то есть становится полноправным участником всех социальных действий и многих социальных ситуаций. Особенностью таких ситуаций становится возможность выбора и принятие за него ответственности, как, например, выбор будущей профессии, спутника жизни, места жительства.

Социальная зрелость предполагает, с одной стороны, возможность выполнения социальных обязанностей, с другой – принятие ответственности за собственную жизнь, свои решения и поступки. По словам И.С. Кона:

«молодость обозначает фазу перехода от зависимого детства к самостоятельной и ответственной взрослости, что предполагает, с одной стороны, завершение физического, в частности полового, созревания, а с другой – достижение социальной зрелости».

Именно в контексте свободы выбора и ответственности может начать формироваться чувство самореализации собственного потенциала, более того, возможность и уже фактическое проявление самоактуализации личности, что включает в себя проявление конструктивного потенциала, максимальную реализацию личностных способностей, адекватное восприятие других людей и окружающей действительности, умеренную эмоциональность и рациональность, формирование нравственности и социальной позиции.

Молодость – период формирования и утверждения ценностных ориентаций и идеалов, устойчивого мировоззрения, социально обусловленных качеств личности – все это служит фундаментом для построения и утверждения базовых отношений личности к миру, его устройству и своему месту в нем.

По словам О.В. Лишина: «Ведущую деятельность в период молодости следует рассматривать как комплекс видов деятельности, жестко не ограниченный, но объединенный общим признаком – специфическим смыслом отношения к миру».

Многочисленные исследования проявлений отношения к миру и связанного с ним чувства благополучия и счастья, свидетельствуют о наличии базовых оптимистических и пессимистических оснований. Доверие или недоверие к миру как главное разрешение кризиса первого года жизни, по Э. Эриксону, закладывает психоэмоциональный фундамент для всего дальнейшего развития личности.

В этот период отношение к миру проявляется как постепенно устанавливающееся мировоззрение, мировосприятие и конструктивное (деструктивное) отношение к окружающей действительности.

В конструируемых ценностных ориентациях выявляется отношение к миру как система обобщенных представлений о мире в целом, его устройстве и законах, об окружающей действительности и других людях, «обобщенное, итоговое отношение к жизни». Отношение к миру формирует и обуславливает внутренние интенции личности: готовность или неготовность выразить себя в социуме, ориентироваться или пренебрегать гуманистическими ценностями и идеалами, воспринимать людей и объекты окружающего мира как «априорно хорошие» или «априорно плохие».

В молодости отношение к миру претерпевает ряд изменений, меняясь с детского взгляда на более взрослый. При условии разностороннего развития личности, реализации опыта межличностного взаимодействия и решения ряда жизненных задач, в отношении к миру вплетается ощущение собственной ответственности, или радикально ему противоположное – установка на долженствование по отношению к личности.

Можно сказать, что разрозненные невротические установки складываются в единую картину мира и формируют базовое отношение к миру,

мироощущение, которое впоследствии будет создавать для развития личности либо возможности, либо преграды.

Несмотря на некоторые расхождения у разных авторов в представлениях о молодости, можно сказать, что в этом вопросе больше единодушия. Никем не оспаривается факт значимости этого периода для дальнейшего формирования личности, ее самовоспитания и самообразования. Делается особый акцент на становлении субъектности. Ключевую роль в этом процессе играет формируемое отношение к себе, выступающее ключевым фактором самосознания личности, самоотношения, самодетерминации.

Диалогичная природа человеческой психики разворачивается в постоянный диалог с самим собой, обуславливая рефлекссию и интроспекцию. Как отмечает В.В. Столин, уже в самом факте существования самосознания заложена его двойственность, диалогизм «Я». Возможность рефлексии создается реальной вовлеченностью в различные системы связей, которые и определяют возможность различных точек зрения субъекта на мир и в том числе на себя самого. Н.И. Сарджвеладзе обобщает: личность не только имеет определенный статус в системе социальных отношений и установочное отношение к социальному окружению, но и особым образом относится к самому себе и характеризуется особым образованием – подструктурой самоотношения.

При этом способ отношения к себе не стоит в одном ряду с когнитивным, эмоциональным или регулятивным моментами самосознания, напротив, феномен самоотношения в качестве своих отдельных сторон включает самосознание, самопознание, самооценку, эмоциональное к себе отношение, самоконтроль, саморегуляцию. Более того, самоотношение личности структурировано во времени, что дает возможность выделить три вида «Я» по темпоральному признаку: актуальное «Я» («я здесь и теперь»), ретроспективное «Я» («я в прошлом») и проспективное «Я» («я в будущем»). Частными аспектами отношения к себе в молодости становятся такие свойства личности как самоуважение, самопринятие, самооценочность, самопонимание.

### **Список использованной литературы**

1. Жуковская Л.В. Шкала психологического благополучия К. Рифф // Психологический журнал. – 2011. – Т. 32. – № 2. – С. 82–93.
2. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – 2-е, испр. изд. – М.: Смысл, 2003. – 487 с
3. Фоломеева Т.В. Социальные представления о благополучии // Мир психологии. – 2004. – № 3. – С. 122–131
4. Шамионов Р.М. Субъективное благополучие личности: психологическая картина и факторы: монография– Саратов: Научная книга, 2008. – 296 с.
5. Ядов В.А. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности: диспозиционная концепция. 2-е расш. изд. – М.: ЦСПиМ, 2013. – 376 с.
6. Кораблина Е.П. Искусство исцеления души: Этюды о психологической помощи: пособие для практических психологов. – СПб., 2001. – 320 с.

7. Хухлаева О.В. Основы психологического консультирования и психологической коррекции: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.

**Рахимбаева К. И.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты  
Семей қаласы

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Тұлға өзінің тұрақтылығына қарамастан, үздіксіз дамып отыратын психикалық құрылым. Даму тұлғаның ең маңызды атрибуты болғандықтан, оны «өмір сүруінің негізгі нысаны» деп санайды. Тұлға уақыт ағысында үдеріс ретінде дамып отырады.

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, мәдени-тарихи даму барысында, белсенділік, субъектілік, құмарлық, сапалылық қасиеттерін игеріп оны қалыптастыратын жүйе, деген. Анықтама бойынша кез-келген индивид тұлғаға айналып, тұлға өз кезегінде автономды – физиологиялық алғашқы шарттармен бір мәнді анықталып жатпайды. Индивид пен тұлғаның өзара әрекеттесуін жалпы алғанда тарихта әртүрлі шешілген дене мен рухтың мәселесін көрсетеді.

А.Н. Леонтьев бойынша, егер өмір субъектісі (индивид емес екенін ескеріңіз) «өзбеттілік реакция күшін» игереді, басқаша айтқанда белсенділікпен, яғни, ішкі (субъект) сыртқы арқылы әрекет жасап өзін-өзі өзгертеді. [1]

Сонымен тұлғаның дамуын көптеген әрекеттердің өзара іс-әрекет жүйесі мен бір-бірімен қатынас иерархиясы ретінде қарастырады. Тұлға іс-әрекеттердің иерархиялық қатынастарының жиынтығы. Оның ерекшелігі А.Н. Леонтьев бойынша, іс-әрекет иерархиясы өзінің дамуынан туындайды да тұлғаның ядросын құрайды.

Іс-әрекет иерархиясын түсіндіруде А.Н. Леонтьев мынадай түсініктерді қолданады: «қажеттілік», «түрткі – мотив», «эмоция», «мағына», «мән». Іс-әрекет мазмұнына тереңірек үңілсек осы айтылған түсініктердің дәстүрлі қатынастары және кейбіреулерінің мағнасы да өзгереді.

Шындығында, қажеттілік мотивпен ұштасып жатады, яғни «өзінің алғашқы қанағатына дейін қажеттілік өз нысанын білмейді, сондықтан ол ашылуы тиіс». Тек осындай ашылулардың қорытындысынан кейін қажеттілік өз нысанын табады, ал қабылданған (елестетілген, ойдағы) нысанға бағыттылық іс-әрекет түрткі болып табылады.

Ал, түрткілер әр түрлі болады. А.Н. Леонтьевтің қарастыруынша, эмоция категорияларына талдау жасаған. Эмоцияның ерекшелігі түрткілер (қажеттіліктер) мен жетістіктердің арасындағы қатынасты көрсетеді. Олар (эмоциялар) субъектінің өз іс-әрекетін қалыпты бағалау мен түрткінің белсенділігінен кейін туындайды. Сонымен эмоция адамның жағдаятты жүзеге асуы мен аспауына қобалжуы мен іс-әрекет түрткілерін туындатады. Кобалжу

соңынан рационалды бағалау болады да оған белгілі бір мағна береді және түрткіні іс-әрекетпен салыстыру және оның іс-әрекет мақсатымен дәл келуімен түрткіні сезіну жүйесі аяқталады. Тек тұлға маңыздылығы ғана объективті құбылысты субъектінің саналы түрдегі қатынасын анықтайды. А.Н. Леонтьев бойынша түрткінің орнына түрткі-мақсат түсінігі келешектегі тұлғаның құрылымдық элементі ретінде қарастырылады.

Сонымен, белгілі бір стимулды мотивтер бар, яғни қоздырғыш, эмоционалды, бірақта мәндік функцияны қалыптастырудан айырған мотивтер, дегенмен де оларға тұлғалық мән береді. А.Н.Леонтьев тұлғаның негізгі параметрлерін бөліп көрсетеді:

- адамның әлеммен (іс-әрекеті арқылы) байланыс кеңдігі;
- байланыстың иерархиялану дәрежесі (мәнді түрткілердің –мотивтердің иерархияға айналуы);
- осы байланыстардың жалпы құрылысы, нақтылай айтқанда мотивтің мақсаттары.

А.Н. Леонтьевтың тұлғаның қалыптасу жүйесі «тұлғаның мәнділігінің байланыс жүйесі» болып табылады.

Егер А.Н. Леонтьевтың тұжырымдамаларында негізгі орынды «тұлғаның мәнділігіне» аударса, Л.И. Божович тұлға құрылымының негізгі белгілерінің сапа жүйесі ретінде «тұлғаның ішкі ұстамы» алынады.

А.Н. Леонтьевтың тұлғалық тұжырымдамасы бойынша, басқа тұлға тұжырымдамаларынан айырмашылығы жоғарғы абстракциялық деңгейлермен салыстырады. Олардың айырмашылықтарына қарамастан жалпы ұқсас қасиеттері мен даму жолдарын көрсетеді. Тұжырымдама бойынша, «адам тұлғасы қоғамдық қатынастармен жасалады». Берілген анықтама қосымша «тұлға қоғамдық қатынастар жүйесінде қалыптасады да индивидтің заттық әрекетін қарастырады».

Сонымен, бірініші болып субъектінің әрекет санаты, яғни тек субъектінің іс-әрекетінен ғана тұлғаның алғашқы психологиялық талдауы болып, ал әрекетсіздік немесе қызметтің операциялары мен блоктары адамның тұлғасын емес әрекетін ғана көрсетеді.

А.Н. Леонтьев біріншіден, индивид пен тұлға ұғымының арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Егер – индивид генотиптік құрылымның ерекшелігіндегі жекеленген біртұтас бөлінбейтін қасиет деп түсінсек, ал тұлға - ол да біртұтас құрылым, бірақта көптеген заттық әрекеттердің нәтижесінде жасалынған қасиет болып табылады.

Сонымен әрекет туралы ереже тұлғаның психологиялық талдауын жасаудағыен бірінші маңызды теориялық постулат болып табылады.

Тағы бір маңызды постулат ол - А.Н. Леонтьевтың С.Л. Рубинштейннің «ішкі жағдайлар арқылы сыртқы жағдайға әсер ету» жөніндегі пайымдауына көзқарасы.

Енді А.Ф. Лазурскийдің тұлғалық тұжырымдамасына тоқталатын болсақ, оның пікірінше тұлғаның негізгі міндеті – ол қорашаған ортаға бейімделу, яғни табиғат, заттар, адамдар, олардың бір-бірімен қатынасы, идеялары, эстетикалық,

моральдық құндылықтары жатады. Тұлғаның қоршаған ортаға бейімделу дәрежесінің белсенділігі әр түрлі дәрежедегі психологиялық деңгейлермен көрсетіледі: төменгі, орта және жоғарғы дәрежедегі көрсеткіштер. Ал осы деңгейлер адамның психологиялық даму дәрежесін көрсетеді дей келе тұлға дегеніміз – екі психологиялық даму механизмінің бірігуі деген.

Біріншіден, эндопсихология – адам психологиясының ішкі механизмі, оның негізгі функцияларына зейінін аудару, есте сақтау, ойлар, ерік-жігердің күштілігі, эмоция, ақыл-ой дарындылығы және мінез-құлқының ерекшеліктері жатады. Бұл қасиеттер көбінесе адам бойына туа бітеді;

Екіншіден, тұлғаның негізгі қасиеті экзопсихологиялық жағдайлар құрайды. Оған сыртқы қоршаған ортаға деген көзқарастар жатады. Осы екі бөлім бір-бірімен тығыз байланысып және бір-біріне әсер етеді. Мысалы, жоғарғы дәрежедегі шығармашылық ойлауы дамуына көмектеседі, жоғарғы дәрежедегі сезімталдық пен сезім қозғыштығы - өнер саласының дамуына әсері бар.

Адам өмірлік даму барысында іс-әрекет субъектісі ретінде бірнеше кезеңдерден өтеді. Мамандыққа дейінгі даму:

1. Ойын алды кезеңі туғаннан 3-жасқа дейінгі аралықты алады;
2. Ойын кезеңі 3 жастан 8 жас аралығы;
3. Оқу іс-әрекетін меңгеру кезеңі 7-8 жастан 11-12 жас аралығы. Осы кезеңде балада өзіндік бақылау, өзіндік талдау, іс-әрекетті ырықты реттеу, өздігінен әрекет жасау қабілеттері дами бастайды.
4. Мамандық таңдау кезеңі: оптант деңгейі – саналы түрде өмірге, еңбекке, кәсіби өмірін бағдарлауға дайындық. Бұл кезең шамамен жеткіншектік және жасөспірім кезеңін қамтиды.
5. Кәсіби даярлық кезеңі әр түрлі жағдайларда 15-18 және 16-23 жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңді қысқаша адепт фазасы деп те атайды.
6. Адаптант кезеңі – жас маманның жұмысқа бейімделу кезеңі.
7. Интернал фазасы – тәжірибелі маман кезі.
8. Шебер, шеберлік фазасы – қызметкер қарапайым немесе күрделі кәсіби міндеттерді өзбетінше шеше алады.
9. Беделділік (авторитет) кезеңі - өз ісінің шебері, кәсіби шеңберде танымал маман.
10. Жетекшілік кезеңі – тәжірибесін таратушы, жас мамандарды үйретуші адам.

Жас адамдардың ЖОО таңдауы – бұл кәсіби өзіндік анықталу, белгілі бір өмір салтын мойындау, оның болашақ өмірін анықтаушы маңызды кезең.

Кәсіби өзіндік анықталу процесінде шартты түрде 3 компонентті бөліп көрсетеді: іс-әрекеттік, когнитивті, мотивациялық [2].

Іс-әрекет компоненті кәсіби жоспарлаудың қалыптасу деңгейімен; когнитивті – таңдалған мамандыққа қызығушылық және мамандық жайлы ақпараттану деңгейімен; мотивациялық-негізгі кәсіби өзіндік анықталу мотивтерімен анықталады.

Кәсіби жоспарлаудың қалыптасуы В.А. Матусевич және В.Л. Оссовский [3, б. 271] ұсынған үш типті бағдармен анықталады:



1. кәсіби іс-әрекетке еңбекті бөлудің жалғызілікті деңгейінде (мамандық бойынша) бағдарлану – нақты тип;
2. кәсіби іс-әрекетке мамандануды есепке алмай бағдарлану – аралық тип;
3. белгілі білікті туризмдық немесе ақыл-ой еңбегіне кәсіби іс-әрекеттің қандай да бір түрін және мамандықты көрсетусіз бағдарлану – абстрактілі тип.

И.А. Винтиннің жүргізген лонгитюдті зерттеулерінің нәтижесінде жоғарғы сынып оқушыларының 50 пайыздан көбі өмірлік жоспарын типін таңдаса, 24 пайыздан азы аралық өмірлік жоспар типін таңдаған. Бұл көрсеткіштер қазіргі жағдайда өзіндік анықталу процесінің ұзақ уақыттық болатынын көрсетеді.

И.А. Винтиннің зерттеу нәтижесінде қалаулы мамандықтар ретінде:

- заңгер - жоғарғы деңгейді;
- экономист – орта деңгейді;
- дәрігер – ортадан төмен деңгейді көрсеткен.

Зерттелгендерді жыныс бойынша жіктейтін болсақ, ұлдардың көбі транспортта, мемлекеттік қызметте, байланыс қызметтерінде, тәртіп сақтау бөлімдерінде, ал қыздар – мәдениет аймағында, денсаулық сақтау бөлімдерінде, саудада, білім беру, тұрмыстық қызмет көрсету салаларында жұмыс атқарғылары келетінін айтты. Жақын өмірлік жоспар құра отырып, түлектер сонымен бірге оқу орынын (мектептен кейін) да таңдайды. [4]

Сонымен қатар И.А. Винтин зерттеуінің көрсетуінше, зерттелгендердің көп бөлігі күндізгі бөлімдерде оқығылары келеді. Осы нәтижелерге ұқсас нәтижелер Г.А. Чередниченконың орта мектеп, арнайы-орта оқу мекемелері, кәсіби техникалық мектептерде және лицей түлектеріне салыстырмалы зерттеуі барысында алынды. Адамның болашақ мамандыққа қызығушылығы бірнеше элементтерден тұрады:

- 1) түлек үшін мамандықтың өзіне қызығушылық;
- 2) кәсіби мамандардан мамандық жайлы белгілі мәліметтер алу тілегі;
- 3) мамандыққа қызығушылық пайда болғандағы түлектердің пікірі [5].

Тұлға – бұл индивидтің, ең алдымен әлеуметтік контекстегі мінез-құлқының тұрақты жүйесі. Тұлғаның ортаңғы дінгегі басқа адамдардың бағасының негізінде және өзінің басқаларға берген бағасы арқылы құрылған өзіндік баға болып табылады. Мұнда ерекше орын тұлғаның идентификациясына беріледі. Мұндай бағытта тұлға индивидтің әлеуметтік мінез-құлық жүйесі ретінде көрінеді [6].

Сонымен, әлеуметтену ең алдымен тұлғаның үнемі өсіп, жетіліп отыруына жағдай жасайды. Егер индивид қажетті әлеуметтік рөлдерді, құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, мінез-құлық стереотиптерін табысты меңгерсе, әлеуметтенуді табысты деп айтуға болады. Бұл өте күрделі, қарама-қайшылықты, дағдарыстарға толы динамикалық процесс болып табылады. бір дағдарыстарды меңгеру табысты, екіншілері күрделі болып жатады [7]. Адам дамуын қарастыратын бірнеше теориялық бағыттар бар.

Большакова О.А. субъект болудың мәдениет, қоғам дамуына байланысты ерекше өлшемдерін бөліп көрсетеді. Субъект болудың бірінші мәнді өлшемі – нәрестенің 1-2 жасында сыртқа ортамен сенсорлы және практикалық байланыс

жасауының нәтижесінде өзіне аса мәнді деген адамдарды, заттарды, құбылыстарды т.с.с. сөздің қарапайым мағынасы арқылы бөле алуы. Одан кейінгі әлдеқайда маңызды болатын өлшем – 6-9 жас аралығындағы балалардың іс-әрекет пен қарым-қатынас негізінде ұғымдарды қарапайым формада жалпылау арқылы объектілерді бөлуі [8]. Осылайша А.В. Брушлинский әртүрлі белсенділік – іс-әрекет, таным, қарым-қатынас, бақылау т.с.с. барысында субъектілік дамудың онтогенетикалық түп-тамырын ашуды мақсат еткен. Сондай-ақ Е.А. Сергиенко субъект дамуының ерте кезеңнен басталатынын көрсетеді. .

Осы орайда Емельянов В.В.[9]тағы екі өлшемді бөліп сипаттайды. Сонда маңызды субъект өлшемі адамның өз қылықтарын ерікті, адамгершілік әрекеттер ретінде өзінің және қоғам алдында жауапкершілікті сезіне алуға, аңғаруға қабілеттілігі болып табылады.

Сонымен қатар, ғалым егер, адамның өз проблемаларының күрделілігі мен объектілігін саналы аңғара алып, оларды шешуге жауапкершілігі мен күш-жігері жететін болса, онда оны субъект деп қарастырады. Келесі өлшем ретінде адамның өзіне сырт көзбен қарауын қамтамасыз ететін және рефлексия дағдыларының жетілгендігі алынған. Мұнда рефлексияға қабілеттілік адамның субъектке айналу тегіршігі деп қарастырылады. Сонда субъект өзін-өзі тану, өз-өзін түсіну және рефлексия негізінде адамгершілік қағидаларына сәйкес әрекеттерді ерікті түрде таңдауға және жүзеге асыруға шешім қабылдай алады.

Сонымен, тұлғаның өзіне деген құнды және ортаға қатысты рухани-адамгершілік қатынастарын анықтайтын қасиеттер – белсенділік, дербестік, жауапкершілік және т.с.с. субъектілік ұстанымның құраушылары болып табылады. Осы қасиеттерге бағдарланып, тірек ету тұлғалық дамуға мүмкіндік береді. Мұның өзі оның өмірінде мамандықты дұрыс таңдауына, жоғары деңгейдегі кәсіби маман болуына, кәсіби іс-әрекеттегі ішкі және сыртқы оң мотивациялардың басымдылық жасауына жағдай жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Леонтьев Д.А. Ценность как междисциплинарное понятие: Опыт многомерной реконструкции // Современный социо-анализ. Сборник статей. М.: 1998.
2. Рогов М. Мотивация учебной и коммерческой деятельности студентов // Высшее образование в России. 1998. №4.
3. Матусевич В.А., Оссовский В.Л. Социальная среда и выбор профессии. Киев: Наук. Думка. 1982.
4. Винтин И.А. Особенности социального самоопределения старшеклассников // Социол. Исслед. 2004. №2.
5. Чередниченко Г.А. Личные планы выпускников средних учебных заведений и их реализация (сравнительный анализ) // Социол. Исслед. 2001. №12.
6. Панфилова А.О. Базовые ценности в контексте влияния социальной аномии // Социол. Исслед. 2004. №10.

7. Збровский Г.Е., Шукалина Е.А. Профессиональное образование и рынок труда // Социол. Исслед. 2003. №4.
8. Большакова О.А. Оплачиваемая работа в жизни студента // Социол. Исслед. 2005. №4.
9. Емельянов В.В. Студенты об адаптации к вузовской жизни // Социол. Исслед. 2011.

**Рахимбаева А. Н.**

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Нұрлыбек Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ, ШҚО бесқарағай ауданы  
Қарағайлы ауылы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТЫРУ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болу үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсетті. Қазіргі заманның осындай ерекше талабын орындау да өзінің өткір ой – өрісімен, шабытты шығармашылығы мен ордалы білім мекемесінің мақтауға да, мақтануға да лайық ұстаздар қауымы талмай еңбек ете бермек.

Бастауыш саты – оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығынан;

- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда алға қойылатын мақсаттар:

- түрлі жаңа әдістер арқылы ауызша тілдерін дамыту;
- оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыру;
- коммуниктивті қарым-қатынасын қалыптастыру;
- өз ойын жеткізіп, өзгенің ойын тыңдау дағдысын жетілдіру.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуы қажет.

Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Мен өз сабақтарымда алдымен топқа бөліп, ой қозғап, жаңа тақырыпқа қызықтырып бағыттаймын. Тақырыптың ең құнды мәселелерін анықтауға ұсынамын, салыстыруға, ойларын сыни тұрғыда ойлана отырып жазуды ұсынуға, қорытынды жасай алуға, сабаққа кері байланыс ұсынуға үйретемін. Ал, мұндай сабақта оқушы топта жұмыс жасауға бейімделеді, мәтінмен өздері танысады, менің пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдерім арқылы жаңа сабақты меңгереді, ой қорытып қағаз бетіне түсіреді, ой толғайды, диалогқа түседі, пікір алмасады, сыни ойланып сұрақтарға жауап береді. Яғни, сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни тұрғыда ойлауы қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып, өзіне анық мақсат пен міндет артады және өзіне деген сенімділігі пайда болады. Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды

сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2016.

**Р.Т. Садықова**

*Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.*

### **Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым**

Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Туған жері - бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы, қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы. 1882-1884 жылдары ауыл мектебінде оқыды. 1890 жылы Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген.

1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1909 жылы патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 жылы жер аударылды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Ахмет Байтұрсынұлы өз шығармашылығында ұлттың тағдырын, оның бостандық идеясын, қанаушылықтағы жағдайын шебер суреттеді. Екінші «Маса» жинағында жарық көрген мына өлең жолдарына назар аударсақ, Сахараның салқын көліне қонған қаздардың отаршылдық отқа оранғанын анық көреміз:

«Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,  
Сахара сазға қонып салқындаған  
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды денемізде шарпылмаған» [1, б. 41].

Ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы елінің болашағына, азаттығына бар ғұмырын арнаған. Осы жолда оның қасынан табылып, идеялас жолдасы, сенімді серігі болған – Міржақып Дулатұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының өмірлері өте ұқсас болды. Алғашқы білімдерін орыс мектебінен алып, ауыл мектептерінде оқытушылық қызметпен айналысты.

Ахмет пен Міржақыптың ұлы Абайдан алған тағылымы ақылы мен ойы бар жастарды оятты. Сол жастар тобы - Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Дөнентаев, Мұхаметжан Сералин, Спандияр Көбеев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің жанрлық түрлерін байытып, ел өмірінің шындығын нақты суреттеп көрсетіп берді.

Абай өлеңдерінің танымдық қасиеттерін Ахмет Байтұрсынұлы: «Не нәрсенің жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынады» [1, б. 217], - деп жазған.

Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстары: «өздерінің әдеби шығармаларының беттерінде демократиялық мәндегі ұлттық тең құқықтылық, халықтың мәдениетін көтеру, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты әлеуметтік-саяси мәні бар мәселелерді көтерді. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті» [2].

Ұлттық педагог кадрлардың жетіспеушілігіне, бастауыш қазақ мектептері мен оқу құралдарының жоқтығына қарамастан, бұл күрделі мәселелерді асқан қажырлылықпен шеше білді. Сонымен қатар жер-жерде қазақ газеттері мол баспаханалар ашу, оқулық кітаптарын бастырып шығару істері де қызу қолға алынды. Осы жылдары қазақ зиялыларының кітаптары «Орынбор», «Қазан», «Ташкент» баспаларынан жарық көре бастады.

Мысалы Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе», «Тіл жұмсар», Міржақып Дулатұлының «Оқу құралы», «Есеп құралы» еңбектері бірнеше қайтара өңделіп, басылып шықты. Жалпы жиыны 1928 жылға дейін Ахмет Байтұрсынұлының түрлі оқулық, оқу құралы, нұсқаулық сынды оқу-әдістемелік 48 еңбегі, Телжан Шонанұлының 32 оқулығы жарық көрді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда да Ахмет Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік

тапқанын айтады. Ахмет әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысқан.

Ахмет Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз. Сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, 15-17 ғасырлардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т.б. ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер бар.

Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы - көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Құр: Рымғали Нұрғали. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 386 б.
2. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақ тарихы. - 1998. - № 4.
3. Дулатұлы М. Оян, қазақ. Құр.: Жұмағали Ысмағұл. - Алматы: Рауан, 2008. - 193 б.
4. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Жауапты ред.: Тұрсын Жұртбай. - Алматы: Алаш, 2005. - Т. 1. - 352 б.

#### **Сагатбекова Ж. К., Баймағанбет Ж. К.**

«Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ-нің математика пәнінің мұғалімдері, Семей қаласы

#### **МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ**

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер білім беру жүйесіне де өзіндік әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Қазақстанда жүргізіліп жатқан білім реформалары әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағытталған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да айқын көрсетілген. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде

әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру.[1] Ұлттық жоспарда Қазақстан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері айқындалды. Осыған байланысты, міндетті пәндердің бірі ретінде математикалық сауаттылық енгізілді.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. Математикалық сауаттылық – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады.[2]

Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруда «Математикалық сауаттылық» таңдау курсының бағдарламасы құрастырылды. «Математикалық сауаттылық» таңдау курсы жоғары сынып оқушыларының математикалық білімдерін тереңдете отырып, оны өмірде қолдана білу, яғни функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған. Курс 68 сағаттан және қосымшалардан тұрады, жоғарғы сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейі ескерілген. 10-11 сынып оқушыларына ұсынылып отырған бағдарламада білім саласының жаңаша міндеттері айқын көрініс тауып, атап айтқанда, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытуға, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді



пайдалана білуін қамтамасыз етуге, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйретуге бағытталады.

Курста қарастырылатын сұрақтар негізгі курспен тығыз жанасады және оқушылардың танымдық белсенділігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталмыш таңдау курсы мектеп бағдарламасында көрсетілген маңызды математикалық білім мен дағдыларын жетілдіруге және дамытуға әсер етеді, математикадан мүмкіндіктерін бағалауға және болашақтағы оқу бейінін дұрыс сезініп таңдауға көмектеседі.

Сонымен қатар курс мазмұны әрбір оқушыға оқу-танымдық үдеріске белсенді түрде енуге, сын тұрғысынан ойлауға және функционалдық сауаттылықтарын нығайтып, өзін-өзі жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Курстың мақсаты: Оқушылардың математикалық сауаттылығын тереңдету негізінде танымдық-шығармашылық және функционалдық дағдыларын арттыра отырып, күзиреттілік деңгейлерін көтеру. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Білім алушының алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі қасиеттерін жетілдіру.

Курстың міндеттері:

- ✓ Оқушылардың математикалық іс-әрекетке қабілеттерін нығайту
- ✓ Есептер шығару арқылы оқушылардың өмірлік тәжірибелерін байыту
- ✓ Алған білімдерін өмірде тиімді пайдалану дағдыларын шыңдау
- ✓ Логикалық ойлау икемділіктерін дамыту

Оқушылар дайындығына қойылатын талаптар

- ✓ сандар мен оның цифрларының өзара байланысына берілген тапсырмаларды орындай білу;
- ✓ проценттерге байланысты берілген есептерді шығара білу;
- ✓ қозғалысқа байланысты есептердің шешімдерін таба білу;
- ✓ ықтималдық түрлері мен ықтималдықты табу тәсілдерін меңгеру;
- ✓ геометриялық фигуралармен байланысты есептерді орындай білу;
- ✓ қажеттілігіне қарай анықтамалық материалдарды және қарапайым есептеуіш құралдарды пайдаланып, формулалар бойынша тәжірибелік есептеулер жүргізуді білу және қолдану;
- ✓ геометриялық, физикалық, экономикалық және т.б. мазмұнды қолданбалы есептерді шешудің бірнеше жолдарын білу;
- ✓ диаграмма, графиктер, статистикалық сипаттағы ақпараттарды, сандық мәліметтерді танып, талдау жасай білу.

Курстың өзектілігі: «Математикалық сауаттылық» курсының оқушыларға математиканың әлемдегі ролін анықтау және оны түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдануда пайдасы зор.

Курстан күтілетін нәтиже:

- ✓ сандық теорияға байланысты берілген есептерді шығарудың жолын біледі және қолданады;
- ✓ шамалардың өзгеруін процентпен көрсетуге берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алу дағдысы жетіледі;
- ✓ математикалық білімдерін практикада қолдана білу белсенділіктері артады;
- ✓ логикалық тапсырмаларды орындау қабілеттері жетіледі;
- ✓ математикалық сауаттылыққа байланысты тест тапсырмаларын орындау дағдылары шыңдалады;

Оқыту әдістері: АКТ, –Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», –Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», –Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету»

Курстың практикалық маңызы:

1. Математикалық сауаттылыққа байланысты дайын сабақ жоспарлары мен қосымша тапсырмаларының білім сапасын арттыруда тиімділігі зор.

2. Пән мұғаліміне тәжірибе тарату және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Курстың құрылымы: Түсінік хат, бағдарламаның мазмұны, қорытынды және әдебиеттер тізімі, қосымшадан тұрады.

Оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі

Бағдарлама бойынша оқушылардың алған білімдерінің деңгейі бірнеше жолдармен анықталып отырады. Тақырыптық және бөлімдік тест тапсырмалары, жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізіліп, талдау жасалады. Оқушының математикалық сауаттылықты қандай дәрежеде меңгергеніне жеке жұмыстарының нәтижесі бойынша мониторинг жүргізіледі. Білім сапасын бақылау негізінде жартыжылдық және жылдық байқау сынақтары алынып, қорытынды жасалады.

Бағдарламаның мазмұны (68 сағат) I. Сандар теориясы (10 сағат)

Сандар мен оның цифрларының өзара байланысы. Санның соңғы цифрын анықтау.

Сандардың бөлінгіштік белгілері

Жай және құрама сандар. Санның бөліктеріне қатысты есептер.

Сан қатарларының заңдылығын анықтау

Иррационал сандар. Нақты сандар жиыны

Тест. Тест жұмысын талдау.

II. Проценттер (8 сағат)

Санның процентін табу. Процент бойынша санды табу.

Шамалардың өзгеруін процентпен көрсету.

Процентке байланысты қиындатылған есептер.

Тест. Тест жұмысын талдау.

III. Қозғалысқа байланысты есептер (6 сағат)

Түзу бойымен бірқалыпты қозғалысқа есептер.

Өзен ағысына байланысты есептер.

Тест. Тест жұмысын талдау.

IV. Әр түрлі қоспаларға арналған есептер (4 сағат)

Қоспаларға, қорытпаларға және ерітінділерге есептер

Химиялық концентрацияға байланысты мазмұнды есептер

V. Аралас есептер (13 сағат)

Теңдеулер немесе теңдеулер жүйелерін құруға берілген есептерді шешу

Тест. Тест жұмысын талдау.

Геометриялық фигуралармен байланысты есептерді шешу

Жаппай сатылым, тариф, айыппұл туралы есептерді шешу

Өнім, кіріс, шығысқа арналған есептер

Жұмысқа байланысты есептер. Бірлесіп істеген жұмысқа берілген есептер.

VI. Ықтималдық (8 сағат)

Ықтималдық түрлері. Ықтималдықты табу тәсілдері

Статистикалық мәліметтердің сандық сипаттамалары

Комбинаториканың негізгі элементтері

Тест. Тест жұмысын талдау.

VII. Логикалық есептер (19 сағат)

Салыстыруға берілген есептер. Таразымен өлшеу

Сюжетті логикалық есептер

Цифрмен берілген есептер. Оқулықтың беті қанша ?

Адамның жасын анықтауға табуға берілген есептер

Аптаның күндерін, жылдың айларын анықтауға берілген есептер

Аралас логикалық есептерді шешу

Аралас логикалық есептерді шешу

Аралас логикалық есептерді шешу

Тест. Тест жұмысын талдау.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.
2. Е.Н. Иманғалиев «Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдары» //Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2012. №9.
3. Ы. Мәуіт, Қ.Қабатұлы, Ә.Қайсаұлы, Ө.Қасыманұлы «Математикалық сауаттылық» II бөлім, Астана 2017.
4. Түсіпжан Қ. Математикалық сауаттылық .ҰБТ-ға дайындық материалы. Астана, 2017 ж.
5. Жолымбаев О.М., Берікханова Г.Е., «Элементарлық математика», 2010

6. Ә.Н.Шыныбеков, Алгебра 8 сынып, Алматы

**Сайферт А.Т.,**

7M01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Ақжалов Б.Т.**

п.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ КӨП БАЛАЛЫ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

Қазақстан Республикасында өркениетті елдер қатарына қосылу жолында саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен қатар, білім саласындағы басты мәселе – келер ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылығымен ұштасып жататын елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Осыған орай тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-аухатының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы қоғамның барлық саласында, соның ішінде білім беру саласы мен тәрбие жүйесінде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыруға жол ашты. [1]

Ұлттық мәдениет халықтың ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрпы, салт- дәстүрлері негізінде жетілгені айқын. Ғасырлар бойы електен елініп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халқымыздың мәдени салт-дәстүрлерін жан-жақты зерделеп, оның сан қырлы тәлім-тәжірибесін бұқараның жас буынын тәрбиелеуде кеңінен пайдаланудың уақыты жетті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі идеялары туралы «...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады», -деп көрсетілген.[2]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым және тәжірибе жетістіктерімен қатар ұлттық рух пен жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айқындалған. [3]

Қазақ баласының парасаттылық, имандылық, нәзіктік, ақылдылық, іскерлік, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығына аса құнды ұлттық мұралар арналған, Ибн Сина, Әл-Фараби, сонау түрік жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, Ержүрек қолбасшы Күлтегін, Білге қаған және түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес мұра қалдырған; Ж.Баласағұн, М.Х.Дулати, А.Жүгінеки, Қ.Жалайыри, М.Қашқари шығармаларының отбасы тәрбиесінде орны ерекше.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан Қайғы, Бұқар жырау, Жиренше шешен, Қазтуған, Сыпыра жырау, Шалкиіз сынды ұлы ойшылдар ұлт ұрпағын білімге, әдептілікке, тектілікке, елін, жерін сүюге, имандылыққа, намысқорлыққа баулыған тәлім-тәрбиелік идеялар иесі болған.

Ұрпақ тәрбиесіне оның ішінде отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген, қазақ халқын әлемге танытқан Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уалиханов; тәлімдік ой-пікірлерімен аса маңызды із қалдырған: Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев т.б.

Қазақ халқының өзіне тән отбасы тәрбиесінің қалыптасуында ертедегі түркі мәдениетінің орны ерекше екендігі белгілі. Осыған байланысты ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен отбасы тәрбиесінің мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану заман талабы деп қабылдай отырып, ертедегі қазақ отбасындағы тәрбиенің оның ішінде көпбалалы отбасындағы ұлттық қасиеттерді қалыптастыру туралы педагогикалық ой-пікірлердің өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі ұрпақ санасына жеткен әсерін және пікір сабақтастығын жан-жақты жүйелі зеттеу өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз.

Осы тұста ертедегі қазақ отбасы тәрбиесінің сипаты туралы сөз етуде біз бірқатар деректерге сүйендік (тарихи ғұламалар еңбектері, мұрағат материалдары, қолжазбалар, мамандар зерттеулері және т.б.). Арнайы ғылыми-педагогикалық еңбектерді зерделей келе отбасы тәрбиесінің жекелеген мәселелері Қазақстандық ғалымдардың жетекшілігімен ғылыми педагогикалық институттарда зеттеліп, бүгінгі бұл жұмыстардың ТМД және алыс шетелдердегі ғылыми-зерттеу институттарында да жалғасын табуда.[4]

Қазақ отбасында бала тәрбиесінің мазмұнын толтыруда отбасының тарихи тағдыры, отбасы жайы, неке жөніндегі философиялық тұрғыда жазылған еңбектерге С.А. Ақтаев, А.Ж. Жақыпова, Э.А. Масанов, Н.С. Сәрсенбаев, А.Т. Төлеубаев, Қ.Ш. Шүленбаев және т.б. зерттеулері мен монографиялары арналған. Бұл жұмыстарда қазақ отбасындағы бала тәрбиесін қалыптастыру барысы тарихи тереңнен алатындықтан, халықтың рухани құндылық мәдениеті мен ұлттық қасиеттерін салыстырмалы түрде талдауға мән бердік.[5]

Нақтылап айтқанда, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің және ағарту ісінің даму тарихын зерттеген ғалымдар Ж.Баймағанбетов, Қ.Бержанов, Ш.Беркімбаева, Қ.Ж.Жарықбаев, Ш.Жұматаева, Ж.Ибраимова, А.Ильясова, Н.Қошыбаева, А.Құдиярова, И.Мадин, Ж.Мақатова, Е.Омар, Қ.Сейталиев, А.Тұрсынова, Г.Уманов, Г.Харапченков және т.б. зерттеген. Сонымен қатар қазақ қыздарының тәрбиесі мен оларға білім беру мәселелерін тарихи-педагогикалық тұрғыдан қарастырып зерттеген ғалымдар А.Е.Дайрабаева, Ш.Жалғасова, К.Қ.Құнантаева, Ж.Сарыбекова және т.б. болды.

Қазақстанда халық педагогикасы негізінде отбасындағы тәрбиені ұйымдастыру мәселелерін Б.Р.Айтмамбетова, З.Әбілова, С.Қалиев, Қ.Ж.Қожахметова, Р.Төлеубекова, С.Ұзақбаева және т.б. ғылымдар зерттеген. [6]

Ғалым Х.Арғынбаев өзінің "Қазақ халқындағы семья және неке" (1937.), "Қазақ отбасы" (1996ж.) деген еңбектерінде қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгі жағдайын және оның дамуындағы ерекшеліктерін тарихи-

этнографиялық тұрғыдан шолу жасайды. Сондай-ақ, отбасындағы тәрбие мәселелері қазақтың тұңғыш журналист қызы Н.Құлжанова баланы мектеп жасына дейін тәрбиелеу саласында ата-аналарға арнап көптеген әдістемелік нұсқаулар мен ғылыми еңбектер ұсынған.

М.Жолдыбаева қазақ халқының сауатын ашуда мәдениеттілікті насихаттау, жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында жас мамандарға арналған ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық құралдар мен мақалалар жазған.

Қазақ зиялы қауымының айтулы өкілдері – Т.Жүргенов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Тәжібаев, Н.Төреқұлов, М.Шоқай, Т.Шонанұлы идеяларының педагогикалық-ағартушылық ой-пікірлерінің жас ұрпақты тәрбиелеудегі қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты ұлттық бейнесін, болмысын мәдени және ұлттық мұрасын, ұлт мәдениеттілігін қалыптастырудағы еңбектерінің маңызы зор деп айта аламыз.

Халық педагогикасы мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, «нақты өмірдің мәнін, оның даму заңдылықтарын танып білуге бағытталған өзіндік адам қызметі ретіндегі ғылым болмаған, дәлірек айтқанда, жаңа пайда болған кезде қарқындап дамыды, бірақ педагогика оны арнаулы сала ретінде ғылыми білімнен бөліп алған жоқ». Ол қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты проблемаларының бірі болып табылады. Халық педагогикасы идеяларын, аса бай тәжірибесін талай ұрпақ пайдаланып келеді.[7]

Тарихи педагогика проблемаларын тарихнамалық зерттеу өткендегі тәрбие, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тәжірибесіне зерттеу тарихи дамудың барлық кезеңдерінде жүріп жатқанын дәлелдейді. Түрлі кезеңдегі педагогтар мен ойшылдар ауызекі халық шығармашылығын және қазақ халық педагогикасы сынын алынатын үлгі-өнегені, халық даналығының көрнісі ретінде пайдалану жөнінде құнды идеяларды аз айтқан жоқ. Чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменский: «Бұрын әлдекім жасаған жалпыға ортақ және арнаулы, ескі және жаңа шолуларды пайдалану қажет»,— деген болатын. Оның пікірінше, адамзаттың ұзақ уақыт қалыптасқан өткен уақыт тәжірибесі «адамзат баласы бірлесіп иеленетін жалпыға бірдей даналық қазынасы» болып табылады. [8]

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаев Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі. Әл-ауқатының артуы. //Қазақстан – 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы, Алматы, 1997 жыл 10 желтоқсан – 41 бет.
2. Н.Ә.Назарбаев Ұлттық Кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасы. //Мәдени мұра 2003 26 бет.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы //Қазақстан Республикасы Парламент баспасынан, 1999 жыл.
4. Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы //Қ.Р.Парламенті баспасынан, 2000 ж.

5. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру – Алматы 1988ж
6. Бектенова М. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі балалық шақ мәселесі//Қаз.ҰУ хабаршысы Философ. Мәдениеттану, саясаттану сер. 2002 №2 – 106-109 б.
7. Жұмаханов Ә Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері- А 1985ж
8. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. Алматы, 1995

**Сайферт А.Т.**

7М01101 «Педагогика және психология»  
білім беру бағдарламасының магистранты,

**Акжалов Б.Т.**

п.ғ.к., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ГЕНЕЗИСІ**

Халық педагогикасы мыңдаған жылдар бұрын пайда болып, «нақты өмірдің мәнін, оның даму заңдылықтарын танып білуге бағытталған өзіндік адам қызметі ретіндегі ғылым болмаған, дәлірек айтқанда, жаңа пайда болған кезде қарқындап дамыды, бірақ педагогика оны арнаулы сала ретінде ғылыми білімнен бөліп алған жоқ». Ол қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты проблемаларының бірі болып табылады. Халық педагогикасы идеяларын, аса бай тәжірибесін талай ұрпақ пайдаланып келеді.[1]

Тарихи педагогика проблемаларын тарихнамалық зерттеу өткендегі тәрбие, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тәжірибесіне зерттеу тарихи дамудың барлық кезеңдерінде жүріп жатқанын дәлелдейді. Түрлі кезеңдегі педагогтар мен ойшылдар ауызекі халық шығармашылығын және қазақ халық педагогикасы сынын алынатын үлгі-өнегені, халық даналығының көрнісі ретінде пайдалану жөнінде құнды идеяларды аз айтқан жоқ. Чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменский: «Бұрын әлдекім жасаған жалпыға ортақ және арнаулы, ескі және жаңа шолуларды пайдалану қажет»,— деген болатын. Оның пікірінше, адамзаттың ұзақ уақыт қалыптасқан өткен уақыт тәжірибесі «адамзат баласы бірлесіп иеленетін жалпыға бірдей даналық қазынасы» болып табылады. [2]

Я. А. Коменскийдің идеяларын ағартушылар Жан Жак Руссо мен Иоганн Генрих Песталоцци де толығымен колдаған болатын. Руссо еңбектерінде өзіне тән тереңдікпен, көрегендікпен қазіргі өнердің халық бастаулары мен халық өмірінен қол үзіп қалғандығын ашып көрсетеді. Оның айтқандары кезінде, сөз жоқ, прогресшіл маңызға ие болса, ал жасанды мәдениетке қарсы күресі күні бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Песталоццидің «барлық мәселе туралы ежелгі өмірдің ұлы куәгері» — тілді үйрене отырып, балалар халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени құндылықтарын игереді деген сөздері де — көкейкесті мәселе. Оның үстіне ол ана тілді оқып-үйренуге өз талаптарын негіздеп қана

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

қоймайды, сонымен бірге оның әлеуметтік мәдени жалпы педагогикалық маңызын кеңінен ашып көрсетеді.[3]

Халықтық проблемаға орыс педагогикасының таңдаулы өкілдері (В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский, А. И. Герцен, К. Д. Ушинский және т.б.) қатты ден қойды. Олар тәрбие саласындағы халық күшіне сенді. Олардың бұл сенімі қоғамдық дамудың үздіксіз прогресі (өркениеті) туралы ұғымға ғана емес, сонымен бірге халық өмірін жетік білуге, халыққа деген ыстық сүйіспеншілікке негізделген еді.

Балалар кітаптарында халық өмірі, оның арман-тілегі мен үміті, ұмтылысы, қайғы-қуанышы неғұрлым кең, терең және әсем бейнеленген сайын, олар өз тәрбиелік рөлін соғұрлым жақсы атқарады.

Сөйтіп балалардың сезіміне неғұрлым күштірек әсер етуге тырысу керектігін, олардың ұлттық дәстүрімен таныс болуға ерте жастан баулудың маңыздылығын атап өткен. Бұл тұрғыда ол балаларға өткенді көбірек пайымдатуды, бірақ мұның бәрін өзіндік және ұлттық құбылыстар арқылы меңгеруді ұсынады. Оның сөздерінде терең ой-пікірлермен шындық жатыр. Бұл бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр.[4]

К.Д. Ушинский халықтық деп халықтың «менін» сақтауға және оны қоғамдық экономикалық өмірдің барлық салаларында дамытуға жәрдемдесуге ұмтылысын түсінді. «Халықтықсыз халық — заңды іріп-шіруі ғана қалған жансыз дене»—деді К.Д. Ушинский. Ол өзінің бүкіл теориясында халықтық принципті ұстана отырып, орыстың педагогикалық ғылымы өзіндік мазмұны жағынан өз бойына тәрбиенің сан ғасырлық практикасы тарихының таңдаулы тәжірибесін жинақтаған орыс халқының өмірлік мүдделерімен тұтаса тізілуі тиіс деген дұрыс қағиданы басшылыққа алды. «Біздің тәрбиені ойлап тапқымыз келетіні бос әурешілік»— деп жазды К. Д. Ушинский— тәрбие орыс халқында, халықтың өзі канша өмір сүрсе, тәрбие де сонша ғасыр өмір сүрді, онымен бірге өсті, өзінде оның бүкіл тарихын, оның бүкіл жақсы және жаман қасиеттерін бейнелеген. Бұл — бірін екіншісі ауыстыра отырып, Ресейдің жаңа ұрпағы өсіп шыққан топырақ.

К.Д. Ушинскийдің педагогикадағы халықтық принципі туралы пікірлері ол орыс педагогикалық ғылымын бөлектеді деген сөз емес, керісінше, оның айтқандарын толық дәрежеде әлемдегі әр халықтың педагогикалық біліміне жатқызуға болады.[5]

Бүгінгі таңда қазақ халық педагогикасы сыдағы тарихи зерттеулерде «халық педагогикасы» анықтамасына бірнеше көзқарас қалыптасқан. Атап айтқанда:

- «тәрбие жөніндегі халықтың білім тәрбиесі. Халық педагогикасы зерттеу негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады». (Қазақ Совет энциклопедиясы, 2 том, 591-бет).

- «халық қалаған жеке адам саналарын дамыту мақсатында еңбекшілер қолданған тәрбиелеу мен оқыту, педагогикалық дағдылар мен тәсілдер



мақсаттарының, міндеттерінің жиынтығы және өзара байланысы», ол «тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мәліметтер мен білімдер жиынтығы», ол ауызша тарайды және «өзіне бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу жөніндегі еңбекшілердің практикалық қызметін де қамтиды» (Волков Г.Н.).

- «кең мағынасында алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, әдет-ғұрыптарының, дәстүрлерінің жиынтығы. Оның нысанасы – тәрбие, ал тәрбие объектісі – жасымен жынысына қарамастан адам, жеке адам» (Гашимов А.Ш.)

- «балалардың және халықтың өзінің күнделікті өмірі үшін қажетті білімдерді меңгеруін қамтамасыз еткен және қамтамасыз етіп келе жатқан халық бұқарасы білімдерінің жиынтығы. Жинақталып, практикада тексерілген бұл

білімдердің жиыны халықтық педагогиканың мәнін кұрайды» (Афанасьев В. Ф.).

- «халықтық эмпирикалық білімдер саласы, оларда тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, еңбекшілердің кең бұқарасы қолданатын тәрбие мен оқытудың халықтық кұралдары, іскерліктері мен дағдылары көрініс табады» (Ханбиков Я.И.)

- «белгілі бір халық белгілі бір жерде қолданатын тәрбие тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырады және олар ең алдымен адамдардың тіршілік процесінде ие болған белгілі бір білім мен дағдылар ретінде меңгеріледі... қайсы бір идеологияның әлеуметтік тәжірибесін, мінез-құлық нормаларын, қоғамдық дәстүрлерді беруді көздейді... қалыптасқан дәстүрлерді баянды ете отырып, моральдық заңдар мен әдет-ғұрыптарда көрінеді. Адамзат баласының пайда болған кезінен өмір сүре отырып, ол өз бойына бала тәрбиесіне деген ғасырлық ғұрыптары мен талаптарын сіңірген...» (Филонов Г. Н.).

- «халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде көбіне ауызекі түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген,- жинақталған және практикада тексерілген эмпирикалық білімдердің, мәліметтердің, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығы...» (Измайлов А.)

- Қазақ халық педагогикасы сының теориялық негіздерін зерттеуші Е.Л.Христова қазақ халық педагогикасы сын – «халықтың ұлттық педагогикалық санасы» деп, ал «дәстүрлі педагогиканың ұлттық педагогиканың санасы» ретінде қарастырды.

- Зерттеуші педагог Г.С.Виноградов қазақ халық педагогикасы сын халықтың педагогикалық мәдениетінің кұрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны «жүйе» дегеннен гөрі, «біліммен дағдылар жиынтығы» деген пікірді кұптады. Виноградовтың пікірі бойынша, қазақ халық педагогикасы сын педагогикалық теория емес, педагогикалық практика, халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі ретінде қарастыру қажет.

- Педагогикалық сөздікте: «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық

үлгілерінің жиынтығы. Қазақ халық педагогикасы сының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру», - деген анықтама берілген.

Ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеліп, жазылған бұл тарихи деректер біздің қарастырып отырған мәселелерімізге тарихи-әлеуметтік тұрғыда кеңірек үңілуімізге мүмкіндік туғызады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бектенова М. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі балалық шақ мәселесі//Қаз.ҰУ хабаршысы Философ. Мәдениеттану, саясаттану сер. 2020 №2 – 106-109 б.
2. Жұмаханов Ә Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері- А 2015ж
3. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. Алматы, 1995
4. Айтманбетова Б. Бозжанова Қ., Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері – Алматы 2019 ж
5. Мектепте балаларды халық педагогика негізінде тәрбиелеу.// Сыныптағы тәрбие.-2013-№2-7б.

**Серікұлы Н.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, г. Семей

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**

В настоящее время существует две точки зрения на психологическое просвещение и его место в системе работы практического психолога: ряд авторов выделяет психологическое просвещение как отдельный вид работы, другие рассматривают психологическое просвещение как составную часть психопрофилактической работы практического психолога [1].

Психологическое просвещение выполняет следующие четыре задачи:

- 1) формирование научных установок и представлений о психологической науке и практической психологии в частности (психологизация социума);
- 2) информирование педагогов по вопросам психологического знания;
- 3) формирование устойчивой потребности в применении и использовании психологических знаний в целях эффективной социализации подрастающего поколения и в целях собственного развития;
- 4) профилактика дидактогений (ятрогений). Содержание психологического просвещения определяется исходя из специфики, вида и профиля учреждения, уровня общей и психологической культуры

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

информируемого субъекта (отдельный человек, группа, коллектив, массовая аудитория) и социальной ситуации.

Проведение на протяжении учебного года систематической работы с педагогическим коллективом по психологическому просвещению позволяет:

1. отработать содержание и методы психологического сопровождения развития детей, родителей и педагогов ДО;
2. овладеть проектной деятельностью по моделированию и корректированию процесса комплексного сопровождения развития ребенка;
3. отработать приемы, направленные на сплочение педагогического коллектива, и сформировать у воспитателей личностные установки, связанные с совместным решением проблемных ситуаций при их обсуждении с родителями детей и специалистами ДО.

Формы работы по психологическому просвещению разнообразны: это лекции и беседы, проводящиеся на методических совещаниях, групповые и индивидуальные консультации, наглядная агитация, подготовка памяток, подбор и распространение психологической и психолого-педагогической литературы, организация деловых игр, семинаров-практикумов, «круглых столов», дискуссий, курсов повышения квалификации и др.

При анализе различной методической и психологической литературы мы выделили основные методы и формы работы психолога в дошкольной организации по вопросам формирования профессиональной компетентности.

«Мозговой штурм» можно использовать в различных формах работы с взрослой аудиторией. Этот метод дает педагогам возможность быть активными участниками и генерировать множество идей и предложений за короткий промежуток времени. Это также один из приемов, способствующий развитию практических навыков, творчества, выработке правильной точки зрения на определенные вопросы педагогической теории и практики. Этот прием удобно использовать при обсуждении методики прохождения какой-либо темы, для принятия решений по определенной проблеме.

Руководитель должен хорошо продумать вопросы, чтобы ответы были краткими, лаконичными. Предпочтение отдается ответам-фантазиям, ответам-озарениям.

Чтобы не упустить важные идеи, нужно записывать все возникающие предложения, не оценивая их, поскольку критика препятствует процессу творческого мышления. При окончательном разборе, который состоится позже, идеи пересматривают и из них выбирают лучшие. Продолжительность «мозгового штурма» 15-30 минут.

Столы желательно поставить так, чтобы выделились 2-3 команды педагогов. В каждой команде выбирается капитан, который будет оглашать правильный ответ. Каждой команде могут раздаться карточки, в которых будут одинаковые вопросы и педагогические ситуации. Дается время для подготовки. Команды отвечают на одни и те же вопросы и решают одни и те же ситуации [2].

В ходе работы одна команда дает ответ, другая дополняет его и наоборот. Победителем считается та команда, которая дала наиболее исчерпывающие ответы и сделала наибольшее число существенных дополнений к ответам коллег.

Известно несколько других методик проведения мозговой атаки.

Брейнсторминг. Члены коллектива, например, озадачены поисками путей решения какой-либо проблемы. Все педагоги делятся на две группы по 7—9 человек.

Первая группа — «генераторы идей» — должны в течение короткого времени предложить как можно больше вариантов решений обсуждаемой проблемы. При этом они не имеют права обсуждать эти варианты, отмечая или соглашаясь с ними. В группе выбирается один человек, которому поручается фиксировать все возникающие идеи.

Вторая группа — «аналитики» — получают от первой группы списки вариантов и, не добавляя ничего нового, рассматривают каждое предложение, выбирая наиболее разумное и подходящее. Выбранные предложения группируются и объявляются.

Проведя первый круг мозговой атаки, группы меняются своими функциями и проводят второй круг. Задача старшего воспитателя во время проведения мозговой атаки — кратко изложить суть проблемы и правила (условия) ее проведения. Запрещается всякая критика поступивших предложений. Предпочтение отдается количеству, а не качеству идей, поощряется комбинирование, перенос уже высказанных идей. Предложения должны поступать безостановочно. Если наступает заминка, старший воспитатель высказывает сам любое, даже самое фантастическое предложение. Обязательно фиксируются все варианты. Возможно использование магнитофона, диктофона и других технических средств [3].

Мозговая атака — Д. Филиппа. Все участники делятся на группы по шесть человек и в течение шести минут проводят мозговую атаку. После этого все наиболее интересные идеи передаются другим группам для фантазирования и генерирования идей ассоциацией. Эти вторичные идеи и составляют основу для решения содержательных проблем.

Двойное кольцо Сократа. Этот вариант подходит коллективам, в которых 15 и более человек. Участники делятся на две группы-круга: внутренний и внешний. В центре стоят семь стульев, шесть из них занимают участники, а седьмой всегда свободен. Во внешнем круге существует запрет на разговоры — здесь можно только писать. Говорить и обсуждать тему могут только те, кто находится во внутреннем круге. Если у кого-то из внешнего круга возникает желание что-то сказать, он занимает свободный стул, и тогда кто-то из внутреннего круга должен уйти, освободив седьмой стул.

«Совет пиратов». Эту игру лучше проводить в маленьких коллективах (6—10 человек). Все, кроме эксперта (старшего воспитателя), рассаживаются в круг, распределяют роль — от юнги до капитана потерпевшего крушение пиратского брига. Обсуждение темы идет, начиная с младшего по статусу к

старшему. Каждый должен высказать новую идею. Тот, кто не сможет сформулировать ее, того «съедают» голодные пираты, т.е. он выбывает из игры. Проводится несколько кругов до тех пор, пока не останется самый плодовитый «пират».

Во время «Мозгового штурма» создается обстановка, способствующая непринужденному обмену мнениями и творческому сотрудничеству участников. Любая форма общения с педагогами должна предполагать эмоциональность, лаконичность сообщений и в то же время насыщенность необходимой информацией, подтвержденной примерами из практики и педагогического опыта.

В настоящее время «деловые игры» также нашли широкое применение в методической работе, в курсовой системе повышения квалификации, в тех формах работы с кадрами, где цель не может быть достигнута более простыми, привычными способами. Неоднократно отмечалось, что деловая игра является сильным инструментом формирования личности профессионала, она помогает наиболее активизировать участников для достижения цели.

Сущность деловых игр в том, что они имеют черты как учения, так и труда. При этом обучение и труд приобретают совместный, коллективный характер и способствуют формированию профессионального творческого мышления.

В работе с педагогами дошкольной организации можно использовать элементы деловой игры – метод игрового моделирования.

Отличие деловой игры от метода игрового моделирования заключается в следующем: последний представляет собой форму активизации педагогов при проведении любой методической или психологической работы; первая является самостоятельной. Неоднократно отмечалось, что применение деловых игр имеет большое положительное значение. Оно помогает максимально активизировать участников для достижения поставленной цели.

Деловые игры связаны с решением педагогических задач, содержащих описание конкретных ситуаций, требуют от участников принятия определенной роли и выбора способа взаимодействия.

Приступая к разработке модели деловой игры, необходимо четко сформулировать цели: закрепить полученных знаний, выработка необходимых навыков, изучение опыта, формирование творческого мышления, обучении культуре взаимоотношений, совершенствование навыков принятия коллективных решений. Формулируя общие цели, мы предоставляем возможность каждому участнику найти средства достижения собственных целей.

В каждой игре выделяются свои роли и определяется необходимое количество игроков. Замечено, что оптимальное число всех участников – 30 человек, в группе – 5-6 человек. Роли могут быть профессиональными и межличностными, исполнение которых способствует созданию проблемных ситуаций.

Хорошая деловая игра отличается самообучением и самоорганизацией — признаками саморегулирования, в ней нет никакого навязывания извне. В игре воспроизводится не материально-техническая, а информационно-процедурная сторона реального процесса хозяйствования. Так характеризуют хорошую деловую игру М.М. Бирштейн и Я.М. Бельчиков.

Авторы настаивают на том, что последовательность действий участников деловой игры должна задаваться так, чтобы у каждого игрока была возможность «свободного» творчества, т.е. должен задаваться не готовый полный список возможных решений (для выбора одного из множества), а лишь их область. Если в основу деловой игры заранее заложены готовые решения, то «перед нами сухая схема аналитического или имитационного характера, лишенная игровой творческой деятельности. Именно непредсказуемость деловой игры делает ее специфической формой познавательной деятельности».

### **Список литературы:**

1. Панько Е.А. Изучение деятельности педагога дошкольного учреждения. Метод. рекомендации. Мн., 1986.-182 с.
2. Ольшанская Н.А. Техника пед.общения: Практикум для учителей и Кл. руководителей.- Волгоград: Учитель, 2005.-74 с.
3. Григорьева Т.Г., Линская Л.В., Усольцева Т.П. Основы конструктивного общения. Методическое пособие для преподавателей.- Новосибирск: Изд-во Новосиб. Ун-та; М.: Совершенство, 1997.-171 с.

**Серікбай А.Ә.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрантка 2 курса МПП-222

## **ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ ПЕДАГОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Адаптация к профессионально-педагогической деятельности является разновидностью профессиональной адаптации, последняя в свою очередь относится к социальной адаптации.

Если адаптация рассматривается в связи с вхождением личности в различные профессиональные роли, то говорят о профессиональной адаптации [1]. Профессиональная адаптация связана с установлением оптимального соответствия между личностью и требованиями конкретной профессиональной деятельности. Это условие достигается при соблюдении условия создания для обучающегося «зоны неопределенности деятельности», то есть, когда цель деятельности заключается в реализации более широких задач, выход за рамки накопления знаний и переход на уровень «добывания» знаний. Это условие может соблюдаться, если деятельность приобретает личностный смысл, формирует ценность «Я» в деятельности, тогда возникает возможность не толь-

ко эту деятельность эффективно инициировать, но и брать за нее ответственность. «Я» становлюсь ценным для «себя самого» выполняя эту деятельность, и я беру за нее ответственность, ориентируясь на ценности «Других».

Социально-психологическая и профессиональная адаптация взаимосвязаны. Профессиональная деятельность — явление социального характера. Несомненно, профессиональная адаптация связана с психологической, так как личность, адаптирующаяся к производству (в нашем случае - к школе), усваивает общественные нормы и ценности данной профессии, формирует свой социально-профессиональный статус. В.А. Сластенин рассматривает процесс овладения специалистом своей профессиональной роли как процесс, включающий в себя несколько этапов:

- этап формирования представления о профессиональной роли до начала трудовой деятельности;
- этап освоения профессиональной ролевой позиции в процессе труда;
- этап формирования ролевого статуса и реализации ролевой позиции в деятельности трудового коллектива [1].

Е. К. Завьялова и С. Т. Посохова различают индивидуальные стратегии адаптации в связи с поисковой активностью, направляемой человеком на совершенствование системы взаимодействия с окружающей средой и самим собой. Пассивная стратегия наиболее характерна для людей, находящихся в состоянии социального или эмоционального шока, и проявляется в стремлении человека сохранить себя, прежде всего как биологическую единицу, оставить неизменным прошлый образ жизни, использовать отлаженные и ранее эффективные стереотипы взаимодействия с окружением и самим собой. Ядром пассивной стратегии адаптации являются негативные эмоциональные переживания: тревога, фрустрация, ощущение утраты, непреодолимости преград; прошлое кажется прекрасным независимо от реальности, настоящее воспринимается драматично, помощь ожидается извне; учащаются агрессивные реакции по отношению к окружающим и к себе; человек боится взять на себя ответственность за принятие рискованных решений. Пассивная стратегия адаптации обуславливается рядом личностных свойств и, в свою очередь, формирует определенный тип личности, доминирующее положение в структуре которой занимают сверхосторожность, педантичность, ригидность, предпочтение регламентации всякой творческой активности и свободе решений, ориентация на принятие коллективно выработанного решения, тяга к обезличиванию, безоговорочному принятию социальных норм, ответственное выполнение привычных обязанностей [2].

В случае возникновения новых форм взаимодействия человека с природой, обществом, самим собой реализуется активная стратегия адаптации — стратегия, центрированная на совершаемых самим человеком внутриличностных и внешних социальных перестройках, на изменении прежнего образа жизни, на преодолении трудностей и разрушении неудовлетворяющих отношений; при этом человек ориентируется на

собственные внутренние резервы, готов и способен отвечать за свои действия и решения. В основе активной стратегии адаптации лежат реалистическое отношение к жизни, способность видеть не только негативные, но и позитивные стороны действительности; человек воспринимает преграды как преодолимые. Его поведению и деятельности свойственны целенаправленность и организованность; активное, преодолевающее поведение сопровождается преимущественно позитивными эмоциональными переживаниями.

В то же время профессиональная и социально-психологическая адаптация не тождественны. По своему содержанию и форме, процесс профессиональной адаптации - это процесс вхождения специалиста, в том числе и будущего, в профессиональную деятельность.

Личность нельзя «приспосабливать», можно только создавать условия для ее адаптации в нужном направлении. Сам же процесс адаптации оказывается устойчивым и эффективным лишь на основе осознанного и целенаправленного ее преобразования, в ходе которого происходит овладение личностью новыми или изменившимися общественными отношениями, интериоризация их в собственную структуру личности, в систему потребности, интересов, мотивов, качеств [3].

Исследователи выделяют виды социальной адаптации в зависимости от включения личности в новые формы деятельности или отношения, то есть по видам адаптивной среды: учебная, профессиональная, социально-психологическая, нравственная и т.д.

Среди всех перечисленных видов социальной адаптации в зависимости от типа деятельности или отношений важнейшей является профессиональная адаптация. Это обусловлено ведущей ролью трудовой деятельности в жизни человека. Являясь основой производственной адаптации человека, профессиональная адаптация доминирует среди других видов адаптации личности, будучи непосредственно связана с каждой из них.

Наряду с педагогическим, можно выделить психологический аспект профессиональной адаптации, видя в нем приведение в соответствие качеств личности, интересов, склонностей, знаний, умений, навыков, полученных на предыдущих этапах обучения, требованиям соответствующей профессии, условиям профессиональной среды. Выделение педагогического и психологического аспектов профессиональной адаптации позволяет полнее представить этот процесс, наметить пути психолого-педагогического разрешения проблемы. Процесс профессиональной адаптации детерминирован постоянными изменениями среды адаптации. Подвижность среды требует большой мобильности от человека, следовательно, в адаптации должно присутствовать творческое начало. Способность личности предвосхищать изменения в обществе базируется на функциональных системах, действующих с множеством факторов, в том числе способности конструировать социальное окружение на основе множества независимых (различающихся) и в то же время интегрированных переменных, идентификации личности с некоторой позитивно оцениваемой им экстраиндивидуальной системой, умении использовать знание культурно-исторических



закономерностей развития общества для прогноза социальной жизни и социальных перемен. Поскольку социальная антиципация обеспечивается не только информационными, но и психологическими условиями, информационная блокада или искажение информации оказывают влияние на адаптацию к социальным изменениям подобно психологическим факторам, вызывая изменение активности и рост психоэмоционального напряжения, неконструктивных реакций приспособления и невротических состояний. По теории Н. Винера, недостаток информации затрудняет предвосхищение изменений, к которым будет необходимо адаптироваться личности, вызывает торможение процесса адаптации.

Таким образом, мы понимаем профессиональную адаптацию как процесс вхождения личности в условия, содержание и требования профессиональной деятельности. Сущность профессиональной адаптации - взаимодействие и согласование интересов личности и требований, предъявляемых к личности, конкретной профессией.

Механизм профессиональной адаптации представляет собой взаимодействие среды адаптации (вид и содержание профессиональной деятельности и профессионального общения) и адаптанта. Характеристикой адаптивной ситуации является новизна содержания и виды деятельности, а также связанное с ними профессиональное общение [4].

Проблема профессиональной адаптации преподавателей рассмотрена в работах ряда авторов: С.Г. Вершловского, Г.С. Сухотской, Г.А. Ягодиной и др., где выделены следующие условия данного процесса:

- 1) развитие позитивного отношения к профессии преподавателя;
- 2) совершенствование профессиональных знаний;
- 3) обучение основам педагогической технологии и техники;
- 4) формирование профессионально значимых черт личности педагога.

В.А. Слостенин считает, что для успешной адаптации преподавателя необходимо, чтобы он овладел различными видами профессиональных умений, имел педагогические способности, стремился к педагогическому мастерству.

Проведенный анализ исследований показывает:

- проблеме адаптации преподавателей к профессионально-педагогической деятельности всегда уделялось внимание;
- адаптацию преподавателей связывали как с внешними условиями, так и с внутренними.

Специфика педагогического труда заключается в том, что основным «орудием труда» преподавателя является его собственная личность, профессиональная зрелость которой позволяет находить оптимальные решения в постоянно меняющейся «производственной» ситуации и, которая, в конечном счете, определяет результаты всей практической деятельности учителя.

Проблема профессиональной адаптации преподавателя педагогическую науку волнует давно. Выдающийся ученый, теоретик в области педагогики, Я.А. Коменский овладение педагогическим мастерством (в нашей терминологии)

гии - вхождение в профессионально-педагогическую деятельность) связывал со знанием преподаваемого предмета, состояния детей, с соблюдением принципов и правил обучения.

Как показывает анализ исследований и наши изыскания, отношения «учитель - учащиеся» выступают в качестве исходного отношения в деятельности учителя. Именно в системе отношений учитель - ученик формируется, проявляется и утверждается индивидуальный стиль педагогической деятельности в целом и стиль педагогического общения, в частности. Для практической деятельности педагога отношение «учитель — ученик» является ведущим. Оно «цементирует» и объединяет все другие типы отношений, в которые вступает учитель,

С.Г. Вершловский адаптацию личности к профессионально-педагогической деятельности связывает с интенсивностью контактов и общения, умением установить отношения сотрудничества со школьниками. По его мнению, трудности в адаптации связаны со слабым развитием способности к сопереживанию, сочувствию и эмоциональной отзывчивости, т.е. в слабо развитой способности к эмпатии. В исследовании К.Г. Фроловой выделены две группы причин, мешающих адаптации преподавателей к профессионально-педагогической деятельности: организационно-педагогические и процессуально-педагогические. К процессуально-педагогическим причинам, затрудняющим процесс адаптации преподавателей, можно отнести следующие[5]:

- неразвитость умений общаться, вступать в контакт не только с учащимися, но и с родителями учеников, коллегами, администрацией;
- слабую подготовленность преподавателей к изучению личности учащихся, проектированию ее развития;
- недостаточную развитость умений индивидуально-дифференцированного подхода к учащимся в учебно-воспитательном процессе.

Итак, мы можем заключить следующее, социальная среда в такой же мере влияет на адаптацию личности специалиста, в какой мере личность специалиста влияет на эту среду. Приобретение стереотипов отношений постепенно включается в структуру личности, т.е. происходит ее адаптация к конкретной профессиональной деятельности. Взаимосвязь социально-психологической и профессиональной адаптации состоит в постоянном улучшении отношений между участниками производственного процесса (в нашем случае педагогического), в постоянном совершенствовании различных видов профессиональной деятельности; в позитивном изменении личности специалиста, как в нравственном, так и профессиональном отношении, в формировании профессиональной позиции, обусловленной требованиями времени к специалистам данной профессии.

### Список использованной литературы:

1. Кузнецов П.В. Адаптация как функция развития личности.— Саратов, 2011.- 75 с.
2. Землянская Е.Н. Мир труда и профессий. – М., 2000.
3. Климов Е.А Психология профессионального самоопределения.- М.,2016.
4. Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. - Новосибирск, 2011.
5. Ларионова С. А. Социально-психологическая адаптация личности: теоретическая модель и диагностика: монография/ С. А. Ларионова. - Белгород, 2002. – 200 с.

### Сеитжапарова Ж.А.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## СӘЖЕН ЖҮНІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

С.Жүнісовтің прозалық шығармаларындағы халықтық ұғымдар, ұлттық нышан-болмыстарды білдіретін сөздер, халық тіршілігіндегі танымдық мақсаттағы лингвомәдени бірліктер қолданыстарының қызметі ерекше.

С.Жүнісов шығармасында тілді тарихи дәуірге сай сөйлету ерекшелігімен бірге, сол кезеңдегі ұлттың байырғы дүниетанымын көрсете алған. Себебі кез келген ұлт тілінде сол ұлттың тілінде ғана мағынасы жан-жақты, табиғи түрде өз деңгейінде көріне алатын сөздер кездеседі. Мұндай сөздерді С.Жүнісовтің көптеп қолдануы жазушы шығармаларының қазақи дүниетанымдық көрінісін байқатады.

Жазушы прозалық шығармасының қайсысында болмасын кейіпкерлер мінезін қазақ ұлтына ғана тән ұғымдармен ашады: Қашанда ұрыс шығарып, үй ішіндегі адамдарды **қуырдақша қуырар** алдында, Қарасай осылайша белгілі нәрсені түсінбегендей жорта қазбалап сұрап, соқтығуға қара іздейтін («Жапандағы жалғыз үй» ром. 33-б.). Сөйлемдегі қуырдақ сөзінің ұлттық тағам ретіндегі мағыналық табиғаты тек қазақ тілінде ғана толыққанды түрде түсінікті болады. Бірақ сөйлемде бұл сөз тура мағынасында емес, апшысын алу, берекесін кетіру ауыспалы мағынасында жұмсалып, қуырдақ сөзіне -ша жұрнағының жалғануы арқылы қуырдақша қуыру тұрақты теңеуін жасап тұр.

- Осы сенің мінезің-ақ, жоқ нәрсеге кілт ете қаласың. **Кідісің**, - деді Атымтай.

- Сенің де мінезің оңып тұрған шығар. Жығылып жатып, сүрінгенге күлесің-ау. Жарайды, қанмен кірген мінезді екеуміз енді түзей алмаспыз. Мінезсіз адам болмайды. Мен **кіді** емеспін. Дұрыс таба алмадың. Мен – **шамшылмын**. ...Сен менен ойындағыны бүгіп, әлденені жасырғаныңды сезсем-ақ, шамдана кететінім содан («Заманай мен Аманай» пов. 321-б.).

Кіді – сәл нәрсеге секем алғыш, кілт етпе, шамшыл – 1. шамқой, шамкес, шамданғыш. 2. Ауысп. Қисық, қыңыр, қырсық, ызақор [1, 436 б.].

Қазақтың кең сахарасындай **мінезі кең**, жерін жыртып, кейін қазбасаң біле бермейтін, бар алтынын ішке сақтайтын, ғажайып бай жердей, **мақтаншақтығы жоқ тұйық**, самал желіндей, баяу тербелген көліндей **жуас**, бұлтсыз мөлдіреген кіршіксіз аспанындай **жүрегі таза, ақ кӨңіл** («Жапандағы жалғыз үй» ром. 230-б.).

Кейіпкер мінезін қазақ елінің жерімен, байлығымен, табиғатымен теңестіру арқылы жазушы оның қазақи ұлттық мінезін бейнелеп тұр.

Сәкен Жүнісов кейіпкерлерінің іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы қазақтың ұлттық менталитетін шебер берген. Мал өсіруші халықтардың бірі – қазақтар. Көшпелі халықтың менталитеті басқа отырықшы елдерге қарағанда кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленген. Ол ерекшеліктер, біріншіден, ұдайы мал бағып, соның соңында көшіп-қонып жүруі. Ол үшін көбінесе ең дала, жазық жайлаулардың, тіпті шөлді жерлердің қажеттілігі еді. Екіншіден, көшпелі халықтың бүкіл өмір сүру тәсілі, әдет-ғұрпының сол көшпелі тұрмысқа бейімделуі, көшпелі мал өсіруші елдің бүкіл тұрмысы, тұрған үйі, киген киімі, ішкен тамағы, бәрі сол жағдайға сәйкестендірілгені. Үшіншіден, көшпелілердің бір жерге шоғырланбай, мал бағу жағдайына сәйкес ауыл-ауыл болып, бірінен-бірі алшақ тұруы. Сонау скиф, сақ дәуірінен бастап қазақ халқы малды ең далада, шөлді жерлерде баққан. Сондықтан олар сол қыстың боранына, жаздың аптап ыстығына төзімді, еті дәмді қой, жылқы, түйе малын ұстаған. Мал өнімі ішсең – сусын, жесең – азық, кесең – киім, тұрсаң – үй, ал тауар айырбасында – ақша ретінде пайдаланылған.

Осыған дәлел ретінде талданып отырған көркем шығармадан мысал келтірейік:

...Қарасай саусағына түкіріп, сан қолдан өтіп ескі шүберекше босаған бір топ ақшаны майыстырып, асықпай санады. Ең соңғысын қайырғанда бетіне қан теуіп, қалы жыбыр етті. Тағы санады.

- Базарда ет арзан екен. Ыстықта саситын болған соң, арзанға бердім.

- Не дейтАқ адал малдың етін арзан бердім дегенше, менің етімді арзанға бердім десейші. Енді сен қалып ең бұл үйде менің етімді жемеген. Шық үйден. Шық деген соң шық! Батыр қараңды («Жапандағы жалғыз үй» ром. 125-б.).

Жазушы кейіпкеріне «менің етімді арзанға бердім десейші» деген сияқты сөйлемдерді айтқыза отырып, оның сараңдығын көрсетумен қатар, сөз астарында қазақ халқына тән ұлттық болмыс малжандылықты байқатып тұр. Қазақ халқында «сабыр түбі – сары алтын» деген мақал бар. Сабырлылықты даналық белгісі, сабырсыздықты қазақ арсыздық деп білген. Сабырлылық таныту үшін ақыл, ес, мінез керек. Бойдағы сабырлылық ойыңа тұрақтылық, ісіңе береке, бойыңа қайрат әкеледі деп түсінген жазушы «Жапандағы жалғыз үй» романында кейіпкеріне мынандай мінездеме береді:

Сырт қарағанда Жәміш **ашуының алды бар, арты жоқ**, әшейін бір парықсыз жан секілді. Қарасаймен қазір сөзге келіп қалса, енді бір айналғанша соның бәрін ұмытып, соның **қасы мен қабағына қарап жүргені**. Ал, шындап

келгенде ол мүлдем басқаша: Жәміш ұзақ жыл отасқан Қарасайдың бар мінезін, бар қасиетін бес саусақтай біледі. Оның талайға жасаған зәбіріне де, жұртқа деген арам пиғылына да кәнігі. Әйтсе де соның бәрін **сыртқа шығармай, ішке түйеді**. «Маңдайға жазған, құдай қосқан қосағым, енді қартайғанда одан кетіп қайда барам» деп, бірнеше баланың анасы болған әйел, ендігі жерде **от басы, ошақ қасының бүтіндігін ойлайды**. Қарасайдың **бар қылығын кешіретіні** де осыдан («Жапандағы жалғыз үй» ром. 126-б.).

Асты сызылып көрсетілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы автор кейіпкер мінезін береді. Қаламгердің ашуының алды бар, арты жоқ; қасы мен қабағына қарау (райына қарады, көңілін аулады); сыртқа шығармай, ішке түйу (сыр бермей іште сақтау); от басы, ошақ қасының бүтіндігін ойлау (үй-іші, бала-шағасын ойлау) сияқты фразеологизмдерді қолдануын шаңырақ ұйытқысы қазақ әйелінің қасиетін көрсетуі деп түсіну керек.

Қазақ қонақшыл, қонақжай халық, бұл оның ұлттық мінезіндегі басты көрсеткіші. Көшпелі қазақ қонақжайлылықтан этикалық, эстетикалық, қала берді даналық тағылым іздеген.

– Жо-жоқ, енді ешқайда бармайсың, Файзолла үйі ешқайда қашпайды. Біздің үйге келген қонақ ешқайда баспайды, қазір Әлекең **жалғыз тоқтысын сойып тастайды**.

Әдейі күтініп, дайын тұрғандай. Біреу лезде майшам алып шықты. Даурыға, еліре сөйлейтін Әлтай қарт Ақандарды үйге бастап кіргенде, қораға бас сұға бере бір-біріне үйлеспейтін балықтың шырыны мен қымыз исі мұңк ете қалды.

– Ал, Ақанжан, қымыз іше отыр, мына бауырсақ пен майды қарбытыңқырап жеп алыңдар, жолда ашыққан шығарсыңдар. Оу, бірақ ет жей алмай қаларсыңдар. Ет демекші, әй, әй, мұндар, мал қайда, мал, – деп Әлтай ауыз жаққа қарай айғайлағанша болған жоқ, желкесінен, құйымшағынан ұстап, тегене құйрық тоқтыны дедектетіп, қара мұртты жігіт: «Ассалаумағалейкум!» деп кірді («Ақан сері» ром. 101-б.).

Осы бір далалық ашық мінез, жарқын көңіл, кеңпейілділік, қонақжайлылықты С.Жүнісовтің прозалық шығармаларының қай-қайсысынан болсын кезіктіреміз. Жазушы шығармалары тіліндегі мұндай тілдік қолданыстар сонымен қатар ұлттық мәдениеттің көрінісін көрсетеді. Мысалы:

– Жәміш-ау, қазанға жылқы етін салыпсың. **Соғымның сыбағасы** өз алдына. Құдаға тартар басың қайда? («Жапандағы жалғыз үй» ром. 33-б.).

– Ал Ырыскелді қарағым, ертең кел біздің үйге, **сыбағанды** жеп кет, осы шақырғаным, ұмытпа, кел ертең.

– Жоқ, ақсақал, қазір **сыбаға** жеп жүретін уақыт емес, әуелі сізбен кеңседе сөйлесейік, содан соң барармын, – деп Ырыскелді суық жүзбен қала берді («Өткен күндер белгісі» пов. 429-б.).

Осы асты сызылған сөздердің мән-мағынасына тоқталып, лексикалық шолу жасасақ.

Соғым – қыста союға арнап бағып семірткен мал [1, 494 б.]; қыста сойылуға арналған, бағып-күтілген семіз мал [1, 732 б.]. Сыбаға – заттан, астан

бір адамға арналған үлес [2, 514 б.]; 1. Қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақталған соғым еті, мүше. 2. Ауысп. Әр адамның өзіне лайық еншісі, үлесі: а) еншісіне, үлесіне ие болды; ә) жазасын алды, сазайын тартты. Бұл сөздер қыста жеуге арнайы сойылған мал етінен туған-туысқанына сақтап қойып, дәм татыру мағынасын беру үшін жұмсалып, қазақ халқының қонақжайлылығын, ағайын, құда-жекжат арасындағы үлкен сыйластықты аңғартады.

Қазақ халқында «ырым» деген жақсы ниетпен жасалатын әр түрлі әдет-ғұрып, ескі дәстүр бар. Ол адам интуитивті түрде немесе санаға қатыссыз жақсы не жайсыз бір нәрсені сезген кезде пайда болады. Қазақтар өте «ырымшыл» – барлығына белгі ретінде, мән бере қарайтын халық. Ол жөнінде А.Қайбарұлы мен Б.Бопайұлының «Қазақ ырымдары» (1998) еңбегінде айтылған. Қазақ ырымдары сала-сала, түр-түрге бөлініп келеді. Мұны да жазушы шығармаларында символдық мәнге ие тәсілдің бірі ретінде қолданған:

Ақтөстің даусы ұйқымды бөліп жіберді. Даладағы өкпек желмен бірге үлдеп, жылағандай болады. Шәмшуәли:

– Ойпырай, мына жағың қарысқырдың даусы қалай жаман еді. Жақсылыққа көріне көр. **Өзі кӨкке қарап ұлып тұр** ма екен, **жерге қарап тұр** ма?..

...О не дегені! Тегі, **иттің тұрысында** да айырмашылық болғаны ғой. Ақтөс бұрын да ұли бермеуші еді. Бірақ онда әжем: «Біздің үйге **бақыт тілеп тұр**» дейтіні қайда? («Өткен күндер белгісі» пов. 437-б.) немесе

Ыдырыстың баласының **кӨзі иелі** көрінеді. Былтыр далада соғып кетіпті, – деп ауыл арасы күңк-күңк әңгіме ете бастады (428-б.).

Қазақ әйелдеріне қатысты салтанатты дәстүрдің бірі – шашу. Келін түскенде, той үстінде құрт, ірімшік, кәмпит шашу ырымын шашу деп атайды.

– Қазақта той-домалақ болған жерге әйел адам ғана **ырымын** жасайды. Оны «шашу» дейді. Но, енді, былай...орысшалағанда подарка ғой. Мен әйел болмасам да сен үшін («Жапандағы жалғыз үй» ром. 179-б.).

Тойға жиналушылар шашуды теріп, «бізді де құдай қуанышқа жеткізсін, жұғысты болсын» деген ниетпен теріп алады. Бәрінен де тәттіге қарық болатын балалардың қуанышы ерекше, олар шашуды таласа-тармаса жинайды.

– Айтқандай бағана есімде отырып, еді, ұмытып кете жаздаппын-ау, мынау сенде қалсыншы! – деп неге ырымдағанын кім білсін, алтын сағатын қалтасынан ала берді («Заманай мен Аманай» пов. 341-б.).

– Қарт адам ажал аузында жатқанда, алыстан жетер баласы, не ет жақын қадірлі туысы хабар салғанда, ол қашан келгенше бар күшін, ақтық демін сарқып аз күнге шыдайды екен. Күткен адамы қашан келген сәтте, оның да ендігі жерде ажалға қарсы тұрар әл-қуаты мүлдем бітіп, мәңгі көз жұмады екен. Екі сәтті де қазақ «күту» дейді. Соңғы **бой жасау** да осыған ұқсас ақтық тірлік («Заманай мен Аманай» пов. 468-б.).

– **Сауғаңыз** арлан бола ма?.. Қаншық па? Маған **байламай-ақ қойыңыз**, ана жаңа дүниеге келген нәрестеге байлаңыз. Ол да еркек кіндікті азамат қой, ол да **жігіттің сырттаны болар ма екен** («Ақан сері» ром. 32-б.).

– Балаларым-ау, бұл тұрыстарыңа жол болсын. Мыналарың **ырымға жаман екен**. Сиыр желіндеп тұрғанда, бұларың келіспейді, қарақтарым. **Мал түрегеп тұрып бұзаулайды**, – деп ойынға жеңдіріп, күлген болады («Жапандағы жалғыз үй» ром. 171-б.).

Келтірілген мысалдардан тізе бүгу, отырудың да салт-дәстүрлік ерекшелігін байқаймыз.

#### **в) діни ұғым лингвомәдени бірліктері**

Адам қанша күдіретті болса да, оның болмысы қайшылықтарға толы. Сондықтан діннің басты қызметі – адамдық қарым-қатынастарды белгілі бір тәртіпке келтіру, адамға белгілі бір тосқауыл, шектеулер қою үшін адамды жаратушы алдында бас июге мәжбүрлеу. Жаратушының қаһарынан қорқу немесе оның қолдауын қажет ету белгілі бір реттілік бойынша атқарылатын дәстүрлі, рәміздік әдет-ғұрып жүйесін қалыптастырады. С.Жүнісов прозалық шығармаларында діни сөздерді белгілі бір кезеңнің, дәуірдің келбетін ашу үшін, адамдардың наным-сенімдерін, түсінік өресін, тіпті психологиялық күйін жете таныту үшін қолданады.

Намаз оқу, дұғаларға байланысты ұғым-атаулар жазушы тарапынан әзіл не сатира үшін емес, әлі де болса мұсылман дініне толық кіре алмай жатқан қалың қазақ аулының бейнесін көрсетеді. «Өткен күндер белгісі» повесінен мысал келтірсек:

Бірақ діндар болғанда, әжем шалдар құсап құранды суылдатып аят оқып, шарифат соғып отырмайды. Жайнамаздың үстінде күбір-күбір етіп, басын шұлғудан әсте жалықпайды. Әйтсе де түсінбейтіндігі де бар ма деймін. Өйткені кейде жайнамаздың үстінде отырып, терезеге алақ-бұлақ қарап отырады. Әрі-беріден соң сөйлеп те кетеді. «Мына бір жүрген кімнің мәлігі, Болтай-ай, айдап жіберші», - дейтіні де бар. Ондай кезде аңдып отырған мен:

- Мәссаған, әже, намазың бұзылып кетті ғой! – деп ішек-сілем қатып күлемін келіп.

Кет әрі, қағыңғыр, оқып болған жоқпын ба! Әшейін шаршап отырғаным да, – деп әжем жалтара қояды («Өткен күндер белгісі» пов. 427-б.).

Осы шығармада молла мен жас баланың мына диалогі арқылы жазушы оқырманын жақсылыққа, игілікті іске, имандылыққа шақырады:

Бір күні моллаға: «Әжем құранды біле ме екен, сұраңызшы», - деп едім, молла:

– Білу-білмеу шарт емес, балам, әйтеуір құдайға құлшылық қылса болады, – деп, тағы да одан басқа дәлелдер келтіріп, әжемді қорғаштады. – Бұрынғы уақытта «Ақ қойдың кәлдесі, қара қойдың кәлдесі, мен құдайдың пендесі» – деп біреу **намаз** оқиды екен. Ол да **сауап**.

Осыны естіген әжем, кейінгі кезде **жайнамаздың** үстінде бұрынғыдан да жиі отыратын болды («Өткен күндер белгісі» пов. 427-б.).

Осы мысалдардағы асты сызылған сөздердің мәнін ашсақ: сауап - шапағатты, игілікті іс, сауап [1, 715 б.]. Сөйлемде алғысына бөленді, рақметін алды мағынасында қолданылып тұр.

Қазақ түсінігінде «тәубә» ұғымы қандайда болмасын іс-қимылдың шегін аңғартады. «Барға разылық таныту, қанағатшыл болу, жоққа мойымау, астамшылдық жасамау тәубә ұғымының басты сипаттары. Тәубәшілдікте асығыстық, жанталас жоқ, онда ұстамдылық басым. Бұл ұғым шыдамдылықпен байланыста. Шыдамдылық көнбістік емес, керісінше әліптің артын бағу, асығыстық пен ағат қимылдар жасамау. Керек десеңіз ол даналықтың көрінісі» [2, 74 б.]

Қазір сені **тәуба**на келтірмесем, осы шөпті өз қолыңнан әкеп түсіріп беретіндей етпесем, Қапиза атым құрысын! – деп тұлданып, кеңсеге қарай кетті («Ақан сері» ром. 441-б.). Тіпті содан құтылғаным да мың да бір **тәубе** айтып отырмын, - деп рабайсыз күлді («Жапандағы жалғыз үй» ром. 163-б.).

Тәуба – тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық [1, 792 б.]. Сөйлемде құдайын есіне түсірді мағынасында беріліп тұр.

– Адам аман болса, қалғаны бастан-құлақ **садақа** («Ақан сері» ром. 451-б.).

Садақа – жоқ-жітіктерге ақшалай не заттай берілетін қайыр, құдайы [12, 696 б.]. Бұл сөйлемде бастан-құлақ садақа фразеологиялық тіркес ретінде бас аман болса болды [15, 98 б.] мағынасында қолданылып тұр.

Жазушы С.Жүнісов әр сөз бен сөз тұлғасына ерекше назар аударуды әдетіне айналдырған суреткер ретінде лингвомәденитанымдық бірліктерді қолдануға саналы түрде барады. Мұны автордың стильдік даралығы деп қабылдауға болады. Сонымен, ұлттық танымдық мақсаттағы сөздердің мағынасын ашып көрсетуде, көне сөз мағыналарының беретін ұғымын білуде көркем әдебиет шығармаларының тілінің, соны жазған тілдік тұлға ретіндегі жазушы тілінің де маңызы зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.13 Бурбаев Т.К. Ұлт менталитеті. Монография. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

2 Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б

3 Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй: Роман. Заманай мен Аманай: Повестер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 624 б.

4 Жүнісов С. Заманай мен Аманай. Повестер, әңгімелер. – Алматы: Жазушы. 1987. – 384 б.

5 Жүнісов С. Өшпейтін іздер. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 б.



**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Бақтыбаева Ж.Н.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты,

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІ МЕН БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

XXI ғасыр – инновация мен индустрияның заманы. Техника өзінің дамуымен бірге жер шарына түрлі экологиялық зиян да әкеледі. Одан алдымен адам баласы зардап шегеді. Ал кез келген экологиялық жағдайға адамның өздері алдын ала дайын тұрғаны абзал. Экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне бағытталып, жалпы халыққа табиғатты қорғау және көркейту шарасын үйретуді көздейді, мұның түпкі мақсаты – табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын, экологиялық тұрғыда саналы жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін біріншіден, білім алушыға тәрбиеленушіге жаратылыстану пәндерін негізге ала отырып, экологиялық білім беру керек, екіншіден, осы білімін табиғатты қорғау, көркейту ісіне бағыштай білуге тәрбиелеу қажет. Экологиялық білім берудің ең жүйелі де, ұтымды жолы білім ордаларында пәндерді экологияландыру арқылы экологиялық мәселелерді түсіндіруді үйлесімді жүргізу, сонымен бірге арнайы экологиялық білім беретін курстарды қалыптастыру уақыт талабы.

Экологиялық білім мен тәрбие жас жеткіншектердің экологиялық санасының дамуын қамтамасыз етіп, жеке тұлғаның экологиялық мәдениетінің негізін қалайды, бұл бағдарламаның сызба нұсқасы.

Экологиялық білім – экологиялық тәрбие – экологиялық сана – экологиялық мәдениет – жалпы халықтық міндет.

Қазіргі мектептердегі басты міндеттердің бірі – оқушылардың экологиялық білімін көтеру, табиғи қорларды тиімді, саналы түрде пайдалану және жас ұрпақты жоғары деңгейдегі экологиялық тәрбиеге баулу. Экологиялық мәдениет көпшілік жағдайда экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің сапалық деңгейімен анықталады. Алайда мектеп география курстарында қазіргі экологиялық мәселелерді шешу мен тәрбие берудің жолдары жан-жақты жеткілікті түрде қарастырылмаған.

Адамның табиғатқа шексіз әсер ететін ғылыми-практикалық прогресс эпохасында экологияның маңызы еселеп артып отыр. Қазіргі кезде өркениеттің негізгі міндеті өмір сүру қауіпсіздігімен қамтамасыз етілуі мен тұрақты дамуы үшін адамзаттың дұрыс жол және тура бағытты таңдауында.

Студенттердің экологиялық білімі мен біліктілігін қалыптастыруға байланысты ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстардың формалары да онда қолданылатын әдістер де сан-алуан. Олардың формаларына: табиғатқа танымжорық, экологиялық үйірме, факультативтік сабақтар КВН, дөңгелек үстел, пікірсайыс және т.б. сыныптан тыс жұмыстар түрлері жатады. Соның

ішінде студенттерге экологиялық білім мен біліктілікті қалыптастыруда – үйірме жұмысын ұйымдастыруға өте үлкен мән бердік. Үйірме жұмысы студенттердің экологиялық білімдерін тереңдетіп, біліктіліктерін яғни алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сондықтан экологиялық білім беруге әр түрлі әдістерді пайдаланамыз: олар табиғатқа экскурсия, экологиялық үйірме, факультативтік сабақтар және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары: экологиялық білім беру және тәрбиелеудің мақсаты мектеп оқушыларының қоршаған ортаның жай күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім, шеберлік, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыстарда студенттердің экологиялық білімдері мен біліктерін қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, оның жалпы кәсіби білімі мен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушылардың экологиялық білімдерінің дамуына жол ашады.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық жұмыстардың басты міндеттері:

1. студенттердің экологиялық білімдерін дамытып, оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыру, яғни, бағдарлама бойынша берілген экологиялық материалдарды тең меңгеруіне көмектеседі.

2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстар өткізу және оған дайындық барысында студенттер бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер қоя білуіне, белгіленген әдебиеттерді оқуына мүмкіндік берді.

3. Сыныптан тыс жұмыстар практикалық процесте студенттердің іскерлігін арттыру бағытында жүргізілетіндіктен экологиялық білім мен тәрбие беруде олардың табиғатты аялауға, қорғауға, имандылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.

Сыныптан тыс экологиялық жұмыстардың алуан түрлері бар, бірақ олардың әрқайсысының өзінің ерекшеліктері бола тұрса да, бір мақсаттылыққа жұптасып ортақ талаптарды іске асырады.

Осыған байланысты сыныптан тыс студенттерге экологиялық білім беру факультатив сабақтар мен табиғи ортадағы жұмыстар жүргізілуі керек.

Қазақ халқында табиғат пен адам арасындағы байланыс өте ертеректен келе жатқаны бәрімізге мәлім. Табиғаттың сансыз сыры мен құбылыстарын түсіндіруге ұмтылу, халықтың бойында ақыл санасында табиғат жайындағы танымды табиғатты аялаудың қажеттілігі жайында ұғымдарды белгілі жүйемен жинақтауға талпынған. Халқымызда «табиғатым-тағдырым» деген нақыл сөз бар. Ежелгі дүниеде халқымыз табиғатқа, туған жерге, суға, өзі өмір сүріп отырған ортасына көп көңіл бөле білген.

Табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдік бұзылмаған, халқымыздың ауыз әдебиетінде де осы табиғат, жер, су, өсімдік, жануарлары бар дүниесіне де өте мән берілген. Ата-бабамыздың өмірлік тәжірибесінен жинақталған, аңыз,

әңгіме, нақыл сөз, мақал-мәтелдернен халық даналығын танып білуімізге болады.

Қазіргі педагогикалық теорияда экологиялық білім мен тәрбие берудің ғылыми негізін, мақсаттары мен міндеттерін, принциптерін толық, әрі тұтас анықтауға зерттеушілер ұмтылады. Педагогикалық теорияда экологиялық білім мен тәрбие берудің мазмұнын айқындауға және оны орта білім беру мектептерінде қай сыныптан бастап және оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлауға экологиялық материалдарды басымырақ беру керектігі жайлы ғылыми нұсқаулар мен озат тәжірибелер әлі де болса дәлелдене қойған жоқ.

Зерттеу барысында мектеп оқушыларының экологиялық білім мазмұнын тұжырымдауда педагогикалық теориялар басшылыққа алынып, соның негізінде жасалынды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттермен таныса және талдай отырып, экологиялық білім берудің мақсаты жастарды айналадағы табиғи ортаға жауапкершілікпен қарауға үйрету екенін анықтадық.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда –жауапкершілікпен қарау ұғымына жататындар:

а) табиғи ортада адам өзін қалай ұстауы керектігін түсіну;

ә) табиғаттың халық қазынасы екендігін сезіну;

б) табиғатқа тигізетін өз әрекетінің салаларын көре білу;

в) табиғат пен қарым-қатынасын жаратылыстану және ізеттілік білім тұрғысынан негіздеп алатындығын түсіну қажет. Сонымен, экологиялық білім және тәрбие берудің әдіснамалық және теориялық жағынан зерттелу жайын қарастырудан туындайтын тұжырым экологиялық білім мен тәрбие беруде мынадай басты ұстанымдарды ескеру қажет.

Олар:

Экологиялық оқу материалдарын оқытуды бір жүйелілікпен үздіксіз жүргізу.

Оқу үрдісінде экологиялық білім мен тәрбие беруде пәнаралық байланыстың болуы.

Экологиялық оқу материалдары әлемдік, ұлттың және өлкелік өзіндік мәселелерін айқындап, оны ұғындырып түсіндіруге өзара байланыстығын ашу.

Жастардың қоршаған ортаны танып білуде және оны қорғауда, аялауда, көркейтуде интеллектуалдық және ерекшелік – эволюциялық тұрғыдан, жасайтын іс-әрекеттері мен қызметтері біртұтастықпен бір-бірімен ұштасуы тиіс.

Қазіргі кездегі экологиялық дағдылардың пайда болуы адамдардың экологиялық сауатсыздықтарының нәтижесі деп есептеу орынды. Экологиялық білім мен тәрбиелеу мәселелері жалпы білім берудің элементі ретінде оқушыларға айналадағы орта мен табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасты қалыптастырумен және қоғам арасындағы өзара байланысты ғылыми негізде меңгерумен сабақтас қаралады. Күннен күнге шиеленісіп келе жатқан экологиялық дағдарыстың қауіптілігі баршаға мәлім. Экологиялық білім

берудің өмір талабынан туындайтын негізгі жеке экологиялық тәрбие беру істерімен ғана шектеліп қоймай, табиғатты үздіксіз қорғау, іс-әрекеттерін бір тізбекке біріктіру. Мұндай тәрбие жұмыстарының бір бөлігі, экологиялық оқу-ағарту қажетті білім, тұжырым түсінік, сенімдер қалыптастыруға бағытталады.

Экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі мүмкіндіктерін шешуде жалпы орта білім беретін пәндердің алатын орны ерекше. Барлық пәндерді экологиямен байланыстырып, пәнаралық байланыста жүргізілуі керек.

Пәнаралық байланыс әрбір пәннің экологиялық білім берудің жалпы жүйесіндегі орны мен рөлін нақты анықтауды талап етеді. Бұл тәсіл экологиялық білім берудің мазмұнын, формалары мен әдістерін өзара үйлестіруді, жетекші идеялар мен тұжырымдамаларды дамытудың біртұтас логикасын, оларды дәйекті зерттеу мен тереңдетуді болжайды. Экологиялық білім берудің жүйелілігі мен сабақтастығына білім деңгейлерін (бастауыш, толық емес орта, толық жалпы білім беру), оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып қол жеткізіледі. Интеллектуалдық және эмоционалды-еріктік принциптердің бірлігі интегралды педагогикалық процесті қоршаған ортаның табиғи және әлеуметтік факторлары туралы зерттелетін білімдердің олардың сезімдік қабылдауымен, эстетикалық тәжірибесімен байланысына бағыттайды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру барысында мектеп оқушыларына адамның табиғатқа тигізетін оң және теріс әсерлерін белгілі бір аймақ, жалпы әлем ауқымында ашып көрсетудің маңызы зор.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей еліміздегі экологиялық жағдайлар кейбір жерлеріміздің экологиялық апат аймағына айналуы, экологиялық тәрбиеге байланысты, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әр түрлі табиғат қорғау туралы заңдарға талдау жасау, бұл мәселенің бірден пайда болмағанын, оның қоғам дамуы барысында адам мен табиғаттың қатынасы негізінде пайда болып, қазіргі кезеңде аса маңызды, дүние жүзіндегі мәселеге айналып отыр.

Студенттердің экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстардың ішінде экологиялық апталықтың орны ерекше, себебі экологиялық білім беру жүйесінде апталықтар ерекше міндеттерді атқарады да оқушылар ат салысып қатысады.

Әрбір саналы адамның экологиялық көзқарасын қалыптасыру – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін осы бағытта қамтамасыз етуге ықпал жасау үшін бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша сіндірмелері) оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2000
2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. //Егеменді Қазақстан, 1997.
3. Ә.С.Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.З.Сауытбаев Экология Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. -555б.

4. Сарыбеков Н.С, Сарыбеков М.Н, Сарыбеков Д.Н. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері.- Алматы, 1996.-45с.
5. Зверев И.Д., Захлебный А.М. Экологические знания: на уроках и после уроков // Народное образование. – 1985. – № 2.

**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Тағанова А.Ж.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазақстанның рухани жаңғыру аясында білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке неғұрлым бейімделген мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және ақпараттық технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» - деген сөзі дәлел болады [1].

Білім алушы тұлғасының жан-жақты даму қажеттілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңындағы Білім беру жүйесінің бірінші міндетінде де «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген болатын [2].

Осы төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды кезеңге қадам басып отырған жағдайда бүгінгі білім беру жүйесіне, ұрпақ тәрбиесіне ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, әлемдік озық деңгейлерге жету, бәсекеге қабілеттілікпен танымал болу көзделуде. Бұл тұрғыда 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Соның ішінде жоғары оқу орындарының Еуропалық жоғары білім беру аймағына енуі айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады. Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемдік академиялық бірлестікке бірігуі және Республиканың жоғарғы оқу орындарында ашық білім кеңістігінің қалыптасуы негізінде маңызды мәселе –


«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

жоғары кәсіптік білім берудің заман талаптарына сай сапасын көтеру мәселесі қаралуда. Оның қатарында жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын халықаралық білім беру стандарттарына сай қамтамасыздандыруды атап өтуге болады.

Оған сәйкес біртұтас педагогикалық үдеріске де өздігінен білім алудың басымдық маңызына көңіл бөліну қажеттілігі талап етіліп отыр. Жоғары білім беру жүйесі үшін жаңғырту жоспары бүгінде өз қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған және нақты жүзеге асырылатын қадамдардың бірі. Жоғары оқу орындарында заман талаптарына сай болашақ маманның толыққанды білімін қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеуге және білім дағдыларын дамытуға жағдай жасау керектігі күннен күнге артып отыр. Осыған орай білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сәйкес жаңаша 7 ұйымдастыру оның теориясын, философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздері мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымдық ұстанымдарын қайта қарастыруды, руханиядамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді. Соның бірі, жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру. Ал бұл болса, мемлекеттің қазіргі даму жағдайында шығармашылық ізденіс пен өздігінен үздіксіз білім алуға бейім тұлғаларға сұраныстың артып отырғандығын көрсетеді.

Сол себепті қазіргі жоғары педагогикалық оқу орындарында білімге деген қажеттіліктерін басқаруға қабілетті, оларды үздіксіз байытуға, бүгінгі инновациялық өзгерістерге бейім, нақты жеке мақсаттарын қалыптастыра алатын, шығармашылық қабілеттерін өздігінен дамытуға икемді болашақ мамандарды даярлау қажеттілігі артып отыр. Болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби дамуы жолын іздестіруге, жетілдіруге бағытталған өздігінен білім алуы оның өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жетілуіне, кәсіби дағдыларының артуы негізінде болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі табыстылықпен растауына, өзін-өзі толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндіктер береді. Осыған байланысты, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде табысқа жету құралы тұрғысынан өздігінен білім алуға даярлықты қалыптастыру үшін университетте жағдай жасау маңызды. Бүгінгі күні университет студенттерінің өздігінен білім алу ішараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қиындықтар бар екендігі ақиқат.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу құрылымы дәстүрлі және цифрлық технологияларды қолдану арқылы, өзіндік іс-әрекеттің маңызды тәсілдерін меңгеру бойынша, болашақ мұғалімдердің жұмыс нәтижесінің ерекше бейнесін көрсетеді. Типтік оқу жоспарында қарастырылмаған, болашақ мұғалімдерге ұйымдастырушылық даярлығының мазмұнын құрастыруда, біз келесі логикалық буындарды орындадық:

 өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) әдіс-тәсілдері бойынша жоғарыбілім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында берілген, өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) маңызды етілді;

✚ маңызды болған тіректі өзіндік жұмысты (өздігінен білім алуды) қайта құрылымдау және өздігінен білім алу блогынан тұратын, болашақ мұғалімдерге кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының құрылымы құрастырылды, олар модульді білім беру бағдарламасын қолдануда іске асыруды «талап» етеді;

✚ болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) даярлығының құрылымына сәйкес өздігінен білім алу технологиялар арқылы білім алудың үлгілік бағдарламасында өздігінен білім алу үдерісінде маңызды етілді; -

✚ салыстыру нәтижелері талқыланып, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға арналған білім беру бағдарламасын тиімді қолдану, жүзеге асыру туралы тұжырымдама жасалады.

Сонымен қатар, өздігінен білім алу ортасын құру цифрлық технология арқылы білімді басқару болып табылады. Бүгінгі ақпарат легінің көбеюіне байланысты болашақ мұғалімдер де, оқытушы да цифрлық технологияны қолдануға дайын болуы керек. Өздігінен білім алу ортасында оқу үдерісін ұйымдастыру болашақ мұғалімдер үшін келесідей болуы шартты:

✚ ашық ақпараттық ресурстардың болуы; - кітапхана қорларын ғаламтор желісі арқылы еркін қолдана алу мүмкіндігі; - мобильді құралдарды оқу үдерісінде қолдануы;

✚ оқу материалдарының анимациялық, мультимедиалық компоненттерінің болуы;

✚ оқу нәтижесін болашақ мұғалімдер өздері бағалауы; ✚ оқытуда өзіндік жылдамдықтың болуы.

Оқу пәндері бойынша оқытушылар мен болашақ мұғалімдермен арасында қарым-қатынастық байланыс аумағы кеңейе түседі. Оқытушылар үшін білім беру ресурсы кеңейеді, болашақ мұғалімдердің білім алу мониторингі автоматты түрде жүргізіліп, оқу материалдарын жеткізу тәртіпке келтіріліп, оқу үдерісін болашақ мұғалімнің қажеттілігіне қарай қарасыруға мүмкіндік алады, дәріс сабақтары қарым-қатынастық формаға ауыстырылды. Бүгінде білім беру үдерісінің ерекшеліктері, болашақ мұғалімдердің өмір сүрген ортасы және іс-әрекеті өздігінен білім алу ортасында жүзеге асатын болғандықтан өздігінен білім алу ортасында заманауи технологиялардың түрлерін: ғаламтор желісі, мобильді құралдарды, электрондық оқулықтарды, мультимедиа, презентация технологиясы, интерактивті тақтаны қолдануы қажет.

Болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуы, болашақ мұғалімдерге ұйымдастырушылық даярлығының қалыптастыруда құндылықтарды қайта қарауына, қоғамдық және азаматтық өмірдің жаңа ережелерін игеруіне септігін тигізеді.

## **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтар. [http://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-10-kantardagy-tortinshi-onerkasiptik-revolyuciya-zhagdaiyndagy-damudyn-zhanamumkindikteri-atty-kazakstan-h](http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-10-kantardagy-tortinshi-onerkasiptik-revolyuciya-zhagdaiyndagy-damudyn-zhanamumkindikteri-atty-kazakstan-h)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2004, - 63 б.
3. Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы. М., 1999.-126 с

**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Тағанова А.Ж.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТІ**

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетінің мақсаты Болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекетінің мақсатыоқыту, оқу-жаттығу және ұйымдастыру практикасын қамтамасыз ету болады. Болашақ мұғалімнің ұйымдастыру-әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға болашақ мұғалімнің оқыту, ұйымдастыру әрекеттерін алуға болады. Ұйымдастыру-әдістемелік әрекет, оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Болашақ мұғалімнің ұйымдастыру-әдістемелік әрекет нысаны болып – білім алушының білім, білік, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі табылады. Ұйымдастыру-әдістемелік әрекет пәні болып – нақтылы пән мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, іскерліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттеу табылады. Болашақ мұғалімнің ұйымдастыру-әдістемелік әрекет субъектісі болып – білім алушы немесе білім алушылар ұжымы табылады. Ұйымдастыру-әдістемелік әрекеті нәтижесі болып – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада, әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу/оқыту бағдарламалары және т.б. табылады. Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу түрлері бойынша ұйымдастыру құзыреттілігін қалыптастыруда ұйымдастырушылық қабілеті сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін ұйымдастыра білуге; оқушылардың білім, білік, дағдысына қойылатын талаптарға сәйкес сапаларды қалыптастыра білуге; жоспарларды жүзеге асыра білуіне байланысты. Олай болса, бұл оқыту технологиясының немесе оқытудың басқа әдістерінің үйлесімді жүзеге

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



асырылатындығын білдіреді. Білім алушылардың өздігінен білім алуға үйретуге әсер ететін факторлар төмендегіше болып келеді: үйренуге әртүрлі ықпалы жоғары немесе ықпалы төмен болатын факторлар. Өзіндік іс-әрекетті үйренетін білім алушының жасына, назар аударуына және қатынасына, ақыл-ой ерекшеліктеріне, білім беру ортасына, мәдени аумағына қарай өзгерістер болып отырады.

Хабарламалық-дамытушы: лекция, әңгіме, түсіндіру, оқу фильмдерін демонстрациялау, педагогикалық әдебиеттермен өзіндік жұмыс, білім беру бағдарламаларымен өзіндік жұмыс. Проблемалық ізденіс әдістері: оқу материалын проблемалы баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, кіші топтардағы болашақ мұғалімдердің ұжымдық ойлау-іс әрекеті, өзіндік ізденіс жұмыстар.

Репродуктивті әдістер: оқу материалын мазмұндау, үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау. Шығармашылық-репродуктивті әдістер: педагогикалық тақырыптарға креативті шығарма жазу, эссе жазу, кроссвордтар мен ребустар құрастыру, педагогикалық жағдайларды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық міндеттерді шешу.

Педагог зерттеуші ғалымдар оқыту әдістерін үшке: сөздік, көрнекі және практикалық деп бөледі: сөздік әдістер (ауызша баяндау, айтып беру, түсіндіру, лекция); әңгіме; әдебиеттермен (білімгерлердің өзіндік жұмысы; жазбаша нұсқау беру; теледидар, дыбыстық жазба); көрнекі (көрнекі құралдарды демонстрациялау; еңбек тәсілдерін көрсету; оқушылардың өзіндік байқауы); практикалық (тәсілдерді, кешенді жұмыстарды орындау бойынша жаттығулар; өзіндік жұмыс; тренажерлер; практикалық жұмыстар; оқу-тәрбие үдерісін басқару).

СӨЖ-ді ұйымдастырудың мақсаты – білім алушының аналитикалық ойлауын, өз бетімен білім алу білігі мен дағдысын, болашақ кәсіби әрекетінің саласында шығармашылықпен шешім қабылдауын, ғылыми зерттеуді ұйымдастыра білуін қалыптастыру. Білім алушының өз бетімен жасайтын оқу-танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырылуына, дербестігіне және белсенділігінің дәрежесіне орай өздік жұмыс орындау барысында жаңғыртатын және шығармашылық сипатта болды. Шығармашылық сипаттағы СӨЖ білім алушының психологиялық ерекшеліктеріне, оның ойлауына байланысты жүзеге асты. СӨЖ-дің педагогикалық мақсатына, білім алушылар әрекетінің сипатына, өз бетімен жұмыс жасау деңгейіне, жұмыстың мазмұны мен түріне, тапсырма типіне, білім көздеріне, СӨЖ-ді орындау орнына, ізденімпаздықтың деңгейіне, оқу пәнінің ерекшелігіне, оқытудың нақты мақсаттары мен қойылған міндеттерге, оқытудың әдіс-тәсілдеріне, нақты есеп түрлеріне қарай әртүрлі анықталатыны байқалды. Қазіргі заманғы қоғамның талабына орай жоғары білім берудің мақсатының өзі білім алушы әрекетінің объектісінен субъектісіне айналдыру, яғни оның бойында белсенді түрде өз бетімен жұмыс істей білу мен өзіндік дамуды, өзін-өзі басқару және өзін таныта білуді қалыптастыру болды. Сондықтан да білім алушылардың оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыруда 166 оқытушы олардың өздігінен білім алу, ғылыми әдістерді және оны қолдану

тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасалды. Өздік жұмыстың нәтижелі болуына оқытушының педагогикалық шеберлігі, өз ісіне деген жауапкершілігі және студенттің оқуға ниеттілігі сияқты факторлар да қосымша ықпал етті. Сонымен қатар шетелдегі, басқа оқу орындарындағы, өз оқу орнындағы оқытушылардың заманауи технология бойынша өздік жұмысты ұйымдастыру тәжірибелерімен таныстыратын оқу-әдістемелік семинардың, конференциялардың, жас оқытушылар үшін өздік жұмысты жүргізуге арналған курс, семинар, баспа түрінде әдістемелік нұсқаулары қолданылды. Әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған СӨЖ білім алушыларға білімді кеңейтуге және тереңдетуге, танымдық әрекетке қызығушылығын қалыптастыруға, таным үдерісінің тәсілдерін меңгеруге, танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.

Сонымен, болашақ мұғалімдердің ұйымдастыру-әдістемелік іс-әрекеті – бұл... өзімнің кәсіби дамуым үшін таңдау жасау іскерлігі; зияткерлік қанағаттану; жаңа білімге ең қысқа жол; жаңа білім қорын құру және оларды ескісімен интеграциялау; осында және қазір өзінді көрсету тәсілі; тұрақты түрде алға қарай қозғалыс: неғұрлым жоғары көтерілген сайын, соғұрлым көп көремін; өзіндік білім алу және оның нәтижелері; өзіме керек және қажет кездегі қабілеттілік; жаңаны тануға ұмтылу; мінез тәртібі; өзінді жетілдіру құралы; бағаламайтын және ақы төлемейтін қажетті іс-әрекет, еңбек; тұлғаның дамуы, бұл ең бастысы – өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру және өзіндік тәртіпте болатын шығармашылық кезең; өз білімін көтеруге әрқашан ұмтылу және шығармашылық ыңғай таныту; жаңа нәтижелерді және іс - әрекетті ұйымдастыру барысын талдай келе қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтар. [http://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-10-kantardagy-tortinshi-onerkasiptik-revolyuciya-zhagdaiyndagy-damudyn-zhanamumkindikteri-atty-kazakstan-h](http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-10-kantardagy-tortinshi-onerkasiptik-revolyuciya-zhagdaiyndagy-damudyn-zhanamumkindikteri-atty-kazakstan-h)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2004, - 63 б.
3. Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы. М., 1999.-126 с

**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Елемесова А.Ғ.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты,  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **ЖОО-НЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Бүгінгі таңда мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін ақпараттандырудың перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық базаны, сондай-ақ педагогикалық ұжымның міндетті біліктілігін арттыруды жетілдіру қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды білім беруде табысты қолданудың болашағын көреді.

Мультимедиялық және гипермедиялық технологиялар қуатты үлестірілген білім беру ресурстарын біріктіреді, олар ең алдымен ақпарат пен коммуникацияны қамтитын негізгі құзыреттерді қалыптастыру және көрсету ортасын қамтамасыз ете алады. Мультимедиялық және телекоммуникациялық технологиялар жалпы білім беру жүйесінде принципті жаңа әдістемелік тәсілдерді ашады.

**Мультимедиа** – заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз етудің басқаруымен көрнекі және дыбыстық эффектілердің өзара әрекеттесуі, олар мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуреттерді, бейнені бір сандық бейнеде біріктіреді.

**Гипермедиа** – мультимедиялық объектілер арасында жылжу үшін гипермәтіндік сілтемелер арқылы байланысқан компьютерлік файлдар.

### **Мультимедиялық технологияларды қолдану ерекшеліктері:**

- ✚ мультимедиялық презентацияларды қолданумен сабақтар мультимедиялық проекторларды, резиденттік анықтамалықтарды, автоматтандырылған оқыту жүйелерін, әртүрлі бағдарламалардың бейне жазбаларын және т.б. пайдалана отырып, компьютерлік зертханаларда өткізіледі;
- ✚ практикалық сабақтарда әрбір студентке жеке компьютер бөлінуі керек, онда оның сынып коды және студенттің тегі деп аталатын жеке папкасын жасаған жөн;
- ✚ жеке оқыту бағдарламаларын, көп деңгейлі тапсырмалар банкі (тәжірибелік жаттығулар мен зертханалық жұмыстар үшін) кеңінен қолдануды қамтитын жеке тәсілді қолдану қажет;
- ✚ сабақтардың едәуір бөлігін іскерлік ойындар түрінде өткізген жөн; тапсырмалар ретінде нақты өмірде көп нұсқалы және анықталмаған

тапсырмалар, әсіресе түлектер кәсіби қызметінде кездесетін тапсырмалар берілуі керек;

- ✚ жобалық әдісті кеңінен қолдану керек, оның шеңберінде жүйелілік пен сабақтастық принциптерін сақтау қажет; бұл бір ғаламдық тапсырма барлық практикалық (зертханалық) және есептеу және графикалық жұмыстарда дәйекті түрде орындалуы, толықтырылуы және кеңейтілуі, үйлесімді толық жүйеде жүзеге асырылуы керек дегенді білдіреді;
- ✚ бағдарламаның негізгі тарауларын параллельді және концентрлі зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек; бұл студенттерге курсты меңгерген сайын бүкіл материалды баяндау тұтастығын жоғалтпай, әрбір бөлім бойынша көбірек терең білім алуға мүмкіндік береді;
- ✚ проблемалық оқыту әдісін кеңінен қолдану, студенттердің оқу процесінде қолдануға болатын нақты бағдарламаларды (күжаттар, кестелер, мәліметтер базасы) әзірлеуін қамтамасыз ету керек.

### **Мультимедиялық технологиялардың артықшылықтары**

Оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың дәстүрлі оқытумен салыстырғанда мынадай артықшылықтары бар:

- ✚ түсті графиканы, анимацияны, саундтректі, гипермәтінді пайдалануға мүмкіндік береді;
- ✚ тұрақты жаңарту мүмкіндігіне мүмкіндік береді;
- ✚ басып шығару және көбейту шығындары төмен;
- ✚ оған интерактивті веб-элементтерді, мысалы, тесттерді немесе жұмыскітабын орналастыру мүмкіндігін береді;
- ✚ баға белгілеу үшін бөлшектерді көшіруге және тасымалдауға мүмкіндік береді;
- ✚ көптеген гиперсілтемелердің арқасында материалдың өтуінің сызықты еместігіне мүмкіндік ереді;
- ✚ электрондық кітапханаларда немесе оқу сайттарында қосымша әдебиеттерге гиперсілтемені орнатады.

Мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып, аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру уақытты үнемдеуге, сол арқылы кез келген оқушыға қолжетімді өте қарапайым құралдарды пайдалану арқылы оқу материалын көрсетуді белсендіруге мүмкіндік береді. Мультимедиялық компьютерлік технологиялар мұғалімге оқылатын материалды тереңірек және саналы түрде меңгеруге, сабақ уақытын үнемдеуге және оны ақпаратпен қанықтыруға ықпал ететін әртүрлі құралдарды жылдам біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мектептерде жоғарыда аталған мәселелердің көпшілігін шешуге жағдай қалыптасуда. Жаңа ақпараттық технологиялардың мәні кристалданды – оқытушылар мен студенттерге заманауи электрондық ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету, студенттердің әртүрлі салаларда алған

білімдерін интеграциялау және жаңартуға бағытталған ғылыми-зерттеу шығармашылық оқу жұмысын ұйымдастыру арқылы өздігінен білім алу қабілетін дамытуға жағдай жасау. Заманауи білім беру реформасы білім беру ақпаратының электронды көздері жасалған жағдайда ғана жүзеге асады.

ЖОО-дағы оқу процесі сауатты мамандарды дайындаудың алғы шарты болып табылатын үлкен көлемдегі ғылыми ақпараттарды зерттеумен сипатталады. Студенттің алдында оқу материалын меңгеру ғана емес, сонымен қатар маңызды көлемдегі ақпаратты аналитикалық зерттеу міндеті тұр, өйткені болашақ мамандар қалыптастыратын іс-әрекет түрлерінің ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстары үлкен орын алады, ол үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуді көздейді. Осыған байланысты университетте оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысынан нақты өзіндік жұмысқа біртіндеп көшу жүзеге асырылатын қажетті психологиялық және дидактикалық жағдайларды жасау керек. Өз бетімен жұмыс істеу дағдысы мен дағдысын қалыптастыру, әрине, кәсіби білімді меңгерумен, танымдық қызығушылықты дамытумен, ғылыми білімнің әдіс-тәсілдерін меңгерумен қатар жүруі керек.

Университеттегі оқу үрдісінің ерекшелігін оқытудың ғылыми-зерттеу қызметімен ұштастыруымен де байланыстыруға болады. Өзін-өзі дамыта алатын, инновациялық қызметке қатыса алатын құзыретті маманды дайындау студенттерге дайын білімді элементарлық түрде беруді және алынған ақпаратты жаңғыртуды көздейтін репродуктивті оқыту әдістерін қолдану арқылы ғана мүмкін емес. Білімді пассивті тұтыну үлесін азайту және жаңа білімді, жаңалықтарды, есептердің стандартты емес шешімдерін өз бетінше шығармашылық ізденісте оқушылардың белсенділік дәрежесін арттыру талап етіледі. Зерттеу мәселесін сауатты тұжырымдау, оны шешудің мүмкін жолдарын пайымдау және талдау, қойылған зерттеу мақсатына жетудің ең ұтымды жолын сауатты іздеу, зерттеу жұмысының нәтижесін сыни және объективті бағалауда студенттің дербестігінің үлесі зор. Сонымен қатар, бұл бағдарлама студенттердің жұмысын жылдам бағалауға мүмкіндік береді: сынақтар аяқталғаннан кейін нәтижелер автоматты түрде мұғалімнің электрондық поштасына жіберіледі (біз мүмкін болатындар тізімінен хабарландырудың бұл түрін таңдадық), студенттің орындаған жұмысы туралы егжей-тегжейлі есепті көру мүмкіндігі бар - тестілеуді тапсыру уақыты, әрбір тест сұрағына жауап беру әрекеттерінің саны, тестілеудегі қателер. Мұндай ақпарат оқытушы мен студенттің жұмысын жылдам бағалауға ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, дәрістерден кейін өтетін практикалық және семинарлық сабақтарды қамтитын сабақтардың мазмұнына қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Мұғалім қандай мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталған жөн екенін, оқу материалындағы қай тармақтар қосымша түсіндіру мен талдауды қажет ететінін, оқушылардың қайсысымен және қай мәселені мұқият қарастыру керектігін анықтай алады. ындалуы бірте-бірте артуы керек.

Сонымен, Мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы оқу үдерісіне тікелей қатысушылар – студенттер арасында сауалнама олардың осы

оқыту технологияларын жалпы оң бағалайтынын көрсетті, сабақтың өзі және оған дайындық қызықтырақ, түсіну қиын материал қолжетімді бола түседі. .

Мультимедиялық құралдарды пайдалану білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсарта алады. Бұл зерттеу мидың ақпаратты қалай өңдейтінін түсіндіре алатын мультимедиялық құралдардың тиімділігін түсінуімізге барынша ықпал жасады. Осылайша, мультимедиялық технологиялар шынымен де жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға, қуатты білім беру әлеуетін біріктіруге көмектеседі, болашақ мамандарға қажетті құзыреттіліктердің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Акимова О.Б. Мультимедияны оқу үрдісінде қолдану мүмкіндіктері / О.Б. Акимова, Н.О. Ветлугина // Талқылау. - 2014. - № 9 (50). URL: <http://www.journal-discussion.ru/publication.php?id=1195> (кіру күні: 07.04.17).

2. Бубнов Г.Г. Жаһандану координаттарындағы жоғары кәсіби білім / Г.Г. Бубнов, Н.Г. Малышев, Е.В. Плужник, В.И. Солдаткин // Ғылымның бұлты электронды журналы. - 2013. - № 1. URL мекенжайы: [https://cloudofscience.ru/sites/default/files/pdf/CoS\\_2013\\_1.pdf](https://cloudofscience.ru/sites/default/files/pdf/CoS_2013_1.pdf) (кіру күні: 07.04.17).

3. Красильникова В.А. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану: оқу құралы / В.А. Красильников; Орынбор мемлекеті un-t. - 2-ші басылым. қайта қаралған және қосыңыз. - Орынбор: ОМУ, 2012. --- 291 б.

4. Савельев А.Я. Жоғары білім: даму жағдайы және мәселелері / А.Я. Савельев. - М.: НИ ВО, 2001. --- 120 б.

5. Стариков Д.А. Мультимедиялық технология түсінігі және оларды оқу үрдісінде пайдалану туралы / Д.А. Стариков // Білім берудегі ғылыми зерттеулер: педагогика, психология, экономика. - 2011. - № 2. - С. 53-5

### **Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

### **Нурпейсова А.Т.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖОО-НЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқутәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғары-латуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тармағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қазіргі уақыттағы бүкіл әлемде ушығып тұрған эпидемиялық төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту мәселесіне көшуге тура келді. Мұғалім мен оқушы енді алшақ отырып, яғни қашықтан жұмыс жасап отыр. Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

**Қашықтан оқыту технологиясы** – оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын білімді қабылдау түрі болып табылады.

**Қашықтан оқыту** – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету.

Еліміздегі 3 миллионнан астам оқушының тиісті білім алуын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Бұған дейін ұстаздың қарсы алдында отырып сабақ алған бала алғаш рет компьютер мен смартфонға үңілмек. Ал қашықтан оқытуға –BalapanII (қазақ тілінде) мен –ЕларнаII (орыс тілінде) телеарнасы да атсалысып жатыр..

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, аз уақытта жұмыс тобы құрылып, мамандар жаңа форматтағы білім жүйесінің моделін жасады. –Індет кезеңінде оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша уақытша шаралар енгізген көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді. Оқушылар үшін 2 мыңнан астам телесабақ әзірленеді. «Қашықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. «Онлайн-оқыту» тақырыбы интернет-байланыс арқылы жүреді. Яғни, мұғалім мен оқушы бір-бірінен бөлек тұрады. Ұстаз тапсырмаларды беріп, оның орындалуын қарап, бағалап, кері байланыс жасап, қайтадан оқушыға жібереді. Оқушылар өз кезегінде сабақтарға қатысып, берілген тапсырмаларды орындап, мұғалімге тексеруге жібереді. Бас кезінде айтарлықтай қиындықтар туындады, бірақ ұстаздар үнемі тығырықтан шығатын жол іздеп жүретін адамдар. Сабақ жоспарының тезисін құру арқылы тапсырмалар дайындап, оларды оқушыларға Күнделік кз, вацап арқылы жіберіп, кері байланыс орната алатын мүмкіндігіміз бар. «Біз үшін барлық сабақ орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай оқу бағдарламасы бойынша, сабақ кестесіне сәйкес, цифрлық білім беру ресурстары бойынша әдістемелік қолдаумен және мультимедиалық материалдармен қамтамасыз етіліп, ұстаздар үшін алдын ала әзірленген жоспар бойынша жүргізілгені маңызды. Бастысы, білім алу тетігі сапаға әсер етпеуі қажет,»- деген Министрдің айтқанын қолдап, расында, сапа төмендеп кетпесе екен деп уайымдаймыз. Барлық жер шарының тұрғындары осы індеттен тез жазылып, оқушылармен бетпе-бет жүздесуге асықпыз!

Аталған оқу жылында 2019-2020 жылдардың IV тоқсандағы тәжірибемнен қоса кететін болсам, маған қашықтықтан оқыту ұнады. Себебі орта жаста болсамда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану білімдерімді тереңдеттік. ZOOM платформасымен видеосабақ жасауды үйреніп, оқушыларға шағын сабақтарды түсіндіріп Whatsapp желісі арқылы жіберіп отырдық. Сонымен қатар оқушыларда үнемі кері байланыс жасап отырды. Осы тұста айта кететін жағдай, оқушылар үй жағдайындағы қол жетімді құралдармен кері байланыстарын жасады. Мұндағы бір ерекшелік сыныпта көп ашыла бермейтін оқушылардың белсенділігін байқадық.

#### **Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:**

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- Интерактивті әрекеттесу формалары;
- Сапалы білім алу;
- Уақытты үнемдеу;



- Бiңғайлы уақытта оқу;
- Территориялық шектеулер жоқ;
- Денсаулық күйi бойынша шектеулер жоқ.

Бұл оқыту технологиясы бiлiм берудiң ортасында тұратын оқыту жүйесiн құру мүмкiндiгiн бередi. Бұл жүйеде мұғалiм оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескередi. Бiлiм беру жүйесiнiң ортасында оқушы тұратынын ескерсек, оқыту жүйесi тұтасымен өзгередi. Мұғалiм оқушыға арналған өзiндiк жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда мұғалiмнiң рөлi арта түседi және өзгередi. Қашықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың бiлiктiлiгiн әрi қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлi де тиiмдi жүйесi болып табылады және болашақта алатын орны орасан екенi даусыз.

Ал кемшiлiктерi:

Қашықтан оқыту бiздiң елiмiзде кең таралуы жайлы айту әлi ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшiн оқу орындарында және оқушының үйiнде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиiс. Оның үстiне байланыстың сапасы жоғары болуы тиiс, бiзде ол жағы әлi әлсiздеу. Бұл проблеманы шешу үшiн, мынадай ұсыныстар бар:

— кабинеттер компьютерлермен толық қамтамасыз етiлуi керек;

— қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу керек, оқытудың әдiс – тәсiлiн жасау, жобалау, арнайы курстар, үйiрмелер ашу;

— қашықтан оқытудың өмiрде жиi пайдалану, пайдаланудың тиiмдi әдiстерiн ойлап табу;

алыс-жақын шет елдердегi қашықтан оқытудың iс-тәжiрибесiн оқып-үйрену;

— қашықтан оқытуда оқушының бiлiм сапасын бағалаудың жаңа критерийiн жасау;

— ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметi қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;

— мультимедиялық бағдарламалармен жабдыкталуы керек.

Әрине, оқу орындарының компьютерлiк базасы әрi қарай толықтырылады, жетiлдiрiледi, бiрақ соған қарамастан, қолдағы бар құралдарды толық пайдаланып, солардың мүмкiндiктерiн барынша қолдануға тырысу керек. Қорыта келе айтарымыз – оқу процесiнде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгiзу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да күрделi мәселе болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:**

1. Бiлiм беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесiн енгiзу жағдайында педагогтардың бiлiктiлiгiн арттыруды ұйымдастыру әдiстемесi / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

**Интернет ресурстары:**

1. <http://el.kz/>
2. <http://e.edu.kz/>

**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Маратқызы Ж.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

**ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ  
ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған – тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай мол мұраның «дәнегін мәпелеп екпейінше» жастарды ізгілік пен парасаттылықты тәрбиелеу мүмкін емес.

Уақыт мектеп мұғалімдеріне жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық тұрғыдан шыңдау. Осыны халықтық педагогика арқылы жүзеге асыруға болады.

Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл – өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім – тәрбие тағылымының бай мұрасы бар. Ол халықтық педагогика деп аталады.

Көрнекі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожаметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Алайда халықтық тәрбиенің зерттелу тарихына шолу халық шығармашылығына арналған зерттеулер мен жарияланымдарда оның ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс екендігі айтылғанмен, халықтық педагогикалық ескерткіштер оқу үрдісінде және сыныптан тыс жұмыстарда

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

қолданылғанмен, балалар мен жастарды тәрбиелеуде оның ролі жайлы ойлар айтылғанмен көптеген ғылыми еңбектердің әлсіз тұсы халық педагогикасын оқып үйренудің теориялық мәселелері қамтылмайтындығын байқатады. Этнопедагогиканың мәселелерімен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы. Халықтық педагогиканың ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп орынды атап көрсеткен.

Қазақстанда халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, халқымыздың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің зерттелу, жинақталу, жариялану жолы Қ. Жарықбаевтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан.

Халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, ел – жұрт, ауыл – аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым қатынастан берік орын алған тәлім – тәрбиенің түрі. Ендеше, халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын дінгегі болып келгені даусыз.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Жаңа ХХІ ғасырға сай өзгеше қабілет қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ал мұның бәрі тікелей ғылым, білім саласына байланысты. Сондықтан да білім беруді жетілдіру жөнінде маңызды реформалар, жаңа технологиялар пайда болуда. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде өз халқымыздың педагогикалық аса бай мұраларын ұрпаққа беруді аңсаған едік.

Жас жеткіншектерді халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге, құрметтеуге үйретуге – міндеттіміз. Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында, ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесінде бала, ұрпақ, жастар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр. Мыңжылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында, тұрмыс-тіршілікте батырлық пен батылдыққа, әділдік пен адамдыққа, махаббат пен ізгілікке, инабаттылық пен имандылыққа үздіксіз тәрбиелеп отырған. Бұрын ата-әже тәрбиесіне көп көңіл бөлініп, баланы отбасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген.

Халық педагогикасының имандылыққа, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан балаларды кіндік қан тамған жерінің қасиетті тарихы мен мәдениеті және тілін, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен таныстыра отырып, рухани жоғары деңгейде тәрбиелеу ұлы мақсаттардың бірі болмақ.

Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адалдыққа, әділдікке үндеп отырған. Бұл ретте ғасырлар бойы сұрыпталып, әр түрлі

сыннан өткен салт-дәстүрлерімізді педагогикалық әдіс-тәсіл ретінде пайдаланамыз. Сол арқылы ұстаздық шығармашылықты жетілдіре түсеміз. Халық педагогикасы үнемі даму үстінде.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнер-білім меңгеруге, еңбек етуге, ауыл-аймақтың, өз Отанның ар-намысын қорғауға, адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады.

«Болашақ бүгіннен басталады» демекші, сол болашақтың адамдары қай жағаның болса да тамаша адам болуы тиіс. Олар әр жақты келісті адам болуы керек. Ол тек еңбекқор, адал, білімді, көп оқыған, ақылды болып қана қоймай, сонымен бірге тәрбиелі, көркем де әсем болуы қажет. Қазақ халқы әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттердің бірі деп санайтын халық. Сол үшін де өмірдің жарқын сипатын, сұлу-сипатын, моральдік қасиетін үнемі басшылыққа алу керек. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшелігі болатын секілді, қазақ халқының да сан ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі қалыптасқан.

Жас ұрпаққа ізгі тәрбиелерді қалыптастыруда ғұлама ғалымдар, шешендер мен билер, ақын-жыраулар, сал-серілердің өзіндік сара жолдарының болғаны, олардың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой пікірлерін, өнегелі істері бүгінгі ұрпақтың рухани, мәдени жетілуіне саналы, білімді де мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізетіндігі даусыз. Бүгінгі адамның өмірі мен әрекетінде ұлттық эстетика тәрбие ар-намыссыз тіршілік етуге болмайтындығы шындық. Сондықтан жас ұрпақтың тәрбиесі ұлттық-халықтық педагогиканың қажеттігін туғызып, дамыту және қалыптастыру әлеуметтік сұранысқа айналуы қажет.

Халықтық педагогика – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат қазына дейтін болсақ, оқушыларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оны оқушы ойына ұялату арқылы ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың басты мәселесі. Сондықтан еліміздің болашағын тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып отырған ұстаздар. Студенттердің санасына терең бойлату үшін күнделікті сабақта тиімді пайдаға асыра білу өте қажет. Мысалы, барлық сыныптарда халық ауыз әдебиеті тарауы беріледі, ал халық ауыз әдебиетін оқытудың өзі халықтық педагогика. Қазақ халқының тәлімдік мәні, ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Бүгінгі жастар ертеңгі болашақ. Сол болашағымыз халықтық педагогиканы бойын сіңірген бәсекеге қабілетті маман, әрі жеке тұлға болып қалыптасса ертеңіміз баянды болар.

Сонымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын арттыруға болады деген қорытындыға келдік.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. – Астана, 2010.
2. Ғарифолла Е. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2000.

**Смагулова М. А.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ. Семей қ.

Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты,

### **ЖОО СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының қабылдануына байланысты Қазақстан ғылымы мен білім беру жүйесі өзінің жаңа даму кезеңін және жаңару үрдісін басынан кешіруде. Білім берудің ең негізгі, өзекті мәселесі адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру. Сондықтан бүгінгі білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заман талабына сай анықталуы керек. Өзге мемлекеттер тәрізді Қазақстан да әлемдік өркениеттер қатарынан лайықты орынды иеленуге ұмтылуы қажет екендігі белгілі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бірінші кезекте тілдік-мәдени білім деңгейін кәсіби қызметінде креативті жүзеге асыра алатын қазақ тілінде кәсіби қарым-қатынастық құзыреттілігі бар мамандарды даярлауды оңтайландыру мәселесі тұр.

Қоғамда жаңа экономикалық жағдайда еліміздің өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Білім мазмұнының ұлттық негізде берілуі мен оқытудың жаңа міндеттері және озат тәжірибелердің жинақталуынан білім беру креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Мұндағы ең басты талаптардың бірі: білім беруді дамытудың жаңа бағдары – инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуы.

Қазіргі таңда қоғамдағы болып жатқан өзгерістер ең алдымен білім берудің жаңа бағыттарын, әдіс-тәсілдерін айқындауды алға тартып отыр. Қоғамның қай саласы болмасын мамандардан өз кәсібіне сай терең білімімен қатар оның бойынан күрделі мәселелерді шешудегі ерекше қабілеттілік, тапқырлық, шығармашылық қасиеттер талап етілуде. Жоғары оқу орындарындағы жүргізіліп жатқан бетбұрыстар мамандарды даярлауда білім сапасының әлемдік стандарт талаптарына сай келуін басты бағыт етіп алуда.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Білім сапасының артуы бүгінгі таңда білім берудегі кредиттік жүйенің енгізілуімен, оқылатын пәндердің көлемі мен мазмұнының өзгеруімен, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру жолдарымен жүзеге асуда.

Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе креативтіліктің құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады: аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерде тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисынды ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру, т.б.

Креативтілік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады.

Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Демек, инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы.

Ғылым мен техниканың шарықтаған заманында өмірге икемді, әр салада өзін таныта білетін, тыңнан жол таба алатын белсенді ұрпақ жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту арқылы креативтілігін қалыптастыру негізінде қаланады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Богоявленская Д.Б. Психология усвоения знаний в школе. М., 1989. 244 с.
2. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004. 560 б.
3. Гартунг Т.А. Развитие креативности подростков средствами дисциплин гуманитарного цикла. Автореф. дис. к. пед. н. Тюмень, 2008.23 с.
4. Гарунов М. Развитие творческой самостоятельности специалиста // Высшее образование в России. – 1998. – № 4. – С. 83-87.
5. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004.

**Сыдыққызы Г.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Педагогика және психология  
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.

## **БОЛАШАҚ МАМАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

«Білімді ұрпақ–жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі» жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейі психологтардың ауқымды жұмыс істейтін құрылымдары болып саналады. Алайда, бұл құрылымдарды зерттеуге қатысты еңбектердің көбінде өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейі арасындағы байланыс сипатына аса көңіл бөлінбейді. Өзін-өзі бағалау талаптану деңгейіне теңестіріліп немесе оның көрінісі ретінде қарастырылып, зерттеушілер талаптану деңгейін өлшеудің тәсілдерін өзін-өзі бағалау диагностикасында қолданды. Талаптану деңгейінің мұндай көрсеткіштерін пайдалану аталған құрылымдар деңгейіндегі келіспеушіліктердің сипатын көрсетті. Өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейінің жоғары көрсеткіштері өзара үйлесімдік тапқан кезде, қалыпты тұлға қалыптасатыны анықталды, ал деңгейлері үйлеспеушілікке ұшыраса, ішкі жайсыздық орын алады.

Өзін-өзі бағалау мәселесі гуманистикалық шеңберінде де қарастырылады. Роджерстің ойынша өзін-өзі бағалауда адамның негізі айқын көрінеді. Роджерс осы мәселені арнайы зерттеп ақиқатты және идеалды –мен|| арасындағы байланысы неғұрлым тығыз болса, соғырлым адамның іс-әрекеті тиімді болады деп,- дәлелдеген. Егерде ақиқатты және идеалды –мен|| арасы неғұрлым алшақтаса, адам өзін-өзі төмен бағалай бастайды, мұндай жағдайлар көбінесе жүйке жүйесі зақымдалғандарда жиі кездеседі. К. Роджерс, өзін-өзі бағалау барабар түрде болумен қатар, иілгіш және жағдайға байланысты өзгеріп отыруы тиіс деп, белгілеген.

Психологиялық тұрғыда өзін-өзі бағалау – индивидтің өзін толығымен және өзінің тұлғасының, іс-әрекетінің, мінез-құлығының жеке жақтарына үлестіретін, маңыздылық, бағалық ретінде анықталады. Өзін-өзі бағалау –

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

біршама тұрақты құрамды құру, өзін-өзі танудың, –Мен концепциясының құрамы және өзін-өзі бағалау үрдісі түрінде көрінеді. Өзін-өзі бағалау негізіне – индивидтің жекелік мағынасының жүйесі және онымен қабылданған құндылықтардың жүйесі ретінде кіреді. Ол –Мен концепциясының орталық құрамы және орталық жеке құрылым түрінде көріну формасы ретінде анықтама, ал басқалары – адамның өзінің күштері мен мүмкіндіктерін бағалау, кез-келген мақсатты өз алдына қою біліктілігі, өзіне деген қатынасы түрінде, адамдардың қарым-қатынасының көп бейнелі субъективті біріктіру түрінде қарастырады.

Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, адамның тұлғасы өзінің енген қарым – қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық – тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс - әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез – құлық пен іс - әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым – қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты екені мәлім. Сонымен қатар, тұлғаның дамуында негізгі болып нақтылы тарихи орта саналады. Тұлғаның дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Л.С. Выготскийдің: « Баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие...» - деген пікірі осыған негізделеді. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, баланың тұлғалық дамуы, оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты.

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті.

Г.И. Аксенова кәсіби дайындықтың белгілеріне нұсқап, оның тұтастығын, өзгерістерін, кезеңдік ұйымдарын сипаттайды. Дайындық басқа да қызмет сияқты толық бағдарламаны мақсат етеді. Дайындықтың мақсаттарының арасында, қызмет сияқты, әр түрлі деңгейде ашылатын: мотивациялық дамудың дайындығы; маңызды дайындықтың толықтығы; ұсталықтың дамуы ерекшеленіп ажыратылады. Осыдан автор мындай қорытындығы келеді «кез-келген қызмет түріне дайындық өзіне сену, көзқарас, қарым-қатынас, мотив (түрткі), сезім, еркіндік, интеллектуалдық сапа, білім, дағды, тұлғалық ерекшеліктер, белгілі тәртіпті қамтиды».

Ақырында даярлық сияқты дайындықтың нәтижесінде құрылымын айқындауда мыналарға акцент жасалады: мотивациялық компонент (сендіру, көзқарастар, қарым-қатынастар, түрткілер, белгілі тәртіптер); жекелік (сезімдер, жігерлі және интеллектуалды сапалар); мазмұнды (білім); процессуалды



(ұсталық және дағдылар). В.С. Ильина және Г.С. Садчиковтың теорияларына сүйене келе Л.Ф. Жеребятьева, мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын оятушылық (мотивациялық) және орындаушылық (процессуалды) құралымдары арқылы анықтайды

Л.В. Нечаева өзінің жұмыстарында «кәсіпқой-маманның құралымдық мәселелерін қарастыра, оның интегралды үзілісті жүйесін кәсіби педагогикалық тұлғаның бағытылығын қоса, теориялық қаруларын, сонымен қатар кәсіби мәнді ұсталық бірлескен қызметті қажет», -деп санайды.

Сонымен даярлық процесінің негізінде тұлғаның күйі айқындалып және де оның құрылымында тұлғаның бағыттылығы, теоритикалық білімі, кәсіби білігі ажыратылады. Экперименталды жұмыстардың логикасы тәслдердің сипаттамасын, кәсіпқой тұлға күйінің құралымын қамтиды. Мұндай дайындықтың 3 кезеңі ерекшеленеді:

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.
2. Маклаков А.Г. Общая психология. -СПБ., 2004.
3. Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.
4. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. -М., 1973.

#### **Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент  
**Маратқызы Ж.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

### **ТҰЛҒАНЫ ӘСЕМДІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезініп, одан рухани ләззат алуға бағытталған бейнелеу өнері «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Мүсіндеу», «Өнертану», «Көркем еңбек» салалары бойынша жүргізіледі, осы әрбір сала бойынша сабақтарда халықтың салт-дәстүрлері негізінде эстетикалық тәрбие берілсе, бір жағының оқушының талғамы, сезімі мен әсемділікті түсіну қабілеті артса, екінші жағынан оқушы ата-баба салт-дәстүрлері негізінде тәлім-тәрбие алады.

Халқымыздың салт-дәстүрлерінің түрлерінен білім ала отырып, бұрын ата-бабамыздың әсемділікті, әдемілікті қалай бағалағандары, талғамдары мен жоғарғы эстетикалық сезімдерінің қаншалықты дамығандары туралы түсініктер алады. Ал, бейнелеу өнерінің міндеті бізді қоршаған заттар мен құбылыстардың көрінісін, кескінін, түрін нақтылы суреттеуге, мүсіндеуге және композициясын құруды үйретеді.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықлас білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім [3].

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы.

Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды [1]. Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

- Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;
- Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бала бақшалардағы көркемдік-эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет.

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысында тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны жан- жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдыменөзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады [2].

Оқушыны әсемдікке тәрбиелеудің, жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызмет те бар. Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады. Оқушы өнегелігінің әсемдігі, оның жан дүниесінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді. Оқушылар алдында ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, оның еңбегін тартымды етеді және еңбек іс-

әрекетінің үрдісін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның өмірлік көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен үрдісін танымай саналы тәртіп пен мінез құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ, әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Мектеп оқушыны әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйреніп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен талпынысын тәрбиелейді.

Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Мектеп оқушыны әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әр бір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады.

Бастауыш сынып оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай

білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие. Әдітемелік нұсқау. – Алматы, 1990.
2. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990.
3. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық тәрбие негіздері.13 Дәріс. – Алматы, 1991.

### **Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

### **Садуаева А.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қаласы

### **КӘСІБИ МҰҒАЛІМ ДАЙЫНДАУ**

Бүгінгі таңда жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың деңгейі- білім көрсеткішімен өлшенеді. Сол себепті де әлемдік білім кеңістігінде өз деңгейімізді көрсетіп, халықаралық биіктікке білім деңгейімізді көтеру, көрсету күттірмейтін өзекті мәселе. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деп айтуының өзінен де қорытсақ болады. Бұл мәселенің шешімінің барлығы педагог мамандарының қолында. Елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын азамат пен азаматшалардың барлығы педагог мамандарының тәрбиесінен, білімінен сусындайды. Тәрбие беру – ұлы міндет. Бұл міндетті атқаратындар – педагог мамандары. Педагог мамандарының басты құралы - сабақпен сабақтастық тапқан, білім мен тәрбиенің жүйесі. Педагог ол білім ордасының жүрегі. Ол алдымен қазіргі таңда білім ордаларына ең керегі – білімді, әдістемелік қабілеті мол, шығармашылықты оқыта алатын педагог болғандықтан, жоғары оқу орнында оның кәсіби қалыптасуы, жетілуі сонымен қатар біліммен қарулануы өтеді. Болашақ педагог мәдениетінің жоғары деңгейде болуы, оның білімділік мүмкіндігінің, ой-өрісінің ауқымды біртұтас педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыруға әсер ететіні белгілі.

Педагог мамандығы негізінен түрлі қызметтерге жіктеледі, оларға сай жалпы қызметтік мінездің ерекшелігін, яғни өнегелі қоғамдағы оқу-тәрбие ісінің зияткерлігінен, шығармашылығынан туындайтынын ескеруіміз міндетті.

Әдіскер педагог өзінің жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп қана қоймай, басқалардан өзіне тәжірибелерді игеріп, өзгелермен бөлісу керек; оқу - әдіскерлік проблемаларды танып, талдама жасайды; алуан түрлі әдіскерлік

жұмыстарды тиімді тұтастыра білуі керек, бұл жас педагогтардың өзін - өзі дамытуына көмек береді.

Педагогтың кәсіби сана-сезімі – кәсіпқой ретінде өзін, ісәрекет пен педагогикалық қатынаста көрініс табатын өзінің тұлғалық ерекшеліктерін ұғынуы. Кәсіби сана-сезім жалпы алғанда сана-сезіммен ортақ қасиеттерге, белгілерге де, өзінің спецификасына да ие. Ортақ белгілер, жалпы алғандағы сана-сезім секілді, кәсіби сана-сезімнің өзінің құрылымына өзін-өзі тануды, эмоциялық-құндылық қатынасты, өзін-өзі бағалауды, өзін-өзі реттеуді және өзін-өзі бақылауды қосатындығымен анықталады, мұнда сонымен қатар сәйкестендіру және рефлексия механизмдері де міндет атқарады.

Ал педагогикалық такт — оқушылармен қарым-қатынаста педагогтың өнеге құралдарын тиімді пайдалана білуі. Педагогикалық такт адамгершілік қағидасына негізделеді. Оның мәні баланың рухани дүниесіне педагогтың әсер ете білуінде. Педагогикалық тактіні жақсы меңгерген педагог қолданылған тәрбие құралының күтпеген нәтиже беретінін де ескереді. Мысалы, ұжымның ықпалы тиімді пайдаланылмаса баланың белсенділігін, бастамашылдығын дамыту құралы болудың орнына, олардың дербестігін шектеуге, достық көңілдегі әңгіме, мадақтау, күдік пен сенімсіздіктің дамуына себеп болады. Педагог тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста туындайтын қиыншылықтарды алдын-ала болжап, оны болдырмаудың жолын таба білуге тиіс.

Педагог позициясы – интеллектуальды, ерік, эмоционалды-бағалы қатынастардың қоршаған ортаға, педагогикалық шындыққа, педагогикалық іс-әрекетке қатынастарының жүйесі. Ол бір жағынан, қоғам қоятын талаптардан көрінсе, екінші жағынан, белсенділік сапаларынан – педагогтың мотив, мақсат, бағалы құндылықтары, дүниеге көзқарасы, мұраты арқылы көрінеді.

Педагогтың әлеуметтік позициясы жалпы білім беретін мектепте қалыптасқан пікір, түсінік, бағалы құндылықтары жүйесінен туындайды. Кәсіби даярлық негізінде оларда педагогикалық мамандыққа, мақсатқа, педагогикалық іс-әрекет құралдарына деген мотивациялық-бағалы қатынас қалыптасады.

Нарық жағдайындағы педагог мамандарына қойылатын негізгі талаптар : бәсекеге қабілеттілігінде, білім беру сапасының деңгейі жоғары болуында, кәсіби шеберлігінде, әдістемелік жұмыстағы шеберліктері. Осы айтылғандардың барлығын жинақтай келе, жаңа формация педагогі – рефлексияға өте қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға әрқашан талпынатын зерттеушілік, әдіснамалық, дидактикалық - әлеуметтік тұлғалы, әдістемелік, коммуникативтілік және тағы басқа да құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қазіргі маман ЖОО-да меңгерген өз білімін кең әрі саналы қолдана алуы керек, үздіксіз жаңартылып отыратын жүйеге жылдам бейімделе алуға мүмкіндік беретін кәсіби ұтқырлы және кәсіби әрекетте өзін жетілдіру мен өзіндік ізденуге қабілетті болуы маңызды.

Білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін технологиялар мен әдістемелік тәсілдер жиынтығына негіздеп, келесі мүмкіндіктерді шешуге бағытталады:

- Кәсіби әрекеттің психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық мазмұны негізінде білімгерлердің көзқарас жүйесін қалыптастыру;

- Педагогикалық кәсіби қабілетті сәтті іске асыратын біліктілік пен дағды қалыптастыру;

- Болашақ кәсіби әрекетінің құрылымы мен мазмұнын түйсіну, өзін болашақ педагог ретінде көру;

- Оқу-кәсіби әрекетке жағымды қатынас қалыптастырып, кәсіби өсуге бағдарлану.

Кәсіби мұғалім дайындау үшін нағыз педагогикалық, білімді-педагогикалық бір бүтін болуы қажет және де педагогикалық квадраттың толықтай мазмұнына ие болуы қажет. Сонымен, **білім беру, дамыту, тәрбие беру, оқыту** болып саналады. Бұл тек білім беру мекемесінің талаптарына ғана тиісті емес, сонымен қатар әрбір оқу тобына, цикліне, факультетке, кафедраға, оқытушыға, студентке, тыңдаушыға және олардың тікелей іс-әрекеттеріне байланысты.

Сонымен, білім беру ұйымдарындағы мұғалімнің кәсіби әлеуетті арттыру төмендегідей жүзеге асады:

- оқыту мен оқытуға жетекшілік;

- кәсіби әрекетін стратегиялық жоспарлау және болжау салаларында түйінді құзыреттіліктер қалыптастыру;

- жеке тұлға ретінде және кәсіби тұрғыдан өзін өзі жетілдіру;

- оқушылар, ата аналармен және жалпы жұртшылықпен бірлесіп жұмыс істеу, қоғамдастық құру жөніндегі тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру.

Осы мәселеге байланысты алдағы кезеңдегі жұмыс барысы нақтыланды:

- Мұғалімдердің кәсіби деңгейін үздіксіз дамытып отыру, оқушылардың білім алуға және өмірде дағдыларын тиімді қолданудағы кедергілерін жоюға мүмкіндіктерін арттыру.

- Сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулін оқу-тәрбие үдерісіне енгізе отырып, оқушы білімін әділ бағалау жүйесін жетілдіру.

- Мұғалімдер тәжірибесіне оқытудың сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулін әр мұғалімнің тәжірибесіне енгізіп, оқу деңгейінің нәтижелілігін жүйелі түрде дамыта отырып, әрбір оқушының үлгерімін назарда ұстау, критериялды бағалауды тиімді қолдану.

- Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орната отырып, қоғамдық пікір назарда болып отырады.

Ең алдымен, оқушылардың мүддесін қарастыру көзделуі тиіс. Қазіргі оқушы – жаңа заманның жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, кез - келген өзгерістерге байланысты шешім қабылдай алатын білікті азаматы. Сол себепті, мектеп оқушыларының пікірін біліп отыру үшін кері байланстың маңызы зор болды. Олар көтеріп отырған мәселесінің мағынасы терең. Мұғалім мен оқушы арасында ашық қарым- қатынас орнамайынша, оқушы да өз

тарапынан мұғалім жұмысына сын тұрғысынан баға бермейінше, оқушының білімі мен дағдысы әділ бағаланбайынша, өзара сенімге негізделген оқыту жүйесіне қол жеткізу мүмкін болмайды.

Қорытындылай келе, Болашақтың бәсекесіне сай, қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласындағы ең басты мақсаттың бірі. Соған сәйкес педагог - нәзік психолог, ізденімпаз ғалым, тынымсыз еңбеккер, ортаның берекесі, жан-жақты дамыған шебері, терең қазыналы білімпазы, белсенді патриот, гуманист болуы заманның басты талабы. Әрбір педагог - ХХІ ғасыр педагогына сай болуы үшін ол – ізденімпаз ғалым, жан-жақты қалыптасқан және дамыған шебер, тынымсыз еңбек ететін, терең қазыналы білімді, барлық ортаның ұйытқысы болуы қажет. Педагог – бүгінгі күннің сұранысына сәйкес келетін жаңашыл мұғалім болуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://www.inform.kz/kz/pedagog-martebesituraly-zannynmatini-zharyk-kordia3600065>
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 27.08.2007ж.
3. Д.Хопкинс (2005) «Трансформациялық оқу арқылы көшбасшылыққа», - Басшыға арналған нұсқаулық, 11-б.
4. Поташник М.М. Оптимизация управления школой. -М.:Знание,1991. - 62 с.

### **Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

### **Садуева А.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қаласы

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ**

Бүгінде тәуелсіз еліміз - ұлттық білім берудің өзіндік жүйесі мен үлгісі және сапасын қамтамасыз ететін заманауи үдерістерді, технологияларды ескере отырып, болашақтағы даму мүмкіндіктерін айқындауда. Қазақстанның егемен мемлекет ретінде, Лиссабон декларациясына қол қоюы мен Болон үдерісіне қатысуы және т.б. әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзіндік орнын көрсетеді. Бұл жағдай жоғары білім берудегі сапа мен технологиялық жетістіктерді анықтайтын

мемлекетіміздің әлеуметтік-мәдени қызығушылықтары мен білімденудің жаһандық үдерістерін ескере отырып, жоғары білім беру жүйесін қарқынды дамытуды жолға қоюда.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның даяр болу феномені туралы теориялық және практикалық материалдар жинақталған. Оларда «дайындық» ұғымы тұжырымдалып, оның мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



және көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы мен тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалды. Жалпы кәсіби іс-әрекетке даярлық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырылады; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа ретінде; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде сипатталады.

Осы орайда, жоғары педагогикалық оқу орны түлектерінің тек кәсіби күзіреттіліктерді ғана игеріп қоймай, сонымен қатар бәсекеге қабілетті болуы, яғни бақталастық жағдайында меңгерген теориялық білімдері мен білік, дағыларын жүзеге асыра алуға даяр болуы аса маңызды. Бұл ретте, «дайындық», «даярлық», «даяр болу», ұғымдарының мәнін ашу қажеттілігі туындайды. Сөздіктерде «дайындық» сөзі әр түрлі мағынада беріледі: «жағдай», «бір нәрсеге дайындық»; «бір нәрсеге бел буу»; «бір нәрсені пайдалануға жарамды күйге әкелу»; «бір нәрсе жасауға қадам жасау» т.с.с.

Жоғары өнімділік дәрежедегі іс-әрекетке «дайындық» немесе «даяр болу» ұғымын Б.Г. Ананьев «қабілеттердің көрініс беруі» деп [1]. В.А.Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі деп таниды [2]. Профессор С.И.Архангельскийдің пікірінше, педагогтың ұстаздық әрекетке «даяр» болуы оның өз пәнін шебер жүргізе алуында, оқу ақпаратын ұғынықты жеткізе білуінде, оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята алуында, өзінің еңбекқорлығы, табандылығы, педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігінде көрінеді [3].

Айтылған пікірлерде педагогтың кәсіби әрекетке дайындығын көрсететін негізгі сапалар айқындалған деп санаймыз және олардың біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық.

Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігіне көз жеткіздік.

Белгілі бір әрекетті орындауға «даяр болу» ұғымының өте кең тарағанына қарамастан, психологиялық педагогикалық интерпретациясы әралуан. Бір жағынан даяр болу әрекетті табысты орындаудың шарты, өз практикасына сүйеніп мәселені шешудегі тұлғаның белсенділігі, өзін - өзі жүзеге асыруы, әрекеттің алғышарты әрі реттеушісі ретінде, екінші жағынан – даяр болу тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, «кешенді сапасы», «жүйеленген сапалар жиынтығы» ретінде анықталады. Л.М. Осиновская «педагогикалық әрекетке даяр болуды», төмендегі төрт компоненттен тұрады деп есептейді:

- ✚ тұлғалық даярлық компоненті - педагогтың өз өмірлік бейнесін ұғынуы, өзі таңдаған өмір жолына сәйкес өзінің нақты бағдарламасын құра алуы, білім беру барысындағы жағдаяттарды шеше алуы;
- апперцептивті-аксиологиялық компонент – педагогтың қоршаған

әлемнің құндылық мағынасын айқындай алуы;

- когнитивтік компонент - педагогикалық, психологиялық білімдер мен біліктер жүйесінен құралған теориялық дайындығының болуы;



кәсіби педагогикалық даяр болудың төртінші компоненті – -

ұйымдастырушылық - педагогтың білім алушыларды белсенді әрекетке тарта алу біліктерінің болуы [4]. Ғалымның пікіріндегі көрсетілген компоненттер бәсекеге қабілетті педагогтарды сипаттауда басшылыққа алатын идеялар деп санаймыз.

Педагог - бала жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласудан жалықпайтын және осындай қарым-қатынастың өзіне сүйсіне алатын адам. Мұғалімнің балаға деген сүйіспеншілігі оның бойындағы барлық қасиеттерді ауыстыра алмайды, қайта басқа қасиеттердің айқын көрінуіне негіз болады. Мұғалімнің балаға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы балада да мұғалімге деген сыйластық сезімін тудырады. Сондықтан мұғалімнің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы, оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды.

Қазіргі уақытта жоғары дәрежеде білім беру қоғамның талаптарын қанағаттандырудың біршама жүйесін қарастырып отыр, яғни білімді және ғылымды сонымен қатар өндірісті интеграциялау түрі ретінде де ғылыми оқу-өндірістік кешендерін құру; білім беруде және студенттің еңбегін дараландыруда, білім мен тәрбие беруді ізгілендіруде; педагогтардың кәсіби даярлығына жоғары деңгейде талап қоюда сондай-ақ жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды даярлау мен олардың кәсіби деңгейін дамытуда педагогикалық жаңа технологиялар негізінде көтеру. Бұл дағдылар әлемнің түрлі елдерінде өздерінің ұлттық ерекшелігіне байланысты сонымен қатар экономикалық жағдайына да, білім беру жүйесінің дәстүрлеріне де қарай әртүрлі деңгейде көрінеді.

Жаңа педагогикалық технологиялар қолдана отырып, болашақ педагог мамандарының кәсіби - бағыттылығын қалыптастыруды теориялық-әдістемелік тұрғысынан негіздеу, оны ғылыми-әдістемелік нұсқаулар негізінде дамыту керек. Егерде, болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылықты бойына қалыптастыратын педагогикалық технологияның мәнін және мазмұнын теориялық жағынан айқындап, моделін жасаса сонымен қатар педагогикалық жүйені ұсынып тәжірибеге ендіріп, бүгінгі қоғамға қызмет көрсететін білімді де білікті сондай - ақ бәсекеге қабілетті педагог мамандары дайындалады, себебі бұл қазіргі таңдағы білім беру саласындағы қоғамдық сұраныстардың бірі.

#### **Болашақ педагогтың міндеттері:**

- болашақ педагог мамандарын кәсіби дайындаудағы жаңа педагогикалық технологияның мәнін және мазмұнын теориялық тұрғысынан негіздеу;

- болашақ педагогтың кәсіби бағыттылықты қалыптастыру моделін жасау, өлшемдерін, көрсеткіштерін сонымен қатар деңгейлерін анықтау;

- болашақ педагог мамандарының кәсіби бағыттылықты қалыптастырудағы педагогикалық практиканың мүмкіндігін көрсету, дәлелдеу;
- жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып болашақ педагогтың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жүйесін құру;
- ұсынылған әдістемелік жүйені қорытып тәжірибелік-экспериментте тексеріп және оны тәжірибеге енгізу.

Болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыра отырып жаңа технологияларды пайдалану арқылы қазіргі заманғы талапқа сәйкес білікті мамандардың даярлығын жетілдіреді. Сонымен қатар білім беру процесінде қолданылатын реформалар мен қазіргі білімнің тұлғалық-бағдарлы оқытуға бет бұруы болашақ педагог мамандарының кәсіби бағыттылығының даярлығына жаңа талаптары қойылады. Білім беру процесінің дамуы қазіргі кезеңдегі жаңа парадигмаға өтудің негізгі жолдарын қарастырумен, қорыта айтсақ білім берудің жаңа мақсат жетістіктерімен тікелей байланысты.

Осы айтылғандарға орай, болашақ педагогтың кәсіби тұрғыдан өзін айқындауы олардың еңбек нарығында бәсекелестік қабілетін қалыптастыра білуге, кәсіби мақсатын іске асырып, өз қызметінің нәтижесін талдай білуге мүмкіндік береді деген өз ойымызды қосқымыз келеді. Жоғары оқу орынының қызметі болашақ педагогты кәсіби әрекетке мақсатты даярлаумен қоса педагогикалық шығармашылық қызметке әзір болуға дайындаумен тікелей астасып жатуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени, әдіснамалық, әдістемелік пәндерді меңгеру арқылы қамтамасыз етіледі. Мамандықты меңгеру барысында олардың ішкі ашылмаған мүмкіндіктері іске қосылып, жаңашыл педагог болуға қажетті таланттары, қабілеттері жетіледі.

Қазіргі заман бәсекеге қабілетті болашақ педагог қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі - жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін болашақ педагог табиғат, қоғам, саясат, өнер, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы керек. Педагог еңбегінің нәтижелілігінің басты көрсеткіші - баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болғандықтан, болашақ педагог шәкіртінің даму, тәрбиелену заңдылықтарын жете біліп, оның ішкі жан дүниесін сезіне алуына арнайы үйренуі керек.

Қорыта келгенде, болашақ педагогтардың кәсіби даярлау негізінде дамыту мәселесіне жүргізілген зерттеу жұмысы өз мақсат міндеттерін толық атқарып, нәтижелер алынды деп есептей отырып, жоғары оқу орындарында кеңінен шығармашылықпен қолдануға болады деп санаймыз. Қарастырылып отырған зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан, толығымен шешімі табылды деп айтуға болмайды. Келешекте кәсіби білім алу барысында болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, жетілдірудің басқа да инновациялық жолдары өз алдына жеке зерттеуді талап етеді.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки // Изб. Психол. труды. – М., 1980. – Т.2. – С. 123-268.
2. Крутецкий, В.А. Вопросы псих.и способностей - М.: Просв, 1989. - 253 с.
3. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. - М.: Высш. Школа, 1980. - 368 с.
4. Осинская Л.М. Образ жизни школьника как объект гуманистического воспитания в системе профессиональной подготовки педагога: автореф.... канд.пед.наук:13.00.08.–Москва,2003.-32с.
5. В.П.Беспалько Слагаемые педагогической технологии. Педагогика, 1989.- 190б.

**Сансызбаева Г.П.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, магистрант, Семей қ.

## **АВТОРДЫҢ КӨРКЕМ МӘТІН ІШІНДЕ ӘНГІМЕЛЕУДІ ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ**

Жазба мәтіннің қай түрінде де, соның ішінде көркем прозамәтінде негізгі ой дамытылып, ол баяндау барысында ашылады. Орталық ойдың тарқатылу шеңбері, оның ізбе-ізділігі мәтіннің композициялық құрылымын анықтайды.

А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көркем баяндау типтері туралы былай дейді: «Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлері үшеу : 1)әуезе 2) әліптеу 3)пайымдау.

Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға тұрпатын кескіні көркін айтып пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы, жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, пайымдап сөйлейміз. Осыған орай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады.

...Көбінесе-ақ әуезе, әліптеме, пайымдама шығарма ішінде аралас келіп отырады...»[1, 178].

А.Байтұрсынов бұл жерде әуезе, әліптеме, пайымдама деп, қазіргі теориядағы әнгімелеу (хабарлау), суреттеу (сипаттау), ойталқы (өзіндік пікір, тұжырым) дегенді айтып отыр.

Баяндау түрлеріне жалпы ғылыми тұрғыдан сипаттама беру орыс және шет ел ғалымдары тарапынан біршама шешімдерін тапқан мәселе екенін қазақ лингвостилистері мойындап, өздерінің лингвостилистикалық талдауларында кеңінен қолдануда.

Тілдік формалар жазушы пайдаланатын тілдік материалға осындай реттеушілік сапалар береді. Тілдік формалардың негізінде шындықты қабылдап, бейнелеудің әртүрлі тәсілдері жатады. Осыларды жазушы шығармасындағы баяндау өрімінде пайдаланады. Көркем шығармадағы тілдік формалардың негізінде қалыптасқан баяндаудың түрлері мыналар: әңгімелеу, суреттеу, ойталқы.

Әңгімелеу- көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті те, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелеудің формалық құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе - ізділігі, құбылыстардың бірін - бірі ауыстыруы құрайды. Осы мазмұн әңгімелеудің синтаксистік құрылысын ұйымдастырып, сөйлемдердің арасындағы байланыстардың белгілі бір түрін, атап айтқанда, іліктестік байланысты алдыңғы орынға шығарады. Оқиғалар бірін - бірі толықтырып, дамытып, динамикалы баяндау үстемдік құрады. Ондай баяндаудың негізгі тұлғасы - өткен шақ, ауыспалы шақ формалары, олар бірін - бірі ауыстырып отырады. Әңгімелеу мәтіндері синтаксистік құрылымы жағынан басқа мәтін түрлеріне ұқсамайды. Оның лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігі әр автордың сөз баяндаудағы стиліне өзінше реңк береді.

Көркем мәтінде кез келген автор әңгімелеуді шебер қолданады деп айтуға болмас. Көркем шығарма негізінен көркемдікті суреттеуге құрылатындықтан, онда суреттеу мәтіндері басым болып жататындығы заңды құбылыс.

Тіпті қазақ әдебиетінде тек суреттеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем туындылар бары белгілі. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Қырдағы сурет» әңгімесі осының жарқын үлгісі бола алады.

Сол сияқты тек әңгімелеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем шығармаларды атауға болады. Көркем туындылардың ішінде ертегі, мысал жанрындағы шығармаларда әңгімелеу мәтіндері басым болып жатады. Себебі кішкентай оқырмандарға арналған бұл шағын жанр шығармаларында оқиғаның, ойдың бірізділігі қатаң сақталады да, оқушының өзіне оңай ілестіріп отырады. Мысалы: 1) Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. 2) олардың үш баласы, бес ешкісі болыпты. 3) Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен арқалап кетіпті. 4) Келе жатса бір өнерші байдікіне келеді. 5) Бұл байға өнер үйренуге ол жігір жалданыпты (Ы.Алтынсарин «Тазша бала» ертегісінен). Осындағы сөйлемдердің өзара тізбектік байланысы

кең ауқымды баяндауларда баяншының бірнеше типтері болады.

- 1) 3-жақтағы жеке тұлғадағы баяншы.;
- 2) 1-ші жақтағы «мен» тұлғасындағы баяншы.
- 3) Арнайы баяншы.

**3-жақтағы жеке тұлғадағы баяншы** - бейнелеуші субъект, сондықтан оның тілі бейнелеудің құралы болады да, баяндау жазба әдеби тіл үлгісіне ұқсайды. Бұл баяншы шығармада баяндалатын әлемнен тыс тұрады және

оның белгілену дәрежесі әртүрлі болады. Олардың бірі баяндауды объективті жүргізеді, ол өзін ешқандай жағдайда көрсетпеуге тырысады.

**1-ші жақтағы субъективті баяншы** уақиғалардың ішінде жүреді, оған қатысушы, көбірек дараланған, эмоциялық бояуы ашық, әсерлі,

субъективті сипаттау емес, бейнелеуші кейіпкер тілі, сондықтан баяндауы қарапайым келеді, айтушының не баяндаушы автордың болмысты өз танымы тұрғысынан түсінуін көрсетеді.

**Арнайы баяншы**-оны аралық сатыдағы баяндау типі деп те атауға болады. Бұл әсіресе объективті сипаттау, баяншы - бейнелеуші субъект те, яғни жазушы бола алады, айналаны қабылдауы авторлық жеке көзқарасқа байланысты.

Көркем әдебиет тілінің теориясы туралы ой тұжырымдағанда, ғалым Б.Шалабай [2, 96] прозалық шығармадағы баяндаушыны композициялық үш типке бөледі. Олар: үшінші жақ («ол») формасындағы әңгімелеуші автор, бірінші жақтағы («мен») әңгімелеуші және «арнайы»әңгімелеуші (бұл не шығарманың кейіпкері, не белгілі бір атқа ие әңгімелеуші) .

Зерттеуші үшінші жақтағы әңгімелеушінің оқиғадан тыс тұратынын, объективті сөйлейтінін, арасында тек түсініктер беріп отыратынын ескертеді. Бұған қоса кей жағдайда ғана әңгімеге қандай да бір жолдармен қатынасып, авторлық шегіністерінде сол суреттеліп отырған қоғамдық мәселеге көзқарасын білдіріп отыратынын, сол арқылы автордың рухани әлемі, оның саяси, әлеуметтік мәселелерге көзқарасы байқалып қалатынын айтады.

«Үшінші жақтағы автор -әңгімелеуші өзі туралы ешқандай мәлімет бермесе де, оның бар екені ешуақытта жоққа шығарылмайды. Әңгімелеу бейтарап мәнде, ірі тұрғыда алынып, зат, көріністер ерекше тәртіппен тәптіштей түсіндіріледі., сипатталады. Ондай баяндаудың тілі - әдеби тілдің ең жоғарғы үлгісі. Автор бейнелеуші адам болғандықтан, оның тілі де – бейнелеу құралы.» деген тұжырымнан әңгімелеуші автор жазушы авторға айналатын байқалады. Осы орайда шығарманың композициялық жүйесіне автор бейнесін айғақтайтын мәтіндер де кірігіп кетеді.

«Көркем шығарманың тілін зерттеуші адам әдеби құрылымның ерекшеліктерін, оның тілдік композициясын құрайтын тұтастықтардың әрқайсысының алатын орнын, рөлін, атқарып тұрған көркемдік қызметін алдын-ала анықтап алып, тек содан кейін ғана, тұтастықтарды құрайтын тілдік амалдарға тәптіштеп талдау жасауы керек» деп жазады лингвист ғалым Х.Кәрімов. Ал мәтін бірліктеріне аяқталған ойды білдіретін сөйлем, бір интонациямен айтылатын өзара синтаксистік байланыстағы сөйлемдер тобы, күрделі синтаксистік тұтастықтар жататын болса, бұлардың бірі-бірімен бірізді келуі автордың о бастан ойластырған шығарма фабуласына, жеткізбек идеясына байланысты. Синтаксистік құрылым ана тілі заңдылықтарына орай таңдамалы, талғаулы сөздердің, сөйлемдердің, мағыналық және синтаксистік байланыстарының мүлтіксіз болуы арқылы құрылады. Тілдік композицияны

кұрайтын тұтастықтарға **автор сӨзі, кейіпкер сӨзі, қос үнді сӨз (ортақ тӨл) сӨз** жататынын ескерсек, бұлардың да мезгілдік өріммен байланысты болуы ләзім.

Шығарманың композициялық құрылымын жабдықтаудың тілдік қолданыста бұрыннан қалыптасқан форма-қалыптары-әңгімелеу, суреттеу, ойталқы. Ал баяндау формасының заттық мазмұнын ойдың немесе белгілі бір күрделі тақырып-мәселенің логикалық дамуын құрайды. Бұл да динамикалы форма. Бірақ әңгімелеудегідей мезгілдік өрім болмайды. Сөйлемдер байланысы іліктестікке құрылып, шарттастық, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты қатынастарды білдіреді, шығармада **тыныс белгілер** де белгілі бір қызмет атқарады. Мысалы **кӨп нүкте** үнсіздікті, ауыр халді, күрсіністі жеткізу үшін қолданылған.

Шығармадағы қандай да болмасын баяндау тәсілін эпикалық ракурс пен эпикалық қашықтық анықтайды.

Эпикалық ракурс жазушының оқиғаларды бейнелегенде өзін-өзі ұстау дәрежесі. Осыған байланысты әңгімелеушінің белгілі бір құрылымдық

типі қалыптасады. Мысалы, әңгімелеуші жай бақылау түріндегі суреттеу формасын таңдаса, әңгімелеуші автор әңгіме уақытын, оқиғаның өту ара қашықтығын және әңгімелеу формасын таңдайды, ал ойланып толғанушы автор ойталқыны таңдап алады.

Эпикалық қашықтық - әңгімелеуші-автордың шығармадағы баяндалып жатқан оқиғалардан белгілі бір мезгілдік немесе кеңістік ара қашықтықта орналасуы. Ол белгілі бір әңгіме формасы аясында өзгерістер енгізіліп түрлендіріледі.

Кеңістік ара қашықтық оқиғаны ірі не жалпы тұрғыда алып көрсетуден байқалады. Ал, мезгілдік ара қашықтыққа әңгімелеу кезі мен шығармадағы оқиға болған кездің аралығы жатады. Ол үш түрлі болуы мүмкін: шығармадағы оқиғаның баяндау кезімен сәйкес келмеуі, шығармадағы оқиғамен сәйкес келуі (синхронды) және олардың аралығында мезгілдік қатынастын мүлде орын алмауы.

Оқиғаның баяндау кезімен сәйкес келмеуі әдетте оқиға баяндаудан бұрын өткен жағдайда орын алады. Мұны мезгілдің «шектелуі» дейді.

Бұл тәсіл ертегілерден жалғасып келеді. Ы.Алтынсариннің ертегіге ұқсас, бірақ мысал әңгіме ретінде жазылған «Дүниеде жамандық неден?» деген шығармасын «Дүниеден безіп, тысқа шығып кеткен, бір ақ жүрек шал ну орманды мекендейді. Ормандағы аң мұнан қорықпайды. Аңмен сөйлесіп ұғысатын болады» делініп, оқиғаның баяндаудан бұрын өткен жағдай орын алған. Әрі қарай осы шақ тұлғасында баяндау жалғасқан: «Бір ағаштың түбінде ақ жүрек шал жатыр еді. Сол жерге түнемек болып, қарға, көк кептер, бұғы, жылан жиылды. Олар: «Дүниеде жамандық неден болады?» деп, кеңес құрды.»

Жалпы мезгілдің шектелу мөлшері әр түрлі болып, әңгімеленетін оқиғаның мезгілден тыс сипат алуына дейінгі аралықта өзгеруі мүмкін. Оқиғаның бұрынырақта өткенін арнайы көрсетіп тұрған тұлғалардан байқауға болады. Б.Шалабай бұларға «Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой...», «бала

күнімізде...», «ол бір дәурен еді ғой...», «Бұл күнде...», «Сонда...», «Сол уақытта...», «Ой аллай, қызық заман екен – ау...» сияқты тұлғаларды жатқызады.

Баяндау уақытымен шығармадағы оқиға уақытының сәйкес келуіне негізделген әңгімелеу формасы ізбе-ізділік сипатқа ие. Ол қысқа мезгіл аралығындағы оқиғаларды сипаттайды. Мысалы: С.Көбеевтің «Шал мен балалар» әңгімесінде қысқа мезгіл аралығындағы жайлар баяндалған: «Бір жарлы шал есекке мініп келе жатыр еді, балалар есектің бақырған дауысын естіп, шалға: «Неге сен есегінді өлең айтуға үйреттің?»-деді. Сонда шал балаларға былай деп жауап береді: «Есегім өлең айтпайды, сендерді-жақсы жолдасын көрген соң қуанғанынан бақырады». Бұл сөзді естіген соң, балалар ұялып, ендігәрі жарлы адамдарға күлуін қояды.» Мәтінде кейіпкерлердің ойын ішкі күрделі толғаныс үрдістерін жазушы тура жеткізіп тұр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Еркінбаев Ұ.О. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі». - Алматы, 2008. -178 б.
2. Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі. - Алматы, 2012. – 96 б.

**Смайлова Ж.Н.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, магистрант, Семей қ.

## **С.ТОРАЙҒЫРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТРОП ТҮРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

XX ғасыр әдебиетін тұтас алғанда асқар таудай болып көрінетін тұлға, қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет деп аталатын тұтас дәуірдің айрықша ірі ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғыров. С.Торайғыровтың осы дәуірдегі ең көрнекті ақын екендігіне, ол өзінің шығармаларында заманының көкейкесті деген мәселелерінің түгелінен және терең қамтығанына ешкім таласпайды.

Жалпы С.Торайғыров өмір сүріп, қызмет еткен дәуірдің сан алуан күрделі де қиын кезең болғандығын, ондай катал сыннан ілуде біреудің сүрінбей өте алатынын ескергеніміз жөн. Сұлтанмахмұт қазақ елінің ой дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған, ресми оқу орындарын бітірмесе де, өз бетімен көп үйреніп, көп тоқыған, замандасының көп қыртыс ерекшеліктерін тез түсіне білген, қысқа өмірі ізденумен өткен аса бір жалынды жүрек иесі, жігерлі қайраткер бейнесіндегі жарқын тұлға. Оның есімі ұлы Абай негізін қалаған жаңа саладағы жазба әдеби тілдің жалғастырушысы ретінде орынды аталады. Себебі, оған ақынның дүниетануы, өмірге көзқарасы, эстетикалық талғамы, шығармалары ғана емес, шұрайлы тілі, сіңірген еңбегі де айқын айғақ. Әрбір қаламгердің өз шығармашылығын халыққа паш етудегі сүйенері, арқа сүйері – тілі. Ақын лирикасынан өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортамен, қоғаммен өз өміріндегі сан-қилы, елеулі оқиғалармен табысып жатқан оқырманға ой салатұғын,

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



ойландыратұғын өзгеше, үзіп тастауға келмейтін байланысты байқаймыз. Ал С.Торайғыровтың өлеңдерін оқығанда тағы бір байқалатын ерекшелік сөзбен кейде бір кісіні табиғат құбылысы ретінде бейнелейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдеріндегі сөздің белгілі бір стильдік мақсаты өтеуі үшін сол мәтіндегі өзге сөздерге «арқа сүйеу, керек екендігін де жақсы сезеді». Сол себепті көптеген өлеңдеріндегі сөздер қай сөз табына жататындығына қарамастан, мағыналық реңктері біртектес немесе тақырыптас болып келеді.

Сұлтанмахмұт дәстүрлі көркемдегіш құралдарды мол пайдаланады. Солардың бірі – көріктеуіш (эпитет). Мұны ақын көп қолданады десе де артық емес.

Сөз көбінесе алдында айқындайтын сөздермен бейне құрайды. Мысалы:

Алтын ай толықсыған сар дөңгелек,  
Нұр сепкен жер жүзіне аспанды өрлеп,  
Жұлдыздар да тұрған жоқ босқа қарап,  
Ай сәулесін күшейтіп көтермелеп, –

деген өлең жолдарында ай сөзі өзінше образ болып тұр. Ал алтын ай – «жарқыраған сәуле шашқан ай» деген қолданыстағы эпитет. Осы ай деген сөзді айқындап, оның алдына алтын сөзін келістіргенде образ одан сайын ажарланып, оқырман үрегіне ерекше ұялайды. Тілдердің қай-қайсында бір нәрсенің, адамның, заттың, құбылыстың белгілерін бейнелеп, әсерлі түрде атайтын, әрі сол атаумен үнемі бірге қолданылатын эпитеттер. Олардың көбі өздерінің тура мағынасында, бірақ анықтап тұрған сөзімен тіркесіп, белгілі бір бейне үшін жұмсалады. Мәселен, С.Торайғыров: жарық ай, алтын ай, қоңыр самал, жазғы кеш, мөлдір ауа, көк аспан – дегендер тұрақты эпитеттермен келген тіркестер, ал қара көздегі жанып тұрған от, жалғанды жалпағынан басу, түсі суық жылан, сұрғылт заман – деген анықтауыштар өзінің тура мағынасында қолданылған емес, ауыспалы мәндес болып, тұрақсыз эпитеттер болып тұр, яғни қара көздегі жанып тұрған от ол бір адамның бойында кездесетін құбылыс. Көзі ашық, ойы өткір адамдарға тән қасиет. Сол сияқты кезде оттың жануы, жалғанды жалпағынан басу сияқты тіркестер өзіне тән тұрақты белгі емес.

Ақынның «Бір адамға» деген өлеңінде: нақақ көзден жас, күміс кесе, алтын аяқ, қазына мал, сыйға берген, оқа, түйме, сылдырлақ теңге [1,95] деген зат есімдер бәрі де көз алдымызға кедейлердің ауыр қалын, байлардың үстемдігін елестетеді:

Кесені қолыма алып қарай бердім:

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп

Немесе «Кедейлік» [1,29] деп аталатын өлеңінде:

Жанды жеп сен ғой мені арытатын,

Күнің жоқ от пен асқа жарытатын,

Жыртықтан жытылдаған жас денемді

Күнге қақта, аязға қарытатын, –

деп басталады. Әрі қарай жексұрын кедейлік, ықтиярсыз құл, жас көңілді қайғымен уландыру, көзді жасқа толтыру, түсі суық жылан, талаптың маңызы – деген сөз тіркестерінен адамның ылажсыз бейнесін көреміз, яғни адам кедейлік алдында әлсіз, бірақ өсе келе талаптана, қанаттана келе оны өзінің ең қатерлі жауына айналдырмақ, онымен мәңгі бақи дос болмақ емес.

Молдекең неке қиса еркін сұрап,

Төгер еді мөлдір жасын көзден жылап [1, 22].

Осындағы «мөлдір» эпитеті дәстүрлі эпитет, себебі, Сұлтанмахмұтқа дейін де, одан кейін де ақын-жазушылар «мөлдір жас» тіркесін қолданады.

Көзін көк, кірпігің ақ, шашың сары  
дегендегі «көк», «ақ», «сары» эпитеттері инверсия тәсілі арқылы жасалған.

Кең маңдай, ми тұрарлық жұмыр басы

Қара жібек секілді ұзын шашы

дегендегі «кең», «жұмыр» эпитет және «қара жібек секілді ұзын» эпитеті теңеулі эпитет.

Тауысып ап желдей ескен аз өмірді,

Қойнына суық көрдің енейін деп

Мұндағы «көр» сөзін сипаттау үшін ақын «суық» эпитетін қолданған. Жер астындағы көрдің суық болуы заңды.

Кейде бір айқындау бүкіл бір өлеңнің тағдырын шешеді екен. Осы жолдардағы «қоян» айқындауы осы өлең жолдарына жан бітіріп тұр. Көркемдік мандат ұстатып тұр.

Қасіретті қара толқын қайғы керіп,

Қан қайнап әзер шықтым, ішім күйіп

Осы мысалдардағы «қасіретті қара толқын» – метафоралы эпитет.

Сұлтанмахмұт үйреншікті жауыр балама, айқындағыштардан саналы түрде бас тартқан. Көркемдік сәнін келтіруші құралдарды іріктей түскен. Тағы бір ерекшелігі – бұрынғыдай қыз атаулының бәрі қызыл алма демейді. Көріксізді де, ақылсызды да сипаттайды. Ажарын ақыл орнына жұмсап, бағасын асырмақ болғандарды қатты сынайды. Әрине ақынға шын ару аса қымбат, шын сұлу бағалы, шын ақылды ерлерден де артық. Әйтпесе ол:

Ақ сәуле, күміс жүзді, құндыз қабақ [2, 24].

демес еді. Осындағы ақ, күміс, құндыз айқындауыштары орынды да шебер пайдаланылған.

Ақын қыздарға тиісе береді екен деген түсінік те болмауы керек. Ол мал буына семіретін, қарымтасы жоқ, қайырсыз жігіттерді де түйрей отырады.

Ақын сөздерінің ішінде сирек кездесетін, бірақ мірдің оғындай нысанаға дәл сөздер баршылық:

Дүние қызықтырған – қызыл киік,

Бар адам соны қуған көңіл сүйіп.

Киіктің жүйріктігі жұрттың бәріне мәлім. Ақын дүниені де сол қызыл киікке балайды. Әрі жай қызыл емес, шынында да адам қызылшыл ғой,

қызықтырған қызыл киік. Мұнысы жай қолданыс емес, өмірге өз тұрғысынан философиялық түйінді баға беру ғой.

Сұлтанмахмұт поэзиясындағы бейнелілік алдымен ауыстыру (метафора) арқылы беріледі. Ақын қолданған баламалар мына мысалдардан мол көрінеді.

Мен балаң жарық күннен сәуле қуған,  
Алуға күнді барып белді буған.

дегендегі «жарық күннен сәуле қуған, күнді барып алуға бел буған бала» метафора болып тұр. Себебі, мұндағы «сәуле қуу» тіркесі өнер, білім-ғылымды іздеу деудің орнына ауыстырылып, қолданылған.

Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,  
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық тамақ.  
Көзің – нұр, сөзің – алма, аузын – алтын,  
Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын.

Осындағы жақұт, торғын, ай, жібек, нұр, алма, алтын сөздері оқушы мен тыңдаушыны сұлулығымен, әсерлілігімен таң қалдырады. Сонан соң ақын өзінен бұрынғы ақындар ізімен жүргісі келмейді. Егер бұрыннан таныс сөзін – бал деген баламаны пайдаланса, ақын үлкен табысты бола қоймас еді. Сондықтан бал сөзінің орнына алма баламасын алған. Ал қыз ернін суреттеу үшін бұрын оймақ, ауыз дейтін, бұл жолы ақын оны алтын эпитетімен ауыстырған. Сөйтіп осы кішкене суреттеудің өзінде ол ел әдебиеті қоданыстарынан біраз ілгерілейді.

Компетентный психолог должен уметь быстро и адекватно понимать высказывания других, владеть сложными коммуникативными навыками и умениями, обладать определенными знаниями о разнообразии социальных ролей и способов взаимодействия. Эффективность деятельности психолога зависит, прежде всего, от его способности работать с людьми, от умения слушать и выслушивать, сопереживать окружающим, через умение продуктивного поведения в трудных ситуациях, а это трудно сделать, если у него не развита социальная компетенция. Социальная компетенция как профессионально необходимое качество педагога-психолога является основной составляющей его профессиональной компетентности [2].

Особое значение для осмысления исследуемой проблемы имеют взгляды ученых на общеметодологические и педагогические аспекты компетентной личности; на профессиональные компетентности и компетенции.

Необходимость овладения студентами социальными компетенциями обусловлена, прежде всего, характером их будущей профессиональной деятельности, которая требует владения соответствующими компетенциями, признание их личностной значимости, осознание роли социальных компетенций для будущей профессиональной успешности [3].

Таким образом, в образовательном пространстве высшей школы особую актуальность приобретают вопросы управления качеством социальной подготовки будущего учителя.

Вопросы социальной компетентности и компетенции лишь сравнительно недавно стали предметом специального рассмотрения. В современной психолого-педагогической науке отмечается возрастание интереса ученых к различным аспектам социальной компетенции (В.М.Басова, С.С. Бахтеева, В.Н. Калинина). В педагогической и психологической литературе процесс формирования социальной компетенции изучается применительно к дошкольному (Н.И. Белоцерковец, О.В.Казанцева), младшему школьному (Н.В. Калинина) и подростковому возрасту (С.В. Данилов у подростков «группы риска», у учащейся молодежи (С.С.Бахтеева, Н.А.Лупанова) у детей-сирот (О.В.Казанцева [4]).

Особое значение имеют идеи профессиональной педагогики, профессионального становления личности на вузовском этапе образования, отраженные в работах Е.В.Ткаченко, В.Д. Шадрикова.

Различные аспекты подготовки психологов в вузе изучены, А.А.Вербицким, Е.А. Климовым, В.Д. Шадриковым и др., однако, остается неисследованным процесс формирования социальной компетенции будущего психолога [5].

Однако необходимо отметить, что вопросы формирования социальной компетенции будущего психолога не достаточно изучены.

Таким образом, налицо противоречие между потребностью современного общества в педагогах-психологах с развитыми эмпатическими и рефлексивными способностями, эмоциональной устойчивостью, умениями продуктивного поведения в конфликтных ситуациях и недостаточной разработанностью в педагогической науке форм, методов и педагогических условий формирования социальной компетенции будущих психологов в условиях их профессиональной подготовки в педвузе [6].

Проведенный контент - анализ понятия «компетенция», а также анализ понятий «компетентность», «социальная компетенция» позволил сделать вывод о сложности и неоднозначности взглядов на эти понятия.

На сегодняшний день есть несколько подходов к трактовке понятия «компетенция»: в большинстве определений компетенция связана:

- со знаниями и умениями, поведенческими характеристиками, активно используемыми и значимыми для профессиональной деятельности;
- с возможностями быть развитой и измеренной со взаимоотношениями субъектов в профессиональной среде; с самой профессиональной средой, влияющей на входящих в нее субъектов; с опытом.

Исходя из данного определения, основными характеристиками социальной компетенции для личности будущего психолога мы определили: развитый социальный интеллект; эмпатию и сопереживание окружающим; рефлексивные способности; умение продуктивного поведения в конфликтных ситуациях.

Принципиальные положения теоретического исследования развития идей формирования социальной компетенции нами сформулированы следующим образом.

Во-первых, социальная компетенция – сложный феномен, рассматривающийся на стыке комплекса социальных и психолого-педагогических наук.

Во-вторых, цель формирования социальной компетенции в широком смысле - развитие отношений человека к окружающему миру. При этом отношение - категория избирательная, поэтому в процессе формирования социальной компетенции человек ставится в ситуацию выбора политических, экономических, нравственных, эстетических ценностей, в позицию активного субъекта процесса воспитывающей деятельности и саморазвития.

В-третьих, для рассмотрения оптимального процесса формирования социальной компетенции необходимо изучение следующих факторов: социокультурной среды, семьи, коллектива, неформальных объединений.

В-четвертых, важнейшими условиями, способствующими формированию социальной компетенции в условиях образовательного учреждения, являются его превращение в открытую социально-педагогическую систему, высокий профессиональный уровень педагогов, благоприятный психологический климат в учебном заведении.

В-пятых, при изучении собственно социальной компетенции важное значение имеет исследование значимых составляющих: здоровье; обучение; развитие; воспитание; социальная устойчивость.

Процесс формирования социальной компетентности у студентов психологов может быть более успешным и эффективным, если в ходе учебно-воспитательного процесса будут реализованы необходимые педагогические условия.

Перечисленные составляющие социальной компетенции означают по сути дела зрелость человека в профессиональной деятельности, в профессиональном общении, в становлении личности профессионала, его индивидуальности.

Таким образом, подготовка компетентного специалиста, соответствующего требованиям сегодняшнего дня, наделенного качествами, знаниями, умениями, необходимо для того, чтобы быть конкретно-способным и жизне-способным, но она невозможна без построения на научной основе соответствующей системы обучения.

### **Список литературы**

1. Дроздикова - Зарипова А. Р., Калацкая Н. Н. Развитие профессиональных компетенций студентов, будущих школьных психологов / *Studia Edukacyjne //Wydawnictwo Naukowe UAM, Poznan,2013.-Vol.27.-pp.271-283.*

2. Каримова Л.Ш. Сущность социальной компетенции личности // *Ученые записки КСГК. Научно - практическое издание.-Казань: Альфа, 2008.- С. 19- 21.*

3. Басова В.М. Теория и практика формирования социальной компетентности личности: Учебное пособие к спецкурсу. — Кострома: КГУ им. Н.А.Некрасова, 2004. 188с.

4. Бахтеева С.С. Формирование социальной компетентности специалиста в процессе обучения иностранному языку в вузе экономического профиля: Автореферат диссертация. - Казань, 2001. - 20 с.

5. Калинина Н.В., Лукьянова М.И. Психологические аспекты развития социальной компетентности школьников. Ульяновск, 2003. - 207 с.

6. Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения. М.: ИЦПКПС, 2004. - 84 с.



## ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК САРАЛАНУЫ

Фразеологиялық стилистика тілдің жалпы стилистикасы бөлімінде қарастырылады. Тіл білімінде фразеологиялық стилистика осы ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап, ғылыми түрде сөз етіле бастады. Фразеологиялық стилистиканы кеңестік ғалымдар арнайы пән ретінде зерттелуін, сөйтіп оның тіл білімінде өзіндік орнын, әсіресе оның көлемін, белгілерін анықтауды үлкен ғылыми мәселе етіп көтерді.

Қазақ тілінде лексикалық қордағы жеке сөздер мен мағыналас сөздердің кезінде стилдік мәртебесі анықталып, қолданыс ыңғайында олардың әрқайсысының мәтін мен сөйлемдерде өзіндік қолданыс ерекшеліктері айқындалған. Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде кездесетін лексикалық, семантикалық, грамматикалық сілтеме белгілер мен көрсетілген сөздер арасында стилистикалық сипаттамалар да ұшырасады. Сондай-ақ фразеологиялық материалдар құрамы, құрылымы, мазмұны жағынан да күрделі құбылыс болғандықтан, оның түсіндірме сөздікке берілу тәртібін айқындау ең зор міндет саналатыны ескерілді. Сонымен қатар бұл ретте 1977 жылы академик І.Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіндегі» 11 мыңға жуық фразеологизмдердің стильдік характеристикасы туралы айту – фразеологизмдердің қолданыс ыңғайындағы стильдік өрісін айқындаумен бара бар.

Фразеологиялық сөздік – сөйлеу мәдениетінің қалыптасқан, әдеби айқындалған көрінісін жинақтаған, сұрыпталған әрі бекітілген оқу құралы іспеттес. Демек, сөздік қызметі – тілдік қордағы тұрақты сөз тіркестерін жинақтау ғана емес, олардың тілдік қолданыстағы түрлерін көрсету, сонымен қатар, сөйлеу процесінде дұрыс қолдануға да үйрету. Фразеологизмдердің қолданыс ыңғайындағы стильдік дәрежесін айқындауға жәрдем беретін теориялық тұжырым жасайтын да – сөздік болмақшы.

Фразеологиялық сөздіктің ішкі жасалу жүйесінде басқа сөздерден бөлек өзіндік ерекшелігі әсіресе, осы тұста аңғарылады.

«Мысқыл-кекесін болсын, налу-жабырқау болсын, алғыс-қарғыс т.б. болсын, – бәрі де фразеологизмдерді шебер қолданудан келіп шығатын құбылыстар. Стиль өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дүние десе де болады» [1,602 б] деген автор пікірін оқи отырып, тұңғыш фразеологиялық сөздік ретінде өз кезінде үлкен жұмыстың басты мақсаты орындалғанына шүкіршілік дейміз. Әрі қарай автордың: «әрбір фразеологизмнің қолдану әлпетін, күллі стильдік қызметтерін толық документация негізінде сипаттап шығу – келешек жұмысы» дегені жадымызда.

Сол себепті де осы тарауда фразеологизмдердің стильдік сипаттарына толық болмаса да азды көпті аялдағанды жөн көрдік.

Фразеологизмдердің функционалдық-стильдік мағынаса олардың 1) фразеологиялық мағынасынан; 2) тіркестердің эмоционалдығынан; 3) фразеологизмдердің экспрессивтілігіне; 4) образдылық пен бағалауыштық қасиеттерінен туады.

Фразеологизмдердің стильдік қабаттарын айқындауда бұлардан басқа да олардың тілдік единица ретінде көптеген ерекшеліктерін ескеру керек. Мәселен:

- 1) фразеологиялық тұлғалардың қолданылу аясы;
- 2) олардың синтаксистік-құрылым белгілері;
- 3) компоненттер арасындағы өзара әрекеттестік;
- 4) тірек сөздердің стильдік немесе тақырыптық жағы (ерекшеліктері);
- 5) тұлғалардың жалпы ішкі формасы;
- 6) фразеологиялық тұлғалардың әдеби сатыдағы орны;
- 7) тіркестердің шығу көзі, компоненттердің фонетикалық ерекшеліктері;
- 8) компоненттер формасындағы морфологиялық тәсілдер (амалдар);
- 9) компоненттердегі сөзжасамдық морфемаларға дейін назардан тыс қалмауы керек.

Бұл ерекшеліктерді санамалап сөз етуіміздің себебі фразеологиялық қордағы фразеологиялық материалдардың фактілеріне талдау жасау арқылы көз жеткізгендігіміз дәлел болады. Кезінде фразеологизм варианттарының қолданыс ыңғайында өзіндік стильдік ерекшеліктерінің бар екендігіне назар аударғанымызда байқалған-ды. Көркем шығармалардың жанрлық (прозалық, поэзиялық) ерекшеліктеріне қарай тұрақты тіркестердің өзіндік қолданылу ерекшеліктерінің болатынын айтқанбыз [2,94-110 б]. Бұл арада фразеологизм варианттарының стильдік айырмашылықтарының пайда болу заңдылықтарын анықтауға талпыныс болған-ды.

Ақыл мен сезім бір-бірін «қамшылап» әрі бақылап отыратын автономды екі түрлі психикалық әрекет. Тілдік белгілер мен жіктелуінде бұл екеуі мүлдем екі басқа сезім. Мысалы, «жылау мен күлу» сөздерін естігенде адам не еңіреп, не ыржия салмайды. Бірақ «еңірегенде етегі толды», «көзінің жасы көл болды» немесе «ішек сілесі қата күлді, күлкіден ішегі түйілді» дегенде тыңдаушы үшін қатыстық сезім аңғарылады. Хабар айтушы (сөйлеуші) бұл фразеологизмдер арқылы жай хабар бере салмайды, тыңдаушысының көз алдына әлдебір көріністі әкеледі, тыңдаушыда эмоциялық әсер пайда болады. Тілдің мұндай экспрессивтілік мүмкіндігі мен ерекшелігі лингвистикалық зерттеулердің негізін қалайды.

Фразеологизмдердің тілдік экспрессивті қызмет туралы О.В.Латина «... отличие идиом от слов заключается, прежде всего в их экспрессивности. Экспрессивная функция языка понимается нами как кумулятивный эффект оценочной, мотивационной и эмотивной деятельности языкового сознания

субъекта речи, обусловленной его интенцией выразить некоторое чувство – отношение по поводу определенного положения дел в мире или свойства лица» дейді [3,136 б].

Фразеологизмдердің ішкі формасымен қоса, оның прагматикалық аспектілеріндегі экспрессия тілдік механизммен байланысты. Тілдік экспрессияның жасалуына эмоционалдық сезім күйлерінің әсері қашанда жоғары.

В.А.Маслованың [4,185 б] айтуынша эмоционалдық – адамның жеке басындағы сезімінің жай-күйін білдіретін психологиялық мінездеме, ал эмотивтілік – әр түрлі тілдік құралдар арқылы жасалған мәтіннің лингвистикалық мінездемесі.

Олай болса, фразеологизмдердің стильдік қызметі оның тілдік мінездемесіне қатысты. Демек фразеологизмдердегі эмоционалдылық мағынасы алғашқы болса, ал стильдік мағынасы туынды, екінші болмақ.

Зерттеуші ғалымдар фразеологиялық тұлғаларда стилистикалық мағына бар деп аталаты көзқарасты қалыптастыруға О.С.Ахманова, В.В.Виноградов, К.А.Левковская т.б. еңбектері негіз болады.

Стилистика мағына дегеннің өзі фразеологиялық тұлғалардың эмоционалды-экспрессивті қасиетінен туындайтыны белгілі. Осы арада фразеологизмдердің функционалды-стилистикалық ерекшеліктері стилистикалық мағынаға кеп тірелетіні дау туғызбаса керек. Фразеологизмдердің өзінің стилистикалық табиғатында функционалды стильдің қайсысына жататынын анықтайтын белгі – олардың эмоционалды-экспрессивті реңктері.

Сонымен фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің бірлігінен тұрақты тіркестердің стилистикалық қабаты айқындалады.

Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің белгілері түсіндірме сөздіктерде, фразеологиялық сөздіктерде қарапайым, кітаби сияқты сөздермен көрсетіледі. Алайда фразеологиялық тұлғалардың мұндай эмоционалды-экспрессивті қасиеттері тек ауызекі сөйлу тіліндегі қарапайым, кітаби, бейтарап деп қана анықталмайды. Олардың толық стилистикалық сипаты басқа да қосымша белгілермен жүзеге асырылады. Мысалы: кекесін, мысқыл әзіл, жек көру, тұрпайы, дөрекі, алғыс, қарғыс т.с.с.

Сонымен сөздердің осындай эмоционалды және экспрессивті ерекшеліктері олардың стилистикалық қолданылу ауқымын анықтайды. Әрі тілімізде көптеген сөздер өздерінің қолданылу аясында тілдің белгілі бір стильдік қабатына қатысты болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

- 2 Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ғылым, 195. -564 б.
- 3 Жұбанов Е.Қ. Эпос тілінің өрнектері. –Алматы: Ғылым, 1978. –184 б.
- 4 Боранбаева Г.С. ХҮ-ХҮІІІ ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер.
- 5 Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 1999. –169 б.

**Чатырбаева С. С.**

УО «Alikhan Bokeikhan University» магистрант 2 курса,  
специальности 7М02304 «Филология:русская филология»

## **ИЗУЧЕНИЕ БИОГРАФИИ ПИСАТЕЛЯ В 5—9 КЛАССАХ КАК ПРОПЕДЕВТИЧЕСКИЙ ЭТАП ДЛЯ ПОСТИЖЕНИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПУТИ ХУДОЖНИКА В СТАРШИХ КЛАССАХ**

Изучение биографии писателя не является прерогативой литературного образования старшеклассников. Уже в основной средней школе учащимся необходимо осознавать, что «произведение создается писателем, наблюдающим жизнь, размышляющим над пестротой ее явлений, старающимся внушить читателям добрые чувства, сказать им что-то важное» [1, 145].

«Биография писателя в 5—9 классах — это прежде всего подступ к чтению текста. Ближайшая ее задача — дать сведения, необходимые для изучения произведений» [2, 82]. Но значение изучения биографии писателя в основной средней школе этим не ограничивается. Обращение к писательской биографии имеет и более самостоятельную роль. Выпускники девятого класса должны вынести из школы не только знания отдельных произведений, но и сведения о наиболее выдающихся писателях. Не случайно именно с рассказа о писателе предлагают начать работу при изучении художественного произведения авторы современных программ по литературе уже с пятого класса.

Однако в основной школе учитель прибегает лишь к небольшим биографическим экскурсам перед началом работы над произведением. Это «Слово о писателе» — «особый жанр монологической речи, строящийся по принципу эссеистики, то есть свободного изложения материала, его лично окрашенной (но не исключаяющей фактов) трактовки» [3, 83].

Биографический рассказ для учеников этого этапа литературного образования должен отличаться конкретностью, представлять собой ряд ярких эпизодов из жизни писателя, связанных общей мыслью. Учитель может остановиться на тех эпизодах из жизни писателя, которые имеют непосредственное отношение к изучаемому затем произведению. Например, в пятом классе можно рассказать учащимся об увлечении А.С. Пушкина сказками Арины Родионовны, о военной службе Л. Толстого на Кавказе. По мнению В.А. Никольского, «хорошо, если писатель сам расскажет что-то о себе детям, то есть учителем будут прочитаны отрывки из его писем или автобиографических произведений» [1, 145]. Особенное внимание уделяется детским и юношеским годам писателя, так как эта пора его жизни близка подросткам. Так, знакомя детей с баснями И.А.

Крылова, словесник расскажет, как будущий баснописец, проводя свое детство в Твери, любил бывать на площадях, ярмарках, запоминал меткие народные пословицы и поговорки, впитывал богатство народной речи. Часто биографический материал, необходимый для изучения того или иного произведения в 5—9 классах, представлен в учебниках-хрестоматиях для этих классов. Обычно это краткие, популярно написанные статьи составителей учебников, отражающие факты биографии, которые связаны с изучаемым произведением.

Иногда приводятся фрагменты из работ литературоведов или воспоминания о писателе. например, биографические сведения об А.С. Пушкине даны в виде воспоминаний о нем современников. Особую роль при изучении биографии писателя в средней школе имеет портрет, при помощи которого учащиеся знакомятся с обликом писателя. Г.Г. Розенблат предлагает такие этапы работы над репродукцией портрета: 1. Внешний облик писателя: выражение лица, поза, костюм. 2. Значение фона и отдельных деталей в раскрытии замысла автора портрета. 3. Колорит портрета, значение цветовой гаммы. 4. Замысел художника: какую особенность писателя хотел выразить художник в данном портрете [4, 18]. Портреты писателя демонстрируются перед изучением произведений. Например, перед чтением стихотворения М.Ю. Лермонтова «Смерть поэта» можно напомнить учащимся события последнего года жизни А.С. Пушкина, показать его портрет, например, работы художника И.Л. Линева, репродукцию картины А.А. Наумова «Дуэль А.С. Пушкина с Дантесом», познакомить с портретом М.Ю. Лермонтова работы П.Е. Заболотского (1837).

Часто в школьных программах 5-9 классов творчество писателя представлено неоднократно, поэтому «следует искать возможности для систематизации изучаемого материала, накопления и углубления сведений о самом писателе, подготовки учащихся к изучению жизненного и творческого пути в старших классах» [5, 22]. Положительное решение данной проблемы достигается применением принципа концентризма, который заключается в том, что часть материала, изучаемого в средних классах, повторяется затем в старших, но только в усложненном виде, с разной степенью глубины. Итак, обращение к биографии писателя в 5-9 классах можно рассматривать как подступ, как подготовку к чтению текста и знакомству с личностью художника. Однако очень важно уже на этом этапе литературного образования учащихся сформировать представление об индивидуальности писателя.

### **Список использованной литературы:**

1. Никольский В. А. Методика преподавания литературы в средней школе: Учебное пособие для студентов педагогических институтов. — М, 1971
2. Голубков В. В. Методика преподавания литературы. — М., 1962.
3. Мурин Д.Н., Кононова Е.Д., Миненко Е.В. Русская литература XX века. Программа 11 класса. Тематическое поурочное планирование. — СПб, 2001.
4. Розенблат Г.Г. Изучение биографии писателя в школе, М., 2000

5. Дробют В.Н. Изучение биографии писателя в школе: Пособие для учителя. — Киев, 1988.

**Якяева Ф.М.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей

## **ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ В ШКОЛЕ**

Различные варианты организации взаимодействия школы с внешней средой, в том числе, с вузом, в сфере профориентации и профессионального самоопределения, предлагают В.Н. Кузнецова, Е.А. Мороз, Т.В. Бескова, Э.В. Мухамедова, О.В. Зубакина и др. [1, 2, 3].

В.Н. Кузнецова, руководствуясь тем, что в контексте взаимодействия школы и вуза в сфере профориентации большое внимание уделяется тому возрастному периоду учащихся, когда они обучаются в 10 - 11 классах, а периоду, когда, решаются задачи формирования профессиональной направленности, происходит осознание учащимися своих интересов, способностей, связанных с выбором профессии и своего места в обществе - это 5 - 7 классы, и периоду, когда у школьников происходит активное развитие профессионального самоопределения, формирование личностного смысла выбора профессии - это 8 - 9 классы - уделяется недостаточное внимание, в своём исследовании рассматривает варианты совершенствования профессионального самоопределения в рамках совместной работы школы и вуза именно в эти возрастные периоды. Содержательно эта работа включает в себя, в том числе, и профессиональную ориентацию.

Согласованный комплекс мероприятий, разработанный автором [1], позволяет осуществить совместную работу на плановой основе, связав её с учебно-воспитательным процессом в школе, определить конкретных исполнителей каждого мероприятия, как из числа педагогического коллектива общеобразовательного учреждения, так и профессорско-преподавательского состава вуза. Совместный с высшей школой комплекс мероприятий разрабатывается на период обучения с 5 по 9 классы: период, когда развитие интересов, склонностей и способностей учащихся к тому или иному виду профессиональной деятельности проходит очень интенсивно.

По мнению Е.А. Мороз, структура и организация предпрофильной подготовки учащихся в системе «Школа-вуз» должны обеспечивать поэтапное формирование готовности школьников к профессиональному самоопределению на основе индивидуальных учебных планов и возможность завершения обучения на различных этапах по выбору обучающегося [4].

В своём исследовании автор приводит «основные цели довузовского образования:

- реализация потребностей учащихся старших классов в довузовском профессиональном самоопределении и получении знаний, которые необходимы для поступления в вуз;

- реализация потребностей вуза в профессионально-ориентированных абитуриентах с высоким уровнем довузовской подготовки» [5, с. 13].

При построении педагогической системы формирования профессионального самоопределения учащихся Т.В. Бескова выделяет такие структурные компоненты как: целевой (цели и задачи); содержательный (содержание педагогического процесса); процессуальный (применяемые формы, методы и средства педагогической деятельности; участники педагогического процесса); диагностический и результативный. Данные структурные компоненты, по мнению автора, призваны обеспечить решение задачи формирования профессионального самоопределения с помощью осуществления соответствующих функций: гностической, проектировочной, конструктивной, коммуникативной, организационной [5].

В.А. Мухамедова решая бесспорно важную проблему, связанную с профессионально-педагогической ориентацией старших школьников, не акцентирует внимание на том, что у учащихся старших классов, в первую очередь, возникают трудности, связанные с умением делать самостоятельный осознанный выбор, в том числе и профессии [2].

Интервьюирование мы проводили в начале учебного года. Каждому из завучей был задан ряд заранее определённых вопросов, касающихся необходимости выстраивания взаимодействия между школой и вузом, профориентационной работы, проводимой среди учащихся старших классов, ответы в дальнейшем проанализированы.

Результаты интервьюирования показали, что школы заинтересованы в помощи со стороны высших учебных заведений в сфере профориентации, в реализации специально разработанной профориентационной программы, направленной на развитие умения учащихся делать самостоятельный выбор. Это связано с тем, что, по наблюдениям заместителей директоров, оказываясь в ситуации выбора, у старшеклассников возникают сложности, относящиеся к умению этот выбор совершать, и без специально организованной профориентационной работы им будет крайне затруднительно это умение развивать.

Полученная информация позволяет нам сделать вывод о том, что у старшей школы есть необходимость в проведении профориентационной программы, направленной на развитие умения у учащихся делать самостоятельный выбор, и оптимальный вариант для начала её реализации, удовлетворяющий интересы школы, реально осуществимый в современных условиях, - это или 9 или 10 класс. В связи с тем, что мы предлагаем взаимодействие между школой и вузом выстраивать в качестве партнёрства и целевой аудиторией вуза, являются учащиеся 10 и 11 классов, но в 11 классе основное внимание школьников уже уделяется подготовке к ЕНТ, то в рамках нашего исследования представителям школьных администраций было предложено всю дальнейшую работу проводить среди учащихся 10 классов. Профориентационная работа с этой возрастной категорией входит в зону интересов, как школы, так и вуза.

Хотя в целом, ни одна из школ не может дать высокую оценку уровня профориентационного воспитания. По большому счету, дети в выборе будущей профессии полностью отданы на откуп социальной стихии, ограниченной, искаженной на этот счет информации, всякого рода зазывал, которых больше всего интересует количество поступивших, а не их склонности к профессиям и т.д. Среди причин предпочтения некоторых специальностей видим: «по ней больше госгрантов на бесплатное обучение». Эту причину отметили всего 10,2 % опрошенных. Данную картину, когда выпускники еще склонны говорить «от души», мы наблюдаем много лет. Когда же выпускники становятся абитуриентами и перед ними уже возникает проблема конкретного выбора, многие их идилии, даже те, что «специальность - престижная», улетучиваются. Поскольку более реальной становится диллема: учиться по госгранту или на платной основе. В итоге оказывается, что значительная часть абитуриентов выбирает госгрант по специальности, которая им «не нравилась» или, о которой они не имели достаточных представлений. В итоге в вузах немало обучаются студентов, для которых не специальность важна, а «диплом» о высшем образовании. Именно среди таких студентов социологи чаще всего наблюдают формальное отношение к учебе, частые пропуски занятий без уважительных причин, стремление «выпросить» у преподавателя завышенную оценку, рейтинг и т.д.

Необходимо менять подходы к профориентационному воспитанию. В частности, многим вчерашним школьникам, чтобы успешно устроиться в этой жизни, не обязательно учиться в вузе. Достаточно освоить одну из многочисленных рабочих специальностей.

Выпускники школ, они же будущие абитуриенты, остро нуждаются в системной, всеобъемлющей и целенаправленной информации о вузах по следующим основным вопросам, которые следует доступно отразить в предстоящей профориентационной работе университета:

- о порядке поступления и правилах получения государственного образовательного гранта;
- об имеющихся специальностях;
- о стоимости обучения;
- о достоинствах, которыми располагает вуз;
- о кадрах ППС;
- о работе приемной комиссии;
- о материальных, социокультурных условиях обучения.

Ясно, что данная информация должна попасть на страницы буклетов, другого рекламного материала вуза и на стенды, оформленные кафедрами.

Далее, выпускники школ также выразили предпочтения источников, через которые они хотели получить названную информацию:

- через представителей вуза;
- через специальные информационные буклеты;
- через Интернет-ресурсы;



- через встречи со студентами;
- через экскурсии по университету и т.д.

Соответственно, к основным ресурсам школы, подлежащим использованию в процессе названной организации, мы относим предоставление высшему учебному заведению доступа к аудитории, представленной учащимися старших классов, и организационный ресурс.

Говоря об организационном ресурсе, важно отметить, что особое внимание школе необходимо обратить на управление образовательным процессом в контексте проводимой профориентационной работы, так как основная часть мероприятий проходит на территории школы и взаимодействие по данному вопросу проходит с учащимися школы. Именно управление является необходимым элементом любой образовательной системы, обеспечивающим реализацию её целей.

Результаты интервьюирования показали, что школы заинтересованы в помощи со стороны высших учебных заведений в сфере профориентации, в реализации специально разработанной профориентационной программы; соответствующего собственного кадрового ресурса для реализации данной программы у школы недостаточно и, по мнению завучей, сотрудничество с высшей школой может помочь решить этот вопрос; вузовские преподаватели смогут наилучшим образом разработать и реализовать профориентационную программу, развивающую у старшеклассников умение делать самостоятельный выбор; оптимальный вариант для начала её реализации - 10 класс. При этом представители школьных администраций особо подчёркивали необходимость осуществления вузами именно профессиональной ориентации, имеющей целью формирование умения делать осознанный выбор.

Таким образом, организационно-педагогическими условиями осуществления профориентационной работы во взаимодействии школы с вузом являются: построение взаимодействия через реализацию вузом профориентационной программы, способствующей формированию у старшеклассников умения делать самостоятельный осознанный выбор, использование проектной технологии, обеспечивающей решение учащимся той или иной проблемы с обязательной презентацией результатов самостоятельных действий; использование ресурсов вуза для организации педагогического консультирования учащихся, проведения экскурсий для старшеклассников на соответствующие рабочие места, информирования о дальнейших возможностях продолжения образования.

### **Список литературы:**

- 1 Кузнецова В.Н. Совместная работа школы и вуза по профессиональному самоопределению учащихся: автореф. дис .....канд. пед. наук / В.Н. Кузнецова. - Саратов, 2008. - 22 с.
- 2 Мухамедова Э.В. Профессионально-педагогическая ориентация старших школьников в Российской Федерации и Соединенных Штатах Аме-

рики (сравнительно-сопоставительный анализ): автореф. дис..... канд. пед. наук - Пятигорск, 2005. - 20 с.

3 Гурова Е.В. Профориентационная работа в школе: методическое пособие. - М.: Просвещение, 2007. - 96 с.

4 Мороз Е.А. Формирование готовности старших подростков к профессиональному самоопределению в условиях предпрофильной подготовки в системе «школа - вуз»: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Е.А. Мороз. -М., 2005. - 28 с.

5 Бескова Т.В. Педагогическая система формирования профессионального самоопределения учащихся в условиях довузовского образования: автореф. дис канд. пед. наук / Т.В. Бескова. - Саратов, 2004. - 22 с.

### **3 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ПОТЕНЦИАЛЫ - ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ**

#### **СЕКЦИЯ 3. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА - КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР ПРОГРЕССА**

**Аманбекова Н.Д, Мұздыбаева Т. А.**  
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі  
КеАҚ «Семей медицина университеті», Семей қ.

#### **ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ**

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында атқарылатын шаралардың дені жастарға арналуы – Президент қойған басты талаптың бірі болып табылады. Себебі елде не жасалса да, бәрін болашақ ұрпақ үшін жасалуы тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев ізімізді басып келе жатқан буынның азаматтық белсенділігі өте жоғары, жастардың құлшынысы зор екенін айта келе, осы белсенділікті бәсеңдетпей, оларды жана мақсаттарға жұмылдыру қажеттігіне тоқталған.

Жастар саясатының мақсаты мен негізгі бағыттары ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңында көрсетілген. Заңда жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, мемлекеттілік пен қазақстандық патриотизмге баулу, жастарды сапалы әрі қолжетімді біліммен қамсыздандыру, жастарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік жасау, жастарға және жас отбасыларға қолжетімді баспанамен қамсыздандыру жүйесін дамыту секілді жастарға қатысты салалық әралуандылықты айқындап көрсетілген. Бүгінде еліміздің жастары 5 млн шамасында, яғни бүкіл халықтың 27 пайызын құрап отыр [1].

Жастарға қатысты келесі мәселе – жұмыспен қамту. Бұл, әсіресе, өңірлерде аса өзекті. Біз жұмыссыз жастарға жол сілтеп, бағыт-бағдар беруіміз керек. Олардың тұрақты кәсіп табуына көмектесуіміз қажет. Қазір жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бірақ жастардың көбі сол шаралар туралы білмейді. Мемлекет ұсынып отырған түрлі қолдау жұмыстарынан хабарсыз. Бұл мәселе тек жалаң үгіт-насихатпен шешілмейді. Үкімет пен әкімдер жастарды жұмыспен қамту мәселесімен арнайы айналысып, күнделікті назарда ұстауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қазір жастар саясатына қатысты заңдарға қажетті түзетулер енгізілуде. Енді жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылады. Бұл осы бағыттағы шаралардың тиімділігін арттырады. Президент жастар саясатына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты біртұтас ұлттық жоба әзірлеген жөн екенін атап өтті. Жүргізіліп жатқан жұмыстарды жүйелеу үшін әр бағыт бойынша бытыраңқы жүзеге асырылып жатқан жобаларды бір арнаға тоғыстыруды тапсырды. Ал оны дайындауға, одан соң талқылауға бүкіл жастар және студенттер ұйымдарын, азаматтық белсенділер мен тәуелсіз сарапшыларды тарту керек.

Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент талантты жастарымыздың креативті экономика құрудағы рөлінің маңыздылығына назар аударды. Өйткені креативті индустрия әлемдік экономикада ең жылдам дамып жатқан сегмент. Дамыған мемлекеттерде аталған сала ішкі жалпы өнімнің 10 пайызын құрайды. Осы ретте Мемлекет басшысы Үкіметке стратегиялық тұрғыдан маңызды саланы кешенді түрде дамыту жоспарын ойластыруды тапсырды.

Біз ел дамуына жас таланттарымыздың белсене араласуына баса назар аударуымыз керек. Олардың әрқайсысы Отанымыз жеткен жетістіктерге қатысы бар екенін сезініп, табыстарын мақтан тұтуы керек[2], – деді Президент.

Жастардың бойында өз елі мен халқына деген мақтаныш сезімін сіңіру, оның мәдени мұраларын сақтауға және қоғамдық келісімді нығайтуға құлшынысын арттыру қажет. Осы орайда, жоғары оқу орындары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егер білім мен дағды ұлттық басымдықтарға, қоғамдық парыз ұғымдарына, әлеуметтік ынтымақтастық пен ұрпақтар сабақтастығына негізделмейтін болса, онда ол жасампаз күш бола алмайды» [3], деген сөзін жастарды тәрбиелеу жұмысына басты бағдар етіп қабылдаған болатын. Қазіргі кезде жоғары мектеп «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асырудың жаңа тетіктерін пысықтай отырып, жастар саясатын жүргізу әдістерін белсенді жетілдіріп келеді. Бағдарламалық мақалада айтылған идеялар, әсіресе, ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жауап беретін академиялық қоғамға ерекше тән болып келеді.

Студенттерді ұлы бабаларымыздың өнегелі істеріне баулу, қазақ халқының көрнекті тұлғаларын зерделеу негіз құраушы кезең болып табылады, мұның өзі жастарды өз елі, ұлы тарихы мен оны жасаған тұлғалары үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелейді. Сондай-ақ, лайықты мысалдарды тарихтан ғана емес, қазақстандықтардың күнделікті өмірінен де табуға болады. «Туған жер» өңірлік бағдарламасы шеңберінде «Туған өлке – тұнған тарих» жалпы ұранымен елімізге экскурсия мен зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру осыған мысал бола алады.

Материал жинап, тарихи мұраны зерттей отырып, жастар тұлға мен халық бірлігінің философиялық маңызын пайымдай алады, Отанға деген рухани махаббаттың маңызы мен байланысын, ел болашағына деген жауапкершілікті ұғынады. Атап айтқанда, жоғары оқу орындары мұражайлар және архивтермен белсенді ынтымақтаса отырып, өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу, ағартушылық және әдістемелік жұмыстар жүргізуде бастамашы бола алады. Әрине, жастарға тәрбие беруде педагогтың алар орны ерекше, біздер оқытудың дүниетанымдық бағытына қол жеткізуіміз керек. Әр тақырып адамгершілікке, руханилыққа, патриотизмге тәрбиелеуге және мемлекеттік мүдделердің басымдығына негізделуі тиіс.

Жастардың қоғамдық санасын жаңғыртуда киелі орындардың рухани мұрасы туралы түсінігін нығайту ерекше орын алады. Бұл орайда, жастар

белсенді пайдаланатын мобильді қосымшалардың цифрлы мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Әңгіме жалпыұлттық электронды платформаны және географиялық картадан және ескерткіштер сипаттамасынан ғана емес, сондай-ақ, аралау кезінде тасымалдау және орналастыру жолдарының нұсқасынан, бейнематериалдардан құралатын еліміздің киелі ескерткіштерінің геоақпараттық жүйесін жасау туралы болуы мүмкін.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек, - деді Мемлекет басшысы.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>
3. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жыл, 12 сәуір

**Ашимова Г.М., Малғаждар Д.Б., тарих ғылымдарының магистрі**  
**Ноғаева Н.М., құқықтану магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, аға оқытушылары, Семей қ.

#### **ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі таңда жастарды отбасылық өмірге бейімдеуге жаңа сипатта қарау басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар, ғылым мен техниканың жетістігі тұлға психикасына әсері күшті болып отырғаны белгілі. Осындай, өмір ағысына қарай тез бейімделіп кететін жастардың психологиялық тепе-теңдігін сақтау үшін отбасылық қарым-қатынастың, қоғамдық күштің, оның ішінде әлеуметтік жұмыстың рөлі ерекше.

Жас отбасымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс түрлері негізінен - өмірдегі кездесетін мәселелерді әлеуметтік қызметкер араласпайынша шеше алмайтын, өзінің әлеуметтік қызметін толық орындай алмайтын отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдауды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар жас отбасымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс қоғам, ел ауыр кезеңді бастан өткізіп, отбасының әлеуметтік мәселелері шұғыл күшейіп жатқан кезде өзекті болатыны байқалды. Көбінесе, бұл іс-әрекет мемлекеттің әлеуметтік саясатына байланысты, бұл жұмыс көпшілік жағдайда халықтың белгілі топтарының мүддесі үшін іске асырылады.

Жас отбасы әлеуметтік жұмыстың маңызды және күрделі объектісі. Оның маңыздылығын Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2030» атты халқына Жолдауында атап өткен болатын: «жасқа байланысты құрылған саясатта біз жастарға және жас ұрпаққа, жас отбасыларға баса назар аударуымыз керек» [1].

Дәл ғылыми тұрғыда «жас отбасы» деген терминнің анықтамасы жоқ. Әртүрлі авторлар некенің ұзақтығының шегімен жас жұбайлардың жастарын әртүрлі көрсетеді. Дегенмен көпшілігі жас отбасы бірге 3 жыл өмір сүрген, жұбайлардың жастары 30-дан аспаған және екеуі де бірінші рет некеге отырған жастар деп есептейді. Отбасылық өтіл үшін 3 жылдың таңдалуы зерттеушілердің дәл осы уақытта отбасылық қатынастардың дамуында дағдарыс жағдайы аса жоғары болып, осы уақытта айырылысу саны көп болатынымен байланыстырады.

Ерекше көмекті қажет ететін отбасылар санатына біз бірінші орынға жас отбасыны қоямыз. Жаңарған қоғамда «жас отбасы» терминінің пайда болуы үшін көптеген уақыт пен күш жігер керек болды. Бұл отбасының ерекшешетүрінің қалыптасқандығын айтпайды. Оның мәселелері жаңашіл отбасының негізін құратын мәселелерге кіреді. Сондықтан да жас отбасыға деген қарым- қатынас толығымен отбасы институтына қатысты жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясатпен анықталады. Сонымен қатар, жас отбасының қоғам өміріндегі ерекше маңыздылығы мен ерекше функцияларын да елемей қоюға болмайды. Оны біз оның инновациялық әлеуеттілігі, өмір сүру мен қызмет стилін анықтау кезінде түсініп, көруіміз тиіс. Жас отбасы мәселесін тек осы уақыттағы ғана емес, сонымен бірге болашақ қоғамның өмір сүру қызметінің барлық салаларында да қарастыруымыз керек.

Өзінің құрылымы бойынша жаңа жас отбасы толық, типтік және әлеуметтік қауіпті отбасы болып бөлінеді. Ақырғы типтегі отбасыға толықемес, жалғыз және анасы кәмелетке толмаған отбасылар, яғни мұндай отбасыларға әкесі әскери борышын өтеп жатқан отбасы, студенттік отбасы, сонымен қоса отбасы мүшесінің біреуі мүгедек болған жағдайдағы отбасылар жатады. Осылардың ішіндегі ең көбі толық емес және студенттік отбасылар болып табылады.

Көптеген ғылыми-зерттеулік орталықтардың жаңа жас отбасылардың жағдайына баға беру қазіргі уақытта жас отбасы мен оның мүшелерінің мәселелері ішінде бірінші орынға – кедейлік пен аз қамтылғандық мәселесі, өмір сүру қызметінің экономикалық шектелгендігі қойылған [2]

Жас отбасы әлеуметтік жұмыстың ұжымдық клиенті ретінде мемлекеттік, қоғамдық және басқа да әлеуметтік қызметтердің көмегін қолдана отырып, сонымен қоса өзінің өмір сүруін қамтамасыз етуіндегі өзіндік қызметі, өзінің функционалды міндеттері мен құрылымдық байланыстарын сақтаумен айналысатын қиын объективті және субъективті табиғаты бар. Кейбір жағдайларда отбасының өзіндік әлеуеті ішкі ресурстарын қолдана отырып, өзінің экономикалық жағдайын жақсартуға, жәрдемақы алатын разрядынан қаржылай тәуелсіз өзін-өз қамтамасыз ете алатын субъект разрядына өтуге жеткілікті болады. Бұл тиімді даму сызығы мемлекеттің бюджеттік қиындықтары ғана емес, сонымен аз қолдануды қажет ететіндерге көмекті көрсетпей, құралдарды көмекті қатты қажет ететіндерге атаулы қолданудың пайдасына бағытталуымен түсіндіріледі. Өз аяғында нық тұрып, өзінің күш-жігеріне сенетін тәуелсіз тұлғаның бейнесі жоғары жәрдемақымен қамтамасыз

етілген иждивен бейнесіне қарағанда әлеуметтік-психологиялық жағынан шексіз қызықтырады. Отбасынның ішкі резервтерінің әлеуметтік ынталандыру мағыналылығы өсуде – экономикалық, демографиялық, тәрбиелік, рекреационалдық және т.б.

Жас отбасылар үшін жиі кездесетін мәселелерге материалдық, тұрғын үй мәселесі, қарым қатынасқа түсу және жанжалды шешу жағдайындағы мәселелер жатады. Одан басқа оларға ғана тән медициналық (жоспарланған жүктілік, жүкті бола алмау, балалардың ауруы және т.б. мәселелер бар).

Әлеуметтік қызметкер отбасына қызмет көрсетіп, сонымен қатар мемлекеттік саясат жайлы да мәлімет береді. Ол өзгермелі әлеуметтік экономикалық жағдайда нақты көмек көрсетіп, әлеуметтік қызметкер белсенді түрде мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысына қосылып, жас, көп балалы отбасыларға көмек көрсетеді.

Жастар отбасын құрар кезде, әрине, материалды және тұрғын-үй мәселесі туралы ойлайды. Көптеген зертеулер көрсеткендей отбасы тұрақтылығына материалды және тұрғын-үймен қамтылу факторлары ешқалай әсер етпейді. Бірақ та өмір сүрудің нашар материалды шарттары басқа себептерден туған қайшылықты ситуацияларды күшейте түседі. Таңдаулы әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей жас жұбайлардың 44 %-ы ата-аналармен тұрмақшы. Ал басқа жас жұбайлар жатақханаларда, жеке немесе жалдамалы пәтерлерде, коммуналды пәтерлердің бөлмелерінде тұрмақшы болған. Сонымен бірге жұбайлы қыздар мен жігіттердің 23% -ң жауаптары бір-біріне сәйкес келмеген. Жалпы алғанда қазіргі жастарға ата-аналарынан бөлек тұруға талпыныс тән болса да, жастардың ата-аналарынан тәуелділігі жоғары. Мысалы, некеге тұрушылардың 80%-ға жуығы материалды көмекті ата-аналарынан алатындығын айтқан, мұның өзі жастардың экономикалық және әлеуметтік тәуелділігін көрсетіп отыр.

Материалдық фундаментсіз отбасы құруға ұмтылған жас адамдарға көп жағдайда әділ ескертулер естуге тура келеді. Сонда да мұндай отбасын құру міндетті түрдегі материалдық қамтылуды қолдайтындарға қарағанда көбірек рационалды негізі бар. Ережеге сай ұзақ уақыт жүргеннің салдары махаббаттық қатынастың құлдырауына алып келеді.

Отбасылық өмірге мотивациялық дайындық өзіне махаббатты отбасын құрудың, құрылған отбасыға деген жауапкершіліктің, бала туу мен тәрбиеге дайындықтың негізгі мотиві деп қарастырылады. Бәріне белгілі, көптеген адамдар отбасыны махаббаттың негізінде құрайды. Бұндай отбасылар, әлеуметтанушылардың деректері бойынша 70-75%. Қатты сезімсіз ақылға сүйеніп отбасыны 15-20% жас жұбайлар құраса, 5-10%-ға жуығы отбасының материалдылықты негізге алып жасауда болашақ жарының біреуінде машинасы, жеке меншік пәтері, жақсы жалақы төлейтін қызмет орны, т.б. бар [3].

Отбасы құрудағы психологиялық дайындық – бұл адаммен қарым-қатынас біліктілігінің дамуы, дүниеге және отбасылық өмірге деген көзқарастарының бірлігі мен ұқсастығы, отбасыда моральды-психологиялық

сау климат орната білу, мінезі мен сезімінің тұрақтылығы, тұлғаның дамыған жігерлік сапалық қасиеттері. Болашақ жұбайлардың өсіп, тәрбиеленген отбасы атмосферасынан көп жағдайда олардың өздерінің болашақ отбасыларының өмірі қалай болатыны байланысты, яғни ол сәтті бола ма немесе көптеген қиыншылықтар мен мәселелерге кездесіп, құлдырайды.

Отау көтерген жастардың жиі ажырасуының бір себебі: отбасылық өмірге бейім емес. Сонымен қатар қазір батыстық менталитеттегі жастардың қатары артып келеді. Олар Отан, отбасы сияқты баға жетпес құндылықтардан қара басын артық көреді. Қыз балалар ер-азаматты сыйламайды, өз кезегінде қыздарды құрметтеу, туған қарындасындай әспеттеу ұғымы жігіттердің санасынан жойылып барады. Өзара сыйластықтың орнына мен бимін, мен қожамын дейтін екі жастың отбасыда бәсекелесуі ақыр соңында айырылысуға дейін жеткізеді.

Жас отбасы мәселесімен айналысып, оған әр түрлі қолдау көрсететін негізгі орган халыққа әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер жүйесі болуы керек. Жалпы мағынада айтқанда, территориялық әлеуметтік мекемелер қызметтерінің мазмұны жас отбасыға оның функциясын орындауы мен туындап отырған кедергілерді жоюға көмек көрсету болып табылады. Отбасылық өмірдің қалыптасуын жоятын себептер отбасының ішкі, сонымен бірге сыртқы жағдайларына негізделген.

Жастар арасындағы әлеуметтік жұмыс жас отбасылардың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ол әр бір жас адамның дамуына әлеуметтік-экономикалық жақсы жағдай жасап, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуының негізі болып, индивидтің барлық еркіндікті игеруі мен қоғам өміріне толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді.

Жас отбасы мемлекеттік, қоғамдық және басқа да әлеуметтік қызметтердің көмегін тұтынатын, өз күн көрісін қамтамасыз ету, өз функционалдық міндеттері мен құрылымдық байланыстарын сақтау бойынша өзіндік қызметпен айналысатын күрделі объектілісубъектілі табиғатқа ие.

Жас отбасыларды мемлекеттік тұрғыдан қолдау мақсатында орталық және жергілікті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіпте салалық және аймақтық бағдарламаларды әзірлеп, бекітіп, іске асырады. Қазіргі таңда жас отбасыларды қолдау үшін, сонымен қатар жастар арасындағы некелерді сақтап қалу, қолайлы шарттарды қалыптастыру үшін мемлекет келесі шараларды өткізуде:

- баспанамен қамтамасыз ету, жастар үшін қолжетімді баспана жүйесін қамтамасыз ету.
- жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- жас отбасыларға жеңілдігі бар несиелерді ұсыну;
- студент немесе оқушы болып табылатын ата-аналардың оқу орынның әкімшілігімен келісе отырып, академиялық демалыс алуы;
- отбасылық өмір мәселелері, жас отбасылардың психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да сұрақтар бойынша тегін кеңес алу тәжірибесін іске қосу;



- жас отбасылардың мәселелерімен айналысатын және оларға әлеуметтік қызмет пен көмек көрсететін коммерциялық емес ұйымдар жүйесін дамыту;
- балалар мен жастар үшін ұйымдастырылған жаздық демалыс пен денсаулық сақтау жүйесін сақтау мен дамыту;
- көмекке мұқтаж студенттік отбасыларға оқу орындарға қарайтын жатақханалардан бөлме беру; - мемлекеттік, мектеп алды мекемелерді дамыту;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- құқықтық мәдениетті жоғарылату және жастарда мемлекеттің негізгі құндылықтарын сақтау.

Қоғамның негізгі мақсаты адамдарды бақытты ету. Жастарды отбасылық өмірге даярлау жалпы мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік мәселе болып қала бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» тұжырымдамасы 2016 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысы (31.05.2016 Жаңартылған)
2. Жаназарова З.Ж. Семейный социум как предмет внимания социальных работников. Алматы: 2014 ж.
3. Әбдірайымова Г.С., Әбдікерова Г.О., Дүйсенова С.М., Жастармен әлеуметтік жұмыс - Алматы: «Қазақ университеті», 2012.-128 бет

**Әбікенова Гүлнат Төкенқызы**  
Филология ғылымдарының докторы  
**Несіпбай Айнұр**  
Докторант  
Alikhan Bokeikhan university

Бұл нысанға екі барлау қазбасы салынған, алғашқысы төбенің шығысынан батысына қарай ұзындығы 13 м, ені 1 м болса, екіншісі солтүстіктен оңтүстікке қарай, ұзындығы 16 м, ені 1 м болған. Бірінші барлау қазбасы барысында күйдірілген кірпіштердің сынықтары көптеп табылған. Барлау қазбасын 1,6-1,7 м тереңдету кезінде белгісіз бөлменің едені мен сақталып қалған қабырғалары анықталған. Еден де, қабырғалар да күйдірілген кірпіштерден қаланған. Еденге төселген кірпіштердің үш түрлі өлшемі анықталған, олар: 30x27x7 см, 30x27x5 см және 47x47x7 см болған [2, 96].

Бірінші барлау қазбасын кеңейту кезінде шартты түрде № 1 деп аталған бөлменің қабырғалары мен олардың жиектері көрінген. Бөлме пішіні алтыбұрышты болып келген, төрт жағына қарайтын есіктері болған. Атап өтерлігі, бұл есіктер әлем шартарабының төрт бағытына сәйкес шығарылған. Бөлменің жалпы көлемі 3,55x3,55 м болған. Осы бөлмеден солтүстікке қарай, пішіні дәл осындай алтыбұрышты болып келетін № 7 бөлме орны тазаланған. Табалдырығы 1,3 м болып келетін ұзын дәліз екі бөлмені қосып тұрған.

Екінші барлау қазбасы нысанның оңтүстігінен солтүстік бағытына қарай салынған. Қазба 1,3 м тереңдетілгенде күйдірілген кірпіштерден төселген еден аршылған. Бұл еден № 1 бөлме еденінен 13 см төмен орналасқан. Барлау қазбасын кеңейту кезінде қаланған дандананың екі қатары ашылған.

Дандананың бірінші қатары ауланың алаңын ашылған ғимараттың негізгі жайларынан бөліп тұрған.

**2005 ж. зерттеулер.** Бұл жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер қала орталығындағы алаңда орналасқан нысандарда шоғырланған. №№ 1-3 қазбалардың мақсаты – кезінде «Сауран регистанын» құраған зәулім қоғамдық ғимараттарды зерттеу болып табылған. № 4 қазбаның мақсаты – шахристан дуалынан шығысқа қарай орналасқан қала зиратының маңында орын алған, қала сыртындағы мешіттің орталық бөлігін аршу болып табылған.

Сауран қаласы орнынан № 1 қазбада үлкен мешіттің қираған орны қазылып зерттелген. Ол шикі кесектен қаланған дуалмен қоршалған. Мешіт қабырғаларының өзі күйдірілген кірпіштен қаланған. Мешітті қоршап тұрған сыртқы дуал қам кесектен қаланған және сақталған биіктігі 1,25 м құраған. Ол мешіттің «мехрап қабырғасынан» 2 м қашықтықта орналасып, көлемі 34x42 м аумақты алып жатқан. Бір айлық қазба жұмыстары барысында ғимараттың үштен екі бөлігі аршылған. Күйдірілген кірпіштерден қаланған қабырғаларының қалдықтары бар ғимараттың еден деңгейі 1,3-1,5 м тереңдікте орналасқан. Бұл қабат кірпіш пен ерітінді сынықтары, топырақ және шаруашылық қоқыстарынан тұрған. Зерттеулер барысында мешіт өзінің тікелей міндеттерін атқаруды тоқтатқаннан соң оның бөлмелерінің белгілі бір уақыт тұрмыстық мақсатта пайдаланылғаны белгілі болған [3, 26].

№ 3 қазба медресе деп жорамалданған жерге қарама-қарсы орналасқан бір зәулім сарай кешеніне жүргізілген. Оның көлемі 62x32 м. Қазба жұмыстары медресеге қараған және ортақ композиция құраған деп жорамалданған ғимараттың қасбет жағында басталған. Күйдірілген кірпіштен қаланған тұғырдың шығыс және оңтүстік шеттері аршылған. Табылған заттар ішінде күйдірілген кірпіштің бүтіндері мен бөлшектері, қыш тақта сынықтары, ыдыс-аяқтар сынықтары, жекелеген мыс теңгелер кездескен.

2005 ж. қыркүйек айында А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу орталығының мамандары да Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтымен арадағы келісім бойынша Сауран қаласына қазба жұмыстарын жүргізе бастаған. Экспедиция жұмыстарына белгілі археолог М. Елеуов жетекшілік еткен.

**2006 ж. зерттеулер.** Аталған жылы Сауран қаласының бірнеше ірі нысанында қазба жұмыстары жүргізілді. Алдыңғы 1999 және 2005 жылдары жүргізілген қазбалар барысында қаланың орталық алаңындағы мешіт ғимараты зерттелген болатын. 2006 ж. аталған мешіт орны қайта зерттеліп, зерттеулер нәтижесінде мешіт ауласының 15,3x17,8 м болғаны анықталған. Оған периметрі бойынша орналасқан барлық бөлмежайлар қаратылған.

Зерттеулер барысында пештақпен бөлінген портал жабық аулаға қаратылғаны анықталған. Ауланың дәл ортасында үстінде әлдебір іргелі құрылыс салынған құдық орналасқан, ал одан әріректе кең (16 м) әрі терең (6 м) ашық айван аулада орналасқан. Бұл портал ауланың тікбұрышының желісінен аздап ығысқан оңтүстік-шығыс қасбет қабырғада орналасқан. Демек, кіретін портал барлық құрылысқа қатысты ассиметриялық күйде болған. Зерттеушілер

кешеннің мұндай әдеттен тыс жобасы мешіттің орналасқан жеріне қатысты деп шешкен, – ол тікбұрышты алаңның солтүстік-батыс бөлігіне барып тірелген және бұл орайда дәстүр бойынша мейрабтың қай жерде екендігін болжауға негіз берген, демек жоспар композициясының негізгі өзектерінің бірі оңтүстік-батысқа қараған. Археологтар мешітті жобалаушы сәулетшінің осындай әдісті Самарқанд регистанындағы Тилла-қари мешітін жобалау кезінде қолданғанын анықтаған [4, 63].

Мешіт кешенінің сыртқы қабырғаларын аумағы шамамен 31x33,5 м тікбұрыш құраған. Бұлар қатты бүлінген. Өрілген қабырғаның ішінара сақталған қалдықтарына қарағанда қабырғаның қалыңдығы 1,4 м тең. Кірпіштердің 9-10 қатар болып қаланған тұсы кіре-беріс порталдың оң жағындағы қасбет қабырғаның оңтүстік-шығыс учаскесі болып табылған. Мешіт өзінің тікелей мақсатына қолдануды тоқтатқаннан кейін оның едәуір бөлігінде қыш жасайтын шеберхана ұзақ уақыт бойы жұмыс істеген.

2006 ж. қала жұртында медресе деп табылған ғимарат орны да қазылған. Екі маусым қазылған бұл ғимарат біршама зерттелген. Медресе бөлмелерін тазалау барысында ол қирамас бұрын біраз уақыт қараусыз қалып, кейіннен қайта жанданғаны белгілі болған. Барлық бөлмелерде есік алдында еден деңгейіне қарағанда тереңдетілген ташнаулы алаңдар орнатылған. Бөлме едендері бүтін кірпіштермен де, сынған кірпіштермен де төселе берген. Әр бөлмеде жеке ошақ болғандығы анықталған.

**2007 ж. зерттеулер.** Үйінді қабатының астында солтүстік мұнараға келіп қосылатын учаске мен медресе құрылыс орнындағы жұмыстар 2007 ж. да жалғасты. Үйінді астында 7 құжыра мен медресенің оңтүстік-батыс дәлізі көміліп қалған. Оны тазалау кезінде күйдірілген кірпіш бөліктері мен төбе жабындысының бөлшектері кездескен. Ғимараттың сақталуы өте нашар. Себебі оның кірпіштері құрылыс салуға бұзылып алынған. Бөлмежайдың өлшемі 3,20x2,75 м құраған.

Медресеге кірер жердің солтүстігіндегі үйінділерді тазалауда солтүстік мұнараның негізі табылған. Оның диаметрі шамамен 3,3 м. Мұнараның төменгі бөлігі доға күйінде қасбеттік қабырғадан шығарылған. Мұнараның сұлбасы төбеге дейін жеткен, одан соң баспалдақ арқылы көтерілген. Мұнараға төбе арқылы шыққан. Құрылыстың шығыс бетіндегі қабырғада төбеге шығатын баспалдақтар сақталған.

Мұнаралар іргетасқа тікбұрышты негізде тұрғызылған. Оның негізі тас табалдырық деңгейінен 2 м тереңдікте орналасқан, яғни құрылыстың еден деңгейінен 3 м тереңдікте және 1,75 м биіктікте сақталған. Солтүстікмұнараның астынан, сонымен қатар оның негізінен 1,3 м тереңдікте орналасқан іргетас табылған. Іргетас үшін төменде жатқан мәдени қабатты кесіп өтетін шұңқыр қазылған. Төменгі қабаттарды төрт-төрттен топтастырып, шахмат тәртібімен орналастырылған қабырғасынан қойылған кірпіштер құраған. Кірпіштер арасында бекітуші ерітінді жоқ, тек су мен күлдің қоспасы құйылған[5, 133].



2007 ж. Сауран айт мешітінің қазбалары жалғасын тауып, оның шығыс қабырғасына жапсарлас орналасқан тахаратхана құрылымын зерттеуді аяқтау міндеті қойылған. Аталған құрылымды қазу белгілі бір қиындықтар туғызып, археологтар мешіттің шығыс беткі қабырғасын бойлай жіңішке қазба ғана түсіруге мәжбүр болған. Осыған тахаратхананың сыртқы қабырғасына жету мүмкін болмағанымен, құрылыстың қосымша бөліктерін, атап айтқанда дәрет алатын жеке бөлме толық аршылған. Оның еденіне күйдірілген кірпіш төселген.

Мешіттің солтүстік қабырғасының сыртқы бойымен ұзындығы 22 м, ені 5,5 м қазба түсірілген. Мұның нәтижесінде Сауран орталығы құрылыстарының құрамына енетін тұрғын-жайлар ретінде пайдаланылған шағын құжыра-бөлмелер тізбегі аршылған. Бұл кешеннің қабырғалары іргесіне дейін бұзылып алынған, бірақ сақталып қалған бөлшектері негізінде толық құрылымын қайта қалпына келтіруге болатыны анықталған.

Ені 0,8-1 м есік ойықтары арқылы көлемдері 3x3,2 м кізігірім бөлме-құжыраларға кіруге болатыны байқалған. Бөлмелердің қабырғаларын бойлай денелеріне кішігірім тандырлар мен сандал тектес ошақтар орналастырылған сәкілер жасалған. Осындай бөлме-ғибадатханалардың бесеуі аршылған. Оларға оңтүстік беттегі қабырға ретінде мешіттің сыртқы қабырғасы қызмет еткен. Мешіт қабырғасының іргесі бұл бөлмелердің қабырғаларының іргелерінен 40-45 см төмен орналасқан. Зерттеушілер осыған қарап, олардың мешіттен кейінірек салынғанын анықтаған.

Бөлмелерді аршу кезінде жиі кездескен материал – шыңылтырмен қапталған ыдыс-аяқ сынықтары болып табылған, оларды зерттеушілер XVI-XVII ғғ. жатқызған. Қыштардың негізгі бөлігі ақ түске көгілдір және көк түстермен өрнек түсірілген, шыңылтырмен жабылған орта кеселер, табақтар және жайпақ табақшалардан тұрған.

2007 ж. зерттеулер нәтижесінде бұрын ашылған жұма мешіттің солтүстік бетінде жүргізілген қазба жұмыстары ортасына дәстүрлі құдық орнатылған ауланы қоршай орналасқан күмбезді немесе иінді жабыны бар ұсақ бөлмелер тізбегінен тұратын, жалпы құрылымы каре бейнесіндегі ірі құрылыстың қалдығын ашып көрсеткен. Сақталған құрылыс бөлшектерін аршу үстіңгі (ең соңғы) құрылыс кезеңі деңгейінде жүргізілген.

**2008 ж. зерттеулер.** Бұл жылғы қазба маусымында көне Сауранның алдыңғы жылдарда басталған стратиграфиясының зерттелуі мен мешіт орнындағы қазба жұмыстары жалғастырылды. Атап өтерлігі, стратиграфиялық зерттеу жұмыстары Сауранның бастапқы орны болып табылатын ежелгі Қаратөбе қала жұртында жүргізілген болатын.

2007 ж. басталған көлемі 260 м<sup>2</sup> құрайтын учаске қаланың ерте цитаделінің шығыс бөлігінде орналасқан және ол шығысқа қарай аздап төмендейді. № 1 стратиграфиялық қиманың үстіңгі құрылыс қабаты мүлдем шайылып, желмен мүжілген. Екінші құрылыс қабаты жақсырақ сақталған. Қазбада оның қалдықтары көлемі 2,33x3,4 м бөлмемен айқындалған. Оның бірінші едені –446 см төменде, ал екіншісі –462 см төменде болған. Екі

құрылыс қабатын ашу кезінде бірнеше қызықты заттар табылған. Олардың арасында саз балшықтан жасалған етік тәрізді тұмарша, кішкентай үйрек бейнеленген халцедоннан жасалған гемма және ферузадан жасалған алқа кездескен [6, 132].

№ 1 бөлме шаршы тәріздес, оның өлшемдері 4,7x4,7 м. Бөлменің ішкі құрылымында үш қабырғалар тұсында әртүрлі суфалар орнатылған. Еденнің ортасында саз балшықтан жасалған, солтүстік жағы домаланып келген төртбұрышты алтарь орналасқан. Оның көлемі 1,1x1,5 м, бірінші еденнің деңгейінен 20-сантиметрлік платформаға тұрғызылған. Алтарьдан оңтүстікке 0,2 м жерде еденнің үстіне 25 см биіктікке көтерілген төртбұрышты платформа орнатылған.

2008 ж. қазба жұмыстары барысында зерттеушілер аршылған бөлмелердің архитектуралық әдістеріне және безендірілуіне ерекше назар аударған. Бөлме орындарынан саз балшық үстіндегі полихромды сызба, алебастрлы жапсырма, қабырғаларды және архитектуралық бөлшектерді қызыл түске бояйтын бояулар, саз балшық бетіндегі ойма, қабырғадағы ойықтар, фризер кездескен. Оңтүстік Қазақстанда осыған алтарьлар VIII-X ғғ. Алтынтөбе, Құйрықтөбе, Түркістандағы Күлтөбе сияқты ескерткіштердің бай тұрғын үй бөлмелерінде кездескен. Зерттеушілер осы жерде тұңғыш рет стратиграфиялық жағдайды қадағалап, еден бетіндегі саз алтарьлардың қыш алтарьлармен ауысу уақытын мерзімдеуге мүмкіндік алған. Қазба қорытындыларына сәйкес, үстінгі құрылыс қабаты XII-XIII ғғ., ортаңғы құрылыс қабаты X-XI ғғ., ал төменгі құрылыс қабаты VIII-IX ғғ. мерзімделген.

**2009 ж. зерттеулер.** Бұл жылы далалық маусымда, қыркүйек-қазан айларында Сауран қаласының орталық алаңының солтүстік-батысында орналасқан сәулеттік кешен аумағын зерттеу жұмыстары жалғастырылған. Аталған көп қабатты әрі ауқымды ескерткішті зерттеу 2005 ж. басталған. Алдыңғы жылдарда қазбалар нәтижесінде, медресе ғимараты және оған қарама-қарсы орналасқан ғимарат қаланың негізгі солтүстік қақпасынан басталып орталық алаңына апаратын 18 метрге кеңейтілген магистральды көшесінің бөлігімен бөлінгені анықталған болатын.

Ғимаратқа кіріс порталы XIV – XV ғ. соңындағы полихромды жылтыратылған изразецтермен безендірілген, ал соңғы дәуірде иесіз қалған кезінде қараусыз қалған құрылыс екінші қайтара құрылыс материалдарын алатын орынға айналған. Оның қабырғаларынан сапалы күйдірілген кірпіштер бұзылып алынған. 2009 ж. дейін аталған сәулет кешенінің шамаланған ауданының жартысы тазаланған. Археологтар «Сауран регистанындағы» қазба жұмыстары аяқталмағанына қарамастан, өз алдарындағы нысанның діни ғимараттардың тамаша үлгілі ансамблі екенін сеніммен айта алған.

2009 ж. зерттеушілер тобы солтүстік бағытта орналасқан сәулет қалдықтарын тазалауды жалғастырған, бұл жерде кешеннің солтүстік-батыстағы бұрышының алғашқы деңгейі ашылған. Кешеннің солтүстік-батыс бұрышында орналасқан ең биік төбе, оның астында ең жақсы сақталған сәулеттік ғимараттың болуы мүмкін екенін көрсеткен.

Зерттеушілер қазба жұмыстарының нәтижесінде төмендегідей қорытындыларға келген: біріншіден, ең ерте дәуірде, 1-бөлмеден және оған қосылған 2,3,4 және 4а бөлмелерінен тұратын кешені болған. 1,3 және 4а бөлмелері алдында күйдірілген кірпіштен төселген алаң орналасқан. Кешенді батыстағы қасбеттік сыртқы қабырғасы көше алдында үзіліп, ары қарай солтүстікке бағыттталып, жаңадан ашылған сыртқы батыс қабырғасы болып келген. Кешеннің солтүстік-шығыс бұрышында жүргізілген жұмыстар ғимараттың алдыңғы жағы өзінің бірінші құрылыс қабатында кешеннің қайта құруына келмеген. Сол себепті, медресеге қарама-қарсы орналасқан ғимарат туралы ақпарат алу үшін кешеннің солтүстік бөлігінің негізгі құрылыс қабатын бірыңғай әдісімен ашу қажет болған.

**2010 ж. зерттеулер.** Бұл маусымда Сауран қаласының орталық алаңының солтүстік жағында орналасқан монументтік құрылыстың солтүстік-батыс бұрышын аршу жұмыстары одан ары жалғастырылған. Бұл жұмыстар алдыңғы 2009 ж. қазбаның жалғасы болып табылған. Аршылған аумақтың жалпы көлемі 600 м<sup>2</sup> Осы бөліктегі құрылыс құрылымдары өте жақсы сақталған – қаланған қабырғалар 2,2-2,5 м биіктікте сақталған.

Аршылған учаскедегі шөгінді мәдени қабаттың құрылымында екі негізгі құрылыс кезеңдерінің болғаны анықталған. Бұл жерден тұрмыстық қыш ыдыс пен көптеген теңгелер табылған. Теңгелердің жалпы саны 50-ден асқан, теңгелер жиынтығы арнайы өңдеу мен зерттеулерді талап еткен. Бұл жұмыстарды жүзеге кейінге қалдырылған [7, 89].

Сауран қаласы Қазақстан тарихында елеулі орын алатын көне жәдігерлердің бірі болып табылады. Алайда, бұл шаһардағы археологиялық зерттеулер соңғы жылдары өз жалғасын таппаған сияқты. «Мәдени мұра» бағдарламасы немесе басқа ғылыми жобалар негізінде аталған тарихи шаһардағы толыққанды зерттеулерді жалғастыру кезек күттірмейтін шара деген пікірдеміз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байпақов К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы, 2005. – 110 бет.
2. Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыгнак / Автор предисловия и составитель М. Елеуов. Туркестан, 2005. – 96 с.
3. Байпақов К.М. Сауран // «Қазақ тарихы». 1997. № 1. – 26-30 бб.
4. Байпақов К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы, 2005. – 63 бет.
5. Бейсебаев А.И., Шербает Р.Қ. Сауран қала жұртындағы археологиялық зерттеулер жайлы есеп // Мемлекеттік «Мәдени мұра-2004» бағдарламасы бойынша 2004 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. – 133 б.
6. Байпақов К.М., Смағұлов Е.А., А.А. Ержігітова және т.б. Ортағасырлық Сауран қала жұртындағы зерттеулер (2005 ж., тамыз) // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. – 133 б.

мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. – 132-134 бб.

7.Елеуов М., Ақымбек Е., Қалиев С. Ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік-шығыс қақпасындағы қазба // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. – 89-91 бб.

### **Нургазина Т. С.**

тарих пәні мұғалімі Педагогика ғылымдарының магистрі,  
«№19 жалпы орта білім Беретін мектебі» КММ, Семей қ.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанға биыл 30 жыл болды. Осы уақыт аралығында еліміз сыртқы саясатында көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей: «Тәуелсіздік – тұрақты және қауіпсіз келешекке деген зор сенім». Осымен қатар еліміз халықаралық саясатта бірқатар тың идеяларды ұсынып, әлемнің дамуына зор үлесін қосып келеді. Беделді халықаралық ұйымдардағы табысты төрағалығы мен жаһандық және аймақтық мәселелерді шешудегі тың бастамалары халықаралық қоғамдастықтың көңіл бөліп, же- текші мемлекеттердің онымен кеңесіп, санасуына әкелуде. [1]

1990 жылдардың басында Қазақстан ядролық держава ретінде қабілеті жөнінен АҚШ, Ресей, Қытай және Франциядан кейінгі 4-ші орында болды. Бірақ сол кездегі халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қарусыздану мәселелеріне айрықша маңыз берілуіне байланысты Қазақстан өзінің ядролық арсеналынан ерікті түрде бас тарта отырып, әлемдік қоғамдастыққа жаһандық қауіпсіздік және ядролық қаруды таратпау мәселелеріне асқан жауапкершілікпен және салмақты қарауға дайын демократиялық қоғам құруға ұмтылатынын ашық танытты. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаев «Әлем кіндігі» атты кітабында «Мәселе Қазақстан ядролық держава болуында немесе болмауында емес, біз бұны өзіміз үшін ғана емес, болашақтағы дамуымыз үшін де шешуге тырысамыз» деп атап өткен.

Н.Ә.Назарбаев 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигонын жауып, 1992 жылы шілдеде ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт пен 1993 жылы желтоқсанда ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу шартына қосылды. Осы шешімдер арқылы ядролық державалар тарапынан халықаралық қауіпсіздік кепілдіктер негізделді. Сол арқылы экономикалық және саяси дамудың, Қазақстандағы ішкі тұрақтылықтың маңызды факторына айналғанын көрсетті. Осылайша Қазақстан ТМД елдері арасында өз территориясынан ядролық қаруды шығарған алғашқы мемлекет ретінде танылды. Бұл біздің елдің абыройына абырой қосты. Бұл орайда БҰҰ Бас

Ассамблеясы қарусыздану және ядролық қаруды таратпау режимін нығайту саласында қабылданған барлық қарарларында Қазақстан көшбасшының берік ұстанымын және қойылған міндеттерді жүзеге асырудағы зор үлесін атап көрсетуде. [2]

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға зор үлес қосуда, Еуропа мен Азия арасындағы қарым-қатынастың маңызды саяси құрамдас бөлігі, әлемдік өзара іс-қимылдың жаһандық мәселелерін шешуде орнықты және сындырлы саясатын әзірлеудің бастамашысы болып отыр. Қазақстанның маңызды сыртқы саяси бағдарлы жаһандық және өңірлік бірлестіктердегі қауіпсіздік саласына қатысу және бастамаларды ілгері жылжыту болып табылады.

Әрбір мемлекеттің территориялық тұтастығын қамтамасыз ету үшін шекараны заңды түрде рәсімдеу керек. Мемлекеттік шекараның мығым болуы – елдің сыртқы саясатының маңызды бағыты, ел тұтастығының бір кепілі. Қазақстан мемлекеттік шекарасын белгілеудің делимитациялау және демаркациялау сияқты сатыларынан өткізді.

Қазақстанның Ресей мен Қытай сияқты алпауыт державалардың ортасында орналасуы бұл елдермен шекара мәселесіне келгенде айрықша мұқият болуды талап еткені аян. Сол себепті, Қазақстан өз әріптестерінің ұсыныс-дәйектеріне құрметпен қарап, шекара түсінбеушіліктердің алдын-алу және оны үнемі қадағалап отыруға айрықша мән бере келе, өз көзқарасы мен мүддесін де алға жылжыта білді. Нәтижесінде 1992 жылдан 2005 жылға дейін заманауи құрлықтағы шекараны барлық параметрлер негізінде айқындап, белгілеуге мүмкіндік алды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жарияласымен әлемдік жаһандасу үрдісіне бірден араласып кете алды. Бұл мемлекеттік қаржы-экономикалық байланыстарына, әлемдік ұйымдармен саяси қарым-қатынастарда болумен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше болумен қатар жетекші орындарға дейін көтеріліп, төрағалық етуді қолға алды. Бұларға негізгі мақсаты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетикалық салаларда ынтымақтастықты көтеру болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына, 2010-2012 жылдары Ислам ұйымы конференциясына төрағалық етуі жатады.

Қазақстан Республикасына 2010 жылдың 12 маусымынан 2011 жылдың 2011 жылдың 15 маусымына дейінгі кезеңде осы беделді халықаралық ұйымға төрағалық ету құрметі бұйырды. Қазақстан бұл лауазымдағы негізгі міндеттердің бірі ШЫҰ шеңберінде ынтымақтасудың барлық үш бағытын: қауіпсіздік, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық тұстарын құрайтын салада бір қалыпты дамуға ұмтылған Ұйымның қызметін жандандыру болды.

Қазақстан Ташкентте (2010 жылдың 11 маусымында) өткен ШЫҰ-да ұсынылған, Н.Ә.Назарбаевтың бастамаларының негізінде дайындалған, 2010-2011 жылдарға арналған ШЫҰ іс-қимылдар жоспарын әзірлеу және бекіту нысанында Ұйымның қызметіне белгілі бір жаңалық енгізді. Жоспар ҚР

төрағалық етуінің кезеңіне есептелген және ұйым қызметінің саясат және аймақтық қауіпсіздік, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, халықаралық байланыстарды кеңейту, тұрақты жұмыс істейтін органдардың қызметін оңтайландыру және ШЫҰ мерейтойлық саммитіне дайындалу сияқты салаларын қамтиды. Қазақстандық төрағалықтың шеңберінде ШЫҰ-да қорғаныс, ішкі істер және қоғамдық қауіпсіздік министрлігі кеңестері хатшыларының кездесуі болып өтті, оларда лаңкестікке, сепаратизмге, экстремизмге қарсы әрекет етудің, есірткілер мен қарудың заңсыз айналысымен, трансұлттық қылмыс әрекеттерінің басқа түрлерімен, сондай-ақ заңсыз көші-қон мен күрестің тетіктерін жетілдіру және әрі қарай өзара әрекеттесу мәселелері талқыланды.

Көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтасу бағдарламасын, сондай-ақ әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың зардаптарын еңсеру және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикаларын әрі қарай дамытуды қамтамасыз ету бойынша көп жақты экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған бірлескен бастаманы орындау бойынша іс-шаралардың жаңартылған жоспары ойдағыдай іске асырылды. [4]

1992 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына толық құқылы қатысушысына айналған кезде ел басшылығы бірден аталған ұйымның жауапкершілікті аймағында қауіпсіздікті нығайтуға белсенді түрде қатыса бастады.

Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы ұстанымын нығайту және оған мүше мемлекеттермен неғұрлым тығыз қарым-қатынас жасаудың қажеттігін көре отырып, Қазақстан ЕҚЫҰ құрылымдармен және институттармен ынтымақтастыққа зор мән береді. Мемлекет басшысының белгілеуі бойынша, Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығының басты міндеті – ұйымның бірлігін нығайту, Солтүстік Америка мен Еуропа елдері арасындағы, бір жағынан Еуразия елдері арасындағы қарсы тұрушылық деңгейін төмендету.

2010 жылы Қазақстан Республикасы белсенді сыртқы саяси және дипломатиялық іс-қимылдың нәтижесінде ЕҚЫҰ қызметіне өзінің жеке үлесін қоса отырып, осынау беделді халықаралық ұйымның төрағасы орнын иеленді. ҚР төрағалығы кезінде маңызды бастамалардың бірі Қазақстан Президентінің Астанада ЕҚЫҰ мемлекет басшыларының саммитін шақыру туралы идеясы болды. Бірлескен жұмыстардың сәтті шығуының нәтижесінде Астана саммиті жоғары деңгейде өткізілді. Саммиттің қабылдаған қорытынды құжатында әлемдік дамудың Еуроатлантикалық және Еуразиялық кеңістікте бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі негізгі бағыттар көрініс тапты.

«Қауіпсіздік қоғамдастығына қалам басайық» атты Астана декларациясы жалпыға бірдей қауіпсіздіктің бөлінбес, біртұтастық қағидатын тағы бір рет дәлелдеді. Сонымен қатар саммит мемлекетке оң ықпалын тигізді, күрделі тапсырмаларды шешу мен жоғары мақсаттарға қол жеткізу үшін қабілетімізге деген сенімді күшейтті. [3]

2011 жылы 28-30 маусымда Астанада өткен Ислам ынтымақтастық ұйымы сыртқы істер министрлерінің 38-ші сессиясында Қазақстан Республикасы Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету мәртебесіне ие болды. ИЫҰ құрамына 57 мемлекет енген, БҰҰ-дан кейінгі 2-ші орындағы ислам елдері арасындағы жетекші әлемдік ұйымдардың бірі. Қазақстан ИЫҰ-на 1995 жылдан бастап мүшелікке енген. Тәуелсіздік алысымен Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында мұсылман әлемімен ынтымақтастық орнату маңызды орында тұрды. Өз кезегінде мұсылман әлемі Қазақстанды мұсылман қауымдастығының ажырамас бөлшегі екендігін мойындады. Біз мұндай мәртебелі де маңызды міндетке ислам әлеміндегі тұрақсыздық ушыққан жағдайда кірістік. Қазақстанның төрағалығының бағдарламасы ИЫҰ-ның аясында дамуды жүзеге асыруға байланысты жүзеге асырылды. Қазақстандық делегация ИЫҰ-ның бірқатар беделді іс-шаралары мен саммиттеріне (1997 жылғы Тегерандағы 8-ші саммит, 2000 жылғы қарашадағы Доха саммиті, 2003 жылғы қазандағы Путраджай саммиті, 2005 жылғы Меккедегі кезектен тыс саммиттер) сондай-ақ сыртқы істер министрлер кеңесіне (1996 жылғы желтоқсандағы Джакарта кеңесі, 2010 жылғы маусымдағы Душанбе кеңесі) қатысып отыруға мүмкіндік алды. Мұсылман қауымдастығында басты саяси оқиғалардың бірі – Астанада өткен ұйымның сыртқы істер министрлер отырысының өтуі болды. Осы Астанадағы кездесуде Ислам Конференция Ұйымының аты Ислам ынтымақтастық ұйымы деген атаумен өзгертілді. Бұл жаңалықтың қасиетті қазақ жерінде іске асырылуы біз үшін үлкен мақтаныш. [5]

2017 жылғы 9 маусымда Астана қаласында баламалы энергия көздері мен «жасыл» технологияларға арналған ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрме 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін өтті.

«EXPO-2017. Болашақтың энергиясы» көрмесі ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны тартуға, сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді деген болжам толық ақталды. Қазақстандағы энергия саясаты энергияны үнемдеуге және тиімді жұмсауға бағытталған. Энергия үнемдейтін технологияларды енгізу энергия қауіпсіздігін сақтаудың негізгі шартына айналды. «ЭКСПО-2017» жобасының тиімділігін сапа бағасы мен қоғамдық-саяси маңызы растай түсті. Отандық компанияларды қолдаудың арқасында ішкі саясат жақсарып, жұмыс орындары кеңейді, халықты ағарту жұмысы гүлденіп, туризм саласы мен халықаралық алаңдағы мемлекет беделі артты. Бұл жетістіктер Елбасының көрегендігі мен парасаттылығын тағы бір дәйектеді. [6]

Жалпы Қазақстан Республикасының әлем қауымдастығы елдерінің арасында шоқтығының биік тұруы, басқа елдердің онымен санасуы сөз жоқ еліміздегі қазіргі жан-жақты даму үрдісімен және қалыптасып отырған

тұрақтылықпен тікелей байланысты. Осындай қолайлы жағдайда еліміздің сыртқы саясаты сындарлы бағытта дамуда деп анық айта аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрлан СЕЙДІН, Қазақстанның сыртқы саяси жетістіктері.// <https://qazaqadebieti.kz/8399/>
2. Абдыкаримов С. Равноправие, прагматизм, уважение интересов-ключ к сотрудничеству Республики Казахстан с общеевропейскими структурами. //Мирас. 2011-№4-с. 54-59
3. Қайыпова Б. Бқпалдасу – қазіргі заманғы халықаралық қатынастар негізі.//Мирас. 2011-№4-17-21 бб.
4. Нұрышев Ш. ШЫҰ және ҚР: қазақстандық төрағалықтың қорытындылары. //Дипломатия жаршысы. 2011-№3-19-21 бб.
5. Нургазина Т.С. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы сыртқы саясаты. //Өзгермелі әлем: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациясы және әлеуметтік транзитология мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2013, 4-5 сәуір, 201-203 бб.
6. М.Сембаева. «ЭКСПО - 2017» – халықаралық, экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми байланыстарды кеңейткен нәтиже. // <https://elbasylibrary.gov.kz/kk/news/>

**Малғаждар Д.Б. Ашимова Г.М тарих ғылымдарының магистрі**  
**Ноғаева Н.М., құқықтану магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, аға оқытушылары, Семей қ.

## **ЖАСТАРДЫ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕЛУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ РОЛІ**

Қазақстан жастары – елдің басты байлығы. Еліміздің болашағы да жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. Тәуелсіздіктің 30 жылда көп жетістікке қол жеткіздік. Мемлекетіміздің нығая түсуіне бұрынғыдан да мол үлес қосу үшін жастар енді бұрынғыдан да белсенді болуы керек.

Қазақстанды дамыту Стратегиясының маңызды мәселелері арасында жастармен жұмыс тақырыбы ерекше орын алады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында жаңа бағыттың қозғаушы күші ретінде жастарды нақты атап көрсетті. Жастар саясаты, оның қарқыны мен тиімділігі мемлекеттің мүмкіндіктеріне тәуелді. Алайда, екінші жағынан, жастарсыз мемлекеттің өздігінен дамуы мүмкін емес, бұл жастарға қатысты саясаттың озық сипатын, оның мемлекет қызметінің басқа бағыттары арасында көш басында орын алуымен ерекшеленеді [1].

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021



Жастарды әлеуметтендіру процесі – бұл жастарды қоғамдық-саяси өмірге қосудың басты тетігі. Объективтілік тұрғысынан, жас ұрпақтың қоғамның дамуына қатысу мәселесі ел дамуының сапасы мен қарқынын, сипатын көрсетеді.

Бүгінде еліміз өзінің алдына әлеуметтік жаңғыру, үдемелі инновациялық индустрияландыру және экономикалық ықпалдасу бойынша жаңа ауқымды міндеттер қояды. Тәуелсіздіктің 30 жылындағы жетістіктерді бекіте отырып, Қазақстан ХХІ ғасырдың төртінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге ниет білдіреді.

Бұл жағдайларда аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі.

Мұндай миссия кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, патриот және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру.

Бүгінгі таңда Қазақстан жастары еліміздің қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысуда, қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекет өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі жастар — негізгі стратегиялық ресурс, алдағы реформалардың локомотиві.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жас ұрпақтың ойдағыдай әлеуметтенуі мемлекет назарында болды және қала береді.

1991 жылы құрылған Жастар ісі, дене шынықтыру және спорт жөніндегі мемлекеттік комитет көп ұзамай Қазақстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта құрылды. Жергілікті жерлерде барлық облыстарда, көптеген қалалар мен аудандарда Жастар ісі жөніндегі комитеттер құрылды; бірқатар жерлерде олар басқа мемлекеттік құрылымдармен біріктірілді немесе әкімшілік құрамына кірді.

1991 жылдың маусымында алғашқылардың бірі болып "Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заң қабылданды.

1993 жылы Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитет пен туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі таратылып, олардың орнына бірыңғай орган құрылады: Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі.

1996 жылдың қазан айында Мемлекет басшысының Өкімімен Үкімет "жастар туралы" Заң жобасын әзірлеп, 1997 жылдың бірінші тоқсанында Парламенттің қарауына шығарды.

1998 жылдың сәуір айында "Новое поколение" газетінде "За будущее Казахстана" Республикалық жастар қозғалысы кеңесі мен ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім Министрлігінің жастар саясаты бөлімі әзірлеген Қазақстан Республикасының жастар саясаты Тұжырымдамасының жобасы жарияланды.

1999 жылғы шілдеде Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің отырысында талқыланды, онда бірінші кезекте тұжырымдама тиісті заңнамалық базаны құруға бағытталғандығы атап өтілді; бұл бағыттағы жұмыс Парламент депутаттарын, мемлекеттік шенеуніктерді, жастар ұйымдарының өкілдерін біріктіретін ҚР Парламенті Мәжілісінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобында жүргізілуде.

1999 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының негізін қалаушы идеялары мен принциптеріне, БҰҰ-ның 2000 жылға дейін және одан кейінгі кезеңге арналған жастарды дамыту жөніндегі Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасына, Бала құқықтары туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасының Конституциясына, ел Президентінің "Қазақстан-2030. Гүлдену, қауіпсіздік және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту". Бес бөлімнен тұратын тұжырымдамасы қабылданды. Онда қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде мемлекеттік жастар саясатының қажеттілігі негізделген, осы саясаттың негізгі мақсаты, басымдықтары, негізгі қағидаттары мен бағыттары, сондай-ақ басқару органдары айқындалған.

2001 жылдан бастап бірқатар бағдарламалар, оның ішінде "Қазақстан жастары", "Жастар саясатының 2003 – 2004 жылдарға арналған бағдарламасы", "Жастар саясатының 2005 – 2007 жылдарға арналған бағдарламасы", сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006 – 2008 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылды.

Аталған бағдарламалардың бәрі жастардың білім, еңбек және жұмыспен қамту, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге, шығармашылық әлеуетін дамытуға, жастарды ауқымды әлеуметтендіру және патриотизм құндылықтарын қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы жастар саясатын одан әрі іске асырудың институционалдық негізіне айналды. 2010 жылдан бастап жастар саясаты Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде іске асырылуда.

2008 жылы "Нұр-Отан" халықтық-демократиялық партиясының (бұдан әрі – "Нұр-Отан" ХДП) "Жас Отан" Жастар қанаты І съезінің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды[2].

2012 жылы Жастар ісі комитеті мен жастар саясаты мәселелері жөніндегі өңірлік басқармалар құрылды.

2013 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын мақұлдады. Мемлекеттік жастар саясатының басты басымдығы жастардың өз мүдделеріне, бейімділігіне, физикалық мүмкіндіктеріне сәйкес және қоғам мүдделерін ескере

отырып, еркін әлеуметтік даму құқығын, шығармашылық бастаманы іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Жастар дамуының жаһандық индексінде әлемнің 170 елінен 27-ші орынға ие болды[4].

2015 жылдың ақпан айында "мемлекеттік жастар саясаты туралы" жаңа заң қабылданды. Нәтижесінде жастарды жастар ұйымдарының, консультативтік-кеңесші органдардың және жастардың өзін-өзі басқару органдарының қызметіне білім беру жүйесі мен еңбек ұжымдарында тарту заң жүзінде бекітілген. Жаңа заңның тағы бір маңызды ерекшелігі жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін қозғайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің құзыреттері мен жауапкершілігін бекіту болып табылады.

Бұдан басқа, осы жылдар ішінде барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы Жастар ісі жөніндегі Кеңестерді ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауға қол жеткізілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әкімдерге осы диалог алаңдарының жұмыс сапасы үшін дербес жауапкершілік жүктелген.

Ал орталық деңгейде бұл жұмысты ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес үйлестіреді. Консультативтік-кеңесші органдардың тиімділігін арттыру мақсатында жастармен жұмыс мәселелері бойынша көшпелі отырыстарды өткізу және Үкіметке кешенді ұсынымдар қалыптастыру практикасы енгізілді.

2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі "Қазақстан-2020: болашаққа жол" мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының екінші кезеңін іске асыру басталды.

2018 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев жастарға жаңа мүмкіндіктер сыйлаған "Бес әлеуметтік бастаманы" іске қосты.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуына арнайы жастар бағдарламалары ғана емес, сол сияқты бүгінде елімізде іске асырылып жатқан білім беруді, денсаулық сақтауды, тілдерді дамытудың, үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың ауқымды мемлекеттік бағдарламалары; "100 мектеп, 100 аурухана", "Балапан", "Бизнестің жол картасы – 2020", "Қолжетімді тұрғын үй – 2020", «Ауыл – Ел бесігі» жобасы, қазіргі «7-20-25», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты – халқымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

Демографиялық ахуалел тұрғындарының 26 %-дан астамын 14 – 29 жас аралығындағы Қазақстан жастары құрайды. 2017 жылы олардың саны 4,4 млн. адамға жақындады.

Облыс, сондай-ақ республикалық маңызы бар қала тұрғындарының жалпы санынан жастардың ең қомақты үлес салмағы Астана және Алматы қалаларына,

сондай-ақ Ақтөбе облысына тиесілі, мұнда 14 – 29 жас аралығындағы жастар 29 %-ды құрайды.

Тұрғындардың жалпы санынан жастардың ең аз үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысына – 22 %, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарына – 24 % келеді.

Қазақстан жастарына білім деңгейінің жоғары болуы тән. Жоғары білімі бар жастардың саны соңғы онжылдықта 3 есе, арнаулы орта білімі бар жастардың саны 2 есе дерлік өсті. Жоғары білімі бар ауыл жастарының саны 6 есе, қала жастарының саны 4 есе өсті. Тұтастай алғанда, Қазақстан жастарының 40 %-ының жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар.

Жастар ұйымдарысоңғы онжылдықта елімізде олардың саны 10 еседен астам өсті. Қазақстан жастар конгресі (2002) және "Нұр Отан" ХДП жанындағы "Жас Отан" Жастар қанаты (2008) сияқты бұқаралық ұйымдарға жастардың шоғырлану процесі жалғасуда. 2005 жылы "Қазақстан студенттерінің альянсы" студент жастардың қоғамдық бірлестігі құрылды.

2011 жылдан бастап "Қазақстан жас депутаттарының қауымдастығы", ал республиканың бүкіл өңірлерінде – жастар мәслихаттары жұмыс істейді. 2011 жылы "Жас Қыран" және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдерге арналған жана ұйымдар пайда болды, олардың басым міндеті патриоттық тәрбиелеу болып табылады.

Бірқатар жастар бағдарламалары мен бастамалары: "Жастар практикасы", "Жасыл ел", "Дипломмен ауылға!", "Жастар кадрлық резерві", "Мемлекеттік қызмет мектебі", "Жастар - Отанға!" іске асырылуда, олар мол қоғамдық оң резонансқа ие.

Жұмыспен қамту және еңбек саласында мемлекеттік жастар саясаты жастарды жұмысқа орналастыру, қоғамдық жұмыстарды дамыту және жастарды кәсіптік даярлық пен біліктілікті жоғарылату курстарында оқыту бағдарламаларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

2011 жылы 15 жастағы және одан үлкен экономикалық белсенді тұрғындардың саны 8,8 млн. адамға жетті. Жұмыспен қамтылғандар құрылымының (8,3 млн. адам) шамамен үштен бір бөлігін (30,5 %) 25 – 34 жастағы адамдар және 14,5 %-ын 15 – 24 жас аралығындағы жастар құрайды. Жұмыспен қамту құрылымында жалдамалы еңбек қала жастарында 78,3 %-ға басым, ауыл жастарында – 40,9 %.

Орта мерзімді кезеңде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (2005 жылдан бастап) 13,4 – 4,6 % шегінде (жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 8,1 – 5,4 %) болды.

2012 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (4,6 %) көп жылдардан бері алғаш рет жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен (5,4 %) төмендеді. Жастар жұмыссыздығының деңгейі қалаларда жоғары. 2011 жылы ол 5,6 %, ал ауылда – 3,8 % болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік жастар саясаты қоғам өмірінде тұрақтандырушы рөл атқарды,

жастарға көп кездесетін өмір ағымының қиындықтарын жеңілдетуге мүмкіндік берді, жастардың әлеуметтенуіне жағдай жасайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта// Алматы: «ДайкПресс», 2006, с.185-189
2. Нормативные правовые акты в сфере молодежной политики// Астана, 2008, с. 63
3. Газета «Казахстанская правда», 17 ноября 2012 года
4. Подзаконные нормативные правовые акты // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akty/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akty/)

**Ноғаева Н.М., құқықтану магистрі**

**Малғаждар Д.Б. Ашимова Г.М тарих ғылымдарының магистрі**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, аға оқытушылары, Семей қ.

### **МӘНГІЛІК ЕЛ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне отыз жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында Қазақстан әлемде дамыған 50 мемлекеттердің қатарына қосылды. Болашаққа жоспарланған 2030-стратегиясын мерзімінен бұрын іске асырып, алдағы мақсаттарды айқындау үшін Қазақстан-2050 жоспарын қолға алды. Ұлттың дамуын нақтылайтын, алға жетелейтін 5 институционалды реформа белгіленіп, ол реформаларды жүзеге асыратын 100 нақты қадам бойынша бүгінде нақты істер жүзеге асырылып жатыр.

Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті» деген болатын. Еліміздің тұңғыш мемлекеттік ресми идеологиясы «Мәңгілік Ел» идеясы жарияланды.

Мәңгілік Ел идеясы отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Мәңгілік ел идеясының тарихи бастамасына көз жүгіртер болсақ, көне түркілердің осы сипаттағы идеясы үш негізден тұрады. Оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші ғалымдарымыз Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк бабамыз негізін қалаған идея екендігін жазған. Тарихи деректерге сәйкес, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін

жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырған болатын. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолында Елбасымыз «Қазақ елі», «Ұлы дала Елі», «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» тәрізді стратегиялық, этномемлекеттік ұғым-түсініктерді елдің ішкі-сыртқы саясатына, теориясы мен практикасына енгізді, Қазақ хандығының 550 жылдығын бүкіл әлемге паш етті.

Екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» шығармасында бұл идеяның теориялық тұрғыдан тиянақталуы. Ұлы ғалым ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасаған болатын. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың негізгі механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар — әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дастаны. «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күн туды – әділ ел басшысының рәмізі. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдай Ресейдің тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы және жалғастырушы тұлғаның ерлігі. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы

екендігін мақтанышпен айтуға болады. Бүгінгі таңда бірлікті бетке ұстаған елдің идеологиясы да осы іспетті болмақ.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханұлының да «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» деп айтқан сөзі «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасып тұр

Елбасымыз «Мәңгілік ел» болудың 7 басымдығын атап көрсетті. Бұл жасампаз идея біздің ортақ тағдырмен, жалпықазақстандық шаңырақтың ұлттық идеясы аясында ел болашағының іргетасы мен барша қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылық екендігі ақиқатқа айналған шындық. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

1. Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
2. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
6. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
7. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

Тәуелсіздік жылдары бой көтерген жаңа астанамыз ұлттық тарихты, дәстүр мен тәжірибені әлемдік деңгейдегі жетістіктермен көмкеріп, оның іргесін қалаушы Елбасымыздың көздегені билік те емес, байлық та емес, атақ-даңқ та емес, тек халқының қамы, нұрлы болашақ екенін толық дәлелдеді.

Асқақ армандар мен ұлы мұраттардан түзілген «Мәңгілік Ел» идеясы жаңа технологияларды, материалдық игіліктерді, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда көптеген іс-шаралар атқарылып келеді.

Еліміздің ілгері өркендеуіне септесетін ұлы жобалар мен бастамалардың, идеялар мен бағдарламалардың алтын дінгегі бола білген Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялау арқылы әрбір қазақстан азаматының санасын жаңғыртуға бағытталған негізгі алты бағытын айқындап берді. «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» атты алты бөлімдегі және «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші тараудағы ойлар мен идеялар тұжырымдамасы қоғамдық сананы жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Мемлекетіміздің болашағына жол сілтейтін бәсекеге қабілеттілік-саясатта, экономикада, руханиятта, яғни барлық салада болуы керек. Бәсеке болмаған

жерде бірізділік белең алып, елдің ертеңгі күнге деген сенімі жоғала бастайды. Бәсеке болған жерде жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, санамыз жаңғырады. Барлығы санадан басталады. Сол себепті сана түзелуі керек. Сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыру қажет.

Мемлекет басшысы ұлттық сананы жаңғыртқанда өзіміздің, қазақстандық дербес даму үлгісін қалыптастыруымыз қажет екендігін атап өтті, яғни қазақтың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен ділімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, қазақи рухымызды жаңғырту.

Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп ерекше атап өтті.

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру

Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухан жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Досан Қаумен «Мәңгілік ел» идеясы- бірлікке бастар жол 14 қараша 2016
2. Төлеуғали БУРБАЕВ, философия ғылымдарының докторы, профессор «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді [https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev\\_a2745138](https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev_a2745138)
3. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003 ж.
4. Сұлтанов Қуаныш. Қазақстанның жаңа дәуірі. – Астана «Елорда», 2010 ж.
3. «Егемен Қазақстан» газеті. № 11(28235) 18 – ақпан. 2014 ж.

**Мокроусова В. А.**

«Alikhan Bokeikhan University» БМ, магистрант, Семей қ.

### **АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІГІ, СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі әдебиеттану, тіл білімі ғылымында жазушы тілінің көркемдігі, сөз қолданыстарындағы өзіндік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылуда. Жазушы тілінің көркемдігі, тілдік сипаты жөнінде ғылымда сүбелі зерттеулер, еңбектер бар. Алайа қазіргі жазушылардың туындыларын әдебиеттану ғылымында ден

«Alikhan Bokeikhan University» БМ, 2021



қоя зерттелсе де, тіл білімі ғылымында жекелеген авторлардың шығармаларының лексикалық, грамматикалық сипаты әлі де терең зерттелімді қажет етеді. Осы тұрғыдан, мақалада жазушы Асқар Алтайдың дербес стилін, сөз қолданыстағы шеберлігін, соны тіркестерін қарастырдық.

Шығармада екі әңгімелеу өрімі бар, біріншісін автор құраса, екіншісін оқиғаға қатысушы кейіпкер құрайды. Автор әңгімелеуі бірінші қатардағы әңгімелеу болса, кейіпкер әңгімелеуі екінші қатардағы әңгімелеу болады. Ал тұтастай алғанда бәрі автор әңгімелеуінің ішіне кіреді. Автор – әңгімелеуші әңгімені кіріспе сөзбен, философиялық оймен бастайды.

«Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ». Осы ойды беруде алғашқы сөйлемдегі «өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге бой алдырмақ» ауыспалы мағынада беріліп, «өртті жүрек, дертті сана» тұрақты тіркестердің көріктеуіш құрал ретінде (эпитет) берілуі сөйлемдерге, айтылған ойдың экспрессиясын басымдатып, идеялық қызмет атқаруда ұтымды қолданыс. «Мұндар дүниеде» тіркесіндегі мұндар сөзі «адамгершілік ардан айырылған» мағынасында жұмсалған.

«Жошы «Пирамида» казиносына кіргенде алдынан еліктей елеңдеп Есілай мен құмархана иесі лақса кәрі, бірақ қытайдың өмір ұзартар «адам шөбін» үзбей қолданудың арқасында ширақ қимылдайтын, жұдырықтай ғана бұхаралық жебірей шалы жымып қарсы алды». Осы сөйлемдегі «еліктей елеңдеп» теңеу арқылы кейіпкер ішкі жан-дүниесінің портретін берген.

«Есілай «майлы клиенттің» шынтағынан еппен ғана іліп алып, қудың қауырсынындай қалқып, «орыс рулеткасы» - орыс бәсі дейтін аты шулы үстелге әкелді». Осы сөйлем мен алдыңғы сөйлем екеуі бір абзацтан алынған, осындай «қудың қауырсынындай қалқып» теңеуі кейіпкер қозғалысы мен жоғарыдағы «еліктей елеңдеп» кейіпкер қозғалысы берілген теңеу контрастық сипаттағы антониммен берілген. Біреуі жылдам, біреуі ақырын қимылын білдіреді. «Майлы клиенттің» жазушы қолданысындағы жаңа фразеологизм. Жазушы «орыс рулеткасы» деп беріп кейін ажыратып «орыс бәсі» деп қазақша нұсқасын берген. Сөйлем оңашаланған айқындауыш арқылы күрделенген.

«Бұлар әйгілі «алтын жастар» ғой». Осындағы тырнақшаға алынған «алтын жастар» ауыспалы мағынада берілген.

«Көшеден нілдей бұзылып келген Жошының жыны құрыстады да қалды. Аптаның жұмасында ғана ойнайтын, басқа күндері бас сұқса – Есілай үшін ғана... Жұмада таныстары да жолығып қалатын. Бүгін тіпті жым-жылас. Зауқы соқпаса да көңге қомақты бәйге тікті». Алғашқы сөйлемде кейіпкер көңіл күйіне байланысты бірден екі фразеологизм қолданылған. «Қомақты бәйге тікті» ауыспалы мағынада.

«Албырт шағым, әкемнің бір ауыз сөзіне бола атжалмандай қасырыстым да қалдым». Осы сөйлемдегі теңеулі фразеологизм кейіпкер тағдырын берудегі автордың өзіндік, дербес сөз қолданысы.

«Әкемнің қолы ұзын, өзі органда істейді...» осы сөйлемнің көп нүктемен аяқталуы стильдік қызмет атқарып тұр, оның қойылу себебі «қолы ұзын» фразеологизмімен беріп, кейін органда істейтіні айтылып түсіндірілмейді.

«Менің ат тұяғындай дүсірлеп соққан жүрегім сабырға келген». Сөйлемдегі теңеу ұлттық өрнектегі сөз қолданыс.

«Кенет ұлы таудан қуат құйылғандай бір күй билеп алды». Сөйлемдегі теңеу кейіпкер ішкі күйін беруде қолданылған.

«Кенет ол жалт беріп бұрылды да, ауылға қарай ағараң қағып, құстай ұшып жөнелді». Мұндағы теңеу кейіпкер қимыл-қозғалысын беруде қолданылған.

«Жошының айтқаны хақ еді. Жан дүниесін алмас ішкендей өткір, суық бір сезім билеген. Салқын сабырға қатыгездік иектеп алған. Осы бір қабаған қатыгездік оны қаладан шығар ұзын жолға салған-ды». Бұл сөйлемдерде кейіпкердің ішкі сезімін беруде ауыспалы мағынаны тіркестіріп берген.

«Тобығына дейін еніп кеткен қар мұздатып бара жатқан соң, тез қозғалып, көлігіне құр аттай адымдады». Осы сөйлемдегі теңеу кейіпкер қимыл-қозғалысын беруде қолданылған.

«Асындағы ақ түсті «Ауди» көлігі де қашқан қояндай заулайды».

«Автор бейнесін жасауға қатысатын екінші бір тәсіл – автордың кейіпкермен ортақтасып, әр түрлі жағдайда, кейіпкерлерге қарым қатынасын білдіруі. Бұл жағдайда автор кейіпкермен бірге. Әрине, ол біргеліктің көріну жолдары да сан алуан. Бір жағдайда автор өз кейіпкері мен мүлде бірігіп, бір адам сияқты болып тұрса, енді бірде одан бөлектеніп, белгілі арақашықтықты сақтап тұрады» [1, 116 б.].

«- Біз – пешкалармыз. Ал мыналар – піл, ферз дегендей... кентаврлар. Иә-ә, кентаврлар, бірақ қу құлқынның кентаврлары». Метафораларды қолданып, оларды тұрақты тіркестермен тіркестірген.

«-Ә-ә, мен образбен айтып жатқаным ғой. Қазір біз кентавр қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан біз де нағыз кентавр – Кесек Кентавр керек. Кентаврға тән алапат күш керек. Кентавр сілкініс қана біздің сансыраған санамызды тоқымдай қағады. Альпіден атылған Везувий вулканындай оятады».

«Қала ішінде қыстыққан көңіл де көтерілейін деді. Бірімен-бірі жарысқан көлік ағыны алысқа шақыратындай. Бірақ бар болмысын билеп, санасын иелеп алған сұмдық қатыгездік сезім сейілер емес. Ол жүректің ең бір әлсіз жеріне бекіп, беріш боп байланып қалған.

Асқар Алтай әңгімелеріндегі актив қолданған синтаксистік – стильдік тәсілдердің бірі – парцелляция құбылысы көзге түседі. Парцелляция дегеніміз – фразаны (ойды, сөйлемді) бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не тексті жеке өз алдына аулақтатып орналастыру [2, 118 б.].

«Сырқат сананы сауықтырар, қасіретті қоғамды құлан таза айықтырар сол ғана. Суық ақыл, ыстық жүрек сұмдық әрекетке бет береді.»

«Сенде жүрек бар... жігер бар... өлмес сана бар».

«Тарпаң қоғам, соқыр сана үстемдік құрғанда, жұрт сансырап, қоғам қорғаншақ күйге енеді... Сондықтан саусоқыр қоғам саналы пендесінің пешенесіне жазылардай сорақы шешім шығарады».

«Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ».

«Дертті сана», «соқыр сана», «салқын сана», «сырқат сана», «өлмес сана» - бұлар ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер эпитет ретінде жұмсалған.

«Сөйткен апасының басына ат ізін салмағанына да жылдан асыпты». Фразеологизм «бармағаны» деген мағынада жұмсалған.

«Өз-өзіне сенімді Жошының десе де ойын әлгі бір емексі дауыс бүлдірді. «Жошы!» - үрейлене айқайлаған сол бір сүйгені мұның сенімін сетінетіп, сезімін сөгіп кетті ғой». Кейіпкер тағдырын берудегі автордың ауыспалы мағынадағы тіркестерін қолданған.

«Ал азулы әкенің арқасында өз басы тоқты күн кешіп келе жатқаны да рас. Жоғары оқу орнын бұлғақтап жүріп бітірді, сырғақтап жүріп жұмыс та істемеді. Жалғыз тұрды, жалқы жүрді – апасы дүниеден өткелі. Қызық пенқыз, думан мен бұзықтық болмысын бұзды. «Экстези» ермекке айналды. Шаңырақ көтеріп те қарық қылмады. Соққыға жығып, сотталып кете жаздады... Адамға тән азды-көпті адамшылық іс тындырған жоқ. Ақ көбік ақшаның үстінде арам күн кешіп жүр. Міне, қырықтан да асыпты. Алды – тұман, арты – қараң. Кім кінәлі? Әрине, өзі... бір өзі». Осындағы «алды – тұман, арты – қараң» ауыспалы мағынада берілген кейіпкер тағдыры сөз болады.

Портрет-ситуация түрінде кейіпкердің сыртқы кескін-келбеті ішкі психологиялық жай-күйлерімен тығыз байланыста көрінеді. Нақты бір жағдай үстіндегі адамдардың көңіл-күйін, сезім дірілін танытады. [3, 17 б.].

«Мен болсам, мүлгіген қорым басында қалшыып қала бердім».

«Төбесіне құқйылған салқын суды да сезінбей, қарақшыдай қалқиды».

«Жошы тіл қата алмай, аяқ-қолы тырысты да қалды».

«Ала көлеңке үй ішінде состиып орнынан тұрды».

Бастауыш бірыңғайлардың стильдік қызметі шектеулі сипатқа ие. Басқа мүшелерге қарағанда олардың бейнелегіш мүмкіндіктері аз дәрежеде. Бастауыш мүшелер бірыңғайланып жұмсалғанда төңіректегі зат, көріністі, белгілі бір құбылысты санамалап толық жеткізу үшін ғана пайдаланылады.

«Сенде жүрек бар... жігер бар... өлмес сана бар».

Бірыңғай етістік баяндауыштар баяндауға қозғалмалы сипат шегіне жеткен толқыныс, тебіреніс береді.

«Қоғам да осыны күтуде... адамдар да күтуде...»

«Қазір қайдам, қуланып, арамданып, адамдықтан алыстап алғансың?!».

«Дүниені дүр елес кезіп жүр». Осы сөйлемдегі дүр елес жаңа тіркес.

««Ол мысықтабандап бұған да жетіпті-ау!..» деген ой оралды». Бұл сөйлем ауыспалы мағынада келген.

«Әне, түзге шықса соңынан сүмендей еретін елес үйіне де енді. Соңғы айларда қыр соңынан қалмайтынды шығарған. Содан бері бұл да көк бөрідей сіресті де қалды. Таудың ұлы емес пе... Елес те егесе түсті».

Алғашқы сөйлем «елес» зат есімі, дерексіз мағыналы «сүмендей еретін» деген тіркеспен тіркесіп деректі зат есімге айналған. Екінші сөйлемде теңеу арқылы кейіпкер тағдыры суреттеледі.

«... Көзін жұмған күйі көңілге ыстық қорғасындай ұйып қалған осы бір әңгіме сонарын есіне алды». Жазушы кейіпкер тағдырын, ішкі жан дүниесінде болып жатқан психологиялық жайды теңеулі эпитетпен берген.

Қорытындылай келсек, жазушы Асқар Алтайдың әңгімелері жан-жақты, көркемдік-стильдік жағынан ерекше жазылған дүниелер. Асқар Алтай әңгімелері лексикалық тұрғыдан (ауыспалы мағыналы сөздер, тұрақты тіркестер, оның ішінде окказионалды тіркестер), көркемдік ерекшеліктері ерекше, сонымен қатар, теңеу түрлері, эпитет, метафора т.б көптеп қолданылып, сөйлемдердің синтаксистік-стильдік қызметі айқындап, ажарландыра түседі.

Кейіпкер тағдырын берудегі, әңгіме идеясын ашудағы жазушының өзіндік сөз қолданыстары, тұрақты тіркестер мен сөздердің лексика-семантикалық мағыналары айрықша.

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1 Сыздықова Р. т.б Көркем мәтінді лингвистикалық талдау / Р.Сыздықова. – Алматы: Ғылым, 2002. – 116 б.

2 Сыздықова Р. Сөз құдіреті / Р.Сыздық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 118 б.

3 Сәрсекке Г.Ә. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер / Г.Ә. Сәрсекке. – Алматы, 1998. – 17 б.

#### **Ожаева Б.Б.**

Өскемен Экономика және қаржы колледжі ШҚО, тарих пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Өскемен қ.

### **ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХИ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

Осы аз уақыт ішінде егемен еліміз көптеген жетістікке қол жеткізді. Қазақстан егеменді ел болды. Еліміздің Тәуелсіздігін ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары, екінші Қытай, содан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөз ақиқат болмай шықты. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілін ашқан, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Ғиззатов айтты. Сонымен қатар осы жылдың 2 қазанында қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті.

1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі атанды. Осы жылы мемлекеттік рәміздер — Әнұран, Елтаңба және Туды жасауға конкурс жарияланды. 1992 жылдың 4 маусымында Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны туралы» заңға қол қойды. [1. 376.], 1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының тұңғыш Ата заңы қабылданды. Осы жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз - теңге айналымға енді.

1994 жылдың 16 ақпанында Елбасы Н.Назарбаев Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп Қазақстан өз еркімен қуатты қарудан бас тартып, ядролық қаруы жоқ ел ретінде осынау зұлматпен күрестің алғашқы баспалдағын қалады.

1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданып, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.

Қазақстанның араласуымен Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылды. Осы ұйымның құрылуына сол кезде біраз жұрт күмәнмен қарағанымен, ШЫҰ өзінің шынайылығын, қажеттілігін танытты. Бүгінде бұл ұйымның әлемдегі беделі айтарлықтай жоғары.

1997 жылы 20 қазанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялады. Осы жылдың 8 қарашасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін Алматыдан Ақмолаға шығарып салу рәсімі өтті. Сондай-ақ, 3 желтоқсанда Премьер-Министрдің кеңсесі Ақмолаға көшті.

Елордамыз Ақмолаға Астана аты берілді. Сондай-ақ осы жылы елімізде зейнетақы реформасы басталды. Мемлекет зейнетке шығу жасын әйелдер үшін 58 және ерлер үшін 63 жасқа дейін ұзартты.

2000 жылдың 10 қазанында Астанада халықаралық экономикалық ұйым ретінде кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Аталған қоғамдастықты құру туралы келісімге Қазақстан, Ресей, Беларусь, Тәжікстан және Қырғызстан мемлекеттері қол қойды. Кейін Еуразиялық экономикалық одақ құрылып, қоғамдастық алынып тасталды.

2001 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан халқы Тәуелсіздіктің 10 жылдығын атап өтті. Осы жылы көптеген ауқымды шара ұйымдастырылып, Рим папасы Иоанн Павел II Астанаға келді.

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтой ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Сонымен қатар осы жылы киелі Түркістанда Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы өтті. [2. 1216.],

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші құрылтайы өтті. Тарих жүзінде бұған дейін дәстүрлі үш бағыттағы дін басшыларының бір жерде бас қоспағанын ескерсек, бұл Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі саналары анық.

2004 жылы 24 желтоқсанда «Ақорда» резиденциясыны ашылды. Ғимараттың жалпы ауданы 36 720 шаршы метр. Сонымен қатар осы жылы Астанада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Музейі ашылды. Онда 100 мыңнан астам экспонат бар.

Конституция шеңберінде Президенттік сайлау өтіп, ел өзінің басшысын таңдады. Сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев қатысушылардың 91 пайыз дауысын алып, ел сеніміне ие болды. [3. 140б.],

2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне Ж.Нәжімеденовтің сөзіне жазылған композитор Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні алынды. Қолданыстағы Әнұран мәтініне Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың енгізген өзгерістерін Парламент қабылдады. Әнұранның заңды авторларының бірі - Н.Ә.Назарбаев; Қазақстан халқы үшін аса маңызды «Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңі жүзеге асырыла бастады. Мемлекеттік бюджеттен аталған бағдарламаны жүйелендіруге, сақтап және дамытуға 4 миллиард теңге бөлінді. Алғашқы кезеңге 2,7 миллиард теңге, соңғысына 5 миллиардтан аса бөлінді. Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негізінде жаңа мейрам - 6 шілде - Астана күні тарихқа енді. Сонымен қатар елордадағы «Қазақ елі» монументі ашылды.

Қазақстанда жалпыұлттық халық санағы өтті. Ел тәуелсіздік алғалы бері екінші рет өткізіліп отырған ұлттық халық санағы Қазақстан тұрғындарының саны 16 миллион 4 800 адам болғандығын көрсетті.

Қазақстан Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ете бастады. Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанда саммит өткізілді.

Қазақстанда алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медаль иеленді. Олардың 32-сі — алтын, 21-і — күміс және 18-і — қола. [4. 69б.],

2012 жылдың 22 қарашасында Қазақстан 2017 жылы елде әлемдік көрме өткізу құқығына ие болды. Халықаралық көрме бюросы мүшелерінің қатысуымен Астана 103 дауыс жинады.

Тұңғыш Президент жариялаған «2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдау бойынша жұмыстардың қолға алынуымен ерекшеленді. Сонымен қатар осы жылы Қазақстан тарихында тұңғыш рет жергілікті билік органдары басшыларының сайлауы өтті.

2014 жылдың тамыз айында үкіметте қайта құру жұмыстары өтті: 17 министрлік пен 9 агенттіктің орнына елде 12 министрлік және шамамен 30 комитет құрылды. Қаржы полициясының қызметі мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес істері жөніндегі агенттікке берілді. Бұдан өзге энергетика, мәдениет және спорт, инвестициялар және даму, ұлттық экономика министрліктері құрылды.

2015 жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды.

2016 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның өз алдына егеменді ел болып жарияланғанына 25 жыл толды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған декларация жазылды.

Қазақстанда ЕХРО-2017 көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астанада өтті. Оны тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен 3 миллион адам келді. Ал көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті. Сондай-ақ Астананың 20 жылдық мерейтойы тойланды. [5. 51б.],

Қазақстан үшін тосын оқиғаларға толы болды. 19 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы жоғары деңгейде тойланды!

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» Алматы: 1996ж. - 37 б.
2. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» Алматы: 1997ж. - 121 б.
3. Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» Алматы: 2002ж. - 140 б.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» Алматы: 2012ж. - 69 б.
5. Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік белестері» Алматы: 2012ж. - 51 б.

**Рухов Б. С.**

«№12 жалпы білім беретін мектеп» КММ, тарих пәні мұғалімі, Семей қ.

## **МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ – МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ**

Біздің тәуелсіздік алғанымыз күні кеше болса да, қазақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихы ғасырлар шежіресімен терең жалғасып жатқаны ақиқат. Мәңгілік ел – бұл қазақтың өткен тарихынан бастау алуы тиіс. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толықыныда» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» деген еді. Ендеше Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халықна жолдауында ежелгі ата – бабаларымыздың – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр. [1,2] Мәңгілік ел идеясы барша қазақстандықтардың өміріне, балашағына қатысты құжат. Мәңгілік Ел деген халықтың жағдайы, Мәңгілік Ел – деген халықтың өрлеуі, Мәңгілік Ел деген – Мәңгілік жарқын өмір. Жалпы, Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруда, жастарды жаңа қазақстандық

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

патриотизм рухында тәрбиелеуде басты назар аударатын мәселелер жеткілікті: салт-дәстүрді сақтаған жаңаша ойлай білетін, демографияға көзқарасы дұрыс, іскер, креативті, бай- меценаттар сабақтастықпен дамыса жақсы ұрпақ тәрбиеленеді. Мұның бәрі Мәңгілік Ел идеясының өзегі. Мәңгілік Ел-жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ендігі күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Біз енді тар жол,тайғақ кешулерден өттік. Жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халықпыз. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарай білетін, дербес те тәуелсіз ұлтпыз. Алда да солай бола береді. Асанқайғының армандаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманы қазақтың басына енді туды. Ол - «Тәуелсіздік». Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман –Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астанақаламызды тұрғыздық. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел! Көз қарашығымздай сақтау мәңгі мұратымыз! Мәңгілік Ел ұлттық-идеясы – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету. ҚР тұңғыш президентінің «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспарының 89-қадамында: «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Елбасы Қазақ елінің барлық азаматтарына бірнеше міндет артты. Сол міндеттердің бірі үштұғырлы тіл саясаты. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы - қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. [2.1]Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының бас-ты негізі. Ана тілінді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістікті қорғау, оған мемлекеттік тұрғыдан ықпал ету, ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ел тәуелсіздігін қорғаудағы басты ұстаным болуы тиіс.

Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Елбасының «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспарының 79 – қадамында: «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО – ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен



көшу Басты мақсаты-даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» делінген. Н.Ә. Назарбаев: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әр қайысысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуметімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін», - деді. Мәңгілік ел- ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. Олай болса біз Мәңгілік елдің іргетасын нық қалап, ел тағдырын жасайтын, ел бірлігін, ынтымағын, ауызбіршілігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеуде мәңгілік құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге тиіспіз. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Жанбол Жылбаев өз баяндамасында «Мәңгілік Ел» идеясы – ұлтты біріктіре отырып ұлы мұраттарға жетелейтін қазақ елінің ұлттық идеясы, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бес халықтық реформасы-болашақтың біртұтас ұлты-Қазақстанды одан әрі дамытудың ұлы негізі, қоғамды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы төңірегінде топтастыру әдісі екенін атап өтті. «Осы идея қазіргі ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде елдің негізгі идеологиясы дәрежесіне көтеріліп отыр. Сондай-ақ, дәстүріміз бен дүниетанымымыздың бәрі осы «Мәңгілік Ел» идеясында көрініс тапқан. Бүгінгі таңда білім беру ісі қоғамды жоғары сапалы мамандармен қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін нарықтық экономика заманында жоғары меткепте білім беру үрдісін жан-жақты жетілдіруі, тәрбиелік жұмысты дамытуы, студенттерге өз бетімен білімін толықтыруға, ғылым мен мәдениет жетістіктеріне бағыттауы қажет. Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену жолынан таймайтын нақты да нық қадамдар жоспарланып, барлығы орындалып келеді. Осы жоспарды орындауда елін сүйген кез келген азамат, әр қазақстандық ынтымақпен алға ұмтылса болашаққа жоспар құруға, діттеген мәжеге жетіп, жаңа белестерді бағындыруға дайын болатыны сөзсіз. Ұлт мұраты дегенде ел болып, жұрт болып атсалысу-заман талабы.[3.45] Қазақстанның кемел келешегін орнатуда орасан зор еңбектері тарих беттерінде алтын әріптермен басылатын Елбасы - тәуелсіздің тірегі, ұлт болашағының қамқоршысы. Соңынан ерген халық үшін өмірі сүру – біздің Елбасының басты қағидасы. Дәл осы қағида егемен елді жеңіске жетелеу үстінде. Біздің бірлігіміз баянды болса, біз үшін аса алмайтын асу жоқ. Ендеше, Ұлттық жоспарымыз ортақ іске айналсын. Біздің сана – сеніміміз өзгерді, ұлттық рухымыз жаңғырды. Біздің ең үлкен жетістіктеріміз де, құндылығымызда-Тәуелсіздігіміз. Тәуелсіз, азат және мәңгілік ел орнату ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы аңсаған асыл арманы болатын. Қазіргі таңда Қазақстан жаһандық аламан бәйгеге қосылып отыр. [4.34]Мәңгілік тоқтамайтын, күресетер мен кедергілерден тұратын осы жарыста

өзгелердің шаңында қалмай, алдыңғы топтың ішінде болу – елдік мұратымыз. Біздің қоғамда халықты бір мақсат жолына біріктіретін, алға ұмтылуына күш беретін, өміршең идея қажет болып жүрген еді. «Мәңгілік Ел» идеясының келесі тұғыры, негізі - Елбасы үнемі айтып келе жатқан елдің ішкі тұрақтылығы, халықтардың өзара достығы мен татулығы, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы. Этнос және дінаралық келісім мен татулық Қазақстан дамуының басты тұғыры. Тек тату, бірлігі жарасқан ел ғана алға қойған мақсат-мұраттарына жете алады. Сондықтан ел ішіндегі татулық пен тұрақтылық «Мәңгілік Ел» жолындағы басты ұстаным болып қала бермекші.[5.5]

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Сонымен бірге, ұлттық идея алдыңғы қатарлы және адамзаттың даму бағыты мен үрдісіне сай келетін болуы керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан халқын біріктіретін, елдің басты мақсатынан шығатын және соған толық жауап беретін идея десек, артық айтқандық емес.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. Астана, 2014жыл 11 қараша. 2 бет
2. Ұлт жоспары-Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадам. Астана 2015 жыл 20 мамыр. 1бет
3. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы- заманауи Қазақстандық қоғамның басты бағыты. Білім ғылыми- педагогикалық журнал 45 бет. 2015ж
4. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – мектептегі рухани – адамгершілік тәрбие негізі. Білім ғылыми – педагогикалық журналы 34 бет. 2016 ж
5. «Мәңгілік Ел» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 5 бет Журнал 2016ж.

**Садыкова Ш. Т.**

КГУ «Средняя школа имени Н.Баймуратова», г.Семей

## **НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА: УРОКИ, ДОСТИЖЕНИЯ И ГОРИЗОНТЫ БУДУЩЕГО**

В этом году исполняется 30 лет нашей Независимости. Это важная веха, знаменующая собой возрождение казахской государственности и обретение свободы, мечты о которой лелеяли многие поколения наших предков. По меркам истории 30 лет – всего лишь мгновение. Однако для многих народов этот период вместил в себя целую эпоху, наполненную трудностями и победами, кризисами и достижениями. . [2].

Сегодня доля казахов и других этнических групп, владеющих государственным языком, значительно увеличилась. Сформированы все правовые подходы и гарантии, чтобы казахский язык стал, по сути, объединяющим фактором для всего нашего народа. Проблема в намерении. Правильность намерения зависит как от тех, кто хочет выучить казахский язык, так и от Государства, которое поможет достичь этой цели.

В настоящее время Республика Казахстан, получившая благодаря общественному согласию и политической стабильности, достигнутым успехам внутри страны и миролюбивой внешней политике всеобщее международное признание, превратилась в сильное и успешное государство – авторитетного инициативного игрока на мировой арене, развивающееся 4 по точно определенным направлениям, посредством реализации четко выверенных стратегий. . [6].

Принята Стратегия «Казахстан-2030». Определена государственная граница с нашим восточным соседом. Начались интенсивные переговоры по границе с другими сопредельными государствами. Мы стали территорией, свободной от ядерного оружия. Перенесли столицу на землю Сарыарки. Молодые казахстанцы стали учиться в ведущих университетах мира. Был создан Национальный фонд, резервы которого впоследствии помогли нам пережить не один кризис. . [13].

Мы призвали соотечественников со всего мира возвратиться на историческую родину, создав условия для их переселения. В результате наша страна стала возрождаться, укрепился национальный дух.

Молодежь - самый активный член любого государства. Сегодняшняя молодежь - это будущее суверенного государства, продолжение поколения, обладающего независимостью, о которой давно мечтали наши предки.

Мысли Елбасы о поддержке молодежи послужили основой для провозглашения прошедшего года Годом молодежи. Он подчеркнул, что только образованным и умным потомкам может принадлежать будущее страны. [1].

Молодежь восприняла ценности рынка, поставив популярность жизненных стратегий социального успеха на первые места: среди целеполагающих ценностей молодежи доминирует образование, которое

оказывается на самых верхних ступенях иерархии, а также принцип индивидуального планирования собственной жизни самим человеком, личная инициатива, ценность свободы личности, ее суверенитет, свободная конкуренция, плюрализм, важность влиятельных друзей и знакомых, помощь «нужных» людей, гедонистические ценности, прагматизм. [5].

Вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей.

Современный Казахстан — независимое, суверенное, демократическое государство со стабильной экономикой и беспроигрышным планом на будущее. Сегодня Казахстан смело заявляет о себе, о своих правах и целях. Президентом нашей страны является поистине мудрый человек, тонкий политик, стратег и настоящий патриот, Н.А.Назарбаев. Благодаря ему мы достигли стабильности и процветания. С приобретением независимости начала развиваться экономика, наука, культура. Конечно, нашей стране было нелегко начинать строить своё государство, выйти из кризиса, преодолеть безработицу, но мы прошли эти трудности. Мы встали на ноги, и теперь наша страна продолжает двигаться вперед.

За время нашей независимости мы сделали немало: построили крепкое государство, создали одну из самых динамичных экономик, улучшили уровень жизни людей. Нурсултан Назарбаев, президент нашей Родины, всегда на первом месте ставит народ.

Молодежь, как поколение, вступающее в жизнь, проявляет особый интерес к собственному будущему. Молодое поколение верит в свои возможности, четко знает, какие знания и умения могут стать ему полезными в будущем.

К числу молодых и перспективных молодежи нашего села Карагайлы можно отнести нашу выпускницу Нұрланқызы Мөлдір. Мөлдір окончила КГУ «Средняя школа имени Н.Баймуратова» в 2018 году на «Алтын белгі». За период обучения в школе она всегда находилась на передовых позициях. Являлась президентом «Жас Ұлан» в школе. Во всех мероприятиях проводимых как в школе так и в районе занимала первые места. За время учебы Мөлдір участвовала ежегодно в научных-практических конференциях, и на олимпиадах по предметам. А так же во всех мероприятиях проводимых молодежным центром района и области.

21 октября 2021 года студент СГПИ имени Шакарима Нұрланқызы Мөлдір вместе со своим куратором дает интервью по телевидению на YouTube канале <https://youtu.be/SMLzmqbOA8w>

25 ноября 2021 года ко дню Первого Президента и 30- летию Независимости Казахстан за выдающие заслуги в работе среди молодежного движения она награждена кубком «Ежегодный студенческий лидер», а так же дипломом за вклад государства в реализацию молодежной политики в номинации «Лидер студентов».

Молодые люди всегда являются источником новых идей, движущей силой позитивных изменений. Поэтому нужно направлять и эффективно

использовать этот потенциал подрастающего поколения. Что бы мы ни делали, мы делаем это для будущих поколений. Мы глубоко чувствуем ответственность государственной политики за будущее. [18].

Человек не рождается патриотом. Он получил образование и воспитание, взаимодействовал с социальной средой и стал патриотом в формировании гражданской идентичности.

По-настоящему счастлив будет человек, который искренне чувствует, что его личные цели и интересы находятся в гармонии с общественным благом и вносят значительный вклад в развитие своей страны.

Алихан Бокейханов, великий сын нашего народа, сказал: «Служение народу - это не знания, а характер». Мы должны вдохновляться истинным патриотизмом и вместе работать над укреплением нашей священной Независимости. [21]

### **Список использованной литературы:**

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Казахстана: Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана // Казахстанская правда. - 2010. - 30 января.
2. Назарбаев Н.А. Эра независимости. Астана. – Астана, 2017. – С. 74.

**Сейітқазина А.Ә.**

«Мектеп жанындағы интернаты бар  
№42 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, жас маман Семей қ.

### **30 YEARS OF INDEPENDENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CHALLENGES, ACHIEVEMENTS AND PROSPECTS**

The approaching 30th anniversary of Kazakhstan's Independence gives grounds for reflection and assessment from the perspective of the current moment of the difficult and at the same time worthy path that the country has passed over the past years, and all the key results achieved so far, which allows the nation to assert its state solvency and opportunities for further progressive development.

Over the years of independence, Kazakhstan has done so much work that it is difficult to fit it into this short text. If we speak in the words of the Kazakh leadership about the Kazakh path, then of course, this path is not limited only to the choice of an economic model. This is also a political model that includes not only general constitutional provisions, but also the political regime, infrastructure and religious relations.

This is the richest array and it is in these relations that Kazakhstan has emerged as a model state in the modern world.

This perspective has received high international and domestic praise. The preservation of ethnic and religious consensus in such a fragile region of the world for three decades determines to a large extent the Kazakh way. It is built on delicate

balances. The most important step of the Kazakh way was first of all security. From nuclear disarmament and the definition of borders with neighbours, the fight against terrorism and military-political blocs, to the security of the individual.

Thus, in fact, on December 16th, 1991, a new stage in the history of Kazakhstan began. The Constitutional Law on the State Independence of the Republic of Kazakhstan, adopted in 1991, consolidated the emergence of a new sovereign state in the heart of the Eurasian continent. The construction of the state required a clear master plan, which would give clear guidelines for what kind of state should be built.

The first experience of Kazakhstan's medium-term planning was the "Strategy for the Formation and Development of Kazakhstan as a Sovereign State" developed in early 1992. This was the first attempt to comprehend the path of development in the confusion of those years, and it can confidently be called the first three-year national plan.

With independence, it was necessary to solve a number of primary tasks.

First of all, it was necessary to create the state. This meant that it was necessary to create state institutions of power, to achieve recognition in the international arena, and to join various international organisations.

Looking back now, we can definitely say that this plan fulfilled its purpose, being more of a survival strategy. It was this that determined what kind of country Kazakhstan would become in both the near and the distant future. This strategy became one of the first official documents of the country, which laid the ideological foundation – the issue of self-determination of the Kazakh nation.

Conducting a brief historical review, the strategy explained that Kazakhstan in its modern borders was historically the territory of ethnic settlement of the tribes that later formed the Kazakh nation and controlled the entire territory of modern Kazakhstan.

The leadership of Kazakhstan officially and absolutely clearly stated that the independent state in its current form is not someone's gift to the Kazakhs, namely the historical homeland of the Kazakhs, the native Kazakh land. Thus, the country's leadership gave the people clear guidelines, and also gave a clear signal that the government would use all constitutional means to ensure the unity and integrity of the state-and its territory.

This was the most important task in such a volatile post-independence period. The strategic goal was the development of a sovereign state with a strong presidential power. The young independent country needed to outline the clear contours of statehood. Given the risk of time loss and further deepening the crisis, the presidential power allowed the country to concentrate on solving urgent problems and implementing priority reforms in a short time, without being distracted by persuasions and the search for compromises or half measures.

During that period, new ministries were created, aimed at solving fundamental tasks, state institutions such as the armed forces, diplomatic and customs services. Measures were taken to strengthen and define the State border. All this required incredible efforts, large financial resources and decisive actions.

The strategy proclaimed two basic economic principles. First, the formation of a social market economy based on competitive principles. Secondly, the creation of legal and other conditions for the implementation of the principle of economic self-determination of a person. Thus, the strategy stated that Kazakhstan is moving from a planned economy to a market economy, from totalitarianism to a liberal policy.

The Kazakh Parliament (Photo credit: akorda.kz.). Kazakhstan, even before gaining its independence, and despite the fierce opposition of the then Soviet leadership of the military-industrial complex, closed on its territory what was then the world's largest nuclear weapons test site in the Semipalatinsk region. Thanks to this, August 29th 1991 marked the starting point for the acquisition of the status of a nuclear-weapon-free region for the whole of Central Asia.

Later, Kazakhstan, as a sovereign state, voluntarily renounced its nuclear heritage and, having shown a firm, tough political will, also renounced membership in the nuclear club in principle and unconditionally. (At that time, the nuclear arsenal of Kazakhstan was the fourth most powerful in the world, inherited from the most powerful Soviet nuclear power - more than a hundred ballistic missiles, 1,216 nuclear warheads for intercontinental ballistic missiles, and heavy bombers capable of reaching anywhere in the world).

Today it is very difficult to imagine that, in reality, the nuclear power capabilities of the independent state of Kazakhstan, which had just emerged on the political map of the world, actually exceeded the nuclear weapons of Great Britain, France and China.

Many authoritative experts with a global reputation today confidently claim that Kazakhstan had all the highly qualified specialists in demand, the necessary infrastructure for the introduction of military nuclear programs, and the means of delivery. Accordingly, the emergence of independent Kazakhstan in the world space, as a new nuclear power, was only a matter of political will and time.

It should be emphasized that such a courageous, decisive, historical step as the voluntary renunciation of Kazakhstan's most powerful nuclear potential, made in the name of peace and security, would later play a very important role in the development and establishment of independent Kazakhstan as an economically powerful, intellectually advanced state.

It is important to explain that the modern Kazakh state is directly connected with the global nuclear policy, its main problems, challenges and threats.

The starting point was 1947, when the Soviet government chose the Kazakh steppe for the construction of a nuclear test site. Until the collapse of the Soviet Union, Kazakhstan played an important role in the Soviet nuclear program. The republic was the main source of uranium, there were enterprises of the military-industrial complex on its territory, providing the production of nuclear material, there were military divisions serving the intercontinental missiles, heavy bombers and nuclear warheads located on the territory of Kazakhstan.

Thanks to the verified policy of the leadership of Kazakhstan and the support provided by the international community - primarily the United States - the issue of

the Soviet nuclear legacy was resolved in the best possible way, both for the republic itself and for international security and stability.

Kazakhstan was able to get additional guarantees of its security. In 1994, the United States, Russia and the United Kingdom signed the Budapest Memorandum, thereby assuming the corresponding obligations: to respect the sovereignty and borders of Kazakhstan, not to use or threaten by force the territorial integrity and political independence of Kazakhstan.

A little later, China and France provided similar guarantees to Kazakhstan. Kazakhstan has in the meantime joined the UN, the World Bank, the International Monetary Fund and a number of other international organizations. Kazakhstan has been provided with the international investment and technology needed by the new state, especially in the promising oil and gas sector. The American company "Chevron" was one of the first to enter the Kazakhstan market to develop the oil field in Tengiz.

Since gaining independence, the nuclear factor has continued to play an important role in the development of Kazakhstan and its foreign policy image, but now in the context of nuclear disarmament, non-proliferation and peaceful nuclear energy. In this regard, the current state of the global nuclear system and the role of Kazakhstan in it are of great interest.

In April 1990, the Supreme Soviet of the Republic adopted a law on the establishment of the post of President of the Kazakh SSR. Nursultan Nazarbayev was elected to this post.

On October 25, 1990, the Supreme Soviet of the Kazakh SSR adopted a Declaration on the State Sovereignty of the Kazakh SSR.

On December 1, 1991, the first nationwide, but uncontested elections of the President of Kazakhstan were held, in which 98.76 percent of Kazakhstani voters who came to the polling stations voted for Nursultan Nazarbayev. On December 10, 1991, Nazarbayev solemnly took the oath of office at the Palace of the Republic and began to work as the President of Kazakhstan elected by the people. On the same day, the Supreme Council of the Republic decided to rename the Kazakh SSR to the Republic of Kazakhstan.

The Constitutional Law "On State Independence of the Republic of Kazakhstan" was adopted by the resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan on December 16, 1991. Every year on this day, the country celebrates Independence Day.

"The Supreme Council of the Republic of Kazakhstan, expressing the will of the people of Kazakhstan, recognizing the priority of individual rights and freedoms enshrined in the Universal Declaration of Human Rights and other universally recognized norms of international law, confirming the right of the Kazakh nation to self-determination, proceeding from the determination to create a civil society and a rule of law, implementing a peaceful foreign policy, declaring its commitment to the principle of non-proliferation of nuclear weapons and the disarmament process, solemnly proclaims the state independence of the Republic of Kazakhstan," the preamble of the law says.



In 1997, the government of Kazakhstan moved the capital to Akmola (renamed Astana in 1998, and the last one to Nur-Sultan on March 23, 2019) from Almaty, the largest city in Kazakhstan, which was the capital from 1927 to 1997.

The first President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, served as head of state for almost 30 years, resigning his powers on March 19, 2019. His successor was Kassym-Jomart Tokayev, who at that time held the position of speaker of the Senate of the parliament – the second person of the state after the president.

Today Kazakhstan is an independent, democratic and legal state.

According to the Statistics Committee of the Ministry of Finance, as of October 1, 2020, the population of the republic exceeds 18.8 million people. Kazakhstan ranks ninth in the world in terms of territory.

The country is led by the President, the government is headed by the Prime Minister. There are two chambers in the Parliament of Kazakhstan: the upper one is the Senate, the lower one is the Majilis.

Judicial power is exercised by the Supreme Court, regional, military, city, district and specialized courts.

Kazakhstan consists of 14 regions, 87 cities (including three cities of republican significance: Nur-Sultan, Almaty, Shymkent. There are also 38 cities of regional significance and 47 cities of regional significance.

Each region and city is headed by an akim, who is appointed by the president of the country.

The national currency is tenge.

Kazakhstan is inhabited by representatives of more than 30 different peoples. According to data at the beginning of 2020, Kazakhs — 68.51% of the population; Russians — 18.85%, Uzbeks — 3.25%, Uighurs — 1.47%, Ukrainians — 1.42%, Tatars — 1.08%, and others.

Conclusion. Kazakhstan is officially a bilingual country, although now the government is heading for trilingualism. Kazakh has the status of the state language, Russian is the official language.

Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the fourth meeting of the National Council of Public Trust in October 2020 announced the decision to proclaim 2021 the Year of the 30th anniversary of Independence.

"This is a good reason to reflect on the path we have traveled," Tokayev wrote on Twitter.

He added that "the anniversary will be marked by economic and political reforms, digitalization, protection of the rights of children and the disabled, solving environmental problems."

"We must pay great attention to improving the level of reader literacy. Libraries that need modernization and digitalization can play an important role in this matter," the President noted.

Earlier, Kassym-Jomart Tokayev, speaking about the celebration of the 30th anniversary of Independence, noted that "now is not the time to hold numerous celebrations on the occasion of this important historical date," the 30th year of independence should be marked with shock, productive work.

The Head of State stressed that, first of all, we are talking about effective reforms aimed at ensuring the well-being of citizens.

He noted that the Supreme Council for Reforms faces tasks of important national importance, and there is no time for a shake-up.

Independence Day is a national holiday. Celebrating it, Kazakhstanis usually rest for two days – December 16-17.

## References

1. <http://www.kstu.kz/independence-day-of-the-republic-of-kazakhstan/?lang=en>
2. <https://publicholidays.asia/kazakhstan/independence-day/>
3. <https://www.edgekz.com/kazakhstan-celebrates-independence-day-countrys-accomplishments/>
4. <https://www.orexca.com/kazakhstan/history/independence.htm>
5. "Kazakhstan Independence Day | Office Holidays". [www.officeholidays.com](http://www.officeholidays.com). Retrieved 2017-08-31.
6. Cummings, Sally N. (2013-09-13). Symbolism and Power in Central Asia: Politics of the Spectacular. ISBN 9781317987000.
7. Olcott, Martha Brill (September 2010). Kazakhstan: Unfulfilled Promise. ISBN 9780870032998.
8. [https://en.tengrinews.kz/politics\\_sub/Kazakhstan-celebrates-Independence-Day-257960/amp/](https://en.tengrinews.kz/politics_sub/Kazakhstan-celebrates-Independence-Day-257960/amp/)
9. <http://aglobalworld.com/holidays-around-the-world/independence-day-kazakhstan/>

**Сумцова К.А.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрант 2 курса МПП-222, г.Семей.

## **ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ САМООТНОШЕНИЯ У ПОДРОСТКОВ**

Подростковый возраст, по мнению современных исследователей, является сенситивным периодом для становления самоотношения как эмоционально-оценочного компонента самосознания. «Периодом возникновения сознательного «Я», как бы постепенно ни формировались отдельные его компоненты, издавна считается подростковый и юношеский возраст» [1, с. 28].

Актуальность проблемы самоотношения в подростковом возрасте объясняется тем, что именно в этот период происходит становление его самосознания (Д.И. Фельдштейн, Л.И. Божович, И.И. Чеснокова и др.) сопровождаемое рядом психосоциальных противоречий: с одной стороны подросток воспринимает себя как личность исключительную, ставит себя выше других людей, с другой стороны сомневается в себе, но старается не допускать в сознание эти сомнения (Т.В. Рябова).

Проблеме самоотношения посвящены работы С.Р. Пантелеева. По мнению автора, именно на этом возрастном этапе под воздействием различных социально-психологических факторов значительным коррективом подвергается уже существующая система оценочных критериев ребёнка о собственной личности [2]. По мнению В.В. Столина, когда ребёнок достигает подросткового возраста, на первый план выходят внутренние факторы и начинают играть в формировании самоотношения значительную роль [3]. Л. С. Выготский называет этот феномен «интегрированием образа самого себя», «перемещением» его «извне вовнутрь» [4, с. 229]. В связи с этим может иметь место либо рассогласование компонентов самоотношения, либо взаимное их усиление, что находит отражение в возникновении подростковых проблем.

Исследования, проведённые современными учёными в рамках возрастной и педагогической психологии, показывают, какое огромное влияние имеет самоотношение на процессы формирования активной жизненной позиции, направленности личности на самовыражение и самореализацию (Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, С.Р. Пантелеев, В.В. Столин, Д. И. Фельдштейн, И. И. Чеснокова и др.). В этот период развития личности впервые становятся необходимыми такие потребности, как самонаблюдение, самопознание, самоотношение, саморегулирование деятельности и поведения, появляется стремление к самовоспитанию, к целенаправленному изменению себя. Возникновение этих феноменов провоцируется осознанием некоторых собственных психологических несоответствий с внешними требованиями, идеалами, нравственными образцами.

Анализ исследований Е. В. Бондаревой, Н. М. Борытко, Л. С. Выготского, М.В. Корепановой, Н. К. Сергеева и др. раскрывает несомненную значимость процесса формирования позитивного самоотношения подростков. Это сложный процесс, напрямую зависящий от условий социального развития ребёнка, его жизненного опыта, характера взаимодействия со сверстниками и взрослыми, системой морально-нравственных установок и т. д. По мнению Г.С. Абрамовой, большая роль в нём отведена значительной психологической и физиологической перестройке, приходящейся на подростковый возраст.

Необходимо отметить, что одним из ведущих механизмов формирования самоотношения является личностная рефлексия. Младшие подростки способны осуществлять рефлексивный анализ отдельных своих поступков, они занимаются исследованием собственного характера, некоторых особенностей своей личности. После, у подростков наблюдается всплеск самокритичности, «самокопания», фокус внимания направлен в основном на негативные черты характера и особенности внешности, что вызывает выраженные аффективные переживания. У старших подростков самокритичность снижается, отношение к себе выравнивается, становится более благожелательным и спокойным. Зато на первый план в этом возрасте выходит проблема несовпадения «Я-реального» и «Я-идеального». И.С. Кон считает такое несовпадение нормальным и естественным следствием когнитивного развития [5].

Большое влияние на формирование самооотношения подростка оказывают изменения в его эмоциональной сфере. В подростковом возрасте эмоциональная сфера активно развивается, достигает особой интенсивности, разнообразия и глубины. С этим обстоятельством связан, по мнению некоторых исследователей, новый уровень развития эмоционально-ценностного отношения подростка к себе.

И.И. Чеснокова показывает, что процесс становления эмоционально-ценностного образования зависит от развития эмоциональной сферы подростка и его эмоционального опыта в целом [6]. Эмоции подростка отличаются большой силой, трудностями в управлении, характеризуются выраженной аффективностью. С этим часто связана слабость самоконтроля (произвольной регуляции), что вызывает агрессивность, экспансивность поведения. А. М. Прихожан называет эмоционально-ценностное отношение к себе подростков центральным, «ядерным» образованием самосознания, определяющим его возрастные особенности.

В процессе изменения отношения подростка к себе сильно меняется его самооценка. Б. С. Братусь считает, что самооценка подразумевает под собой известное отношение к себе (к своим качествам, возможностям, состояниям, физическим и духовным силам). По его мнению, для подростков типично активное желание поддерживать свою самооценку на максимально высоком уровне [6]. При этом отмечают у младших подростков ситуативность самооценки, её нестабильность и неустойчивость. К концу подросткового возраста она становится более адекватной, устойчивой и многосторонней.

В психологии выделяются факторы, оказывающие непосредственное влияние на формирование самооотношения подростков, а именно: поведение родителей (стиль семейного воспитания), роль значимых других, взаимосвязь самооценки с социально-психологическим статусом ребёнка, связь самооценки с педагогической оценкой.

Проанализируем каждый из факторов. Одним из наиболее значимых факторов большинство исследователей считают поведение родителей и ближайших родственников ребенка. Это значит, что в качестве первого социализирующего института общества выступает семья, чье влияние является самым длительным и всеобъемлющим. Специфическим новообразованием подросткового возраста является способность к рефлексии родительского мнения и последующей отстройке от него, к выработке собственной позиции по отношению к родительской оценке. Однако при всем этом нельзя сказать, что у подростков происходит отчуждение от родителей. На вопрос, где они чувствуют наибольшую защищенность, ответ "в семье" встречается почти так же часто, как и ответ "среди друзей". Опираясь на выводы исследований Розенберга, Куперсмита и Бахмана, направленных на установление зависимости между формированием Я-концепции и взаимодействием внутри семьи, Гекас исследовал степень влияния, контроля и поддержки со стороны родителей на самооценку подростков. И в результате исследователь сделал

вывод, что оба эти фактора, как общее выражение заинтересованности родителей в ребенке, положительно влияют на его самооценку.

Другие исследования выявили при этом, что поддержка семьи и принятие ребенка и его устремлений родителями в наибольшей степени влияют на уровень его общей самооценки, а школьные успехи и некоторые факторы, связанные с учителями (например, когнитивно-эмоциональное принятие учителем подростка), значимы лишь для самооценки способностей.

В исследованиях также отмечается, что теплое, внимательное отношение родителей является основным условием формирования положительной самооценки подростков. Жесткое, негативное отношение родителей имеет обратное действие: такие дети, как правило, сфокусированы на неудачах, они боятся рисковать, избегают участия в соревнованиях, кроме того, им присущи такие черты характера, как агрессия и грубость, а также высокий уровень тревожности.

Кроме непосредственного влияния родительской оценки и их эмоционального отношения к ребенку, большое значение на формирование самоотношения имеет стиль общения в семье. Два выделенных вида стиля общения, "симметричный" и "асимметричный", различным образом влияют на самооценку подростков.

Симметричный стиль предполагает общение членов семьи, основанное, на партнерских началах. Такое общение способствует формированию у ребенка системы собственных критериев самооценивания, поскольку самоуважение подростка поддерживается не только уважительным отношением родителей, но также оценкой эффективности его деятельности. В дальнейшем это является фактором, способствующим эмансипации самооценки подростка.

Асимметричный стиль общения в семье предполагает ограничение участия ребенка в подготовке и принятии решений, что ведет в дальнейшем к формированию у него неблагоприятного самоотношения и образа Я. Таким образом, влияние семьи и родительского отношения на формирование самооценки подростков имеет большую значимость. При этом необходимо отметить, что формирование самоотношения подростка определяется не столько реальной родительской оценкой и отношением, сколько тем, как подросток субъективно отражает и переживает родительское отношение и свое место в семье, т. е. ожидаемой оценкой.

Еще один значимый фактор, оказывающий влияние на формирование самоотношения подростков параллельно с воздействием близких родственников, - роль значимых других. Под термином «значимые другие» понимаются люди, которые важны или значимы для ребенка вследствие того, что он чувствует их способность оказывать непосредственное влияние на его жизнь. Ф. Райс указывает, что значимые другие - это те, кто играет в жизни личности большую роль. В подростковом возрасте значимыми другими, в первую очередь, являются сверстники, которые становятся референтной или социально значимой группой влияющие на самооценку подростка.

Третий фактор, влияющий на формирование самооотношения подростков - взаимосвязь самооценки с социально-психологическим статусом. Социально-психологический статус — понятие, обозначающее положение человека в системе межличностных отношений и меру его психологического влияния на членов группы. Известная тенденция подростков к группированию и своеобразная, зачастую жесткая, внутригрупповая статусная дифференциация, присущая не только неформальным группам, но и школьному классу, делает необходимым рассмотреть взаимосвязь самооценки подростка с его социально-психологическим статусом. Статус подростка в коллективе, чем бы он ни определялся, оказывает сильнейшее влияние на его поведение и самооотношение [7]. Исследования в этой области подтверждают влияние особенностей самооценки подростка на его социально-психологический статус в классе: чем критичнее к себе подросток и чем выше его самооценка, тем выше его положительный социометрический статус. Отклонение в адекватности осознания подростком своего положения в коллективе, как в сторону переоценки, так и в сторону недооценки, может привести к нежелательным результатам.

Последний выделяемый фактор - связь самооценки с педагогической оценкой. Представляет также интерес вопрос влияния педагогической оценки на самооценку подростков. В отечественной психологии этот вопрос был всесторонне исследован Б.Г. Ананьевым, который выделил две основные функции педагогической оценки: ориентирующую (воздействие на интеллектуальную сферу) и стимулирующую (воздействие на аффективно-волевою сферу личности). Сочетание этих функций формирует знание ребенка о самом себе и переживание им собственных качеств, т. е. самосознание и самооценку.

Таким образом, за время проживания ребёнком подросткового возраста самооотношение претерпевает значительные изменения. Происходит его усложнение, повышается устойчивость самооотношения в целом и его компонентов в частности, осуществляется их интеграция в единую целостную систему. Приоритетным, по мнению исследователей, является то, что под влиянием многих факторов в подростковом возрасте самооотношение интенсивно формируется и систематизируется.

Становление самооотношения — это сложный непрерывный процесс, в ходе которого изменяются, претерпевают определённую динамику его структурные и процессуальные компоненты. Отсюда следует, что изучение особенностей самооотношения является важным именно в подростковом периоде, ибо этот возрастной этап наиболее чувствителен для развития психологического феномена самооотношения в целостной структуре личности.

### **Список использованной литературы:**

1. Фельдштейн Д.И. Хрестоматия по возрастной психологии/ Сост. Л.М. Семенюк. - М.: Сфера, - 2006. - 509с.

2. Пантелеев С.Р. Методика исследования самоотношения/С.Р. Пантелеев - М.: Смысл, 1993. - 32с.
3. Столин В.В. Самосознание личности. - М.: Вагриус, 1991. - 456с.
4. Выготский Л.С. Развитие трудного ребенка и его изучение // Выготский Л.С. Собр. соч.: В 6 т. Т. 5. М., - 2005.
5. Кон И.С. Категория «Я» в психологии // Психологический журнал. - 1981. - №3. - С. 25-38
6. Обухова Л.Ф. Возрастная психология: Учебник для вузов. М., - 2010.
7. Новгородцева А.П. Переживание подростками чувства взрослости // Психологическая наука и образование. - 2006, № 2.

**Скакова Б. Э.**

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы  
221 тобы, 2 курс, мамандық «Тарих»  
Ғылыми жетекші: т.ғ.к, Болатова Қ.Б.

## **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ**

Әрбір елде халықтың өзіне тән киелі орындары бар. Ағылшындар басты храмы – Кентерберий ғибадатханасын мақтан тұтса, немістер Кельндегі рим-католик готикалық соборын, француздар Нотр-Дам-де париді ұлық етеді. Қазақ елінде де мақтанш ететін қасиетті орындар жеткілікті. Атап айтсақ, ежелгі Тараз, Ұлытау, Түркістан, Сайрам, Алтай, Жетісу өңірлері және Бекет-ата кешені. Осындай қасиетті орындарымызды әлем халқына танытумен қатар еліміздің болашағы жас ұрпаққа тереңірек таныстыру маңызды. Қасиетті жер - дегеніміз бұл адам ағзасына және де бүкіл тіршілік атаулыға таңғажайып энергетикалық әсер тудыратын мекен. Осы жерге келген адамдар жер қойнауынан шығатын энергия көздері арқылы дертіне шипа тауып, ауруларынан айығып, рухани тазарып шығады. Біздің Шығыс Қазақстан өңірі осындай қасиетті мекендерге бай өңір. Ежелгі тарихи киелі орындарымен танысу елдік бейнеміздің кәусар бұлағы екенін, оның пайда болу тарихы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді шетелдік туристерге, студенттерге дәріштеудің де берері мол. Бұл орайда арнайы саяхат ұйымдастырудың ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеуде алар орны ерекше. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында еліміз бен жерімізді, тарихи мол мұраларымызды сақтап қана қоймай, келешек ұрпақ кәдесіне жарату, сонымен бірге бүкіл әлемге таныту мақсатында «Туған жер» бағдарламасын қолға алу қажеттігін ұсынғаны мәлім. Осы тарапта атқарылып жатқан «Шығы Қазақстанның киелі жерлерінің, географиясы» жобасы елімізді танытуға тың серпіліс берері даусыз. Осы арада айта кетелік, бағдарламалық мақала шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға тапсырылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметовтың өкімімен қоғамдық сананы жаңғырту

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

бағдарламасын іске асыру аясында өңірлік комиссия құрылып, олардың жанынан жұмыс топтары жасақталған болатын. Аталған жоба аясында облыстағы қасиетті, киелі жерлердің тізімі анықталып, олардың өңірлік картасы дайындалды [1, 57].

Біздің өлке – саяхатшылар үшін таптырмайтын мекен. Географиялық және саяси ерекшеліктеріне байланысты Шығыс Қазақстанның көптеген жерлері қолжетімсіз және экологиялық таза қалпында сақталған. Өлкеміздің табиғаты ғажайып: - таулы, таулы-орманды, орман-тоғайлы, далалы, шөлді, шөлейтті, сан алуан ландшафты кездестіресіз. Өзендер мен көлдері өзінің әдемілігімен көздің жауын алады. Шығыс Қазақстан киелі жерлерге бай.

Киелі жер дегеніміз бұл адам ағзасына және де бүкіл тіршілік атаулыға таңғажайып энергетикалық әсер тудыратын мекен. Осы жерге келген адамдар жер қойнауынан шығатын энергия көздері арқылы дертіне шипа тауып, ауруларынан айығып, рухани тазарып шығады.

Мұндай қасиетті жерлерге Алтайдың ең биік шыңы Мұзтау, Қоңыр Әулие үңгірі, Бірғызбай Досқанаұлының кесенесі т.б. жатады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлан-ғайыр жері мен аса бай тарихы бар Ұлы Дала Елінің мықты мемлекет, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болуы үшін болашаққа қалай қадам басатыны және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні туралы көзқарастарын ортаға салған Елбасы Н.Ә.Назарбаев бірнеше жоба ұсынып, оларды жүзеге асыру қажеттігін айтқан болатын. Аталған жобалардың бірі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы».

Мемлекет басшысы бұл жоба туралы: «... біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек [2,12]. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы [3, 28].

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» дей келе, Үкіметке жобаны әзірлеу бойынша нақты тапсырма берген еді. Онда үш мәселенің қамтылуын атап көрсетті. Нақтырақ айтқанда:

1. Аталған «Мәдени-географиялық белдеудің» рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізу қажет.



2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде, мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар.

Бүгінгі күні бағдарламалық мақалада көрсетілген жобаларды іске асыру басталып та кетті. Ұлттық комиссия құрылып, оның жұмыс топтары нақты жоспарларын жасап, жан-жақты жұмыстар жүргізуде [4, 179].

Бәйдібек би мен Домалақ ананың жалғыз баласы Жарықшақ атамыздан Тарайтын Мұрын ана, Қызай ана, Албан, Суан, Дулат 5 баласы болған. Мұрын ана Каракерей елінің Байыс деген адамына тұрмысқа шыққан, Ал Қызай ана Матай елінің Аталық деген баласына тұрмысқа шыққан. Содан өрбіген ұрпақтар Мұрын-Қызай елі боп кеткен. Мұрын анамыздан кенжелеп туған Сарымырза және жиені Байжігіттің балалық өмірі бірге өтіп, бірге өскен сияқты. Оны әрі Мұрын анамыздың киелі қасиетін де танытатын, ескіше Чапай, қазіргі Тана мырза аулында тұрған, руы Жанай, Мұхаметкәрім Ебейұлы деген өткеннен мол хабары бар құймақұлақ ақсақалдан, мына бір әңгімені 1950 жылы естіген едім [5, 69]. Мұрын анамыз – ақылдылығының үстіне киелі, қасиетті де адам болған. Бір күні ерте тұрса, күн шығыс жақтан мойнына ошақ ілінген бір көк қошқар келе жатады. Есігінің алдын кеп тоқтаған әлгі қошқардың мойнындағы ошақты алады да, өзін сойғызып, етін кептіріп, кебежеге сап қояды. Еттің күніне бір мүшесін бөлек ыдысқа пісіріп, Сарымырзаға оңаша беріп отырады. Мұны сезген Байжігіт бір күні кебежеден әлгі еттің бір жамбасын ұрлап, Мақта апайға (шешесіне) әкеледі де: «Осы бір кебежедегі етті күн сайын нағашы апам Сарымырзаға оңаша асып беріп жүр. Осы жамбасты әдейі ұрлап келдім, маған пісіріп беріңізші, - дейді. Артынан Мұрын анамыз жамбасты іздегенде, Мақта апай оны Байжігіт ұрлап әкеп, пісіртіп жегенін жасырмайды. Сонда Мұрын анамыз: «Бұл алланың ғайыптан бұйыртқан бір малы еді. Сарымырза ғана жеп бітірсін деп ойлап ем. Бір жамбасы енді Байжігітке бұйырыпты. Басы мен бір жамбасты Сарымырзам жеді. Ұрпағы өсіп - өніп, іргелі қалың ел болады екен әрі ұрпағынан ел бастайтын ақылды адамдар көп шығады екен, ал бір жамбасты жеген Байжігітімнің де арты Сарымырзадан кем бола қоймас, - деп, дұға қып, батасын беріпті. Сарымырза ұрпағы кейін анасының атымен Мұрын елі атанды. Осы күнгі Мұрын мен Байжігіт еліне қарап, айтқаны аумап келген Мұрын анамыздың дуалы ауыздығына таң қаласын», - деп аяқтады сөзін Мұқаң ақсақал [5, 70]. Байыстың бәйбішесі Мұрын (аты әр шежіреде әр түрлі, бірде Дүзей, бірде Жүзей, бірде Ақбибі деп аталады, ал лақап аты Мұрын). Осы Мұрын анадан Кәрібай Таңатарұлы жырлағандай «Мұрыннан Сарымырза мен туған Мақта» депті. Мұрыннан туған балалар осы Сарымырза мен Мақта. Мұрын анамыз ауылындағы бір қауым жандарға көп мәселелер бойынша бас мұрындық болған, дінгек ана, шапағаты шексіз, ұстамды да төзімді, ұлттық мінез арқылы ұлттық қасиетті ұштастыра білген, мейірімімен дүйім елді ұстаған, жаны сая, көңілі көктем, ақылды да киелі, қасиетті адам болған.

Сондықтан да ауылдағы үлкен – кіші түгел оны «Мұрын» атандырып жіберген көрінеді.

Тарихқа көз салсақ, халқына қорған, еліне басшы болар азамат өсіріп, төңірегіне аналық мейірімін төгіп, ел анасы атанған аналар аз ба? Домалақ ана, Қараша ана, Мұрын ана, Дәулет бике, Қарқабат ана, Қызай ана... секілді көптеген аналарымыз еліне тұтқа боларлық ұл-қыз өсіріп, бір ру-тайпаның атын иеленіп, өнегелі істері аңызға айналып, бүгінге жетіп отыр.

«Алпамыс» жырындағы Гүлбаршын мен «Қобыланды батыр» жырындағы Қарлығаның бейнелері амазонкалардың прототиптері екені анық. Ал бейбіт өмірде әйел-аналардың Домалақ ана, Қызай ана, Мақта мен Мұрын аналарымыздың ел билігіне араласуы, рулардың атауын иемденуі, осы «амазонкалар» қалыптастырған салт-дәстүрдің жаңарып, өз заманына сай сипат алуы деп түсінуіміз керек. Жақында Президент Әкімшілігінің Басшысы Әділбек Жақсыбековтің өткізген отырысында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында жастардың еліміздің тарихи орындарына экспедициялар ұйымдастыратынын мәлімдеген еді. Ол өз сөзінде жаз айында 7 бағытқа арналған бүкіл қазақстандық экспедицияны қолға алғанын да айтқан болатын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Тәбәрікұлы, С.С. Заман ағысы / С.С. Тәбәрікұлы. Алматы: Өлке, 1998. – 57б.
2. Аймақов, М.А. «Ақ жол асулар» / М.А. Аймақов. Семей: 2002. – 12 б.
3. "Дала уалаяты газеті" Адам, қоғам, табиғат. 4-кітап. 1994; "Айқап" /құраст: Субханбердина Ү., Дәуітов С., -Алматы;1995-28 б.
4. Бабинцев С.М., Заметки о периодике Семипалатинского края /Записки Семипалатинского отдела общества изучения Казахстана.Выпуск XX 3-т.Семск.1931,-179с.
5. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.69-75 бб.

**Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

**Манарбекова Г.М.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **СТУДЕНТТЕРГЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК**

Жастар–елдің келешегі. Қазіргі жастардың білімділігі, оқу мен еңбекке деген ынтасы, олардың отаншылдығы мен парасаттылығы, этносаралық келісім мен төзушілік қасиеті болашақта ел тағдырын айқындайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2021

Мемлекеттік бағдарламасында» және басқа да құжаттарда қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу білім беру жүйесінің негізгі міндеттері екендігі баса айтылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2014 жылғы дәстүрлі Жолдауында Мәңгілік ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялады. «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» атты Жолдауда «Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі,-деп атап көрсетті.

Елбасы: «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар– патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық», -деп айтты.

Бұл құндылықтарды жастарға баулу маңызды, сондықтан барлық оқу орындарында студенттердің бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса назар аударды.

Соңғы он жылда адамдар бұл дүниеде өмір сүрудің қорқынышты екендігін жиі айтады. Көшеде келе жатқанда есіңнен талып қалу, кешкісін үйге қайту, бейтаныс адамға есік ашу, ұшақпен ұшу және т.б. қорқынышты екені айтылады. Дегенмен, балаларымыз бен ұрпақтарымыздың өмір бойы айналадағыларға сенімсіздік пен шыдамсыздық сезімін сезінетіндігі одан-әрі қорқыныш тудырады. Толерантты өмір, яғни зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз, тек адамның басты құндылығы болып табылатын қайталанбас және мызғымас жеке тұлға өмірі туралы жиі сөз қозғалатыны да сондықтан. Басқаша айтқанда, қазіргі таңда алдыңғы қатарға жалпы өмір сүруге және еркін жетілуге қажетті құндылықтар мен қағидаттар (әдептілік және зорлыққа қарсы стратегия, өзгелерге және өзге позицияларға шыдамдылық таныту идеясы, қарым-қатынастың және өзара түсіністіктің құндылығы мен мәдениеті, өзара тиімді ымыраға келу және т.б.).

«Толеранттылық – бейбітшілікке жетуге мүмкіндік беретін және соғыс жағдайынан бейбітшілік жағдайына жеткізетін дүние», - деп 1995 жылы (БҰҰБҒМҰ)-ның бас Конференциясында қабылданған толеранттылық қағидаттары жөніндегі Декларациясында айтылған.

**Толеранттылық** – дегеніміз бейбітшілікті қалау қасиеті, сонымен қатар этникалық, діни, саяси, конфессионалдық және жеке адамдар арасындағы келіспеушіліктерге, жас және гендерлік айырмашықтарға қатысты шыдамдылық таныту және «өзге адамдардың» өмір сүруге тең құқылы екендігін мойындау болып табылады.

Толеранттылық - ол адами рақымшылдық: түрлі адамдар мен идеялар әлемінде өмір сүру өнері, сонымен қатар, құқық пен еркіндікке ие бола тұра өзге адамдардың құқықтары мен еркіндігін бұзбау. Дегенмен, толеранттылық - көну, мейірімділік көрсету немесе құптаушылық емес, ол өзгені мойындау негізіндегі белсенді өмірлік ұстаным. Көптеген сарапшылар толеранттылық мәселесін тәрбие саласына, яғни қарым-қатынас мәдениетіне жатқызады. Олай ойлаудың өз себебі бар, өйткені толеранттылық жеке бір қасиет емес, ал тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің нәтижесі. Ал тұлғаның жетілуі тәрбиемен, қатынаспен және біліммен тікелей байланысты.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамда орын алатын маңызды мәселелердің бірі. Барлық адамдардың бірегей емес екендігін және оларды сол күйінде қабылдау керектігін жетерліктей түсіне тұра, әрдайым әдепті және дұрыс болмайтынымыз рас. Оңай дүние болмағанымен, өзгелерге қатысты шыдамдылық таныта білуіміз өте маңызды. Бұндай мінез-құлықтың негізі отбасы тәрбиесімен қалыптасады. Көптеген БАҚ басылымдарының айтуы бойынша және әлемнің түрлі елдерінің ғалымдарының мәліметіне сәйкес отбасындағы ахуал келеңсіз қоғамдық құбылыстарды болдырмауда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, психиатриялық емді қажет ететін, мінез-құлықтарында ауытқушылықтары бар балаларды зерттеу жұмыстары отбасы және отбасы ахуалының атқаратын рөлінің қаншалықты үлкен екендігін дәлелдейді. Бұндай балалардың өміріне отбасындағы шиеленістер және тәрбиенің жетіспеушілігі барынша кері әсерін тигізген.

Толеранттылық туралы жалпы түсінік және оның формасы философиялық энциклопедияға сүйенер болсақ, толеранттылық – латын тілінің –tolerantia|| сөзінен пайда болған – төзімділікті, басқа көзқарастарға, ұстанымдар мен әдеттерге шыдамдылықты және өзгелерді өзімен тең дәрежеде қабылдау дегенді білдіреді. Бұндай қатынас адамдардың ұлтына, тіліне, діни ұстанымдарына, жас шамасына, әлеуметтік дәрежесіне, терінің, шаштың реңіне және басқа-да қасиеттеріне қарамай құрмет көрсете білуді талап ететін қатынас түрі. Осыған орай сарапшылар адамдардың өмірлік іс-әрекет саласының ерекшелігіне байланысты толеранттылықтың бірнеше формасын ұсынады.

1. Саяси толеранттылық – түрлі партиялар мен бірлестіктердің атқаратын жұмысына деген қатынас.

2. Ұлтаралық толеранттылық – түрлі ұлт өкілдеріне деген қатынас, кейбір ұлт өкілдерінің кемшіліктері мен жағымсыз іс-әрекеттерін өзгелермен байланыстырмау.

3. Нәсілдік толеранттылық – өзге нәсіл өкілдеріне қатысты теріс ұғымды ұстанбау.

4. Діни толеранттылық – түрлі концессиялардың діни ерекшеліктерін мойындау.

5. Гендерлік толеранттылық – өзге жыныс өкілдеріне дұрыс көзқараспен қарау.

6. Жас ерекшелік толеранттылығы – түрлі жас мөлшердегі адамдарға дұрыс көзқараспен қарау.

7. Физиологиялық толеранттылық – науқас, мүгедек, сыртқы кемшіліктері бар адамдарға деген қатынас.

8. Білімдік толеранттылық – сауаты жоғары тұлғалардың білім дәрежесі төмендеу адамдардың сөздеріне және іс-әрекеттеріне шыдамды қатынасы.

9. Географикалық толеранттылық – шағын қалашық, ауыл және басқа аймақтардың тұрғындарына және керісінше дұрыс көзқараспен қарау.

10. Таб-аралық толеранттылық – түрлі дәрежедегі дүние-мүлік иелерінің – байлардың кедейлерге, кедейлердің байларға шыдамды көзқарасы.

11. Сексуалды-ориентациялық толеранттылық – дәстүрлі емес сексуалды ориентациясы бар адамдарға қатысты шыдамды қатынас.

12. Маргиналдық толеранттылық (қоғамның маргиналды өкілдеріне қатысты толеранттылық) – кедейлерге, мүсәпірлерге, сотталғандарға және т.б. деген қатынас. 1995 жылы БҰҰБҒМҰ Толеранттылық қағидаттары мағлұмдамасындағы анықтамаға сәйкес, толеранттылық - «Әлем мәдениеттерінің, ойды білдіру формаларының және тұлғаның даралығын көрсету тәсілдерінің алуан түрлілігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс ұғыну». Бұл анықтама ең көлемді анықтама ретінде өзге ұлттарға, нәсілдерге, жынысқа, жас ерекшелікке, мүгедектікке, тілге, дінге, саяси немесе басқа да көзқарастарға, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне және т.б. қатысты шыдамды қатынасты білдіреді. Мағлұмдама ағылшын тілінен орыс тіліне «Декларация принципів терпимости», яғни «Шыдамдылық қағидаттары мағлұмдамасы» деп аударылған. Дегенмен, «шыдамдылық» түсінігі «толеранттылықтың» мағынасының ауқымдылығын көрсетпейді, сонымен қатар қарама-қайшы мағынаны да білдіруі мүмкін. Орыс тілінде «терпимость» яғни «шыдамдылық» теріс ұғымды білдіреді: шыдамдылық өз қатынасының тек сыртқы тежеуі болып табылады («мен оған әрең шыдап жүрмін»). Мағлұмдамаға сүйенер болсақ, «толеранттылық» керісінше, «тұлғаның әмбебап құқығы мен еркіндігін мойындау негізінде қалыптасқан белсенді қатынас». Көптеген зерттеушілер (Н.А. Асташова, Р.Р. Валитова, П.В. Степанов және т.б.) толеранттылықты өзгеге немқұрайлы қарау деген ұғымнан бас тартып, оны мойындау, қабылдау, түсіну, яғни, өзгеден өзге бір құндылықтарды, ойлау қабілетін, іс-әрекеттің басқа бір үлгісін көруге, оның 7 басқаша болуға құқы бар екендігін тануға қабілеттілік деп танып, қарастыруды ұсынады; сөзсіз, осындай ерекшеліктерге

дұрыс қарау, өзгенің жан-дүниесін тануға қабілеттілік; бір мезетте әлемге екі жақты көзқараспен: өзінің және өзгенің тарапынан қарай білу. Белгілі ресейлік зерттеуші А.Г.Асмоловтың пікірінше, толеранттылық идеясы шиеленіс мәселесімен тарихи байланысты. Қоғамда адамдар арасында әрдайым шиеленіс алғышарттары болды және бар. Табиғи, әлеуметтік және психологиялық ресурстардың объективті шектеулігі адам қызығушылықтарының қарсы тұруына әкеледі. Сонымен қатар, әр адамның өзіндік ішкі әлемі, өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік құбылыстардың түрлі аспектілеріне қатысты өз көзқарасы және оларға берер бағасы болатындығы, толерантты ақыл-ойды талап ететін кең диапазонды ойды, қайшылықтар мен шиеленістерді тудыратыны сөзсіз. Бұндай қасиеттің болуы мәдениеттің және жеке тұлғаның мінезі мен психологиялық деңгейімен байланысты. Тәрбиелеудегі және жалпы әлеуметтенудегі амалдардың алуан түрлілігі шиеленісті ұғынудың түрлі әдістерімен және оған деген көзқараспен байланысты екендігі белгілі. Шиеленіс қатысушылары оны қалай қабылдайтыны, қандай көзқараста болатыны жиі жағдайларда шиеленісті шешудегі негізгі мәселе болып келеді. Жанжалтану (конфликтология) ұстаным тұрғысынан, толеранттылық дегеніміз – полиэтникалық және мәдениет-аралық қоғамдық шиеленіске деген сабырлықты айқындайтын әлеуметтік норма. Бұл анықтама этникалық және мәдени түрлілігімен ерекшеленетін Қазақстан, Ресей, Бразилия, Канада, Қытай, АҚШ және т.б. елдер үшін әсіресе өзекті болып келеді. Ресми статистика деректеріне сәйкес, Қазақстан Республикасында 130 ұлт бар. Сондықтан, Қазақстан үшін этникалық саладағы толеранттылық мәселесін мемлекеттік, топ-аралық және жеке дәрежеде қарастырған жөн. Мемлекет өзінің ұлттық саясатындағы этника-аралық қатынастарды және үдерістерді ҚР Конституциясы және орталық, аймақтық және жергілікті билік дәрежесінде іс атқаратын тиісті органдар мен институттармен қоса құқықтық база негізінде реттейді. Заманауи этника-аралық үдерістер қарауындағы методологиялық 8 тәсілдемелер Президентіміз Н.А.Назарбаевтың "Қазақстан-2030" ("Казахстан-2030"), "XXI ғасыр қарсаңында" ("На пороге XXI века"), "Тәуелсіздігіміздің бес жылы" ("Пять лет независимости"), "Тарих толқынында" ("В потоке истории") және т.б. жұмыстарында белгіленген. Осы жұмыстарында ол үнемі халық арасындағы қазіргі кездегі үндестік пен ынтымақтастықты және бейбітшілікті сақтаудың маңыздылығын баса айтады. Осындай жағдайда Республиканың барлық азаматтарының толерантты тәлімтәрбиесінің маңызы зор.

Сонымен, толеранттылық ұғымы кейбір дереккөздерде шыдамдылық ұғымымен ұқсастырылғанымен, бұл ұғымның одан да айқын, белсенді және кең бағыты бар. Толеранттылық – бейтарап күйде, әлдекімнің пікірлеріне, көзқарастарына және ісәрекеттеріне жасанды (жалған) түрде көну немесе шыдау емес; ол этностар, әлеуметтік топтар және түрлі субъекттер арасындағы өзге мәдениет, ұлт, діни немесе әлеуметтік орта өкілдерімен, өзге көзқарас пен пікір иелерімен өзара түсінісу мақсатындағы белсенді көргенді ұстаным. Толеранттылық заманауи адамның басты құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Себебі, оның болашағы тек жеке тұлға ретінде ғана емес, сонымен

қатар жалпы адамзат ретінде өмір сүруге және жанжақты дүниеде конструктивті іс-әрекет жасауға деген дайындығы мен қабілеттілігіне байланысты. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, «толеранттылықтың», танымпаздық, эмоционалды бағалау, жүріс-тұрыстық компоненттерінің интегративті сипатын көрсететін және өзгелердің мәдени, әлеуметтік тәнділігіне, ұлтына, діни нанымдарына, біліміне, жас шамасына, кәсібіне және көзқарастарына қарамай өзара түсінісу барысындағы белсенді көргенді ұстанымды білдіретін тұлғалық қасиет болып танылатын феномен анықтамасын дұрыс деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жыл 11 қараша// Егемен Қазақстан, 2014 жыл, 12 қараша.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам//Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.

### **Султанова Н.К.**

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

### **Акимжанова А.Ч.**

ҚЕАҚ Шәкәрім атындағы университет, Семей қаласы

«Музыка және өнер» кафедрасының педагогика және психология ғылымдарының магистрі, оқытушы

### **Манарбекова Г.М.**

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бүгінгі күні оқу-тәрбие үрдісінде студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеудің қажеттігі артып отыр десек онда осы қажеттілікті қанағаттандырудың бір жолы – жоғары оқу орынында білім алатын студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу міндетін шешу болып саналады.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Елбасының этносаралық және конфессияаралық келісімінің теңдессіз үлгісі жас ұрпақтың толеранттылығын қалыптастырудың, олардың этностық және діни ерекшеліктерін түсіністікпен қарауының және құрметпен қабылдауының негізіне айналуы керек.» - деп көрсетілген .

Осыған орай, біз толеранттылық ұғымын әр қырынан қарастыруды жөн көрдік яғни, толеранттылық «адам даралығы көріністерінің өзіндік айқындау түрлері мен тәсілдеріміздің, әлеміміздің әр алуан бай мәдениетін сыйлауды,

қабылдауды және түсінуді» білдіреді. Оған білімдер, ашық-жарқындылық, қарым-қатынас және ой, ар және сенім еркіндігі ықпал етеді.

Толеранттылық – әр алуан еркіндік. Бұл тек моральды борыш емес, сонымен қатар ол саяси әрі құқықтық қажеттілік.

Толеранттылық – барлық елдер үшін ең маңызды мәселе, еркін қоғам мен мемлекеттік тұрақтылықтың белгісі. «Толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) басқалардың пікіріне, наным-сеніміне, жүріс-тұрысына, өмір сүру жағдайына түсіністікпен қарау, адамды сол қалпында қабылдау. Толеранттылық – интегралдық қасиет. Егер ол қалыптасқан болса, онда ол барлық өмірлік жағдайларда және барлық адамдарға қатысты көрініс табады. Жалпы толеранттылық дамыған елдерге тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгендігінің айқын көрінісі.

Қазіргі уақытта әлемдегі ұлтаралық қақтығыстар мен діни төзімсіздік таныту жиі орын алған жағдайда өзге ұлт өкілдерімен бейбіт өмір сүрудің үлгісін көрсетіп келе жатқан Қазақстан халқының толеранттылығын көптеген мемлекеттер мен діни конфессиялар да мойындап, еліміздің тәжірибесіне қызығушылықтарын білдіруде. Мемлекетіміз ұлтаралық келісім мен бірлікті дамытуды басты саяси бағыт ретінде ұстанады. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында осы мәселеге ерекше мән беріп, халықты бірлік пен татулыққа шақырады. Бұл мәселеде Елбасымыз жастарға үлкен сенім артатынын баса айтып, жастар тәрбиесіне назар аударуымыз керектігін ескертеді. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», – деген .

Барлық халықтар өркениетке бет бұрған бүгінгі әлемде адамаралық, этносаралық және конфессияаралық өзара түсіністік пен төзімділікті қалыптастыру қоғамның бейбіт те, орнықты дамуының кепілі ретінде бағаланды. Президенттің мемлекеттік бағдарламасында көретілгендей, оның басты міндеті – ұлттық, геолінгвистикалық, тарихи, этникалық, этнолінгвистикалық, мәдени-көркемдік, эстетикалық құқытық сананы, діни тағлымдарды, адами қасиеттерді адамдардың бойында қалыптастыру, ұлт диаспорларының татулығы мен бірлігін нығайту, дінсіздікті тоқтату, әдепсіздік пен азғындықты ауыздықтау, адамдардың салиқалы, салауатты өміріне жол сілтеу.

ЖОО білім алу – бұл тек болашақ мамандық қырларын игеруге қажет білім, іскерлік және дағдыларды меңгерудің жолдары ғана емес, сонымен бірге жас маманның азаматтық ұстанымын қалыптастыру да болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жастар саясатын іске асыру



қазақстандық патриотизмді, рухани-адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу, ұлттық сәйкестікті қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады» делінген болатын .

Толеранттылықты студент жастардың санасына енгізу және қалыптастыру, оны негізгі құндылықтардың біріне айналдыру білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. Жоғары оқу орнында студенттердің бойында толеранттылық қасиеттерін қалыптастыру бойынша атқарылатын тәрбие жұмысының маңызы ерекше.

Жас маманның азаматтық ұстанымының құрамдас бөлігі ретіндегі толеранттылыққа тәрбиелеу шеңберінде формасы мен мазмұны әр түрлі болып келетін іс-шаралар ұйымдастырудың маңызы зор. Азаматтық ұстанымды қалыптастыру пән сабақтарында, сондай-ақ студенттермен жүргізілетін әр түрлі сабақтан тыс танымдық және тәрбиелік іс-шараларда да тиімді шешімін табады. Оның басты мақсаты әр түрлі тәрбиелік шаралар арқылы студенттің қабілеттерін дамыту, оның мәдени және рухани жағынан өсуін қамтамасыз ету. Осындай іс-шаралардың қатарына экстремистік және ұлтшылдық мәселелері бойынша білім алушылардың пікірлерін білу мақсатында студенттер арасында сауалнама жүргізу, осы салада белгілі бір ақпараттық базаны құру үшін мәдени кештерді өткізу, саясат, экономика саласындағы ең маңызды мәселелер бойынша дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастыруды жатқызуға болады.

Студенттердің бойында толеранттылық қасиеттерді қалыптастырудың тиімділігі ұлттық және ұлтаралық қатынастардағы мінез-құлық дағдысының, сенімінің, білімінің қалыптасуы тұрғысынан қарастырылуы керек. Студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу ісінде топ кураторларының атқаратын жұмысы маңызды. Кураторлар топтағы студенттердің жас ерекшеліктерін, ұлттық жеке даралық қасиеттерін бағалап, әр түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес формадағы, яғни, дөңгелек үстелдер, дебат, диспут, студенттердің шығармашылық жұмыстарын көрсету, конкурстар, тренингтер өткізу әдістері арқылы әрбір студенттің топпен қарым-қатынасын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс» деп көрсетілгендей пән сабақтарында оқытушы студенттерге қазақ халқының ұлттық менталитеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, дүниетанымы жайлы жаңа технологияларды пайдалана отырып мәлімет береді. Сондай-ақ студенттерді басқа ұлт өкілдерінің де ұлттық-мәдени құндылықтарын, тарихын, әдет-ғұрыптарын сыйлауға тәрбиелейді. Жас ұрпаққа тіл үйрету негізінде қазақ халқының ұлттық мәдениеті жайлы баяндайтын тақырыптар өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері, мәдениетімен салыстыра отырып түсіндіріледі.

Тәуелсіз Қазақстанның өміріндегі жаңару үрдісі адам факторы маңызын күшейтумен қоса қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәнінің артуына әкеледі. Тіл

атаулы, оның ішінде, мемлекеттік тіл – қазақ тіл байлығы да елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің терең ойлары мен шексіз сезімдерін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Тілдің білімдік, тәрбиелік мақсаттары да басқа пәндермен тығыз бірлікте, байланыста болады. Қазақ тілінде салт-дәстүрлерге байланысты өткізілетін іс-шараларға өзге ұлт өкілдері студенттері де шақырылады. Осындай іс-шаралардан суденттер қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты мәліметтерін толықтырып, сабақтардан алған мәліметтерін өз ұлтының салт-дәстүрлерімен салыстыра отырып әңгімелейді. Сондай-ақ, қазақ халқы мен басқа ұлт өкілдерінің мәдениетінен, ұлттық ерекшеліктерінен мәліметтер беретін өлкетану, этнографиялық мұражайларға барудың да маңызы зор. Бұл мұражайларда студенттер әр халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін бейнелейтін экспонаттарды өз көздерімен көріп қосымша мағлұматтар алады.

Толеранттылық педагогикасының теориялық негізін гуманистік құндылық ретіндегі толеранттылық туралы ұстанымды құрайды. Осыған орай толеранттылыққа тәрбиелеу – бұл адамның менталдық негізіне идеалдарды қалыптастыруды пайымдайтын; педагогикалық үрдістің әлеуметтік мәдени қызметтерін іске асыратын; құндылық бағдарының арасындағы және адам түсінігінің диалогы, адамдардың әртүрлі моралдік ұстаным, әртүрлі мәдениет, дәуір, дәстүр және инновацияның қиын жүйелі-құрылымды үрдісі. Білім беру саласы өзінің педагогикалық әдістері арқылы толеранттыққа тәрбиелеу сияқты өзекті мәселені шешуде жүйелілікті ескермеу адам өркениетінің болашағына оның физикалық және рухани прогресіне кері әсерін тигізеді.

Сондықтан ұлттық-мәдени құндылықтарды негізге ала отырып, оқыту үрдісінде және сабақтан тыс уақытта іс-шараларды өткізу барысында қазақ халқының салт-дәстүрі арқылы студенттердің толеранттылық қасиеттердің қалыптасуы жүзеге асырылады. Осындай іс-шаралар жүйелі және кешенді түрде іске асырылса, тәрбие жұмыстары мақсатына жетіп, нәтижелі болады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы.
3. Шаяхметова М.Н. «Болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру» Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Қарағанды, 2009.
4. Формирование толерантной личности в полиэтнической образовательной среде /под. ред. В.Н.Гурова и др. – М.: Педагогическое общество России, 2004.
5. Современный словарь иностранных слов: толкование, слово употребление, слово образование, этимология /под ред. А.В.Боброва и др. 2-е изд. Стереот.- М.:Цитадель, 2001.- 928 с.

**Тайтенова С.К.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, магистрант, Семей қ.

## **А.ШАМКЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ТІЛ КЕСТЕСІ**

А.Шамкенов қазақтың бай сөз өнері, ауыз әдебиетін, одан кейінгі жазба әдебиетінің озық үлгілерін, әдебиетін, одан кейінгі жазба әдебиетінің озық үлгілерін, әлемдік әдебиет жетістіктерін бойына толық сіңіріп қабылдай отырып, поэзияда қалыптасып орныққан өлшем-өрнекті керек жерінде қырнап-өңдеп, түрлендіріп қолдану жағынан асқан шеберлік танытты. Ақын поэзиясының көркемдік түрін құрайтын бөлшектерге, яғни композиция, сюжеттік құрылыс, жанрлық өзгешелік пен бейнелеу тәсілдері, тіл кестесі, өлең өрнегі, өлеңге тән ырғақ пен интонация жүйесі, шумақ, ұйқас түрлерін қарастыру, лириканың түрлерін орайына қарай пайдалану, оны ғылыми түрде дәлелдеу, ақындық құпияларына үңілу болып табылады.

Аманжол Шәмкенов – ең алдымен ақын. Сондықтан ол өткен өмір мен шығармашылық жолдың ең салмақты жағын оның өлең, поэмалары алып жатады. Ақын есебінде ол өз дәуірінің жыршысы болды, әріптестерімен үндестік танытты. Басқа да ақындар сияқты ол да "Омбылап өзім жүрген төтеменен" деп Қасым Аманжол Шамкенов айтқандай, өз жолымен төтеледі, омбылады, малтықты, жазық жолға шықты,- дейді сыншы Серік Қирабаев[1,276].

А.Шәмкеновтің туған жер, табиғат туралы өлеңдері сезімтал ақынның Отанына, оның табиғатының әрбір көрінісіне деген ынтықтығына толы келеді. Ол табиғатты жандандырып, онымен табыса, түсінісе суреттейді. Одан өз сезіміне де, еліне де түсер сәуле, жақсылық күтеді.

Сайранда, желі көктемнің,  
Аралап таудың бөктерін,  
Бой жазып тұрған далада  
Құрғатшы терін шахтердің.  
Сырласып көктем көркімен,  
Елімді кезіп еркіңмен.  
Мал бағып жүрген жайлауда  
Қойшының сүйші бетінен.

Табиғат желі мен замандастарының үндестігін танытуда ақын мұнда едәуір ойлылық, тапқырлық танытқан.

А.Шамкенов поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып кеткен ақын. Ақынның өлеңдерінен оқырман ой іздейтіні белгілі. Табиғат

лирикасына соқпаған ақын жоқ, оны бейнелейтін өлеңдері оның сөз саптауы мен шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктерін аңғартады.

Жыл мезгілдерін, оның барша құбылыстарын суреттеуде ақын шеберлік танытады. Табиғаттың түрлі құбылысы мен заттарын кейіптеу арқылы дарын иесі өз сезімін оқырманына әсерлі жеткізумен бірге сол көрініске тәнті етеді.

А.Шәмкеновтің ақындық ізденісі оның лирикалық кейіпкерлерінің өмірге деген тойымсыз құмарлығынан тұрады. Ол туған табиғатынан да жанына рухани азық, ой, күш-қуат алады.

Теңізге бардым, арбадым,  
Қуатын қайтіп алсам деп,  
Жайлауға бардым, аунадым,  
Қымызды қалай тауысам деп,-

Бұл жерде шарттылық бар. Бардым, арбадым, аунадым деген шарттылық болса, қуатын қайтіп алсам деп, теңіз күшінің қасиетін дәріптеп тұр.

Далаға бардым, жүгірдім,  
Кеңдігін жанға жисам деп.  
Көлге де бардым, үңілдім,  
Көзіме көркін құйсам деп, - дейді ол енді бір өлеңінде.

Ақын табиғаттың түрлі құбылыстары мен көріністерін ғана жырға қоспай, адам мән бере бермейтін, сұлулығына сүйсінсе де, одан сыр тауып ұғынбайтын табиғат бейнелерін өз шығармасына тиек етеді. Тума талант иесі табиғат лирикасындағы өлеңдерін негізінен жеті, сегіз, он бір буынды үлгіде жазады. Туған жер, өскен орта табиғатының сұлулығын шебер суреттейді. Құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан дәстүрден озбаса да, сөз қолданысы, бейнелілігі жөнінен өз ерекшелігімен танылады. Табиғат көріністерін суреттейтін жырлары заман, уақыт тынысын танытатын айшықтармен қоса көмкерілген.

Жыл мезгілдерін, оның барша құбылыстарын суреттеуде ақын шеберлік танытады. Табиғаттың түрлі құбылысы мен заттарын кейіптеу арқылы дарын иесі өз сезімін оқырманына әсерлі жеткізумен бірге сол көрініске тәнті етеді. «Құстар қиқу салғанда» өлеңінде құстардың жылы жаққа ұшып бара жатқан бейнесін бере отырып, қоңыр күзге жан бітіре суреттеген.

Сызбаймыз оның жолын біз,  
Тырналар кетті тым жырақ.  
Төңірек тыныш... Қоңыр күз  
Қарайды маған тұнжырап...

Ақын табиғаттың түрлі құбылыстары мен көріністерін ғана жырға қоспай, адам мән бере бермейтін, сұлулығына сүйсінсе де, одан сыр тауып ұғынбайтын табиғат бейнелерін өз шығармасына тиек етеді. Тума талант иесі табиғат лирикасындағы өлеңдерін негізінен жеті, сегіз, он бір буынды үлгіде жазады. Туған жер, өскен орта табиғатының сұлулығын шебер суреттейді. Құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан дәстүрден озбаса да, сөз қолданысы, бейнелілігі жөнінен өз ерекшелігімен танылады. Табиғат көріністерін

суреттейтін жырлары заман, уақыт тынысын танытатын айшықтармен қоса көмкерілген. «Талтүс» өлеңінде табиғатқа жан бітіре отырып, әдемі суретті көз алдымызға ұсынған.

Биік таулар жатыр ма,  
Бұлтты өзіне шақыртып...  
Жер бауырлап тақырға  
Жатып алған – қапырық!

Табиғат лирикасын сөз еткенде, алдымен оның келісті сурет жасау шеберлігін, тілінің байлығын, терең білімділігін, байқағыштығын, өлеңнің жеңіл ырғаққа негізделгенін көруге болады. Оны «Қайта жауған қар» өлеңінен байқауға болады. Мұнда синтаксистік параллелизм арқылы жаулығын ауыстырған әже мен қайта жауған қар көрінісін салыстыра береді.

Қысқы таң қансонар боп атқан екен,  
Қайтадан гримденген бақ та бөтен.  
Сырғанақтың қасында сал біреу тұр,  
Әлдекім деп қарасам-ақ қала екен.

Бұл шумақта қыс мезгілінің пейзажын суреттесе, келесі шумақта салыстыру бар.

Байқадым қыс күнінен таныс қылық,  
(Қалған бұл елес еді алыста ұмыт).  
Жүруші ед әжем марқұм тап осылай,  
Жаулығын кірлегенде ауыстырып.

Табиғат пен адамның ғұмырын салыстыру арқылы өзіндік бір үйлесім де табады. Оның шығармаларында қыс та, көктем де, көл де, далада да көтеріңкі пафоспен суреттеледі. Ол нені бейнелесе де, өзіне тән үнмен, шабытпен жырлайды. А.Шамкеновтің пейзажды суреттеген туындыларында лирикалық кейіпкердің нәзік сезімталдығы, жіті байқағыштығы, ұшқыр қиялы өзінше өрнек тауып, көрініс сұлулығын көз алдына келтіреді. Мәселен, көп жырланатын жыл мезгілдерінің бірі көктем болса, сол көктем көріністері қанық бедер-баяуымен тұтас көрінеді. Көктем келіп, тоңның жібуін «Март» өлеңінде сөз өрнегіне түсіреді.

Бүйірінен қардың өкпегі өтіп,  
Бозқырау таңмен март келді жетіп.  
Тоқымдай қарлар тоңмайдай қатқан  
Қалғаны қалып, кеткені кетіп...

Шебер лирик дала көрінісін қиялға қанат бітіре, ерекше сезіммен, жандандыра суреттейді. Ақынның жырлаған көктемі қызылды-жасылды, әлемге тіл біткендей шулы да көңілді болса, қысы қатаңдығына қарамастан сүйкімді болса, күзі долы желімен суық тартады. Оған «Ақ қайың» өлеңі дәлел.

Өттең ғана, күз жетіпті-ау долы жел,  
Жаутаңдаған жапырағын үзеді.  
Ойға қайта оралтқандай көп күнді,  
Ызыңдайды әндете ме шөп түрлі...  
Иығына дірілдеген қайыңның

Костюмді жаба салғым кеп тұрды!

Табиғат пен адам жаратылысынан бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, адамдардың өзін қоршаған ортаны, табиғатты жырға қосуы заңды. Табиғатты суреттеу көз таймас әсемдігіне, керемет әдемілігіне сүйсіну, соны паш ету түрінде көрінеді. Осы әдемілікті тек көркем сөздер арқылы жеткізуге болады. Өзгеден ерекше табиғат құзырындағы ақын болмысы өмір, дүние, жалған танымның көрінісіндей тілімен қуатты. Ал тіл байлығы, сөздік қор ақын тілінің көркемдік кестесін нақыстап айшықтайды. Айшықтау, ажарлау, құбылту тәсілдері – сол сөздік қорынан түзілген асыл үзбелердей келісім табады. Тіркес, тармақ сөйлемдердегі ойды жандандырып тұратын осы әдемі сөз түйірлері ақын сөзін көрікке бөлей түседі. Сөздік қорындағы асыл тіл түйіршіктері оқырманның бай сезім түйсігіне ұялап, жалт еткен сезімдік жарқылдар көңіл көзінің төрінен орын алып, жылу дарытады.

Қорыта келгенде, ақынның жазған балладалары терең тақырыптарға, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық маңызы бар мәселелерге, жан дүниеге қозғау салатын ішкі иірімдерге жасқанбай жақындап, іркілмей барып, ірі шығармашылық жетістікке жеткенін байқауға болады. Мұның бәрі әр оқиғалы жырдың өмірдің өз көрінісінен, сезім мен шабыт әсерінен туғанын дәлелдейді. Поэтикалық пафосқа толы шығармалардың берер ғибраты мол әрі ғұмыры да ұзақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қирабаев С. «Шындық және шығарма». - Алматы, 2001. -27 б.
2. Шәмкенов А. «Өмірім менің өлеңім» 1-ші том. –Павлодар, -2007 ж.

**Толкамбаева А. М.**

УО «Alikhan Bokeikhan University»

магистрант 2 курса специальности 7М02304 «Филология:русская филология»

### **ЖЕНСКИЕ ОБРАЗЫ В РУССКОЙ КЛАССИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ**

Русская литература всегда отличалась глубиной идейного содержания, неустанным стремлением ставить и разрешать жизненно важные вопросы, гуманным отношением к человеку, правдивостью изображения действительности. Русские писатели стремились выявить в женских образах лучшие черты, свойственные русскому народу.

Известные писатели уделяли много внимания изображению внутреннего мира и сложных переживаний женской души. Начиная с XII века через всю литературу проходит образ русской женщины-героини с горячим сердцем, пламенной душой и готовностью на великие подвиги. Достаточно вспомнить полный красоты и лиризма пленительный образ древнерусской женщины Ярославны. Она - воплощение любви и верности. Ее печаль в разлуке с Игорем совмещается с гражданской скорбью: Ярославна переживает гибель дружины

своего мужа и, обращаясь к силам природы, просит помочь не только ее «ладе», но и всем его воинам. Автор «Слова» сумел придать образу Ярославны необыкновенную жизненность и правдивость. Он первый создал прекрасный образ русской женщины.[1]

В романе «Евгений Онегин» А. С. Пушкин запечатлел незабываемый образ Татьяны Лариной. Татьяна «русская душою» - это автор подчеркивает на протяжении всего романа. Ее любовь к русскому народу, к патриархальной старине, к русской природе проходит через все произведение. Татьяна - «натура глубокая, любящая, страстная». Цельная, искренняя и простая, она «любит без искусства, послушная влечению чувства». О своей любви к Онегину она не говорит никому, кроме няни. Но глубокую любовь к Евгению Татьяна сочетает с чувством долга к мужу:

*Я вас люблю (к чему лукавить?),*

*Но я другому отдана;*

*Я буду век ему верна.*

Татьяне свойственно серьезное отношение к жизни, к любви и к своему долгу, для нее характерны глубина переживаний, сложный душевный мир. Все эти черты воспитала в ней связь с русским народом и русской природой.[2]

Пушкин дал и другой, казалось бы, менее заметный образ скромной русской девушки. Это образ Маши Мироновой в «Капитанской дочке». Автор сумел показать и серьезное отношение ее к любви, глубину чувства, которое героиня не умеет выразить красивыми словами, но верность которому сохраняет всю жизнь. Она готова пойти на все ради любимого человека. Она способна пожертвовать собой для спасения родителей Гриневы.[3]

Нельзя забыть и другой образ женщины, полный красоты и трагизма, образ Катерины в драме Островского «Гроза», в котором, по мнению Добролюбова, отразились лучшие черты характера русского народа, душевное благородство, стремление к правде и свободе, готовность к борьбе и протесту. [4]. Катерина - «светлый луч в темном царстве», исключительная женщина, натура поэтически-мечтательная. Попав в атмосферу лицемерия и ханжества, выйдя замуж за нелюбимого человека, она глубоко страдает. Но как ярко вспыхивает ее чувство, когда она в этом «темном царстве» встречает человека, близкого ей по духу! Любовь к нему становится для Катерины единственным смыслом жизни: ради Бориса она готова переступить свои понятия о грехе. Борьба между чувством и долгом приводит к тому, что Катерина публично кается перед мужем, но, доведенная до отчаяния деспотизмом Кабанихи, кончает жизнь самоубийством. В гибели Катерины Добролюбов видит «страшный вызов самодурной силе».

Большим мастером в создании женских образов, тонким знатоком женской души был И. С. Тургенев. Он нарисовал целую галерею изумительных русских женщин. Перед нами встает Лиза Калитина («Дворянское гнездо») — светлая, чистая, строгая. Чувство долга, ответственности за свои поступки, глубокая религиозность сближают ее с женщинами Древней Руси.[5]

Но Тургенев дал образы и женщин нового времени - Елены Стаховой и Марианны. Елена - «необыкновенная девушка», она ищет «деятельного добра», стремится выйти за узкие рамки семьи, на простор общественной деятельности. Но условия русской жизни того времени не давали женщинам возможности такой деятельности. И Елена полюбила Инсарова, который всю жизнь посвятил делу освобождения своей родины. Он увлек ее красотой подвига в борьбе за «общее дело». После его смерти Елена остается в Болгарии, посвящая свою жизнь святому делу - освобождению болгарского народа от турецкого ига.

Подлинным певцом русской женщины был Н. А. Некрасов. Ни один поэт ни до Некрасова, ни после него не уделил столько внимания женской судьбе. Поэт с болью говорит о тяжелой доле русской крестьянки, о том, что «ключи от счастья женского утеряны давно». Но никакая рабски-приниженная жизнь не сможет сломить гордость и чувство собственного достоинства русской крестьянки. Такова Дарья в поэме «Мороз, Красный нос». Как живой предстает перед нами образ русской крестьянки, чистый сердцем и светлый душой:

*И голод, и холод выносит,  
Всегда терпелива, ровна.  
... Коня на скаку остановит,  
В горящую избу войдет!*[6]

С большой любовью и теплотой пишет Некрасов о женщинах-декабристках, последовавших за своими мужьями в Сибирь. Трубецкая и Волконская готовы делить с мужьями, пострадавшими за счастье народное, и каторгу, и тюрьму. Их не страшат ни бедствия, ни лишения.

Наконец, революционный демократ Н. Г. Чернышевский показал в романе «Что делать?» образ новой женщины Веры Павловны, решительной, энергичной, самостоятельной.[7] Как страстно рвется она из «подвала» на «вольный воздух». Вера Павловна правдива и честна до конца. Она стремится облегчить жизнь очень многих людей, сделать ее прекрасной и необыкновенной. Вот почему многие женщины так зачитывались романом и стремились в своей жизни подражать Вере Павловне.

Л. Н. Толстой, выступая против идеологии демократов-разночинцев, противопоставляет образу Веры Павловны свой идеал женщины - Наташу Ростову. Это одаренная, жизнерадостная и решительная девушка. Она, подобно Татьяне Лариной, близка к народу, к его жизни, любит его песни, деревенскую природу. Толстой подчеркивает в Наташе практичность и хозяйственность. При эвакуации из Москвы в 1812 году она помогает укладывать вещи, дает ценные советы. Патриотический подъем, который пережили все слои русского общества при вступлении армии Наполеона в Россию, охватил и Наташу. По ее настоянию подводы, предназначенные для погрузки имущества, были освобождены для раненых. Но жизненные идеалы Наташи Ростовской не сложны - они лежат в семейной сфере.[8]

Крупнейшие русские писатели в своих произведениях вывели целый ряд замечательных образов русских женщин, раскрыли во всем богатстве их



душевные, нравственные и интеллектуальные качества, чистоту, ум, полное любви сердце, стремление к свободе, к борьбе. Эти черты характерны для образа женщины в русской классической литературе.

### **Список использованной литературы**

1. Исследования «Слова о полку Игореве»: Сборник. - Л.: Наука, 2000., - 296 с.
2. Пушкин А.С. Собрание Сочинений в 10 томах. Том четвертый, М., 2001 г.
3. Пушкин А. С. Полное собрание сочинений. Л.: Наука, 1977—1979. Т. 6. Художественная проза. С. 511—559.
4. Островский А.Н. Гроза. М., 2018
5. Тургенев И.С. Дворянское гнездо. М., 2000
6. Некрасов Н.А. Лирика. Избранное., М., 2004
7. Чернышевский Н.Г. Что делать? М., 1999
8. Толстой Л.Н. Война и мир ., М., 2005

**Тлебалдина Н.Қ., п.ғ к, аға оқытушы**  
**Шаянбаева Н. О., 2 курс магистранты**  
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қ.

### **К.АХМЕТОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУ ШЕБЕРЛІГІ**

Еліміздің рухани дамуына, мәдениетіміздің өркендеуіне, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге үлес қосқан, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен, қаламгерлік ерекшелігімен көрінген ақын Күләш Ахметова апамыздың туындыларының алатын орны ерекше.

Ақын К.Ахметова дәстүрлі мәдени мұраларды, ұлттық өнерімізді, ұлттымыздың салт-дәстүрі, қоғам мен заман шындығы тақырыбын өз шығармаларына арқау еткендігін айта кету керек.

Ақынның өлеңдері анаға деген сүйіспеншілік, туған жерге, туған ауылына, ағайын-туысқа деген құрмет, ел мен жер тағдыры, туған жер тарихы, атамекенге махаббат, өмірге деген сүйіспеншілік, өмірге қанағат мәселелері жыр жолдарымен әдемі суреттеліп, ерекше шабытпен жазылған.

Сөзді сұлуландырып, ойды әсемдеп, тілді мәнерлеп жеткізетін әрі стильдік мәні ерекше сөздердің бірі-фразеологизмдер көркем шығарма тілінде көп қолданылады. Тілімізде үнемі қолданыста жүретін фразеологизмдер өзінің бейнелілігімен, айшықты мәнділігімен әрбір ұлт тілінің көрінісі болып табылады.

Ақындар поэзиясындағы фразеологизмдер-көркем сөздің мағынасын танытатын, негізгі ойдың, сөздің жанданып кететін сәтін көрсететін тілдің көрікті көрсеткіші.

Фразеологиялық тіркестер - түркі, оның ішінде қазақ тілінде ертеден бар құбылыс. Ақын осы фразеологиялық тіркестерді өлеңдеріндегі ел мен жер,

адамдық, кісілік пен кішілік, тарих, дәстүр мен дінге, тіл т.б. көркем де кемел, шебер де шешен жырларында қолданғынын көреміз. Сонымен қатар К.Ахметова фразеологизмдерді қарастыру арқылы ұлттық тілдің көркемдік таным әлемі, әлеуметтік болмысын көрсете білген. Мысалы, ақынның «Жеңешеме» атты өлеңінде қолданылған фразеологизм өлеңді көркемдеп тұратын құрал ретінде қарауға болады.

Болуы үшін саған әр кез жат қайғы,  
Ағай жоқ деп айтуға да батпаймын  
Біз дегенге ет **жүрегің елжіреп**,  
Жат жандарға жанарыңда жатты айбын.  
Жүрген жоқсың орын таппай, от таппай,  
Жүрсің бізге бір адамды жоқтатпай. [1].

**Ет жүрегің елжіреп тіркесін** (жақсы көру, сыйлау) түрінде берсе, «Алатауда» атты өлеңінде

Тоғайына таулардың бұлбұл ие,  
Бұлбұлдардың **құлақ сал** мың күйіне. Сонша  
опасыз, өткінші боп көрінбес  
Махаббатпен қарасақ - бұл дүние!

**Құлақ сал** тіркесі (тыңдау, зерделеу), **кӨзі талып** (шаршау) түрінде берілген.

Ғалым Рабиға Сыздықова өзінің «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде: «Тіл-тілдің қай-қайсысында да ғасырлар, жылдар бойы қалыптасқан фразеологиялық қазынасы болады. Олардың ішінде образды тіркестер көркем әдебиет қажетін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын ақтайтын ең бір күшті тілдік құрал болып келеді. Сондықтан әдеби мектептердің және тіл дамуы кезеңдерінің дәстүрлік, жалғастылық сипатын танытуда қомақты материалдарды фразеологизмдер береді» деген пікір айтады [2,207б].

Ақындар тіліндегі фразеологизмдер-мағынасы жағынан, адамды танытатын, оның ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс, арпалысын білдіретін, адамның іс-әрекетін суреттейтін, психологиялық жай-күйінен туған сезімді ашатын, мағыналы, мазмұнды, орынды жұмсалған сөз тіркестері. Мұндай тұрақты сөз тіркестерін пайдалану арқылы ақын айтайын деген ойын нақты білдіре отырып, өмір жолындағы адамның іс-әрекет, қимылын, моральдық-этикалық дәрежесін дәл көрсете білген. «Үзілген түймені қадау» өлеңінде ақын:

Баяғыда кетті-ау **бетім жанып** тым,  
Жанып тұрып келмек екен зарыққым.  
Қолың тиіп кеткен кезде бетімді  
Тартып алмай тұрыңқырап қалыппын...

**Бетім жанып тіркесі** тұтас бір ойды беріп, құрылысы жағынан ерекшеленіп тұраған тіркес. Бұл халық тіліндегі фразеологизмдерді мақсатты өзгертіп, жаңа қолданыстар жасаудың нәтижесінің айқын көрінісі.

Ақынның Халық қаһарманы Роза Бағлановаға арнаған «Бозторғай» өлеңінде:

Жеңіс керек Отанға, күрессе де кім қайтіп,  
Қуыршақтай арудың құлын **кӨңілі тынбай** түк,

Алғы шепте адамның сенім-күшін ұлғайтып,  
«Ах, Самара, городок» деген әнді тұрды айтып.  
Жеңіс керек халыққа, күрессе де кім қайтіп,  
Бозторғайдай арудың бота **кӨңілі тынбай** түк,  
Ту ұстаған жандардың махаббатын ұлғайтып,  
Туған жердің жігерлі ұлы әндерін тұрды айтып! [1,160б].

«Нәр татпай намыстанып, кешелі мен» өлең жолында:

Нәр татпай намыстанып, кешелі мен  
Жатырмын қонбайтындай неше бір ем.  
Жалындап өртенді жанып, денем,  
Қып-қызыл **қиянаттың шешегінен**. [1,147б].

Бұл фразеологизмдердің әрқайсысы өте әсерлі образ жасап тұр, ақынныңайтпақ ойын, идеясын көрсетеді. Сонымен қатар, фразеологизмдер ақынның еңбегі, өзіндік қолтаңбасын көрсетеді.

Ақындар поэзиясындағы фразеологизмдер-көркем сөздің мағынасын танытатын, негізгі ойдың, сөздің жанданып кететін сәтін көрсететін тілдің көрікті көрсеткіші.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ахметова К. Сен жанымда жүрсең. - Алматы, 1989.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. - 207 б.

### **Угренов К.В.**

УО «Alikhan Bokeikhan University», магистрант ОП «Филология», г. Семей

## **ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА В УСЛОВИЯХ НЕЗАВИСИМОСТИ В ТРУДАХ ЛИДЕРА НАЦИИ НАЗАРБАЕВА Н.А.**

Свыше тридцати лет назад Казахстану предстояло избрать единственно верный путь реализации обретенной независимости. Это был путь поступательного движения вперед, обеспечивающий стабильное и процветающее развитие. Казахстану предстояло с нулевой точки отсчета начать строить систему экономических и политических преобразований. Процесс модернизации общества был возглавлен Лидером нации, Первым Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, которого поддержал народ.

Позиция видение происходящих процессов в Республике Казахстан за годы независимого развития отражена в свыше чем двадцати книгах Н. А. Назарбаева. Среди них: «Стальной профиль Казахстана», «Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства», «На пороге XXI века», «В потоке истории», «Эпицентр мира», «Критическое

десятилетие», «Казахстанский путь», «Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций» и др. [1].

С момента провозглашения суверенитета главной задачей Республики Казахстан являлось обретение достойного места в системе международных отношений.

После обретения независимости Казахстан столкнулся с геополитическими реалиями, которые сделали доминирующей в его внешнеполитической стратегии задачу сбалансированного развития отношений с внешним миром.

Исследование Н. А. Назарбаева «Эпицентр мира» посвящено сложнейшим проблемам современного мира. Несомненно, конструировать мирное будущее невозможно без анализа и учета целого комплекса внешних и внутренних факторов, которые так или иначе могут самым негативным образом сказаться на национальной безопасности и территориальной целостности нашего молодого государства. «Казалось бы, должно быть, наоборот, чем больше подвергнешь критическому анализу то или иное решение, учтешь все возможные варианты, тем больше шансов на то, что оно будет достаточно точно отражать проблему. Но это не так, на самом деле правильное решение основано только на одной предпосылке, и очень часто она идет вразрез с большинством факторов, которые учитывают в процессе принятия решения. Но здоровый прагматизм имеет свои ограничения только в одной сфере. В сфере, касающейся массового оружия убийства, нет логики и разумной дилеммы. Здесь все основано только на исторической ответственности и наличии универсального и перспективного видения. Не может быть альтернатив в вопросе: «гарантированное обоюдное уничтожение» или поиск разумных компромиссов, строящихся на доверительной основе и снижающих конфликтный потенциал» [4].

В книге Н.А. Назарбаева «Критическое десятилетие» рассмотрены проблемы современного терроризма, обеспечения глобальной и региональной безопасности и меры борьбы с современными вызовами. Проблемы терроризма, сепаратизма и экстремизма в Казахстане существуют, и угрозы с их стороны носят отнюдь не гипотетический характер, а вполне конкретный и реальный, особенно имея в виду определенную глобализацию международного терроризма, порожденного взаимосвязанностью политических, социальных, экономических проблем регионов и международного сообщества в целом. В своей работе Н.А. Назарбаев отмечает, что «проблемы религиозного экстремизма как явления масштабно в Казахстане не проявились, но в то же время существует определенная опасность, что процесс конфессиональной дестабилизации в конце концов может проявиться и у нас. Если, конечно, вовремя не осознать и не предотвратить эту потенциальную угрозу» [5, с. 87].

Труд Н.А. Назарбаева «Казахстанский путь», написанный в канун 15-летия независимости страны, стал летописью становления и развития суверенного Казахстана. Он содержит подробное описание фундаментальных политических и социально-экономических преобразований, коренным

образом изменивших жизнь государства и его многонационального народа. Одно из центральных мест в книге занимает вопрос социально-политической стабильности, которая основывается на межэтническом и межконфессиональном мире и согласии. С первых лет независимости этот вопрос был поднят до уровня государственной идеологии. Историческую правоту такого подхода подтверждают серьезные конфликты, происходящие в мире в результате противостояния различных национально-религиозных культур.

Книга Н.А. Назарбаева включает девять глав, в которых раскрываются поступательные шаги республики. Автор описывает самые трудные и яркие моменты новейшей истории Казахстана, знаковые события на пути становления молодого независимого государства. В их ряду - работа над Стратегией развития Казахстана до 2030 года, процесс принятия действующей Конституции страны, первые шаги по освоению нефтегазовых ресурсов, создание национальной валюты, формирование устойчивой банковской системы. Существенным этапом развития государства стал процесс приватизации и проведения земельной реформы. Также он рассказывает о процессе принятия решения о переносе столицы в Астану и первом полете казахстанца в космос.

Осмысление относительно недавнего прошлого было задачей не из легких, тем более трудно писать, когда речь идет об отрезке времени, вместившем в себя события пятнадцати лет. Несмотря на широкий охват тем в книге, она не содержит обилия сухих фактов и официальных заключений, это живое, эмоциональное, глубоко прочувствованное повествование, в котором автор высказывает свои сокровенные мысли и эмоции, делится впечатлениями и воспоминаниями, демонстрируя незаурядность и образность мышления.

Обретению независимости предшествовал провал экономических и политических реформ второй половины 80-х годов в СССР. Как отмечает Н. А. Назарбаев: «Государственный организм был в коме, парализованный экономическим и политическим кризисами, в то время как общественный мозг «просматривал» краткий курс истории без прикрас, а социальное сознание трясло судорожной реакцией на этот тяжелый процесс.

Руководство СССР не сумело добиться синхронности в осуществлении преобразований в обществе и вовремя произвести фундаментальные структурные преобразования, полномасштабно внедрить рыночные отношения. Промедление с проведением глубоких структурных преобразований уже к 1989 году исчерпало возможности для их успешной реализации в рамках единого государства. Явно упущено было время для реформирования как экономических отношений, так и самой политической надстройки. Не был проведен объективный анализ по инвентаризации всего экономического цикла, по совершенствованию структуры управления. В этих условиях Казахстан, не теряя времени, выработал иммунитет от «летального исхода» в виде рынка, позволивший в ближайшее время решить вопрос о самоопределении казахстанской нации. «Стратегия становления и развития Казахстана как

суверенного государства» 1992 года стала «стратегией выживания», провозгласив, во-первых, формирование социальной рыночной экономики, основанной на конкурентных началах, во-вторых, создала правовые и другие условия для «реализации принципа экономического самоопределения человека» [6, с. 99–100].

«Казахстанский путь» – это фолиант, содержащий обширную информацию об исторических событиях, которые представляют исключительную ценность для будущего, для практики строительства государства, формирования нового общества. Книга существенно дополнила современную отечественную и всемирную историографию, поскольку с самого выхода в свет стала востребована среди мировых экспертов и переведена на разные языки мира.

Литературный и историографический потенциал современной истории Казахстана значительно обогатился в связи с появлением новой работы Лидера нации «Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций». С первых дней издания данный труд стал объектом широкого осмысления со стороны казахстанских и зарубежных политиков, экономистов, политологов, историков и, самое главное, народа Казахстана. Данная работа является продолжением фундаментальных и глубоких научных исследований Н. А. Назарбаевым проблем постиндустриального развития общества, начатых в его предыдущих трудах, посвященных заботе о будущем Казахстана и его народа в условиях современного мира. Ранее разработанные автором основы стратегии партнерства цивилизаций применимы к решению таких проблем постиндустриального общества и современной глобализации, как энергоэкологическая безопасность, неравномерность технологического развития, несовершенство экономических отношений.

Литературное и историографическое значение трудов Н.А. Назарбаева состоит в том, что его произведения, сохраняя общий назидательный ход мыслей, носят постоянный разъяснительно-объяснительный характер. Вряд ли найдется много руководителей государств, которые с тщательной скрупулезностью, простыми словами пишут о проблемах, волнующих человечество и общество, их прошлое, настоящее и будущее. Назидание будущему, основанное на уроках опыта независимости, создает атмосферу искренности и ощущение близости замыслов зодчего независимости сердцу молодого человека и строителей независимости – граждан Казахстана.

#### **Список использованной литературы:**

1. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алматы, 1992; Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996; Казахстан-2030: процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы, 1997; Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы, 1999; Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Алматы, 2000;

- Назарбаев Н.А. Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций. – Астана: ТОО АРКО, 2008. – 264 с.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алма-Ата, Дәуір, 1992. – 62 с.
3. Приоритеты казахстанской дипломатии на рубеже веков. – М.: Русский Раритет, 2000. – 294 с.
4. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана, Елорда, 2001.
5. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы, Атамұра, 2003.
6. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда, 2007. – С. 30.

**Фаизова Н.М.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, магистрант, Семей қ.

### **МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАР ҚОЛДАНЫСЫ**

Ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаев поэзия әлемінде өзінің айшықты ізін қалдырса, оның өлеңдері де өзіндік соны ерекшеліктерімен танылды. Ең бастысы ақынның өлеңдері өзінің туған халқына, ұлтына өте жақын. Осыған орай ақын өлеңдерінде ұлттық ерекшеліктер көбірек жырланса, бұған қосыла халық жадында жаңғырған сұлу сөздер халықтық дәстүрлі метафора ретінде кеңінен қолданылғанын әрбір өлеңінен көруге болады. Мысалы: деген өлеңінде:

Ей, асылым, білесің бе?

Сен алысқа кеткенде,

Әлсін-әлсін барып тұрдым сен жүретін көк белге.

Білесің бе?

Есінде ме?

Елегізіп көктемде,

Ұзақ-ұзақ қараушы ең ғой алыстағы бөктерге [1, 13 б].

Сағыныштан туған таза лирикалық шумақ. Мұнда «асылым» зат есім және «көк белге» деген метафоралар қандай? көк белге сын есім болып келеді. Біріншісі - өзінің сүйген жарын білдіріп тұрған дәстүрлі метафора болса, екіншісі метафоралық тіркес – «белге» деген сөздің алдына «көк» деген сөз қосылып «көк белге» - яғни асыл жары жүрген мекенді сөйлем мүшесіне талдайтын болсақ мекен пысықтауыш болып келеді.

Бір ерекшелігі М.Мақатаев өлең жазуда сөз өнерін еркін қолданған. Кейбір ақындар өлең жазуда соңғы сөзін, яғни ұйқасын тек қана етістіктермен аяқтап, оған дәлме-дәл келетін орнықты сөз таба алмай қиналатын болса, Мұқағалидың өлең жазу стилінде, оның ұйқастық ерекшеліктерінде сөз таптарының барлық түрін кеңінен қолданған. Осыған орай тағы да бір мысал келтірейік:

Ескі көздер бара жатыр азайып,

(Олар жайлы ойламаудың өзі айып).

Ей, тірілер!

Соларды бір еске алып,

Тебіренейік, толғанайық, жазайық!

(«Өтініш» [1, 23])

Мұнда екі метафора – «ескі көздер» ескі – қандай? сын есім, көздер-кімдер? зат есім көптік жалғау жалану арқылы тіркесе келіп күрделі зат есім және «Ей, тірілер» қаратпа сөз, кімдер? зат есім көптік жалғау жалғанған. Біріншісі «ескі көздер» - қариялар дегенді білдіріп тұр. Осыған ұқсас – «көне көздер» деген де метафоралық тіркес бар. Метафораның бұл түрі әдебиет саласында кеңінен қолданысқа түскен – дәстүрлі метафоралар. Екіншісі «Ей тірілер» деп адамдарды айтып тұр.

Енді осы өлеңінің екінші шумағын талдайық:

Кетті олар.

Келмеске енді жол алды,

Қажымайтын солдатты еді қоғамның.

Қасиетін паш етейік олардың,

Қателігін кешірейік олардың...

«Кетті олар» - көнекөз қарияның өлгенін білдіріп тұрған – күрделі метафоралық тіркес. Яғни кетті олар - өлді олар ( етістік, есімдік) деген мағынада.

Мұқағалидың 1949 жылы «Советтік шекара» газетінде жарияланған ең алғашқы «Қырман басында» деген өлеңінде мынадай метафора қолданылған:

Молотилка үйіріп,

Төгеді меруерт алтын дән.

Жал-жал астық үйіріп,

Қырманға көрік береді сән. [2, 7]

«Алтын дән» - бидай. Ауыс мағынада қолданылған метафора. Алтын - қандай? сын есім, не? дән - зат есім.

Тағы да бір өлеңіне назар аударайық:

Тәкәшпар, долы тынды жел,

Бұлт өксіді еңіреп.

Қарық болды қара жер,

Қайғылы жасын төгіп ед. [2, 8]

Мұнда «тынды жел», «Бұлт өксіді еңіреп», «Қарық болды қара жер», «Қайғылы жасын» деген метафоралар қолданылған. Барлығы да ауыс мағыналы ретінде. Біріншісі «тынды жел» - жел тоқтады, жел басылды дегенді білдіріп не қайтты? деген сұраққа жауап бере етістік болып келе, екінші «аңырап» деген сөз метафоралық қолданысқа енгенде мүлде бөлек мағынаны білдіре келе қалай? деген сұраққа жауап бере сапалық сын есім болады. Бұл арада «Бұлт өксіді еңіреп» сөзі «бұлттан жаңбыр жауды» дегенді білдіріп тұр – яғни метафораның өте күрделенген түрі, бұл өксіді қайтты? етістік, қалай? еңіреп - сын есім. «Қарық болды қара жер» - бұл да метафораның күрделенген түрі, қара жер қандай? не? сапалық сын есім, зат есім, бұл сөз метафоралық қолданысқа



түскенде «жер жаңбыр суына қанды» деген мағына береді. Ал, соңғы «Қайғылы жасын» сөзі – «жаңбыр» деген ұғымды білдіреді, мұнда қандай жасын сын . Міне, бұл шумақта метафораның күрделенген түрі өте молынан қолданылған.

Адамның ең нәзік, сезімтал мүшесі жүрек. Жүректі әр ақын әр түрлі жырлайды. Өз шамаларына қарай оған әр түрлі метафоралар қолданады.

Мұқағалидың бірінші өлеңі жарыққа шыққанда соған арнап «Тұңғышым» деген өлең жазыпты. Қазақта «тұңғышым» деп баланың алғашқысын айтады. Бұл сөзді ақын алғашқы жарияланған өлеңіне де қолданған. Сол өлеңінде де метафора кеңінен көрініс тапқан. Мысалы:

Шыр етіп кенет тұңғышым,  
Ашты дүние есігін.  
Сайраған сәби жыл құсым,  
Іңгәлап іздейді несібін.

Тұңғышым ер жет, қанаттан, Өмірге  
жаңа сый әкел!  
Қақ қанатты, талаптан!  
Не де болса тәуекел!  
Мұнда ақын теңеу мен метафораны шебер өрген.

Әр ақын өз поэзиясында сөз асылын қолданып, өзіне тән өрнекті метафораларды қолданады.

Мұқағалидың сөз саптауында бұған дейінгі ақындарда өте сирек кездесетін метафоралық тіркестер бар, кейде олар метафоралық сөйлем түрінде келеді. Мысалы:

Үзіліп түскен алмадай,  
Үзіліп көңіл қалғаны-ай!  
Арыма басқан таңбадай,  
Арылмай қойды-ау дау-дамай. [2, 31]

Мұқағали өлеңінде метафоралы образды суреттеу тәсілі өте мол. Мысалы:

Тұйыққа келіп,  
Тіреліп тұрмын бір түрлі,  
Көзімнің нұры көңілімде қалды іркулі.  
Жылай да алмаймын, күле де алмаймын,  
О. Досым!

Тауып әкелші ұмыт қалған күлкімді. [3, 81]

Бұл өлеңінде ақын астарлап жырлау арқылы метафораны өте шебер қолданған. Ақын тұнда сүрең тарқан өмірді жырына қосып тұр.

Метафораның өрісі өте кең. Образды сипаттау метафоралы бейнелеуде өте кеңінен қолданылады. Мұнда көбінесе адамның көңіл күйі, ішкі жан дүниесі кеңінен жырланады. Мысалы:

Қашанғы бұлай өтеміз,  
Қашқақтап жүріп екеуміз!  
Анамыз тасқа жерік боп,

Тас болып түстік пе екенбіз? [3, 220]

Жалпы алғанда метафора образды суреттеу тәсілі кеңінен қолданылады. Мұны ғалым Б.Хасенов та өзінің диссертациялық зерттеуінде атаған. Енді осыған назар аударайық:

«Тура мағыналы сөздерге жалпылық қасиет тән болса, метафоралық мағынадағы сөзден алдымен нақтылық пен образдылық байқалады, өйткені тура мағынадағы сөзде зат пен құбылыстың жалпы белгілері сақталса, метафораларды қолданғанда олардың ең қасиетті, дәл сол сәтте керекті ғана белгі, қасиеті алынады» [4, 168]

Мысалы:

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

Мұқағалидың өлең жазудағы метафораны қолдану ерекшеліктері кейде Абайға да ұқсас болып келеді. Мұнда көп жағдайда метафора өлең сөзінде түсіндіріліп отырады. Бұл да сирек кездесетін ақындарға тән ортақ. Олардың өлеңдерінде ешқандай түсіндей қалу немесе сөзді жеріне жеткізіп айта алмау деген болмайды.

Мен деген – ырза мәз бала,  
Сәби қалпымнан қозғама.

Мұнда да ақын метафораны өз сөзінің ішінде түсіндіріп өткен.

Мұқағали шығармаларында ұлттық ерекшеліктер өте мол. Сондықтан мұнда дәстүрлі метафоралар жиі қолданысқа түседі. Әсіресе, әйел, махаббат тақырыбына жазылған өлеңдерінде ананы, аруды, сүйген жарды сипаттауда небір метафоралар қолданылған. Мысалы:

Білесің бе, құдіреттім?

Арасында дүрмектің,

Сені ұмытып кетерімді білмеппін... [3, 36]

Бірінші «құдіреттім» сөзі – сүйіктім, асыл жарым және т.б. сүйген жарға қатысты айтылған. Ал, «дүрмектің» сөзінің мағынасы – көпшіліктің, көп халықтың деген сөзді білдіріп тұр.

Сенсің – күн: тек мен үшін жаралған,

Сенсің – сусын: көкірек шөлін басқан,

Сенсің – бақыт: менімен душарласқан,

Сенсің – жар: жүрегімнің сырын ашқан. [5, 33]

Әйел затына қолданылған керемет метафора, мұнда бір ерекшелігі метафора мағынасы өлең сөзінде түсіндірілген.

«Құрметтендер жиырмасыншы ғасырды» деген өлеңіндегі екінші шумағында дәстүрлі метафораларды көреміз.

Біздер мына дәуірменен бірге өстік,

Қарап соның қабағына, күн кештік.

Уақыттың үніменен тілдестік,

Уақыттың көшіменен бір көштік.

Адамның қабағы болады, Ал, дәуірдің қабағы болмайды. Ақын бұл арада дәуірдің қабағына емес, дәуірдің заңына бағынып, соның ырқына көнгенін, соған берілгенін айтып тұр.

Үшінші шумақ:

Бұл дәуірдің бетін біздер ашқанбыз,

Болашаққа солай қадам басқанбыз.

.....Біздер - әлі жан баспаған асқармыз.

Біздер - әлі жазылмағын дастанбыз.

Дәуірде бет болмайды, дәуірді, жаңа заманды өздері бастағанын жеткізіп тұрғанын аңғаруға болады.

Енді ақының үш бақыт деген өлеңіне зер салайық:

Ал, екінші бақытым – Тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім. [ 1, 17]

Тас жүрек – қаталдық ұғымын білдіреді.

Әрине, ақын өлеңдерін оқи отырып, халық жадында бұрыннан бері қолданылып келе жатқан сөздерді поэзия тіліне енгізіп, шеберлікпен өргенін байқауға болады. Мысалы:

Шалқы, менің шұғылам, көк белдеуде,

Көпір бол да, тұрып ал көк пен жерге.

Нөсерлетіп, сөндірі де таста мені,

Баяу жанып баратса от кеудемде. [1, 18]

Бұл арада ақынның асқан биік арманы жатыр. Шалқы, менің шұғылам, көк белдеуде, Көпір бол да, тұрып ал көк пен жерге деген екі жолында өзінің шығар биігінің шұғыладай шалқып, көк пен жердің ортасына көпір бол деп асқақта жырлайды. Бұл өр ақындарға тән қасиет.

М.Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс тауқыметі т.б. тақырыптағы лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен кестеленген.

### **Пайдаланылған әдебиеттегі:**

1. Мұқағали шығармалары I том. - Алматы: Жалын, 2006.
2. Мұқағали шығармалары. III том – Алматы: Жалын, 2002 .
3. Мақатаев М. Аққудың қанатында жазылған жыр - Алматы: Шартарап, 2001.
4. Хасенов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. -Алматы: Санат, 1966.
5. Хасенов Ә. Тіл білім – Алматы: Санат, 2003.

**Рахимбаева Г.А.**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс магистранты, Семей қ.

## **АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВТІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

Көрнекті ғалымдардың лингвистикалық мұрасын зерттеу, бағалау, қазіргі тіл білімінің дамуындағы орнын көрсету ғылымның тарихы үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Қазақ тіл білімінде М.Серғалиев сынды жекелеген ғалымдардың теориялық көзқарастарын, ой-тұжырымдарын, ұстанған бағыттарын арнайы зерттеу сол ғылым саласының қалыптасу, даму тарихын қазіргі тіл білімінің жетістіктері және жаңа салаларымен сабақтастығын теориялық тұрғыдан пайымдауға жол ашады.

Академик М.Серғалиевтің кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерінің бірі – «Көркем әдебиет тілі»[1] атты еңбегінің екінші тарауы «Шығарма шырайы» деп аталып, мұнда автордың әр жылдары жазылған сыни-зерттеу мақалалары жинақталып берілген. Бұл мақалардың дені көркем әдебиет тілінің ерекшеліктерін саралап, зерделеуге арналған.

«Көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері»(1995) атты мақаласында көркем әдебиет тілінің ұлт тілінде алатын ролін, халық тілінің дамып, қалыптасуындағы қызметін ерекше атап көретеді. Мақалада көркем әдебиет тілінің ерекшелігі сараланады. Ғалым көркем әдебиет тілінің негізгі ерекшеліктері қатарында мыналарды атайды:

2 қазақ тілінің байлығын мүмкіндігінше айқын да еркін пайдаланылады;

2 коммуникативтік /хабар, дерек берушілік және эстетикалық әсемдік әсер тілінде эстетикалық қызметтердің бірлігі;

4 көп стильдігі

5 Бейнелеу, мәнерлеу құралдарының жиі қолданылуы

Автордың шығармашылық даралығының болуы

Ғалым көркем шығарма тіліне қатысты еңбектерінде көрнекті прозашылар С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, З.Шашкин, С.Шаймерденов, сыншы М.Қаратаев сияқты қаламгерлер тілінің стильдік өзгешеліктері жайындағы тұжырымдарын

«Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі», «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдык және экспрессивтік лексика» тәрізді еңбектерінде береді.

Академик С.Қасқабасов: «Ғалымның тілтанушы ретінде сіңірген еңбегі өлшеусіз: басқасын былай қойғанда, оннан астам монография мен оқулығы және төрт сөздігі тілге қатысы бар жұртшылықтың жиі жүгінетін еңбектері екенін айтсам да жетер. Оның, тіпті, тілтанушылық еңбектерінің өзі, А.Байтұрсынұлынша айтсақ, көркем әдебиеттің тірнегіндей болатын. Әдебиет мамандарының, ақын-жазушылардың арасында ол өз адамындай еркін сезінді. Оның мыңға тарта еңбегінің тең жартысындайы әдебиет әлеміне бағышталған, бірнеше көркем аудармалары, эсселері – қазақ сөз өнерінде ескерусіз қалмайтын еңбектер. «Сөз сарасы», «Көркем әдебиет тілі» «Кең өріс», «Ой өрнегі» сияқты сыни талдау кітаптары эстетикалық талғамға тәрбиелейтін кітаптар ретінде көзі қарақты жұртшылықтан лайықты бағасын алған. Оның білім мен ғылымға, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі аса қомақты» - деп, М.Серғалиевтің зерттеулеріне өз бағасын берген болатын.

Ғалым С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, З.Шашкин, С.Шаймерденов, сыншы М.Қаратаев сияқты қаламгерлер тілінің стильдік өзгешеліктері жайындағы еңбектерінде көркем әдебиет тілінің ерекшеліктерін жан-жақты саралап көрсетеді.

